Д.Дуйсабаева

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ДУЙСАБАЕВА ДИЛБАР УСКАНОВНА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

(жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына арналған оқулық)

“Nodirabegim” баспасы
Ташкент 2020

КБК: 81.2Қаз
Д 79
УЎК: 811.512.122(075)

ISBN 978-9943-6496-9-9

Дуйсабаева Д.У.
Қазіргі қазақ әдеби тілі [Мәтін]: оқулық / Дилбар Усқановна Дуйсабаева. - Ташкент: Nodirabegim, 2020. – 406 б.

Оқулықта қазіргі қазақ тілін меңгеруге қатысты мәселелер дәйектелген. Мұнда тіл білімінің фонетика, лексикология, семасиология, фразеология, лексикография және морфология, сөзжасам, сөз таптары жүйелі түрде көрініс тапқан.

Әрбір бөлімнің маңызын ашуда белгілі лингвист ғалымдардың пікірлері мен еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері қысқа, түсінікті баяндалған. Оқулық жоғары оқу орындарының 5111300 – ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті) мамандығына арналған.

Пікір білдірушілер:

Н.Дусанов – Низами атындағы ТМПУ «Өзбек, қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы, ф.ғ.к.

Ө.Байқабылов -Ташкент облыстық Шыршық мемлекеттік педагогика институты «Өзбек тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы

Бұл оқулық Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2020 жылғы 14 тамыздағы 418-санды бұйрығына сәйкес баспаға ұсынылған.

© Д.У. Дуйсабаева.
© "Nodirabegim" баспасы, 2020.

КІРІСПЕ

Әрбір мемлекеттің болашағы – жастар екені даусыз. Жан-жақты жетілген, парасаты мен пайымы мол, асқақ рухты, туған елі мен Отанын сүйетін ұлтжанды әрі үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеу – заман талабы.

Мұндай азаматты тәрбиелеуге жетудің кепілі – заман талабына сай, таным қажеттілігін қанағаттандыратын, еліміздің ұлттық идеологиясы негізіне сәйкес келетін, жоғары сапалы әрі ыңғайлы оқулықтар мен оқу қолданбаларын жарату.

Елбасымыз Ш.М.Мирзияевтің бес стратегиясының төртінші басқышында көрсетілген: "*Жастардың руханиятын өркендету, олардың ортасында кітапқұмарлықты кең түрде насихаттау бағыты*" мысалында оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, жастардың оқуға деген қызығуын арттыру басты талаптардың бірі болмақ.

Бүгін еліміздің жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар біршама жүйеленген, қоғамның ілгерілеу дәрежесі өрлеу үстінде болғандықтан оқулықтардың жазылу талабы уақыт өткен сайын күшеюде.

Қазіргі қазақ әдеби тілі курсы - тіл және әдебиет мамандарын дайындау үшін оқытылатын лингвистикалық пәндердің негізгі салаларынан саналады. Бұл оқу қолданба бүгінгі күні жалпы халық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің лексикалық жүйесін ғылыми теориялық негізде танытуды міндет етеді. Қазіргі қазақ әдеби тілінің әрбір саласына теориялық тұрғыдан тереңірек мәлімет береді. Фонетика саласы – сөз және оның дыбыстық құрамы, дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктерін, сөздің ішкі және сыртқы формаларын, буын мен тасымалдың айырмасын, қазақ тіліндегі екпіннің маңызын, графика, орфография, орфоэпия мәселелерін толық қамтиды.

Сөздік қор мен сөздік құрамның ерекшелігі, олардың әрбір адам үшін маңызын ескере отырып, студенттерге де өз сөздік қорларын байыту жолдары жайлы екінші тарауда, яғни лексикада мәлімет беріледі. Сонымен қатар, лексикология

саласында студенттерге қазақ тілі лексикологиясының негізгі стильдік топтары, фразеологизмдердің түрлері, қолдану аясы, негізгі мағынасы мен олардың маңызы, лексикографияның тіл біліміндегі орны туралы мәліметтер беріледі.

Сөзжасам жүйесі, сөздің морфемдік құрамы, морфеманың түрлері мен олардың өзіндік ерекшеліктері айқындап көрсетілген. Жалпы алғанда, үшінші тарау морфология саласына арналып, сөздерді таптар мен топтарға бөлу қағидалары мен зерттелу тарихы, сөз таптарының түрлері мен жасалу жолдары, әрбіріне тән категориялар мен мағыналық топтарына сипаттама берілген.

Бұл салада қазақ тіл білімі мамандары елеулі еңбектер жасаған. Жалпы, тіл білімінің мамандарынан К.Аханов және Ә.Хасеновтар қазақ әдеби тілін әрі туыс болған, әрі туыс емес тілдермен салыстыра зерттеген болса, Ә.Болғанбаев, Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев, С.Мырзабеков сияқты ғалымдар өз еңбектерінде қазақ тілінің фонетика, лексика салалары жайлы ой-пікірлерін көрсетіп өткен, А.Ысқақов, С.Исаев, М.Оразов, Н.Оралбаева т.б. сөзжасам мен морфологияның қыр-сырын терең зерттеп, жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арнап бірнеше оқулық, оқу-көмекші құралдар да дайындаған.

Бұл оқулық осы атпен баспадан шыққан оқу қолданба негізінде жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген авторлардың еңбектерінен пайдалана отырып толықтырып дайындалған. Еліміздегі бүгінгі жаңалықтар мен ұлттық идеологияға сүйене отырып, кейбір материалдарға өзгертулер енгізілген. Әрбір бөлім бойынша студент меңгеруі тиіс болған материалдар негізінде соңында студенттер білімін тескеру үшін сұрақтар мен тапсырмалар берілді.

І БӨЛІМ
ФОНЕТИКА
ФОНЕТИКАНЫҢ НЫСАНЫ МЕН САЛАЛАРЫ

Фонетика казіргі қазақ тілі білімінің басты саласы болып табылады. Фонетика зерттейтін нысаны жағынан да, қарастыратын мәселесі жағынан да тіл білімінің басқа бөлімдерінен ерекшеленіп отырады.

Қазіргі қазақ тілінің фонетика саласы тілдің дыбыстық құрамын және оның жүйелі заңдарын тексереді. **Фонетика** (гректің *phonetikos* деген сөзінен жасалған) – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы фонетиканы **дыбыс жүйесі** деп алған. Әзірше бұл екеуі синоним түрінде қолданылатынын ескеру керек.

Тіл білімінде фонетика адам тіліндегі дыбыстық тіл объектісін зерттейді. Тіл дыбыстары әрбір тілдің өмір сүруінің тәсілі болып табылады. Фонетика тіл дыбыстары және дыбыс заңдарымен ғана шектеліп қоймайды. Тілдегі дыбыстарды, олардың құрамын, өзгеру зандылықтарын зерттейді.

Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер - тіл дыбыстардың пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесіп, үндесіп, тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия т.б.

Сондықтан да фонетиканың тіл білімінде алатын орны үлкен. Фонетика тіл дыбыстарын және оның заңдылықтарын тексеруде белгілі бір тілдік теориялық қағидаларға сүйенеді. Фонетика жалпы дыбыстардың құрылысын, олардың жіктелу ерекшеліктерін, дауыс қатысын, дыбыстау аппараттарын, екпін, буын қасиеттерін, үндестік заңының өзіндік белгілерінің қыр-сырын үңіле зерттейді. Біз дыбыс дегенде әрбір қазақ тіліндегі дыбыстарды күрделі тұлға ретінде қарастырамыз. Сондықтан да фонетика тілдегі дыбыстарды фонемалық қасиетіне қарай сұрыптайды. Фонеманың басты объектісі фонема теориясы болып табылады.

Фонема - күрделі дыбыс деген сөз. Сонда фонема дегеніміз не? Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаларды ***фонема*** деп атайды. Фонема туралы ғылымды ***фонология*** деп атайды.

Тілдегі сөздер бір-бірінен мағынасы мен дыбысталуы жағынан ажыратылады. Мысалы: Қазақ тіліндегі тас пен тес сөзін, тоз бен тез сөзін мағынасы мен тұлғасына карап ажыратуға болады. Мағына мен дыбысталудың әр басқа болуы сөздердің формаларын да морфемаларын да ажыратады. Сөйтіп, ***фонема*** сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын әрі қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица.

Сонымен, ***фонема*** дегеніміз де тіл дыбыстары болғанда сөздердің жігін өзгертіп, морфемалардың жігін ажырататын дыбыс болып табылады. Фонетика тілдің материалдық единицасы, мағына ажыратушылық қызметіне карап фонемаларды өзара ұқсастығы мен жақындығы жоқ екен деп қарауға болмайды. Фонетика өз алдына үлкен сала болуымен қатар, оны зерттейтін салалар мен бөлімдерге ие.

Фонетиканың зерттейтін салалары мыналар:

I. Физиологиялық фонетика. Бұл дыбыстар тіл дыбыстарының артикуляциялық және акустикалық қасиеттерін зерттейді.

Артикуляция дыбыстардың жасалуын тексереді де, акустика дыбыстардың әуенін карастырады. Артикуляция латын тілінің *articulotuoz artkulre* - дыбыс шығару, ашық айту, анық сөйлеу деген сөзінен алынған. Дыбыс шығаруды сөйлеу мүмкіншілігінің әрекеті *артикуляция* деп жүргізіледі.

Сөйтіп, физиологиялық фонетика дыбыстардың жасалуын және оның әуезі мен әуенін зерттейді.

2. Эксперименталдық фонетика. Физиологиялық фонетиканың объектісін түрлі инструменттер арқылы тексереді. Мұны эксперименталдық фонетика дейді.

Эксперименталдық фонетика дауысты және дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін лаборатория жолымен түрлі аппараттар арқылы зерттейді. Екпіннің, үндестік заңының түрін және олардың орфоэпиялық

қасиеттерін түрлі лабораториялық жолмен инструменттер бойынша олардың өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты бақылау жасайды.

3. Салыстырмалы фонетика.

Белгілі бір тілдің дыбыс құрылыстарын өзге тілдердің дыбыс жүйесімен салыстырып зерттеуді салыстырмалы фонетика дейді.

*4.**Тарихи фонетика.*** Бір тілдің немесе алуан дыбыс құбылыстарының келіп шығу және даму жолдарын тексеретін саланы тарихи фонетика деп жүргізеді.

5. Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінің фонетикасы ғылым ретінде өзінің зерттеу объектісіне қарай ***жалпы фонетика*** және ***жеке фонетика*** болып екі салаға бөлінеді. Жалпы фонетика тіл білімінің жеке бір саласы ретінде адамның сөйлеу аппаратының дыбыстық мүмкіндіктерін айқындайды.

Тіл дыбыстары классификациясының негізгі принциптерін белгілеп береді. Жалпы фонетика ғылымның басқа салаларымен: акустикамен, физиологиямен және психологиямен тығыз байланысты.

Академик Щербаның айтқанындай: "Жалпы фонетиканы акустика, физиологиядан да басқаша, лигнвистикалық айрықша пән ретінде бөліп қарау және оны тіл дыбыстарының, адамдардың тілдік қатынас жасау процесінде атқаратын қызметіне орай әлеуметтік ғылымдардың қатарында қарау керек" (М.В.Щерба. Тандамалы шығармалары, ЛГУ. 1958, 162-163-беттер).

Жеке фонетика белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Осы зерттеу негізінде сипаттама фонетика пайда болады. Сипаттама фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады. Фонеманың жүйесін және олардың өзара ішкі байланысын белгілеп, айқындайды.

Адамдар арасындағы тілдік қатынас екі түрде болады: ауызша және жазбаша. Мұның алдыңғысы сөйлеу арқылы, кейінгісі жазу арқылы іске асады. Сөйлеу - іштегі ойды дыбыс арқылы сыртқа шығару, айту. Бұл адамзатпен бірге жасап келе жатқан ең көне, ең негізгі қару. Жазу - сөйлеудің қағазға түскен

бейнесі. Бұл бертінде пайда болды. Мәселен, қазақ халқы XX ғасырдың орта тұсынан бері ғана жаппай сауатты елге айналды.

Адам баласының тілі - дыбыстық тіл. Жеке тұрғанда мән-мағынасыз көрінетін дыбыстар бірімен-бірі ұстасып, берік қиюласып сөзді жасаса, сөздерден сөз тіркесі, сөйлемдер құралатыны белгілі. Бұдан сөздердің қаңқасы да, қаны да, жаны да дыбыстар екенін, сөйлеу де, жазу да тек осы дыбыстардың арқасында ғана өмір сүретінін аңғару қиын емес.

Тілдің дыбыстық жағы - оның өмір сүру амалы. Тілдегі санаулы ғана дыбыс сөздік құрамға енетін әлденеше мың сөздің құрамында белгілі бір тәртіппен қиюласып, тіркесіп, қайталану арқылы дыбыс жүйесін, тілдің бет пішінін, болмысын айқындап, өзге тілдерден ерекшелендіреді.

Сондықтан да мектеп табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап жеке дыбыстарды айтып, олардың таңбалары - әріптерді жазып үйренеміз. Бертін келе дыбыстарды дауыстылар, дауыссыздар деп бөліп, дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік деп, дауыссыздарды үнді, ұяң, қатаң деп жіктеп, олардың сөз ішінде біріне-бірі ықпал жасап, үндесіп тұратынын, дыбыстардың айтылу, жазылуындағы кейбір ерекшеліктерді, буын, екпін сияқты ұғымдарды пайымдауға тырыстық. Мұны танытатын ғылым фонетика деп аталатынын да білеміз.

Тіл мәдениеті сөздерді айтуда да, жазуда да бірізділіктің болуын талап етеді. Кезінде тіліміздің дыбыс жүйесі, дыбыс заңдары жете ескерілмегендіктен, қазіргі айту, жазуымызда ала-құлалық, ақтау көп. Мысалы, алдыңғы сөйлемде кездесетін қазір сөзін емлені құрметтеп, осылай жазып, айтатындармен қатар, қазыр, көбіне кәзір түрде қолдану да жарысып жүр. Олай болатыны, аралас (жуанды-жіңішкелі) буынды қазір сөзі тіліміздің үндестік заңымен үйлеспейді. Фонетиканы жете меңгергенде ғана тіліміздің дыбыстық жүйесін, дыбыстардың сырын дұрыс түсіндіріп, әлгіндей үйлесімсіздікке жол бермеуге болады.

Дыбыстардың пайда болу, өзгеру сырларын білмей тұрып, лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзімізге мектептен таныс қатаңдану, ұяңдану

сияқты дыбыстық өзгерістерді түсіндіру қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда болуын анықтауға, тілдердің арасындағы туыстық байланысты табуға, тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген мың-мыңдаған сөздер бар. Біз оларды орыс тіліндегідей етіп айтуға, сондай-ақ жазуға тиіспіз. Мұның өзі орыс тілі фонетикасымен де етене таныс болуды талап етеді. Орыс тілінің дыбыс жүйесін, фонетикалық заңдылықтарын жақсы білгенде ғана әлгіндей сөздердің айтылуы мен жазылуын дұрыс меңгеруге, жетік білуге мүмкіндік туады. Орыс тілі оқулықтар мен оқу құралдарына бай.

Тілдің дыбыс жүйесін қазіргі және тарихи тұрғыдан қарастырған кезде туыс тілдердің фонетикасын да ескерген абзал. Мұның өзі дыбыстардың өзгеру, даму жүйесін айқындауға мүмкіндік береді. Туыс тілдердің дыбыс жүйесін салыстыра зерттеп, олардың ұқсастықтары мен кейбір белгілерін айқындау салыстырмалы фонетиканың міндетіне жатады. Туыстығы жоқ, құрылымы әр басқа тілдердің дыбыстық жүйесін салыстырып зерттеу салғастырмалы фонетиканың үлесіне тиеді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөніндегі алғашқы мәліметті Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінен кездестіре аламыз. Н.И.Ильминский қазақ тілі дыбыстарын екі топқа жіктеп, дауыстылардың түрін (а,ә,ы,і,о,ө,у,ұ), дауыссыздардың он тоғыз түрін (п,б,м,w;т,д,ң,ж,з,щ,с;р,л,j,қ,г,к,ғ,ң) атап өтеді (дыбыстарды өзара артикуляциялық жуықтығына қарай жіктеп көрсеткен). Н.И.Ильминский тіл алды ашық а(ә) дауыстысын дербес фонема түрінде қарамай, а дауыстысының варианты ретінде қарайды. Дауыссыз дыбыстардың құрамында дж, ч, аффрикаттары мен h спиранты кездеспейді. Шамасы, Н.И.Ильминскийдің кітабы батыс қазақтарының тіл материалдары негізінде жазылса керек. Еңбекте кейбір дыбыстардың артикуляциясы, комбинаторлық жағынан алмасу (б-м, н-д-т, н-ң, к-г,т.б) қолдану ерекшелігі және екпін жайынан қысқаша мәлімет берілген. Одан соңғы М.Терентьев жазған

«грамматикада» кейбір дыбыстардың айтылуы мен комбинаторлық түрде алмасуы (ч-ш, ш-с, м-б, л-д, к-г) сөздің екінші буынында келетін ы қысаң дауыстысының редукциясы жайында азын-аулақ мәлімет берілген.

Түркі тілдерінің фонетика мәселелерін зерттеу жайында В.В.Радлов тұңғыш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жасап онда қазақ фонетикасының едәуір мәселесін сөз етті. Түркі тілдері фонетикасының сан алуан мәселелерін лингвистиканың сол кездегі компаративистика бағыты бойынша түсіндіреді.

В.Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты еңбегі күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес, мұнда қазақ фонетикасының едәуір, атап айтқандай: дыбыс құрамы, сөзде дыбыстардың қолдану ерекшелігі, дыбыстардың тіркесу заңы, ол дыбыстардың әр түрлі өзгеру заңдылықтары, сингармонизм құбылысы, екпін категориясы сияқты өзекті мәселелер түркі тілінің материалдарымен салыстыра отыра әңгіме болады.

Қазақ вокализімі тоғыз дауыстыдан (а,ә,е,о,ө,у,і,и,й) консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын атап, дауыссыздарды қатаң (q,k,t,p,s,s) ұяң (g,d,z,b,z) үнді (n,m,n,r,l,l) және аралық немесе жарты дауысты деп төрт түрлі акустика-артикуляциялық топқа жіктелген В.Радлов ұсынған мына екі мәселені мақұлдай алмаймыз: оның бірі - w,j дыбыстарын аралық дыбыстар деп сонор дыбыстардың тобына енгізбеуі, екіншісі - бүйір (латераль) л сонорының сөзде жуанды-жіңішкелі түрге айналатын варианты дербес фонема (сөз мағынасын ажырата салатын қасиеті бар) деп танылуы. Қазіргі тәжірибе фонетикасының берген мәліметіне қарағанда түркі тілдерінде оның ішінде қазақ тілінде w(у), j (й) дыбыстары акустика-артикуляциялық табиғаты бойынша сонор немесе үнді дыбыстардың тобына енеді.

Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстар сөздегі дауыстылардың ыңғайына қарай әр түрлі вариантта айтыла береді. Мәселен, ал, ел, ол - сөздерін алайық, мұнда л соноры дауысты дыбысқа байланысты бірде жуан (ал), бірде жіңішке (ел), бірде ерінмен (ол) айтылып тұр, олар атқаратын қызметіне

қарай бір ғана фонеманы құрай алады. Фонема сөзде әлденеше фонетикалық-комбинаторлық вариантта кездесе береді. Демек, В.В.Радлов л сонорының фонематикалық қасиетін теріс түсінген.

В.Радлов «Фонетикасын» сөз еткенімізде мына үш мәселелесі болуы қажет: оның бірі – екпін мәселесі, екінші мәселе – дыбыстардың дистрибуциясы: үшіншісі – түркі тілдерінің үндестік заңы. В.Радлов көп буынды сөздерде сөз аяғына түсетін негізгі екпіннен басқа көмекші екпіндердің болатынын, көмекші екпіннің фонетикалық табиғаты үнді (музыкалық екпін) екенін айтады. Сонымен қатар дыбыстардың, әсіресе дауыссыз дыбыстардың, дистрибуциялық ережелеріне едәуір көңіл аударып, дыбыс тіркестері жайында біраз мәлімет берген.

В.Радлов түркі тілдерінде сингармонизмнің екі түрі бар екенін атап (палаталды-езу, лабиалды-ерін) ерін үндестігі әлсізденіп бара жатыр деп қорытады.

П.М.Мелиоранский екі бөлімнен құралатын қазақ тілінің гарммматикасын жазып, оның алғашқы бөлімін фонетика мен морфология мәселесіне арнаған болатын. Фонетика тарауында дыбыстардың артикуляциясы (жасалқы), дыбыстардың комбинаторлық түрде алмасуы, сөз шенінде қолдану жайы, үндестік заңы мен екпін мәселесі қысқаша түрде сөз болады. Дауыстылардың протеза, элизия, редукция құбылыстары жайында да азын-аулақ мәлімет берген. П.М.Мелиоранский дыбыстардың құрамына тоқтай келіп, қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а,ә,е,о,ө,ы,і.у,ұ) консонантизм саласы жиырма бір дауыссыз дыбыстан (б,п,м,т,д,н,ж,з,ш,с,р,л,к,г,ч,қ,ғ,ң,й, дж) құралатынын атап өтеді. Дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң деп жіктеп, графикаға қатысын да анықтайды. Қу, ту, би сөздерінде айтылатын у,и дыбыстарын естілуіне қарай созылыңқы дыбыстар деп таниды. П.М.Мелиоранский В.Радлов айтқан пікірді қуаттай отырып л сонорының жуан-жіңішкелі түрде айтылатын вариантын дербес фонема деп түсінеді. Тіл ортасы к, г, және тіл арты қ, ғ дыбыстарын көмей дыбыстары деп олардың артикуляциялық жасалу орнын теріс көрсеткен.

Қазақ фонетика мәселелерін арнаулы жүйеге салу Қ.Жұбановтан басталған деп айтуға болады.

А.Байтұрсынұлы 1912 жылы «Айқап», «Жазу тәртібі» дейтін мақала жазып, сол тұстағы оқудың жайына тоқталады орысша, мұсылманша сауат ашуға көп уақыт кететінін, оның қиындықтарын айтады.

«Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап», оқу құралы «балалардың жанын қимайтын» болу керек дейді. Ондай оқулық жасау үшін алдымен жазу жөнделу керек, дыбыстар анықталып, «сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу керек», - дейді. Оның айтуынша «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар», «оның бесеуі дауысты, екеуі (й,у) жарты дауысты, 17 дауыссыз». Мақалада осы дыбыстарды жазу үшін өзі ойлап тапқан таңбаларды тәптіштеп түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы араб графикасын қазақ тіліне икемдеп, әр дыбысқа жеке таңба (әріп) берді, олардың сөздің әртүрлі деңгейінде (басында, ортасында, соңында) жазылуын аңғартатын мысалдар ұсынды, қолданудағы ерекшеліктерді ескертті. Арабта бір ғана у әрпімен бес дыбысты бейнелейді. Олар: о, ө, ұ, ү. Сондай-ақ и әріпін үш дыбысқа (ы, і, и) пайдаланды.

А.Байтұрсынұлы ұяң дауыссыздар туралы да жақсы ескерткен: з,ж, «сөздің басында да, аяғында да келеді», б, д «сөз аяғында келмейді», ғ, г «сөз басында да, аяғында да келмейді».

А.Байтұрсынұлы тілді оның жүйе-жүйесін жетік біліп қана қоймай, барынша бажайлап, байыппен баяндаған. Орыс тілін үздік біле тұрып қазіргі халықаралық деп жүрген тіл терминдерін мүлде пайдаланбай, қазақтың өз сөзімен өзінше түсіндірді. Сөйтіп қазақ тілінде тіл терминдерін жасап, қалыптастырды. Алайда сөз ішінде кездесетін қысаң дауыстыларды жазбау, сөздердің дыбыс, буын құрамын топшалап, көп қиындық келтірді. Мысалы: қи(қый), жйин(жиын), қйсқ(қыйсық), алтн(алтын), салқн(салқын), сзқ(сызық), алу(алұу), табу(табұу), сөну(сөнүу), жүру(жүрүу).

Кітапта қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы деп 24 әріпті санамалайды да, оның 5-уі дауысты, 17-сі дауыссыз деп көрсетеді. Жалпы санда бар й,у бөліс кезінде қалып қойған.

Жазуда тоғыз дауыстыға да таңба берілген. Алайда олардың жіңішке сыңарларын (е ден басқаларын) санға қоспаған. А.Байтұрсынұлының тілдің дыбыс жүйесіне арналған мақаласы 1928 жылы жарық көрді.

Мақала «Дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек» - деп акустикалық, артикуляциялық белгі-қасиеттерді басшылыққа алатынын аңғартады.

Дауыстыларды толық (а, е, о, ұ, ы) және шала (р, ң, л, м, н, у, й) деп екіге бөледі.

«Толық дауыстылары кең шығысты, тар шығысты болып, олар да екіге бөлінеді», - дейді. Бірақ қай қайсысына қандай дыбыс жататыны айтылмайды. Шамасы, ашық, қысаңды мегзеп отырған сияқты.

Шала дауыстылар (қазір үнділер) ауыз шығысты (р, л, у, й), мұрын шығысты (ң, м, н) боп бөлінеді. Бұлар қазір ауыз жолды, мұрын жолды делінеді.

Осылай «дауыссыздарды да қысаң (п, т, с, ш, қ, к) босаң (б, ж, д, з, ғ, г) жолды» деп екіге бөледі. Мұндағы қысаң, босаң-қатаң, ұяң. Бұларды әрі қарай ашықтар (с, ш, ж, з) тұйықтар (п, т, қ, б, д) және тұйықтаулар (қ, ғ) деп бөлінеді. Мұндағы ашық деп отырғаны – ызыңдар, ал тұйықтары – шұғылдар екені айқын. Ол тұйықтауларға жататын ғ мен г ерекшеліктерін де дұрыс аңғарған. Ахметтің айтуынша, дауыстылар мен дауыссыздардың шегін жалғаулар арқылы айыруға болады. Ал, «толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да, соңында да келетін» болса, шала дауыстылар буын ішінде дауыссыздардан кейін тұра алмайтынын дұрыс аңғарған.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1.Фонетика қандай сала? Фонология нені зерттейді?

2.Фонема дегеніміз не?

3.Фонетиканың қандай зерттеу салалары бар?

4.Ориенталист ғалымдардың қазақ дыбыс жүйесі жайлы көзқарастары қандай?

5.Қазақ әліпбиінің қалыптасуында А.Байтұрсынұлы еңбегі жайлы мәлімет беріңдер. Дыбыстардың құрамы мен жіктелуі жайлы қандай көзқараста болған?

ДЫБЫСТАРДЫҢ АКУСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Дыбыс атаулының қайсысы болса да серпімді заттың вибрациялық (діріл) қимылынан пайда болады. Осы дыбыстың жалпы теориясын физикалық, акустика (естілу) деп аталатын саласы карастырады. Бұл дыбыстарды акустикалық тұрғыдан карағанда бір дененің белгілі бір ортада теңселіп козғалуының нәтижесінде пайда болады да, ол құлаққа естіледі. Дыбыс өтетін орта - ауа кеңістігі. Акустика дыбыстардағы мынадай белгілерді ажыратады: 1. Дыбыс ығрағы. 2. Дыбыс күші. 3. Дыбыс әуені.

Дыбыс ырғағы деп бір секунд ішіндегі дірілдің мөлшеріне байланысты құбылысты айтады. Дірілдің саны неғұрлым көбейсе, дыбыстың ырғағы соғұрлым өсіп күшейе береді. Ал дірілдің саны азайған сайын дыбыс ырғағы солғындап, әлсірей береді. Біз жоғарыда діріл түрліше болып келеді дедік. Діріл, өзінің кимылына қарай екіге ажыратылады: І.Ритмикалық діріл. 2. Ритмикалық емес діріл. Сондай-ақ, дыбыстардың жасалуы үшін резонанс құбылады да (бұл сөз француз тілінің резонанс - жаңғырық деген магынадағы сөзі бойынша жасалған термин) айрықша қызмет атқарады.

Дыбыстау мүшелері

Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сыртқа шығуынан жасалады. Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы сөйлеу аппараты деп аталады (аппарат-мүше деген сөз). Қазақ тіліндегі дыбыстау мүшелері, негізінен мыналар: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, таңдай, ерін, тіс т.б.

Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың бойына орналасқан. Дыбыстау мүшелері дыбыс шығару қасиетіне қарай негізінен үш топқа бөлінеді:

1.Тыныс мүшелері.

2.Тамақ мүшелері.

3.Қуыс мүшелері.



Тыныс мүшелері

Тыныс мүшелерінің бастысы - өкпе. Өкпе қолқамен ұштасады. Қолқа екі тарамданып, жоғары жақтан кеңірдекпен жалғасады. Өкпе көрік секілді. Бірде ауаны сыртқа жібереді. Яғни экспирация жасалады. Ал бірде ауаны ішке тебеді, яғни инспирация жасалады. Ауаның кеудеге енуі өкпенің аясын кеңейтеді, ол ауаның кеудеден шығуы өкпенің аясын тарылтады. Тілдегі дыбыстар өкпедегі ауаның сыртқа шығуымен байланысты жасалады.

Тамақ мүшелері

Тамақ мүшелерінің бастысы - дауыс шымылдығы. Тамақ - кеңірдектің кеңейген жоғары тұсы. Тамақтың сырт жағында жұтқыншақ, ал іш жағында дауыс шымылдығы болады. Кеңірдектің арт жағында өңеш болады. Тамақ пен кеңірдек ауа, дыбыс жүретін жол. Өңеш - тамақ жүретін жол. Тамақтың іш жағында қабаттасып жатқан екі пар бүршіктің сыртқы екеуі жалған дауыс шымылдығы болса,: ол астыңғы екеуі нағыз дауыс шымылдығы болып табылады. Дауыс шымыдылғының арасы дауыс түтігі деп аталады. Дауыс шымылдығы ауаға тосқауыл жасайды. Ол кейде керіліп, кейде жиырылып тұрады. Дауыс шымылдығы керіліп тұрса, діріл пайда болады. Сөйтіп, одан үн болмайды, үн де шықпайды. Үнділерді айтқанда дауыс шымылдығы жиірек дірілдейді. Ал, ұяңдарды айтқанда сирегірек. Қатанда діріл болмайды.

Қуыс мүшелері

Қуыс мүшелері кызметіне қарай үш топқа бөлінеді:

1. Тамақ қуысы.
2. Ауыз қуысы.
3. Мұрын қуысы.

Тамақ қуысы жоғарыда айтқандай тамақтың жоғары жағында, ауыз қуысының арт жағында болады. Тамақ қуысынын жиырылуынан салдыр пайда болады. Тамақ қуысы дауыстылардың әуенін жасауға қатысады. Ауыз, мұрын қуысы да дыбыстарға жаңғырық қосып, резонаторлық қызмет атқарады. Ауыз қуысындағы мүшелер: бұл мүшенің бастысы - тіл. Тіл өте жылжымалы келеді. Ауыз қуысындағы өзге мүшелерге қақтығысып ілгері - кейін жүйткіп отырады. Тіл қимылы арқылы жуан, жіңішке дауысты дыбыстар жасалады. Тіл мен тістің қимылы арқылы т, д дыбыстары жасалады. Мысалы: қ, ғ, к, г сияқты тіл арты дыбыстары жасалады. Ауыз қуысындағы мүшелердің бірі - ерін. Дыбыстарды шығаруда үстіңгі еріннен гөрі астыңғы еріннің қызметі мол. Ерін қызметі аркылы еріндік дауыстылар жасалады. Мысалы: о, ө, ү, ү, у. Сондай-ақ дауыссыз дыбыстар да жасалады. Мысалы: б, м, п. Ауыз қуысындағы тағы бір мүшенің бірі - таңдай. Дыбыстардың жасалу орнына қарай бұл мүше үш топқа бөлінеді: 1. Алғы таңдай. 2. Орта таңдай. 3. Артқы таңдай.

Алғы таңдай. Үстінгі күрек тіс тұрған қызыл иекпен (альвеолярмен) ұштасады. Дауыссыздар альвеоляр арқылы көп жасалады.

Артқы тандай кішкене тілмен жалғасады. Кішкене тілдің екі түрлі қызметі бар: 1. Кішкене тіл ауыз жолын бөгейді. Мұнда іштен шыққан ауа мұрын жолы арқылы өтеді, яғни м, ң, н дауыссыздары жасалады. Іштен шыққан ауаны фонациялық ауа деп атайды.

2. Кішкене тіл мұрын жолын бөгейді. Онда фонациялық ауа ауыз жолы арқылы өтеді. Ауыз қуысы бірде тартылып, бірде керіліп тұрады. Мұндай кезде иектің қызметі мол. Иекпен ұласып жатқан мүше - тіл. Ол кейде төмен түседі. Онда ауыз мол ашылады. Ал, иек жоғары көтерілсе, ауыз тар

ашылады. Тіліміздегі дауыстылар ауыздың кең және тар ашылуына байланысты ашық және қысаң дауыстылар болып екіге бөлінеді. Мұрын қуысы арқылы көбінесе үнді дауыссыздар жасалады.Үнді дауыссыздар жасалу орны ауыз қуысы болғанмен фонациялық ауа мұрыннан шыққандықтан оларды мұрын жолды үнділер дейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметі кейде актив, кейде пассив болады. Актив мүшелер жылжымалы келеді. Ал, пассив мүшелер онша көп әрекет жасалмайды. Тіліміздегі дыбыстардың көбі актив мүшелердің қимылынан пайда болады.

Дыбыстарды жіктеудің критериялары

Акустикалық, артикуляциялық және басқа белгі-қасиеттеріне қарай тіл дыбыстары алдымен дауыстылар және дауыссыздар деп екі үлкен топқа топтастырылады. Бұлардың әрқайсысына тән негізгі айырым - белгі, ерекшеліктер мынандай болып келеді.

1.Дауыстылар дауыстан (тоннан) жасалады да, салдырдың қатысы елеусіз болады. Ал дауыссыздар, керісінше, салдырдан жасалады. Тон қатысуы да, қатыспауы да мүмкін.

2.Дауыстыларды айтқан кезде ауа кедергісіз, қарқынсыз шығады да дыбыстау мүшелерінің барлығы дерлік қатысады. Мәселен, а дегенде дауыс шымылдығы дірілдейді, тіл сәл артқа тартылады, жақ (ауыз) кең ашылып, ерін екі жаққа қарай тартылып (езулік болып) ұшырап, қарқынды шығады да, бірер ғана дыбыстау мүшелері қатысады. Мәселен, п дыбыстан айтқанда екі ерін ғана қозғалысқа түседі.

3.Дауыстылар буын құрайды, дауыссыздар құрамайды. Мұның өзі –дыбыстарды жіктеудегі басты айырым белгі.

4.Дауыстыларға екпін түседі. Дауыссыздарда мұндай қасиет болмайды.

5.Дауыстылар дауыстап, созып айтуға келеді. Ән (вокаль) дауыстылардың осы қасиетіне негізделген.

6.Дауыстылардың дауыссызға ықпалы күшті болады. Жоғарыда ат, ет, от, өт сөздерінің құрамындағы т фонемасының дауыстылардың әсерінен төрт түрлі реңге ие болатыны айтылды.

Қазіргі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны, сапасы жөнінде әлі күнге бірізділік болмай келеді. Мұның өзі дауыстыларды оқытуда, оларды танып-білуде ала-құлалық тудырып, көп қиындық келтіріп жүр. Тіліміздегі әр түрлі фонетикалық заңдылықтарды (сингармонизм, буын екпін т.б) дұрыс меңгеру алдымен дауысты дыбыстарды нақты білумен байланысты.

А.Байтұрсынов: «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады. Соған қарай таңбалар да дауысты, дауыссыз болып бөлінеді» - дейді де, олардың бесеуі дауыстылардың таңбасы деп көрсетеді. Мұның өзі сол кездегі араб графикасының мүмкіндігіне негізделген . Жалпы ертелі-кеш жарық көрген оқулықтар мен зерттеулерде қазақ тіліндегі дауыстылардың саны жеті-он бес болып келеді.

Қазақ тілінің байырғы төл сөздердің құрамында тоғыз (а,ә,е,о,ө,ұ,ү,ы.і) дауысты дыбыстар барлығы (мұның өзі жоғарыдағы пікірлердің бәріне ортақ) ешқандай дау тудырмайды. Бұл дауыстылар әсіресе тіліміздің кешегі В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский сипаттайтын тұрғысына толық сай келеді. Алайда қазір қалпын таныта алмайды.

Қазіргі тілімізде он бір, он екі дауысты бар деушілер шындыққа жақын тұр. Бұлардың біріншісіне екіншісінің қосқан – тек э дыбысы. Қалған жағдайда іштей жіктеу, сипаттауға келгенде бір-бірімен үндесіп жатады. Екі топқа да тән үлкен жаңсақтық – қазақтың байырғы сөздерінің құрамында и, у (мысалы: бу, су, ки, қи т.б) дауысты дыбыстары кездеседі деп қарауы. Бір қызығы, зерттеушілер мен оқулық авторларының көбісі бұл екі әріптің әрқайсысы екі дыбыстың ұу, үу, ыу, у, ый, ій қосындысы екенін біле отырып, дауыстыға жатқызып жүр. Жатқызып қана қоймай, оларды (и,у әріптерін) дифтонг, дифтонгоид деп дәлелдеуге тырысады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың эксперименттік жолмен зерттеп жүрген Ә.Жүнісбеков және басқа ғылымдар байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін осы екі (и,у) әріпті дауысты дыбыстар деп қарамайды. Мұндай дауыстылар бар десек, басқаны айтпағанда тіліміздің екі үлкен заңының түп-тамырына балта шапқан болар едік. Біріншіден, сөздердің

құрамында екі дауысты қатар тұра беретін болады: суы, буын, келуі, миы, тиын, тиін. Екіншіден, сөз ішінде буын дауыстыдан басталып (бару-ым, келу-ім, оқи-ын, су-ық) және дауысты жеке буын құрайтын (су-ы, бару-ы, келу-і,қи-ы) болады. Мұның екеуі де тіліміздің табиғатына қайшы екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. И, у байырғы сөздеріміздің құрамында дыбыс бола алмайтын Ә.Жүнісбеков еңбектерінде әбден дәлелденген. Ал, қазақ тілінде 15 дауысты бар дейтін пікір тіпті де сын көтермейді. Бұл дыбыс пен әріптің шатастырудың нәтижесі ғана.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері қандай?
2. Дыбыстардың акустикалық ерекшеліктері қандай?
3. Дыбыстау мүшелерінің қызметі жайлы мәлімет бер.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі қазақ тілінде тоғыз (9) жалаң дауысты дыбыстар (монофтонг) бар. Олар мыналар: а, о, ә, е, ө, ы, і, ү, ұ. Сондай-ақ екі қосынды дауыстылар да бар (дифтонг). Олар мыналар: и және у дыбыстары. Дауысты дыбыстардың халықаралық термині вокализм деп жүргізіледі. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар үш топқа бөлінеді.

1.Тілдің қатысына қарай:

а) жуан (гуттураль) дауыстылар: а,о,ұ,ы,у;

ә) жіңішке (палаталь) дауыстылар: ә,ө,ү,і,е,и.

Жуан дауыстыларды айтқанда, жіңішкелерімен салыстырғанда, тіл сәл артқа қарай тартылады (ортасы көтеріңкілейді), жіңішкелерді айтқанда тіл сәл ілгері жылжиды. Бұған көз жеткізу үшін дауыстылардың жуан және жіңішке сыңарлары (а/ә, о/ө, ұ/ү, ы/і) қатар айтып көруге болады. Дауыстылардың бұлайша (тіл қатысына) жіктелуін дұрыс білмейінше, тіліміздегі ең күшті фонетикалық заң – сингармонизмді (оның ішінде тіл үндестігін) түсіну мүмкін емес. Тіліміздегі сөздердің бірыңғай жуан, не жіңішке буынды болып келуі тілдің қалпымен байланысты.

2.Еріннің қатысына қарай:

а) еріндік (лабиаль) дауыстылар: о,ө,ұ,ү, у;

ә) езулік дауыстылар: а,ә,ы,і,е,и.

Еріндік дауыстыларды айтқан кезде ерін дөңгеленіп, сүйірленеді де, езуліктерді айтқанда ерін екі жаққа қарай тартылып, езу жиырылады. Еріндік дауыстылардың да тіліміздің байырғы заңы сингармонизмді (оның ішінде ерін үндестігін) танып білуде мәні зор.

3.Жақтың қатысына қарай:

а) ашық дауыстылар; а,ә;

ә) жартылай ашық дауыстылар :о,ө,е;

б) қысаң дауыстылар: ұ,ү,ы,і,у,и.

Ашық дауыстыларды айтқанда астыңғы жақ (үстіңгі жақ қозғалмайды) барынша төмен түседі де, қысаңдарды айтқанда жоғары көтеріледі. Басқаша айтқанда, ашықтарды айтқанда екі жақ бір-бірінен қашықтай (ауыз ашыла) түседі де, қысаңдарды айтқанда бір-біріне жуықтай түседі. Алайда ауаның еркін шығуына кедергі жасамайды. Ал жартылай ашықтар осы екеуінің аралығында айтылады.

Дауыстылардың жақтың қатысына қарай жіктелуін тілдің тік(вертикаль) бағытта қозғалуы түрінде де тануға болады. Өйткені тіл жақтың қалпына қарай жоғары, төмен қозғалатынын аңғару қиын емес. Орыс тілінде дауыстылар тілдің көлбеу (по горизонтали) және тік (по вертикали) бағытта қозғалуына қарай жіктеледі. Қазақ тілінде, сондай-ақ барлық түркі тілдерінде осы уақытқа дейін дауыстыларды ашықтар (а,ә,о,ө,і) және қысаңдар деп екіге бөліп келеді. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды арнайы зерттеп жүрген Ә.Жүнісбеков байырғы сөздеріміздің құрамында алты (а,ә,ұ,ү,ы,і) монофтонг (жалаң дауысты), үш (о,ө,е) дифтонг бар дейді.Сонда біздің о,ө,е дыбыстарымыздың әрқайсысы екі (дауссыз және дауысты) /о-у+ұ/уұ/, ө-у-ү/үү/, е-й-і/йі/. Егер мұны объективті шындық деп танысақ, онда бұл (о,ө,ә) дауыстыларды ашықтан гөрі қысаң деп қараған жөн болар. Алайда бұлардың нағыз қысаңдардан (ұ,ү,ы,і) өзгешелеу өзіндік ерекшеліктерін де ескеру керек) атап айтқанда:

Кейбір екі буынды сөздердің екінші буындағы (дауыссыздар қоршауында тұрған) қысаңдар дауыстыдан

басталатын қосымша жалғанғанда түсіп қалады. Мысалы: қорық: қорқ-а, қорқ-ақ, қорқ-ып, қорқ-ыңқыра, қорқыт, қорқ-у; үрүк: үрк-е, үрк-ек, үрк-ек, үрк-іп, үрк-іңкіре, үрк-іт, үрк-у; қырық: қырқ-а, қырқ-ыл, қырқ-ын, қырқ-ып, қырқ-у; ірік: ірк-е, ірк-іл, іркіңкіре, ірк-іс, ірк-іп, ірк-у. Ал ө, е дыбыстары екінші буында ешқашанда түспейді. О дыбысы байырғы сөздерде тек бірінші буында ғана айтылады, қалған буындарда кездеспейді.

Қысаң дыбыстар кірме сөздерге жамылып (протеза жасап) айтылуға бейім. Мысалы ұ-рұқсат, ү-рүстем, ы-рақмет, і-рәсім, ы-рас, (рас), ү-стел (стол), танк-і-лер т.б Сондай-ақ бұлар сөздердің екінші буынында кейде көмескеленіп (редукцияға ұшырап), әлсіз айтылады. Мектеп оқушылары жазуда оларды аңғармай қалатыны да содан. Мысалы жұд/рық, құм/ра, көк/рек, құд/рет, аз/рақ, қат/нас, тәж/рибе, қас/рет т.б. Мұндай қасиет ө, е дыбыстарында жоқ дерлік. Рас о дыбысы да бірер сөзде протеза түрде кездеседі: орыс(русс), орамал (румал), ораза(руза).

Дауыстыларды жақтың қатысына қарай жіктегенде елеулі белгі ретінде ұйқастың жасалуын ескеру керек болады.Өлең ұйқастарын жасауда буын құрамындағы дауыстылардың жақ қатысы жағынан деңгейлес болып келуі өте маңызды. Сонда ұйқасатын сөздердің буындары бірыңғай не ашық (а,ә) не қысаңдардан (ұ,ү,ы,і) тұрады екен.

Езулік дауысты дыбыстарға қосарлы и дыбысы да кіреді. Сондай-ақ орыс тіліндегі э дыбысы да енеді. Дауысты дыбыстардың былай бөлінуі еріннің артикулияциялық ерекшелігіне байланысты болады. Дауысты дыбыстар еріннің қызметіне қарай бөлінгенде, оның мынадай екі түрлі ерекшелігі ескеріледі: 1.Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін алға қарай сүйірленеді. 2.Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін дөңгеленіп барып бітеді. Осы екі артикуляциялық қызметінің нәтижесінде о, ө, ү, ү, у дыбыстары жасалады.

Езулік дауысты дыбыстарды айтқанда езудің мына сияқты артикуляциялық қызметі айқындалады. Езулік дауысты дыбыстарды айтқанда ерін кейін тартылады, езулік дауысты дыбыстарды айтқанда езу жиырылады. Соның нәтижесінде

мынадай езулік дауыстылар жасалады: а, ә, ы, і, е (э) и. Біз жоғарыда дыбыстау мүшелерінің қимылына қарай дауысты дыбыстар үш топқа бөлінеді дедік: 1.Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай бөлінеді. 2.Дауысты дыбыстар иектің (жақтың) қатысына қарай бөлінеді. 3.Дауысты дыбыстар тілдің қалпына қарай бөлінеді. Дауысты дыбыстар тілдің қалпына қарай жуан (гуттураль) және жіңішке (палаталь) болып бөлінеді. Жуан дауыстыларға: а, о, ы, ұ, (у) дыбыстары жатады. Жіңішке дауыстыларға ә, ө, і, ү, е(э), (у) дыбыстары жатады. Тілдің арты таңдайға қарай жиырылып, бүктеліп жатуынан жуан дауыстылар жасалады. Ал, тілдің таңдайдың алдыңғы жағына жуықтай айтылуынан жіңішке дауыстылар жасалады. Біз жоғарыда жақтың ашылуына байланысты дауыстылар екіге бөлінеді дедік. Жақтың ашылуына қарай ашық және қысаң дауыстылар болып екіге ажыратылады. Ашық дауыстыларға: а. ә, о, ө, е, (э) дыбыстары кіреді де, қысаң дауыстыларға ы, ә,о,ө,е,э дыбыстары кіреді. Ашық дауыстылар жақтың кең ашылып, иектің төмен түсуінен жасалады. Ал, қысаң дауыстылар жақтың тар ашылуынан жасалады. Сондай-ақ дауыстылардың аралық белгілері де бар.

Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың аралығындағы дыбыстар о, ө, ы дыбыстары. Дауысты дыбыстардың көбі ашық дауысты мен қысаң дауысты дыбыстардың арасынан орын алады. Бұл сияқты аралық дыбыстар не ашық, не қысаң дауысты дыбысқа бейімделуіне қарай екі топтың біріне шартты түрде бөлінеді. Дауысты дыбыстардың еріннің қатысына қарай бөлінуі.

Еріндік дауысты дыбыстарда о фонемасы жатады. О фонемасы еріннің дөңгеленуі арқылы айтылатындықтан ерін дауыстысы деп жүргізіледі. Бұл фонеманы айтқанда иек а-ны айтқаннан гөрі жоғарырақ көтеріледі де, ы-ны айтқандағыдан гөрі төменірек түсіп, ауыз кең ашылып тұрады. Ауыз ашылу қалпы жағынан е-ге жуық айтылады да, бірақ тіл кейін жиырылып тұрғандықтан о жуан дауысты болып айтылады. О фонемасы қазақ сөздерінің соңында кездеспейді, сөз басында, ортасында ұшырайды. Мысалы: орақ, отан, қол, сол, Шолпан, қолқанат т.б. Бірақ интернационалдық сөздердің қай

буынында болса да келе береді. Сөз соңында кездеседі. Мысалы: кино, пальто, бюро т.б. о фонемасының жіңішке сыңары ө фонемасы. О-ның жіңішке сыңарын корреляция деп атайды. Ө фонемасы тілдің ілгері жылжып жатуынан пайда болады. Ал ерін мен иек артикуляциясы жағынан о мен ө біркелкі жасалады. Яғни қос еріннің алға қарай сүйірленіп, дөңгеленуінен жасалады. Ө фонемасының жіңішкелігі е тәрізді болып келеді. Ө фонемасы сөздің бас буынында, ортасында келе береді де, ал соңында қазақ сөздерінде де кездеспейді. Мысалы: өрік, өлке, өнер, төс. Ө фонемасы өзінен кейін келген е фонемасы айтылуда ө-ге ұқасата жымдасады. Мысалы: өте сөзі өтө түрінде айтылады.: төте-төтө, көсем-көсөм, күрек сөзі күрөк түрінде айтылады т.б. Ерін дауыстыларының тағы бір түрі - ұ фонемасы. Ұ фонемасы да ерін фонемасының қатарына кіреді. Бұл фонеманы айтқанда ерін о, ө фонемаларын айтқаннан гөрі сәл сүйірленіп тұрады. Бірақ тіл артикуляциясы жағынан о фонемасынан айырмасы жоқ. Бұл да жуан дауыстыларға жатады. Акустикалық жақтан қысаң дауысты дыбыс. Себебі жақтың болар-болмас ашылу арқылы жасалады. Сондай-ақ иектін жоғары көтерілуінен, ауыздың тар ашылуынан пайда болады. Қазақ сөздерінің бас буынында, ортасында келе береді, Соңында, ешқашан кездеспейді. Мысалы: Ұ мен ұрық, құлын, жұлын т.б. Ұ фонемасы сөз ішінде екінші буында келгенде тетелес тұрған ұ фонемасының ықпалымен ы дыбысы айтылуында ұ болып естіледі. Мысалы: Құлын-құлұн, құлық-құлұқ, құдық-құдұқ т.б. Ерін дауыстылардың тағы бір турі -ү фонемасы. Ү фонемасы ұ фонемасының жіңішке түрі (корреляциясы).Бұл ү фонемасы да қос еріннің алға қарай дөңгеленіп барып, сүйірленуі арқылы жасалады. Осы ү фонемасы сөздің басында, ортасында кездеседі, сөз аяғында ұшырамайды. Мысалы: үкі, үміт, үкімет, түзім, жүзік т.б. Ү-фонемасы өзінен кейін келген езулік дауысты дыбысты нақ өзіндей еліктіреді. Мысалы: жүзік сөзі айтылуда жүзүк түрінде айтылады. Жоғарыда айтқандай езу дауысты дыбыстарды айтқанда езудің қимылы ерекше болады. Осы езу дауыстыларына а фонемасы жатады. Бұл а фонемасы

дауыстылардың ішіндегі мейлінше ашық айтылатын дыбыс болып табылады. Осындағы а фонемасы иектің төмен түсуі арқылы дыбысталады. Жасалу орны жағынан тілдің кейін жиырылуынан пайда болады. Бұл дауысты дыбысты айтқанда еріннің сүйірленбей, керісінше тартылуы арқылы дыбысталғандықтан езу дыбысы деп аталады. Осы а фонемасы қазақ сөздерінің барлық ішінде (позициясында) яғни басында, ортасында, мағынада келе береді. Мысалы: ана, дала, қала т.б. Сондай-ақ а фонемасы көп буынды сөздегі біркелкі келген а фонемасы екінші буында күңгірттеу естіледі. Мысалы: балалар, шағалар. Осы сөздердің екінші буындары а өзге буындағы а дыбысына қарағанда күңгірттеу естіліп тұр. Бұл фонема түбір тұлғалы сөзде де, туынды тұлғалы сөзде де кездесе береді. Мысалы: қала, бала, қалалар. Мұнда көптік жалғауында кездесіп тұр. Сондай-ақ а фонемасы септік жалғауында да кездеседі. Мысалы: қалаға, далаға, қолыңа барыс септігінде, жатыс септігінде қалада, қаладан. Қазақ тіліндегі негізгі морфемада, яғни түбір сөзде а фонемасы кейде ә дыбысымен ауысып отырады. Мұндайда ол фонемалық қасиетке ие болады. Мысалы: мына сөздерді салыстырып қараңдар ал-әл сат-сәт т.б.

А фонемасы қосымшаларда да е фонемасымен ауысып отырады. Мысалы: колхоздар, сөздер, тауға-үйге, тауда-үйде.

Ә фонемасы, бұл а фонемасының жіңішке сыңары. Бұл а-дан жасалу жағынан ажыралады. Мысалы: а фонемасы тілдің кейін жиырылуы арқылы жасалса, ә фонемасы тілдің ілгері созылуы арқылы айтылады. Ә фонемасы қазақ тілінде сирек кездеседі. Көбінесе сөздің бас буынында ұшырайды. Мысалы: әскер, әсем. А фонемасы ш, ж, й дыбыстарымен тетелес ә дыбысына айналып айтылады. Мысалы: жай-жәй, шай-шәй.

Езу дауыстылардың тағы бір түрі -е (э) фонемалары. Е фонемасы ауыздың орта шамамен ашылуынан, яғни тіл мен иектің шамалы төмен түсуінен пайда болады. Бұл фонема өзінің жіңішкелігі жағынан әнге жуық айтылады. Басқаша айтқанда тілдің алға қарай созылуы арқылы айтылады. Еріннің сүйірленбей, дөңгеленбей тартылуы арқылы айтылғандықтан е фонемасын езу дыбысы деп жүргізеді,

Грамматикалық тұлғада е фонемасы, а фонемасына комбинаторлық түрде ауысып отырады:

а фонемасы: қалалар, ауылға, қалада.

е фонемасы: кемелер, көлге, көлде.

Сондай-ақ бұл фонема сөздің барлық буынында кездесіп отырады. е фонемасы түбір сөзде де, қосымшаларда да кездесе береді. Мысалы: кеме, кемеге, кемелер бұл фонема жұрнақтарда да кездеседі. Мысалы: сөзшең, сүзе, көрпеше. Сондай-ақ бұл фонема жалғауларда да ұшырайды, көптік жалғауында кездеседі. Мысалы: сөздегі, етіктер т.б.

Езу дауыстылардың тағы бір түрі -ы фонемасы. Бұл фонема тіл мен иектің жоғары көтерілу қалпынан жасалады. Ауыз қуысының тарлау ашылып барып жасалуынан бұл фонема құлаққа келте естіледі. Сондықтан ы фонемасы акустикалық жақтан қысаң дауыстылар тобына кіреді. Бұл фонема қазақ тілінде өте жиі кездесіп отыратын дыбыстардан саналады. Бірнеше дауыссыздан басталған не бірнеше дауыссызға біткен интернационалдық сөзде де не ол сөздің алдынан, не ортасынан, не аяғынан ы фонемасы дәнекер болып, жапсырылып отырады. Мысалы: тротуар - тыротуар, станция- ыстанция.

Ы фонемасы қазақ сөздерінің барлық буынында келе береді. Түбір сөзде де, қосымшалы сөзде де өте жиі кездесіп отырады. Ы фонемасы жұрнақтарда да кездеседі. Мысалы: қалалық, балалық. Сондай-ақ жалғауларда да кездеседі. Мысалы: ілік септікте - қаланың, табыс септікте - қаланы, тәуелдік жалауда-қалаңыз, қаласы, жіктік жалғауда колхозшысыз, барамыз.

Қазақ тілінде р, л дыбыстарынан басталатын сөздер өте сирек боландықтан ауызекі тілде бұлардың алдынан жуан ы және жіңішке і селбесіп отырады. Мысалы: рахмет, лайық сөздері ырахмет, ылайық болып айтылады. Езу дауыстылардың тағы бір түрі -і фонемасы.

І-фонемасы ы дыбысының жіңішке сыңары. Бұл фонема тілдің артқа қарай жүйткуі арқылы жасалады. І-фонемасы сөз ішінде келуі тәртібі жағынан да, интернациональдық сөздерде дәнекер қызметін атқарады. І-фонемасы қазақ

сөздерінің басында, ортасында, ін, іс аяғында келе береді: іні, түтін, бүтін т.б.

Түбір сөздерде алғашқы еріндік дауысты дыбыстардың әсерінен кейінгі буындағы і фонемасы айтылуда еріндік дауысты дыбысқа айналады. Мысалы: өрік, түтін сездері өрүк, түтүк болып айтылады.

Дифтонгоид дауыстылар

Қазіргі қазақ тілінде басқа түркі тілдері сияқты қосынды (дифтонгоид) дауыстылар бар. Осы дифтонгоид дауыстылар мыналар: у және и. Бұл фонемалар қосынды дыбыстардың орнына жұмсалады. Мысалы: бу, буын-бұу бұуын, ту, үу сияқты сөздерде у дыбысы үу дыбыстарының орнына қолданылады. Дауыссыз дыбыстан кейін келіп, дауысты фонемаға айналады. Сондай-ақ и қосынды дыбысы дифтонгоид ретінде жұмсала береді. И дыбысы қосынды жуан ый және қосынды жіңішке ій дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: жиналыс, Иса, тиын сөздерінде и дифтонгоид дыбысы жуан ый дыбыстарының орнына қолдынылып тұр. Сондай-ақ, и фонемасы жіңішке йи дыбыстарының орнына жұмсалады. Сондықтан бұл у және и дыбыстарын қосынды дыбыс немесе дифтонгоид дауыстылар деп атайды. Бұл дифтонгоид дауыстыларға тек қана екі сөз немесе ол сөзден өрбіген сөздер бағынбайды. Олар мыналар: сый, тый.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Вокализм дегеніміз не?
2. Дауыстылардың жіктелу тәсілдеріне мәлімет бер.
3. Дифтонгоид дауыстылар туралы айт.
4. Дауысты дыбыстардың жіктелу кестесін жасаңдар.
5. Көркем шығармадан үзінді алып әрбір дауысты дыбысқа талдау жасаңдар.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілімізде дауыстыларға қарағанда дауыссыз фонемалар әлдеқайда көп. Оқулықтарда бұлардың саны 25 енді біреулерінде 26 болып келеді. «Қазіргі қазақ тілі» (фонетика, лексика) оқулығында: «Қазіргі қазақ тілінде мынандай 25 дауыссыз бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, h, ф, х, ц, ш, қ, ң, ч» – дейілген. Алайда бұларды топтастырған кезде (қатаңдардың құрамына) 26-болып щ әрпі еніп кеткен. Қазақ тілінде 26 дауыссыз бар деушілер осы щ әрпін дыбыспен шатастырып жүр. Дұрысы щ дыбыс емес, әріп. Ол -созылыңқы (немесе қос) ш дыбысының таңбасы.

Сонымен қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар. Ал орыс тілінде мұның саны - 21. Олай болатыны, орыс тілінде дауыссыздардың жуан және жіңішке болып келуінде фонематикалық қасиеті бар және олардың дауыстыларға ықпалы күшті болады. Алайда бұл фонематикалық қасиет орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздерде байқалмайды, сондықтан олар бас-басына (жуан, жіңішке боп) фонема бола алмайды. Азын-аулақ ерекшеліктерді ескермегенде, қазақ тілі мен орыс тілінде ортақ дауыссыз фонемалар – он бес: б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, р, п, с, т, ш.

Қазақ тілінде бар, орыс тілінде жоқ дауыссыздар – бесеу: ғ, қ, ң, у, h.

Қазақ тілінде бұрын болмаған, орыс тілінен енген дауыссыздар да бар: в,ф,х,ц,ч.

Дауыссыз фонемалар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үш түрлі сипатта жіктеледі.

1.Дауыстың (салдырдан деуге де болады) қатысына қарай дауыссыздар әдетте үшке бөлінеді:

а)үнділер: л, м, н, ң, р, й, у;

ә)ұяңдар : б, в, г, ғ, д, ж, з;

б)қатаңдар: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, h, ц, ч;

Ұяңдар мен қатаңдар үнсіздер деп аталады. Алфавит тәртібін жақсы білген жағдайда дауыссыздардың бұлай жіктелуін есте сақтау қиындық тудырмайды. Алғашқы 10 әріптің үшеуі (а,ә,е) дауыстылардың, қалған жетеуі ұяңдардың

таңбасы шығады. Жеті ұяңның жеті қатаң сыңарын жақсы білу керек. Яғни:

Б, в, г, ғ, д, ж, з

П, ф, к, қ, т, ш, с

Үнділер - жетеу. Үш жерде жеті - 21. Қалған дыбыс (х, h, ц, ч) қатаңдардың қатарынан орын алады. Бұлардың бір-бірінен айырмасы дауыстың және салдырдың қатысу дәрежесіне байланысты. Сонда үнділерде дауыс (тон) басым да, салдыр аз; ұяңдарда керісінше, салдыр басым да, дауыс аз болады. Ал қатаң дауыссыз тек салдырдан жасалады (яғни оларға дауыс қатыспайды). Дауыссыздарға дауыстың қатысу дәрежесін білудің маңызы зор.Осыны білгенде ғана бала-ға, қыз-ға, ат-қа, ас-қа дегендерге неге қосымша ғ,қ түрінде жалғанады, ақ ешкі, қара қой айтуда неге ағешкі, қарағой болып кетеді дейтін сұрақтарға нақты жауап беруге болады.

2.Дауыссыздарды айтылу (ауаның шығу) жолына қарай да үш топқа бөлуге болады.

а) Шұғыл (эксплозив) дауыссыздар: п,б,т,д,к,г,қ,ц,ч,м,н,ң

ә) Ызың (фрикатив) дауыссыздар: ф,в,с,з,ш,ж,х,ғ,h,л,й,у

б) Діріл дауыссыз: р

Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жабасып, ауа кілт үзіледі де содан соң шұғыл қайта жалғасады. Ал ызыңдарды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуысып, ауаның жолы барынша тартылады, бірақ ауа біржола үзілмейді, сыздықтап, сүзіліп шығады. Діріл дауыссыз (р) тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады.

3.Жасалу немесе айтылу (артикуляциялық) орнына қарай дауыссыздар алдымен үш топқа бөлінеді.

а) ерін (лабиаль) фонемалары : п,б,ф,в,м,у

ә) тіл (лингваль) фонемалары: т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, х, ң, н, л, р, й

б) көмей (фарингаль) фонемасы: h

Ерін фонемалары іштей еріндік (п,б,м,у) ерін мен тіс (ф,в) болып бөлінеді. Еріндіктерді айтқанда екі ерін біріне-бірі жабысып (п,б,м) немесе дөңгелене жуысып (у) тұрса, ерін мен тіс дыбыстарында астыңғы ерін үстіңгі (күрек) тіске жуысады.

Дауыссыздар фонемалардың көпшілігі тілдің тікелей қатысуымен жасалады. Тіл фонемалары үшке бөлінеді:

а) тіл алды: т,д,с,з,ш,ж,ц,ч,н,л,р

ә) тіл ортасы: й

б) тіл арты: г,ғ,к,қ,ң,х

Тіл фонемаларын тіл-тіс, тіл ұшы, т.б. түрде бөлу ұшырайды. Бірақ олай бөлу есте сақтауды қиындатады және оның практикалық мәні де аз. Дауыссыздардың жасалуына дыбыстау мүшелерінің қатысын (артикуляциясын) білудің маңызы зор. Мұны білмейінше, дыбыстардың артикуляциялық жақтан өзгеруін түсіну де, түсіндіру де мүмкін емес. Мәселен, қан, қон сөздерінің соңындағы н дыбысы қосымша жалғанған кезде кейде н (айтылуын қанға, қоңған) кейде м (айтылуы қаммен, қомбады) болып өзгеруі тек артикуляциямен байланысты.

Жасалу немесе артикулияциялық орнына қарай дауыссыз фонемаларды 8 топқа бөлуге болады. Олар негізінен мыналар:

- Ерін фонемалары (билабиаль): п, б, м, (у).
- Тіс пен ерін фонемалары (лабиаль-денталь): ф, в.
- Тіс фонемалары (денталь): т, с, з, д, ц.
- Тіл ұшы фонемалары (альвеоляр): н, л, ч.
- Тіл алды фонемалары (палаталь): р, ш, ж, й, щ.
- Тіл ортасы фонемалары (препалаталь): к, г.
- Тіл арты фонемалары (веляр): қ, р, ң, х.
- Көмей фонемасы (фарингаль): h.

Сонымен үнсіздер туралы мынадай қорытынды пікір айтуға болады. Аздап дірілі, жаңғырығы бар, қарынсыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар деп атайды. Ал дірілі, жаңғырығы жоқ қарыны күшті дауыссыздар қатаң дауыссыздар деп аталады.

Үнді дауыссыздар

Үнді дауыссыздар деп аздап үні бар фонемаларды айтады. Аздап үні бар деген сөз үнді дауыссыздардың дауысты

дыбыстарға жататындығын көрсетеді. Сондықтан да үнді дауыссыздар дауысты дыбыстарға жақын дыбыстар. Осы дыбыстарға жеке-жеке талдау жасайық. Үнді дауыссыздарға р фонемасы кіреді. Р фонемасы тіл ұшы альвеоляр анық тиіп, фонациялық ауа өте қарқынды шығу арқылы жасалады. Сөз ортасында р фонемасы бір рет дірілдейді де, ол сөз аясында 2 рет дірілдейді. Сондықтан да бұл фонеманы вибрациялық (діріл) дыбыс деп атайды. Р фонемасы сөз басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Мысалы: рахмет, Жарас, қарар. Сондай-ақ рас, рахмет, рай, рет, рұқсат сөздерінін алдында ы, і және ұ дыбыстары селбесіп айтылады. Мысалы: рахмет-ырахмет, рас-ырас т.б. яғни өзге тілден ауысқан сөздердің р-дан басталуы тиісті сөздерінің алдынан ы немесе і дыбыстары қосылып, протеза жасалып отырады. Ал, орыс тілі арқылы енген сөздерге р фонемасы сол күйінде айтылып, жазылады Мысалы: ракета - ракета т.б.

Үнді дауыссыздар л фонемасы да кіреді.

Л фонемасын айтқанда тіл ұшы альвеольярға бір тегіс, кесе көлденеңдеп тиеді. Осы дыбысты айтқанда имплозия басым болуы себепті фонациялық ауа тілдің екі жағын ала шығады. Сондықтан да л фонемасын олтераль (бүйір) фонемасы деп жүргізеді. Қазақ тілінде бұл фонеманың көп ұшырайтын жері сөз ортасы мен сөз аяғы. Ал, сөз басында сирек кездеседі. Мысалы: лас, лай, лақ, лашын, сала т.б.

Л фонемасы септік жалғауларында кездеседі. Мысалы: ілік септік: бұның, соның;барыс септік: бұрын, соны; табыс септік: бұны, соны; жатыс септік: бұнда, сонда. Сондай-ақ бұл сілтеу есімдіктері жоғарыда айтқандай түрліше септеледі екен. Л фонемасы анықталып сөз алдында да кездеседі. Мысалы: ол - кісі, бұл - кісі, сол - кісі. Ал, ауызекі тілде кей уақыт, ол, бол сияқты етістіктердің соңғы л дыбысы түсіріліп қалып, алсайшы, болсайшы деудің орнына асайшы, босайшы деп л түсіп қалып айтылады.

Үнді фонемаға й дыбыс да кіреді. й фонемасы тіл алды алғы таңдайға жүйткуінен пайда болады. Бұл фонеманы айтқанда екі дыбыстау мүшеміз өзге дауыссыздардай бір-біріне жуысып та, жабысып айтылмайды.

Қазақ тілінде й фонемасы үнемі дауысты дыбыстан кейін келеді. Сондықтан да сөз аяғында кездеседі. Мысалы: той, сай, бай, қой. Сөз ортасында сый және тый сөздерінен өрбіген тыйым, сыйым сөздерде ғана ұшырайды. Түркі тілдерінің қазақ тілінен айырмашылығы сөз басындағы й үнемі ж-ға айналып отырады. Йаман - жаман, йук - жоқ. Сондай-ақ й фонемасы түбір сөзде де, туынды сөзде де келе береді. Мысалы: ай, әй, ой, өй сияқы дыбыс комплексі қазақ тілінде заңды қағида болып келеді. Й фонемасы дауысты дыбыстың алдынан келсе көрінген дауыстымен көрші тұра алмайды.

Йа, йе тәрізді комплекстер тілімізде жиі ұшырайды. Мысалы: таяқ, саяқ, дайын, дейін. Сондай-ақ ұй, үй комплексі тым сирек ұшырайды. Мысалы: абрұйыр, әбүйір т.б.

Үнді фонемаларға у дыбысы да кіреді. У фонемасы интервокаль позицияда және ашық дауыстыдан кейін де, бұрын да тұрып, таза үнді болады. Бұл үнді у фонемасы екі еріннің азын-аулақ дөңгелене келіп, сүйірленуінен пайда болады. Сондықтан бұл фонема ерін үнділеріне кіреді.

У фонемасының негізінен мынадай ерекшеліктері бар. Ол төмендегідей позицияда келгенде дауыссыз, үнді фонемаға айналады:

1.У фонемасы дауыстының алдында тұрғанда үндіге айналады. Мысалы: уақыт, уәде, уәзір т.б.

2.У дыбысы екі дауыстының ортасында келгенде үндіге айналады. Мысалы: жауап, сауап, қауіп т.б.

3.У дыбысы дауыстыдан кейін келгенде үндіге айналады. Мысалы: тау, бау, сау, жеу т.б.

У фонемасы сөз басында, ортасында және соңында келе береді. Осы у фонемасын айтқанда фонациялық ауа ауыз қуысы арқылы шығады. Сондықтан у фонемасы және р, л, й дауыссыздары ауыз жолды үнділер деп аталады.

Үнді фонемаларға н фонемасы да жатады. Н фонемасы тіл ұшы альвеольярға тию арқылы жасалады. Бұл екі мүшенің бір-біріне нық тиюі арқылы фонациялық ауа мұрын қуысы бойынша өтеді. Сондықтан н дыбысын мұрын жолды үнді деп атайды. Қазақ тілінде н фонемасы сөз басында, ортасында

және сөз аяғында кездесе береді. Мысалы: нан, наз, намыс, Анар, Жанар т.б.

Н фонемасы ілік септікте кездеседі. Және табыс, шығыс, көмектес септіктерінде де кездеседі. Мысалы: баланың, баланы, баладан, баламен, күннен, іннен т.б.

Үнді фонемалардың тағы бір түрі М дыбысы. М фонемасын айтқанда екі ерін бір-біріне нық тиіп, жымдасады. Фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан бұл фонеманы мұрын жолды үнді дейді. Бұл фонема да қазақ сөздерінің барлық жерлерінде басында, ортасында, соңында кездесе береді. Мысалы: мұрын, мол, намыс т.б. М фонемасы жұрнақтарда да, шылау сөздерде де, жалғауларда да кездесе береді. Мысалы: тәуелдік жалғауы: балам, үнім, күнім т.б.

Жіктік жалғауы: баламын, адаммын т.б.

Көмектес септікте: баламен, қармен, адаммен т.б.

Үнді фонемалардың соңғысы Ң дыбысы. Ң дыбысы тіл арты таңдайға нық тиюі арқылы жасалады. Кішкене тіл төмен түсіп, ауыз жолын кептеп тұрғандықтан фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан мұрын жолды дейді. Ң фонемасы сөз іші мен сөз соңында ғана кездеседі. Мысалы: маңай, маңдай, аңқай т.б.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін айт.
2. Үнді дауыссыздарға қандай дыбыстар жатады? Олардың ерекшелігін сипаттап беріңдер.
3. Эксплозив фонемалар дегеніміз не?
4. Фрикатив фонемалар дегеніміз не?
5. Аффрикат дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?
6. Дауыссыз дыбыстардың жіктелу кестесін жасаңдар.
7. Көркем шығармадан үзінді алып әрбір дауыссыз дыбысқа талдау жасаңдар.

БУЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазіргі қазақ тілінің буын мәселесі фонетикалық категория. Сондықтан буынға ерекше мән беру керек. ***Буын*** деп фонациялық ауаның қарқынмен кілт үзіліп шыққан бір немесе

бірнеше дыбыс тобын атаймыз. Әр буында бірден артық дауысты фонема болмайтындықтан, сөз ішінде неше дауысты фонема болса сонша буын болады. Буын ішіндегі дауыссыздардың экспирациялық күшіне қарай, яғни айтылуына қарай күшті бас дыбыс және күшті соңғы дыбыс деп негізінде екі топқа бөлуге болады. Буын ішіндегі екі дауыссыздың алғашқысының экспирациясы соңғысында басым келсе, күшті келсе, күшті соңғы дыбыс болады. Мысалы: буынның бас дыбысы да, соңғы дыбысы да бір түрлі болып келген қақ, тұт сияқты сөздердің алғашкы дыбыстары күшті, айқын айтылады да, сонғы дыбыстары әлсіз, осал айтылады. Егер сөз ішінде немесе сөз аралығында эксплозив дыбыстар қатар келсе, бұл екеуінің түйіскен жерінен буын жігі пайда болады. Мысалы: көк-ке, ап-пақ, тәт-ті, алып бер. Осы мысалдарда көрсетілген, қатар тұрған біркелкі дыбыстардың алдыңғысы имплозив, кейінгісі эксплозив дыбыс болады.

Яғни имплозив дыбыс - буынды аяқтаушы дыбыс. Эксплозив дыбыс -буынды бастаушы дыбыс. Осы сияқты үндестік заңында да, яғни түбір мен қосымша аралығында, сөз тіркестері аралығында біркелкі дыбыстар үнемі қатар тұра алады. Мысалы: қаққа, аққа, текке, т.б.

Сөздің жуан, жіңішке болуы буынмен байланысты болады. Ал; буынның жуан-жіңішке болуы дауысты дыбыспен байланысты келеді. Дауысты дыбыс жуан болса, буын да жуан болады, ал, жіңішке болса, буын да жіңішке болады. Жуан және жіңішке болып келетін жұп-жұбымен айтылатын дыбыстар мыналар: а-ә, о-ө, ы-і, ү-ү;

Тек е мен э дыбыстарының ғана жуан сыңары болмайды. Дифтонгоид дауыстылар алфавитте бір әріппен белгіленген. Бұлардың жуанына бір әріп, ал жіңішкесіне бір әріп белгіленбей екеуіне бір әріп белгіленген. Олар и және у әріптері.

Қазақ тіліндегі буынның түрлері дауыстылар мен дауыссыздардың өзара алмасып келуіне байланысты үш топқа бөлінеді. 1.Ашық буын. 2.Тұйық буын. 3.Бітеу буын.

Ашық буын деп дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға біткен буынды айтамыз.

Мысалы: а-на, кө-ке, і-ні, ә-же, т.б. Қазіргі қазақ тіліндегі ашық буындар буын ішіндегі дыбыстардың қатысуына қарай құрамы төмендегідей болып келеді 1.Бір дауысты дыбыстың жалғыз өзі тұрып-ақ ашық буын жасай алады. Мысалы: а-на, а-ға. Қатарынан келген екі дыбыстың алдыңғысы дауыссыз, соңғысы дауысты болып тек ашық буын жасай алады. Мысалы: да-ла, қа-ла, кө-ке. Ашық буынның жалаң түрі өз алдына жеке тұрып та сөз бола алады.

Тұйық буын деп дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен буынды айтады. Мысалы: ат, іс, өрт т.б. Тұйық буынның негізгі өзіндік белгілері мыналар: 1. Тұйық буын екі дыбысты болып келеді. Мысалы: ат, іс, ар, ән, ай, ыс т.б. 2. Тұйық буын үш дыбысты болып келеді. Мысалы: ұлт, ант, өрт, т.б.

Сондай-ақ тұйық буын өз алдына сөз болып және бірнеше буынды сөздің басында кездесіп отырады. Мысалы: ұс-таз, ар-ман, т.б.

Бітеу буын деп ортасы дауысты болып, екі шеті дауыссыз болатын буынды айтамыз. Мысалы: тас, жол, тіс, көл, мол, көз т.б. Бітеу буынның негізгі өзіндік белгілері төмендегілер: 1.Бітеу буын үш дыбысты болып келеді. Мысалы: тіс, көл, мол т.б.

2.Бітеу буын төрт дыбысты болып келеді. Мысалы: бұлт, жалт, жұлт, сарт т.б.

Ал төрт дыбысты болып келген бітеу буынның соңғы дыбысы қатаң болып, қатаңның алдында үнді тұрады. Бітеу буын өз алдына сөз болып та, бірнеше буынды сөздің басында да, соңында да кездесе береді. Мысалы: бірліктің, ұлттардың.

Сөйлеу процесінде бір дыбыс екінші дыбыспен, бір буын екінші буынмен, бір сөз екінші сөзбен ұштасып отырады. Сондықтан буындар өзара бірімен-бірі алмасып, кейде бір буынның жігі ажырап, екінші буынның дыбыс саны көбейіп отырады. Сөз ішіндегі бір буын мен екінші буынның бір-біріне жылысуын буын алмасуы дейді. Қазақ тілінде тек қана жалаң ашық буын жинақты келеді де, қандай буынның болса да ықпалына көнбей, оқшау тұра алады. Жалаң ашық буын сөздің дәл басында тұрады да, онан кейінгі буыннын қай-қайсысы болса да онымен жартылай да, түгелдей де

алмаса алмайды. Сондай-ақ, жалаң ашық буын тұрақты келуіне орай басқа буындармен кірікпейді де, жылжымайды да. Мысалы: а-ла, і-лім т.б.

Жалаң ашық буын өз алдына жеке сөз ретінде айтылып, одан кейінгі буынның қандайынан болса да пауза арқылы бөлінетіндіктен ешбір өзгеріске көнбей оқшауланып тұрып айтылады. Мысалы: Е, өзің барсайшы, А, айтайық дейсін бе?

Буынның сипаты

Біздің сөзіміз айтылу жағынан ең кішкене единицалар (бөлшектер) –буындарға ажырайды. Буын - фонациялық ауаның кілт үзілуінен не кедергіге ұшырауының нәтижесіде пайда болатын жеке дыбыс, не дыбыстар тобы. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше. Фонетикалық негізгі заңдар осы буынның төңірегінде өрбейді.

Буын болу үшін оның саны біреуден артық болмауға тиіс. Сонда сөздің құрамында қанша дауысты фонема болса, сонша буын болады деген сөз.

Буында мағына болмайды. Кейбір сөздердің әрбір буыны лексикалық немесе грамматикалық мағынасы бар бөлшектерге (морфемаларға) тура келіп қалады .

Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай не жуан буынды, не жіңішке буынды болып келеді. Егер тілімізде аралас буынды сөздер кездесетін болса, онда олар кірме сөз болғаны.

Тіліміздегі байырғы сөздер, сондай-ақ буындарда екі дауыссыздан басталмайды. Орыс тілінен енген біраз сөздің біздің тілімізде жазылуы соның айғағы бөрене (бревно), жеребе (жребий), кереует (кровать), кінәз (кеязь), үстел(стол). Сондай - ақ тіліміздегі байырғы сөздердің соңында екіден артық дауыссыз тұра алмайды. Оның өзінде негізінен еліктеуіш сөздер: былқ, жалп, күңк, күмп, бырт. Мұндай жағдайда қос дауыссыздың алдыңғысы міндетті түрде үнді, соңғысы қатаң дыбыс болады. Ал, орыс тілінен енген сөздер екі, тіпті үш дауыссызға еркін аяқтала береді: акт, кадр, спорт, пункт, текст, спектр, министр т.б.

Қазақ тілінде басқы буын ғана дауыстыдан басталуы мүмкін, қалған жағдайда буындар дауыстыдан басталмайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі буындар дыбыстық құрамы жағынан мынандай болып бөлінеді:

- бір дыбысты: а-та, ә-же, а-па, і-ні, а-ла, а-ла, а-ас,о-қы, а,ә,е,о, отыр. Бір дыбысты буындар тек дауысты болады да, жеке сөз түрінде, не сөз басында ғана кездеседі ;
- екі дыбысты: ба-ла, қа-ла-да, та-за-ла, жа-ға, ой-на, та-за;
- үш дыбысты: бас, бет, сөз, көз, өрт, акт, бөл-шек-тер, тас-тақ;
- төрт дыбысты: қант, төрт, былқ, жалт, жылт, кадр, такт, порт;
- бес дыбысты: пункт, спорт, текст, скетч, старт, фланг, трест, спирт, стенд;

Сөздердің буын құрамы тіліміздегі сөздер құрамындағы буынның түрлеріне қарай мынандай болып келеді:

- Бірыңғай ашық буынды сөзформалар: а-на-ла-ры-на, қа-ла-да-ғы, ке-ле-ді т.б.
- Бірыңғай бітеу буынды сөзформалар: жат-тық-тыр-ған-дар-дың, тас-тай, т.б.
- Аралас буынды сөзформалар: а-на-ла-ры-мыз-дың, айт-қан-да-рын, қа-на-ғат-тан-ды-рыл-ды т.б.

Буын құрамының өзгеруі

Тілдегі әр түрлі морфемалар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеу үстінде көбіне бірнеше морфема бірігіп, түйдек құрап айтылады. Әсіресе жеке буын, тіпті жекелеген дыбыс түрінде келетін қосымшалар өз алдына қолданылмайтыны белгілі. Олар сөзге жалғанған кезде өздерінің дыбыстық құрамына кейде сақтап, көбіне дауыссыздан басталатын қосымшалар өз алдына буын құрай алады. Мысалы: а-на-лар-ға, а-на-мыз-дың, ал-ма-ды, ой-ла-ды т.б Ал дауыстыдан басталатын қосымша міндетті түрде өзінің алдында тұрған буынның соңғы дауыссыз дыбысын өзіне қосып алады, яғни алдыңғы буынның соңғы дыбысы кейінгі буынның құрамына өтеді, мұны дыбыстың жылысуы деп қараған жөн. Мысалы: ал-а-а-ла, ал-ып-а-лып (көсемше формалы етістік)

Дауыстыдан басталатын қосымшалар жеке дыбыс түрінде, дыбыстардың қосындысы түрінде де болады. Жеке тұрып қосымша алатын дауыстылар:

–а, -е
1) септік жалғау : ойым-а, ойың-а, сөзім-е;
2) көсемшенің жұрнағы : айт-а, жаз-а, кел-е, кет-е;
3) сөз тудыратын жұрнақ : сан-а, бос-а, мін-е, мөлдір-е, шылдыр-а.–ы,-і;
1) тәуелдік жалғау : ат-ы. ақыл-ы, ес-і,дәптер-і
2) сөз тудыратын жұрнақтар :бай-ы, шыж-ы, қазақ-ы, кем-і
3) -ө,-ү,-ұ

Бұлар жазуда ескерілмейді. Еріндік дауыстысы бар бір буынды сөздерге жалғанатын –е,-ы,-і қосымшалары айтуда сөз жоқ -ө,-ұ,-ү түрде дыбысталады: өлө-өл-е, өсө-өс-е, өнө-өн-е, өрө-өр-е, ұлұ-ұл-ы, қолұ-қол-ы, өрү-өр-і, төсү-тө-сі.

Ал дауыстыдан басталатын тұйық буын қосымшалар тілімізде көп: ай, ақ, ар, ат, ау, ей, ек, ер, ет, ес, еу, ық, ыл, ым, ың, ыз, ыр, ыс, ыт, ыш, із, ік, ім, ін, ір, іт, іш т.б.

Сонымен дауыстыдан басталатын қосымша морфемалар алдыңғы буынның соңғы дыбысын өзіне қабылдау арқылы көрші екі буынның дыбыстық құрамы да өзгеріске ұшырайды.

Сондай-ақ, басқа буындар мынадай жағдайда бір-біріне алмасып отырады. Олар мыналар:

Екі дыбысты ашық буындардан соң жалаң ашық буын немесе тұйық буын келсе қатар тұрған екі дауыстының алғашқысы түсіп буын ықшамдалып қалады. Мысалы: торы ала - торала (то-ра-ла) .

Жалаң ашық буыны екі дыбысты тұйық буыннан кейін келсе, дауыссыз дыбыс кейінгі буынға сырғып кетеді. Мысалы: ат-ы, а-ты. Яғни бұл буын алмасуын төмендегіше түсіндіруге болады.

Тұйық буын+ жалаң буын, жалаң буын+ ашық буын. Бұл құбылыстың формуласы төмендегідей болады: АВ+А - А+ВА. Яғни тұйық буын +тұйық буын - жалаң буын+бітеу буын.

Екі дыбысты тұйық буын сол тұйық буыннан кейін келсе, алғашқы буынның дауыссызы кейінгі буынға сырғиды. Мысалы: ат-ақ - а-тақ. Мұның формуласы төмендегідей: АВ+АВ - А+ВАВ. Яғни тұйық буын+тұйық буын - жалаң буын+бітеу буын.

Үш дыбысты тұйық буын үш дыбысты бітеу буыннан

кейін келсе, алғашқы буынның соңғы дауыссызы кейінгі буынға жалғасады: Мысалы: жоқ+алт - жо+ғалт формуласы төмендегідей. ВАВ+АВВ - ВА+ВАВВ.

Сөздің буын санының артуы мен кемуі

Сөздің буын саны тарихи даму барысында, әр түрлі фонетикалық жағдайларға байланысты артып не кеміп отырады. Мұның біріншісі, негізінен кірме сөздердің фонетикалық жақтан игеруімен байланысты болса, екіншісі тілде қалыптасқан неғұрлым байырғы сөздердің құрамында кездеседі. Кірме сөздердің әр түрлі бөлімде тілдің қалыптасқан тілдің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін кейбір жеке дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің болуы заңды. Ондай сәйкессіздіктерді реттеу үшін кейде сөздің құрамындағы жеке дыбыстарды түсіруге немесе жаңадан дыбыс қосып айтуға, төл дыбыстармен алмастыруға тура келеді. Тілімізге араб, парсы тілдерінен ертерек енген сөздер бұған дәлел. Олардың фонетикалық жақтан игерілгені сонша, көпшілігінің кірмелігі аңғарылмайды. Мәселен: бөкебай, бөрене, бөтелке, доға, кәмпит, көшір т.б. Кірме сөздердің буын санының артып кетуі де тілімізде кездесетін құбылыс. Сондай-ақ эпентеза құбылысының нәтижесінде сөздің соңында артық буын пайда болатынын біз білеміз. Буын санының кему, әсіресе байырғы сөздерге тән құбылыс деуге болады. Осы күнгі қосымшалардың көпшілігі бір кездегі толық мағыналы сөздердің дыбыстық жақтан ықшамдалуынан жасалғаны белгілі. Бұған әлі де ізі суымаған дәлел ретінде тұрған сөзі ықшамдалып тұрған одан тын, тін жұрнағына айналады. Кейбір кіріккен сөздердің буын жағынан ықшамдалып жасалғаны айқын: әкел-алып кел, апар-алып бар, әкет-алып кет. т.б

Қысқасы сөздің құрамындағы буындар бір-бірімен тығыз қарым- қатынаста болады да, бірде артып, бірде кеміп отырады.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Буын дегеніміз не? Оның қандай сипаты бар?
2. Қазақ тілінде буынның қандай түрлері бар?
3. Буын құрамының өзгеруі дегенде не түсінесің?
4. Буын санының артуы мен кемуіне мысалдар келтіріңдер.
5. Буынның жіктелу кестесін жасаңдар.

ЕКПІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазақ тілінің екпіні сөз ішінде соңғы буындарда болады. Сондықтан да қазақ тілінің екпіні сөз және сөз аралығында болу ерекшелігіне қарай үлкен-үлкен екі топқа бөлінеді: 1.Сөз екпіні. 2.Тіркес екпіні.

Сөз екпіні болуының негізгі себебі екпін сөз ішінде болатындықтан және сөз соңында кездесетіндіктен **сөз екпіні** деп аталады.

Қазақ тіліндегі екпін басқа түркі тілдеріндегі екпін тәрізді сөздің көбінесе соңғы буынында болады. Екі немесе үш буынды сөздер не көп буынды сөздердің бір буыны негізгі екпінге ие болады да, қалған буындарына екпін түспейді. Мысалы: шағала, кереге. Екпіннің сөз ішінде келуіне қарай оларды екі топқа бөлуге болады. 1.Негізгі екпін. 2.Көмекші екпін.

Қазақ тіліндегі негізгі екпін қосымшада болады, яғни қосымшалы сөздер **негізгі екпінге** ие болады. Ал, **көмекші екпін** негізгі түбір сөзде болады. Мысалы: о-рақ, о-рақ-шы-лар. Алғашқы буындағы екпін көмекші екпін болады. Кейінгі буындағы (-лар) екпін негізгі екпін болады. Қазақ тіліндегі қосымшалардың көпшілігі екпінді өз бойына тартып алады. Көптік, септік, тәуелдік жалғаулары екпінді болып келеді де, жіктік жалғаулы екпінсіз болады. Мысалы: оқушылар, мұғалімдер дегенде екпін көптік жалғауына түседі. Оқушыға, мұғалімге дегенде екпін септік жалғауына түседі. Сондай-ақ менің студентім, сенің студентің, оның інісі дегенде екпін тәуелдік жалғауына түсіп тұр. Ал мен оқушымын, сен студентсің, сіз мұғалімсіз дегенде екпін жіктік жалғауына түспейді.

Дауыс екпіні бір сөзбен екінші сөздің жігін ажыратумен ғана емес, бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып отырады. Сондай-ақ тілімізде белгілі бір сөз тіркесі немесе сөз шумағы екпінге ие болады. Сөйтіп, оларда акцентуациялық комплекс жасалады. Ал мұндай екпінді фразалық (ритмикалық) немесе **тіркес екпіні** деп жүргізеді. Қазақ тілінде тіркес екпіні болатын сөз топтары мыналар:

- Қос сөздер тіркес екпінге ие бола алады. Мысалы: бала-шаға, ығай-сығай, жөн-жосық.
- Негізгі мағыналық сөздер мен шылау сөздер тіркес екпініне ие бола алады. Мысалы: үйге дейін, ол үшін, өзі ғана, мың қаралы.
- Күрделі сөздер түйдегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: оқып отыр, ән салды, жығыла жаздады.
- Пысықтауыш пен баяндауыштан болған сөз тізбегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: кеше келді, жақсы оқыды, қалада болды.
- Идиома сөздер тізбегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: қабырғаңмен кеңес, сөз байла.
- Жалғаусыз тура толықтауыш пен баяндауыштан болған сөз тізбегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: газет оқыды, хат жазды, кино көрді.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Екпін дегеніміз не? Қазақ тілінде екпіннің маңызын сипаттап, мысалдар арқылы дәлелдеп бер.
2. Акцентуация қандай құбылыс?
3. Сөз екпіні дегеніміз не?
4. Тіркес екпіні дегеніміз не?

ҮНДЕСІК ЗАҢЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі фонетикалық құбылыс болып табылады. Сөз ішіндегі не сөздер араларындағы дыбыстардың дауыс қатысы және жасалу орнына қарай ішінара жапсарласып, жанасуын дыбыстардың үндесуі дейміз. Қазіргі қазақ тілінде сөз ішіндегі буындар дауысты және дауыссыз дыбыстардың шырайына қарай қиюласады.

Үндестік (гр. бірге және байланыс,үндесу) – түркі тіліне тән аса күшті заң. Осы уақытқа дейін сингармонизм дауысты дыбыстардың үндесуі немесе буын үндестігі делініп жүр. Егер түбір сөздер жуан болса не жіңішке болса жалғанатын жалғау

да сондай болып келуі тиіс. Байырғы қазақ сөздері мынандай сингармониялық белгілермен ажырайды:

1.Жуан езулік-жіңішке езулік; тыс-тіс,бас-бәс.

2.Жуан еріндік-жіңішке ерідік; сол-сөл,жон-жөн.

3.Жуан еріндік-жуан езулік, тот-тат,сұр-сыр т.б.

Қазақ тіліндегі дауыстылар да дауыссыздардың да фонологиялық қызметі алдымен буын деңгейінде айқын көрінеді.

Адамның тілі - дыбыстық тіл. Біз өз ойымызды осы дыбыстардың тіркесі, тізбегі арқылы білдіреміз. Алайда дыбыстардың өзара тіркесуінде әр тілдің өзіне ғана тән белгілі бір қалыптасқан заңдылықтары бар. Қазіргі қазақ тілінде түбір мен қосымшаның аралығында қатар келген буындар мен дыбыстардың өзара үйлесімі, яғни тілімізге тән, өзімізге таныс негізгі үндестік заңдар мынандай болып келеді:

1.Түбірдің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан буында болады: мал-шы-лар, қа-ла-дан, т.б.

2.Түбірдің соңғы буыны жіңішке буынды болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке буынды болып келеді: мек-теп-тер-ің-ді, кел-тір-ің-дер, т.б.

3.Түбірдің соңғы дыбысы дауысты не үнді болса, оған жалғанатын қосымша үнді не ұяңнан басталады: бала-лар, жел-дің, бала-ға, жел-мен, бала-да.

4.Түбірдің соңғы дыбысы ұяң болса, қосымша ұяңнан басталады: қаз-дар, уәж-дан, жез-ге, мұқтаж-дық

5.Түбірдің соңы қатаң болса, қосымша да қатаңнан басталады: мақсат-қа, университет-пен.

Қысқасы, морфемалардың бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып және олардың аралығында қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустикалық-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруын дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы дейміз.

Тіл үндестігінің ерекшелігі

Дауыстылардың тілдің қызметіне орай бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке ыңғайласып, үйлесіп келуіне тіл үндестігі дейді. Түркі тілдерінде әсіресе қазақ

тілінде сингармонизм заңы алдымен тіл үндестігі түрінде танып келеді. Яғни тіл үндестігі сингармонизмге синоним болып келеді. Тіл үндестігінің өзін екіге бөліп қарау керек болады. Түбір тұрғысынан және түбір мен қосымшаның ара қатынасы тұрғысынан қазіргі қазақ тілінде түбір сөз буын құрамына қарай көбіне бір буынды, екі буынды үш буынды және төрт-бес буынды болады. Қысқасы тіл үндестігі – тіліміздегі ең күшті фонетикалық заң. Кейбір азын-аулақ ауытқулар бұл заңға ешқандай нұқсан келтіре алмайды.

Ерін үндестігі

Дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуіне ерін үндестігі дейді. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарының да еріндіктен тұруы да мүмкін. Қазақ тілінде ерін үндестігі бар ма, бар болса неше буынға жетеді дейтін мәселе әлі күнге толық шешімін таба алмай келеді. Ерін үндестігін дұрыс түсіну үшін ерін дауыстыларымен көрші буындарда қатар тұру мүмкіндіктерін ескеру тиіс.

Еріндік дауыстылар сияқты қос ерін дауыссыз да өзінен кейінгі езуліктерге ықпал ете алады. Сонымен ерін үндестігі де тіліміздің өзіндік жарасымын танытады.

Дыбыстар үндесуінің түрлі болуына байланысты үндестік заңы да түр-түрге бөлінеді. Дыбыстардың үндесуі қазақ тілінде өзінің, негізгі ерекшелігіне қарай екі топқа бөлінеді: 1.Буын үндестігі (сингармонизм үндестігі). 2.Дыбыс үндестігі (ассимиляция үндестігі).

Буын үндестігі (Сингармонизм)

Сөз ішінде дауысты дыбыстардың бірыңғай не жуан, не жіңішке үдесуін тіл ғылымында буын үндестігі (сингармонизм) дейді. Қазақ тіліндегі сингармонизм үндестігі негізінен мынадай жағдайларда келеді:

Түбір сөздің буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болып үстеледі. Мысалы: бал-балға, жол-жолға, тон-тонды.

Түбір сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған қосылатын қосымша да жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: жер-жерге, іні-іниміз, күн-күнді.

Қазіргі қазақ тілінде сингармонизм көбінесе түбірдің жуан, жіңішке болуына байланысты үндеседі. Ал, сирек кездесетін, буын үндестігіне бағынбайтын орындар да ұшырайды. Мұндай үндесулерге мына төмендегілер кіреді:

1. Көмекші септік жалғауының -мен, -бен, -пен қосымшалары сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да сол қалпында жалғанады. Мысалы: сиямен жаздым, атпен келдім, отпен ойнама, ағашты арамен кесті. Сен Үмбетпен кездестің бе? Соңғы сөйлемде ғана сөздің жіңішке болуына байланысты -пен жалғауы қосылып тұр.

2.Меншіктік ұғым беретін -нікі, -дікі, -тікі құрамдас қосымшалар да, буын үндестігіне бағынбай, сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да осы күйінде жалғанады. Мысалы: Арба Асандікі.

3.-паз, -қор, -қой, -ғой, -кер, -кеш, -хана, -ист, -изм жұрнақтары да сөздің соңғы буынының қандай болғанына қарамай, сол күйінде жалғанады. Мысалы: өнерпаз, бейнетқор, әзілқой т.б.

4. Х әрпіне біткен сөздерге қосымшалар әрқашан да жуан түрде жалғанады. Мысалы: цехтың, тарихқа т.б.

5.-рк, -нк, -ке, -кт дыбыстар тіркесіне біткен орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: парктен, танкті т.б.

6. -Ль әріптер тіркесіне біткен бір буынды орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: рольді, нульсіз, рульден т.б.

Қазақ тілінде өзге түркі тілдеріндегі сияқты еріндік дауысты дыбыстар үндестігі жоқ, ал қосымшаларда ерін мен езу үндестігі араласа келіп те қалады. Мысалы: орақтардың, орындар, күндізгі сияқты сөздер айтылуда ерін және езу үндестігі бойынша жұмсалады. Жоғарыда біз дауысты дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалын сингармонизм үндестігі десек, ал дауыссыздардың бір-біріне тигізген ықпалын ассимиляция дейміз. Осы дыбыстар өзгеруінің тіл-тілде басты-басты екі түрі бар. Бұл дыбыстар өзгерісінің негізгі дені дыбыстау мүшелерінің қызметіне, яғни артикуляциясына

байланысты болады. Осы дыбыстар өзгерісінің екі түрі мыналар:

I. Комбинаторлық өзгерістер.

Комбинаторлық өзгерістер көршілес дыбыстардың біріне-бірі тигізген ықпалына байланысты болады. Белгілі бір дыбыстың екінші бір дыбысқа алмасуы да, кейде дыбыстың түсіп қалуы да немесе тыңнан белгілі бір дыбыстың пайда болуы да сөздегі өзге дыбыстардың ауанымен байланысты болады. Мысалы: Ол ауылға кетті. Ол қызметке кетті, деген сөйлемдерді алайық. Мысалы ауылға дегеннің қосымшасы -ға өзінен бұрынғы тетелес буынмен үйлесіп тұр.

Ал, қызметке дегенде -ке қосымшасы өзінен бұрынғы буынмен үндесіп тұр. Осы комбинаторлық өзгерістерде бір дыбыс екінші дыбысқа тәуелді болып тұрады. Яғни бір дыбыс екінші бір дыбысқа игеріліп тұрады. Осындай игерулі өзгерістерді комбинаторлық өзгеріске жатқызуға болады. Комбинаторлық өзгерістерді игерулі өзгерістер дейді. Дыбыстар үндесуінің сингармонизм құбылысы да, ассимиляция құбылысы да комбинаторлық өзгерістерге жатады.

II. Спонтандық өзгерістер. Спонтандық өзгерістерде көршілес дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалы болмайды. Ал, мұнда дыбыс өзгерісі өзге дыбыстардың ықпалына жұқпай өздігінен құбылып тұрады. Мысалы: Шелек сөзін кейбір жергілікті жерлерде челек деп айтады. Осы жердегі дыбыстың құбылысы бірде ш, бірде ч болып өзгереді. Міне, осындай өзгеруді спонтандық өзгерістер дейді.

Дыбыс үндестігі (Ассимиляция)

Ассимиляция дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып табылады. Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сыңарлары, жігінде және сөз тіркесі сыңарларының аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерін дыбыс үндестігі (ассимиляция) дейді.

Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі буын ішіндегі дыбыстардың артикуляциялық жақтан бір-біріне бейімделуіне қарай, негізінен екі түрде кездеседі.

- Толық түрде кездесетін ассимиляция.

- Жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция.

Толық түрде кездесетін ассимиляция деп бір дыбыстың екінші дыбысты дәл өзіндей етіп еліктіруін айтады. Мысалы:

айтылуы:	***жазылуы:***
Жасса	Жазса
Жұмышшы	Жұмысшы

Ал жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция деп бір дыбыстың екінші дыбысты дәл өзіндей етіп еліктірмей бір жақты дауыс қатысына қарай айтады. Мысалы: қағазға, тасқа. Осындағы түбірдің соңғы ұяң з дыбысының әуенімен қосымшаның да басқы дыбысы ұяңға айналып тұр. Түбір мен қосымшаның, біріккен сөздердің және көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ілгерілі, кейінді әсер етіп өзгеруін ықпал заңы дейді. Дауыссыз дыбыстардың біріне-бірінің тигізген әсерінен туатын ықпал заңы қазақ тілінде негізінен, үш топқа бөлінеді:

- Ілгерінді ықпал (прогрессивті ассимиляция)
- Кейінді ықпал (регрессивті ассимиляция).
- Тоғыспалы ықпал.

Тіл ғылымында ілгерінді ықпалды прогрессивті ассимиляция, кейінді ықпалды регрессивті ассимиляция деп атайды.

Прогрессивті ассимиляция

Дыбыстар өзгерісінде прогрессивтік ассимиляцияның мәні үлкен. Прогрессивтік ассимиляция деп бір сөз көлемінде немесе бірнеше сөз аралығында алғашқы дыбыстардың кейінгі дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал жасауын атайды. Қазақ тілінде сөз ішінде кездесетін ілгерінді ықпалдың мынадай үш түрі бар:

- Түбір мен қосымша аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.
- Біріккен сөз сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.
- Сөз тіркесі сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымша арлығындағы ілгерінді ықпал қазақ тілінде жиі кездеседі. Түбір мен қосымша аралығындағы

алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа тигізетін әсерін түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Сөздің соңғы дыбысы ұяң не сонор дауыссыз дыбыс болса, оған жалғанатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы да ұяң немесе сонор дыбыс болады. Мысалы: аң-дар, мал-ға, аң-ға, мал-мен, аң-нан.

2.Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, оған дауыссыз дыбыстан жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да қатаң болады. Мысалы: кітап-тар, кітап-қа, орақ-тар, орақ-қа.

3.Түбір сөз қатаң ш дыбысына аяқталып, оған жалғанатын қосымша с дыбысынан басталса, айтылуда қосымшаның басындағы қатаң с дыбысы катаң ш дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы	***айтылуы***
қашса	қашша
ашса	ашша
ұшса	ұшша

Біріккен сөз сыңарларының аралығындағы ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Біріккен сөздің бірінші сыңары қатаң дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары б дыбысынан басталса, айтылуы да бірінші сөздің соңындағы қатаң дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұяң б дыбысы қатаң п дыбысына айналып естіледі:

жазылуы	***айтылуы***
Жүсіпбек	Жүсіппек
Кеңесбек	Кеңеспек

2. Біріккен сөздің бірінші сыңары не ұяң не сонор дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары қатаң дыбыстан басталатын болса, екінші сынарының басындағы қатаң дауыссыз дыбыс ұяңға айналып естіледі.

Сөз тіркесі сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляцияның мынадай өзіндік белгілері бар: 1.Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі қатаң дауыссыз дыбысқа

аяқталып, екінші сыңары ұяң дыбыстан басталса алдыңғы қатаң дыбыстың әсерінен келесі сөздің басындағы ұяң дауыссыз дыбысы айтылуда қатаңға айналады. Мысалы:

жазылуы	***айтылуы***
Алып бар	Алып пар
Тоқ бола	Тоқ пала

2.Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі дауысты дыбысқа немесе сонор не ұяң дауыссыз дыбыстың біріне аяқталып келесі сыңардың басты дыбысы қатаң қ, к дыбыстарының бірі болса, айтылуы да екінші сөздің басындағы қатаң қ, к дауыссыз дыбыстары ұяң г, ғ дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы	***айтылуы***
Қара қағаз	қара ғағаз.
Боз көйлек	боз гөйлек.

Регрессивтік ассимиляция

Түбір сөз бен қосымшаның, біріккен сөздің және сөз тіркестерінің аралығындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа артикулияциялық жағынан әсер етуін регрессивтік ассимиляция дейді.

Қазақ тілінде регрессивтік ассимиляцияның үш түрі бар:

- Түбір мен қосымша аралығындағы регрессивтік ассмиляция.
- Біріккен сөз сыңарлары аралығындағы регрессивтік ассимиляция.
- Сөз тіркестері аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы, кейінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар. 1.Түбір сөз қатаң қ, к, п дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, түбірдің соңындағы қатаң қ, к, п дыбыстары өзгеріп ұяң ғ, г, б дыбыстарына айналады.

2.Етістіктің түбірі қатаң п дыбысына аяқталып, оған көсемшенің -ып, -іп жұрнағы жалғанса, түбірдің аяғындағы қатаң п дауыссыз дыбысы үнді у дауыссыз дыбысына айналады. Мысалы: шап-шауып, сеп-сеуіп т.б.

3.Түбір сөз н дыбысына аяқталып, оған ғ, г, б дауыссыз дыбыстарының бірінен басталып қосымша жалғанса, түбірдің

соңындағы н дыбысы өзгеріліп ң немесе м дыбысының біріне айналып естіледі. Мысалы:

Жазылуы	***айтылуы***
Бұрынғы	бұрыңғы
Жанға	жаңға
Дүйсенбі	дүйсембі.

4. Түбір сөз с, з дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, қосымша ш, с дауыссыз дыбысынан басталса с дыбысы өзгеріп ш дыбысына, з дыбысы өзгеріп с немесе ш дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

Жазылуы	***айтылуы***
Бозжанов	Божжанов
Оразжан	Оражжан

5.Біріккен сөздердің бірінші сыңары н дыбысына бітіп, екінші сыңары б, п, к, қ, ғ, г дыбыстарының бірінен басталса бірінші сөздің соңындағы н дыбысы м немесе ң дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

Жазылуы	***айтылуы***
Жанғали	Жаңғали
Жанпейіс	Жампейіс

дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып табылады.

Тілдің ауызша фонемасында дыбыстар үндестік заңына сәйкес үнемі үйлесіп, жымдасып қолданылады. Егер айтуда осы үндестік сақталмаса, бұзылатын болса мұның өзі айтуы мен жазуы арасында өзгеріске ұшырайды. Өйткені жазу сөздің айтуын дәл бере алмайды. Оның үстіне морфологиялық принцип басшылыққа алынатын біздің жазуымызда түбірдің соңғы дыбысы көбіне өзгеріссіз жазылады. Мысалы: жан етістігінен өрбитін жанды, жанбады, жанған жоқ сияқты формаларда түбірдің бастапқы қалпы сақталып жазылады. Қысқасы морфемалардың жігінде қатар келіп акустикалық немесе артикуляциялық жақтан тіл табыса алмаған жағдайда дыбыстардың бірі екіншісін өзіне жуық басқа дыбыспен алмасуға мәжбүр болады.

Алмасу - альтернация (лат. және орыс. тілінен чередование) - әр түрлі сөзформалардың құрамында кездесетін бір морфеманың бір дыбысының кіші дыбыстың өзгеруі.

Сонымен дыбыстық алмасу - фонетикалық жағдайдың (көрші дыбыстың) нәтижесі, мұны комбинаторлық (лат. біріктіру, тіркесу) немесе позициялық (лат. жағдай, шеп) өзгеріс деп те атайды. Ал сәйкестік спонтанды (лат. кенет пайда болған, байланыссыз) өзгеріс түрде танылады.

Үндестік заңы көрші дыбыстар мен буындардың бір-біріне ықпал етіп, бірінің екіншісіне бейімделіп тұруына негізделеді. Ықпал негізінен морфема мен морфеманың аралығында қатар келген дыбыстар мен буындардың арасында болады. Ал мофеманың өз ішіндегі дыбыстар мен буындар көп буынды сөзге тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасқан құйма деп қараймыз да, сол дайын күйінде танимыз. Сонда түбір морфеманың соңғы буынды қосымша морфеманы тілдің қатысы жағынан жуан немесе жіңішке етіп игеріп тұрады: дала-ның, дала-ға т.б

Дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп негізінен екі түрлі болады: а) дауыс қатысына қарай (салдыр) немесе айтылу орнына (артикуляциясы) қарай. Көрші дыбыстар айтылу жағынан да бір-біріне азды-көпті ықпал етіп тұрады. Дегенімен түбір мен қосымшаның аралығында қатар келген дыбыстар алдын ала ыңғайласып, үйлесіп келетіндіктен дыбыс алмасулары да онша көп емес. Бұларға қарағанда сөз бен сөздің дыбыстар көбірек алмасуға ұшырайды.

Игеретін дыбыстың орын тәртібіне қарай қазақ тілінде дыбыстардың бір-біріне ықпалы үш түрлі болады.

1.Прогрессивті (ілгерінді) ықпал - алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысты өзіне тәуелді етуі, игеруі. Сөздеріміздің бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке болып келуі де ілгерінді ықпалға негізделген.

2.Регрессивті (кейінгі) ықпал - кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысты тәуелді етуі, игеруі.

3.Тоғыспалы ықпал - көрші дыбыстардың ілгерінді, кейінді қарсы әсері.

Бунақ

Ритм (гр.- өлшем, ырғақ) - кейбір белгілері жағынан өзара бірдей немесе біршама жуық элементтердің қайталануы.

Бунақтар - өзіндік екпін, ритммен айтылатын сөздер тобын айтамыз.

Сөйлеу актінде бір бунақ құрап айтылатындар алдымен күрделі сөздер және әр түрлі жолдармен тіркескен сөздер.

1.Біріккен сөздер: әргім-әркім, Доспол-Досбол

2.Қос сөздер: қора-ғора – қора-қора, жарық-жұрық - жарқ-жұрқ

3.Қысқарған сөздер: ТМПУ,ОҚАУ

4.Өзара тіркескен (күрделі) зат есімдер: мал ғора - мал қора, қонағ үй -қонақ үй

5.Күрделі сын есімдер: қарала - қара ала, көг жасыл - көк жасыл

6.Күрделі сан есімдер: ом бір - он бір, 1945, 2005 т.б

7.Есімдік тіркесі: бүл гім - бұл кім, сеңгімсің - сен кімсің

8.Етістік тіркестер : сөйлөп полдұ - сөйлеп болды.

Аккомодация

Аккомодация (лат. бейімдеу) морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп бейімделіп айтылуы. Мысалы: ат, ет, от, өт деген сөздерде бір ғана т фонемасымен төрт түрлі реңге ие болады. Дауыстылар мен дауыссыздардың және керісінше дауыстылардың дауыссыздармен көрші тұруында тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасқан заңдылықтар бар.

Аккомодация құбылысында қазақ тілінде негізінен дауыстылар дауыссызға күштілік жасап өз ықпалын жүргізеді.

Фонетикалық құбылыстар

Диэреза көп жағдайда ассимиляцияға негізделеді. Мысалы, орыс тіліндегі т, д шұғыл дауыссыздары екі созылыңқы дауыссыздар арасында немесе стк, здк дыбыс тіркестерінің арасынан ығыстырылады. Диэреза ассимиляциялық негізінде де болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде чт, чн дыбыс тіркестері сөйлеуде шт, шн түрде айтылады.

Эпентеза екі дыбыстық аралығынан қосалқы дыбыстың келіп кіруі эпентеза құбылыс деп аталады. Мысалы, метр, литр деген сөздер қазақша метір, литір түрінде айтылады.

Протеза бұл эпентезаның бір түрі болып саналады. Эпентеза бойынша дыбыс сөздің ортасына қосылатын болса,

протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылады. Мысалы, орыс тіліндегі шкаф, стакан, стол деген сөздер қазақша дыбысталуында ышкап, ыстақан, үстөл түрінде айтылады (мысалы, ылай, ылақ, ылайық, ылас, ырай, ыразы).

Эпитеза бойынша дыбыс сөздің соңынан қосылады. Мысалы, өзбек тілінде орыс тілінен енген киоск, танк, пропуск, диск деген сөздер киоска, танка, пропуска, диска түрінде айтылады және жазылады. Ал қазақ тілінде орыс тілінен енген бұл сөздердің жазылуы сақталғанмен, олар айтылуда көбінесе, киоскі, танкі, пропускі, дискі түрінде айтылып, оларға қосымшалар дауыссыздан басталып жалғанады (мысалы: киоскіден, танкіге, пропускіні, дискінің).

Апокопа. Тіл-тілде кейбір сөздердің соңындағы дыбыстардың түсіп қалу құбылысы кездеседі. Бұл құбылыс апокопа деп аталады. Апокопа құбылысына ұшырайтындар көбінесе кірме сөздердің соңындағы элементтер. Мысалы, иран тілдерінен енген тахт деген сөздің соңғы дауыссыз дыбысы түсіп қалып, қазақ тілінде нақ түрінде айтылады. Араб тілінің бахт сөзі қазақ тілінде бақыт түрінде қолданылуымен бірге, соңғы дыбысы түсіріліп, бақ түрінде айтылады. Қазақ тілінде дос түрінде айтылатын сөздер иран тілдерінен енген. Бұлардың иран тілдеріндегі дыбысталуының соңындағы т дыбысы қазақ тілінде айтылмайды. Сонымен, апокопа сөз соңындағы дыбыстардың қысқартылып ықшамдалуы дегенді білдіреді.

Метатеза. Сөз құрамындағы дыбыстардың орны ауысуы метатеза деп аталады. Метатезаға түркі тілдерінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Өзбекше *дераза*, татарша *терәза*, қазақша *терезе* түрінде айтылатын сөз башқұрт тілінде *тәзрә* түрінде айтылады.

Адамның тілі - дыбыстық тіл. Біз өз ойымызды осы дыбыстардың тіркесі, тізбегі арқылы білдіреміз. Алайда дыбыстардың өзара тіркесуінде әр тілдің өзіне ғана тән белгілі бір қалыптасқан заңдылықтар бар. Қазіргі қазақ тілінде түбір мен қосымшаның аралығында қатар келген буындар мен дыбыстардың өзара үйлесімі, яғни тілімізге тән, өзімізге таныс негізгі үндестік заңдар жоғарыдағыдай болып келеді.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Үндестік заңы дегеніміз не?
2. Тіл үндестігінің ерекшелігі неде? Ерін үндестігі дегеніміз не?
3. Қазақ тіліндегі сингармонизмге бағынбайтын орындарға мысалдар келтіріңдер?
4. Ассимиляция қандай құбылыс? Ассимиляция құбылысы неше топқа бөлінеді?
5. Қазақ тіліндегі кейбір фонетикалық құбылыстар жайлы мәлімет бер.
6. Үндестік заңының жіктелу кестесін жасаңдар.
7. Көркем шығармадан үзінді алып үндестік заңының түрлеріне мысалдар топтаңдар.

ГРАФИКА, ОРФОГРАФИЯ, ОРФОЭПИЯ

Қазақ тілінде графика, орфография және орфоэпия мәселелері аз зерттелген. Соның күрделісі графика.

Графиканың негізгі зерттейтін мәселесі тілдің алфавитіндегі әріптердің құрамы болып табылады. Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба әріптермен бөлінеді. Сөз құрамында айтылатын тіл дыбыстарының жазба тілде қағаз бетіне түсіп жазылуы және оған орай оқылу үшін олардың белгілі бір таңбалармен белгіленуі қажет. Сөйтіп, графика белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

Графикалық қағида бойынша әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, олардын әрқайсысының өзіне телінген таңбасы болуы қажет.

Графика белгілі бір фонеманың белгілі бір таңбасы болсын деген қағиданы қолдайды. Рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы алфавит деп аталады. Алфавиттің қазақ тілі тарихында өз алдына эволюциясы бар.

Жиырмасыншы жылдарға дейін қазақ алфавиті араб графикасына негізделген алфавит болады. Бірақ араб алфавитінде ұқсас әріптердің көп болуы және ондай әріптердің бірінен екіншісі қосалқы белгілер арқылы ғана ажыратылуы

сияқты таңбалар қиындыққа келтірді. Қазақ халқы 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдады.Латын алфавитінің сауат ашуында болсын, баспа ісінде болсын араб жазуы негізіндегі алфавитке қарағанда әлдеқайда прогрестік маңызы болды. Бұл алфавиттің құрамында 29 әріп бар еді. Біздің елімізде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар орыс графикасына негізделген алфавитке көшуді 39-шы жылдардың аяғы, 40-шы жылдардың басында жаңа алфавитке көше бастады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті 1940 жылы қабылдады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген алфавитті дұрыс түсінді.

Орыс алфавитіндегі 32 әріп түгелдей қабылданып, оған қоса орыс тілінде жоқ, дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды да, әріп саны 41-ге жетті. Орыс тілінде жоқ дыбыстың қазақша таңабалары: *қ, ғ, ә, ө, у, ү, і, һ.* Орыс алфавитіндегі әріптерге мысалы: *о, к, г, у, н* сияқты әріптерге ұқсас болу жағы ескерілді.

Орыс графикасына негізделген жаңа алфавит бұдан бұрын келген қиыншылықтардан біржола құтқарды. Сондай-ақ графика мен орфография (дұрыс және жазамын деген грек сөзінен алынған) өзара тығыз байланысты болады. Орфография дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді білдіреді. Орфография дұрыс жазудың нормасы мен қағидаларын белгілегенде тілдің әртүрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы принциптерге сүйенеді. Орфографияның негізінен мынадай принциптері бар:

1.Фонетикалық принцип. Фонетикалық принцип бойынша әрбір фонема қай позицияда келуіне қарамастан өзіне бекітілген тұрақты таңба бір ғана әріппен белгіленеді.

Фонетикалық принцип сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазылуын басшылыққа алады. Мысалы: жаздыгүні, қыстыгүні, ашудас дегенде сөздердің айтылуынша жазылуы фонетикалық принцип нәтижесі.

2.Дәстүрлік принцип. Дәстүрлік принцип этимологиялық принциппен төркіндес соған ұқсас принцип болып табылады. Орфографияның бұл принципі тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де сөздің ертеректегі

айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Мысалы: дәстүр сөзі дәстір, мазмұн сөзі мазмұн түрінде айтылғанымен бұлар орныгып байланысты жазылуын дәстүрлік принципке жатқызамыз.

3. Морфологиялық принцип. Морфологиялық принцип бойынша жазу сөздердің айтылуына емес сөздердің түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. Морфологиялық принцип сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандығы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы: басшы-башшы, ұшсын-ұшшын, сәнқой-сәңқой.

Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін қолайлы принциптерден саналады. Өйткені түркі тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталуы бірдей келеді. Орфографияда қаралатын әрбір сөздің белгілі бір айтылу нормасы бар, яғни орфоэпия жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормаларды зерттейді. Бірыңғай дұрыс айту жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия деп аталады.

Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразалардың да дұрыс айтылу қағидаларын қамтиды. Дыбыстардың бір-бірімен үндесіп айтылуы сөз ішіндегі дыбыстарға ғана емес, сонымен бірге сөздің аралығындағы сөздерге қатысты. Мысалы: сақ бол, әкеп бер, қара көз, бара алып едім, үлкен ғалым деген сөздердің тізбегі сөйлеу процесінде сақ пол, әкеппер, қарагөз т.б. түрінде айтылады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша сөздердің аралығында қатар келген екі дауысты дыбыстың алғашқысы сөйлеуде түсіріліп айтылады. Мысалы: торы ала ат, бара алмады, келе алмады деген тізбектер торалат, баралмады, келе алмады түрінде айтылады. Орфоэпияны қарастырғанда оның негізгі мәселесі екпінмен ұштасады. Екпін орфоэпиялық категория. Екпіні тұрақты тілдерде екпін сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуына әсер етеді. Мысалы: Сарыарқа деген сөздің Сарарқа болып айтылады, бұл сөздің бірінші сыңарының дербес екпіннен айырылып қалып, соңғы сыңармен екпін жағынан бір топ

болып айтылуына байланысты болады. Сондай-ақ, торы ала ат сөзі таралат болып ықшамдалуы, оның сарынының әрқайсысының дербес екпінге ие болу қажетінен айырылып, бір екпінге бағынып айтылуымен байланысты болады. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыруда мектеп, радио, телевизор, театр және киноның атқаратын ролі айрықша күшті. Сондықтан да орфоэпиялық қағидаларды үйренуде ірі және көрнекті дикторлардың сөздерін жиі тыңдау қажет.

Графика тілдегі дыбыстардың шын бейнесін дәл таныта бермейді. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген и,у,ю әріптерінің әрқайсысы екі-үш, тіпті онан да көп дыбысты немесе дыбыстардың қосындысын бейнелейді. Мәселен, бір ғана и әріпінің дыбыстық көрінісі мынандай болып келеді:

1.ый: мый, (жазылуы ми), қый (қи), ыйық (иық), таный (тани), қыйа (қия), қыйын (қиын), жый (жи), тыйын (тиын).

2.ій: кій (ки), тій (ти), ійне (ине), ійіс (иіс), бекій (беки), ерій (ери), бійлік (билік), ійір (иір), тійін (тиін)

3.ұй: мұхұйт (мұхит), бұлтұй (бұлти), бұртұй (бұрти), жорұй (жори), мұқұйат (мұқият), құрұй (құри), құпұйа (құпия)

4.үй: мүрүйт (мүрит), мүлгүй (мүлги), түксүй (түкси), үрпүй (үтпи), үсүй (үси), мөлүй (мөли), дүнүйе (дүние)

5.и: интитут, университет, инициатива, физика, кино.

Қысқасы, дыбыс пен оның таңбасы сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұлардың арасындағы осы сәйкессіздікті барынша азайтып, дыбыстық тілді мүмкіндігінше дәл беру үшін лингвистикада арнайы жазу - транскрипция (лат. көшіру) қолданылады. Әдетте транскрипцияның екі түрлі жиі пайдаланылады: фонематикалық және фонетикалық. Фонетикалық транскрипцияда бір фонеманың алуан түрлі аллафондары бір-ақ таңбамен беріледі де, фонетикалық транскрипцияда әр түрлі аллафондар да ескеріледі. Қысқасы, мұның алғашқысы дыбысты (сол арқылы сөзді) айтылуына жуықтатуды, екіншісінде дәл беруді мақсат етеді.Біздің жауымыз - негізінен фонематикалық (фонемаға негізделген) жазу.

Сонда ат, ет, от, өт сияқты сөздердің жазылуы фонематикалық транскрипцияға сәйкес келеді. Бұдан тілімізде

сөздердің бәрі де фонематикалық транскрипцияға сай жазылады екен деген ұғым тумау тиіс.

Қазіргі практикалық жазуымызда қолданылып жүрген ә,о,ө,ұ,ү,у,й,л,м,ң,ш,р,т әріптері ғана фонетикалық транскрипцияда өзгеріске ұшырамай, өз бейнесін үнемі сақтап тұрады деуге болады. Ал қалған әріптер сөз ішінде бірде дыбыс, бірде тек әріп қана болып тұрады. Мәселен, өлең, өнер, өзен, үлек, үлкен, түлек, жүрек деген сөздерге е дыбысты да, фонеманы да бейнелемейді, ол тек әріп. Сол сияқты құлын, мұрын, күлкі, түлкі дегендерде ы,і тек әріп. Бұлардың транскрипциясы - өлөң, өнөр, өзөн, үлөк, түлөк, мұрұн, құлұн, күлкү, түлкү. Транскрипциялау кезінде басшы, асшы, жанған, жанбады, көзсіз, завод, педагог, округ сияқты сөздер башшы, ашша, жаңған, жамбады, көссүз, завот, педагок, окрук болып өзгеріске ұшырайды.

Фонетикалық транскрипция дыбыстың (сөздің) айтылуын неғұрлым дәл біреуді мақсат етеді. Ат, ет, от, өт сөздеріндегі т фонемасы дауысты дыбыстардың ықпалымен әр түрлі реңкке ие болады. Бірінші т(ат дегенде) езулік, жуан; екінші - езулік, жіңішке; үшінші - еріндік, жуан; төртіншісі-еріндік, жіңішке. Оның үстіне о,е дыбыстарының алдынан әнтек у, ал е-нің алдынан әнтек й дыбысы айтылатыны да ескерілуге тиіс.Бұл ерекшеліктерді көрсету үшін фонетикалық транскрипцияда айрықша белгілер қолданылады. Мәселен, о-еріндік; /-жіңішке; v-ұяң; Λ-қатаң; -созылыңқы; ∠-ашық; ∠-қысаң т.б. Сонда жоғарыдағы сөздер былай өрнектеледі ат, ет, от, өт, т.б. Фонетикалық транскрипция фонетикалық заңдылықты терең білуді қажет етеді. Мұның өзі қазақ тіл білімінде толық қолдауын таба қойған жоқ.

Әрбір халықтың әрбір тілінде айтылудың жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормалары болады.

Солар жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия деп атаймыз. Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздермен фразаның да дұрыс айтылуы ережелерін қамтиды.

Сөз құрамында дыбыстар немесе сөздердің арасындағы дыбыстар бір-бірімен өзара үндесе үйлесе айтылады. Сөйлеуде

олардың үндестігін сақтап, нақышына келтіре айту үшін тілдің дыбыстық жүйесінің табиғатын, дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарын жете білу қажет. Сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы мен айтылуының бір-біріне әрқашан сайма-сай келе беруі, шарт емес.

Тіл-тілдің әрқайсысында жазылуы мен айтылуының арасында пәлендей айырмашылық болмайтын сөздердің де бар екені рас. Бірақ әрқашан бұлай бола бермейді. Мысалы, қанқұрт сөнбеді деген сөздерді жазылуына қарап дәл осылайша оқу орфоэпиялық жақтан болмас еді.

Бұларды айтқанда, ол сөздердің ішіндегі дыбыстардың бір-біріне әсер ету, соған қарай өзара үндесу ерекшеліктерін сақтау қажет. Бұл сөздер жоғарыдағыдай жазылғанмен қанғұрт сөнбеді түрінде айтылады.

Бұлай болатындығы мынадан: қанғұрт деген біріккен сөздің бірінші сыңарының басқа дыбысы жасалу жағынан тіл арты дауыссыз болуына қарай, өзінің(алдындағы дауыссыздың да тіл арты болуын қалайды.

Осыған орай, тіл алды м дыбысы айтылуда тіл арты қ дыбысына айналады.

Орыс тілінде қатаң дауыссыздарды белгілейтін әріптер ұяң дауыссыздардың алдында келгенде айтылуда келгенде ұяң дауыссызға айналады. Мысалы: сделка (айтылуы, зберкасса), сделать (айтылуы, зделать).

Дыбыстардың бір-бірімен үндесіп айтылуы сөз ішіндегі дыбыстарға ғана емес, сонымен бірге сөздердің аралығындағы дыбыстарға да қатысты. Мысалы: сақ бол, әкеп бер, қара көз, бара қалып, едім, ала кел, көк аспан, ақ ешкі, көз сала жүр, сөздердің тізбегі сөйлеу процесінде "сақпол, әкепбер, қарағоз" түрінде айтылады.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша, сөздердің аралығында қатар келгенде екі дауысты дыбыстық алдыңғысы сөйлеуде (түрліше) түсіріліп айтылады. Мысалы: ала от, бара алмады, келе алмады, бала ісі, түрінде айтылады. Орфоэпия мәселелерінің ішіндегі ең негіздерінің бірі – екпін туралы мәселе.

Біз орфография дегеннен дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді түсінеміз. Тілдің дыбыстық жағы оның сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы мен астарласып, өзара байланыста болады. Осыған орай фонетикалық жазу тілдің дыбысталу жағын ғана емес, сонымен бірге лексикасы мен грамматикалық ерекшеліктерін де қамтиды. Орфография дұрыс жазудың нормасы мен қағидаларын белгілегенде, тілдің әртүрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы принциптерге сүйенеді, соларды негізі етіп алады.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Графика дегеніміз не?
2. Орфография заңдылығы дегенде не түсінесіңдер? Орфографиялық принциптер жайлы мәлімет бер.
3. Орфоэпия туралы айтып беріңдер? Орфоэпия мәселелрінің маңыздысы екпін екенін дәлелдеңдер.

🔔 ФОНЕТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

1. Семантикалық карталар үглілері:

№1 Студенттің аты-жөні

Дыбыстар	Жуан	Жіңішке	Ашық	Қысаң	Езулік	Еріндік
А	+			+		+
		+	+		+	

№2 Студенттің аты-жөні

Дыбыстар	Қатаң	Ұяң	Үнді
В		+	
Қ	+		
Н			+
Н		+	
Й			+

Ф			
Д		+	
Л			+

№3 Студенттің аты-жөні

Қосымшалар	Буын үндестігіне бағынбайтын қосымша	Мысалдар
-мен	+	
-шы		
-паз		
-лер		
-қор	+	
-тық		
-нікі		
-дай		
-қой		
-дың		
-кер		
-тал		
-та		
-хана	+	

2. **«Кубизм»** әдісін дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталайды пайдалану мүмкін. Оқушыларды 6 топқа бөліп, кубикті алдына тастау арқылы қалай тапсырма орындайтынын үйрету қажет.

   1. **Салыстырыңыз**. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды салыстыр.

   2. **Талқылаңыз.** Дауысты, дауыссыз дыбыстар дегеніміз не? Түрлерін ата.

   3. **Ажыратыңыз.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырат.

   4. **Мысал келтір.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып айта отырып, мысал келтіру.

5. **Қолданыңыз.** Өлеңге қос, не өлең, не әңгіме, не мысалдар жаз.

6. **Зерттеңіз.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды зертте.

3. ВЕЕН диаграммасын толтырыңдар:



4. Фонетикалық талдау үлгісі бойынша талдау жасаңдар:

*Ас – **<u>адамның</u>** арқауы.*

→ **сөзде 7 әріп, 7 дыбыс бар;**

→ **7 дыбыстың 3-еуі дауысты, 4-еуі дауыссыз фонемалар;**

→ **3 дауысты:** а^2 – вок., жуан, ашық, езулік;
ы - вок., жуан, қысаң, езулік;

4 дауыссыз: д – конс., ұяң, эксплозив, денталь;
м – конс., үнді, эксплозив, билабиаль;
н – конс., үнді, эксплозив, альвеоляр;
ң – конс., үнді, фрикатив, веляр.

→**буынға бөлу тәсілі: а-дам-ның**
1б. – ашық буын, формуласы А;
2б. – бітеу буын, формуласы ВАВ;
3б. – бітеу буын, формуласы ВАВ;

→**тасымал:** адам-ның

→**екпін:** *адам* – көмекші екпін, -*ның* – негізгі екпін;

→**лингвалды сингармонизмге негізделген**: *адам* – түбірі жуан болып, -*ның* – қосымша да жуан жалғанған;

→**прогрессивті ассимиляцияға негізделген**: *ада<u>м</u>* – түбірдің соңғы дыбысы үнді болып, -*<u>н</u>ың* – қосымша да үндіден жалғанған.

II БӨЛІМ
ЛЕКСИКОЛОГИЯ
ЛЕКСИКОЛОГИЯНЫҢ НЫСАНЫ МЕН САЛАЛАРЫ

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығын тіл ғылымда лексика немесе сөздік құрам деп атайды.

Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу төркінін, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылым – *лексикология* деп аталады. *Лексикология* термині грек тілінің lexikos - сөз, сөздік, logos – ілім деген сөздерінен алынған. Бір сөзбен айтқанда, лексикология тілдегі сөздердің құрамын қарастырады. Сөздік құрам дегенде лексикалық единицалар, яғни сөз (лексема) және фразалар түсініледі. Сонда лексика және сөздік құрам деген терминдер — бір-бірімен синоним.

Тілдің қаншалықты дамып жетілгендігі сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, мәнімен (көп мағыналығымен) де өлшенеді. Сөздік құрам неғұрлым бай болса, тіл де соншалықты дамыған болады.

Сөздік құрам, лексиканың дамуы әрбір халықтың тұрмыс жағдайы, өсу және дамуымен байланысты болады. Ана тіліміздің сөз байлығы да қазақ халқының барлық өркениет жолын өзіне қамтыған. Лексиканың, сөздік құрамның дамуы, тұрмыс, мәдениет, пән, техника, тарихпен тығыз байланыста болады. Қоғам өркениетіндегі барлық өзгерістер тіл өркениетіне де өнімді әсер етеді.

Әрбір ұлт тілінің сөздік құрамы, лексикасы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға қарап дамиды. Тілге байланысты болмаған, қоғам өркениет, пән, техника, мәдениетпен байланысты даму экстралингвистикалық факторлар болып есептеледі. Тілдің өзінде болатын өзгерістер, яғни түрлі тәсілдердегі сөз жасалуы (сөздердің мағынасының кеңеюінен жаңа мағынаға ие болуы) сөздіктерді сөздіктер құрамды байытушы лингвистикалық факторлар болып саналады.

Лексикологияның негізгі объектісі — *сөз*. Сөз тілдің лексикалық единицасы деп аталады. Тілдің лексикалық единицасы — сөздің қыр-сыры өте көп.

Сөз атаулы тіл-тілдің бәрінде бар. Рас, бір тілдің лексикасы аса дамыған, бай болуы, екінші бір тілдің, лексикасы кедейлеу болуы мүмкін. Бір тілде бар ұғым, сөз екінші бір тілдерде болмауы мүмкін. Мәселен, қазақ тілі — бірыңғай, дамыған әдеби тіл. Соның өзінде қазақ тілінде сөйлеушілердің бәрі бірі білетін сөзді екіншісі біле бермеуі ықтимал. Күріш, балық шаруашылығымен айналысатындар, бақша өсіретіндер т. б. лексикасымен ондай шаруашылықтармен айналыспайтын жердегілердің сөздік қоры арасында, сөз жоқ айырма болады.

Пәлен тілде пәлен сөз бар деп ешкім де, ешбір ғылым да нақты айта алмайды. Тілдегі сөз санын шамалап қана айтып жүр. Мәселен, аса жақсы дамыған орыс тілінде миллионға жуық сөз бар деседі. Ағылшын және неміс тілдері де соған каралас (В. Н. Перструхин). Бірақ ешбір тілдің сөздігі сол тілдің барлық лексикасын қамтып, түсінік беріп көрген емес. Олай ету әзірше мүмкін емес. Сөздіктер ең негізгі, көбірек қолданылады дейтін сөздерді ғана молырақ қамтуға тырысады. Сондай сөздіктің бірі — В.И.Дальдың төрт томдық «Толковый словарь живого великорусского языка» (1863—1866 ж.) атты еңбегі. Мұнда екі жүз мыңдай сөз бар. Ал, он жеті томдық «Словарь современного русского литературного языка» (1948—1965) атты еңбекте 120480 сөз қамтылыпты. Қазіргі күндегі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (он томдық) 70 мыңдай реестр сөз, 20—25 мыңдай күрделі сөздер мен фразеологизмдер қамтылған.

Бір тілдің лексикасы деген термин мен бір адамның, қайраткердің сөз қоры дегендер — бір нәрсе емес. Бір тілдің лексикасы аса мол, екінші бір тілдің лексикасы кедейлеу болатыны сияқты, бір адам ана тілі сөздерін аса көп білуі, енді бір адам аздау білуі мүмкін. Сондай-ақ, жеке адам лексикасында актив түрде қолданылатын сөз қоры бар да, сол адамның білетін жалпы сөз атаулысы бар. Бұл екеуі — екі бөлек нәрсе. Психологтардың айтуынша, жас балалар — 3600-дей сөз, 14 жасар балалар — тоғыз мыңдай, ересек адамдар 12-

13,5 мыңдай сөз қолдана алатын көрінеді. Әрине, мұның бәрі — түбір сөздер ғана емес, дербес сөздер. Бір сөз адам сөйлеуінің ішінде сан рет қайталанып келе береді.

Аса көрнекті ақын-жазушылардың тіл байлығы 20 мың сөзден сәл ғана артады деседі. Мәселен, «Словарь языка Пушкина» — Пушкин тілі сөздігінде 21290 сөз бар екен. Бұдан Пушкиннің сөз қоры — осы-ақ деген ұғым тумайды. Пушкин өз өмірінде одан да көп сөз біліп, қолданғаны хақ. Ал, мына келтірілген цифр — Пушкин шығармаларында кездесетіндері ғана.

Қазақ тілінде тарихта тұңғыш рет «Абай тілі сөздігі» 1968 жылы жарық көрді. Оның кіріспе мақаласында былай делінген: Абай өз шығармаларында небары 6 мыңдай ғана жеке дара сөз қолданғандығы айқындалды. Бұдан, әрине, Абайдың барлық білген сөзінің саны немесе сол кездегі қазақ тілінің күллі сөзі осындай ғана екен деген қорытынды шықпайды. Өйткені қандай ұлы жазушы болса да, өзінің білген сөздерін орынсыз тықпалап, ретсіз-жөнсіз енгізе бермекші емес, тек өзінің жазып отырған тақырыбына қатысы бар сөздерді ғана орнымен жұмсамақшы... Абай да білген сөздерін тегіс келтіре бермей, өзінің шығармаларына керектілерін ғана жұмсаған. Ал, расында, Абай қазақ сөзін шығармаларындағыдан әлденеше есе көп біліп оларды ретсіз қолданбаған... Мәселен, ал етістігі және оның әралуан түрлері — 614 рет, көр етістігі — 328 рет, де етістігі -1037 рет, да шылауы 769 рет қолданылған. (АТС).

Лингвистикада лексика деген терминнің ұғымы аса кең. Лексика деп белгілі бір мақсатқа байланысты қолданылатын сөздердің жиынтығын да айта береді. Мәселен, ауызекі сөйлеу тілі лексикасы, ауызекі күнделікті тұрмыс лексикасы, кітаби-жазба лексика, ғылыми лексика, өндірістік-техникалық лексика, жалпылама қолданылатын лексика, ресми-іс қағаздары лексикасы, диалектілік лексика, профессионалдық лексика, әскери лексика, терминологиялық лексика, арготивті лексика, экзотикалық лексика, көнерген лексика, актив лексика, пассив лексика т. б.

Лексикологияның негізгі объектісі — сөз, ал сөздің қыр-сыры өте көп дедік. Соған орай, сөз проблемаларын зерттеу мақсат-тәсілдеріне қарай, лексикология үш түрлі болып келеді: сипаттама лексикология; тарихи лексикология; салыстырмалы-салғастырмалы лексикология. Бұлар синхрондық және диахрондық тұрғыдан қарала береді.

Лексикология тілдегі сөздерді жан-жақты, әр түрлі тұрғыдан зерттейді. Соған орай, лексикологияның, бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше саласы мен тармақтары бар. Олардың негізгілері мыналар: семасиология, этимология, фразеология, ономасиология, ономастика, топонимика, антропонимика т. т.

Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясын өзіндік зерттеу объектісіне, зерттеудің әдіс-тәсілдеріне қарай және теориялық ұғымдардың жүйелеуіне қарай негізінен екі үлкен салаға: жалпы лексикология және жеке лексикология болып бөлінеді.

Жалпы лексикология тілдегі сөздердің негізгі мағыналарын, жалпы лексикологияның ұғымдарын, заңдылықтарын және олардың теорияларының байып-дамуларын зерттейді. Тілде жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл аталуының лексикалық жағынан тән құбылыстармен жалпылама заңды ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылады.

Ал, *жеке лексикология* жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де нақты бір тілдің лексикасын зерттейді. Лексикологиялық құбылыстар мен заңдылықтардың жеке нақтылы тілдердің лексикасына икемділік көріністе болып, әрбір тілдің сөздік құрамы мен оның дамуы жалпы лексикологияда қарастырылады. Мәселен, қазақ лексикологиясы — қазақ тілінің сөз байлығы туралы ілімі; түркі тілдері лексикологиясы — түркі халықтары тілдерінің лексикасы жөнінде ілім.

Біз жоғарыда қазақ тілі лексикологиясының өзінің даму тарихы болады дедік, біз оны екі салаға бөліп қараймыз:

1.Тарихи лексикология.

2.Сипаттама лексикология.

Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы, шығуы замандар бойында қалыптасуы, дамуы, лексикасын құрастырушы арналар тарихи тұлғалармен зерттеледі.

Тарихи лексикологияның күрделі саласы – *этимология.*

1.Халықтық этимология.

2.Ғылыми этимология.

Этимология сөздердің шығу төркінін зерттеп, олардың ең алғаш қандай болғанын айтады. Этимологиялық зерттеулер жеке сөздің шығуын зерттеп қоймай жалпы тілдің тарихын танып білуге де маңызы өте күшті. Біз сөздердің номинативті қызметі мен қатар грамматикалық қызметі болатынын білеміз. Тіл ғасырлар бойы түрлі тарихи оқиғаларды бастан өткізуінен тіл дамиды немесе сөздер қолданудан шығып қалады. Яғни сөздерде бір жағынан грамматикалану процесі жүріп жатса, екінші жағынан лесикалану процесі жүріп жатады. Бұл жағдай сөз жасалған процесінде айқын пайда болады. Қазіргі қазақ тілінде күніге деген немесе жазға жақын, басында, аяғында, арқасында, күнде, бірден, түнімен, бетімен т.б. сөздер бар. Бұлар шығу төркіні жағынан есім сөздер.

Этимология — гректің etymon — шындық деген сөзінен алынған термин. Этимология — морфемалардың, жеке сөздердің шығу тегін, бастапқы мағынасын, ол мағынаның өзгеру, даму жайын зерттейтін ілім. Этимологияның тіл тарихын жете білу үшін маңызы зор. Өйткені тіл тарихы сол тілді қолданушы халық тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Тіл тарихынан сол халықтық өткен жолын аңғаруға болады.

Мәселен, арық адамды қазақ: қылдырықтай болып қатып қалыпты,—- дейді. Қылдырық — о баста бидайдың қабығы деген мағыналы сөз екен. Мұндайды сөздің этимоны деп атайды. Сөз мағынасын бұлайша, бастапқы мағынасын аша түсіндіру ғылыми этимология деп аталынады.

Сөз мағынасын кейбір адамдар өзінше тұспалдап, өзінше топшылау жасап түсіндірушілік те болады. Әсіресе басқа тілден енген сөздерді бұрмалап айтып, оған өзінше мән-мағына берушілік те кездеседі. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің бір кейіпкері «осоавиахамді» — асаубай әкім дейді; жас

балалар орыс тілінде молотокты — колоток, кейбіреулер бульвар дегенді — гульвар, поликлиниканы — полуклиника деп атайды. Мұндай құбылыстарды халық этимологиясы деп атайды.

Халық этимологиясы кейде кездейсоқ ұқсастықтар мен байланыстарға, жақындықтарға да негізделеді. Соның нәтижесінде сөз жаңа мағыналы басқа бір сөзге де ұқсап кетуі мүмкін. Семантикалық және формальдық өзгеріске түсуі де ықтимал. Әсіресе сөздің дыбысталуы бұрмалануы мүмкін. Басқа тілден келген сөздің оны қолданушы екінші бір адамның ана тілінің дыбыстық заңдарына бағындырылуы мүмкін.

Сипаттама лексикология қазақ тілі лексикасындағы бүгінгі күнгі жалпы мағынасының құрамы лексикасын құрастырушы арналар мен қат-қабаттар, сөздерің активті және пассивті топтары, сөздік құрамның даму жолдары, лексиканың стилистикалық жақтан қарастырылуы, сөз мағыналарының топтастырылуы сияқты мәселелерді қарастырады.

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясының мынадай зерттеу салалары бар: салыстырмалы және салғастырмалы лексикология.

Түркі тілдеріндегі сөздерді бірімен салыстыруды *салыстырмалы лексикология* деп аталды, яғни өзара туыс тілдердің лексикалық ерекшеліктеріне негізделеді.

М: қазақ тілі – он, шөп, үй
саха тілі – уон, от, дылғ
чубаш тілі – он, қурак, кил
туба тілі – он, от, бажын.

Салғастырмалы лексикология өзара туыс емес тілдердің лексикалық ерекшеліктерін салыстырады.

М: колбаса – калбаса
стакан – ыстақан
сумка - сөмке
ботинка - бәтіңке

Семасиология — гректің seta белгі, белгілеу және латынның logos деген сөздерінен алынған термин. Бұл — лингвистикада тілдегі сөздерге тән мағыналарды зерттейтін ілім. Семасиология сөз мағынасын, сөз мағынасының өзгеру

жолдарын, семантикалық заңдарды зерттейді. Лингвистикада семантика деген термин мағына деген ұғымды білдіреді. Сонда семантика мен мағына дегендер — бір-бірімен синоним.

Мәселен, Қаратаудың басынан көш келеді, — дегендегі — бас, Байжан бізге бас-көз болып жүр, Бұлақ басы, — дегендерде бас сөздері түрлі-түрлі мағынада. Ол мағыналар контекст арқылы ажыратылады.

Артымыздан қол жетті; Аз жетпеді, мол жетті, — дегенде, қол сөзі ауыспалы мағынада, әскер деген мағынада қолданылып тұр; Көпей женгемнің қолын сағынып жүрмін, — десек, қол — дәмін, асын, тағамын деген мағынада, қолы қатты адам — десек, қол-ды сараң мағынасында да, қолының күші бар, күшті мағынасында да ұғуға болады; Дина жеңгейдің дастарқаны мол десек, дастарқанның көлемін айтпайды; дастарқаны бай, тағамдарға толы болады, жомарт, мырза, «төгіп тастайды» деген мағыналарда тұр. Сондай-ақ, бір тостағанды, бір аяқты тартып жіберді,— десек, тостағанның не аяқтық я кесенің өзін емес, ішіндегі тағамын (қымызын немесе айранын) ішіп жіберді деген ұғым білдіреді.

Бұл мысалдардан тіл-тілдің, сөз мағыналарының мол екендігі айқын танылады. Осындай, сөз мағыналарының қыр-сырын зерттейтін сала—семасиология.

Фразеология — гректік phrasasi — сөйлемше, қалыптасқан сөз дегеннен алынған термин. Фразеология — тілдегі тұрақты тіркестерді, единицаларды зерттейтін ілім. Тілдегі тұрақты сөз тіркестері бүтін бір тұтастық лексикалық бір ғана единица ретінде қолданылады. Ондай тіркестер екі немесе бірнеше сөзден де, бүтіндей бірер сөйлемдерден де құралуы мүмкін.

Қазақ тілінен мысалдар: аттың жалы, түйенің қомында; екі көзі төрт болды; көзіңнен айналайын; өзіңнең айналайын; мен сені жақсы көрем; сенің арқаңда күн көріп жүрмін; үріп ауызға салғандай т. б.

Ономасиология — зат немесе құбылыс ұғымының нақты бір сөзбен аталу себебін зерттейтін, яғни заттардың атауы мен белгіленуі туралы ілім. Онома — грекше ат, есім, атау деген сөз. Ономасиология диалектологиямен, әсіресе лингвистикалық географиямен қатысты болып келеді.

Диалектология — диалектілер, говорлар, жергілікті тіл ерекшеліктері туралы ілім; ал лингвистикалық география сол ерекшеліктердің қай территорияларда қолданылатынын айқындайды.

Ономасиологияның үлкен бір саласы — *ономастика.* Мұны ономатология деп те атайды. Бұл екі термин — бір-бірімен синоним. Ономастика, тұтасынан алғанда, ат, есім, атаулардың шығу, қалыптасу жайын тексереді.

Ономастиканың өзі бірнеше тармаққа бөлінеді: *топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика,* топонимиканың өз ішінде бірнеше тармақшасы бар: *гидронимика* — өзен, су, көл аттарын, *оронимия* -— тау, төбе шың, құз аттарын, *ойконимия* елді мекен аттарын зерттейді.

Топонимика, тұтасынан алғанда, жер, су, қала, ауыл, елді мекен аттарын зерттейді. Мәселен, қазіргі Семей — семь палат — сөзінен, Кереку (қазіргі Павлодар) —Коряков, Гурьев — Гурий деген кісі аттарынан алынған; Қарағанды облысында Нұра өзені бар. Нуур — моңғолша көл деген сөз. Сонда түпкі мағынасын қуаласақ, Нұра өзені — көл өзен немесе өзен-өзен деген сөздерден шығып, қалыптасқан болады; Алматы облысындағы Түрген өзенінің аты жылдам, шапшақ, тез ағатын деген мағынадан алынған. Кейбір топонимдер қазақ тіліне басқа тілдерден енген. Иран тілдерінен: Айдарлы, Бадам, Бетпақдала; араб тілінен: Ғазалкент, Қазалы; моңғол тілдерінен: Байынкол, Баянауыл, Зайсан, Кеген, Мақаншы, Нарынкол; угор тілдерінен: Мұғажар, Өлкейек, Сургут т. б.

Антропонимика — кісінің фамилиясын, әкесінің атын (отчество), кісінің шын аты мен лақап атын (прозвище), бүркеншік аттарды (псевдоним) қарастыратын сала.

Қазақ есімдерінің бірсыпырасы араб, иран тілдерінен енген; ол тілдердегі бастапқы мағынасы ұмытылып, қазақтың байырғы, төл атауына айналған. Орыс есімдерінің бірсыпырасы сол қалпында алынған: Света — Светлана, Роза — Розалина, Розалия, Валя - Бәлия, Дина, Жагор, Марат, Марлен, Замира, Дамира т. б.

Қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен енген кейбір есімдердің бастапқы мағынасы мынындай: Хасен — өте сұлу, тым көркем; Раиыс — бастық, басшы; Абдолла, Ғабдолла, Ғабділда, Әбділда, Әбілда т. т. — құдайдың, алланың құлы; Әубәкір — қыздар әкесі; Азамат — үлкен, зор; Ахмеди — мұсылман; Әдия — сый, сыйлық тарту; Асқат — бақытты, ырысты; Әлима — оқымысты; Мұқтар — таңдалған, іріктеліп сайланған; Сәбит — тұрақты, мықты;Ғабит —бас июші, тағзым етуші; Жамал — сұлу, көркем, әдемі; Марфуға—ұлы дәрежелі, мәртебелі; Мағрипа—білім, таным, мәдениет; Нәзипа — таза, пәк, мұнтаздай; Мәулен — мырза, жомарт; Мүсілім — мұсылман; Қалима —сөз; нақыл; Халида — мәңгі өмір сүретін; ажалсыз; Қамар — ай; Жақия — өмірлі, ғұмырлы т. б. (Т. Жан.)

Астронимика (гректің astroп — жұлдыз деген сөзі)— жұлдыздар, әлем аспаны, планета аттарын тексеретін сала. Планета аттары, негізінен, грек, латын мифологиясына байланысты шыққан. Мәселен, Венера (қазақша Шолпан, латынша Venus, Veneris сөзі) — ежелгі Рим мифологиясында махаббат пен сұлулық құдайы; Марс (латынша) —соғыс құдайы; Юпитер (қазақша Есек қырған деп те атайды, латынша jupiten) — көк тәңірісі; Нептун (латынша) —су тәңірісі, су құдайы; Плутон (грекше pluton— plutos — байлық) —«жер асты патшалығы», жер байлығы құдайы; Жер (орысша Земля, латынша gaia, ge — жер) — жер тәңірісі; Сатурн (латынша)—құнарлылық тәңірісі; Уран (грекше аспан)—аспан тәңірісі (көк тәңірісі); Меркурий (латынша)—шешендік, саудагершілік, жол құдайы; құдайлардың хабаршысы.

Зоонимика (гректің zoon, жануар)—жануарлар атауларын тексеретін сала. Зоологиялық атауларға байланысты бірер жәйтке көңіл бөле кетуге болады; орыс тіліндегі бірсыпыра жануарлар атауы түркі тілдерінен алыныпты. Мәселен, орысша ақжилан, ақзилан (змея) — түркі, соның ішінде қазақ сөзі. Ал орыс тіліндегі — змея, змей, латынша serpens,sepo немісше Schlange, ағылшынша snake,д егендердің бәрінің этимоны (бастапқы мағынасы) — бауырымен жорғалаушы (земляная, ползающая по земле). Сол сияқты, архар (қазақша

арқар), барс, барсук, (қазақша борсық), бирюк (қазақша бөрі), джейран (қазакша жирен; орысша әрі антилопа), каракурт (қазақша қарақұрт), киік, қарсақ, құлан, марал, сайғақ, сараншы, таракан, теке (козел), тышқан (тушканчик), шакал т. б. — орыс тіліне түркі тілдерінен енген атаулар.

Тілдің әр түрлі жақтары болады дедік. Олар - тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жақтары. Бұл үшеуі өзара байланыста, қарым-қатынаста болады. Осыған орай, лингвистиканың әр тарауы, олардың әрбір саласы бір-бірімен тығыз байланысты.

Мәселен, тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады. Дыбыс тіркестері — сөздің сыртқы жамылғышы (оболочка), ал сөздің мағынасы — сөздің мазмұны (содержание, значение). Сөз дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Фонетиканың лексикологиямен байланысы, міне, осында.

Лексикология грамматикамен де тығыз байланысты болады. Бұл жағдай әсіресе сөз тудыру тәсілінен айқын көрінеді. Мәселен, кейбір грамматикалық форма сөзге жаңа лексикалық мағына туғызуға себепші болады.

Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының арасында да тығыз байланыс болады; сөз грамматиканың қарамағына түскенде, өзінің мағыналарын үстемелеп, кеңейтіп алады; мағынасын нақтылай, дәлдей түседі.

Мәселен, сай, ауыл, терең, жаны, гүріл, өзен, тасы, — десек, бұл сөздер таза құрылыс материалы ретінде (қаланбаған кірпіш сияқты) тұр: сай-сәйкес, лайық деген сын есім мағынасында ма, әлде зат есім бе? Қай ауыл? Бірнеше киіз үй ме, село ма? Тасы не? Зат есім бе, етістік пе? Бұл жақтары белгісіз. Бұл қалпында бұлар — таза лексикалық материалдар, нақтылығы белгісіз абстрактылы сөздер. Ал осыларды грамматика заңдары бойынша тіркестірсек, әрі лексикалық мағынасы нақтыланады, әрі сол мағынасының үстіне бірнеше жаңа грамматикалық мағына қосылады.

Ауылдың жаны — терең сай,
Тасыған өзен гурілдеп. (Абай)

Енді сөз мағыналары айқындала түсті: ауыл — кәдімгі, бұрынғы қазақ жеріндегі ауыл; тізілген бірнеше киіз үй; сай — сын есім емес, зат есім; тасы — етістік. Бұл—бір. Екіншіден, ауыл — зат есім, жалпы есім, жекеше, ілік септікте тұр; жаны деген тәуелдік формасының үшінші жағымен меңгеріле байланысып тұр, сол арқылы бұл сөйлемде күрделі бастауыш (ауылдың жаны — терең сай; бұл жерде ненің жаны? — ауылдың емес; несі? жаны — емес; ауылдың жаны не? — сай; қандай сай? — терең сай; сай — дара баяндауыш, терең — анықтауыш; ал ауылдың бұл жерде анықтауыш емес, жан — көмекші есім; ауылдың жаны тіркесінде жан дербес бастауыш бола алмайды; ауыл жаны — терең сай, — десе, күрделі бастауыш екендігі тіптен, «тайға таңба басқандай» айқындала түседі). Сонда ауыл, сай, тасы сөздерінің осы келтірілген мағыналары — сол сөздерді басқалармен тіркестіргенде, өздерінің дербес мағынасына қосып алған бірнеше үстеме жаңа — грамматикалық мағыналары (сөйлемдегі бұлардан басқа сөздерді грамматикалық тұрғыдан талдасақ та осылайша). Бұл мысал — лексикологияның грамматикамен байланысының тағы да бір көрінісі. Сөйтіп, лексикология сөзді мағынасы жағынан, қолданылу аясы жағынан, экспрессивті-стилі жағынан, қызметі мен сипаты жағынан жан-жақты зерттейді.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Лексика дегенде не түсінесіңдер?
2. Лексикология нені қарастырады?
3. Жалпы және жеке лексикологияға түсінік беріңдер.
4. Сипаттама және тарихи лексикологияның маңызы неде?
5. Салыстырмалы және салғастырмалы лексикологияның ерекшелігін түсіндіріңдер?
6. Лексикологияның негізгі салалары туралы не білесің?

СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ. СӨЗДЕРДІҢ АУЫСПАЛЫ-КЕЛТІРІНДІ ТОПТАРЫ

Құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Сөз өте күрделі құбылыс. Тілдегі сөздер бір-бірінен дыбыстық ерекшілігі мен құрылым-құрылысы жағынан ғана емес, білдіретін мағынасы жағынан да қилы-қилы. Демек, сөз - дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік дербес единица. А.О.Резниковтың схемасы:

1. Предмет - зат, оның белгісі, әрекеті. Предмет сөзге әсер етсе, сөз оны дыбысталу арқылы атайды.
2. Сөз орталықта тұрып, мағына мен дыбысталуды жүзеге асырады.
3. Дыбысталу - сөздің сыртқы материясы, бірақ бір жағы емес.
4. Мағына - сөздің ішкі мазмұны - образ. Бұл да өз алдына дара емес.
5. Сөз үлкен шеңберді түгел қамтиды.

Сөз болған жерде ұғым бар. Ұғым мағынамен байланысып, оймен, ойлаушымен ұштасып жатады. Ұғым түйсіктен (елестету, көз алдына келтіру) басталады. Ұғымды сөз жинақтап, аяқтайды.

Мағына - ұғымның қалыптасқан, айқындалған түрі. Мағынаның ұғымынан ажыратып тұратын мынадай ерекшеліктері бар:

1) ұғым категориясы дүние жүзіндегі тілдердің бәріне де ортақ. Ал сөздің мағынасы бәріне де бірдей емес.

2) ұғымның мәні - сөз мағынасынан гөрі кеңірек, әрі жалпылау.

3) сөз біткеннің бәрінде де белгілі мағына болды. Бірақ кез келген сөзде ұғым бола бермейді.

Сөз болған жерде мағына болуы-табиғи нәрсе. Сөз мағынаның тірегі. Сөзсіз мағына жоқ. Бірақ мағынасыз сөздер де болады. Мағынасыз сөздердің мәні сөйлемдегі

байланысында ғана. Мағынасыз сөздерге шылаулар, одағайлар жатады.

Сөз мағынасының қыр-сыры өте көп. Белгілі бір сөз алдымен өзінің тура — номинативті мағынасында колданылады; дәл сол сөз екінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде ауыспалы, өзінің тура мағынасынан басқа мағынада да қолданылуы мүмкін; дәл сол бір сөз түрлі тіркестер құрамында бір емес, бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін, яғни көп мағыналы болып келуі мүмкін. Сөздің қандай мағынада қолданылып тұрғанын дәл айқындайтын нәрсе — контекст (сөз тіркестері, сөйлем ішіндегі білдіріп тұрған мағынасы).

Мәселен, Айғаныс басын көтеріп, аузын жыбырлатты да, Ілиясқа қайта үңілді; суы тайыз, өткел аузында баяу сөйлеген дауыстар шығады. (Ғ. Муст.); Көмір суырдың қазған інінің аузына шығып қалыпты. (Ғ. Мүс.); Ол марляға жабысып қатып қалған жараның аузын қолымен жұлып алды (Ә. Әб.)

Мұнда бірінші сөйлемдегі ауыз сөзі ғана өзінің тура мағынасында тұр; ал екінші, үшінші, төртінші сөйлемдерде бұл сөз ауыспалы мағынада (еткелден өтетін жер, іннің сыртына, жараның бетін, ұшын) тұр; бұл сөйлемдердегі ауыз сөзінің әр түрлі тіркестегі мағынасы бұл сөздің әрі көп мағыналы екенін көрсетеді.

Сөздің мағыналылығы оның пайда болуымен бірге өмір тәжірибесімен тығыз байланысты жағдайда ғана білінеді. Сөзде грамматикалық, лексикалық, сөздік (негізгі), тұрақты, ауыспалы, контекстік, конкретті, абстракт мағыналар болады.

Сөздің негізгі (сөздік) мағынасы - өзінің өмір сүруі негізінде сөз арқылы айтушы мен тыңдаушыға ортақ түсінікті нақты ұғымды білдіретін шындық өмірдің көрінесі.

Сөздің тұрақты мағынасы. Қандай болмасын бір сөйлемнің, бір тіркестің құрамындағы сөз контексте бір-ақ мағынада қолданылады. Сөздің негізгі мағынасынан өрбіген жаңа мағына бірте-бірте тұрақты мағынаға айналады. Тұрақты мағына сөзді контекстен бөліп алып, ешбір тіркессіз, еркін болғанның өзінде өзіне арнаулы негізгі мағынасымен қатар тұрақты мағынасы айқындалып тұрады.

Академик В.В.Виноградовтың сөздің лексикалық мағыналарын төмендегідей бөлуі тіл ғылымында негізге алынып жүр:

1.Сөздің тура және номинативті мағынасы. Сөздің заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты лексикалық мағынасы тура немесе номинативті мағынасы деп аталады. М: оқу деген етістік кітап деген сөзбен де (кітап оқу), газет деген сөзбен де(газет оқу), жақсы деген сөзбен де (жақсы оқу) тіркесіп қарым-қатынасқа түсіп қолданыла береді.

2***.Фразеологиялық байлаулы мағына.*** Сөздің тұрақты сөз тіркесінде көрінетін лексикалық мағынасы фразеологиялық байлаулы мағына деп аталады. М: судай жаңа - бұл фразеологиямен байлаулы мағына, мидай дала, тастай қараңғы.

3.***Синтаксистік шартты мағына.*** Сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байланысты туылған лексикалық мағынасы синтаксистік шартты мағына деп аталады. М: Ол бір түлкі, шалқар көл, қыпша бел дегенде белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады.

Сөйтіп сөз мағыналарының негізгі ерекшеліктерін ескергенде *полисемия* құбылысы еске түседі.

Полисемия ежелгі гректің (polu - көп және cema – белгі деген сөздерінен алынған термин. Полисемия құбылысы әр түрлі мағыналарда қолданылып, негізгі мағынасын да, туынды мағынасын да жоймайды. М:

Көз - I - адамның көру мүшесі,
II - күннің сәулесі,
III - сусынның қайнар бұлағы.

Тіл-тілдің сөздік құрамында бір емес бірнеше лексикалық мағынасы бар сөздер жиі кездеседі. Сөздің лексикалық мағыналарының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады.

Түсінікті болу үшін мына мысалға назар аударамыз:

1. Ананың сүті – бал,
Баланың тілі – бал.

(Мақал)

2. Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім. (С.Торайғыров)

Алғашқы мысалда ана деген сөз «шеше» деген мағынаны білдірсе, екінші мысалда басқа бір мағына «туған » дегенді білдіреді.

Сонымен сөз негізгі мағынасынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әр түрлі мағыналарда қолданылуға икем келеді. Әр түрлі мағынасы бар сөзді полисемантизм(көп мағыналы)ді сөз деп аталады. Ал, жалпы көп мағыналық құбылысы полисемия құбылысы деп аталады.

Полисемия күллі тілдердің бәрінде де бар. Дүние жүзіндегі әр түрлі тілдердің сөздіктерін алып қарасақ, барлығында да полисемантизмді сөздерді жиі кездестіреміз.

Сөздің көп мағыналарын полисемия (гректің көп мағына деген сөзі) деп атайды. Дәлдеңкірей түссек, бір сөздің әр түрлі контексте әр түрлі мағына беруін полисемия деп атайды. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том) *бас* деген зат есімнің бірнеше мағынасы келтіріледі: 1) адам мен айуан дүниесінің көз, мұрын, ауыз, құлақ т. б. орналасқан мүшесі; 2) шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктің ең жоғарғы жағы, төбесі, ұшы; 3) таудың, қырдың, мұнараның т. б. төбесі, биік жері, ұшы, ең үсті; 4) өзеннің, бұлақтың басталған жері, жоғарғы жағы; 5) таяқтың т. б. сондай нәрселердің жуандау, жұмырлау жағы (таяқтың басы); 6) балтаның, шоттың т. б. саймандардың жүзі бар жағы (айбалтаның басы); 7) бір нәрсенің айналасы, қасы (от басы, ток басы); 8) кісінің жеке дара өзі, адам (Басы аманның — малы түгел); 9) сан мөлшерін есептеу амалы, дана (қой саны — бір мың бас); 10) қызметі жоғары адам, басқару ісін жүргізуші; 11) негізгі, үлкен (бұл жиынның бас дауы); 12) бір нәрсенің бастамасы, алғашқы көзі (істің басы, қыстың басы); 13) басқарушы, жетекші. (Бұл іске Мейрам бас болып келді) т. т.

Әдетте, тіл-тілде ертеден, ежелден қолданылып келе жатқан байырғы сөздер, сол негізгі түбірлерден өрбігендер көп мағыналы болып келеді.

Мәселен, Абай *алу* етістігін толып жатқан мағынада қолданады: 1) бір затты қабылдау, ие болу. (Қалбалақтап түн

бойы, алып бақты бұл сорлы.); 2) бір затты қолмен ұстау. (Орамалды қуанып қолына алды, сый алдым деп халқына қайта барды.); 3) жұбайлы болу, үйлену. (Ата-ананың қызметін, Алған жардың қарызын, Өтемей кеткен бейнетін.); 4) аңды қолқа түсіру, ұстау.(Құсы да иесі де қоразданар, Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.); 5) бір елді шауып өзіне қарату, бағындыру. (жердің жүзін алуға талап етті.); 6) о дүниеге әкету, өлтіру, 7) күрделі сөз құрамында жұмсалып, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік. (Сілкіне алмас жапырақ т. б.)

Алу етістігі бұл келтірілгендерден басқа да сөз тіркестері ішінде толып жатқан ауыспалы мағынада қолданылады: *асырап алу, атақ алу, басты бұлт алу, бойды алу, ғибрат алу, есеп алу, еске алу, жазды алу — жазды өткізу, жау жағадан алу, көзге жас алу, көңілін алу, ләззат алу, сәлем алу, шен алу* т. т.

Полисемияны сөздің семантикалық варианты деп те атайды. Полисемияға жататын сөздердің, мағыналары арасында мағыналық, байланыс, жақындық болады. Мәселен, жоғарыда келтірілген ауыз, бас, алу сөздері мағыналарының арасында үзілмеген желі, мағыналық жақындық, ортақтық бар. Ондай жақындық, ортақтық, сайып келгенде, ауыз, бас, алу сөздерінің негізгі, тура, номинативті мағынасынан шығады; басқа мағыналарының, сыры бұл сөздерді бастапқы, негізгі мағыналарымен салыстыра қарағанда айқындала, дәлдене түсіп, түсінікті болады. Мағыналық жақындық, ортақтықтың болу-болмауы — бір сөзді полисемияға жатқызу немесе жатқызбау үшін басты шарт (критерий). (Мейрам бұл іске бас болып келді.) Аяғынды бас дегендегі бас — мағынасы жағынан басқа-басқа құбылыс. Олай болса, бұлар да полисемия емес, лингвистикалық басқа-басқа құбылыстар (бұл жөнінде омонимдер туралы бөлімде толығырақ түсінік беріледі).

Семасиологияның заңдары

Тіл білімінде сөздер мен сөз тіркестер мағыналарын және ол мағыналардың, өзгеру жолдарын, семантикалық заңдарды зерттейтін сала - семасиология. Семасиология —

лексикологияның үлкен бір саласы. Грек (sema, semasia— белгі) және латын (Iogos — ілім) тілдері сөздерінен құралған бұл терминнің, дәл мағынасы — белгі, белгілеу туралы ілім. Лингвистикада семасиология бірнеше мағынада қолданыла береді. Семасиология, бірер сөзбен айтсақ, мағына туралы ілім; Семасиология — тіл білімінде тілдік единицалардың мағынасын (мазмұнын, ішкі жақтарын) тексеретін ілім; Сөз мағынасын сөздің семантикасы деп те атайды; семантика мен мағына дегендер — бір-бірімен синоним.

Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі бір заңдары бойынша жасалады. Семасиологияның мынадай заңдары бар: функционалдық семантика заңы, ұқсату заңы (метафоризация), бөлшектің бүтінге айналу заңы, сөз мағынасының кеңеюі мен тараюы заңы.

Функционалды семантика заңы. Сөздердің атқаратын қызметіне қарай жұмсалады. Сөз өзінің дыбысталуын, тұлғасын сақтай отырып, мағынасын біртіндеп жаңарта береді. Сөз жаңа мағынаға ие болғанда оның негізгі сөздік мағынасы өзінің қалпын сақтап қалады.

Қоғамның даму барысында белгілі бір заттың атқарған қызметін енді бір уақыттарда екінші немесе одан да көп зат атқаруы мүмкін; бір кездерде белгілі бір зат нақты бір материалдан жасалады да, кейіннен дәл сол зат қызметін аткаратын, яғни соның орнына жүретін екінші немесе одан да көп зат басқа бір материалдан, тіпті бірнеше, әр түрлі материалдардан жасалынуы мүмкін; кейінгі шыққан заттың, алғашқы, өзінен бұрынғылардан түр-түсі де, сапасы мен мазмұны да бөлек болуы мүмкін. Бірақ, соған қарамастан, кейін шыққан зат ертеректе пайда болған заттың орнына жүргендіктен, алғашқы затқа берілген ат-атау тілде сақталып қалуы мүмкін. Мұндай құбылыс мағынасының қызмет бірлігі бойынша аталуы немесе ауыстырылуы делінеді.

Бір сөз ертеректе пайда болған бір сөздің орнына қызмет бірлігінің, ортақтығына қарай ауыстырылғанда, метафоралар сияқты, белгілі бір ұқсастыққа негізделеді. Бірақ қызмет бірлігі бойынша ауыстырудың метафорадан басты айырмасы бар: метафоралар заттың, құбылыстың түр-түсі, формасы,

көлемі тәрізді адам сезімі мүшелеріне бірден көзге түсетін жақтарын негізге алады. Соның нәтижесінде бір немесе ұқсас бірнеше зат, құбылыс бір атаумен немесе тіркеспен аталады. Ал, қызмет бірлігі бойынша ауысуда зат не құбылыс белгілері тек материалдық немесе түр-түс, формалары ұқсастырына негізделмейді; заттар мен құбылыстар формасы, түр-түсі, материалы жағынан әр түрлі бола тұрып, атқаратын қызметтері бір болғандықтан ғана бір атаумен аталады.

Мәселен, ерте заманда, ақша шыққанға дейін, адамзат әр түрлі затты малға айырбастап алатын; сирек кездесетін қымбат зат үшін малды көбірек беретін. Мал атаулы адамзатқа тамақ та болды; күш көлігі ретінде де пайдаланылды; айырбас өлшемі ретінде де қолданылды.

Келе-келе мал атаулының айырбас өлшемі ретіндегі қызметін ақша атқаратын болды. Ақша — латынша ресипіа (ресиз— мал.) ресипіа — орысша деньги; қазақша— теңге (кейбір зерттеушілердің пікірінше, орыстар бұл сөзді түркілерден алған; деньги түркілерге орыс тілінен теңге түрінде дыбысталып кірме сөз ретінде қайта өткен). Ақшаның единицасы — рубль (сом).

Рубль сөзінің этимоны жөнінде түрлі пікір бар. Кейбір пікірлерге қарағанда, орысша рубль — үнділіктердің рупийі. Үндіше рупий---- мал деген сөз; аша единицасы. Ал кейбір тарихшылар рубль орыстың рубить (ұсақтау, майдалау) сөзінен шыққан деседі.

Ертедегі Русьте ақшаның негізгі единицасы — салмағы 200 граммдай келетін күміс кесек (гривна). "Салмағына сай, ондай күмістің құны да қымбат болған (мәселен, бір күміске 200 тиін терісін сатып алуға болады екен.) Половецтер тұтқынына түскен Игорь князьды босату нарқы екі мың күміс кесек деп белгілеген көрінеді. Қысқасы, орыстың ертедегі күміс кесегі (гривна) — рубльдің арғы «атасы». Орыс жерін жаулаушылар орыс князьдары мен шаруалар түңліктеріне ауыр-ауыр салықтар салғанда, күміс кесектерді майдалап, ұсақтай («рубили» пополам) бастаған; бұл бір кездердегі қымбат бағалы күміс кесектерді «құнсыздандырған» («девальвация»); соның нәтижесінде ақшаның, жаңа единицасы — рубль пайда

болған; орыс жазбаларында «рубль» сөзі XIII ғ. екінші жартысынан бастап кездеседі; орыстардың алым-берімінде алтын, (түркіше— алты) ақша ретінде жүрген; бір алтын алты сомға (рубль) теңгерілген. Иван Грозный кезінде бір рубль (сом) хақы жүз тиынға теңестірілген; монеталардың салмағы мен түрі бірдейлестірілген; ал бақыр тиындарды айналымға шығарған — Бірінші Петр.

Сөйтіп, алғашқыдағы мал, аң терілері т. б., кейіннен ақша — күміс кесек, келе-келе қағаз ақша, металдан жасалған ақшалардың бәрінің атқаратыны — бір қызмет, алым-берім единицасы қызметі. Сондықтан қағаздан немесе металдан жасалғанына қарамастан, атқаратын қызметі бір болғандықтан, орыс тілінде рубль сөзі сақталып қалды.

Сондай-ақ, ертеректе жазу құралы ретінде құстын қауырсыны (гусиное перо) қолданылған; кейіннен бұл қызметті металл перо атқарды; белье алғашында ақ матадан тігілген; мешок теріден (мех) істелген; жазу материалы сия — (чернила) ертеректе сұйық қара заттан (черная жидкость) жасалынған; ертеректе жер астынан, шахтадан көмір тасу үшін күш көлік ретінде иттерді пайдаланған; сондықтан немістердің көмір тиейтін вагонеткаларды Hund. (собака) деп атағанына таңдануға болмайды; коньки — «везти» с конем — атпен тасу, жүргізу мағынасынан шыққан; XVI ғ. таң сәріде өз әріптестерін аралап жүріп оятатын монахтарды будильник деп атаған; сағат түрі — будильник содан қалған; орыстың, стрелять етістігі «стрела» (қару, оқ) мағынасынан алынған; мануфактура (латынша «қолмен тоқудан» шыққан)— ертеректегі бастапқы мағынасына сай, мата аты ретінде сақталынып қалынған; ағылшынның sail — жүзу деген сөзі бастапқыдағы sail — парус сөзінен шыққан; флот — суда жүзетін кемелер атауы; келе-келе самолетке қатысты мағынаға да ие болған (аэрофлот); француздың дебаркадер деген сөзі — пристань; поезд келіп тоқтайтын платформа мағынасында; осыдан вокзал сөзі келіп шықты: темір жол вокзалы, су жолы вокзалы (пристань), аэровокзал дегендердің атқаратын қызметі бір. Сондықтан бәрі де вокзал деген бір-ақ атаумен аталатын болған.

Сол сияқты шамды жақ, шамды өшір дейміз. Осындағы шамымыз – электр. Ол бұрынғы шамнан өзгеше. Бұлардың бәрі де атқаратын қызметі функциясы жағынан бір-біріне тығыз байланысты.

Ұқсату заңы. Тілдің лексикасындағы сөздердің сыртқы дыбысталуын, түрін өзгертпестен зат не құбылыстарының белгісінің ұқсастығына қарай жаңа мағына туғыза қолданыла беруі - ұқсату заңы деп аталады. Бірақ бұл заң кез-келген ұқсастыққа қарай жаңа мағына туғыза бермейді. М: сиыр малының негізгі ерекшелігі мүйізі болушылық. Осыған қарай мүйізді жан-жануардың бәрін сиыр деп қарауға болмайды.

Ұқсату заңы бойынша жана мағына туатын сөздер көбінесе айуанның, адам, дене мүшелерінің аттары. Ұқсату заны дегеніміздің өзі шартты нәрсе. Ұқсату заңына жататын кейбір белгілі сипаттарына қарай орынды жерде ұқсату арқылы ғана жаңа мағынаға ие болады. Омоним сөздерінің негізгі көпшілігі осы заң бойынша жасалады. М:

көк – аспан әлемі

көк – түс, сапа, сын атауы

көк - шөптің жас кезіндегі аты

көк – капуста, қияр, сарымсақ, сәбіз тағамды өсімдік

көк - революцияға дейінгі қазақ өміріндегі саба, көнек, сүйретпе, мыс, торсық, т.б. ыдыстар атауы.

Осы кезде ол ыдыстар сирек кездесетіндіктен қолданудан шығып қалды. Олардың орнына күбі, шелек, эмаль ыдыстар жұмсалады. Сөйтіп, қорыта айтқанда көбінесе омоним сөздер жасалады.

Бөлшектің бүтінге ауысуы заңы. Бұл заң жоғарыда айтылған заңдардан мүлде өзгеше. М: «Қобыланды батыр» жырында «Қол соңында барады» деген жолдар бар. Осындағы қол сөзі о баста адамның дене мүшесінін бөлшегінің аты болып, бөлшектің атауын бүтінге айналдырған. Осындағы қол деп бір адамды, яки азғана топты айтпай, көп болса ғана қол дейтін болған. М: Қырық мың үйлі қияттан, қырық мың әскер қол алған. Бұл жерде қол алған дегенде көп әскер мағынасында колданылуда. Сөйтіп, қол деген алғашқы кезде дененің бір мүшесінің аты болса, кейінгі кезде бүтіннің

атауына ауысып кеткен. Жоғарыдағы мысалдардан бір заттың бүтінше ауысу заңдылығын толық байқауға болады.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тараю заңы. Сөз мағынасының кеңеюі мен тараюы заңында сыртқы дыбысталуы өзгерусіз болады. Лексикада бір қатар сөздер мағынасының кеңеюі арқылы жаңа мағынаға ие болады. М: Қатынас деген сөз Қазан төңкерісіне дейін өте сирек, тар мағынада қолданылған. Оның негізгі мағынасы – барып қайту дегенді білдірген. Төңкеріске дейін осы күнгідей кең көлемде қатынас жасау жағдайы болмаған. Қәзір қатынастың толып жатқан түрлері бар.

М: Әуе катынасы, су қатынасы, жер қатынасы, радио қатынасы, телефон қатынасы, телевидение қатынасы. Сонымен бірге қатынас кеңсе хабары жазылған қағаз.

Қоғамның, тілдің тарихи дамуына байланысты кейбір сөздер лексикадан мүлдем шығып қалады; ондайлар историзмге, архаизмге — көнерген сөздерге айналады; тілде жаңа сөздер — неологизмдер жасалады; кейде лексикадағы кейбір сөздердің мағынасы кеңейе түсіп, кейде тарылып отырады.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы, сөз мағынасын түрлі-түрлі амал-тәсілдер арқылы ауыстырып қолданып, молайта түсу — тілдің лексикасын сан жағынан емес, сапа жағынан байытып, дамытудың өнімді жолдарының бірі.

Сөз мағынасыньң кеңеюі мен таралуы құбылыстары полисемиямен де тығыз байланысты. Мәселен, жоғарыда келтірілген стол сөзінің алғашқы мағынасы — стлать (төсеу, төсеніш); бұл сөз келе-келе мебель аты, тарам, тамақ (стол накрыт; диетический стол), белгілі бір мәселемен айналысатын мекеме (паспортный стол, стол находок) деген үстеме, жаңа мағыналар қосып алды. Екінші сөзбен айтсақ, столдың мағынасы кеңейді; стол полисемияға айналды.

Сөз мағынасы кеңейгенде, алдымен сол сөзді білдіретін ұғымның, атаудың мәні кеңейеді; сөз абстракцияланған үстіне абстракциялана түседі; соның нәтижесінде сөздің бұрынғы бірер мағынасына көптеген жаңа мағына қосылады; байырғы сөздің жаңа мағынасы әсіресе жаңа бір тіркес құрамында

айқындалып, ашыла, дәлдене түседі; кейде осындай қолданыстар арқылы байырғы сөздер терминге де айналып кетеді; байырғы сөз немесе бұрыннан-ақ қолданылатын қарапайым, былайынша айтқанда, «нағыз қазақы» түбірлердің өзінен көптеген жаңа сөз, жаңа ұғым жасалады.

Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің: Жоқшылықты жыр қылып, Далада қойшы зарлайды. Кімге айтса да сыр қылып, Байына жылап бармайды, — деген шумағында бай — малы көп адам; қойшының иесі, әміршісі; малды; әлді; басқа біреулерді жалдаушы — қанаушы; езуші, құлданушы.

Қазірде, біріншіден, бай сөзінің бұрынғы мағыналары (малды, әлді, қожа, ие, қанаушы, құлданушы т. б.) тарылған; екіншіден, тілде бұрыннан бар бай сөзінің мағынасы жаңа ұғымдарға ие болып, кеңейген. Оны мына тәрізді тіркестерден айқын аңғаруға болады: бай ауыл, бай аудан, бай өлке, бай жер, жері байдың — елі бай т. б.

Қазақта қонаққа мүше тарту, табақ тарту дәстүрі бар. Бұл жерде мүшенің бұрынғы тура мағынасы — мал, аң-құс етінің жіліктері, бөлік, бөлімдері. Мәселен, Дәулет құсын бауыздап, аспазшы әйелге: «Бір мүшесін қалдырмай ас»,— деді.

Қазақ ғұрпында табақ дегеніміз бас табақ, орта табақ, сый табақ, аяқ табақ деп бөлінеді. Күйеу табақ, құдағи табақ, қыздар табағы, келін табағы деген табақтар және бар. Олар өзінің атына, маңызына қарай еттің әр түрлі мүшесінен жасалады. Бас табаққа бас, жамбас салынуы шарт. Орта табаққа асықты жілік, кейде жамбас та түседі. Сый табаққа да бас, жамбас салынуы шарт. Күйеу табаққа бір сан жілік пен төс салынады; келін табаққа да төс және ұлтабар, жүрек түседі; қыздардың табағына жүрек, бүйрек, жағы мен тіл салынады; құдағилар табағында жамбас немесе асықты жілік пен сүбе болады (С. Қасиманов).

Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, табақ — көп мағыналы сөз. Табақ ертеде дастарқан, шаңырақ, өз алдына түтін түтеткен үй, қазан асқан орда деген ұғымды да білдірген. Қазірде табақ сөзі — нақты ыдыс атауы. Ал бір табақты бір өзі жеді, — десек, табақ- метонимия.

Сондай-ақ, жарыс, күрес, құн, еңбек, тыныс, демалыс, өнеге, үлгі, шаруа, дәулет, топ, жетек т. б. сөздер бұл күнде мағынасын мүлде кеңейткен: бейбітшілік үшін күрес, қосымша құн, өзіндік құн, еңбек тынысы, еңбек жемісі, көңілді демалыс, құрметті демалысқа шығу, мол байлық, мол дәулет, ірі шаруашылық, жұмысшылар мен шаруалар одағы, лекторлар тобы, өнерпаздар үйірмесінің жетекшісі.

Жеке сөздердің өзі ғана емес, кейбір байырғы түбірге жүрнақтар қосылу немесе сөзден сөз жасаудың басқа да жолдары арқылы да жаңа ұғымдар пайда болып, сөз мағынасы кеңейе түседі: жарыс, күрес, ұйым (ұйы + м), жиналыс (жи + на + л + ыс), басқарма (бас + қар + ма), табыс (тап + ыс), төңкеріс (төңкер + іс), қолғабыс (қолқабыс), қолғанат (қол-қанат), қолжазба (қол + жаз+ба) т. б.

Жаңадан жасалынып, кейбір ұғымдардың термині ретінде қалыптаскан кейбір неологизмдер де кең мағыналы болып келеді: суреткер, қаламгер, талапкер, оқулық, оқырман, көрермен, баяндама, аялдама, қондырғы, саяжай т. б.

Кейбір кірме сөздердің бұрынғы бірер мағынасы қазірде кеңейіп, тіпті жаңа сөз, ұғым жасауға себепші болды. Мәселен, соңғы кездерде арабтың хүкімет сөзінің мағынасы қазақша әрі кеңейіп, әрі нақтыланып, өкімет, үкімет деген екі сөз-термин пайда болды; өкімет — орысша власть сөзінің; үкімет — орысша правительство сөзінің баламасы.

Сондай-ақ, арабтың, илм деген сөзінің мағынасы кеңейіп, үш сөз-термин жасалды: ғылым — орысша наука; білім — орысша знание; ілім — орысша учение.

Бір сөздің орнына екінші бір сөзді ауыстырып қолдану жолдары, мәселен, метонимия, синекдоха амалдары арқылы да сөз мағынасы кеңеюі мүмкін. Мұның, бір жиірек қолданылатын түрі — жалқы есімнің жалпы есімге, жалпы атауға айналуы. Мәселен, Қарабай, Қарынбай, Шырайбай, Қожанасыр, Алдаркөсе, Қодар, Жантық, Галефе, Маузер — кісі аттары; Шампан, Техас — топонимдер; апорт, херес, мадера т. б. жеміс-жидек сорттарының аты. Қазақ сараң адамды —Қарабай, Қарынбай, Шығайбай, мысқылшыл, сықақшыны — Қожанасыр, Алдар; дөрекі, қара күш иесін —

Қодар, бір мен бірді атыстырып-шабыстыратын адамды — Жантық дей береді; галефе — шалбардың бір түрі т.т. Мұндайлар — сөз мағынасының кеңеюі.

Орыс тілінде донжуан (әйел баласы атаулыға қырындап, қырғидай тиюші мағынасында), меценет (өнерді жан-тәнімен қорғаушы, қастерлеуші), квислинг (саяси сатқын), донкихот т.б. — бұрынғы бір кісі аты; тар мағыналы қазірде мағынасын кеңейтіп, жалпы есімге айналған сөздер.

Сөз мағынасының кеңеюі — этимондар өзгерістеріне де байланысты құбылыс. Мәселен, жоғарыда стол сөзінің полисемия екенін айттық; бұл “стлать” сөзінен шыққан дедік. Енді бір қызығы гректің трапезе деген сөзі де стол мағынасын білдіріпті. Ал бұл сөз — трапезе орыс тіліне ауысқаннан кейін монастырьда тамақ ішетін ортақ стол, сондай ортақ столда тамақтану мағынасын білдірген; ертеде стол — астына аяқша орнатылған тақтай (латынның discиs — диск сөзі итальянша disco — стол) болып қолданылу осыған байланысты.

Сөз мағынасының тарылуы — кеңеюге қарама-қарсы процесс. Сөз мағынасының тарылуы, негізінен, адам ұғымының жалпылықтан жалқылықты саралап, даралауынан, заттар мен құбылыстардың ерекшелігін, қыр-сырын айқындай түсуінен, нақтылап, дәл білуінен пайда болады.

Мәселен, ұл сөзі — ертеректегі түркі тілдерінде адам баласына да, мал баласына да бірдей қатысты қолданылған полисемия. Көне түркі тілдерінде бұл сөз оғлақ-қозы-лақ түрінде дыбысталған. Қазіргі азербайжан, түрікмен және солтүстік шығыс түркі тілдерінде оғлақ-оғлах мағынасы — бала; хакас тілінде оолақ — «мальчик» (әйтеуір ұл бала), солақ — «сынишка» (менің ұлым, кішкентай ұлым, қозым) деген мағыналарға сараланып, нақтыланса керек.

Жұрағат — ертеде әйел баласы (әйел, қыз, келіншек) атаулыны білдірген полисемия. Махмұд Қашқарида ұрағат иіп ігірді — жұрағат жіп иірді сияқты сөйлем бар. Қазіргі қазақта жұрағат — ұрпақ, тұқым, өрен-жаран, бауырлас, қандас, бір тектен, көбінесе әйел-ана жағынан таралған жақындар, туыстар. Жұрағатым еді, жұрағатына барып келді тәрізді

тіркес — бұл сөздің ертеректе әйел баласы атаулыны білдіргеніне бірер дәлел есепті.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, жылқы — ертеректе күллі төрт түліктің аты; киік — күллі жабайы аңдар; тары — дән біткеннің ортақ аты; тон — сыртқы киімнің жалпы атауы. «Тойда тонымды бер; той — тондінікі, ас — аттынікі» осындайдан сақталып қалуы ықтимал.

Кейбір лингвистердін, айтуынша, өйткені, сондықтан тәрізді шылаулар, бүгін, биыл, өйтіп, сүйтіп, бүйтіп сияқты күрделі сөздер, шынтуайтқа келгенде, аббревиатуралар (қысқарған сөздер) сөз мағынасының кеңеюін дәлелдей түседі. Біздіңше, бұл келтірілгендер — сөз мағынасының кеңеюінің емес қайта, сөз мағынасының тарылуының, мысал-деректері.

Бұл сөздер олай еткені, солай болғандықтан, бұл күн, бұл жыл, олай етіп, бұлай (былай) етіп тіркестерінен формаларын да ықшамдап, мағынасын да нақтылап отыр. Олай болса, бұлар — сөз мағынасының тарылу құбылысы.

Кейбір көмекші есімдер мен шылаулар түрлері ертерек кезде дербес мағыналы жеке-жеке сөздер болған. Келе-келе олар дербес мағынадан айрылып, басқа сөздермен тіркесіп қана қолданылады. Бұл — сөз мағынасының тарылуы. Мәселен, алды, қасы, жаны, арты, арасы, бойы, кейін, соң, ма-ме, -ақ, -мыс т. б. көмекші есімдер мен шылаулар — осындай топ. Дегенмен, олардың кейбірі кей жағдайда дербестігін әлі де сақтайды: кейін кел; алдың — құз, артың — жар; арасы — ат шаптырым. Бұл тіркестерде кейін, алд, арт, ара — дербес сөздер.

Сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтары

Сөз мағыналарының әр түрлі мағынада кездесуі тілімізде жиі кездеседі. Сөз мағынасының ауысуы, өзгеруі сөздердің келтірінді мағынада қолданылуы нәтижесінде болады. Сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтарына метафоралық, метонимиялық, синекдохалық мағына және табу мен эвфемизмдер жатады.

1.Метафоралық мағына. Метафора грек тілінің «metafhora» ауысу деген сөзі бойынша жасалған термин.

Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атаулары мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады. Метафора тәсілі арқылы сөз мағынасының ауысуы белгіленетін заттардың тұлға, түс, қимыл ұқсастығының негізінде болады. Метафора тәсілі арқылы сөз мағынасының ауысуы белгіленетін заттардың тұлға, түс, қимыл ұқсастығының негізінде болады.

Мысалы, есіктің тұтқасы дегенде есіктің қолға ұсталатын жері деген мағынаны білдіреді. Бұл оның тура мағынасы. Ал «Адам - өмір тұтқасы» дегендегі тұтқа сөзі тірек деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз тұтқа сөзінің туынды және ауыспалы мағынасы екендігін айқындайды.

Сондай-ақ, өткір пышақ дегенде сөздің тура мағынасы ретінде қолданылып тұр. Ал өткір сөз, өткір көз, өткір жігіт дегенде өткір сөзі келтірінді және ауыспалы мағынада қолданылады.

Метафора құбылысының сөздің мағынасынан орын тепкені және әбден үйреншікті болып кеткені соншалық, метафора негізінде туған қосымша мағынаның көп жағдайда келтірінді мағына екендігі бірден аңғарыла бермейді.

Метафораның негізінде туған келтірінді мағына әдетте сөздің туынды мағынасы ретінде туып, орнығып кетеді. Мысалы, суға шомылу, ойға шому дегенде және істің төркіні, мәселенің төркіні дегендегі төркін сөзінен қыздың төркіні дегендегі төркін сөзін салыстырып қарасақ, қыздың төркіні дегенде - қыздың ата-анасы, жақын, туған-туыстары дегенді білдіреді. Ал алдынғы мысалдағы сөздер түб, негізі, тегі, сыры дегендерді аңғартады.

Метафора жайында ескеретін бір жағдай: лингвистикалық ұғымда қолданылатын метафора бар да, көркем әдебиетте қолданылатын метафора бар. Тіл және әдебиеттегі метафоралардың айырмашылығы мынадай: - тілдік метафора сол тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті және бәрі де қолданылатын жалпы халыққа ортақ лексикалық мағына. Ал, көркем әдебиетте қолданылатын метафора жалпы халықтың тілінде қолданылатын метафорадан көбінесе өзгешелеу болып

келеді. Көркем әдебиеттегі метафора көбінесе образды бейнелеу, көркемдеу мақсатына ие болады. Метафора — тілдің суреттеме, көркемдегіш, бейнелеуіш құралдарының ең бір өнімдісі. Сондықтан көркем әдебиетте метафора бейнелеуші, мәнерлеуші тәсіл ретінде қызмет атқарады.

Мысалдар: *Ақылыңа сөзің сай, Сіз — жалын шоқ, біз — бір май; Ыстық сөзің кірді ішке, май тұра ма шыжымай?! Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі; мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі; көңілдің жүгін қиял қыл, ызаға тұтқан бой мең-зең; Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек; Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болған айғырдың көзі қайда? Көзді көрсең —бересің, тайсаң — танып, Алдамшы атанғанның несі пайда? Көңіл құсы құйкылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауран шақта; Жастықтың оты жалындап, жас жүректе жанған шақ (Абай)*.

Келтірілген мысалдардағы сіз—*шоқ, біз—май, сөзің кірді ішке, дүниенің кілті, көңіл кірі, көңіл жүгі, ит жүрек, көз, көңіл құсы, жастықтың оты* — поэтикалық метафоралар, Абайдың өзіне тән көркемдегіш құралдары. Мұндай қолданыстар сөзге өң, көрік береді; ойды жеріне жеткізіп айтуға себепкер болады.

Метафора негізінде туған ауыспалы мағына тілде қалай болса солай қолданыла бермейді, тілдегі әбден орныгып, қалыптасқан нормалар шегінен ауытқып кете алмайды. Дегенмен, метафораларды, сондай-ақ жалпы тілдің бейнелеуіш және көркемдегіш құралдарын қолдануда әр автордың өзіндік тәсілі, шеберлігі болады.

Бұдан аңғаратынымыз: екі немесе бірнеше затты (құбылысты) бір ғана атаумен атайтын таза тілдік — лингвистикалық метафоралар болады (адамның басы — таудың басы); өмірде реальды түрде болмайтын, тілдегі сөздер мен сөз тіркестері мағынасын әрі дәл, әрі саналы, әдейі астарлы, бейнелі түрде шыңдай түсу мақсаты үшін қолданылатын таза әдеби — поэтикалық метафоралар болады. Соңғы келтірілген мысалдар, міне, сондай, көркем — әдеби, поэтикалық метафоралар.

Таза лингвистикалық метафоралардың қолданылу зандылықтары мен себептері, негізінен, мына төмендегі тәрізді болып келеді:

Тіл-тілде сөз (сөздер) заттар мен құбылыстардың түр-тұлғасы (формасы) ұқсастықтарына қарай бір атаумен алмастырылады: адамның көзі — иненің көзі; адамның беті — сүттің беті, істің беті, қайықтың тұмсығы — ит тұмсығы т. б.

Сөздер дыбысталу жақындығы жағынан да алмастырылады: қасқыр да ұлиды, жел де ұлиды, т.б.

Заттар мен құбылыстар әсері арқылы пайда болған эмоционалдық байқаулар мен аңғарулар нәтижесінде сөз атаулары алмастырылады: қой, (дәл мағынасы — қой) — ештемеге көнбейтін, томаға тұйық, ақымақ — айтқанға көнбейтін, айдауға жүрмейтін адам; жылан — қырсық, зұлым адам, т. б.

Кейбір метафоралар әр түрлі, тіпті алуан-алуан, кішігірім ұқсастық, сәйкестік негізінде де алмастырылады; кейде жан-жануар, құс ұқсастықтары да метафора ретінде қолданыла береді; зат пен құбылыстың табиғи ерекшеліктеріне, қызметіне қарай ұқсастықтарға сай мағыналық ортақтықтар да метафора ретінде пайдалына алады.

Қазақ және орыс тілдерінде кейбір кісі аттары (ономалар), елді мекен аттары (топонимдер) т. б. метафора негізінде қолданыла береді: Үміт, Үмбет, Ұмыттық, Ұлболсын, Тынышкүл, Вера, Надежда, Люда, Любовь, Қызтуған, Қамыскөл, Алтай, Қарпық, Қуандық, Бегендік, Сайдалы, Бекбау, Мінәсіп, Тұтқыш, Тойдым, Қарашаш, Шаңқүл, Миргородовско, Луговая, Дубовское, Савва, Пресенко, Яковенко, Романовых, Қыземшек, Бескемпір т.б.

Жоғарыда айтылғандай, метафоралар көбінесе сөз мағынасын бейнелеуші, көркемдеуші құрал ретінде қолданылады.

2. Метонимиялық мағына. Метонимия (гректің tetopytia атын өзгертіп атау мағыналы сөзі) — белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы. Метонимияның

метафорадан бір айырмашылығы мынау: метафора, негізінен, ұқсас екі зат немесе құбылысты бір-ақ атаумен (сөзбен) атаса, метонимия ойда сақталынып тұрған бірер сөзді айтпай-ақ, ол сөзді екінші бір сөз мағынасына сыйыстырып жібереді. Ондайда екі немесе одан да көп сөз мағынасы сол сөздер орнына қолданылған бір-ақ сөзден оп-оңай аңғарылады. Оның себебі — метонимия халық тілінде ертеден бея‍яf0мен қарай қалыптасқан ұғымдарға сәйкес жасалынады.

Мәселен, *Сәкенді оқыдым десек, Сәкеннің шығармаларын оқыдым дегенді аңғарамыз. Дина жеңгейдің дастарқаны мол екен,* — десек, Динаның стол жапқышьшың көлем — мөлшерін айтпаймыз; тағамы мол екен немесе Динаның қолы ашық, барын аямайды деген мағынаны ұғамыз. Олай болса, дастарқан сөзі ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылып тұр. Сонда бұл сейлемдердегі оқыдым, дастарқаны дегендер — метонимия.

Ал сөйлемдерді *Сәкеннің кітабын оқыдым, Дина дүкеннен үлкен дастарқан сатып алды,* — түрінде құрсақ, оқыдым; дастарқан сөздері метонимия бола алмайды. Өйткені бұл сөздер өздерінің тура мағыналарында қолданылып тұр.

Қырда айқасты балға, орақ/ Құшақтасты көп тұмақ! Айғайласып тас атып, Жабылды өңшең жұлма тон. (І. Ж.) Ал тағы бір кезде үй іші мәз-мәйрам болып отырғанда, жабырқап, түнеріп, мең-зең боп үндемей қалатын да әдеті бар, үй іші осы әзілмен ілесе тегіс Әйгерімге қарады. (М.Ә.)Қайлашылар айына бір қара табатын көрінеді! Жалда жүргенде жылына бір қара таппайтын едік... деп күні бұрын тойып отыр. (Ғ. Муст.). Бұл сөйлемдердегі метонимиялар — балға, орақ, көп тұмақ, жұлма тон, үй іші, бір қара. Бұлар, негізінен, зат атаулары (ту, жалау), адамдар, кісілер, ата-ана, аға-іні, бір өгіз (жылқы) мағыналарында қолданылып тұр.

Заттар аты кеңістік немесе уақытқа қатысты байланысы негізінде де алмастырыла береді: І курс — алғыр курс; шетінен «қасқыр», айтқаныңызды «қағып алады»; бір сабаны бір өзі ішеді, екі кесені бірден тартып жіберді; бір табақты бір өзі жеді т. б.

Метонимия бойынша ауыстырғанда, заттың өзі ғана емес, оның ұғымы да өзгеріске түсуі мүмкін. Мәселен, орыс тілінде бюро деген сөз мағынасының, өзгеріс жайы мынадай: француздың bureau сөзі алғашында түйе жүнінен тоқылған мата деген мағынаны білдірген; одан соң бұл сөз сол матамен көмкерілген (сондай мата жабылған) стол дегенді, кейіннен сондай столдар қойылған бөлме, одан кейін сондай столдар қойылған мекеме, бөлім (машина бюросы, конструкторлық бюро), одан барып сол мекемеде қызмет етуші адамдар (бюро мүшелері түгел жиналды), ең соңында сол адамдардың мәжілісі деген метонимиялық қолданысқа жетіп отыр.

Кейбір заттар мен бұйымдар алғаш рет қай жерде өндірілсе, сол жердің атымен аталған: Кашемир (мата аты) — Индиядағы қала, Тюль — Франциядағы tille қаласының аты: Каленкор — Индияның Калькутта қаласы атынан алынған; қаракөл елтірісі — Бухарадағы Қаракөл алқабының аты; бұл елтіріні француздар astracап дейді: біздің Астрахань қаласының аты; Бастон (мата) — АҚШ-тағы қала; Шевиот (мата) — Шотландиядағы қала; Шампан — Париж маңындағы провинция; гавана (сигареттің бір сорты) — Куба астанасы Гавананың аты; панама (бас киімнің, бір түрі) —мемлекет аты т. б. Мұндай метонимиялар географиялық немесе этнографиялық деп те аталады.

Кейде жалқы есімдер, әсіресе кісі аттары және оның қоғамдық мәні бар қызметі, ғалымның аты және оның ойлап тапқан жаңалығы т. б. метонимияға айналады: Карл (великий) —король; Цезарь — цесарь (царь-патша), батист (бәтес) — тоқымашы Батист Шамбрэнің, пастеризация — Француз ғалымы Луи Пастердің, ампер — Француз физигі Андре Мари Ампердің, гильотина (дарға асу, өлтіру құралы) — Гильотен деген дәрігердің, гобелен (көркемдеп, әшекейлеп тоқылған кілем) — париждық Жан Гобеленнің, реглан (киім пішу үлгісі) ағылшын лорды және генералы Фицрой Регланның, маузер, браунинг, форд, паккард, макинтош, френч, галифе т. б. — осы құралдар мен заттар авторларының есімімен аталған.

Қазақ және орыс тілдерінде аса көп тараған метонимиялық ұғымдар мына сықылды тіркестерде көбірек ұшырасады;

Әуезовты оқыдым; Құрманғазыны тарта отырып сөйледі; Пушкинді жатқа біледі; қолында — Сабит Мұқанов; Третьяковканы аралап кетті; Айвазовскийді қызықтап тұр; Чайковский құлағының құрышын қандырды; спортшылар арманы — Медеу т. б.

Қорыта айтқанда, бір заттың не құбылыстың екінші бір затқа не құбылысқа өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атауларының алмасуын ауыспалы мағынада жұмсалуын метонимия деп атаймыз.

3. Синекдохалық мағына. Синекдоха атауларды алмастырып атаудың бір түрі болып саналады. Осының негізінде жапсарластық, іргелестік мағына күшті болады. Синекдоханың метонимиядан негізгі айырмашылығы аталатын заттардың сандық белгілеріне байланысты болады.

Синекдоха деп бүтіннің орнына жалқы, үлкеннің орнына кішіні қолданудың немесе керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуын айтады. Синекдоха (гректің synekdoche — бірге жобалап, нобайлап, шамалап түсіну мағыналы сөзі) — бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны (дараны), үлкеннің орнына кішіні немесе, керісінше, жалқынын орнына жалпыны, бөлшектің орнына бүтінді қолдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы. Кейбір лингвисттерше, синекдоха — метонимияның ең көп тараған түрінің бірі.

Мәселен, бір адамда бір-ақ бас болатыны белгілі. Сөйте тура, қазақ: — *Басың нешеу?* — деп сұрайды. *Төрт-бес жанбыз ғой...*— деп жауап береді. Төрт-бес тұяғымыз бар десе, төрт-бес қой-ешкім бар деген сөзі. *Бас екеу болмай, мал екеу болмайды; Қазан басыңда қаптаған ақ жаулық; көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошаңдасып қалды. Шекесі шығыңқы домалақ бастар, бүйірі созыңқы ұзын бастар-, өнерге біткен ашық маңдайлар, өнерсіз еті қалың маңдайлар екі жыл бойы алдымнан кеткен жоқ. (Ғ. Мұс.) Жат хабарды Жігітек алғаш естіген жерде бірталай ақ сақал, қара сақал боп, Оралбайды қатты қиналағанын да білді. (М. Ә.); Көп қорқытады, терең батырады; Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.(І.М.); Тұмсықтының тамағы шоқуменен*

табылар, өнер-білім дегенің оқуменен табылар, (Ы.А.); Артымыздан қол жетті.

Бұл сөйлемдердегі бас, жан, түяқ бастар, маңдайлар, сақалдар, ақ, сақал, қара сақал, көп бірді, мыңды, тұмсықты, қол дегендер синекдоха, олардың кейбірі мал (тұяқ), қалғандары, негізінен, адам, адамдар, қарттар, жастар, әскер деген сөздердің орнына жүріп, соларды алмастырып тұр; кейінде бүтіннің, тұтастық орнына бөлшек, кейде жекеше мағына орнына көпше форма қолданылып тұр.

Синекдоха да, метафора, метонимия сияқты, троптың — сөзді, сөз тіркестерін мәнерлеп, көркемдеу құралының бірі.

Синекдоха негізінде алмастырылған сөздердің мағынасы кейде кеңейіп, кейде тарылуы мүмкін.

Қазақтар: жақын жер, алыс емес деу орнына тиіп тұр, таяқ тастам жер, «хәу» дем жер,— дейді. Бұл да синекдоха.

Синекдоха кейде сықақ-әзіл, қалжың, комсыну, ерсі көру тәрізді мағына аңғарту үшін әдейі қолданылады; ондайда кейде адамның түр-тұлғасы, киім пішіні де еске алынады; Әй, дудар-бас! Әй, қисық! Әй, түлкі тымақ, сен берірек келші... Бұл мысалдардағы синекдохалар — дударбас, қисық, түлкі тымақ.

Қазақша қызылбас, қарақалпақ, — халық аты; алмұрт — жеміс, алмұрт өсетін ағаш; шабдал — жеміс, шабдал өсетін ағаш; қазақ, ұғымында сараң адам — Шығайбай, Қарынбай, Қарабай т. б.

Сөз мағынасын ауыстырып қолдану амалдары (метафора, метонимия, синекдоха т. б.) эмоционалды бояулар, сипаттармен, таңдану, жалыну, жалбарыну, сыйлау, еркелету тәрізді сезімдермен байланысты болып келеді. Соның нәтижесінде сөз мағынасы бірсыдырғы өзгеріске түсуі, «қырланып, сырлануы» мүмкін.

Мысалы *қозым, құлыным, құлыншағым, қарашығым, көгершінім, сұмдық жаман, сұмдық қорқынышты, керемет жақсы, асқан сұлу, ғажап (Таңғажайып, бұл қалай хат...)* т.б. осы сияқты тіркестердің қалыптасуынан да сөздерді ауыстырып қолдану жолдарының әсері аңғарылады.

4. Табу және эвфемизм. Табу – индонезия тілінен алынған термин болып, тыйым салу деген мағынаны білдіреді.

Меланезия мен Полинезияда бұл сөздің капу, тапу, тамбу деген синонимдері бар. Олардың да мағынасы — тиым салу. Табу құбылысы адамзаттың әлсіз кездерінде туған; ең алдымен этнография, адамзаттың діни наным-сеніміне, әлде неге сиынуына байланысты. Ерте замандардары соқыр сезім мен сенім, адамзаттың әр нәрсеге, әр құбылысқа табынуы, олар-ды ең, киелі, дүниедегі ең күшті құдірет деп санауы тіл-тілде өз ізін қалдырған. Қазіргі кезде табу халықтар салт-санаты мен тілінен мүлдем шығып қалды деуге болмайды. Тіл-тілде, ел-елде, жер-жерде табу ізі әлі де бар. Бірақ анық бір ақиқат: табу — түптің түбінде, келешекте жойылатын құбылыс. Оған себепкерлер — қоғамның, ілгері қарай дамуы, ғылым мен техниканың қарыштап алға басып бара жатқан прогресі, адамзат сана-сезімінің оянуы мен жаңаруы, адамзаттың өмір талабына сай нық басуы.

Табу алғашында мифологиялық сенім-наным, қорқыныш — сезімдерге байланысты қорытынды-тұжырымдар жасау нәтижесінде пайда болған. Осындай белгілі бір себептерге сай, тіл-тілде кейбір сөздер мен сөз тіркестерін өзінің тура атымен атамай, басқаша, бір келтірінді сөздермен, кейде мүлдем тұспалдап, алмастырып жеткізетін болған. Ақиқаты, ең басты принципі — сол құбылыс пен заттын, өзіні дәл атын атауға тыйым салу.

Зерттеушілердің айтуынша, табудың алғашқы шыққан жері, түп-төркіні, «отаны» полинезиялықтардың тайпалары. Полинезиялық-өмірінде бұл құбылыс күні бүгінге дейін мол полинезиялықтардың қоғамдық прогреске өзі ояна түсуіне қол байлаудың бірі болып айтқандық емес аяқ баспауы, аттамауы керек; ал бадуйлардың өздері өз аулынан бір қадам аттап шықпайды, бір тәулікке болса да басқа жерге бармайды; тек өз қонысы — өз жерінде өсіп-өркендейді.

Бадуилар бамбуктан жасалған үйлерде (лашықтарда) тұрады, оларды — үйлерін сваялар деп атайды; адамдары осы заманғы жаңалықтардың бірде-бірін қабылдамайды; ондайлардан үрке қашып, жиренеді. Мәселен, астыға төсенетін

матрас, ас ішер тарелка, сусын ішер стакан, жағар керосин мен шырақ сияқтылар — олар үшін тағы құбылыс. Бадуйлардың ежелгі заңы бойынша, төрт түлік мал ұстауға болмайды; жеріне ағаш не өсімдік отырғызып, егін егуге болмайды; жол салуға болмайды; ыстық тамақ, яғни тамақты пісіріп жеуге болмайды; ең ауыр күнә — хат танып, қағаз оқи білу. Индонезия үкіметі бұл жерге мектеп салмақшы болып қаншама әрекеттенсе де, әзірше ештеме шығара алмай отыр...

Бұл — нағыз табуға байланысты құбылыс, артта қалудың табуға негізделген нәтижесі.

«Әр елдің заңы басқа» дегендей, Британ Колумбиясы индеецтері тек қана балықпен күнелтеді; балық жеп жүріп, қарны тоймағандай, аштыққа ұшырағандай сезінсе, балгер (колдун) балық түрлес қарақшы (чучело) алып шығып, балық аулар жерлерге лақтырады екен; Мадагаскар аралында (қазіргі Малығаш республикасы) кірпішешен етін жеуге тыйым салыныпты; оның етін жесе, кірпішешен сияқты, қорқақ та, қорғаншақ болып қалады; Австралияның аборигендерінше (ежелгі тұрғындары), өз ата-бабасының, тайпасының атымен аталатын, солардың атына байланысты болып келетін аң-жәндік етін жеуге болмайды; ондай аң-жәндікті атуға, өлтіруге болмайды; оның себебі, оларша, өздері осы жан-жануарлардың арғы тегі, ата — бабаларынан жаралған.

Діни ырымшылдыққа байланысты сөздерді бүркемелеп айту табу деп аталады. Қазіргі қазақ тілінде табу сөздері діни ырымшылдықтың, қараңғылықтың жайылуына байланысты архаизмге айналды. Бұрынғы кезде табу сөздерін қолдаған әсіресе қазақ әйелдері болған. Ерте кездегі әдет-ғұрыпқа байланысты күйеуінің және оның ағайындарының аты болатын сөздерді олар тура айта алмаған. Мысалы:

...Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен. Күндердің бір күнінде ағайынды ақсақалдар үйінде әңгіме дүкен құрып отырады. Бір кезде ауылдың иттері жабыла үріп, шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта күйбеңдеп жүрген келінге: — Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, — деп жұмсайды. Келін жүгіре

басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір аю түлкіні қулап барады екен де, иттер соған үріпті. Үйге қайта еңбек болған келін кенет: «Япырау, мұның бәрі аталарымның аты ғой, қалай айтсам екен? — деп, қысыла ішке енеді.

Иә, балам, иттер неге үріпті? — деп сұрайды ақсақалдардың бірі. Сасқалақтаған келін:

Ауыл сыртында, аршалы бетте, атекем тәтекемді зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы жәкемдердің бәрі соларға қарап үріп жүр,— депті («Қ. әйелд.».) Бұл — табудың нағыз тамаша көрінісінің бірі. Мұндағы атеке деп отырғаны — Аюбай ақсақал; тәтекесі — Түлкібай қария; Жәкемдері — Итбай шал ескі әдет-ғұрып бойынша, келіндер қайын ата, қайын інілерінің дәл атын атай алмайды, басқашалап келтіреді. Мұндай әдет-дәстүр түркі халықтарында ертеректен бар: Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп бауыздап келдім, — депті бір келіншек қайын енесіне. Мұндағы сылдырама — қамыс; сарқырама — өзен; маңырама — қой; ұлыма қасқыр; жаныма пышақ; білеме қайрақ. Сонда бұл келіншектің Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Пышақбай, Қайрақбай тәрізді қайын ата, қайын інілері болғаны.

Эвфемизм — гректің euphemistos — жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алынған термин. Сырттай қарағанда, эвфемизм — тілдегі табудың бір көрінісі, синонимі. Шынтуайтқа келгенде, дәл олай емес, бірақ табуға жақын құбылыс. Эвфемизм — бір затты не құбылысты я болмаса бір уақиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі.

Шынында, эвфемизм — мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу —түптің түбінде, күндердің күніне жойылатын құбылыс, ал эвфемизм — тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары ішіндегі болашағы мол түрінің бірі.

Табу мен эвфемизмдердің бір кездерде діни ұғымдарға, наным — сенімдерге, қалыптасқан салт-санаға, дәстүрге байланысты шығып, халық тілдерінде қалдырған іздері әлі де бар дедік. Солардың бір тобы — аң, жануарлар, түрлі ауру-сырқауға қатысты (ономалар) атаулары, түрлі зиян, қиянат келтіреді-ау деген қорқыныштарға орай туғандар.

Мәселен, ертеректе ата-бабамыз қорыққанынан қасқырдың дәл атын атамай, — қарақұлақ, ұлыма, иткұс; жыланды — түйме, түймебас, тамшы, ұзынқұрт; жолбарысты да қарақұлақ деп атапты; моңғол қазақтары елік атып алдым деу орнына жирен атып алдым дейтін көрінеді; қазақтар қандаланы «қызыл, сасық, кебек» деп те атайды екен.

Әлсіз, шарасыз адам әр аурудан қорыққан. Сондықтан көбейіп кетпесін, жайылмасын дегендей, орысша корь (қызылша) ауруын — қызыл көйлек, мейман, қонақ, әулие, қорасан т. б.; қатты кесел ауруды — бір нәрсе көрінген, бір нәрсенің салқыны тиген деп бүркемелейтін; шайтанды — теріс табан, шимұрын; жай түсті — жасыл түсті; күн батты — күн байыды; мал суалды — мал байыды дейтін.

Дінге сеніп, наным - сенімге берілгендіктен, әлсіздікке байланысты адамзат өз атын да тура атамай, басқашаларына кез болған: Жынды бала, Тентек бала, Жаман бала, Ұры бала, Қара шаш, Қой көз, Алтын шаш, Ұзын шаш т. б. — әрі ұқсату, әрі көз тимесін дегендік.

Кісі аттарына байланысты эвфемизмдер мына сықылды болып келеді: ауылдағы үлкен кісінің аты Жоламан болса — Соқпақ жол; Сүттібай болса — Желінді уыз; Бұқабай — Сүзербай, Өгізбай; Қарабас—Боран шеке; Сарыбас—Шикіл шеке; Сары— Шикіл; Бейсенбі — Күн жұма аттас; Көжекбай— Қоян ата; Үзікбай — Дедеге; Жамантай — жайсыз тай; Ақбай — Қылаң ата; Түңлікбай — Қайырма; Қозыбақ — Кене; Жусанбай — Сыбақ; Қойлыбай — Жандық ата; Қамшыбек — Ат жүргіш; Бүйсенбай — Жуан ішек; Елеман — Халық есен; Асубай — Тарпаң; Асыл — Бекзат ата; Ақылбай — Ой ата; Мергенбай — Атқыш; Жылқыбай — Туар; Тышқанбай — Қаптесер т. б.

Жас әйелдер күйеуінің ағасының, балаларын өз атымен атамай, жалпы есіммен атаған: молда жігіт, сылқым жігіт, тетелес, еншілес, әкежан, төрем, төре жігіт, мырза жігіт, бойжеткен, ерке қыз, кішкенем, аппағым, айдарлым, шырақ, бөпежан, тұлымым т. б.

Кейде адамның бет-пішіне, кескініне, мінез-құлқына лайықты сөздермен де атаушылық болады: бауырсақ, айыр сақал, төрт сақал, көк көз, сақау, қасқыр көз, теке сақал, ши бұт, қосауыз мылтық, шегір көз, қисық, кекеш, күркілдек т. б.

Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдық нормаларға да байланысты болып келеді. Олардың өзін бірнеше топқа бөлуге болады: соның, ең бір көбірек тарағаны ауру — сырқатқа, дене мүшесінің кемістігіне байланысты туған алмастырулар. Мәселен, құрт ауруы (туберкулез, чахотка) орнына — жөтел ауру, көкірек ауру, жақ ауру; қылтамақ (рак пищевода) —аты жаман ауру; соқыр, бүкір, ақсақ,шолақ, керең, саңырау орнына — құлағының мүкісі бар, кемтарлау т. б. қолданылады.

Адам өлімі —қай заманда болса да ең корқынышты құбылыс. Сондықтан ерте кезден бастап-ақ адамзат өлім туралы естіртуге аса сақтықпен караған. Өлімді өз атымен емес, тұспалдап айтатын болған. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйі — осының ертедегі бір айғағы. Аққу ұшып көлге кетті, Сұңқар ұшып шөлге кетті. Ол адасып кеткен жоқ, Әркім барар жөнге кетті, - түрінде естірту көңіл айту қазақта көптеп бар.

Өлді деудің орнына жүріп кетті, аттанып кетті, қайтпас сапарға кетті, о дүниеге кетті, жаны жай тапты, ұйықтап кетті, демі бітті, қайындап кетті деп сөйлейді.

Некеге, семьяға байланысты эвфемизмдер: қатын — ертеректе, ханша, белгілі әйел, қатты әйел мағынасындағы сөз. Қазіргі қазақ тілінде анайы мағынада қолданылады. Сондықтан оның орнына — әйел, зайып, жамарат, жұбай, бәйбіше, нақсүйер; бай орнына — күйеу, ер, жұбай, жолдас (кейде шалым); қатын алды орнына — үйленді, құс қондырды, аяқтанды; күйеуден шықты (байдан шықты) —ажырасты; байдан шыққан қатын орнына есік көрген әйел (адам) т. б. қолданылады.

Кейбір эвфемизмдер кірме сөздер арқылы, кейбіреулері сөз ішіндегі дыбыстарды алмастыру арқылы (эллипинс), кейбір дөрекі делінетін сөздер — вульгаризмдер жазуда көп нүктемен белгіленіп, айтқанда (сөйлеп тұрғанда ондай-сөздер келіп қалса) интонация арқылы беріледі: кемпір — парсының кеюана деген, туалет, гарнитур, эллилепсия, рахит, диабет — орыс тілі арқылы енгендер; кісі аты Жақып болса, — Мақып, Ләмбет — Сәмбет, Ахмет—Сахмет т. б. Бұл топқа Ақа, Сәке, Әлеке, Беке сияқты құрметтеулер де жатады. Бұлар — эллипсистер. Сондай-ақ, ...Сөзіне ақ Айманның шыдай алмай, жіберді Теңге... дамбалына. (Айман-Шолпаннан). Асыңды ішейін, дағарақа т.-.ның кері болмай ма онымыз? (С. М.) Мұндағы көп нүктелер эвфемизмдер орнында тұр.

Троптар мен фигуралар — тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары арқылы көптеген эвфемизм жасалады. Мәселен, эвфемистік метафора: он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, алмасы өкпе болар қол батпаған. (А.); эвфемистік метонимия: Енді сіздің үйден қорсылдайтын, құлағын жейміз ғой. (Ғ. Мүс.) Анау ащы бар ма еді? («Жалын»); эвфемистік синекдоха: өзіміздің де қарнымыз ашты; Біздің бәйбішенің жолға берген азын-аулақ азығы бар. (С. М.); эвфемистік символ: Саусағы алтын сұңқарға ілдірейін деп келдім көлдегі үйрек-қазыңды. Алтайы қызыл түлкіңе қосайын деп ойлап ем құмай жүйрік тазымды. Тікбекке ақ үй сұраймын ел қонбаған сазыңды. («Б. Ж-»); эвфемистік ирония: көрінсін Біржан салға ай секілді, ақ құйрық көңіл ашар шай секілді; ұсынса, қол жетпейтін арғымағым, Арғынға бала-маймын тай секілді. (Біржан-Сара); эвфемистік парафраза: Әй, құраған-ай!..— деп, соған қосып аса қатты, сұмдық бір боқтық-ты айтып қалды. Оспанға ұрсамын деп — Ұлжанды боқтағаны еді. (М. Ә.); фразеологиялық эвфемизмдер; боқтасып қалды деу орнына түс шайысты, сөзге келді, тіл тигізді, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты; иттің бірдемесі дәрі болса, дарияға бірдеме етеді т. б.

Эвфемизмдер басқа тілдерде де көп. Мәселен, украин тілінде тітка (тетка)—безгек; сербше богине — шешек; латынша тапез «өлгендердің жаны» (жарықтық, аруақ); сербше

краса — жылан; божья милось — найзағай, жай, жасыл; сербше богме деу орнына сөз дыбысын ауыстырып, борме дейді; немістің поэтикалық тілінде өлім орнына — Ргеипсі НеІп (көңілдес, жақын, таныс, тамыр); түрлі аргодан да эвфемизм болады: купить — ұрлау; принить — елтіру; орысша қолданыстарда медведь (аю)—хозяин, ломака, мохнач, лесник, потапыч кейде қарапайым түрде — он;

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөз дегеніміз не? Сөздің ішкі және сыртқы формасы дегенде нені түсінесіңдер?
2. А.О.Резниковтің шеңберін түсіндіріп беріңдер.
3. Сөз мағыналары жайлы В.Виноградовтын классификациясына түсінік беріңдер.
4. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік беріңдер.
5. Көп мағыналы сөздер туралы не білесің? Оларды мысалдар арқылы түсіндіріп беріңдер.
6. Семасиология дегенде не түсінесің? Сөз мағыналарының түрлерін көркем шығармалардан мысалдар топтау арқылы талқылаңдар.
7. Функционалды семантика заңдылығы дегеніміз не?
8. Ұқсату заңдылығы дегенде не түсінесіңдер? Ұқсату заңдылығынан жасалған сөздердің көркем шығармалардағы орны қандай?
9. Сөз мағынасының кеңеюі мен тараюы дегенде не түсінесіңдер?
10. Бөлшектің бүтінге ауысу заңдылығына көркем шығармалардан мысалдар келтіріңдер. Бөлшектің бүтінге ауысуы заңдылығы негізінде мақалдар топтаңдар.
11. Метафоралық мағына жайлы түсінік беріңдер. Поэзиялық метафораға мысалдар келтіріңдер.
12. Метонимия дегеніміз не?
13. Синекдоха дегенде не түсінесіңдер?
14. Табу және эвфемизм дегеніміз не? Табу деген сөздің мағынасын ашып беріңдер. Қазақ тіліндегі табудың көрінісіне мысалдар келтіріңдер. Эвфемизмнің лингвистикадағы орны туралы түсінік беріңдер.

15. Көркем шығармалардан сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтарына мысалдар келтіріңдер.

СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Сөздерің лексика-семантикалық топтарына: омонимдер, омофондар мен омографтар, паронимдер, синонимдер және антонимдер кіреді.

Омонимдер

Омонимдер (гректің homos— біркелкі және onyma -ат атау деген сөздерінен алынған) —бірдей дыбысталып немесе бірдей жазылып; мағыналары басқа-басқа болып келетін сөздер. Мәселен, ат — көлік, төрт түліктің, жан-жануардың бірі; ат — етістік (мылтықты ат); ат —ауыспалы мағынада айт, сөйле (сөзді атып-атып жіберді, айтып-айтып тастады, төпелетіп-төпелетіп тастады, лақ еткізді т. б. мағынада).

Бір ғана алғашқы ат (көлік, төрт түліктің бірі) сөзі түрлі тіркестерде, фразеологиялық единицалар құрамында қолданылып, түрлі-түрлі мағыналарға ие болады: ат байлар (қазақ эвфемизм ретінде ер баланы осылай атаған); ат байлар — құда түсіп келгенде, құданың атын байлағаны үшін беретін кәде; ат байлады — сыйлады, тарту етті, ат мінгізді; ат басына күн туды — қиыншылық шақ келді, сыналар мезгіл болды; ат басына соқты — шегіншектеді, жүрексінді; ат басын бұрды — бұрылды, бағытын өзгертті; ат басындай алтын — көлемді, үлкен алтын; ат басын тартты — тоқтады, аялдады; ат басын тіреді (ат тұмсығын тіреді) — қонақ болып түсті, тоқтады, белгілі бір жерге жетті; ат бауырына алды — атпен қуып, өлімші етіп сабады; ат бойы — өлшем; ат жақты — бет әлпеті сопақша келген адам туралы айтылады; ат жалын күшті — еңкейе келіп ат мойнына асыла қуады; ат жалын тартып мінді — адам болды, ер жетті, азамат болды; ат кілін кесісті — араздасты, мүлдем безді; сондай-ақ, ат кебең, тартып қалды; ат-көлігің аман ба? Ат көпір қылып алды; ат …мінгізді; атқа жем түсті; атқа жеңіл құдаша; атқа қамшы басты; ат қақты; ат қойды; атқа мінер; атқа қара тіл болғанда (ерте көктемде

шыққан отқа жылқы аузы іліккен шақ деген мағынада); ат қойды; ат қойып айдар тақты; ат қосты; ат қосшы болдың, ба?; Ат құйрығын шарт түйді; ат құлағы көрінбейді; ат құлағында ойнайды; ат құрғатпай қатысты; ат майы — ат майын берді; ат мінгізіп, тон кигізді; атой берді — атой салды — ат қойды; ат ойнатты т. б.

Бұл келтірілген мысалдар алғашқы — бірінші ат сөзінің әрі көп мағыналығын (полисемия), әрі дәл осындай дыбыстас басқа да сөздермен омоним болып келетінін көрсетеді.

Дәлдеңкірей түссек, Атты әкелдің бе? Атың кім? Мылтықты кім атты?—деген сөйлемдердегі ат сөздері—үшеуі үш басқа мағына білдіретін үш түрлі дербес сөз. Үшеуінің мағыналары арасында ешқандай семантикалық байланыс жоқ.

Омонимдердің полисемиямен бір ұқсастығы бар: омонимдер де, полисемия да бірдей дыбысталып, айтылады, жазылады. Мәселен, ат — көлік; ат — есім; ат — етістік; мұндағы сырттай ұқсастық: үш сөз (ат) бірдей дыбысталып тұр.

Омонимдердің полисемиядан басты бір айырмашылығы бар: омонимдер бірдей дыбысталып, айтылып, бірдей жазылса да, әрқайсысының, яғни әрбір сыңарының мағынасы әр түрлі, басқа-басқа болады; ол мағыналар арасында байланыс жоқ. Келтірілген ат сөздері — мағыналары дәл осындай, басқа-басқа сөздер.

Ал полисемия, яғни көп мағыналы сөз, бірдей дыбысталып, бірдей жазыла отырып, мағыналары жағынан жақын, байланысты болып келеді. Мәселен, жүрек сөзінің номинативті мағынасы — қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағына орналасқан басты орган. Сонымен бірге жүрек — бірде кісінің жан дүниесі, рухани сезімі, кейде саяси-әкімшілік орын, орталық мағынасын білдіреді.

Сонымен қатар *ақ жүрек, асау жүрек, жүрегі айныды, жүрегі алқынды, жүрегі алып ұшты, жүрегі аузына тығылды, жүрегі бүлік етпеді, көкірегі дауаламады, жүрегі дүрсілдеді, жүрегі дір етті, жүрегі елжіреді, жүрегі жарылды, жүрегі жібімеді, жүрегі зу ете қалды, жүрегі зырқ ете қалды, жүрегі көтерілді, жүрегі қалтырады, жүрегі*

күшті болды, жүрегі қарс айрылды, жүрегі қобалжыды, жүрегі лүпілдеді, жүрегі мұз болды, жүрегін тебіренттті, жүрегінің түгі бар, жүрегі орнына түсті, жүрегі сазды, жүрегі суыды, жүрегі сыздады, жүрегі аттай тұлады, жау жүрек, жүрек жұтқан, жүрек жалғады, жүрегіне ас батпады, жүрекке жара түсті, жүрегіне жара салды, жүрек қылын шертті, қоян жүрек, су жүрек, жүрегі алып ұшты, жүрегі бүлк етті, жүрегі жанды, жүрегі жұмсақ, жүрегі құтты болды, жүрегі май ішкендей кілкілдеді, жүрегіме жұдырықтай боп тұра қалды, жүрегіме инедей қадалды, жүрегінде оты бар, жүрегі тас түйін болды, жүрегіне дақ түсті, жүрегі өрт боп жанды, жүрегі су ете түсті, жүрегі талды, жүрек өзегі талды, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегіне жылы тиді, жүрек қылын шертті, жүректі дерт алды т. б. Фразеологиялық тізбектерде ***жүрек*** сөзінің сан алуан семантикасы бар екеніне көз жетеді.

Сөйтіп, омонимдер мен полисемияның ұқсастығы — екеуінің де бірдей дыбысталатындығы, ал айырмашылығы — омонимдер бірдей дыбыстала отырып, мағынасы жағынан басқа-басқа болатындығы да, полисемияға жататын сөздер — мағыналары жағынан жақын болып келетіндігі.

Омонимдердің, омоним екеніне көз жеткізу үшін, ондай сөздерге синоним іздеп көру керек. Профессор Галкина-Федоруктың айтуынша, бірдей дыбысталатын сөздерге синоним мағыналы сөздердің ешқандай қатысы болмайды. Мәселен, ат — есім, ат—жылқы; орысша ключ — есік ашатын кілт; ключ — бұлақ; коса — бұрым; коса — шалғы орақ; ағылшынша base (бейз) -аласа; baве (бейз) —базис т. б. Бұл сөздер бірдей дыбысталып тұр, бірақ бір-бірімен синоним емес.

Қазақ тілінде ат — жылқы, тұлпар —дөнен, бесті, құнан т. б. сөздермен стилистикалық, контекстік синоним болып келеді, ал ат — жылқы, ат—- есім, ат — мылтық ат деген етістік мағынада ешқандай синонимдік, ешқандай полисемиялық ортақтық, байланыс жоқ.

Құрамына қарай омонимдер екі түрлі — түбір омонимдер, туынды омонимдер болып келеді.

Түбір омонимдер — ешбір қосымшасыз (аффикссіз), негізінен, атау тұлғада қолданылатындар: қыз — зат есім (Ұлболсын — қыз); қыз — етістік (қыз, қызба, онда менің шаруам жоқ) жүз сан — есім (Жүз сом ақшаң болғанша, жүз жолдасың болсын); жүз — зат есім (түр-түс, бет-әлпет; Ақ тамақ, қызыл жүз); жүз — зат есім (ұстараның жүзі); бет-әлпет, түр-түс (өткірдің жүзі, кестені бізі, өрнегін сендей сала алмас) т. б.

Туынды омонимдер — белгілі бір түбірге аффикс қосылу арқылы жасалатындар: жастық — зат есім (жастыққа жантая кетті); жастық, — сын есім (қайран жастық шақ!); жаса етістік (Жаса, жаса, көкке — өрле, Асау тарпаң, тұлпарым); жаса — етістік; жасанды - зат есім (бұйым, зат, талшық); жасанды — сын есім (жасанды зат, адам); тартпа-тартпа, бөлме-бөлме, кеспе-кеспе т. б. әрі зат есім, әрі етістік; романист-романдар авторы; романист — роман филологиясының маманы; т. б.

Сырттай қарағанда, омонимдер тілдің лексикасын сан жағынан байытқан, көбейткен сияқты болып көрінеді. Шындығында, олай емес. Мәселен, ат деген сөз — мағынасы жағынан жеке-жеке сөз. Ал дыбысталуы жағынан олар бір-ақ сөз. Омонимдер тілдің лексикасын саны емес, мағынасы жағынан ұлғайтады, кеңейтеді, көбейтеді. Дәл осы тұрғыдан алғанда, омонимдердің жасалуында тілде экономия (үнемдеу) принципін сақтаушылық байқалады. Кейбір сөздер бірыңғай дыбысталады да, мағыналары сан алуан болып келе береді. Сондықтан, сырттай қарағанда, ондай сөздерді алфавит тәртібімен реестрге (сөздікке) түсіргенде, сөз саны көбейген болып шығады.

Омоним мен полисемияның бір-біріне мағыналық қатынастары жақын. Омоним мен полисемияны бір-бірінен ажыратуда мағыналарының арасында семантикалық байланыстың жойылуы немесе жоқтығы кейде өлшемі бола алмайды. Омоним сөздер төмендегі жолдармен жасалады.

1. Кейбір омонимдер сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі арқылы пайда болады. Бұған бір себеп —

белгілі бір сөздің көп мағыналы пайда болуы, тууы, яғни полисемия.

Дәлденкірей түссек, бір кездерде бірер ғана мағына білдірген сөз келе-келе сол мағынаны өрбіте, тармақтата түсуі мүмкін. Оған себеп — өмірдегі жаңалықтар, табиғат қыр-сырының ашыла түсуі, адамзаттың таным — білімінің, кеңейе түсуінің тілдегі көрінісі. Әдетте, тіл — халық өмірінің айнасы. Халықтың тұрмыс-жайы, әдет-ғұрпы, күллі мәдени өрлеу дәрежесі, қоғамның қарыштап алға басуы халық тарихына, ол халықтың тіліне із қалдырады.

Осы сияқты жәйттерге сәйкес, бір кездегі бір мағыналы сөз келе — келе бірнеше дербес мағынаға ие болып кетеді. Мұндай құбылысты полисемияның, бара — бара омонимге айналуы деп атайды.

Мысалдар: Ай — планета аты; ай — бір ай, жыл есебінің бір кезеңі. Қазір бұл —екі сөз. Бірақ бұлар — бұрынғы бірақ сөз. Мағыналары жақын, бірақ ол мағыналар сәл де болса бір-бірінен алшақтап, семантикалық — сапалық, мазмұндық жағынан сараланған.

Ай сөзі толып жатқан фразеологиялық, единица жасауға негіз болады: айдай әлем, айдай сұлу, айдай таза, айдан анық, айдай аузы, күндей көзі бар, айды аспанға бірақ шығарды, айдың бір жаңасы, айдың күні аманда, айдың қараңғысы, ай-күні жақындады, ай қабақ, алтын кірпік т. б.

Тамыр - өсімдіктің түбір тарамы (Жас қарағай тамыр жайып, Жапты қайта даланы.— (Сырб. Мәул.); қан жүретін жол; тамыр — дос, жар, көңілдес, сыбайлас (Жақсы көрер тамырдың атын алма, тайын ал; Сол поселкеде Семен деген тамырым бар еді); ауыспалы мағынада: себеп, түбір, негіз (Жасыбай елде істелген бірсыпыра жолсыздықтың тамырын ашты (Б. М.). Сонда бұрынғы бірер мағыналы тамыр сөзінен бірнеше жаңа — бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы бар мағыналы сөздер, яғни полисемия пайда болған. Келе-келе олардың мағыналары алшақтап, жеке-жеке, дербес сөзге — омонимдерге айналған.

Тамыр сөзінің бір кезде көп мағыналы болғандығын мына тәрізді тұрақты тізбектер құрамында келуі де дәлелдей түседі:

тамыр ұстады, тамырына балта шапты, түп тамырымен құртты, тамыр жайды (өсті), тамырын тартып көрді, тамыр тартқан тарықпас, тамыр болды, тамырымен құртып жіберді, тамырына, қан жүгірді, тамырын басып көрді, тамыры суалды (С.К.).

Осы сияқты, тең — буылған жүк (зат есім); тең - бірдей, қатар, құрбы-құрбылас, замандас, үзеңгілес (сын есім); бір кездегі бірақ сөз; қазір полисемиялық мағынасы алшақтап, омонимге айналған екі сөз. «Тең» сөзінен теңбе — тең, теңдей, теңделу, теңдес, теңестіру, теңдесу, теңдік, теңелту, теңеу, теңселу, теңдік бермеді, теңеліп кетті, тең келмеді, тең көрді, тең құрбы, тең түсті, теңін ақтарды, теңін тапты т. б. сөздер мен сөз тіркестері жасалады.

Сөйтіп, ай, тамыр, тең сөздері — бұрынғы көп мағыналы, қазіргі омоним сөздер. Бұл мысалдар — омонимдердің сөз мағынасының лексика-семантикалық жақтан дами келе пайда болатынына дәлел.

2. Кейбір байырғы сөздер тілдің даму барысында белгілі бір фонетикалық өзгерістерге ұшырап, соның нәтижесінде бірер тілде бұрыннан бар екінші бір сөзбен бірдей дыбысталып, ақырында, омоним пайда болып кетеді. Мұндай құбылысты дыбыстық өзгеріс-сәйкестіктер, алмасулар нәтижесінде пайда болған омонимдер деп атайды.

Қазақ тілінде алмасуға ұшыраған дыбыстардың бірі — ғ-г,-ш-с дауыссыздары. Мәселен, атқа салатын ер сөзінің ертеректегі дыбысталуы — егер; осыдан егерле, (қазақша; ертте), азербайжанша — иеһер; қырғызша — ээр, ұйғырша — егәр. Дәл осы форма (егер) Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тілінде сақталған: олар кейде атты ертте деу орнына атты егерле деп айта береді.

Қазіргі қазақ тілінде егер — дің «г» дыбысы түсіп қалған да, сөз еер болу орнына ер болып ықшамдалған. Қазақпен туыстас қырғыз тілінде екі дауысты қатар (Алатоо) келе береді, ал казақ тілінде екі дауыстының бірі түсіп қалады; ЖаңА Арқа, Сары Арқа, қарай ма екен, ала ма екен (Жаңарқа, Сарарқа, қараймекен, аламекен т. б.)

Сол сияқты, біз— зат есім; біз — есімдік; екеуі — бір-бірімен омоним. Алғашқы, зат есім біз — дің бұрынғы дыбысталуы — бігіз; қазірде де ұйғырлар бігіз, бегіз түрінде айтады;. бігіз деу Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тілінде де бар; әдеби тілде сөздегі г дыбысы түсіп қалып, есімдік біз — бен омонимдес болып шыққан. Сондай-ақ, зат есім мағынасындағы бас сөзіндегі с орнында кейбір туыстас тілдерде ш қолданылады; қазақ тілінде ш (баш, бош, гөш т. б.) с дыбысына айналып, етістікпен (бас) омонимдес болып шыққан. Сары, торы (сын есімдер), бу (зат есім) сөздерінің бастапқы дыбысталуында да ғ (сарығ, торығ, бұғ, буғ) болған көрінеді. (Қ. Аханов.)

3. Кейбір омонимдер сөз түбіріне аффикстер қосылу арқылы жасалған. Ондайлар, әдетте туынды омонимдер қатарына жатады; ондай омонимдердің жасалуына омонимдес аффикстер себепкер болады. Мысалдар: шық + ыс-шығыс әрі—зат есім, әрі етістік (ортақ етіс); жел-ік — желік— әрі зат есім, әрі етістік; қызық, жабық, қырсық, былық, ентік — әрі сын есім, әрі зат есім, әрі етістік омонимдер.

4. Бірсыпыра омонимдер кірме сөздердің тілдегі байырғы сөздермен бірдей дыбысталып келуі арқылы жасалған. Мәселен, орыстың волость сөзі казақша болыс (Болыс болдым, мінеки, бар малымды шығындап.— А.) болып өзгеріп, етістік болыс (көмектсе, жәрдемдес) сөзімен омоним болып шыққан.

Омонимдердің түрлері көп. Бірақ оларға қатысты терминдерде лннгвистика оқулықтарында ала-құлалықтар бар. Мәселен, К. Аханов лексикалық, лексика — грамматикалық, аралас омонимдер деп топтастырса, орыс тіліндегі оқулық авторларының бірі ондайларды — толық, жартылай, бірі— грамматикалық, бірі — омофондар, омографтар т. б. түрде атайды.

Тіл фактыларын ескере келгенде, біздіңше, омонимдердің негізгі түрлері мыналар: толық омонимдер, жартылай омонимдер (толық, жартылай ассимиляция т. б. деген терминдерді еске ала кетейік), фонетикалық омонимдер, орфографиялық омонимдер, көп компонентті омонимдер,

омонимдерге қатысты лингвистикалық басқа да құбылыстар (паронимдер, каламбурлар).

1. Толық омонимдерге жататындар — дыбысталуы жағынан бірдей, мағыналары жағынан басқа-басқа, барлық тұлғада омоним болып келетін, біркелкі формаларда түрлене алатын сөздер. Мысалдар: тамақ — анатомиялық атау (Ақ тамақ, қызыл жүз; Қарағым, бетіңді аш!). Тамақ — ас, тағам, қорек (Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын); саз — сыз; саз — үн, әуен, бірдеменің нақысы; жаулық — кимешектің, бір түрі; жаулық — қастандық, дұшпандық (Жаулық салған басына жаулық қылма «қасыңа»); сыр — адамның ішкі ойы; сыр — бояу; жаса — өмір сүр; жаса — бірдемені істе; қыста — мекенді қоныс қыл; қыста — қысым көрсет, қыспаққа (жауапқа) ал; уат — иландыр, көндір (Айғаныс, Ілияс жанды уат); уат — ұсақта, майдала, бөлшекте (Айғаныс, қантты уат, Ғалияштың тісі өтпей отыр) т. б.

Бұл келтірілген мысалдардың алғашқылары — зат есімдер, кейінгілері, етістік омонимдер. Мұндайларға тән ерекшелік: зат есімдер — зат есімдердің күллі формаларымен, етістіктер етістікке тән барлық категориялармен бірдей түрленеді. Формалануы, түрленуі бірдей. Сондықтан мұндай сөздер әрқашанда бір-бірімен омоним болады да, толық омонимдер делінеді.

Бұған көз жеткізе түсу үшін, зат есім омонимдерді зат есімше, етістік сөздерден болған омонимдерді етістікке тән формалармен түрлендіріп көрсек, олар сол өз категориясына ғана тән көрсеткішті қабылдайды да, солайша түрленеді. Мысалдар: Аппақ қардай тамағың; тамағың ән салғанда, бүлкілдеген; Жаса, көкке өрле... Қайрат жаса, құрыштан!

2. Жартылай омонимдер — кейбір формаларда ғана бір-бірімен омоним болатын сөздер. Өйткені ондай омонимдер сыңарлары бір ғана сөз табынан жасалмайды, әр түрлі сөз табынан жасалуы мүмкін. Дәлдеңкірей түссек, ондай омонимдердің бір сыңары зат есім болса, екінші сыңары етістік болуы мүмкін. Мұндайда олар белгілі бір формада ғана бірдей дыбысталады, ал әр сөз табынан жасалғандықтан, түрленгенде, бір-бірімен омоним бола алмайды.

Мәселен, көш — зат есім; көш — етістік. Осы формада, атау түлғада бұл екеуі — бір-бірімен омоним. Қаратаудың басынан көш келеді. Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,— дегенде, көш сөзі мен көшкен сөзі бір-бірімен омоним болудан қалады.

Сондай-ақ той — зат есім; той — етістік; табыс — зат есім; табыс — етістік; желік, айтыс, қыс, ұста, көр дегендер — әрі зат есім, әрі етістік. Сол сияқты, құла, торы, қара, жирен, ірі, аш ауыр — әрі сын есім, әрі етістік, сен — жіктеу есімдігі; сен - етістік; жазық — әрі зат есім, әрі сын есім, тең — әрі зат есім; әрі сын есім. Мұндайлар — жоғарыда айтылғандай, атау тұлғада тұрғанда омоним болып, түрленгенде, омоним болудан қалатын сөздер: той тондынікі; тойда тойып алды (тойда, тойып); құла қасқа алда келе жатыр еді, омақаса құлады т. б.

3. Көп компонентті омонимдер — кейбір сыңары толық, кейбір сыңары жартылай омонимдер болып келетін сөздер. Орыс тіліндегі оқулық авторлары омонимдердің мұндай түрін жеке алып қарамайды. К. Аханов мұндайларды аралас омонимдер деп атайды. Шындығында, бұларды аралас деп те, көп компонентті деп те атауға болады: бірдей дыбысталатын бірнеше сөздің бірер қатары — толық омоним, бірер қатары ғана жартылай немесе барлық сыңары, түгел алғанда жартылай омоним болып келеді. Мәселен, жаз — зат есім, антонимі — күз; жаз — етістік (хат жаз); жаз — етістік, синонимі — емде (ауруды жаз — емде); жай — жасыл, найзағай (зат есім); жай — етістік (дастарқанды жай); жай — мекен, орын, тұрақ (зат есім); жай — ақырын, зорға, әсер, қараптан-қарап, бостан-бос (үстеу); жай — кеш (үстеу); жай келдің ғой; жақ — анатомиялық атау (зат есім); жақ — грамматикалық категория аты (I жақ, III жақ); жақ — ұна (етістік); жақ — жандыр (етістік).

4. Фонетикалық омонимдер (омофондар)—біркелкі айтылып, түрліше жазылатын, мағынасы мен сыртқы тұлғасы басқа-басқа болып келетін сөздер. Мәселен, асшы - ас даярлайтын адам (зат есім); ащы — сын есім, антонимі — тұщы; екеуі де бірдей— ашшы түрінде айтылады, бірақ жазылуы да, мағыналары да басқаша. Сондай-ақ, қара ала —

сын есім; қарала — етістік, антонимі — ақта; қара ат — сын есім; қарат — көрсет (етістік); сары ала — сын есім; сарала — етістік т. б.

5. Орфографиялық омонимдер (омографтар) —біркелкі жазылып, екпіннің әр түрлі түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздер. Мысалдар: алма — зат есім; алма— болымсыз етістік; тартпа, кеспе, бөлме, салма — әрі зат есім; әрі етістік; Барса-келмес — жер аты {зат есім); барса, келмес — етістік; Ешкі өлмес — жер аты; ешкі өлмес — зат есім мен етістік тіркесінен жасалған анықтауыш; «Қалың мал» — роман аты; алдымызда қалың мал жатыр; бет алды — алдыңғы жағы, келе жатқан, бет түзеген жағы; бет алды— босқа, бекер т. б.

6. Паронимдер — дыбысталуы жағынан жақын, негізінен, бір түбірден өрбіген, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздер. Дегенмен, кейде ондай сөздердің жазылуы да, мағынасы да біршама жақындап қалуы мүмкін. Паронимдер орыс тілінде: абонемент — белгілі бір жайда белгілі бір затпен белгілі бір уақытта пайдалану (мәселен, абонемент алып бер — билет алатын қағаз алып бер); абонент — сол қағаз, яғни абонемент иесі; идеалистік — идеализм принципке негізделген (бағыт); идеалды — белгілі, күшті, басым, алып түсетін; парламентарий — парламент мүшесі; парламентер — келіссөз жүргізуге өкілдік алған адам; эффективный — нәтижелі; тиімді; эффектный — көз тартарлық, қызықтырарлық; значение — значимость; оплатить — уплатить; осваить — усвоить; проблемный — проблематичный; проблематический; существо — сущность т. б.

Кейбір лингвистер орыс тіліндегі кампания — компания деген тәрізді омофондарды, экскаватор — эксковатор сияқты әр түрлі түбірлерден шыққанымен, дыбысталуы жағынан жақынырақ сөздерді де пароним қатарына қосады.

Қазақ тілінде өкімет — үкімет, ғылым — білім ілім, хал — ахуал, халық — халайық, үкім — өкім, суару — суғару, киіз — үй — киіз үй сияқты бастапқы бір түбірден өрбіген сөздерді де,сондай-ақ, Рабдолла — Абдолла — Әбділда, Ғали — Қали

— Әли, Ғайша — Айша тәрізді ономаларды да паронимге жатқызуға болады.

7. Каламбур — француздың caiemhoиг (сөз әзілі) дегеннен алынған термин. Ағылшынша бұл құбылысты pan (пан) деп атайды. Лингвистикада каламбур дегеніміз — не біркелкі дыбысталатын, не біркелкі жазылатын әр түрлі мағыналы ойнақы сөздер, сөз әзілі, сөз қалжыңы, сөз тіркестері. Каламбур тіл — тілдің бәрінде бар, әсіресе поэзияда көбірек ұшырасады. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, В. Маяковский қазақ қаламгері
С. Торайғыров, Т. Жароков, Х. Ерғалиев, әсіресе М. Әлімбаев т. б. ойды керкем де бейнелі түрде жеткізе түсу, күтпеген жерден дәлдей, айқындай кету мақсатымен толып жатқан каламбур жасаған.

Мысалдар: Аяғыңа қарамай, басып алдың қара май (Мәлім); Жадағай сөздің досы емен, Бұл жолы өтпей көшемен, Ауылға бардым,— қарсы алды, Былтырғы еккен жас емен (Т. Ж.) Дәмді аспен қарным тойса деген арман, Мұршам аз ой ойлауға онан арман; Қалқам, жаным, қарағым, Бетіңе келмес қарағым (Сұлтмах.); тағы сынды жан едік, тағы келдік тар жерге, Таңдансаң тағы болар ма?! (М. Ө.)

Каламбурда ойды астарлы түрде білдіру, тептіштей түсу, сүйкей салу, қалай ұқсаң, солай ұқ дегендей иек арта тастау мағынасы басым болады. Каламбур — ойды дәл тауып, әсем де келістіріп жеткізуге себепші құралдың бірі.

Қазақ тілінде каламбур кез келген сөз табынан, біркелкі айтылатын, жазылатын сөздерді басқа-басқа мағынада қолдану арқылы жасала береді. Мысалдар: «Қайрат» біздің етті қайрат, Ащы терін төкті «Қайрат», Сыннан сынбай өтті «Қайрат!» (Ә. Т.) Ауыр екен қап, әттең-ай, қап! Ескек ескен Есенгелді ағамыз, Асау Ертіс жағасында ағамыз (Мәлім).

Каламбур омонимнің барлық түрінен жасала береді: Қас батыр атты Жауына шапты. Біреуін атты, біреуін шапты. Қашқанын түйреп, Сасқанын сүйреп, Жыртқызып жерді, Ақыры жеңді (Мәлім).

Каламбур кейбір сөзді әр түрлі саққа жүгірту, сөз мағынасын әдейі саналы түрде бұрмалау, кейде орфоэпиялық

нормасын әдейілеп бұзу, сөзге ойыны-шыны аралас мән беру, кейде сөзге өзінше, өзіндік, «жалған» этимология - түсінік беру тәсілдері арқылы да жасалады; өтірік өлеңдер де каламбур туғызуға себепші болады.

Антонимдер

Антоним гректің anti - қарсы, onuma - ат, атау деген сөздерінен жасалған термин. Антонимдер деп - мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді айтамыз. Мысалы: *жақсы – жаман, арзан – қымбат* т.б.

Қарама-қарсы ұғымдар белгілі бір логикалық категориялардың ең шеткі екі мүшесі болып табылады. Олардың арасында үшінші бір аралық мүше болуы мүмкін.

Мысалы: *жақсы – шамалы – жаман* деген қарама-қарсы ұғымдарды бірін-бірі жоғары шығарып қоймай затқа жаңа баға береді. Бірақ ұғым логикалық болады да, антонимдер тілдің категория ретінде сақталып қала береді. Антонимдік мағына қарама-қарсылық, сапалық ұғымдарды білдіретін сөздерге ғана тән категория.

Мысалы: *жұмсақ – қатты, қалың - жұқа* дегенде әрі атауыштық, әрі сапалық қасиет бар. Сондықтан да антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі сын есімдер. Мысалы: *кәрі – жас, терең - саяз, ыстық – суық, тар - кең т.б.*

Ал, зат есімдерден антоним сөздер өте аз жасалады. Мысалы: пайда – зиян, бай – кедей, өтірік – шын, бақ – сор.

Туынды зат есімдерден жасалатын антонимдердің де негізгі түбірі сапалық ұғымды білдіретін сөздер екені сезімді. Мысалы: *тарлық - кеңдік, аштық – тоқтық, жастық - кәрілік.*

Үстеу сөздерден жасалған антонимдер санаулы ғана. Мысалы: *ерте – кеш, бері - әрі, ілгері – кейін, жоғары - төмен.* Сондай-ақ антонимдер қарама-қарсылық мәні жағынан бір-біріне тепе-тең болуы керек.

Мысалы: *тар - кең, алыс – жақын, ұзын – қысқа.*

Қазақ тіліндегі антонимдерді классификация жасағанда проф. Ғ.Мұсабаев мынадай 4 топқа бөледі:

Антонимдердің бір сөйлем ішінде қолданылуы;

Іргелес сөйлемдерде қолданылуы;

Бірнеше антоним сөздердің бір сыңары одан кейін берілуі; Антонимдерді аралас қолдану.

Бұлайша түрге бөлу антоним сөздердің контекстік мағынасын көрсетуге бағытталған негізінен антонимдердің контекстегі тұлғалық және мағыналық ерекшелігіне қарап төмендегіше топтарға бөлуге болады:

1) Жалпылық мәнде болатын антонимдер.

Мысалы: а) Ит үрер жақсыға да, жаманға да.

б) Алыс пенен жақынды жорткан білер.

2) Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдер. Мысалы: Енді еңбек бейнет емес, зейнет.

3) Алтернативті мәнде болатын антоним сөздер.

Мысалы: а) Ендеше ер бол да ақтал, немесе ешан да жазала.

б) Сонда ұйқы мен ояудың, түс пен өңнің арасында.

4) Тұжырым, пікір, мәнде болатын антонимдер.

Мысалы: Еңбек түбі зейнет, Ашу дұшпан, Ақыл дос,

Шабыспақ оңай, табыспақ қиын.

5) Субъект перидикаттық қатынаста болып келетін контекстегі антоним сөздер (контест – байланыс, құрылыс).

Мысалы: Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек, тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек (Абай).

6*) Көркем әдебиетте заттың, құбылыстың сыр-сыйпатын бейнелеп, айқындап көрсететін антоним сөздер.* Мысалы: тірі өлім, тірі аруақ, құрғақ су, жақсы өлім.

7) Кері мағынада қолданылатын антоним сөздер: мысқылдау мақсатындағы сөзді әдейі кері мағынада қолданушылық кездеседі. Мысалы: қорқақ деудің орнына батыр деу. Қара кісіні аппағым деу кері мағынада қолданылады.

8) Жалпы есімнің орнына жалқы есімді және оны керісінше атау тәсілі антонамация дейіледі. Мысалы: Сараң - Қарабай, мылжың - Мырқымбай.

9) Антонимдер антитезаның бір тәсілі ретінде де қолданылады.

Мысалы: Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,

Ұқсайды қаса сулу шошылғанға (Абай).

Синонимдер

Синоним (қатар атау) мағынасы бір-біріне жуық, өзара өте мәндес сөздерді айтамыз. Синоним сөздердің бір-бірінен мағынасы жағынан айырмашылығы сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады. Өзара мәндес сөздердің топтары синонимдік қатар немесе синонимдік ұя деп аталады. Синонимдік қатар болу үшін кемінде екі сөзден кем болмауы керек.

Мысалы: ақ, шалыққан, сондай-ақ ел, жұрт, халайық, халық, т.б. Синоним сөздер тірек сөз ретінде ылғи *доминант* сөз ретінде қолданылады.

Мәндес сөздер тобының ішінен мағынасы жағынан айрықша көзге түсіп, сол топтағы сөздердің барлығына бірдей жалпылама мағынасын ашық, айқын аңғартатын сөз доминант сөздер, тірек сөздер деп аталады.

Мысалы: халық, ел, жұрт, әулет дегенде синонимдік ұяның халық дегені доминант синоним болады. Доминант синоним сөздерінің мына сияқты өзіндік белгілері бар:

1. Доминант сөздерінің мағынасы артық та емес, кем де емес дәл мөлшерде болады. Мысалы: ауру, сырқат, науқас, дерт.

2. Доминант сөздерінің стилдік мәні бар бейтарап сөздер болады. Мысалы: ат, есім, ныспы, т.б.

3. Доминант синонимдер басқа сөздерге арқау болады. Мысалы: ерлік, батырлық, қаһармандық, жауынгер.

4. Неологизм мен көнерген сөздер қатар келгенде, доминант синонимдер ол сөздерге тірек бола алады. Мысалы: оқушы, шәкірт, жауыргер, сарбаз, т.б.

5. Жалпы халықтық сөз болып диалектизм қатар келгенде, доминант синонимге әдеби тілге бейімі алынады. Мысалы: көйлек-жейде, мата-кездеме.

6. Жеке сөздер мен тұрақты сөз тіркестері синоним болып қолданғанда доминант сөзге көбінесе, жеке сөз алынады. Мысалы: лезде, көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында.

7. Синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар бір-біріне белгілі бір системаға икемделіп теліну жағынан ажыратылып, шектеледі. Мұны синонимдік шек дейді.

Мысалы: қарт дегенде сөзбен кәрі деген сөздің мағынасы өз ара мәндес синоним бөлігімен оның контекстегі қолданылуы жұмсалу шеңбері бірдей емес, қарт деген сөз адам, кісі сөздерімен тіркеседі де, басқа сөздерге мүлде тіркеспейді. Кәрі деген сөз көптеген сөздерге тіркесіп, қолданыла береді. М, кәрі адам, кәрі кісі, кәрі қой. Бірақ қарт жылқы, қарт қой деп тіркестіріп айтуға болмайды.

Синонимдер контексте алдыңғысы соңғысын, соңғысы алдыңғысын айқындап, күшейте түсетін тіркесті плеонастикалық синтагма дейміз. М: ежелгі ескі досым, айдын шалқар көл, құр бекер, әуел баста, сәске түс, орасан зор т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі синоним сөздер мынадай жолдармен жасалады:

1. Синонимдер сөз тудыру тәсілдері аффикс арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар: а) -с, -ыс, -іс: жиналыс, мәжіліс, кеңес, отырыс. ә) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: б)-ым, -ім,-м: бітім, келісім, наным, сенім, өнім, түсім. в)-у: демеу, медеу, сүйеу. г) –лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті: айыпты.

2. Кірме сөздер арқылы жасалатын синонимдер, М: сом-теңге, мұржа-труба, кеспес-бошка, ілгек-күрмек, пішін-порым т.б.

3. Диалектизмдердің есебінен көбейетін синонимдер , Мысалы: үлкен –пәс, кіліт - ашар, ұрпақ - кебек, қатарлас - тебейлес, кішкентай-пыштай т.б.

4. Фразеологиялық тіркестердің жеке сөзбен синонимдес келуі арқылы жасалуы. М: Қой аузынан шөп алмас - момын, жуас. Соқырға таяқ ұстатқандай - ашық, айқын, анық сөздерінің орнына қойылады.

5. Байырғы төл сөз бен сөз тіркестері термин сөздермен мәндес келіп синоним сөздер жасалады. М: табиғат суреті - пейзаж, бейне -образ, жыр - эпос, сықақ - сатира, қор - фонд, қиял - фантазия т.б.

6. Тілде белгілі бір эвфемизм, дисфемизм басқа бір сөздермен не сөз тіркестерімен келіп синонимдер жасалады.

М: өлді деудің орнына жүріп кетті, дүниеден өтті, жан тәсілім қылды деген сыпайы эвфемизм түрі қолданады.

7. Сөздің барлық мағыналары жақтан дамуы, қосымша жаңа мағынаға ие болуы нәтижеде синоним сөздер жасалады. М: түбі – өсімдіктердің түбі, адамның түбі. Сол керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, түбім Қызай (М.Әуезов.) Осындағы түп сөзі бірінші сөйлемде тура мағынада қолданып тұр, ал екінші сөйлемде туынды мағынада қолданып тұр.

Синоним сөздер өзара мәндес болуы мен қатар ол сөздер түрлі сөз таптарынан жасалады. Осы сөздерді төмендегіше топтастыруға болады:

1. Зат есімнен болған синомимдер - өң, түр, түс, келбет, пішін, ажар, мүсін, көрік, кескін, дидар, шырай.

2. Сын есімнен болған синонимдер: салмақты - сабырлы, байыпты, байсалды, ұстамды.

3. Етістіктен болған синонимдер: 1) сауығу - жазылу, айығу.2) жолуғу - кездесу,ұшырасу.

4. Есімдіктен болған синонимдер: барлық - барша, бүкіл, бәрі, күллі, түгел т.б.

5. Үстеулерден болған синонимдер: таяуда – жуырда, жақында, жуықта.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөз мағынасының лексика-семантикалық топтары дегенде не түсінесің?
2. Омонимдер дегеніміз не және олар қалай жасалады? Омонимнің қандай түрлері бар?
3. Антоним дегеніміз не? Мағынасы қарама-қарсы сөздер қалай жасалады?Антонимдерге мысал бола алатын мақалдар айтыңдар.
4. Синоним дегенде не түсінесіңдер? Синонимдер қалай жасалады?
5. Омоним және полисемияның айырмасы неде?
6. Көркем шығармалардан сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтарына мысалдар келтіріңдер.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ МЕН СӨЗДІК ҚОРЫ

Қазақ тілі лексикасының құрамын негізгі сөздік қор мен сөздік құрамды белгілейді. Сөздік құрам тілдегі мыңдаған сан алуан сөздерді қамтып, бірнеше салалардан және лексикалық қат-қабаттардан тұрады. Сондай-ақ арнаулы терминдер белгілі бір кәсіпке, шаруашылық түріне байланысты сөздер енеді.

Бұдан басқа да қазақ лексикасында басқа тілден енген көптеген сөздер, яғни араб, парсы, иран, монғол, орыс т.б. енген сөздер де бар.

Негізгі сөздік қор. Негізгі сөздік қорға қазақ тіліне ертеден өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер, кейін жасалған туынды сөздер жатады. Бұлар халық тілінде әбден қалыптасып жалпыға түсінікті болады. Негізгі сөздік қор жаңа сөздердің жасалуына ұйытқы болады М:етік-етікші, жұмыс-жұмысшы, күн-күндікт.б.

Тілде туынды жаңа сөздер негізгі сөздік қордағы сөздердің базасы түрлі тәсілдер жасалып отырады. Ек, ет, іс, су көк деген түбір сөздерде, егін, орақ деген туынды сөздер негізгі сөздік қорға жатады. Негізгі сөздік қорға жататын сөздер мен сөз тудырушылардың қабілеті бірдей емес. М: есімдік, сан есім, үстеу, сөздерге қарағанда зат есім мен есімдік тобындағы сөздердің сөз жасам мүмкіншіліктері әлдеқайда басым. Тілдегі трактор, комбайн, электр, радио, агроном сияқты сөздерден қолдана келіп жалпы халықтық сипат алып, негізгі сөздік қорға енеді.

Негізгі сөздік қор талай ғасырды басынан кешірген байырғы көне сөздер болады. Негізгі сөздік қор тілдегі сөздердің барлық жиынтығы қарайды.

Осы сөздерге және шығу тегіне талдау жасаймыз.

Қазақ лексикологиясының құрамын тарихи жақтан алып қарасақ, ертеден келе жатқан арна қазақ тілінің байырғы төл сөздері. Қазақ тілінің байырғы төл сөзі негізгі сөздік қорға енумен бірге шығу төркіні жағынан туыстас түркі тілдеріне ортақ сөздер болып табылады.

Онымен бірге қазақ халқының басынан кешірген ұзақ тарихында талай-талай халықтармен мәдени шаруашылық

қарым-қатынастар болған мен монғол, араб, парсы, орыс т.б. енген сөздер де қазақ тілі лексикасын құраған қат-қабаттар мен арналар болып табылады. Осы лексикадағы қай қабаттар мен арналардың бәрі түркі тілдеріне ортақ сөздер.

Қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік қорына енетін байырғы және түркі тілдерінің әрқайсысына тән ортақ сөздерді негізгі түрлері мыналар:

Мал шаруаларына байланысты атаулар:

қой, жылқы, ат, байтал, түйе, бота, қозы.

2. Аң-құс атаулары: аю, қарға, бүркіт, бұлбұл, түлкі,

3. Адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар:

бас, аяқ, қол, көз, мұрын, ауыз.

4. Табиғаттағы құбылысқа байланысты атаулар:

тау, жер, су, өзен, көл, тас, жел, ай, күн.

5. Еңбек құралдары атаулары:

пышақ, ара, біз, тырма, күрек.

6. Егін шаруашылығына байланысты атаулар.

бидай, арпа, тары, жүгері.

7. Адамның туыстық қатынасына байланысты атаулар:

қыз, ата, шеше, аға, әйел, күйеу.

8. Тамаққа байланысты атаулар: ет, май, сүт, айран.

9. Тұрмыс қажетіне байланысты атаулар:

Үй, киіз, кілем, алаша.

10. Заттың сапасын,белгісін көрсететін сөздер:

ақ, сары, қызыл, көк, ыстық.

11. Есімдік сөздер: мен, сен, ол.

12. Сан есімдер: бір, екі, үш, т.б.

Қазақ тілінің лексикалық құрамының баю жолдары. Қазақ тілінің сөздік құрамы негізінен екі жолмен байиды, тума және кірме жолдармен толығып отырады.

Тума жолмен баю тәсілі морфологиялық және синтаксистік жолдар болып, әрбірінің қызметі ерекше.

Морфологиялық тәсілдің сөздік құрамды байытудағы рөлі.

туынды зат есімнен: келіншек, кітапша, дәрігер, еңбекші, өнерпаз, аялдама, тұрмыс, көрермен, балалық, ұғым, түйін.

туынды сын есімдер: өнімді, табиғи, қызба, оймақтай, айдай, сергек, білгіш, сыйлы.

сан есімдер: екілік, бірлік, мыңдаған, жарым, ширек, жарты, үшеу, жүздеп.

туынды үстеулердің түрлері: ауызша, кеңінен, жазғытұрым, кейде, осылайша, әдейлеп, қайтадан, соңынан, өлердей, шарасыздан.

туынды етістіктерден: қарамау, сөйлеу, кештету, суғару, төбелеу, сығалау, күлімсіреу, бүктеу.

есімдіктерден болған туынды сөздер: әнекей, мұнша, соншама, өзімшіл, барлық, барша, әнекүні.

2. Синтаксистік тәсілдің сөздік құрамды байытудағы рөлі

біріккен сөздер: қарақат, бүгін, биыл, әкел, тоқсан, өйткені, ағайын, білезік.

қайталама қос сөздер: әрең-әрең, бара-бара, қолма-қол.

қосарлама қос сөзер: (комнонентгері мағыналы)

а) қайшы мәндес сыңарларынан тұратын: бар-жоқ, ақ-қара, үлкенді- кішілі, оңды-соңды, қысы-жазы.

ә) мәндес сыңарлардан: қауып-қатер, күш-қуат, әл-ауқат, үлгі-өнеге. т.б.

қосарлама қос сөздер: (компонентері мағынасыз)

а) бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз: тоқты-торым, бала-шаға, дәрі-дәрмек, келін-кепшік, жора-жолдас, жас-жосық.

ә) екі сыңары да мағынасыз сыңарлардан жасалған: ағыл-тегіл, быт-шыт, алай-дүлей. т.б.

- күрделі сөздер: тау ешкі, қой жуа, бас киім, аяқ қап, қол алысу.

Сөздік құрамның тағы бір баю жолы кірме сөздер жолымен толығып отырады. Қазақ тіліне қоғам, дәуір әсерінен өзге тілдерден бірнеше сөздер енген. Олар қазіргі тілімізге етене еніп, сіңісіп кеткен.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер: абырой, бақыт, дос, емтихан, мәлімет, нан, ас, ұстаз, арба, дәрігер, пән.

Монғол тілінен енген сөздер: нөкер, нұр, жыл, маңдай, жорға, мешін, т.б.

Орыс тілінен енген сөздер:

а) тұрмыс қажетіне енген сөздер: керуерт, бөтелке, бөшке, кәмпит, шәйнек.

ә) әкімшіліке байланысты сөздер: шен, ауылнай, контор, пима, түрме.

Интернационал терминдер:

а) ағылшын тілінен: комбайын, трактор, бокс, футбол, тренир, финиш, торт, т.б.

б) француз тілінен: люстра, компот, билет, гектар, атака, такси, аванс, т.б.

с) италян тілінен: балкон, дуэт, студия, касса, т.б.

д) неміс тілінен: папка, кран, цех, штраф, штаб, курорт, т.б.

Түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздер мен монғол тілдерінен енген сөздер

Түркі тілдері сияқты монғол тілі де жалғамалы тілге жатады. Түркі тілдері мен монғол тілдерінің ара қатынасы жақын екендігін тіл ғалымдары әлдеқашан дәлелденген. Түркі және монғол тілдеріне ортақ сөздердің түрлерін көрсеткенде оларды төмендегіше топтарға бөлуге болады:

1. Антонимдік атаулар мен туыстық қатынастарды білдіретін атаулар: қазақ, қырғыз, өзбек тіліндегі бен сөзі монғол тілінде бэл түрінде кездеседі.

Сондай-ақ, қазақ, башқұрт, татар, қырғыз тілдеріндегі бажа сөзі монғол тілінде база түрінде кездеседі.

2. Еңбек құралдарының атаулары: қазақ, қарақалпақ тіліндегі бұрынғы сөзі, қырғыз тілінде бұрғу, ал монғол тілінде бурын түрінде ұшырайды.

3. Малға байланысты атаулар: қазақ тіліндегі бура сөзі қырғыз тілінде буура, монғол тілінде бугра түрінде кездеседі.

4. Кейбір түбі және туынды етістіктер: қазақ, қарақалпақ, өзбек тілдерінде сұра етістігі, татар тілінде сора, монғол тілінде сура түрінде кездеседі.

5. Сондай-ақ, монғол және қазақ тілдеріндегі сөздердің дыбыстық үйлесімділігі төмендегідей болып келеді: қазақ тілінде жә және жоқ сөздері, монғол тілінде заа және зақ түрінде, тарау-тарақ, төлеу-толох, төл-дош, дала-тал түрінде кездеседі.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер

Қазақ тілі лексикасынан орын алып қазақ халқы сөздігінің бір арнасы болған араб парсы тілдерінен енген сөздер.

Араб, парсы, иран тілдерінен қазақ тіліне сөз ену ертеден, сонау VIII-XIXғ шамасынан басталады. VIIIғ. шамасында арабтар Орта Азия және Қазақстан жерін басып алады. Басып алған жерлерінде дінді уағыздайды. Соған байланысты діни кітаптар пайда болады.

Оқу-білім, ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер: ғылым, ғалым, өнер, мәдениет, кітап, тарих, дәптер, талап, ғұлама, мектеп.

2. Абстракт ұғым атаулары: аброй, мейір, нәпсі, арам, адал, сабыр, тағдыр.

3. Адамды әр алуан жақтан білдіретін сөздер: бейбақ пақыр.

4. Әлеуметтік жағдайға байланысты сөздер: әлеумет, мекеме, арыз, әдет, заң. т.б.

5. Дінге байланысты сөздер: тұмар, шариғат, сопы, қажы, тәуіп, ақырет. т.б.

6. Парсы-иран сөздері: дұшпан, дос, дүние, баға, пайда, сауда, базар.

7. Кісі атаулары: Жаппар, Сабит, Райхан, Әсия, Рахман, Зейнеп, Алима. т.б.

8. Уақыт атаулары: дәуір, дәурен, заман, ғасыр, маусым. т.б.

9. Түрлі құбылыс атаулары: дүние, сағат, табиғат, сахара, мекен, мүлік.

Орыс тілінен енген сөздер

Орыс тілінен енген сөздерді негізінен 5 кезеңге бөліп қолдануымызға болады. Мұны проф. -.Мұсабаев осылайша бөледі.

I кезең XVII ғасырдың басына дейінгі кезең. Бұл кезеңге дейін орыс халқы мен қазақ халқының арасында соншалықты күшті байланыс болған мен екі халық ортасында аз да болса қарым-қатынас болып тұрғандығы байқалады. М: сол кездегі мынадай сөздерді атауға болады: жулик (жүлік), т.б.

II кезең XVII ғасырдың басынан бастап XVIII ғасырдың іші болған. Бұл кезеңде орыс халқы мен қазақ халқының қоныс араласуы. Осы кезде мынадай сөздер қазақ тілінде пайда болады: закон, указ, генерал, губернатор.

III кезең XIX ғасырдың II жартысы болады. Бұл кезде мынадай сөздер пайда болды: дуга (доға), ящик (жәшік) т.б.

IV кезең XX ғасырдың бас кезі болады. Бұл кезде мынадай сөздер пайда болды: доктор, агроном, институт, электр т.б.

V кезең. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуір. Бұл кезде мынадай сөздер орыс тілінен енді: бригадир, цех, звено, спорт, директор т.б.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрам дегенде не түсінесіңдер?
2. Сөздік құрамның баю жолдары туралы не білесіңдер?
3. Тума жолмен баю туралы мәлімет айтыңдар.
4. Кірме сөздер тәсілімен баю жолына түсінік беріп өтіңдер.
5. Қазақ тіліне орыс, араб-парсы тілдерінен енген сөздерге мысал келтіріңдер.
6. Өзге тілдерден енген сөздердің маңызы неде?
7. Түркі тілдер тобына қайсы тілдер кіреді? Түркі тілдеріне ортақ сөздерге мысалдар келтіріңдер.
8. Сөздік құрамның баюына әсер ететін факторлар туралы не білесіңдер?

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ТОПТАРЫ

Қазақ тілі лексикасының стильдік топтары мыналар: жалпы халықтық лексика, арнаулы сөздер, бейнелі (эмоционалды-экспрессивті) сөздер, көнерген сөздер (архаизмдер, историзмдер), неологизмдер, кітаби лексика, диалектизм, варваризмдер, іс-қағазы және ресми документтік сөздер, публицистикалық сөздер.

Жалпы халықтық лексика. Жалпылама сөздер әр алуан стильде әдебиеттің барлық жанрында қолданыла беретін бүкіл жұртқа бірдей. Жалпы халықтың лексикаға белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың жазу тілінде болсын, сөйлеу тілінде болсын, барлығында бірыңғай біртектес үлгіде қалыптасқан, нормаға түскен сөздер жатады. Жалпы халықтық лексикаға тән қасиет табиғилық, қарапайымдылық, ашық айқындылық және т.б. сөздерге ұйтқы болушылық. Қазақ тілінде жалпылама

лексикаға да осы айтылған қасиеттер тән. Оны С.Торайғыров шығармаларының мына бір өлең шумағында да байқауға болады. М:

Жаз жетіп, қар кетті, сулар ағып,
Күн де тұрар жарқ-жұрқ етіп, нұрын шашып
Құлпырып, жүз құбылып,жердің жүзі
Қуанбас жан-жануар бұған неғып.

Поэтикалық лексика. Поэтикалық сөздер өзінің табиғаты жағынан басқа лексикалық қатпарға қарағанда әуезді, әсем, эстетикалық көркем сөздер. М: ләззат, нәзік, дидар, сағым, т.б. Абайдың мына өлеңін алып қарайық: *Иығымда сіздің шаш, Айқайласып, тайталас, Ләззат алсаң болмай ма?*

Термин сөздер. Термин сөздер деп ғылым мен техниканың мәдениет пен шаруашылықтардың түрлі салаларында қолданылған арнаулы сөдерді атаймыз. Қазіргі қазақ тілі сөздер құрамында өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің алуан түрлі салаларында қолданылған, алуан түрлі салаларында қолданылатын көптеген термин сөздер бар. Термин сөздерге байланысты ғылым - терминалогия деп аталады. Термин сөздер әр түрлі жолдар мен жасалды.

Әдеби тілде бұрынан бар кейбір төл сөздер терминдік мағынаға ие болып, белгілі бір саланың терминологиясына тиімді де, әбден орнығып қалыптасады. М: қазақ тіліндегі айналым (аборот), нұсқау (инструкция), екпін, тырнақша сияқты сөздер ғылымның әр саласында термин сөздерге айналып, қалыптасып кетті.

Іс-қағаздар, ресми документтік сөздер. Ресми документтік сөздерге іс-қағаздарының үлгілері кіреді. Қоғамдағы адамдардың және олар қызмет істейтін мекеме, өндіріс орындарының бір-бірімен қатынасы көбінесе іс-қағаздары арқылы іске алады. Сондай-ақ үкімет орындары жалпы халық арасындағы түрлі қатынастар және бір ел мен екінші ел арасындағы қарым-қатынас та ресми документтер арқылы жүзеге шығарылады. Іс-қағаздар тобы әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Олар негізінен мыналар: өтініш, сенім хат, жедел хат, қол хат, анықтама, мінездеме, т.б. Іс-қағаздарының әрқайсысының бұрыннан

жаттанды бірыңғай сөздері мен сөйлемдері бар. М: *өтініш қағаздар*: өтінемін, сұранамын, *хабарландыруда*: мәжіліс болады, қаралатын мәселе, *қол хаты*: мен алдым, мен бердім, *анықтамада*: анықтама берілді, растаймын, *сенім хат*: ұсыну үшін берілді, *протоколда*: жиналыс болды, *актта*: қол қоюшы, мына жағдайда жасалды, *шартта*: мәсела жөнінде шарт жасап отырмыз, *міндеттемеде:* міндеттеме алынады, көмектесеміз сияқты бірыңғай сөздер мен сөйлемүшелер үлгілері қолданылады.

Публицистикалық сөздер. Қазіргі қазақ тілі әдебиеті тілінің үлкен саласының бірі газет, журнал, күнделікті баспасөз тілі басқалардан өзінің сөздік құрамы мен жазу стилінің көп түрлілігімен ерекшеленеді.

1. Газет, журнал, күнделікті баспасөз тілінің басты ерекшеліктерінің қатарына біршама қалыптасқан, дайын сөз тіркестері мен сөйлемдердің грамматикалық формаларының қолдануына да жатқызуымызға да болады.
2. Публицистикалық сөздер мен сөз тіркестеріне мыналар жатады: табысқа жету, шабыт беру, жарысқа шақыру.
3. Публицистикалық афоризмдерге мыналар жатады: жарыс-табыс, еңбегіне қарай өнбегі, күте білген ұта біледі.
4. Етістіктің -у-да, -ү-де формасының сөйлемде баяндауыш қызметінде шақтық мағынада білдіру фактілері публицистикалық сөздерге тән қасиеттер: жүргізіліп отыр, жүргізіліп келеді деп жұмсалады.

Кітаби лексика. Қазақ халқында XVII-XIX ғасырларда тілді одан арғы кезеңдердегі жазу, сызу мәдениетінің бірі кітаби тіл болады.

Кітаби лексика жөнінде пікірлер сан-алуан кітаби тілдің Орта Азия халқына тән деп қарасақ, ал кейбіреулер татар, шағатай, түркі тілдерінің қоспасы деп те атайды. Бұл екі пікірдің де азды-көпті шындығы бар. Орта Азия халықтары, қазақ халқы,бұлардың бәрінің 1940 жылдарға дейінгі жазуы араб жазуы болған. Өйткені сол халықтың жалпыхалық тілінің негізінде емес басқа тілдің негізінде құралады. Сонымен кітаби лексикаға татар, башғұрт, өзбек, жалпы түркі тілдерінің және араб, парсы, т.б. тілдері араласуынан туған жалпы қазақ

халқына түсініксіз түрлі қоспа тілдің элеметтерін жатқызуға болады. Бұған Абайдың қара сөздерінде көп мысалдар бар. М: Білім-ғылым үйренбекке, талап қылушыларға әуелі білмек керек. Оларды білмей іздегенмен табылмас, - дейді. Осылардың барлығы кітаби лексиканың сөздері.

Варваризмдер. Тілде баламасы бола тұрса да шет тілден ырықсыз сөздер қосып сөйлеу не сол тілдегі сөзді бұзып сөйлеу варваризм деп аталады. М: 1896 жыл «Известия казахского университета» журналында мынадай өлең басылған.

Астымда мінген атым генадушка
С утра работаем қара кешке,
Көп айдың көрмегелі болды лица
Жүрмесің здрави милый душка.

Жаргон сөздер. Шағын ғана әлументтік топтар пайдаланатын арнаулы сөздер мен сөйлемдерді жаргон сөдер деп атаймыз.

Жаргондарды көбінесе дворяндық аристократия мен буржуазияның топтары арасында қолданған. Жаргондардың өз алдына сөздік қоры, граматикалық құрлымы жоқ.Бірақ жалпыхалықтық тілдегі сөздерді өз мақсатына қарай мағынасын өзгертіп басқаша түрде қолданады. Шын мәнінде қазақ тілінде жаргондық дәрежеге жеткен сөз болған емес. Бірақ әр кезде белгілі әлеуметтік ортада пайда болып қазір біржола жоғалып бара жатқан жаргондық сипаты бар сөздер мен сөйлемдер элементтері болады. Тілде арготизм сөздер де қолданылады. Арго кейбір әлеументтік ортада және топтардың тілінде кездеседі.

Мұнда жалпыхалықтық сөздер шартты түрде әдейі бір шамаланып алынады. Жаргон үстем таптың жоғарғы топтарына тән болса, арго-төменгі әлументтік топтарға тән, бүркемелеу мақсатынан туған. М: *Үй таза ма?* дегені *Үйде кісі жоқ па*? деген мағынаны білдіреді.

Диалектизмдер. Диалект, говор деп халықтың я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері жергілікті тармақтарын, бөлшектерін атаймыз. Барлық тілдерде біреуінде аз, біреуінде көп мөлшерде диалектілік ерекшеліктер сақталған.

Диалектілік сөздер ерте замандағы рулық, тайпалық тілдерден қалған. Диалектілік сөздер тек бір аймақта тұратын адамдар арасында ғана қолданылады. Соларға ғана түсінікті болады және олар сөйлеу тілінде қолданылады.

Кәсіби сөздер. Кәсіби сөздер жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып дамуымен қалыптасады. Соларға байланысты заттардың, өндіріс еңбек құралдарының процесінің атауларын білдіреді. Кәсіби сөздер деп белгілі бір кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылатын лексикалық атауларды айтамыз.

М: Арал, Каспи балықшылар тіліндегі шола деген сөз бар. Шола балықтың азаюы деген сөз. Мұны балықпен шұғылданбайтындар түсінбейді.

Кәсіби лексика көркем шығармаларда да кезеседі. Кәсіби сөзді қолданушы жергілікті халықтар. Қазақ тілінің төл сөздері мен термин сөздер жасауда кәсіби сөздердің мәні бар.

Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынаны анықтайды. Сөйтіп кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. М: бағбан, дақыл сөздерін басқа сөздермен атауға болмайды. Бұлар белгілі бір ұғымның дәлділігін білдіреді.

Эмоционалды – экспрессивті сөздер. Жалпы халық тілінде көңіл күйіне байланысты сөздер мол. Адамдардың көңіл күйі және бергілі бір құбылыстарға қарайтыны жайындағы сөздерді эмоционалды-экспрессивті сөздер дейміз.

Адамдардар мен құбылыстардың көзқарасын білдіретін мынадай сөздер бар: көсем, шешен, дала,ақын, арам, адал.

Мұндағы сөздердің қуаттылығы оның өз бойындағы мәні мен реңіне байланысты. Сөздің семантикасына тән қасиеті, әсерлігі эмоционалды-экспрессивті сөздер болып табылады. Сөздердің реңі мен күйін білдіретін негізгі тәсілдер морфологиялық формалар: -шық, -ша, -ше, -ке, -тай, -жан, -қан жұрнақтары зат есім сөзіне жалғанып эмоционалды-экспрессивті рең білдіреді.

Сайып келгенде адамның көңіл күйін, ішкі сезімін білдіретін және қасиетті жағымды, жағымсыз реакция туғыза

алатын ерекшелігі бар сөздерді эмоционалды сөздер деп атаймыз.

Экспресивті сөздер көркемдеуші, бейнелеуші сөздерді білдіреді. Экспрессия - латын сөзінен алынған сөз болып **көркемдеуші, бейнелеуші** деген мағынаны білдіреді. М: С.Торайғыровтың мына бір өлеңін алайық:

Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар,

Осындағы қорлық, зорлық деген сөздер кейіпкер басындағы ауыр көңіл кҮйді көрсетудегі эмоционалды сөздер.

Эмоционал-экспресив сипаттағы сөздерге түрлі морфологиялық қосымшалар жалғау арқылы да беріледі.

М: *Әсемпаз болма әр неге*
Өнерпаз болсаң әрқалан

осындағы –паз қосымшасы сөзге эмоционалды қасиет үстеп мейлінше әсерлі етіп көрсетіп тұр.

Эгзотикалық лексика. Эгзотикалық лексика қазақ тіл білімінде тіпті зерттелмеген тың сала. Эгзотикалық сөздер баспа сөздерде жиі кездеседі. Осыған қарай олар мынадай түрге бөлінеді:

Қоғамдық саяси әкімшіліті басқару ісіне байланысты эгзотикалық лексика , М: сұлтан, әмір, би.

Ақша, өлшем, қаражатқа байланысты эгзотика м: фунт, динар, рупия.

Өсімдік жәндік атауларына байланысты эгзотикалық лексика М: жидек, ағаш, құмырсқа.

Көнерген сөздер. Қазіргі қазақ тілі лексикасының актив және пассив топтары бар. Пассив топтарға көнерген сөздер кіреді де, актив топтарға неологизмдер кіреді. Сонымен бірге негізгі сөздік қордағы термин сөздер, профессионалды сөздер, эмоционалды-эксрессивті сөздер жатады. Бұл сөздер негізіне актив сөздерге енеді. Көнерген сөздер тарихи орнына қарай екі топқа бөлінеді: архаизмдер мен историзмдер.

Заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары **архаизмдер** деп жүртіледі.

Тілдегі кейбір сөздердің белгілейтін заттар мен құбылыстары бір жола жоғалып кетпей, олар қазірде басқа

сөздермен аталып келеді. М: ескі ай аты: желтоқсан-декабрь, қаңтар-январь, қараша-ноябрь.

Тілдегі кейбір сөздер өздері белгілейтін заттар мен құбылыстар жоғалуымен байланысты көнереді де, сөздердің пассив тобына айналысып мүлде қолданудан шығып қалады. Мұндай сөздерді **историзмдер** деп атаймыз. М: М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясынан мынадай сөздерді көруге болады: «Абайдың келісі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу деп, қол ұстату деп те аталады. Ең алғашқы келіс осы». Бұл тарихи эпопеядағы келтірілген үзіндіден *ұрын келу, жыртыс сала келу, қол ұстату* ескі әдет-ғұрыптан туған көне пассив сөздер. Бұл көпшілік жастарға түсініксіз қолданудан қалып бара жткан сөздер болып табылады.

Қазақ тілінде историзмдер мағынасына қарай төртке бөлінеді:

Материалдық мәдениетке байланысты историзмдер. М: «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырында мынадай тіркестер кездеседі: «Қаба жүнді қайың оқ, қарға жүнді қамыс оқ» дегенде қаба деген сөз сақал және жал деген сөздер мен тіркесіп келеді. М: қаба жал-қаба сақал.

Әкімшілік басқаруға байланысты термин сөздер историзмге жатады. М: қазы, би, атшабар, болыс, хан.

Қоғамдық өмірге байланысты өткен дәуірдің ерекшелігімен туған сөздер: М: ханым, ханша, ханзада, бикеш, бәйбіше, тоқал. Төңкерістен кейін туған сөздер историзмге жатады.

Қазақ тіліндегі историзмдерді лексика-морфологиялық ерекшеліктеріне қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Қазақтың көнерген байырғы сөздері өзара іштей 3 түрге бөлінеді.

а) қарапайым сөздер м: *жақ, жебе*.

ә) күрделі сөздер м: ат *ұстар, ат шабар*.

б) сөз тіркестері: м: *босаға аттау, шұбар төс.*

2. Ескі түркі тілдеріне тән көнерген сөздер. М: *будун(халық), бек, мырза.*

3. Араб, иран тілінен кіріп келген көнерген сөздер: М: *жаназа, дуа, дозақ.*

4. Орыс тілінен енген сөздер. М: *синдикат, губсоюз*.

5. Көнерген сөздердің күрделі түрлері де кездеседі. Мұнда күрделі сөздің бір компоненті байырғы қазақ сөзі болса да, екінші компоненті ауысып келген сөз болады. М: *шар айна*, *шар* - мықты, берік деген қазақ сөзі, ал *айна* - иран тілінен енген сөз.

Неологизмдер. Неологизмдер деп тілде жаңа ұғымдарды білдіретін тың сөздерді айтамыз.

Неологизм сөздер жаңадан пайда болған зат атауын және жаңа ұғымды білдіретін сөздер болып табылады. М: депутат, коллектив, т.б.

Қазіргі өзіміз қолданып жүрген компьютер, слайд, қолтелефон, интернет т.б. деген сөздер тілде кіріккен жаңа сөздер болып келеді.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Стиль сөзінің мағынасы не?
2. Қазақ тілі лексикасының стильдік топтары дегенде не түсінесіңдер?
3. Жалпы халықтық лексика дегеніміз не?
4. Арнаулы лексика дегенде не түсінесіңдер?
5. Варваризмдер мен жаргон сөздерді неге пайдаланамыз?
6. Ресми және іс-қағаз стильдеріне мысалдар айтыңдар.
7. Кәсіби сөздер мен публицистикалық стиль дегенде не түсінесіңдер?
8. Поэтикалық және экспрессивті сөздерге мысалдар келтіріңдер.
9. Диалект сөздердің ерекшелігі неде?
10. Актив және пассив лексемалар туралы мәлімет беріңдер.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ

Тіл арқылы қатынас жасау процесінде сөздер, әдетте, жеке дара күйінде емес, бір–бірімен тіркесіп қолданылады. Сөздердің тілдің граматикалық заңдарына орайласып, емін-еркін тіркесуінен синтаксистік единицалар-еркін(ерікті) сөз тіркесімен сөйлемдер жасалады.Сөздердің жалпы тіркесі және

синтаксистік(еркін) сөз тіркесі сөздердің бір –бірімен емін-еркін тіокесуінен жасалады. Бірақ сөздер бір-бірімен жапа тармағай тіркесе бермейді,мағыналарының үйлесімділігі болғанда ғана, тіркесіп жұмсалады. Мағыналық үйлесімділік сөздердің бір-бірімен семантикалық жақтан үйлесуге бейімділігі дегенді білдіреді. Еркін сөз тіркесінде оны құрастырушы сыңарлар(сөздер) мағыналық үйлесімділік шеңберінде басқа сыңарлармен(сөздермен) ауыса алады. Мысалы: *оқушымен сөйлесу - мұғаліммен сөйлесу - қойшымен сөйлесу; т.б*

Сөздердің еркін тіркесіне сырттай ұқсас,бірақ іштей, яғни тілдік табиғаты жағынан,оған қарама-қарсы қойылатын *оймақ ауыз, жүрек жұтқан, жүрегі тас шығу ат-тонын ала қашу, т.б* тәрізді тіркестер бар.Бұлар құрамы жағынан тұрақты болып келеді де, бүтіндей оралым бұрыннан тіркескен дағдылы қалпын сақтайды, сыңарлар «ешкімнің еркіне көнбей», «өзінен өзі тіркесіп қойған» тәрізді болып ұғынылады.

Фразеологиялық оралымның түрлері

Фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-бірінен әрқашан ашық ажырата бермейді, осыған орай, оларды классификациялау (түр-түрге бөлу, топтастыру) тіл біліміде өте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылып, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылып жүр. Фразеологиялық оралымдар лингвистикалық әдебиеттердің бірінде бүтіндей тұрақты тіркестің тұтас мағынасы мен оның (тіркестің) сыңарларының мағыналарының ара қатысы жағынан топтастырылса, екіншілерінде құрылымы жағынан үшіншілерінде қызметі (функция) немесе эмоциональды-экспрессивті қасиеті жағынан топтастырылады.

Академик В.В.Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық(фразеологические сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство) және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші

Н.М.Шанский аталған класссификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың төртінші түрі фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение) деп есептейді. Енді фразеологиялық оралымдардың аталған түрлерінің әрқайсысына тоқталайық.

Фразеологиялық тұтастық. Семантикалық жақттан бөлініп ажыратылмайтын, біртұтас мағынасы сыңарларының мағынасымен жуыспайтын (байланыспайтын) фразеологиялық оралым фразеологиялық тұтастық деп аталады. Фразеологиялық тұтастықтың құрамындағы сыңарлар(сөздер) бір-бірімен біте қайнасып, өз ара тұтасып, бітісіп кетеді де, бүтіндей тіркес семантикалық жақтан бөлінбейтін,бір тұтас единица ретінде ұғынылады .Фразеологиялық тұтастықтардың білдіретін мағыналары осы тіркестерді құрастырушы сыңарлардың (сөздердің)мағыналарынан келіп тумайды, олармен(сыңарларымен) мүлдем жанаспайды, байланыспайды. Мысалы, аузы-мұрны қисаймастан деген фразеологиялық тұтастықтың білдіретін бір бүтін мағынасы (ұялмастан, шіміркенбестен) осы тіркестің құрамындағы аузы-мұрны және қисаймастан деген сөздердің білдіретін мағыналарына иүлдем сәйкеспейді.

Фразеологиялық бірлік. Фразеологиялық оралымдардың бұл түрі де - фразеологиялық тұтастық сияқты, семантикалық жақтан бөлінбейтін, бір тұтас(бүтін) единица. Фразеологиялық бірліктің фразеологиялық тұтастықтан айырмасы мынада: фразеологиялық тұтастықтың бір бүтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарымен мүлдем жанаспайтын болса, фразеологиялық бірліктің бөлінбейтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарының бүтіннің бір тұтас келтірінді мағынасына ұласуы нәтижесінде пайда болады. Фразеологиялық бірліктің мағынасы - бір тұтас образды мағына, бірақ туынды мағына. Фразеологиялық бірліктің бір тұтас туынды мағынасына оны құрастырушы сыңарлардың бәрінің де, әрине қатысы бар, бірақ бұл қатыстық тікелей емес, жанама түрде болады. Фразеологиялық бірлік фразеологиялық тұтастықпен семантикалық бөлшектенбеуі (мүшеленбеуі) жағынан жақындаса, одан (фразеологиялық тұтастықтан)

семантикалық туындылығы, бір бүтін мағынаның құрастырушы сыңарлардың мағыналарымен байланыстылығы жағынан ажыратылады. Мысалы: ауырдың үсті,жеңілдің астымен, ауыз жаласу, тілі қышу, түймедейді түйедей ету, тайға таңба басқандай, мақтамен бауыздау, тамырына балта шабу, т.б.

Фразеологиялық тізбек. Фразеологиялық оралымның бұл түрі ерікті мағынасындағы(свободное значение) сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында, тіркескен күйінде жұмсалады. Фразеологиялық тізбектің қатарына орыс тіліндегі *щекотливый вопрос, шекотливое положение, загадычный друг* тәрізді тұрақты сөз тіркестері мен қазақ тіліндегі мидай дала, асқар тау, шалқар көл, тас қараңғы, ата жау тәрізді тұрақты сөз тіркестері енеді. Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынасындағы сөз алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсалуға икемді болса, фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөз бір не бірен-саран сөзбен ғана тіркеседі. Мысалы, мидай дала, шалқар көл, т.б.

Фразеологиялық сөйлемше. Фразеологиялық оралымның бұл түрі мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келеді. Мысалы: Айдағаның екі ешкі, ысқырығын жер жарады; Шегірткеден қорыққан егін екпес; Көрпеңе қарай көсіл; т.б.

Фразеологиялық сөйлемше фразеологиялық тізбектен құрамында байлаулы мағыналы сөздің болмауы жағынан ажыратылады.

Фразеологиялық оралымдардың ішінде құрылымы жағынан да, мазмұны жағынан да тілдің коммуникативті единицасы - сөйлемге сәйкес келетіндері бар. Бұлар - мақалдар мен мәтелдер, қанаты сөздер. Мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздер фразеологизмдердің қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында жұмсалатыны; құрамының тұрақтылығы ескеріледі.

Мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау,соңғысында қорытынды,түйінді пікір айтылады. Мысалы: Кең болсаң, кем

болмайсың. Әзіл айтсаң да әділ айт. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің мәнін келтіреді және т.б.

Мәтелдерде ой-пікір, топшылау мақалдардағыдай, тікелей кесіп айтылмайды да, образды түрде жанамалай айтылған ишара болады. Мысалы: Қызым саған айтам, келінім сен де тыңда, біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді және т.б.

Фразеологиялық оралымдардың пайда болуы, шығу негіздері

Тіл-тілде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған. Олардың жасалуына алуан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер негіз болған.

1) Фразеологиялық оралымдарға әр түрлі құбылыстардың адам ойында қорытылған образды бейнесі негіз болуы мүмкін. Мысалы, ер қашты болу(мағынасы «әбден жалығу») деген фразеологиялық оралымның негізінде көп мініс аттың ер саларда одан қашып мезі болуы,бойын аулақ салуының бейнесі жатыр. Әдете, ер қашты болу деген тұрақты сөз тіркесін қолданғанда, жоғарыдағы құбылыстың негіз болғаны біздің ойымызға келмейді.Сондықтан да бұл тіркес адам ісіне байланысты қолданыла беріледі.

2) Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына түрлі аңыздар, әр түрлі ұғымдар мен түсініктер негіз болғандығы аңғарылады. Мысалы, халықтың түсінігінде (ескіше) жақсы ит аулаққа барып өледі. Осындай түсінік «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген мақалдың жасалуына негіз болған. Осыдан келіп, халық алыс жерді ит өлген жерде немесе ит арқасы қиянда дейді.

Қазақ тіліндегі кейбір фразеологиялық оралымдар бұрынғы кездегі ескі әдет-ғұрып, салт-санамен байланысты пайда болған. Бұған біреуді сүйеу, қоштау мағынасында айтылған *шашбауын көтеру, жыртысын жырту, сойылын соғу* тәрізді тұрақты сөз тіркестерін жатқызуға болады.

Уақыт өлшемі – «сағат», «минут», «секунд» деген ұғымдар және олардың атаулары бірден пайда болмаған. Бұл ұғымдар мен олардың атаулары жоқ кезінде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе белгілі бір мезгілде басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланылған. Осыдан қазақ тілінде

мезгілдік мағыналарды білдіретін бие сауым (уақыт), күн арқан бойы көтерілгенде, көз байланғанда т.б. тәрізді сөз тіркестері пайда болған.

Сонымен, фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған, олардың жасалуына сан алуан құбылыстар негіз болған.Фразеологизмдердің жасалуы, пайда болуы жоғарыда аталған жолдармен, келтірілген деректермен ғана шектеліп қоймайды. Олардың шығу тегі этимологиялық зерттеулер арқылы айқындалады.

Фразеология тіл білімінде 2 түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы болса, екіншіден бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері қарай түркі тілдерінде, соның іші қазақ тілінде фразеология мәселесі жан-ждақты зерттеле бастады. Академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеолгиялық сөздігі» атты еңбегі (1977) бүкіл түркітануға үлес болды. Ә.Қайдаров, Ә.болғанбаев, Ғ.Қалиев, Қ.Қожахметова, Г.Смағұлова, Ә.Хасенов сынды ғалымдар фразеологияның қыр-сырын танытуда көлемді әрі тұжырымды еңбектер беруде.

Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын 3 түрлі басты белгісі бар. Олар: 1) Даяр қалпында жұмсалу белгісі, 2) Мағына тұтастығы 3)Тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмдерге тән басты белгі - оның даяр қалпында жұмсалу белгісі. Фразеолгизмдер қарым-қатынас процесінде, сөйлеу кезінде жасалынбайды, даяр қалпында біртұтас единица ретінде жұмсалады. Фразеологияның бұл қасиеті оны еркін сөз тіркесімен салыстырғанда ашық-айқын көрінеді. Мысалы: түймені қадау, қысқа жіп; түймедейді түйедей ету, қысқа жіп күрмеуге келмейді, қой аузынан шөп алмас, қол қусыру т.б.

Фразеологизмдер мағына тұтастығымен сипатталады. Оның өзіне ғана тән, меншікті мағынасы бар және ол мағына фразеологиялық тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Мысалы: көзді ашып жұмғанша, соқырға таяқ ұстатқандай т.б.

Фразеологиялық тіркестер тұрақты қасиетімен сипатталады. Фразеологиялық тіркестер бүтіннің бөлшектері ретінде ұғынылатын, өзара тығыз байланысты сыңарлардан құралады да, ол сыңарлар бірінен кейін бірі әбден қалыптасқан орын тәртібі өзгермейді. Мысалы :сақлын сипап қалды-мұртын сипап қалды, мұрнын көкке көтерді-қолын көкке көтерді – мұрнын аспанға көтерді.

Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік фразеолгиялық тіркес деп аталады.

Фразеологизмдерге тән 3 түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірінен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл білімінде ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен саналады. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер туралы теориялық мәселелер мен олардың түрлерін бөлу жөніндегі пікірлер орыс тілімен сабақтас. К.Аханов, І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев пікірлері академик В.Виноградов анықтамасынан, классификациясынан алыстамайды.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып 3 топқа бөлінеді.

Фразеологиялық тұтастықтар – семантикалық жақтан бөлініп ажырамайтын, біртұтас мағынасы құрамындағы сыңарларының негізгі, номинативті мағынасынан мүлдем алшақ, мүлдем басқа мағына беретін, құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен тізбектер. Мысалы: түйені түгімен жұтты, мұрнынан шаншылып жүр, жүрек жалғау, үріп ауызға салғандай, қас пен көздің арасында.

Фразеологиялық бірліктер - құрамындағы кейбір сыңарлары мағынасынан бүтіндей тіркес мағынасы аңғарылатын тізбектер. Фразеологиялық бірлік фразеологиялық тұтастық сияқты семантикалық жақтан бөлінбейтін біртұтас единица. Олардың айырмасы мынада фразеолгиялық бір бүтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағынасымен мүлдем жанаспайтын болса, фразеологиялық бірліктің бөлінбейтін мағынасы құрастырушы сыңарларының мағыналарының

бүтіннің біртұтас келтірінді мағынасына ұласуы нәтижесінде пайда болады, яғни фразеологиялық бірліктің мағынасы біртұтас бейнелі, туынды мағына.

Мысалы: ауырдың үсті, жеңілдің асты, түймедейді түйедей ету, тайға таңба басқандай, тамырына балта шабу, ескі жараның аузын ашу, көз көрмес, құлақ естімес т.б.

Фразеолгиялық тізбек - құрамындағы сыңарларының мағыналары түсінікті, бірақ тілде тек сол қалпында ғана жұп жазбастан қолданылатын тізбектер. Мысалы: ну орман, шалқар көл, ата мекен, қыпша бел, тас қараңғы, су жаңа, сүттен ақ, судан таза, т.б.

Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан 2 топқа бөлінеді:

1)Құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер, мысалы: ашық ауыз, саусақпен санарлықтай, тісін басты, қас қарайды, өр көкірек, кірпіәк қаққанша, езуі жиналмады, т.б.

2)Құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер. Мысалы: бір қолын екі ете алмады, ел бетін көрместей болды, аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты, т.б.

Орыстың белгілі ғалымы Шанский фразеологизмдердің 4 түрі деп фразеологиялық сөйлемшені алады. Фразеологиялық сөйлемшелер - семантикалық жақтан бөлуге болатын, сыртай қарағанда еркін тіркес сияқты болып келетін, бірақ тілде сол қалпында қалыптасқан тізбектер.

Қазақ тілінде бұл түрді жеке алып қарастырмайды, өйткені бұл топқа жататындардың басым көпшілігі мақалдар мен мәтелдер.

Сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында қолданылуы жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды.

Фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орныққан, орны бекем болады. Бұлардың компоненттерін де өзара алмастыруға немесе басқадай сөзбен өзгертуге келмейді. Дегенмен олардың мынадай айырмашылығы бар:

1)Фразеологиялық мағыналарын астарлы бейнелеу мәнде келеді. Ал мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдер қаншалықты ауыс мағынада айтылғанымен, құрамындағы сөздер өзінің байырғы лексикалық мағынасынан қол үзіп, онша тасаланбайды.

2)Сөз саны жағынан мақал-мәтелдерге қарағанда фразеологизмдер өте шектеулі болады. Көпшілігі екі, я үш-төрт сыңарлы болады, ал мақал-мәтелдер мән–мағынасымен қатар құрылым–құрылысы жағынан да сан түрлі болады.

3)Фразеологизмдер нақтылы бір ұғымды астарлап айтып, сыртқы тұлғасы жағынан жеке сөзге теңесіп тұрса, мақал-мәтелдерде ұғымнан гөрі нақтылы ойды түйіндеп айту басым болады. Сондықтан бұлардың сыртқы құрылым-құрылысы сөйлемге ұқсайды.

4)Бұлардың жасалып қалыптасу мерзімінде де кереғарлық бар. Мақал мен мәтел әр заманның өзіне лайық туып көбейе береді. Ал фразеологизмдер мақал-мәтелдер тәрізді күнбе-күн көбейіп, тез дамып отырмайды. Тұрақты тіркес болу үшін, белгілі бір жағдай қажет. Әсіресе, идиомның шеңберіне енген сөз идиомалану,лексикалану, грамматикалану заңымен даму-өзгеру процестерін басынан өткізу үшін талай уақытты қажет етеді.

5) осындай ерекшеліктеріне байланысты фразеологизмдер идиомдар бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көне бермесе, мақал-мәтелдер тілден-тілге сөзбе-сөз де емін-еркін аударыла береді. Фразеологизмдерді Ісмет Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаевтар идиом мен фразаға бөледі. Идиомалық тіркес дегеніміз - бөліп-жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған тіркестер.

Фразалық тіркес дегеніміз - құрамындағы сөздердің біреуі немесе бірнешеуі өзінің бастапқы лексикалық мағынасын сақтап қалатын сөз тіркестері.

Мақал дегеніміз - өмір құбылысын жинақтай отырып, түйінді пікір айтатын ықшамды сөз өрнегі.

Мәтел - халық арасына көп тараған белгілі бір ойға ұғымға ишара жасайтын, астарлап, жұмбақтап айту мәні басымдау болатын халық мұрасы.

Фразеологизмдер құрамындағы бірінші сөз ұйытқы сөз деп аталады. Мысалы: Ақ жауын, екі жүзді, өлеріне көрінді, өлгенше жақсы көрді. Екі компоненті зат есімнен болған фразеологизмдер де ұйытқы сөз бірінші болып та, соңынан екінші болып та тұрады. Мысалы: қасқа тіс, тіс қаққан, тіске басар, тісі батпады, тісінен шығарды.

Тілдегі кез-келген сөз фразеологизмдерге ұйытқы сөз бола алмайды. Халықтың өзімен қоса жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы сөздер ғана ұйытқы сөз бола алады.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Фразеология дегеніміз не? Фразеологизмдердің қандай түрлері бар?
2. Тұрақты сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері туралы мәлімет беріңдер?
3. Идиома мен фразаның түрлеріне мысалдар келтіріндер.
4. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы неде?
5. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерде кездескен жайларына мысал келтіріңдер.
6. Нақыл сөздердің фразеологизмдермен байланысы туралы не айтасыңдар?
7. Көркем шығармалардан тұрақты сөз тіркестеріне мысал келтіріңдер.
8. Қанатты сөздерге мысалдар топтап, олардың мағыналарын түсіндіріңдер

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ

Лексикография - грек тілінің lexis (сөз) және grapho (жазамын) деген сөздерінен жасалған термин.

Лексикография деп белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығын атайды, яғни лексикография сөздерді құрастырудың ғылыми медодикасы дегенді анықтайды. Сөздік жасау жұмысы лексикографиялық жұмыс болып табылады.

Сөздіктер негізінен қарастыратын нысанына қарай лингвистикалық және лингвистикалық емес болып бөлінеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздіктерді оның негізгі характеріне қарап мынадай 4 түрлі топқа бөлуге болады:

1. Сөздің шығу тегі мен олардың семантикалық дамуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер, бұларға мыналар кіреді:

1.Этимологиялық сөздіктер.

2.Тарихи сөздік.

2. Қазіргі тілдегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мағлұмат беретін сөздіктер. Олар мыналар:

1.Түсіндірме сөздік.

2.Аударма сөздік.

3.Терминалогиялық сөздік.

4.Диалектологиялық сөздік

5.Синонимдер сөздігі.

3. Сөздердің дыбыстық құрылысы мен олардың жазылуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер:

1.Фонетикалық сөздік.

2.Орфографиялық сөздік.

3.Орфоэпиялық сөздік.

4. Заттар мен құбылыстардың ұғымдарын айқындап түсіндіретін сөздіктер:

1.Энциклопедиялық сөздік.

2.Иллюстративті сөздік.

Түсіндірмелі сөздіктер - қазақ әдеби тіліндегі жиі және жалпылама қолданатын сөздерді қамтып, олардың мағыналарын талдап түсіндіруді мақсат етеді. Түсіндірмелі сөздікте сөздер семантикалық тұрғыда түсіндіріледі. Мұнымен бірге әдеби тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылуы да көрсетіледі. Сөздікке енгізіліп, мағынасы түсіндірілетін сөз реестр сөз деп аталады. Әрбір реестр сөзден кейін ол сөздің қай сөз табына қатысты екенін көрсететін белгілер қойылады.

І.Кеңесбаевдың басқаруымен қазақ тілінің түсірмелі сөздігі I томы 1959 ж., ал II томы 1961 ж. жарық көрді. 1974-1986 жылдары А.Ысқақов басқаруымен 10 томдық түсіндірмелі сөздік жарық көрді.

Диалектологиялық сөздікте әдетте тілдің лексикасынан тыс говорлар мен диалектілерге тән сөздер мен сөз тіркестері қалыптасады.

Қазақ тілінде диалектологиялық сөзді тұңғыш рет 1965 жылы жарық көрді. Сөздікте 2000ға жуық диалектизм сөздер енген. Одан кейін 1969 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының тіл білімі институты қызметкерлері құрастырған. Мұнда 6000ға жуық сөз қамтылған.

Диалектологияның сөздігінде реестр диалектизмдердің мағынасы әдеби тілдегі балама, синоним сөздері арқылы түсіндіріледі. М: дәліз деген сөз бар, бұл - кіре берістегі бөлме, ауыз үй дегенді білдіреді.

Синонимдік сөздікте синонимдік қатардың құрамындағы өзара мәндес сөздердің әрқайсысының мағынасы талданып қолданылу аясы мен стильдік қызметі түсіндіріледі. Қазақ тілінің синонимдік сөздігі тұңғыш рет 1962 жылы жарық көрді. М: Ә.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі», Алматы, 1962. Осы сөздікке 1400 ден астам синонимдік қатар енген.

Синонимдік қатардың ішінен сол қатардағы сөздердің жалпы мағынасын ашық айқын білдіретін доминант сөз басына қойылады да, басқалары онан кейін синонимдік қатардың құрамына енген әрбір сөздің мағынасын, шығу төркінін, стильдік қызметін әр түрлі әдебиеттерден мысалдар келтіреді.

Қанатты сөздер сөздігі тіл білімінде фразеологизмнің бір түрі болып есептеледі. Белгілі бір тілдегі алуан түрлі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерін қамтитын фразалық сөздік қазақ тілінде жуырда ғана жасалды. Ол І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеология сөздігі», 1977.

Аударма сөздікте белгілі бір ана тілдің сөзі басқа бір тілге аударылып немесе белгілі бір тіл сөзі мен фраза іші ана тіліне аударылып беріледі. М: қазақша-орысша (І том 1954ж. 5000 сөз) немесе орысша-қазақша сөздік (І том 1978 ж. ІІ том 1981ж).

Аударма сөздіктердің ішінде ең көп тарағаны 2 тілдің аударма сөздігі. Мұнда шет тілді оқып үйренуде, ол тілдің

лексикасын меңгеруде, басқа тілде жазылған еңбектерді оқуда еңбегі мол.

Орфографиялық сөздікте сөздердің қалай жазылатындығы көрсетіледі. Бұл сөздік дұрыс жазудың анықтағышы ретінде қолданылады. Қазақ тілінің алғаш орфографиялық сөздігі 1962 жылы шыққан. Ол одан кейін де өңделіп басылған.

Арнаулы сөздік – деп бір еңбекті немесе ақын жазушының немесе ғылыми қайраткердің шығармасының тілін жеке сөздік етіп шығаруды айтады. М: қазақ тіл білімінде «Абай Құнанбаевтың шығармаларының сөздігі», Алматы, 1967 жыл.

Терминологиялық сөздік. Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті. Белгілі бір ғылым саласына тән терминологияны білмей тұрып ол ғылымды, техниканы меңгеру мүмкін емес. Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларына байланысты көптеген терминологиялық сөздіктер бар. М: І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов «Лингвистикалық терминдер сөздігі». Алматы, 1956 ж.

Энциклопедиялық сөздік. Энциклопедия лингвистикалық сөздіктер тобына жатпайды. Қазақ халқының тұңғыш энциклопедиялық сөздігі 1972 жылдан бастап шыға бастады. Қазір осы сөздік 12 том болып жарық көрді. Бұл кітап мәдени өміріміздің, білім мәдениетінің өскендігін көрсететін жинақ болып табылады.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Лексикография дегеніміз не?
2. Қазақ тілі сөздіктерінің қандай түрлері бар?
3. Лингвистикалық және энциклопедиялық сөздіктер туралы не білесіңдер?
4. Сөздің шығу тегі мен олардың семантикалық дамуы туралы мәлімет беретін сөздіктер қайсылар?
5. Қазіргі тілдегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мәлімет беретін сөздіктер тобын санап өтіңдер?
6. Сөздердің дыбыстық құрылысы мен олардың жазылуы туралы мәлімет беретін сөздіктер тобына қайсылар кіреді?
7. Заттар мен құбылыстардың ұғымдарын айқындап түсіндіретін сөздіктер қайсылар?

8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі туралы не білесің?
9. Диалектологиялық сөздіктің ерекшелігіне түсініктеме беріңдер.
10. Бүгінгі күндегі лексикография саласындағы жаңалықтар туралы не білесіңдер?

🕭 ЛЕКСИКА САЛАСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Тест сұрақтары

1. Синоним сөздерді көрсетіңіз

А) көзқарас, көзілдірік
Б) көйлек, шалбар
С) үйрек, қаз
Д) қызметші, даяшы

2. Антоним сөздерді көрсетіңіз

А) аштық-тоқтық
Б) көктем-жазғытұрғы
С) бұлғақтау-бұралаңдау
Д) аға-әке

3. «Зиялы» сөзінің антонимін табыңыз

А) надан
Б) көреген
С) көзі ашық
Д) маңғаз

4. Тілімізде айтылуы бірдей, бірақ жазылуында айырма бар сөздер не деп аталады?

А. омограмма.
Б. омограф.
С. омофон.
Д. омонимия.

5. Қайсы қатарда антоним қате берілген?

А. жарық-қараңғы
Б. өлім-өмір
С. адам-адам емес

Д. күндіз-түні

6. Сөздердің шығу тегін қарастыратын сала қайсылар?
А. топонимика
Б. фонетика.
С. ономасиология.
Д. этимология.

7. Сөз мағыналарының ауыспалы және келтірінді топтары.
А. табу, эвфемизм. сөз мағынасының тараюы мен кеңеюі.
Б. метафоралық, метонимиялық, синекдохалық, табу және эвфемизмдер.
С. тура не номинативті, синтаксистік шартты, фразеологиялық байлаулы.
Д. полисемия, омоним, синоним, антоним.

8. Қай қатарда полисемия дұрыс берілген?.
А. адамның аяғы, жиналыстың аяғы, судың аяғы, филм аяқталды.
Б. аяғыңды жылдам бас, басында ештеңе жоқ, үлді басып алды.
С. жазу жазды, дастархан жазды, жаздың келгенін білмей де қалды.
Д. мұғалімі бес баға қойды. қой, ертең барасың.

9. Синоним емес қатар қайсы?
а) ажарлы, әдемі.
б) шалғай, алыс.
с) жат, бөтен.
д) тез, ақырын.

10. *Тез, шапшаң, лезде, жылдам* сөздері бір-біріне қандай сөз?
а) антоним сөздер
б) омоним сөздер
с) көп мағыналы сөздер
д) синоним сөздер

2-тапсырма. Ауыспалы мағыналы сөздерді тауып талдау жаса

1. Жүзінің шырағы жанып тұрған адамдар осынша көптің ішінен некен-саяқ көрінеді.
2. Ашу буған шаруашылық меңгерушісі столдан тұрып кетті.
3. Енді бөгет атаулы жапырылып болған соң, барлық қолдары жан-жақтан қыстауға қарай лап берді.
4. Есіктен кіргенде, сол қолда кішкене үстел мен бір арқалы ескі отырғыш тұр.
5. Жақсының қадірін жаманды көргенде білерсің.

3-тапсырма. Тірек сөздерге сипаттама беріңдер

Сөз, лексикология, тура мағына, ауыспалы мағына, семасиология, ономасиология, метафора, метонимия, синекдоха, табу, эвфемизм, дисфемизм, полисемия.

4-тапсырма. Берілген сұраққа жазбаша жауап беріңдер

1. Омоним және оның жалпы сипаты.
2. Синоним және оның жалпы сипаты.
3. Антоним және оның жалпы сипаты.

II БӨЛІМ
ГРАММАТИКА
СӨЗЖАСАМ. МОРФОЛОГИЯ

ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ, НЕГІЗГІ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Грамматика - грек тілінің gramm (жазу, жазу өнері) деген сөзі. Қазір грамматика - лингвистиканың негізгі терминінің бірі, тілдің грамматикалық құрылысын зерттейтін дербес саласы. Бір тілдегі грамматикалық мағына мен сол мағынаның берілу амал-тәсілдері - сол тілдің грамматикалық құрылысы деп те аталады. Ал ондай амал-тәсілдер тілдегі жеке-жеке сөздердің басын қосып біріктіріп, бір-бірімен байланыстырады. Соның нәтижесінде айтылмақшы ой-пікір мағыналы сипатқа ие болады. Екінші сөзбен айтсақ, тіл атаулының негізгі коммуникативтік функциясы, яғни тілдің қарым-қатынас, пікір алысу, адамдардың бір-бірімен өзара түсінісу құралы болу қызметі, сол тілдің грамматикалық құрылысы арқылы атқарылады. Бұдан шығатын қорытынды: грамматика - тілдің негізгі функциясын, қарым-қатынас құралы болу функциясын, жүзеге асыру жолдары мен амал-тәсілдері туралы ілім.

Грамматиканың негізгі объектісі - тілдің сөзжасамдық, морфологиялық және синтаксистік жүйесі; оның ішінде грамматикалық форма, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, бір тілдегі грамматикалық формалардың көріну амалдары мен сол арқылы айтылмақшы мағыналардың берілу тәсілдері, олардың байланысу, тіркесу жолдары мен типтері. Осыған орай грамматика үлкен-үлкен 3 салаға бөлінеді: сөзжасам, морфология, синтаксис.

Сөзжасам - тілдегі сөздердің жасалу процесін зерттейтін грамматиканың бір саласы.

Морфология - гректің morphe (форма) деген сөзінен алынған термин. Морфология - тілдің морфологиялық категориялары жөнінде ілім. Дәлірек айтсақ, морфология-белгілі бір тілге тән сөздердің грамматикалық категориялары

мен сөз формалары, грамматикалық категориялардың жиынтығы мен жүйесі.

Синтаксис – гректің syntaxis (құрастыру, түзу) деген сөзінен алынған термин. Синтаксис тілдегі сөздерді байланыстырып сөйлеу құрылысын зерттейді. Синтаксис - сөйлеудегі негізгі единицаларды, яғни сөз тіркестері мен сөйлемді зерттейтін ілім. Өзінің объектілеріне орай синтаксис бірнеше салаға бөлінеді: сөз және оның формалары синтаксисі, сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем синтаксисі, мәтін синтаксисі. Синтаксистің негізгі нысаны - синтаксистік құрылымдар. Синтаксистік құрылым дегеніміз - бір бірімен грамматика ережелері бойынша байланысқа түскен сөздер тобы мен сөз тіркестері немесе сөйлемдер тұтастығы.

Баяндау жүйесі мен тәсілі, зерттеу нысаны мен әдісі қамтыған материалдары және олардың кімге, не үшін арналу мақсатына қарай, грамматика құралдары түрлі болып келеді. Олардың ішінде кең таралғандары: мектеп грамматикасы, ғылыми грамматика, академиялық грамматика, нормативті грамматика, тарихи грамматика, салыстырмалы грамматика, салғастырмалы грамматика, салыстырмалы-тарихи грамматика, сипаттамалы грамматика, жалпы грамматика, сондай-ақ, белгілі бір тілдің морфологиясы мен синтаксисі.

Осылардың ішінен сипаттамалы грамматика - жоғары оқу орындарында күнделікті өмірде жиі қолданылатын құралдың бірі. Грамматиканың бұл түрі белгілі бір тілдің қазіргі, бүгінгі таңдағы, осы замандағы грамматикалық құрылысы мен қалпы, нормалары жөнінде мағлұмат береді. Белгілі бір тілдің сөздерін, сөз тіркестерін, сөйлем құрылысын тек синхрондық тұрғыдан баяндайтын сипаттамалы грамматиканы германистикада дескриптивті грамматика деп те атайды.

Грамматиканың басты объектісі тілдің грамматикалық құрылысын танып, оның негізгі ерекшеліктерін анықтауда (сол арқылы ғана сөздің грамматикалық сипаты ашылмақ) оған (тілдің грамматикалық құрылысына) тән басты-басты грамматикалық ұғымдарды ажыратып, олардың ерекшеліктерін, сипатын айқындап алу қажет. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысы сала–сала жүйелерден құралады да,

олардың тұтастығы сол жүйелерге тән белгілі заңдылықтардың негізінде болып отырады. Ол жүйені айқындап, заңдылықтарын ашу үшін, ондағы грамматикалық әр түрлі амал-тәсілдерді, сөздердің белгілі бір ортақ қасиеттері арқылы топ-топқа бөлінуін, олардың мағыналары мен сөйлеу процесіндегі қызметтерін білу қажет. Демек, сөздің сөйлеу процесіндегі басқа сөздермен әр түрлі қатынастарының негізінде пайда болатын ішкі мәндері, оның көрінісі болатын сыртқы түр – тұлғасы, солардың барлығы негізінде сөйлемдегі т.б. тілдің грамматикалық құрылысымен байланысты болса, оның өзіндік ерекшеліктері тағы да сол сөздің грамматикалық сипатымен анықталады. Сөйтіп, ең басты грамматикалық ұғымдарға грамматикалық мағына оның берілу тәсілінің бір түрі грамматикалық форма және осы екеуінің жүйелі жиынтығын құрайтын грамматикалық категория дегендер енеді. Бұл үшеуі бір–бірімен диалектикалық бірлікте болып, тілдің грамматикалық құрылысын құрайды да, қалған жекелеген грамматикалық единицалар мен құбылыстар, жүйелер осы ұғымдардан туындайды.

Грамматикалық мағына

Тілдегі әрбір сөздің (белгілі ұғымды білдіре алатын мәнді сөздің) нақты лексикалық мағынасымен бірге жалпы грамматикалық мағынасы да болады. Сөздің лексикалық мағынасы - нақты, ұғымдық мағына, яғни бір сөздің екінші сөзді айыратын реестрлік сөздік мағынасы болса, грамматикалық мағына – сөздің тым жалпы мағынасы, сол сөздің әр түрлі тұлғалар арқылы түрленуінің нәтижесінде немесе басқа сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын және сөздерді бір-бірінен бөлмей, керісінше белгілі бір грамматикалық топтарға ортақ қасиеттер арқылы біріктіретін жалпы мағыналары болып табылады.

Грамматикалық мағыналардың өзі біркелкі емес. Тікелей лексикалық мағынадан туатын да, сөздің түрлену жүйесі негізінде тұлғалануынан да пайда болатын грамматикалық мағыналар бар. Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең (Абай) деген сөйлемді талдап көрейік. Сөйлемде қолданылған әрбір он сөз бір-бір лексикалық

мағынаны және бірнешеден грамматикалық мағынаны білдіріп тұр: 1.туғанда, лексикалық мағынасы – нақты туу қимылы; грамматикалық мағыналары – 1) жалпы қимылды білдіру; 2) салттылық мән; 3) өткен шақтық мән; 4) бір қимылдың (ашудың) мезгілін білдіру; 2. дүние, лексикалық мағынасы - әлем мағынасындағы дерексіз зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы абстракт зат атауы; 2) қатыстық – меншіктілік мән; 3. есігін, лексикалық мағынасы – үйдің бір бөлігі болып табылатын (есік) нақты заттың ауыспалы мағынада қолданылуы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы, 2) екінші бір затқа (дүние) тәуелді соның бөлшегі болу, 3) ол тәуелділік 3-жаққа қатысты, 4) тура объектіні білдіру; 4. ашады, лексикалық мағынасы - ауыс мағынадағы ашу қимылы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы қимылды білдіруі, 2) ол қимылдың сабақты болуы, 3) ауыспалы осы шақ мәнін білдіру, 4) 3 – жақтағы субъектінің қимылы; 5. өлең, лексикалық мағынасы – нақты өлең деген зат атауы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы, 2) ашу қимылының грамматикалық субъектісі болуы; 6. өлеңмен, лексикалық мағынасы - нақты өлең деген зат атауы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы, 2) кіру қимылының амалын білдіру; 7. жер, лексикалық мағынасы – нақты жер деген зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы, 2) қатыстық – меншіктік мән; 8. қойнына, лексикалық мағынасы – нақты қойын деген зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы, 2) екінші бір затқа (жер) тәуелді болуы, 3) тәуелділік 3-жақта болуы, 4) қимылдың (кірер) бағытын білдіруі; 9. кірер, лексикалық мағынасы – нақты кіру деген қимыл; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы қимылды білдіруі, 2) ол қимыл салтты, 3) келер шақ мәні, 4) 3-жақ субъект арқылы ол қимылдың іске асуы; 10. денең, лексикалық мағынасы – дене деген зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы, 2) тәуелділік мағына, 3) 2-жақ, жекеше , анайы, 4) кіру қимылының грамматикалық субъектісі.

Осы шағын талдаудан көрінетіндей, сөйлемдегі әрбір мәнді сөз бір лексикалық мағына және бір я бірнеше грамматикалық

мағынаны білдіреді. Және грамматикалық мағыналар біркелкі емес, олардың берілу тәсілдері әр түрлі. Осы сөздерді кейбір ортақ грамматикалық мағыналарына қарап топтауға да болады. Мысалы, жалпы затты зат атауын білдіруіне қарай дүние, есігін, өлең, өлеңмен, жер, қойнына, денең сөздерін бір топ етіп, жалпы қимылды білдіруіне қарай туғанда, ашады, кірер сөздерін бір топ етіп, салттылық сипаты жағынан туғанда, кірер сөздерін бір топ етіп, 3-жақ субъектінің қимылын білдіруі жағынан ашады, кірер сөздерін бір топ етіп, тәуелділік мәніне қарай есігін, қойнына, денең сөздерін бір топ етіп, т.б. топтауға болар еді. Сөйтіп, жалпы мағына, грамматикалық мағынаның бірыңғайластығы, ортақтығы жағынан сөздерді белгілі топтарға жіктеуге болады. Сонымен бірге ол грамматикалық мағыналардың түрлері де, берілу жолдары да біркелкі емес. Мысалы, туғанда, ашады, кірер сөздерінің жалпы қимыл, іс-әрекетті білдіруі мен салттылық (туғанда, кірер) я сабақтылық (ашады) мағыналары нақты қимылдың абстракцияланып, жалпылануы арқылы пайда болған. Сондай-ақ дүние, есігін, өлең, өлеңмен, жер, қойнына, денең сөздерінің жалпы зат атауын білдіруі нақты заттардың абстракцияланып, жалпылануы арқылы пайда болып отыр. Демек, бұл тәрізді грамматикалық мағыналар сөздердің лексикалық мағыналарының абстракциялануы, жалпылануы арқылы беріледі. Сөйтіп, бұл – грамматикалық мағына білдірудің семантикалық тәсілі (жолы) екен.

Берілген сөйлемдегі дүние, есік, жер сөздерінің әрқайсысы – жеке-жеке ұғымды білдіретін заттың аты, туғанда, ашады, кірер – нақты қимыл ұғымын білдіретін сөздер, сондай-ақ төрт, жеті – нақты санды білдіретін сөздер, ақ, көк, сары- заттың нақты түсін білдіретін сындар, т.б. Атап айтқанда, дүние - өмір, тіршілік, есік – ауыс, өмірге, іс пен еңбекке алғаш аттап қадам басып кіру, араласу, жер – жер планетасының үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы құрылық дегендердің осы көрсетілген лексикалық мағыналарында ешбір ортақтық, жақындық жоқ, әрқайсысы – бөлек-бөлек заттардың атауы; туғанда - ана құрсағынан шығу, дүниеге келу, ашады – ауыс, жабық тұрған нәрсенің есігін, бетін

шалқайту, аңқайту; кірер – ену, келу дегендердің осы көрсетілген лексикалық мағыналарында ортақтық, ұқсастық жоқ, бір – бірінен осы мағыналары арқылы ажыратылады; төрт – үштен кейінгі есептік сан; жеті – алтыдан кейінгі сан дегендердің де лексикалық мағыналары бөлек-бөлек; ақ – қардың, сүттің, бордың түсіндей (қараға қарама- қарсы); көк – ашық аспан тәрізді түс; сары – піскен егіннің немесе апельсиннің түріндей түс дегендердің де лексикалық мағыналары бөлек-бөлек, өйткені бұлар әр түрлі түсті білдіреді. Сонымен бірге бұл нақты (лексикалық) мағыналары жалпылануы да мүмкін. Атап айтқанда, дүние, есік, жер жалпы зат атауларын білдіреді, туғанда, ашады, кірер жалпы қимылды, іс-әрекетті білдіреді, төрт, жеті – жалпы бір санды білдіреді, ақ, көк, сары - жалпы түсті білдіреді яғни сапалық сынның белгілері. Міне бұл соңғы көрсетілгендер – нақты лексикалық мағыналардың жалпылануы арқылы пайда болған жалпы грамматикалық мағыналар яғни бұлар белгілі бір сөздің ғана мағыналық сипаты емес, белгілі бір топтағы (айталық, заттың атын білдіру немесе қимыл іс-әрекетті білдіру, т.б.) сөздердің ортақ жалпы мағынасы. Осы жалпы мағыналарының ортақтығы арқылы сөздер топтасып, белгілі бір грамматикалық топ құрайды: дүние, есік, жер – заттың атын білдіретін сөздер – зат есім, туғанда, ашады, кірер – қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер – етістік, төрт, жеті – заттың санын білдіретін сөздер- сан есім, ақ, көк, сары (жақсы, үлкен, биік) заттың сынын білдіретін сөздер – сын есім, т.б. Сөйтіп, сөз лексикалық мағынасы арқылы басқа сөзден дараланып, жекеленіп, бөлініп отырса, жалпы грамматикалық мағынасы арқылы керісінше басқа сөздермен ортақ сипат алып, жақындап, жалпы грамматикалық топ құрауға бейімделеді.

Сөзде лексикалық мағынаның жалпылануы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағына (жалпы заттың аты, жалпы қимыл, т.б.) басқа да жалпы грамматикалық мағыналарды білдіруге негіз болады. Яғни, мысалы, жалпы заттың атауы болу мағынасымен бірге ол жалпы грамматикалық мағына жекелеген (жалпы) заттың атауы болуы мүмкін немесе алуан турлі заттың жалпы ортақ атауы

болуы мүмкін (жалпы есім); деректі немесе дерексіз зат атауы болуы мүмкін; адамға байланысты (кімдік) немесе адамнан басқа затқа байланысты атау болуы мүмкін, т.б. Сондай-ақ заттың сынын білдіретін сөздер сапалық сынға немесе қатыстық сынға байланысты болуы мүмкін, қимылды білдіретін сөздер салттық немесе сабақтылық сипатпен қатысты болуы мүмкін немесе қимылдың неше түрлі семантикалық сипаты болуы мүмкін (қалып, қозғалыс, амал-әрекет, ойлау қабілетіне байланысты, көңіл күйіне байланысты, т.б.). Бұлардың барлығы да сөздің жалпы семантикасынан туындайтын жалпы грамматикалық мағыналары. Сөйтіп, сөзде жалпы грамматикалық мағына біреу ғана емес, бірнеше де болуы мүмкін.

Рас, оқулықтарда грамматикалық мағына көбінесе солай анықталады. «Сөздің нақтылы лексикалық мағынасымен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін я сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынасын *грамматикалық мағына* дейміз. Грамматикалық мағына сөздің түрленуі арқылы да, сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынастары арқылы да айтылады». Ең алдымен грамматикалық мағына – лексикалық мағынамен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін мағына емес, сөздің сол лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы туатын жалпы мағынасы. Лексикалық мағынаға қарағанда грамматикалық мағыны одан кейін пайда болады. Атап айтқанда, грамматикалық мағына алдымен лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болып, содан кейін сөйлеу процесінде сөздің жұмсалу мақсатына қарай оған әр түрлі тұлғалардың қосылуы арқылы немесе сөйлемде басқа сөздермен әр қилы қарым-қатынасқа түсуі арқылы үстеледі, демек, осының нәтижесінде екінші қатардағы мағына болып табылады. Сондай-ақ лексикалық мағынаның мәні дара болса, сөйтіп, сөздерді бір-бірінен саралап, бөлуге негіз болса, грамматикалық мағына жалпы болады, жеке сөздерге (формаға) ғана емес, солардың белгілі топтарына тән болатындықтан, сөздерді грамматикалық сипаты жағынан,

жоғарыда көрсетілгендей, топтауға негіз болады. Оның үстіне сөз бір ғана лексикалық мағынаны білдірсе, грамматикалық мағына сөйлемдегі сөзде әдетте бірнешеу болады. Екіншіден, грамматикалық мағына, дұрыс көрсетіліп жүргендей, сөйлеу процесінде сөздің әр түрлі грамматикалық тұлғалар арқылы түрленуінен де туады, көрінеді. Үшіншіден, грамматикалық мағына сөйлеу процесінде сөздердің басқа сөздермен әр қилы қарым-қатынасынан да пайда болады. Бұлардың барлығы да грамматикалық мағына деп танылғанымен, олардың әрқайсысының мәні, сипаты, грамматикалық категория ұғымына қатысы, сөздің белгілі топтарға бөлініп, олардың грамматикалық сипатын айқындаудағы ролі бірдей емес. Сондықтан да грамматикалық мағына атаулыны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына деп үш түрге бөлуге болады.

Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын грамматикалық мағынаны *жалпы грамматикалық мағына* деп атайды.

Қазақ тілінде грамматикалық форма арқылы берілетін мағынаны *категориялық грамматикалық мағына* деп атайды.

Грамматикалық мағына сөйлеу процесінде сөздің басқа сөздермен тіркесіп, байланысқа түсуі, негізгі сөзге көмекші сөздің тіркесуі арқылы, орын тәртібі, интонация, т.б. аналитикалы, қатыстық тәсілдер арқылы да беріле береді. Оны *қатыстық грамматикалық мағына* деп атайды.

Грамматикалық тәсілдер

Грамматикалық мағыналар, сөздердің арасындағы әр түрлі қатынастар тіл-тілде түрлі-түрлі грамматикалық құралдар, амал-тәсілдер арқылы беріледі. Грамматикалық мағыналарды, сөздердің арасындағы әр түрлі қатынастарды білдірудің жолы грамматикалық тәсіл деп аталады.

Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері деген ұғым белгілі бір мағына типтерінің (түрлерінің) не арқылы және қалай берілуінің тілдік қабат негізіндегі жиынтығы, тобы

болып табылады да, ол өз ішінде жекелеген түрлерден тұрады. Міне грамматикалық мағынаның белгілі бір берілу тәсілінің бірнеше түрлері болуы мүмкін. Сол түрлер ол тәсілдің немесе мағына берілудің жолдары деп аталады.

Грамматикалық мағынаны білдірудің ең бірінші тәсілі – семантикалық тәсіл. Ол – сөздің лексикалық мағынасының абстракцияланып, жалпылануы арқылы іске асады. Сөйтіп, жалпы грамматикалық мағына пайда болады. Екінші – синтетикалық тәсіл. Грамматикалық мағынаның синтетикалық тәсіл арқылы берілуінің тіл білімінде бірнеше жолы бар. Олар: қосымша қосылу жолы, яғни грамматикалық тұлғалардың (формалардың) үстелуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, префикс қосылу жолы, яғни сөзге префикс (пристафка) қосылу арқылы грамматикалық мағынаның берілуі; ішкі флексия жолы, яғни сөздің ішкі кейбір дыбыстарының өзгеруі, алмасуы, қосылуы арқылы грамматикалық мағынаның берілуі; екпін арқылы, яғни екпіннің өзгеруімен грамматикалық мағынаның берілуі, супплетивті жол, яғни грамматикалық мағынаның жеке-жеке сөздер арқылы берілуі. Үшінші аналитикалық тәсіл. Аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі, жолы бар. Олар: негізгі сөздердің тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі (мысалы, алтын сағат, темір күрек, ағаш үй, шәкірт бала сияқты тіркестерде алғашқы зат атаулары алтын, темір, ағаш, шәкірт екінші зат атауын білдіретін сөздермен тіркесу арқылы заттық мағынада емес, қатыстық-сындық мәнде қолданылған) негізгі сөз бен көмекші сөздің (көмекші етістік, шылау, т.б) тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, сөздердің қосарлануы арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, сөздердің орын тәртібі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, дауыс ырғағы, интонация арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Сондай-ақ аралас тәсілдер де болуы мүмкін яғни грамматикалық мағынаның берілуінде бір емес, бірнеше тәсілдің элементі болуы мүмкін.

Грамматикалық форма мен грамматикалық категория

Грамматикалық мағына әр түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Грамматикалық мағынаны білдіретін синтетикалық тәсілдің

бір типі – грамматикалық формалар. Яғни грамматикалық мағынаның белгілі бір түрі, атап айтқанда, категориялық грамматикалық мағына грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сөйтіп, грамматикалық форма белгілі топтағы сөздердің қосымшалар, грамматикалық тұлғалар (жалғау, жұрнақ) арқылы белгілі жүйелі парадигма бойынша түрленуі болып табылады да, сол арқылы әр тұлғаға сай категориялық грамматикалық мағына беріледі.

Тілдегі негізгі грамматикалық ұғымның бірі – грамматикалық категория. Грамматикалық категория деген ұғым, бір жағынан, грамматикалық мағынамен де, грамматикалық формамен де байланысты, екінші жағынан олардан күрделі болып келеді.

Грамматикалық категория грамматикалық сипаты жағынан, жасалу жолы мен тұлғалық жүйесі жағынан біркелкі емес. Қайткен күнде де грамматикалық категориялар белгілі грамматикалық топтағы сөздердің тұлғану, түрлену жүйесімен, соған лайық олардың грамматикалық мәнімен, сөйлеу процесінде сол сөздердің атқаратын қызметімен, басқа сөздермен қарым-қатынасымен байланысты болғандықтан да, грамматикалық категорияларды тілдік деңгейге қатысты шартты түрде морфологиялық категория және синтаксистік категория деп бөлуге де болады. Сондай-ақ морфологиялық категорияларды сөз түрлендіруі мәнді (слово изменительные) морфологиялық категориялар және топтау я жіктеу мәнді (классифицирующие) морфологиялық категориялар деп те бөлу дәстүрі бар.

Грамматикалық немесе морфологиялық категориялар сөз таптарына қарай топталып жіктеледі. Бұның өзі грамматикалық (морфологиялық) категория сол сөз табының грамматикалық ерекшелігі, түрлену жүйесінің сипаты екендігін көрсетеді. Бірақ тіліміздегі сөз таптарының барлығында бірдей грамматикалық (морфологиялық) категория бола бермейді. Кейбір сөз табында (мысалы, сан есім, есімдік, үстеу, т.б.) грамматикалық категория атымен болмауы мүмкін, өйткені бұлар (бұл сөз таптарына енетін сөздер) белгілі парадигмалық жүйемен өзгермейтін,

грамматикалық, тұлғалық түрлері жоқ сөздер болып келеді. Ал грамматикалық категориялары бар сөз таптары – зат есім, сын есім және етістік. Олар мыналар: зат есімнің сан- мөлшер (көптік) категориясы, тәуелдік категориясы, септік категориясы, сын есімнің шырай категориясы, етістіктің салт-сабақты етістік (немесе салттылық - сабақтылық) категориясы, етіс категориясы, болымсыз етістік (болымдылық - болымсыздық) категориясы, рай категориясы, шақ категориясы, жіктік (жақ) категориясы.

Грамматика жүйесінің зерттелуі

Түркі тілдерінің грамматикалық жүйесін зерттеу XYIII ғасырдың екінші жартысында басталса, ана тіліміздің грамматикалық жүйесін зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қай кезде болса да морфологияның ең өзекті, ең басты мәселесі сөздерді топтарға бөлу болғаны белгілі. Сөздерді бұлай топқа бөлу жыл санауымыз алдындағы Y-IV ғасырдағы көне Үндістан лингвисті Панини грамматикасынан, байырғы Греция ойшылдарынан бері қарай айтылып келе жатыр. Тілдегі сөздерді есім, етістік, шылау деп үш топқа бөлу Платон мен Аристотельден басталған.

Қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлудің алғашқы әліппесін жазған адам Н.И.Ильминский болатын. Бірақ қазақ тілін зерттеген орыс түркологтарының ешқайсысы да қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлгенде қандай принципті басшылыққа аламыз деген сұрақ қойған да, оған жауап іздеген де жоқ. Қазақ тілі грамматикалық құрылысының ана тілімізде зерттеліп жарық көруі XIX ғасырдың 10-15 жылдарынан басталады. Оның бастауы-1924 жылы “Тіл құралы”деген атпен Орынборда жарық көрген А. Байтұрсынұлының еңбегі. Осы еңбегінде автор қазақ тіліндегі сөздердің құрылысын “Сөз тұлғасы ”деп атап, бес түрге бөледі. Олар: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз,қосымшалар деп атаған. Сөздерді тапқа бөлу де осы оқу құралынан басталған. Автор сөздерді алдымен атауыш сөздер, шылау сөздер, одағайлар деп 3 топқа бөледі де, бұлардың біріншісіне зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті, 2-не үстеу, демеу, жалғаулық деп аталатындарды

жатқызады, одағайды өз ішінен еліктеуіш, лептеуіш одағайлары деп екі топқа бөледі.

А.Байтұрсынұлының еңбегі - қазақ тілі морфологиясын ана тілімізде сөз еткен алғашқы зерттеу. Соған қарамастан грамматикамыздың көптеген түйінді мәселелері туралы айтқан пікірлері күні бүгінге дейін өз мәндерін берік сақтап, қазіргі зерттеулермен үндесіп жатыр.Ғалым еңбектеріндегі тағы бір түйінді мәселе - қазақ тілінің грамматикалық терминдерін қалыптастыру мәселесі. Қазірде қолданылып жүрген фонетикалық, грамматикалық терминдердің негізгілері А.Байтұрсынұлы жазған оқулықтардан бастап қалыптасқан және олардың біразы байырғы замандардан бері қарай қолданылып, халық құлағына әбден үйреншікті болған, айтуға да, ұғуға да ауырлық келтірмейтін жалғау, жұрнақ, жақ, шақ, септеу, тәуелдеу, анықтау, пысықтау сияқты қарапайым сөздер.

А.Байтұрсынұлының 1 жылдық, 2 жылдық, 3 жылдық деп бөліне аталған «Тіл құралында» қазақ тілінде негізі қаланған ана тіліміздің морфологиясы 30-жылдар ішіне бастап осы күнге дейін Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева т.б. ғалымдардың зерттеулері арқасында өз шешімін тапты.

Түркі тілдері грамматикалық құрылысына қатысты күрделі 2-сала - синтаксис мәселелері. Морфология сияқты синтаксис мәселелері де XIX ғасырдан бері қарай жарық көрген практикалық грамматикаларда сөз болып отырды. Синтаксистің барлық саласынан да терең де жан-жақты зерттелуі кеңестік дәуірден басталады. Қазақ тіл білімінің басқа салалары сияқты синтаксистік құрылысының ана тілімізде зерттелуі А.Байтұрсынұлының «Тіл құралынан» басталады. Бұл автордың синтаксиске қатысты пікірлері сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз категорияларының бір-бірінен өзгешеліктерін түсіндіруден басталады. Сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз деп бөлу, оларды 5 мүшеге жіктеу, олардың түрлерін саралау да осы оқулықтан басталады. Жай сөйлемдерді болымды-болымсыз, толымды-толымсыз, жалаң-жайылма, сұраулы, лепті, бұйрықты, тілекті

деп жіктеп, олардың әрқайсысының өзіндік белгілерін мысалдар арқылы талдап көрсетеді.

Қазақ тілі құрмалас сөйлемін ана тілімізде зерттеу де А.Байтұрсынұлы оқулығынан басталады. 1924 жылы "Тіл құралы" деген атпен жарық көрген еңбегінде "Қазақ тілі сөйлемдері арасында екі түрлі жақындық болады: оның бірімағына желісі жағындағы жақындық, екіншісі-сөйлемдердің сыртқы қисын жағынан жақындығы. Мұның алдыңғысы, яғни тек ой іргесі, ой желісі жағынан ғана жақын болатыны іргелес сөйлем, ал әрі ішкі мағына, әрі сыртқы қисын жақындығы бар сөйлем құрмалас сөйлем деп аталады" дейді. Құрамына енетін жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысу түріне қарай автор құрмаласты салалас құрмалас, сабақтас құрмалас деп екіге бөледі. Құрмалас сөйлемдердің салалас түрі мен сабақтас түрлерінің олардың құрамына енген компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатыстарына қарай өз ішінен әр түрлі салаларға жіктеу де тұңғыш рет осы оқулықтан басталады. Терминдік жағындағы өзгешілігі болмаса, әдеби тілімізде кездесетін салалас, сабақтас сөйлемдер түрлері толыққа жуық қамтылған. А.Байтұрсынұлының құрмалас сөйлемге қатысты жазғандары кейінгі зерттеулерден, әсіресе Н.Сауранбаев еңбектерінен берік орын алды, мол пайдаланылды.

Синтаксис жүйесіндегі тілдік материалдарды жоғары оқу орындарында оқылатын теориялық курстар талабына сәйкесті жалпы лингвистикалық принциптер тұрғысынан қарап шешу талабы 40-жылдардан басталады. Содан бергі уақыт ішінде басқа да түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тіл білімінде де синтаксис академиялық грамматика құрамында қаралып, жан-жақты зерттелініп келеді. Сөйтіп, ана тілімізде баяндалуы А.Байтұрсынұлының мектептерге арналған оқулығынан басталған қазақ тіл білімінің синтаксис саласы бұл күнде өз дамуының елеулі биігіне көтерілді дей аламыз.

Грамматикалық (морфологиялық) категориялардың түрлену жүйесі мен семантикалық сипаты біркелкі емес. Олардың морфологиялық көрсеткіші болып табылатын грамматикалық тұлғалары бірде таза грамматикалық қана мағына үстеп, сол сөз табының сөз түрлендіру жүйесінің

формалары болса, бірде ондай формалар таза грамматикалық сипаттан гөрі түбірдің семантикасына аздап болса да өзгеріс, мағыналық реңк үстеп, лексика-семантикалық сипатқа да ие болады. Сын есімнің шырай категориясының, етістіктің етіс категориясының, салт-сабақты етістік категориясының, болымсыз етістік категориясының семантикалық мағыналық мәні жағынан, грамматикалық сипаты, парадигмалық жүйесі жағынан басқа грамматикалық категориялармен (зат есімнің көптік, септік, тәуелдік, етістіктің жақ, рай, шақ категорияларымен) салыстырғанда, ондай ерекшеліктері анық байқалады.

Осы тұрғыдан келгенде, көптік, септік, тәуелдік жалғаулары түбір білдіретін грамматикалық заттық мағынаға ешбір нұқсан келтірмей, оған сан-мөлшерлік немесе тәуелділік, немесе меншіктілік-объективтілік сияқты мағыналар ғана үстеп, көбінесе оны сөйлемде басқа сөздермен байланыстыру, қарым-қатынасқа түсіру қызметін атқарады. Етістіктің рай, шақтұлғалары да түбір білдіретін грамматикалық кимыл, іс-әрекет мағынасына ешбір өзгеріс енгізбей, сол қимылдың орындалуының мезгілін (шағын), ақиқатқа, шындыққа, болмысқа қатысын (модальдылығын) білдіріп, түбірдің грамматикалық сипатын, тұлғасын (2-жақ бұйрық рай тұлғасымен сәйкес келуін) өзгертіп, жіктеліп келіп, басқа сөздермен қарым-қатынас жасаудың негізінде сөйлемде жұмсалуға негіз болады.

Морфологиялық сипаты жағынан грамматикалық категориялардың бір тобын түбір семантикасына кандай да болсын әсер ететін түрлерін лексика-грамматикалық категория деп атап, екінші тобын, яғни түбір семантикасына ешбір әсер етпей, өзгертпей, тек оған қосымша мән үстейтін түрлерін таза грамматикалық категория деп бөліп көрсетудің осындай негізі бар. Осы тұрғыдан келгенде, морфологиялық жағынан грамматикалық категориялардың күрделі екенін байқаймыз.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грамматика туралы түсінік.
2. Грамматиканың салалары мен түрлері.

3. Грамматикалық ұғымдар: грамматикалық мағына, форма, категория
4. Грамматика жүйесінің зерттелуі жайлы сипаттама беріңдер.

СӨЗДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ. СӨЗЖАСАМ - ТІЛ БІЛІМІНІҢ БІР САЛАСЫ.

Сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы болып танылу оның өзіндік зерттеу нысаны болумен байланысты. Сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық үлгілері, сөзжасамдық мағынаны, әр сөз табының сөзжасамын т.б. болып жатқан толып жатқан сөзжасамға қатысты мәселерді зерттейді яғни тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді. Тілдің сөзжасам жүйесі қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамы жаңа сөздер жасау арқылы толықтырылып отыратын негізгі тілдік құбылыс болғандықтан, тілде оны іске қосып отыратын сөзжасамдық заңдылықтар, әдіс-тәсілдер көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан. Сондықтан тілде жаңа сөз кездейсоқ, қалай болса солай жасала бермейді. Ол тілде қалыптасқан заңдар арқылы жүзеге асады. Сөзжасам пәні студенттерді осы заңдылықтармен таныстырады, ол туралы нақтылы ғылыми деректер береді.

Сөзжасамды тіл білімінің жеке, дербес саласы деп тану мәселесі басталғанына бірсыпыра уақыт болды. Сөзжасамды жеке сала деп тануды орыс тіл білімінде алғаш ұсынған акад. В.В.Виноградов болды. В.В.Виноградов бұл пікірді 1950 жылдары ұсынған болатын. Содан бері ғалымдар бұл пікірді дәлелдей, дамыта келе 1970 жылы шыққан “Русская грамматика” кітабында оны жеке сала ретінде беріп, сөзжасам тіл білімінің жеке саласы деген пікірін жария етті. 1980 жылы

шыққан “Русская грамматикада” сөзжасам жеке сала ретінде беріліп, бұл мәселенің түпкілікті шешілгенін дәлелдейді.

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуы – ұзақ уақыт бойы ғалымдардың пікір-таласының нәтижесі. Ресейде сөзжасам мәселесін зерттеп, ол туралы дәлелді пікір айтқан сөзжасамның өзіндік зерттеу нысанасы барын, оның тіл білімінің басқа салаларынан ерекшелігін ашқан, басқа салаларымен байланысын да көрсете білген ғалымдар болды. Олардан Г.О.Винокур, Е.С.Кубряков, Е.А.Земская, Н.Д.Арутюнова, А.Н.Тихонов, И.С.Улухановтарды айтуға болады.

Сөзжасамды тіл білімінің жеке саласы деп тану мәселесі шетел ғалымдарының зерттеуінде де дәлелденді. Оған 1978 жылы Вена қаласында өткен лингвистердің дүниежүзілік ғылыми конгресі дәлел болды. Бұл конгресте сөзжасам мәселесі тұңғыш рет күн тәртібіне қойылып, оған арнайы секция бөлінген. Конгресте тіл біліміндегі сөзжасам мәселесіндегі олқылықты жою мақсаты көзделіп, сөзжасам мәселесін зерттеуді күшейту мәселесі алға қойылды. Ғылымдағы бұл бетбұрыстан түркі тілдерінің ғалымдары да тыс қалмады. Татар тілінің маманы Ф.А.Ганиев өзінің сөзжасамның мәселесіне арналған докторлық диссертациясында “Сөзжасам - татар тіл білімінің бір саласы” деген тақырып бөлініп, онда осы мәселені жан-жақты дәлелдеген.

Сөзжасам мәселесі туралы ғалымдар зерттеулері, түрлі пікірлері мен ұсыныстары қазақ тілі ғалымдарына да әсер етті, қозғау салды, осы мәселені зерттеуге игі ықпал жасады. 1984-1988 жылдары академияның тіл білімі институтының грамматика бөлімінің қызметкерлері сөзжасам мәселесін арнайы зерттеді. Зерттеудің нәтижесі 1989 жылы “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы” деген атпен монография болып шықты. Бұл сөзжасам мәселесін жаңа тұрғыдан зерттеген зерттеудің нәтижесі болды. Ғалымдардың соңғы жетістігіне негізделе отырып жазылған ғылыми көлемді монография еді. Монографияны Тіл білімі инситутының ғылыми қызметкерлері жазды. Олар: М.Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенов, Н.Оралбаева, Е.Жанпейісов, С.Нұрқатов. Монография екі

бөлімнен тұрады: 1) сөзжасамның жалпы мәселелері, 2) сөз таптарының сөзжасамы.

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуы оның тіл білімінің басқа салаларымен байланысын жоққа шығармайды. Өйткені тіл білімінің барлық салалары бір-бірімен байланысты, себебі олардың бәрі тілді зерттейді, сондықтан оларда байланыс болмауы мүмкін емес.

Тіл білімінің салаларының ішінен сөзжасамның морфологиямен байланысы ертеден-ақ назарға ілікккен. Сондықтан да сөзжасам соңғы кезге дейін көп тілде морфологияның құрамында қаралып келеді.Бұл екі саланың байланысты болатын себебі екеуі де сөздің ең кішкене бөлшегі морфемамен байланысты. Тіл білімінің сөзжасам саласы да, морфология саласы да морфеманы зерттейді. Бірақ сөзжасам жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттейді де, морфология грамматикалық тұлғаларды (формаларды) яғни сөз түрлендіруші қосымшаларды зерттейді.

Сөзжасам мен синтаксистің байланысы да тілде белгілі орын алады. Сөзжасамның синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздері өзінің шығу тегі жағынан сөз тіркестеріне барып тіркелетіні жалпы тіл білімінде әбден танылған, даусыз мәселе деп саналады. Сөз тіркесі сөзжасамдағы күрделі сөзде өз ізін қалдырып отырған. Күрделі сөздердің құрылысында, сыңарларының бір-бірімен байланысуында сөз тіркесінің ізі анық көрінеді. Бұл олардың ұқсастығын туғызып, оларды ажыратуда қиындық келтіреді. Өйткені көп жағдайда олардың жасалу үлгілері ұқсас. Бұл күрделі сөздердің түп негізі сөз тіркесі екеніне байланысты.

Сөзжасам нәтижесінде жасалған туынды сөздер сөздік қорға қосылып, тілдегі басқа сөздер сияқты лексикологияның зерттеу нысанасына түседі. Бұл арада туынды сөздер сөзжасам мен лексикологияның байланысын туғызады. Бірақ сөзжасам мен лексикология сөзді әр тұрғыдан зерттейді. Лексикология тілде бар сөздердің мағыналық ерекшелігін, шығу арнасын т.б. құбылыстарын зерттейді. Сөзжасам болса туынды сөздердің жасалу заңдарын зерттейді.

Қосымшалардың дыбыстық варианттары фонетикалық заңдылық негізінде қалыптасқан. Оны морфонология саласы зерттейді. Сонымен бұл арада сөзжасам өзінің жұрнақтарының вариантта қолданылуы арқылы тілдің фонетика, морфология салаларымен байланысатыны анықталды.

Қазақ тілі бай тілдердің біріне жатады. Тілдің бай лексикасы үнемі толығып, дамып отырған. Тілдің лексикасының үздіксіз дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттілігі туады. Осы қажеттілікті өтеу үшін сөзжасам арқылы жаңа сөздер жасалады. Ол жаңа сөздер тілді байытады, сондықтан тілдің сөздік құрамының баюында негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады, өйткені қазақ тілінің қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол тілде жаңа сөздер жасауды қамтамасыз етеді.

Қорыта келгенде, тілдің сөзжасам жүйесі көне замандардан бері қарай үнемі дамып, күрделеніп, қазір әбден қалыптасқан, бірақ ол даму тоқталады деген сөз емес. Тілдің сөзжасам жүйесі бірден өзгеріп кетпейтін құбылыс болғандықтан, оны біршама тұрақты деп санағанмен, ондағы болып отырған үздіксіз даму, сандық өзгеріс ретіндегі жылдамдық оның әр саласының қызметі әр дәуірде құбылып тұратын жоғарыда анық байқалды. Ұзақ уақыт ішінде өзгерістен өтіп, әбден қалыптасқан қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі бар, ол өмірде пайда болған барлық жаңа заттарды, жаңа құбылыстарды, жаңа ұғымдарды атауды қамтамасыз етеді, сол үшін қызмет етеді.

Тілде жаңа сөз жасаудың тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Тілде жаңа сөздер көне замандардан бері қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері карай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар:

1) синтетикалық тәсіл,
2) аналитикалық тәсіл,
3) лексика-семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі.

Қосымшалы тілдерде синтетикалық сөзжасамдық тәсіл туынды сөз жасауда негізгі тәсілдер тобына кіреді. Түркі тілдері, оның ішінде казақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, сөзжасамның синтетикалық тәсілі тілімізде туынды сөз жасауда негізгі қызмет атқарады. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: 1) лексикалық мағыналы сөз, 2) сөзжасамдық жұрнақ.

Синтетикалық тәсіл арқылы сөзжасамға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының аткаратын өзіндік қызметі бар.

Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады. Сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады. Мысалы, *жүлдегер, ақта, ақылды, бәлеқор* сияқты туынды сөздердің жаңа мағынасы *жүлде, ак, ақыл, бәле* сөздерінің негізінде жасалған, сондықтан олар негіз сөздер деп аталады. Осы негіз сөздердің мағынасы мен туынды *жүлдегер, ақта, ақылды, бәлеқор* сөздерінің мағынасы байланысты. Ол мағына байланыстылық негіз сөздің мағынасының туынды мағынаға арқау болғандығынан туып тұр. Сонымен туынды сөздің негіз сөзі болатын лексикалық бірліктер туынды мағына жасау үшін қажет.

Туынды сөз жасауға лексикалық мағынасы бар тілдік бірліктердің қатысуы міндетті шарттың бірі болып саналады. Ал оның тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды, сондықтан туынды сөздің негіз сөзінің қызметін негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де, біріккен сөз де, қысқарған сөз де атқара береді. Мысалы, *көгер, түндік, айлық, ертең* деген туынды сөздерге негізгі түбір сөз негіз болған. Ал *егінші, өнімсіз, білімпаз, сәнқойлық;* дегендерге *егін, өнім, білім, сәнқой* деген туынды түбірлер негіз болған. Сондай-ақ *белбеусіз, колхоздас* деген туындыларға біріккен сөз бен қысқарған сөз негіз болған. Осы туынды сөздердің бәрінде негіз сөз қызметін түрлі құрамды, түрлі тұлғалы сөздер атқарған. Бірақ олардың бәрі де - лексикалық мағыналы сөздер яғни туынды сөздерге

лексикалық мағыналы сөздер негіз болған, өйткені лексикалық, мағыналы сөзсіз синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасалмайды. Сондықтан синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасы оның құрамындағы негіз сөзге байланысты болады. Негіз сөз яғни негізгі морфеманың мағынасы туынды түбірдің мағынасына арқау болатындықтан, оның мағынасы мен туынды лексикалық мағына байланысты болады. Бұл тек туынды түбірлерге, синтетикалық тәсілге ғана қатысты мәселе емес, ол-жалпы сөзжасамға қатысты қалыптасқан, толық, қатал сақталатын зандылық.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағынасы байланысты болатындықтан, туынды түбірдің қай сөзден, не арқылы жасалғанын дәлелдеуге болады. Мысалы, *өнім* деген туынды түбірдің лексикалық мағынасы - *өну* әрекеті арқылы шыққан заттың аты. *Өн, өнім* сөздерінің мағынасының байланысы анық көрініп тұр, сол арқылы ол дәлелденеді.

Сонымен сөзжасамдық мағынаны негіз сөз бен туынды түбірдің мағына байланыстылығы арқылы ажыратуға болады.

Негіз сөз дегеніміз - туынды сөздің лексикалық мағынасына аркау болатын сөз. Мысалы, *кәсіпкер, қаламгер, аңшы* туынды мағынасы *кәсіп, қалам, аң* деген негіз сөздердің мағынасынан жасалған, сондықтан олардың мағынасы байланысты. Жалпы туынды тұбір атаулының бәрінде осы зандылық сақталады. Орыс тіл білімінде оны "мотивированность значения" деп атайды. Бұл ғылымда әдетте туынды түбірмен байланысты айтылады.

Туынды түбір сөз бен негіз сөздің мағына байланыстылығы, әсіресе, сөзжасамдык ұяда анық көрінеді. Сөзжасамдық ұяға бір негізгі түбірден өрбіген туынды түбірлердің бәрі жатады. Мысалы, «Қазіргі казақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты 1989 жылғы монографияда *бас* сөзінен (есім, етістік мағынасындағы) 137 туынды түбір жасалғаны келтірілген. Осы туынды түбірлердің бәрінің мағынасы *бас* сөзімен байланысты. Ол жалғыз осы сөзжасамдык ұяның ерекшелігі емес, жалпы әр сөзжасамдық ұяда канша туынды түбір болса да, олар бір-бірімен мағына жағынан байланысты

болады. Өйткені бір ұядағы туынды түбірлердің бәрінің құрамынан ұяның негіз сөзі орын алады да, ол ұядағы түбірлес туынды түбірлердің мағына байланыстылығын туғызады.

Туынды түбірдің құрамындағы негіз сөздің лексикалық мағыналы сөзден болуы міндетті шарт саналуы оның туынды түбірдін лексикалық мағынасын жасауға кажеттілігіне байланысты.

Синтетикалық сөзжасамдық тәсілдегі екінші тұлға, екінші тілдік бірлік - сөзжасамдық жұрнақ. Синтетикалық сөзжасамда жұрнақ негізгі мүше болып саналады, синтетикалық тәсіл арқылы туынды түбірді тек жұрнақ жасайды.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады. Туынды түбір негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы, арда+гер = ардагер, көрер+мен = көрермен, дәріс+хана = дәрісхана, ой+ла = ойла, айып+кер = айыпкер, сәулет+ші = сәулетші т.б.

Сонымен туынды түбірлер бір негізгі морфема мен бір көмекші морфемадан тұрады. Мысалы, өнерпаз>өнер (негізгі морфема)+паз (көмекші морфема). Осы сияқты барлық туынды түбірлер негізгі морфема мен көмекші морфемадан яғни лексикалық мағыналы сөз бен жұрнақтан тұрады.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсысының орны бар, негіз сөз бірінші орында тұрады, жұрнақ екінші орында тұрады.

Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты.

Бұл заңдылықтан ауытку тек басқа тілден кірген кейбір сөздерде кездеседі. Мысалы, *бисаясат, бейкүнә т.б.* Мұндай жағдай біздің тіліміздің зандылығына жатпайды.

Туынды түбір жасаушы жұрнақтың да атқаратын өзіндік қызметі бар. Оның негізгі қызметі - туынды лексикалық мағына жасау. Сондықтан көпшілік сөзжасамдық жұрнақтар лексикалық жаңа мағына жасайды. Мысалы, *ойыншық* туынды түбірін жасаған -шық жұрнағы *ойын* негіз сөзінен басқа лексикалық мағына яғни ойнайтын заттың атын жасаған. Сонда мұндағы *ойын* сөзінің лексикалық мағынасынан *ойыншық* туынды түбірінің лексикалық мағынасы басқа.

Сөзжасамдық жұрнақтардың көбі осьшайша жаңа лексикалық мағына жасайды. Олар-тілдегі ең көп жұрнақтар. Осы жағдай сөзжасамдық жұрнақ жаңа лексикалық мағына жасайды деген ұғымды калыптастырған.

Сөзжасамдық жұрнақтың ішінде сөздің лексикалық мағынасын мүлдем өзгертпей, негіз сөздің мағынасын түрлендіретін жұрнақтар да бар. Мысалы, апатай, інішек, өзгеше, белес, әкежан, ботақан, бірінші, біреу, ондаған т.б. осы сияқты туынды түбірлердің құрамындағы жұрнақтар негіз сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға түрлі мағына қосқан.

Мұндай тілдік құбылыс басқа тілдерде де бар. Мысалы, орыс тілінде мұндай туынды түбірлердің мағынасын «модифицирующие значения» деп атаған.

Сондықтан сөзжасамдық жұрнақгар екіге бөлінеді:

1) лексикалық мағына жасайтын жұрнақтар,

2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар. Сөзжасамдық жұрнақтардың әрқайсысының жеке мағынасымен бірге, жалпы мағыналары да бар. Айталық, бір топ жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты. Мысалы, саудагер, көрме, емхана, оттық, сусын, белес, ауылдас т.б. осы сияқты туынды түбірлерді жасайтын жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты. Ал *сәнкой, көңілді, өнімді, тапқыш, әсемпаз, жинақы, сыншыл, сәнді, көйлекшең, ақылды, көреген, білгіш* сияқты туынды түбірлердегі жұрнақтар сындық белгі мағынасын жасаған.

Мына туынды түбірлердегі жұрнақтар қимыл мағынасын жасаған: басқар, байы, сына, ағар, бөліс, карай, көкте, ұзар, ақта, жина т.б.

Жұрнақтар мағынасымен байланысты сөз таптарына телулі болады. Әр сөз табының өз сөзжасамдық жұрнағы бар. Олар әр сөз табына қатысты туынды түбір сөз жасайды. Бұл жағдайға байланысты әр сөз табының өзіндік сөзжасамы қалыптасқан. Синтетикалық тәсіл барлық сөз табында сөзжасамдық қызмет атқарады.

Сөзжасамның аналитикалық, тәсілі. Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл - тілімізде көне замандардан келе жатқан,

тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Ол көпшілік тілдердің сөзжасамынан орын алады. Ал кейбір тілдерде негізгі сөзжасамдық тәсіл болып саналады. Мысалы, ондай тілдерге жапон, қытай тілдері жатады.

Аналитикалық тәсіл деп екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады. Мысалы, Екібастұз, ойтолғау, Нұрдәулет, Қызылорда, баспасөз, он сегіз, келіп кет т.б. Бұл мысалдардың біріншісі үш сөзден, қалғандары екі сөзден құралған.

Қосымшалы тілдерде аналитикалық тәсіл басқа тәсілдер катарынан орын алады, бірақ бұл аналитикалық тәсілдің қызметі ондай тілдерде өнімсіз дегенді білдірмейді. Мысалы, неміс, ағылшын, орыс тілдерінде, түркі туыстас тілдерде сөзжасамның аналитикалық тәсілі өте кең түрде қолданылады. Қазақ тілінде де аналитиқалык тәсіл көне замандардан бері карай қолданылып келе жатыр. Ол барлық сөз табының сөзжасамынан кең орын алады. Мысалы, үш бұрыш, тік ұшақ, көмір кышқылы, ақсақал, темір қазық (зат есімдер); кызыл ала, орта бойлы, қызыл шырайлы, ақшашты (сын-есімдер); кырық сегіз, он алты, екі жүз, бес мың (сан есімдер); кіріп шық, беріп кет, алып кел, алып бер (етістіктер); күні кеше, күндерде бір күн, бүгін, биыл (үстеулер); так-тұқ, тарс-тұрс, жалт-жүлт (еліктеуіштер); пай-пай, ойпырмай, бәрекелді (одағайлар).

Аналитикалық тәсіл қазақ тілінде барлық сөз табының сөзжасамынан орын алғанымен, оның сан есім сөзжасамында негізгі тәсіл екенін атау қажет.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздердің бәрі екі лексема арқылы жасалады, бірақ күрделі сөзде олардың әрқайсысы өзінің жеке тұрғандағы мәнін сақтамай, бір тұтас мәнге көшеді. Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болумен бірге, оның іштей бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту сиякты анлитикалық тәсілдің төрт түрі бар.

Бұлардың әрқайсысы да тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады, олар арқылы жасалған туынды күрделі сөздер тілде өте мол. Аналитикалық тәсілдің бұл ішкі түрлері арқылы жасалған күрделі сөздер де бір-бірінен баска-баска болады. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен сөздер, кос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы, зат есімге заттану арқылы көшкен сөздер өте көп: *бүлдірген, ағарған, қорған,қамал, айтыс, қоршау, ақ, асар, жетісі, екпін, тіл т.б.*

Лексика-семантикалык тәсіл арқылы тілде ғылымның әр саласында терминдер көп жасалған: сөз, буын, мағына, есім, шылау, үстеу (тіл білімі), құн, нарық (экономика), теңеу, суреттеу, өлең, әңгіме (әдебиет), қимыл, қозғалыс (физика), үш бұұрыш, көбейту, қосу, алу (математика) т.б.

Лексика-семантикалык тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда *конверсия* деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы - өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар.

Лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар:

1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі,
2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы.

Сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі. Ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу, баска, өзге т.б. Бұл сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Олар: 1) қорған, айтыс, жарыс-етістік, қимыл, бірге, біреу-сан есім, сандық ұғым, баска-сын есім, өзгеше-есімдік.

Жоғарыда осы сөздердің: 1) қорған, айтыс, жарыс зат есімге көшкен мағынасы, 2) біреу - есімдікке көшкен мағынасы, 3) бірге, басқа, өзге - сын есімге көшкен мағынасы келтірілді.

Сөздің жаңа мағынаға ие болуы, сол арқылы басқа сөз табына көшуі түрлі жолмен іске асады. Оның ішінде ғылымда заттану (субстантивация) - тілдерге кең тараған түрі. Ал заттану - көбіне ықшамдау зандылығына байланысты болатын құбылыс. Мысалы, қазіргі тілде *бір жұма, бір жеті* деген тіркестер бір-бірімен мағыналас. Осындағы *жеті (апта)* сөзінің заттық мағынасы *алғаш жеті күн* мағынасында қолданылып, *күн* сөзінің қолданыста түсіп калып, ықшамдалуынан оның заттық мағынасы *жеті* сөзіне көшкен, сонда *жеті* сөзінің заттануына *күн* сөзінің қодцаныстан шығуы себеп болған.

Үші, жетісі, қырқы, жүзі, тосан (оқу мезгілі) сөздері де осы ретте заттанған.

Бір, біреу сөздерінің есімдікке көшуі, *бірге, басқа, өзге, кетеген, қашаған* сөздерінің сын есімге көшуі, *бірден, етпетінен, босқа, текке, зорға, бекерге, әреңге, алға, артта, әзірге, , күніге, кейде, артта, алда, баяғыда, қапыда, қапелімде, әуелден, ежелден, шетінен, лажсыздан, төтеден, шынымен, жайымен, түйдегімен т.б.* осы сияқты сөздер үстеуге көшуі көнеру арқылы жүзеге асады. Бұл сөздер тілде осы тұлғада, осы қосымшалармен қолданылып жүріп, бірте-бірте басқа мағынаға ие болып, жаңа мағынасына карай сөз табын өзгерткен, бұл үрдісте сөйлем (контекст) үлкен қызмет аткарған.

Келтірілген мысалдар тілдің сөздік құрамын байытуда біртұтас лексикалық мағына болғанымен, олар білдіретін ұғым күрделі. Осындағы *алып кел, алып шық* деген күрделі етістіктердің әрқайсысы күрделі қимылды білдіреді. *Алып кел* біртұтас лексикалық мағыналы сөз, бірақ ол-білдіретін қимыл әрі алу, әрі келу қимылын камтитын күрделі кимыл атауы. *Алып шық* та сол сияқты екі кимылдан тұратын күрделі кимылды біддіреді. Бұлардың әрқайсысы бір-бірімен кірігіп, біртұтас күрделі ұғымға көшкен, біртұтас күрделі кимыл атын жасаған.

Сол сияқгы күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер, күрделі зат есімдер де жалпы күрделі сөз атаулы күрделі ұғымды білдіреді. Күрделі сөздің мағынасы оның құрамындағы сыңарлардың мағыналарының қосындысынан жасалады. Ал күрделі сөздің жасалуы өмірде күрделі құбылыстардың болуымен байланысты. Ол күрделі сөздерді туғызады.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөзжасам дегенде не түсінесіңдер?
2. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері карай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдер қайсылар?
3. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны жайлы мәлімет беріңдер.
4. Сөзжасамдық жұрнақтар нешеге бөлінеді?
5. Сөзжасамның лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәсілдері жайлы сипаттама беріңдер.

СӨЗ ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Туынды сөздер

Туынды сөздер деп сөзжасамдық тәсіл арқылы сөзжасамдық бірліктердің бір-бірімен қарым-қатыскқа түсуінен жасалған сөздер айтылады. Мысалы, толқын, білім, сұрақ, бозар, көгер, алып кел, барып қайт, бүгін, биыл, білгіш, әсемпаз т.б. Келтірілген мысалдардың бәрі туынды сөздерге жатады. Мұндағы толқын (толқы+н), білім (біл+ім), сұрақ (сұра+қ), бозар (боз+ар), көгер (көк+ер), білгіш (біл+гіш), әсемпаз (әсем+паз) деген туындылар негіз сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған. Ал алып кел, барып қайт, бүгін, биыл деген туындылар екі толық мағыналы сөздің бір мағынаны білдіріп, бір сөзге айналуы арқылы жасалған.

Туынды сөздер - тілдің сөзжасам саласының зерттейтін негізгі нысандарының бірі, өйткені туынды сөздер-сөзжасам заңдылықтары бойынша, сөзжасам бірліктері арқылы өмірде пайда болған жаңа затгар мен жаңа құбылыстарды атау үшін жасалып, тілдің сөздік қорына қосылған сөздер.

Туынды сөздер тілде өте көп, өйткені олар әр заманның кажетіне қарай тілге үнемі үздіксіз қосылып отырған, сондықтан туынды сөздер тілдегі ең көп сөздерге жатады.

Қазақ тіл білімінде түбір сөз, туынды сөз, туынды түбір деген терминдердің жігі ажыратылмай, кейде олар бірінің орнына бірі қолданылуы кездесе береді. Сондықтан оқулықта бұл терминдердің кандай мағынада қолданылғанына түсінік беру кажет.

Түбір сөз лексикалық бірліктің грамматикалық тұлғаларға түрленбей тұрғандағы сөздіктерде берілетін түрі. Мысалы, он, жақсы, отыр, сыбызғышы, жылыжай, жолқиыс, әсемпаз, талапкер т.б. Бұлардың әрқайсысы да - тілде белгілі мағынаны білдіретін сөздер. Осылардың қалай жасалғанына, құрамдарының түрлілігіне қарамастан, бәрі де түбір сөздерге жатады.

Түбір сөз деп лексикалық мағына беретін, сөздікте белгілі орны бар, белгілі бір сөз табына жататын сөздер аталады. Түбір сөздер екі үлкен топқа бөлінеді, олар: негізгі түбір және туынды түбір. Негізгі түбір сөз бір морфемадан ғана тұрады, әрі қарай бөлшектеуге келмейді, тұтас тұрып лексикалық мағына береді. Мысалы, ол, ел, ата, ана т.б.

Туынды сөздер ең кемі екі морфемадан құралып, сөзжасам әрекетінің нәтижесінде жасалған, белгілі лексикалық мағынасы бар сөздер. Тілде сөзжасамдык тәсілдер түрлі болғандықган, олардың нәтижесінде жасалған туынды сөздер де түрліше. Мысалы, *қаламгер, сөзшең, өтірікші, білімпаз* деген туындылар мен *жолсерік, қолкесер, көмірқышкылы, ұзын, сонар* деген туындылар бір емес. Сол сияқгы *АлМУ, екпін, тасымал, ҚР* деген сөздерде де айырма бар, бірақ осы сөздердің бәрі туынды сөздерге жатады, өйткені олардың бәрі-сөзжасам үрдісінің нәтижесінде, түрлі сөзжасамдық бірліктер мен түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған сөздер. Сонда туынды сөздерге сөзжасам үрдісінің нәтижесінде жасалған сөздер ғана жататыны көрінді. Олай болса, туынды сөз тек сөзжасамға катысты, сөзжасамнын мәселесінің бірі. Ал негізгі түбір сөздер сөзжасам нәтижесінде жасалмаған.

Туынды сөздер - тіліміздегі ең көп сөздер, өйткені олар тілдің барлық кезеңінде үздіксіз жасалып, тілге қосылып, сөздік қорды үнемі байытып отырған.

Туынды сөздер құрамына қарай дара және күрделі болып, екі үлкен топқа бөлінеді. Дара және күрделі туынды сөздердің осылай бөлінуі олардың синтетикалық және аналитикалық тәсілмен жасалуына байланысты. Синтетикалық тәсілмен жасалған туынды сөздер дара туынды сөздерге жатады. Мысалы, зейнеткер, тәлімгер, оралман, оқырман, айыпкер, өсімтал, оқылым, пікірлесім, сөйлем, бейнелеуіш, кәсіпкер, адалдық, намысқой т.б. Дара туынды сөздер лексикалық мағына береді, бір ғана сөзден тұрады.

Дара туынды сөздерге негізінен туынды түбір сөздер жатады. Мысалы, кәсіпкер, аялдама, оқырман, көрермен, өзгер, басқар, сәлемдес, қосақта, сөйлесім, жалақор, тілші т.б.

Дара туынды сөзге лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің дара түрі де жатады. Мысалы, буын, тасымал, құн, нарық, құқық, баға т.б. Бұл сөздердің күнделік өмірде колданылатын бейтарап мағынасы бар, солардың негізінде кейін жасалған термин мағынасы бар. Термин мағынасында бұл сөздер туынды сөздерге жатады, бірақ мұндай сөздер туынды түбірлерге карағанда, әлдеқайда аз. Дара туынды сөздердің негізін туынды түбір сөздер құрайды.

Туынды түбір

Туынды түбір деп құрамы негіз сөз бен жұрнақтан тұратын сөздер аталады. Мысалы, үгітші, каламгер, әсемпаз, сәнқой, бәлеқор, ботақан, құлыншақ, құнажын, бөлім, бөлме, ақта, майла т.б.

Туынды түбірге сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер ғана жатады. Сонда туынды түбір мен туынды сөз деген екі терминнің арасында үлкен айырма бар. Сондықтан бұл екі термин кейде орынсыз бірінің орнына бірі қолданылатынына қарамастан, олардың әркайсысың өз мәнінде қолдану керек.

Туынды түбір туынды сөздердің ішіндегі ең көп тараған түрі. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі сөзжасамдық

жұрнақгар арқылы туынды түбір сөздер жасап, тілді байытып отырады.

Туынды түбірдің құрамы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан тұрады. Туынды түбірдің мағынасы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалады. Негіз сөздің лексикалық мағынасы жұрнақ қосылғаннан кейін туатын лексикалық мағынаға негіз болады, сондықтан туынды түбірдің мағынасы мен негіз сөздің мағынасы үнемі байланысты болады. Мысалы: өнер-лі, ақ-та, көйлек-шең, біт-ім, сыр-лас т.б. Бұларда *өнерлі* деген мағына *өнер* деген сөздің мағынасына негізделген. Сол сияқты *ақпа* дегенге ақ *көйлекшең* дегенге *көйлек, бітім* дегенге *біт, сырлас* дегенге *сыр* сөзі негіз болған. Сондықтан *өнерлі, ақпа, көйлекшең, бітім, сырлас* деген туынды түбірлердің мағынасы оларға негіз болған *өнер, көйлек, біт, сыр* деген негіз сөздердің мағынасымен байланысты.

Туынды түбірлердің мағынасы оған негіз болған сөздің мағынасымен байланыста бола тұра, ол негіз сөздің мағынасынан белгілі дәрежеде өзгешелігі болуы керек. Кейде туынды сөздің мағынасы үлкен өзгеріске түссе, кейде ол мағыналық ерекшелік аз болуы да мүмкін. Мысалы, *дәрігер, тәлімгер, зейнеткер* дегендердің бәрі түрлі кәсіпті маманданған адамдарды бідіреді. Бұлардағы *дәрі, тәлім, зейнет* деген жансыз заттық ұғым атауларынан мамандanған адам атауы жасалды. Олар сөз табын сақтағанымен, мағыналарында үлкен өзгеріс болды.

Ал жақсылық, жамандық, үлкендік деген туынды түбірлерде негіз сөздің сындық, белгі мағынасы туынды түбірде заттық ұғымға ауысты. Бірақ олардың мағынасында үлкен айырмашылық бар деу қиын.

Таулы, ақылды, өнерлі сиякты туынды түбірлерде сөз табы өзгерді, бірақ мағынадағы өзгеріс өте үлкен емес. Мысалға келтірілген туынды түбірлердің бәрінде негіз сөздің мағынасында өзгеріс болған, ол мағыналық өзгеріс әр топта әр түрлі. Бұдан шығатын қорытынды негіз сөзбен салыстырғанда, туынды түбірдің мағынасында кандай болса да, белгілі бір өзгеріс, мағыналық түрлену болады. Сондыктан да негіз сөз бен туынды түбірдің мағынасы бірдей бола алмайды. Олай болса,

туынды түбірдің мағынасында өзгеріс болу туынды түбірдің белгілерінің бірі болып саналады, өйткені туынды түбірде мағыналық өзгеріс болу міндетті.

Туынды түбір құрамы жағынан алғанда, екі морфемадан тұрады. Олар: негіз сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Бұл екі морфема - туынды түбір үшін міндетті шарт. Негіз сөзден туынды түбірдің құрамы кашанда күрделі болады. Туынды түбірге негіз болған сөз кандай түбір болса да, одан жасалған туынды түбірдің бір морфемасы артық болады.

Туынды түбірлер тілдің қазіргі даму сатысына сай танылады. Сондықтан туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың жігі анық көрініп тұрады. Мысалы, кедейлік<кедей+лік, қымызхана<қымыз+хана, көкте<көк+те, намысқор<намыс+қор, тапқыр<тап+қыр, тотық<тот+ық, тігін<тік+ін, үшкыш<үш+қыш, ұшақ<ұш+ақ. Келтірілген туынды түбірлердің бәрінде олардың құрамындағы морфемалардың жігі анық көрініп тұр.

Осы туынды тубірлердің құрамындағы жұрнақтың әрқайсысы тілде бірнеше басқа туынды түбірлер жасаған. Олармен бұл туынды түбірлерді салыстыру арқылы жұрнактың тілдің сөзжасам жүйесінде бары аныкталады.

Бұл жағдай тарихи тұрғыдағы туынды түбірлерге қатысты емес. Тарихи тұрғыдағы туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың жігі жойылған. Сондықтан олар қазіргі тілдің даму сатысында туынды түбір саналмайды. Мысалы, түркологтар жой-жоқ, той-тоқ, кел-кет сөздерін көне заманда туынды түбір болған сөздер деп дәлелдеген. Қазіргі тілдің даму сатысында бұл сөздер туынды түбірлер ретінде танылмайды, олар казір негізгі түбірлер саналады. Міне, сондықтан да туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың жігі сақталуы да олардың белгілеріне жатады.

Туынды түбірлер белгілі сөз таптарының құрамында болады. Мысалы, қолөнерші, жазушы, күресші, дорбашық, буыншақ, түйін, болжам деген туынды түбірлер зат есімге жатады. Өркениетті, білікті, әуесқой, өнерпаз, дүниекор, бағалы, киімшең деген туынды түбірлер сын есімге жатады. Ал

тазала, әңгімеле, қолда, жолық, ағар, қысқар, бағала деген туынды түбірлер етістік екені белгілі.

Туынды түбірлердің сөз таптарына қатысты болатын себебі әр сөз табының өзіне тән сөзжасамдық жұрнақтары бар. Туынды түбір қай сөз табының жұрнағы арқылы жасалса, сол сөз табының туынды түбірі саналады. Әр сөз табының жұрнағы туынды түбірге өзі тәуелді сөз табының мағынасын косып, сол сөз табының сөзін жасайды. Сондықтан туынды түбір сөздің бәрі де белгілі бір сөз табының сөзі болып саналады. Осымен байланысты әр сөз табының сөзжасамы бар. Мысалы, зат есімнің сөзжасамы, сын есімнің сөзжасамы, етістіктің сөзжасамы т.б.

Қорыта келгенде туынды түбірлердің мынадай белгілері бар:

1) туынды түбір екі морфемалы сөз, олар: негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ;

2) туынды түбірдің мағынасы оның құрамындағы негіз сөз бен сөзжасамдық жүрнактың мағынасынан жасалады;

3) туынды түбірдің құрамындағы негіз сөз бен туынды түбірдің мағынасы байланысты болады;

4) туынды түбір сөз белгілі бір сөз табына қатысты болады. Бұл белгілерге сүйеніп, туынды түбірлерді басқа тілдік бірліктерден ажыратуға болады.

Күрделі сөздер

Аналитикалық тәсіл арқылы екі я онан да көп сөзден құралып, бір лексикалық мағына беретін сөздер күрделі сөздер деп аталады. Мысалы, бойжеткен, елтаңба, әнұран, үнтаспа, әуежай, жазбапікір (отзыв), жылыжай (теплица), қонақүй (гостиница), ауыз ашар, шағын кәсіп, аш-жалаңаш, бау-бақша, бизнес-жоспар, бизнес-орталық, ғалым-хатшы, Қазақтелеком, АҚ (акционерлік қоғам) т.б. Күрделі сөздер қанша сөзден құралса да, бір сөз болып саналады, бір сөздің қызметін атқарады. Көпшілік жағдайда олар екі сөзден тұрады, яғни күрделі сөздің құрамында екі сыңар болады. Алайда екіден көп сөзден де құрала береді. Мысалы, Екібастұз, Кемпірөлген, Ащысай сияқты мысалдар оның құрамы үш, төрт сөзден құралуы да бар екеніне дәлел.

Қазақ тілінде күрделі сөздер кең орын алады. Күрделі сөздер барлық сөз таптарында бар. Мысалы, Ақ орда (резиденция), ас үй, әуе серігі (стюардесса), жол сілтеуші (регулировщик), құрбан айт, нағашы жұрт деген күрделі сөздер - зат есім. Түлкі тымақты, қызыл шырайлы, орта бойлы, қыр мұрынды, кара мұртты, ащы судай, ессіз адамдай - күрделі сын есімдер; жеті-сегіз, жүз алпыс жеті, мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз - күрделі сан есімдер; кейбір, бірнеше, әлдебір, әлдеқалай - күрделі есімдіктер; алып кел, барып көр, алып бер, көріп шық, келіп кет - күрделі етістіктер; таңертең, жаздыгүні, бірқатар, биыл, бүгін, зорға-зорға - күрделі үстеулер; жалт-жұлт, қылтың-сылтың, қызараң-қызараң, адыраң-адыраң – еліктеуіш сөздер; әйткенмен, сол себепті, не болмаса, сүйтсе де - күрделі шылаулар; бәрекелді (барака аллаһу), жаракімалла (я рақым (бер) злла) - одағай.

Күрделі сөздердің барлық сөз табынан орын алуы оның тілге кең таралғанының көрсеткіші ретінде қаралу керек, яғни тіліміз күрделі сөздерге өте бай.

Бұл-жалғыз қазақ тілінің ерекшелігі емес, дүние жүзі тілдеріне тән жалпы құбылыс. Рас, күрделі сөздің қолданылуы әр тілде бірдей деп карауға болмайды. Ол туралы ғалым А.А.Пашковский былай дейді: «Күрделі сөздер түрлі тілдердің лексикалық системасынан орын алады. Кейбір тілдерде сөздерді біріктіру қосымша тәсіл болып, оның нәтижесі елеусіз болады да, сөздіктің периферия бөлімінен орын алады. Келесі бір тілдерде ол өте кең тараған, негізгі тақырыпқа жатады. Соңғы топтағы тілдерге жапон тілі жатады. Лексикадан алатын сөздің типіне қарап, оны күрделі сөздің тілі деуге болады» Ф.А.Ганиев күрделі сөз неміс, ағылшын, жапон және хинди, славян тілдерінде көп қолданылады деп санайды. Түркі тілдерінің ғалымдары, оның ішінде қазақ тілінің ғалымдары да, түркі тілдерін де күрделі сөзге бай тілдер деп таниды. Бұл - осы тілдерде сөзжасамның аналитикалық тәсілінің көне замандардан бастап, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқанының нәтижесі. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштері саналатын орхон жазбаларында кісі аттары мен жер-су атауларында күрделі сөздер жиі кездеседі, ол дәстүр

қазір де сақталған. Мысалы, Әубәкір, Бөкейхан, Жантөре, Жанмырза, Қызылорда, Талдықорган, Ақмола, Ақтөбе, Ащысай т.б.

Бұл дәстүр басқа сөздерге де кең тарап, аналитикалық тәсіл арқылы баска атаулар да жасалған, сондықтан ол қазір барлық сөз таптарының сөздерінен мол орын алып отыр.

Қазақ тілінде күрделі сөздердің сыңарларын байланыстыратын басқа тілдердегідей (орыс тілі) арнайы қосымша жоқ. Күрделі сөздердің ішкі сыңарлары бір-бірімен орын, мағына арқылы байланысады. Мысалы, алпыс бес, жүз елу екі, қызыл ала, Алатау, Қаратау деген күрделі сөздердің құрамындағы сыңарларды байланыстырған қосымша жоқ.

Тілдердің көбінде күрделі сөздер мәселесінде түрлі көзқарас, даулы мәселелер өте көп. Олардың көбі күрделі сөздердің тілдерде танылу-танылмауына байланысты. Бұл мәселенің түп негізі күрделі сөздердің емлесінен туып жатады. Бірсыпыра тілдерде күрделі сөздердің сыңарларын бірге жазылу дәстүрі бар. Ондай тілдерде дау-шар аз, бірақ күрделі сөздер тілге үнемі қосылып отырады. Міне, мұндай күрделі сөздердің танылуы, жазуы калыптасқанша, алалық туып отырады. Ағылшын тілі - жазу мәселесінде де өте консервативті тіл екені белгілі, соның өзінде ғалым О.Д.Мешков: «Ағылшын тіліндегі мерзімді баспасөзбен таныс адам онда күрделі сөздердін бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүргенін біледі» деп жазады.

Ал жазуы бір ғасырда бірнеше рет өзгерген тіл білімі кеш дамыған түркі тілдерінде күрделі сөз мәселесі шешілді деп айту мүмкін емес, күрделі сөз мәселесінде пікір алалығы өте күшті, оның ішінде қазақ тілі де бар.

Бұл жағдай күрделі сөз мәселесіне ерекше назар аударуды керек етеді. Сондықтан күрделі сөздердің белгілерін білу кажет.

Күрделі сөзге әр ғалым әр түрлі анықтама береді, бірақ солардың бәрінде күрделі сөздердің екі не онан да көп сыңарлардан жасалатынын бәрі де дәлелдейді. Бұл - ғалымдардың бәріне ортақ пікір. Оны қазақ тілі деректері де растайды. Сондықтан күрделі сөздердің негізгі белгісінің біріне

оның күрделі құрылымы жатады, сол арқылы ол дара сөздерден ерекшеленеді. Мысалы, кара торы, отыз екі, келіп кет, елбасы, коян жүрек, аққу (құс), темір жол, жер серігі, тау жуа, іш ауру, ұшан-теңіз, түн-тотысы, таң намаз, күні кеше, ой-пікір, ата-ана, оқ жылан, май шабақ, қожа-молда т.б. Күрделі сөздердің құрамы оны ажырататын негізгі белгі болып саналады.

Қазақ тіл білімінде болсын, басқа тіл білімдерінде болсын күрделі сөзге берілген анықтамаларда күрделі сөздің құрамындағы сыңарларды сол сөзді құраушы, жасаушы бірліктер деп атай отырып, ол сыңарлардың мағыналары кірігіп, біртұтас мағынаға көшетінін ерекше атап отырады. Атап айтқанда, күрделі сөздердің әркайсысы - біртұтас мағыналы сөз. Сондықтан күрделі сөздің негізгі белгілерінің біріне оның құрамындағы сөздердің мағына бірлігі, тұтастығы жатады.

Күрделі сөз бен дара сөздің екеуіне де ортақ қасиет, белгі бар. Бұлардың екеуі де лексикалық мағына береді. Дара сөз қандай лексикалық мағыналы бірлік болса, күрделі сөз де сондай лексикалық бірлік тобына жатады, өйткені олардың әрқайсысының лексикалық мағынасы бар. Осы мәселеде күрделі сөз дара сөздің әр түрімен тең бола алады. Қазақ тілінде дара сөзге негізгі түбір, туынды түбір сөздер қандай лексикалық мағыналы сөздер болса, күрделі сөздер де сондай лексикалық мағыналы сөздер болып саналады. Тек дара сөздер мен күрделі сөздер құрамы жағынан ғана бір-бірінен ажыратылады. Сөз ретінде дара сөздің де, күрделі сөздің де тілде атқаратын қызметі бірдей, өйткені олардың қайсысы болса да, дербес сөздерге жатады, тілде лексикалық бірлік тобын құрайды. Сондықтан күрделі сөздің лексикалық мағынаны білдіруі оның екінші белгісі болып табылады.

Күрделі сөздердің сыңарлары калай болса солай, кез келген сөзден жасала бермейді, оның өзіндік заңдылықтары бар.

Біріншіден, күрделі сөздің құрамындағы сыңарлар мағыналық қатысы бар сөздерден құралады. Екіншіден, күрделі сөздердің сыңарлары толық мағыналы сөздерден болады. Күрделі сөздің мағынасын жасайтын оның сыңары толық

мағыналы дербес сөздер болуы керек. Бұл мәселе дүние жүзі тілдерінің басым көпшілігінде танылған, тек түркі тілдерінің кейбірінде ғана бірлі-жарым жеке пікірлер кездеседі. Бірақ жалпы тіл білімі көлемінде күрделі сөздер толық лексикалық дербес сөзден жасалады деп саналады. Осы пікірдің, дұрыс екендігін қазақ тілінің деректері де растайды. Мысалға, сан есім негізінен күрделі сандардан тұратыны белгілі.

Бұл барлық басқа сөз таптарына да қатысты. Мысалы, алтыбақан, қайнаға, белбеу, қарлығаш (қара ала құс), бозторғай, ақсақал, жүзбасы, Ақтөбе, Жезқазған, Ақылбай т.б. ерте заманнан келе жатқан күрделі атауыш сөздер. Олардың әркайсысының құрамы дербес сөздерден жасалғаны ешбір талас туғызбайды.

Сол сияқты күрделі сындар мен етістіктердің құрамындағы сыңарлар да дербес мағыналы сөздер екенін көру қиын емес. Мысалы, кара ала, күлгін сары, қызыл күрең, ақ боз, кара көк, алып кет, барып кел, көріп бер, алып кайт, көріп кет, т.б. осы сияқты мысалдардың бәрі де толық мағыналы дербес сөздерден жасалған, сондықган да күрделі сөздердің мағыналары оның құрамындағы сыңарлардың мағынасымен байланысты болады. Мысалға, жоғарыда келтірілген сөздердің кайсысын алсақ та, олардың сыңарларының ізі күрделі сөзден көрініп тұрады. Мәселен, *алтыбақан* ойынының аты оның құрамындағы алты бақанға байланысты шыққаны, аталғаны белгілі, *белбеу* алғаш белді буған баудың атынан, *қызыл күрең түс* қызыл, күрең түстердің қосындысынан туған түстің аты, *алып кету* алу және кету қимылдарынан тұратын күрделі қимылдың атауы екені анық. Күрделі сөздің мағынасы оны жасаушы сөзжасамдық бірліктердің яғни сыңарлардың мағынасынан жасалатын болғандықтан, олармен байланысты болуы заңды құбылыс, сондықтан мағына бере алатын дербес сөздер күрделі сөздерге сыңар бола ала алады. Сондықтан бұл күрделі сөздердің бір белгісі саналады.

Күрделі сөздердің мағына тұтастығы олардың құрамындағы сыңарларға, олардың орналасу тәртібіне байланысты. Әр күрделі сөз тілде белгілі құрамда, олар белгілі тәртіпте түрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан. Сондықтан

күрделі сөздің құрамы мен оның білдіретін мағынасы байлаулы деп санау қажет. Мысалы, *ақ құба* деген күрделі сөздің құрамын өзгертсек, бұл мағына берілмейді: *құба ақ, сары ақ, боз ақ* түрінде олар *ақ құба* күрделі сын есімнің мағынасын бере алмайды. Бұл - жалғыз күрделі сөз емес, сөз атаулыға тән касиет. Дара сөздердің мағынасы оның дыбыстық құрамына байланысты. Мысалы, *адам* деген сөз тек осы дыбыстық құрамда тұрғанда ғана, өз мағынасын білдіреді, осы дыбыстық құрамда, не оның орналасу тәртібін (адам-атам, мада т.б.) өзгертсек, *адам* сөзінің мағынасы берілмейді. Күрделі сөздер де белгілі құрамда, құрамындағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан, сондықтан ол мағына берілу үшін, күрделі сөздің құрамы да, құрамыңдағы сыңарлардың орналасу тәртібі де сақталуы қажет. Басқаша айтқанда, бұл күрделі сөздердің құрамы тұрақты екенін дәлелдейді. Тұрақты күрделі құрамда ғана күрделі сөз мағынасы қалыптасқан, сондықтан сол құрамда ғана сол мағынаны білдіреді. Күрделі сөздің құрамы да, олардың сыңарларынын орналасу тәртібі де тұрақты, берік. Ол күрделі сөздердің негізгі белгілерінің біріне жатады.

Тіл білімінде күрделі сөздердің түп төркіні сөз тіркесі саналады. Тілде кейбір сөз тіркестері бірте-бірте мағыналық дамуға ұшырап, құрамындағы сыңарларының мағынасы жымдасып, кірігіп бір мағынаға көшкен. Олардың сыңарлары өзінің алғашқы мағынасынан алыстап, өзінің дербестігінен айрылған, сыңарлардың мағынасының бір-бірімен кірігуінің нәтижесінде олар біртұтас сөзге айналып, белгілі бір ұғымды білдіретін күрделі сөз болып қалыптасқан. Сондықтан күрделі сөздің мағынасы берілу үшін, күрделі сөздің құрамы, құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі ол қалыптасқан кездегі қалып сакталуы қажет.

Рас, тілде қалыптасқан күрделі сөздердің үлгісі кейін басқа күрделі сөздер жасалу үшін қолданылған. Ондай үлгілер арқылы жаңа күрделі сөздер әр кезеңде жасалып отырған. Қазір де күрделі сөздер үлгі арқылы жасалып жатыр. Мысалы, *әнұран, елтаңба, жалақы, зейнетақы, елорда, елбасы т.б.*

Күрделі сөз өзінің сыңарларының мағынасының біртұтас мағынаға кірігіп, бір сөзге көшуінен бастап, бір сөз болып танылатындықтан, ол тілдегі басқа сөздер сияқты дайын тұрған лексемалар болып саналады да, сөйлемге сол дайын тұрған калпында кіреді. Демек, күрделі сөздер сөйлемге дайын тұрған калпында алынатын лексикалық бірліктер болғандықтан, ол сөйлемде бір сөздің қызметін аткарады, сөйлемнің бір мүшесі болады, бір сұраққа жауап береді.

Күрделі сөз бір кездерде жасалғаннан бастап, ол сөйлемге дайын лексема ретінде алынатындықтан, ол әр сөйлемде әр түрлі жасалатын, қай тұлғада қолданылуы сөйлемге байланысты сөздің грамматикалық тұлғаларынан да ерекшеленеді, өйткені күрделі сөз қандай сөйлемде де бір құрамда қодданылады. Мысалы, Кемпірқосақ өте әдемі. Кемпірқосақ көрінді сияқты тағы басқа сөйлемдерде бұл күрделі сөз осы құрамда ғана қолданылады, бірақ басқа сөздер сияқты осы құрамда тұрып, түрлі тұлғада тұра береді. Мысалы, Кемпірқосақта неше түрлі түс бар. Кемпірқосақты көргенмін.

Күрделі сөз біртұтас мағыналы болғандықтан, белгілі бір сөз табының мағынасын беріп, бір сөз табына қатысты болады. Қай сөз табына қатысты болса, сол сөз табының грамматикалық мәніне, қасиетіне ие болады. Осымен байланысты күрделі сөздер де басқа сөздер сияқты белгілі сөз табына жатады. Мысалы, Ақмола, Нұрлыбек, ине-жіп, бойжеткен, бойтұмар, бал каймақ, Құдайберген, Талдықорған т.б. осы сияқгы күрделі сөздер зат есімге жатады. Бұлардың сыңарлары зат есімнен, сын есімнен, етістіктен жасалғаны оның зат есімге көшуіне кедергі болмаған. Өйткені әр күрделі сөздің сыңарлары қай сөз табынан болғанына қарамастан, олар зат мағынасына, аталымына көшкен. Бұл - күрделі сөздің мағыналастығына дәлел.

Сол сияқты қара ала, ал қызыл, ер жүрек, қоян жүрек, салпы етек, ал қара көк, жай оғындай, мақпал қара, су қараңғы сияқты күрделі сөздер сын есімге жатады. Бұл сөздер осы құрамда тұранда, сындық мағынаға көшкен, сын есім мағынасына ие болған, күрделі сөздің қалыптасқаннан кейінгі мағынасы сындық мағына болғандықтан, бұлар сын есімге жатады.

Күрделі етістіктер де осы сияқты белгілі бір құрамда тұрғанда күрделі қимыл мәнге ие болған, сондықтан олар күрделі етістікке жатады. Мысалы, келіп кет, қайтып кел, алып бар, жазып бер, келіп көр, сатып ал, кіріп шық т.б.

Күрделі сөздердің құрамындағы сыңарлардың орнының тұрақтылығы, мағынасының тұтастығы арқылы ол еркін сөз тіркестерінен ажыратылады, өйткені еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақсыз.

Еркін сөз тіркесін жасаушы сөздердің әрқайсысы дербес мағыналы сөздер, олардың әркайсысы сөйлемде жеке сұраққа жауап береді, әрқайсысы сөйлемнің мүшесі қызметін атқарады, олар сөйлемдегі бірнеше сөздермен тұрлі сөз тіркесін жасайды. Мысалы, Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық (Ы.Алтынсарин). Осы сөйлемде төмендегі сөз тіркестері бар: 1) ықыласпен тоқылық, 2) көңілге тоқылық, 3) оқығанды тоқылық. Осы сөйлемде не бәрі 4 сөз бар, олар 3 сөз тіркесін жасап тұр.

Еркін сөз тіркесінің бұл белгілері күрделі сөзде жоқ, оның құрамындағы сыңарлар бөлінбейді, сыңарлары жеке-жеке еркін сөз тіркесін жасай алмайды, ол тұтас тұрып, еркін тіркестің бір мүшесі болады.

Күрделі сөзді тану үшін түрлі белгілер негізге алынады, тілдердің түрлігіне қарай ол белгілерде де түрлілік бар. Дүние жүзіндегі бірсыпыра тілдерде күрделі сөздерді біріктіріп жазу орын алады. Осындай тілдерге жататын француз, испан тілдеріндегі күрделі сын есімдерді зерттеген ғалым О.В.Азарова күрделі сөздердің белгілерінен үш белгіге ерекше мән береді. Олар: фонетикалық бірлік (күрделі сөздің сыңарларын бөліп айтуға болмайтыны), мағыналық тұтастық, синтаксистік қызметі деп атап, емлені белгі етіп алуға қарсы, өйткені ол шартты деп санайды.

Біріккен сөздер мен кіріккен сөздер

Біріккен, кіріккен сөздер деп - екі, кейде үш сөздің мағына және дыбыстық жағынан біртұтас лексикалық бірлікке көшкен сөздер аталады. Құрамындағы сыңарлардың бір-бірімен дыбыстық жағынан тұтасуы, бірге жазылуы арқылы, кіріккен

сөздер басқа күрделі сөздерден ерекшеленеді, өйткені күрделі сөздердің басқа түрлерінің сыңарлары бөлек жазылады.

Индоевропа, орыс тіддерінде тек қана біріккен сөздер күрделі сөз саналатыны белгілі. Бұл тілдерде сөздің мағына тұтастығымен бірге, тұлға (дыбыстық құрам) тұтастығы да күрделі сөздің негізгі белгілеріне жатады.

Ал қазақ тілінде ол зандылық күрделі сөздердің бір түрі біріккен және кіріккен сөздерге ғана қатысты. Солай болса да, индоевропа тілдерінде де, қазақ тілінде де бұл мәселеде алалық күшті. Қазақ тілінде бірсыпыра сөздер емлесі қалыптаспай, сөздіктердің өзінде бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүр және қаншама сөздер бөлек жазылып, біріккен сөз деп танылмай жүргенін Б.Қалиев анық көрсеткен. Ол орфографиялық сөздікте 360 қана біріккен сөз беріліп, әлі де 950 біріккен сөздің оған ілікпей калғанын дәледдеген.

Ғалым М.Балақаев біріккен сөздің жазылуындағы алалыкган құтылу үшін, бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүрген сөздердін бөрін бірге жазуды үсынады.

Біріккен сөздер де басқа күрделі сөздер сиякгы жай сөз тіркестерінен бастау алған, сондықтан оның құрамындағы сыңарлары сез тіркестерінің құрамындағы сыңарлармен ыңғайлас келеді. Сондыктан біріккен сөз бен тіркесті күрделі сөз және жай сөз тіркестерінде ұқсастық өте көп, бұл осы мәселелерді ажыратуда үлкен қиындык туғызады.

Қазіргі сөз тіркестерінің барлық үлгісі біріккен сөз құрамында барын оны зерттеген Г.Жаркешева дәлелдеген.

Қосымшасыз екі түбір сөздің біртұтас мағынаға көшу үлгісімен жасалған біріккен сөздер тілімізде өте көп: абжылан, абырой, адамата, адамзат, адыраспан, айбалта, айдала, айбақ, айнакөз, айылбас, айырбас, асқабақ, асқазан, атауыз, атқонақ, атқосшы, атқұйрық, атқұлақ, аюқұлақ, бақабас, балақыз, балауыз, балбөбек, балыққөз, басалка, баспана, баспасөз, бәйшешек, бұзаубас, бұаутас, гүлсерік, дәуқабақ т.б.

Изафеттік тіркестің барлық түрінен біріккен сөздер жасалған. Изафеттің екінші түрінен жасалған біріккен сөздерге мысал келтіргенде, олар төмендегідей: отағасы, қолбасы, елубасы, қонакасы, сәресі, отгегі, елбасы, түнеугүні, күсбегі,

атбегі, колбасшы, өмірбойы, казоты, киікоты, бакаоты. Мұнда бірінші сыңар қосымшасыз болса, екінші сыңардағы тәуелдік жалғау сақталған.

Изафеттік тіркестегі екі сыңардың да қосымшалары сақталған біріккен сөздер де бар, бірақ бұлар аз. Мысалы, жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні. Бұл біріккен сөздердің бірінші сыңарындағы ілік септіктің соңғы дыбысы сақталмаған, қыскарған, бірақ -*ды* буыны сақталған, ал екінші сыңардағы тәуелдік жалғауы толық сақталған.

Біріккен сөздердің бір тобы сыңарларының өте ықшамдалуы арқылы жасалған. Мысалы, биыл (бұл жыл), бүгін (бұл күн), сексен (сегіз он), сөйтіп (солай етіп) т.б. Мұндай сөздер ғылымда кіріккен сөздер деп аталады.

Кіріккен сөздер - құрамындағы сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамай немесе түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы бір-бірімен мағына жағынан ғана емес дыбыстық құрамы жағынан да кірігіп, ықшамдалып, біртұтас сөзге айналған сөздер. Мысалы, әкел (алып+кел), өпер (алып+бер), әкет (алып+кет), биыл (бұл+жыл), бүгін (бүл+күн), сәресі (сахар+асы), ағайын (аға+іні), қарлығаш (қара ала құс), білезік (білек+жүзік), сексен (сегіз+он), тоқсан (тоғыз+он), белбеу (бел+бау), қайтіп (қалай+етіп), түрегел (тұра кел), белуардан (бел+буардан), ендігәрі (ендігіден+әрі), ашудас (ашу+тас), сөйтіп (солай+етіп), өйтіп (олай+етіп), бірдеме (бір+неме), біресе (бір+ерсе), қолғанат (қол+канат) т.б.

Келтірілген кіріккен сөздердің сыңарлары үлкен өзгеріске ұшыраған, бұлардың ішінде бір сыңардан бір ғана дыбыс қана сақталып, сөздің құрамындағы дыбыстары өте ықшамдалғандары.

Есімдік+есімдік үлгісі өнімсіз болып табылады, бұл үлгідегі жасалған біріккен сөздер аз. Мысалы, ешкім, әлдекім, әркім әлдеқалай, әлдеқашан, ешқашан, ешқайда, әрқайсысы т.б.

Етістік+етістік үлгісімен жасалған біріккен, кіріккен сөздер санаулы, бұл өнімсіз үлгі. Мысалы, өткел, әкел, епер, әкет, түрегел сияқты сөздер ғана осы үлгімен жасалған.

Қосарланған күрделі сөздер

Қос сөз деп екі сыңардан тұратын, сыңарлары бір сөздің қайталануынан немесе бір тектес синоним я антоним сөздерден жасалып, бір ырғақпен тұтаса айтылатын сөздер аталады. Мысалы, ойын-сауық, ине-жіп, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, қыз-келіншек, жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, үлкен-кіші, ата-ана, әке-шеше, он-он бес, жиырма-отыз, қырық-елу, кеше-бүгін, жоғары-төмен, қызыл-жасьш, кімде-кім, келіп-кетіп, көріп-біліп, айтыс-тартыс т.б.

Қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсіл арқылы жасалады. Қос сөздер - түркі туыстас тілдердің бәрінде бар тілдік құбылыс. Қос сөздер ең көне орхон жазба ескерткіштерден тілінде де болған. Сондықтан ғылымда әбден танылған, сөздіктерде өзіндік орны бар тілдік құбылысқа жатады.

Тілде қос сөздердің жасалуының өзіндік әбден қалыптасқан заңдылықгары бар: 1. Қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табының сөзінен болады. Мысалы, қыз-келіншек, көрпе-жастық, қауып-катер, карым-қатынас, тамыр-таныс, жауын-шашын деген қос сөздердің екі сыңары да зат есімдерден жасалған. Ал үлкен-кіші, қызылды-жасылы, үлкенді-кішілі, жақсы-жаман, кәрі-жас деген қос сөздер сын есім сөздерден жасалған. Сол сияқты алпыс-жетпіс, бес-алты, жеті-сегіз, он бес-он алты, сексен-тоқсан кос сездері сан есімдерден жасалған. Келіп-кетіп, алып-беріп, көре-көре, ішіп-жеп, карғап-сілеп, асыға-үсіге қос сөздер етістіктерден жасалған.

2. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынаң катысы, байланысы бар, не синоним, не антоним сөздерден болады. Ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне ешбір қатысы жоқ сөздер бір-бірімен қосылып, қос сөз жасай алмайды. Міне, бұл қос сөздердің жасалуында қатты сақталатын зандылық. Ал осымен байланысты қос сөздердің сыңарлары көбіне мағыналас, синоним, антоним сөздерден болады. Мысалы, ыдыс-аяқ, ине-жіп, әке-шеше, аға-іні, аяқ-қол, өкпе-бауыр, етек-жең, сока-сайман, қазан-ошақ сияқты қос сөздер өмірде бір-бірімен байланысы бар заттардың атынан яғни мағыналық қатысы бар сөздерден жасалған. Осы сияқты қос сөздердің көбі

құрал-сайман, шақұр-шұқыр, жалтаң-жұлтаң, қарғап-сілеп, жүн-жұрқа, тамыр-таныс, кауіп-катер, уайым-қайғы, қырып-жойып, жөн-жоба, күш-қуат, сабыр-тағат, талан-тараж дегендердегі сияқты синоним сөздерден жасалған. Ал үлкен-кіші, жақсы-жаман, жоғары-төмен, ақ-кара, үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды сияқты қос сөздер антоним сөздерден жасалған.

Бұл келтірілген мысалдардың бәрі қазақ тілінде қос сөздердің жасалуы оның сыңарларының белгілі мағыналық қатыстағы сөздер болуын талап ететінін анық көрсетеді. Ол заңдылық ретінде калыптасқан.

3.Қос сөздердің сыңарлары бір сөздің қайталануынан жасалады. Мысалы, айта-айта, тау-тау, жақсы-жақсы, үлкен-үлкен, келе-келе, дір-дір, сарт-сарт, қора-қора, өзді-өзімен, бір-бірімен, бірдең-бірге т.б.

4.Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы сөздерден жасалады. Мысалы, қырық-елу, алпыс-жетпіс, әке-шеше, жақсылы-жаманды, ыдыс-аяқ, туған-туысқан т.б.

Қазіргі тілде қос сөздердің кейде бір сыңары, кейде екі сыңары мағынасыз сөз болып келеді. Бұл тілдің қазіргі даму сатысына байланысты, ол жағдай қос сөздердің жасалған кезіне қатысты емес, олардың бәрі алғаш мағыналы сөзден жасалған. Кейін бір сыңары, кейде екі сыңары да тілдік дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасы солғындап, не мағынасынан мүлдем айрылып, қазіргі дәрежегеге жеткен, оған сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы да қосылған. Мұндай қос сөздерге төмендегі мысалдарды келтіруге болады: бала-шаға, жора-жолдас, жүдеу-жадау, жылау-сықтау, әуре-сарсаң, шөп-шалам, ың-жың, арық-тұрақ, некен-саяқ, тырым-тырақай, ұйпа-тұйпа, ту-талақай, әңкі-тәңкі,

5. Қос сөздердің жасалуында тағы бір зандылық бар. Ол - қос сөздердің сыңарларының буын санының үндесіп келуі. Тілдегі қос сөздердің 80-90 пайызы буын саны жағынан тең буынды сөздерден сыңарлардан тұрады. Мысалы, ән-күй, дәм-тұз, ың-жың, көш-қон ата-ана, әке-шеше, үлкен-кіші, ыдыс-аяқ, аға-іні, борыш-карыш өрен-жараң, жігіт-желең, егіл-тегіл, өнер-білім, кәкір-шүкір ұзынды-қысқалы, кіресілі-шығасылы т.б. Бұл

мысалда бір буынды екі буынды, үш буынды, төрт буынды сөздерден жасалған қос сөздер берілді. Тілде екі буынды сыңарлардан жасалган қос сөздер ете көп, қалғандары аздап қана кездеседі. Әсіресе, 3-4 буынды сөздердең жасалған қос сөздер өте аз.

6. Буын саны тең сыңарлардан қос сөздің жасалуы олардың айтылуы үнемділігін көздеуден туған. Өйткені қос сөздердің басым көпшілігінде буын үндестігі яғни сингармонизм сақталады. Мысалы, ақыл-айла, сауыт-сайман, ауру-сырқау, жауын-шашын, қырып-жонып, азан-қазан, жатса-тұрса, ағал-жағал, азып-тозу, айла-амал, алай-бұлай, алал-қапас, алба-далба, алда-жалда, әрлі-берлі, бүгін-ертең, елтең-селтең, жеңіл-желпі, ине-жіп, кейіп-кескін, келіп-кетер, көйлек-көншек, көріп-білу, күйініш-сүйініш, күйіп-пісу, күдік-күмән, немере-шөбере, іркес-тіржес т.б.

Алайда қос сөздердің жасалуындағы бұл заңдылықтарда қайшылықтар жоқ емес, бірақ олар негізгі заңдылықтарға қарағанда, әлдеқайда аз. Қос сөздердің сыңарларының буын саны тең болмайтындары да бар. Олардың іштей ерекшеліктері бар: 1) Таза мағыналық байланыстан туған сыңарлардың буын санының теңсіздігі: қыз-келіншек, ат-шапан, бау-бақша, ар-ұждан, ар-ұят, бек-сұлтан, бай-патша, бес-алты, есік-терезе, жай-жағдай, жиын-той, той-думан, жөн-жоба, жын-пері, кір-қожалақ, кайғы-қасірет, қайғы-зар, қарым-катынас, қас-қабақ т.б. Мұндай қос сөздер сыңарларының мағына байланысының күштілігі негізінде жасалған. 2) Қос сөздердің бір сыңарының қосымшамен келуі арқылы сыңарларының буын саны теңдігінен айрылады. Мысалы, бетпе-бет, қолма-қол, ауызба-ауыз, өз-өзінен, бірден-бір, үй-үйден, бостан-бос, он-ондап, бес-бестен т.б.

7. Қос сөздердің екі сыңары да не бірыңғай жуан сөздерден, не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалады. Мысалы, сауыт-сайман, ақыл-ой, ата-ана, көрген-білген, тәлім-тәрбие, өнеге-үлгі, үлкен-кіші, уайым-кайғы, өнер-білім, жаман-жаксы т.б. Осы заңдылықтың біраз жағдайда бұзылатыны -. бар құбылыс. Мысалы, азық-түлік, үсті-басы, карғап-сілеп, сүріне-жығыла, іші-сырты, ойнап-күліп, алты-жеті, сексен-тоқсан, буып-түйіп,

жүн-жұқа, жөн-жоба, ойын-күлкі, қыз-келіншек, көшіп -қонып, дәм-тұз, көш-қон, ұрыс-керіс, ерсілі-қарсылы, өштік-қастық, үздік-создық, ауыр-жеңіл, жоғары-төмен, оқта-текте, сатыр-гүтір, жүдеу-жамау, жаман-жәутік, көрші-қолаң т.б.

Қос сөздердің сыңарлары буын үндестігіне бағынбай, жуан, жіңішке сөздердің аралас келуі арқылы жасалуы мағынаға тікелей байланысты. Қос сөздердің бұл түрлерінің бәрінде олардың сыңарларының мағына байланысы өте күшті. Мұндай қос сөздер мағыналық байланыс негізінде жасалған. Сөйтіп қос сөздердің сыңарларының мағынасы жақын, мағынасы байланысты сөздерден жасалатынын тағы да өзі дәлелдеп, көрсетті.

Қос сөздер тілде екі түрлі тәсіл арқылы жасалады: 1) екі түрлі сөздің қосарлануы арқылы, 2) бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. Осымен байланысты қос сөздерді қазақ тіл білімінде екі түрге бөлу калыптаскан: 1) қосарлама қос сөздер, 2) қайталама қос сөздер. Қос сөздерді осылай жіктеу, топтауды ғылымға кіргізген А.Ыскақов. Қос сөздердің бұл түрлері ғылымда танытған және ол қалыптасқан.

Қосарлама қос сөздер тілде өте көп, олар мағынасы жақын екі сөзден жасалып, біртұтас лексикалық мағына береді. Мысалы, аяқ-табақ ыдыс деген мағынаны білдірсе, ине-жіп іс тігуге қажет заттардың жалпы аты, туған-туысқан деген қос сөз туыс деген мағынаны білдіреді, шай-қант-шай ішуге керек заттардың аты, қой-ешкі-ұсақ малдың аты, қыз-келіншек-әйел текті жастардың жалпы аты, өрік-мейіз-шайда қолданлатын жеміс атаулының жалпы аты.

Қосарлама қос сөздердің мағынасында жинақтау, жалпылау мән болады. Мысалы, апа-қарындас-әйел туыстың жалпы аты, ол сіңіліні де, апаны да, қарындасты да бәрін қамтиды, қару-жарақ деген құруға жататын құралдардың (мылтық, қылыш, найза т.б.) бәрінің ортақ, жиынтық аты, көрпе-жастық - төсекте қолданылатын заттардың бәрінің аты. Бұл қосарлама қос сөздердің бәріне тән жалпы қасиет.

Қосарлама қос сөздердің сыңарлары екі түрлі сөз болғанымен, олар міндетті түрде бір сөз табына жататын сөздерден болады. Мысалы, аға-іні, көйлек-көншек, бас-аяқ,

аяк-кол, өнер-білім, ән-күй зат есімдерден жасалған, қызыл-жасыш, ақ-қара, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, аумалы-төкпелі сын есімдерден, үш-төрт, бес-алты, қырық-отыз, елу-алпыс сан есімдерден, әне-міне, анау-мынау есімдіктерден, келіп-кетіп, көрген-білген, алу-беру, келген-кеткен, алып-беріп етістіктерден, бүгін-ертең, жоғары-төмен, аңда-санда, окта-текте, ерте-кеш үстеулерден, тарс-тұрс, бұрқ-сарқ, жалт-жұлт, шақыр-шұқыр, сатыр-сұтыр еліктеуіш сөздерден, ах-ух, уһ-оһ одағай сөздерден жасалған.

Келтірілген қос сөздердің екі сыңарлары да бір сөз табынан жасалумен бірге, сол сөз табының аясында қалған. Сонымен бірге осы мысалдар қосарлама қос сөздердің барлық сөз табында бар тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Барлық сөз табының құрамынан орын алатын, барлық сөз табына кдтысты қосарлама қос сөздер тілдің сөздік қорынан да үлкен орыш алады, бірақ олар сөздіктерде қазір толық қамтылмай жүр.

Қайталама қос сөздер де тілге кең тараған, жиі қолданылатын сөздер тобына жатады. Кайталама қос сөз бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалады. Мысалы, елең-елең, тарс-тарс, қора-қора, қалш-қалш, келе-келе, айтып-айтып, сөйлеп-сөйлеп т.б.

Тілде қайталама кос сөздер түрлі құрамда кездеседі: 1) түбір қалпында қосымшасыз қайталану: тау-тау, өркеш-өркеш, жол-жол мая-мая, үйір-үйір, құшак-құшақ; 2) бір сыңары қосымшасыз, бір сыңары қосымшалы кайталама қос сөздер: өз-өзінен, бетпе-бет, кімде-кім, қолма-қол; 3) екі сыңары да қосымшалы: біріңе-бірің өзіңнен-өзің, қолдан-қолға, ұйден-үйге т.б.

Түбір сөздің ешбір қосымшасыз қайталануы арқылы жасалған кайталама қос сөздер тілде көп қолданылады. Мысалы, тау-тау үйілген бидай, қора-қора малы бар, өркеш-өркеш таулар, құшақ-құшақ бумалар, мая-мая шөп т.б. Осы қос сөздердің ешқайсысы түбір сөздің дара қолданысындағы мағынаны білдіріп тұрған жоқ, бұларда тау, қора, өркеш, күшақ мағыналары мүлдем жоқ. Осы сөздерден жасалған кайталама қос сөздердің бәрі олармен тіркескен, бидай, мал, тау зат есімдерінің көлемін, аумағын білдіріп тұр. Бұл осы қайталама

қос сөздердің сыңарларының негізгі мағынасынан басқа мағынаға көшкенін білдіреді. Осы жағдай мұндай қос сөздердің сөзжасам үрдісінің нәтижесінде басқа мағынаға көшкенін білдіреді.

Кайталама қос сөздердің екінші сыңары белгілі бір дыбыстық өзгеріспен қолдану да тілде жиі кездеседі. Мысалы, шай-пай, ет-мет, сүт-мүт, ешкі-мешкі т.б. Бұл қолданыс та мағынаға әсер етеді. Мысалы, шай ішейік, ет жейік, сүт бер, ешкі ал деген мен шай-пай ішейік, ет-мет жейік, сүт-мүт бер, ешкі-мешкі ал дегендердің мәні бір емес, соңғыларда нағыз шай, ет, сүт, ешкі мәні сақталып тұрған жоқ, осылар сияқты бірдеме деген эмоционалдық мән қосылған. Анық айтсақ, бұларда да мағыналық өзгеріс бар.

Бір сыңары қосымшасыз, бір сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер тілде екі түрлі: 1) бірінші сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз қайталама қос сөздер; 2) бірінші сыңары қосымшасыз, екінші сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер; 3) екі сыңары да қосымшалы қос сөздер.

Бірінші сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз қайталама қос сөздер мыналар: бетпе-бет, қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба-ауыз, бостан-бос.

Қайталама қос сөздердің бірінші сыңарына -ма/-ме қосымшасы қосылу арқылы қос свздің жасалуы әбден қалыптаскан тәсілге айналған. Бұл тәсіл арқылы қимыл-әрекеттің екі субъектінін тікелей қатысуы арқылы жасалғаны білдіріледі. Зат есімнен осы тәсіл арқылы жасалған кайталама қос сөздердің мағынасы өзгеріп, үстеуге айналады. Мысалы, көзбе-көз сөйлесті, қолма-қол тапсырды, жүзбе-жүз кездесті, ауызба-ауыз пікірлесті т.б. Бұлардың бәрі де қайталама қос сөз қимылдың калай жасалғанын білдіріп тұр.

Кайталама қос сөздердің бірінші сыңары қосымшасыз, екінші сыңары қосымшалы түріне бес-бестен, он-оннан, он-ондап, бес-бестеп, үй-үйге, үй-үйден сияқты мысалдар жатады. Бұлардың ішіндегі сан есім қос сөздер есептік саннан топтау санына көшкен, бұл осы қос сөздерде мағыналық өзгеріс болғанын білдіреді. Ал зат есімнен болған қайталама қос

сөздердің мағынасы өзгеріссіз калмаған онда әр үй деген мән бар.

Екі сыңары да қосымшалы кайталама қос сөздер тілде көп емес. Олар: қодды-қолына, өзді-өзіне, үйден-үйге, баладан-балаға т. б. Бұл қос сөздерде де мағыналық өзгеріс бар. Мысалы, өзді-өзінен сөйлеп отыр, қолды-қолына таратты, үйден-үйге жүгірді. Осылардың мағынасын мына қолданыспен салыстыруға болады: өзінше сөйлеп отыр, әр кімнің қолына таратты, әр үйге жүгірді. Бұл мағына қос сөздің жеке сыңарының мағынасымен тең емес, олай болса, сөз мағынасында өзгеріс бар. Сондықтан бұларды да сөзжасам нәтижесі деп қарау қажет.

Күшейтпелі буынды сын есімнен жасалған қос сөздер де қайталама қос сөздерге жатады, бірақ олар сөзжасам нысанасына жатпайды. Күшейтпелі буынды сын есім қос сөздер сын есімнің шырай категориясына жатады, шырайдың бір түрін жасайды, оның мағынасын білдіреді. Атап айтқанда, олар шырай категориясының грамматикалық мағынасын білдіретін сөз тұлғаларға жатады.

Тіркескен күрделі сөздер

Тіркескен күрделі сөз деп екі не одан да көп мағыналы сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер аталады. Олар - сөйлемге дайын лексема қызметінде алынып, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратын, арасы бөлінбей бір ырғақпен айтылатын сөздер. Тіркескен күрделі сөздердің де сыңарлары және олардың орны тұрақты. Тіркескен күрделі сөздер құрамы, мағынасы, атқаратын қызметі жағынан біріккен және қос сөздермен бірдей, сөзді тануға қойылатын белгілерге толық жауап береді, айырма емлемен байланысты. Біріккен сөздің сыңарлары бірге жазылады, қос сөздің сыңарлары дефис арқылы жазылады. Тіркескен күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылады.

Қазақ тілінде (түркі тілдерінде де) тіркескен күрделі сөздердің бірде бірге, бірде бөлек жазылуы да кездеседі. Мысалы, ақ құба-ақұба, бір тоға-біртоға, ақ құла-аққұла, он күндік-онкүндік т.б.

Бұл қазақ тілінде жазудың бірнеше рет өзгеріп, емленің калыптасып үлгермеуіне байланысты. Ғалым Б.Қалиев мақаласында 950 тіркескен күрделі сөзді біріктіріп жазуды ұсынған. Бұл - өте пайдалы ұсыныс, бірақ ол іске асырылған жоқ. Бұдан тіркескен күрделі сөздер емлесінің шешілмеген мәселе екені байқалды.

Тіркескен күрделі сөздер сан алуан. Мысалы, бала бақша, бал қаймақ, бал құрай, ала ауыз, ауыз әдебиеті, ауыл шаруашылық, бел омыртқа, бұзау балық, жалаң аяқ, он бес, отыз екі, жүз елу, екі жүз, алты мың, күні кеше, ала жаздай, жаз бойы, жаз күні, алдын ала, ертең ерте, әлі күнге, таң сәріден, қысы жазы, қара көк, ал қызл, қызыл күрең, күрең қоңыр, келіп кет, алып бар, айтып бер, көріп кет, алып шық, кіріп шық, тарс етті, құрмет ет, жақсылық қыл, көмек ет т.б.

Бұлардың ішінде біразының сөз тіркестік қасиеті байқалып тұратындары бар: бала бақша, бал қаймақ, жалаң аяқ сияқтыларды алғаш анықтауыштық қатыстағы сөз тіркестерінің біртұтас лексикалық мағынаға көшкен тіркескен күрделі сөздер екені анық. Бірақ күрделі сөз атаулының бәрі осындай деп қарауға келмейді. Оған мысал ретінде күрделі сан есімдерді келтіруге болады. Күрделі сан есімдердің сыңарлары синтаксистік байланысты көрсетпейді. Күрделі сан есімдердің өзіндік жасалу жолы бар. Ол екі түрлі: 1) сыңарлардың мағыналарының косылуы арқылы күрделі сан жасалады: он+бір=11, отыз+бес=35, қырық+алты=46 т.б. 2) күрделі сандардың сыңарларының көбейтілуі арқылы күрделі сан атауы жасалады: екі х жүз-200, бес х жүз=500, үш х мың=3000, алты х мың=6000.

Күрделі сын есімдердің жасалуының да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, қара көк, қызыл күрең, күрең қоңыр сияқты күрделі сындар құрамындағы сыңарларының түсінің қосындысынан шыққан үшінші түсті білдіреді. Бұлардың да күрделі санның жасалуының алғашқы түріне ұқсастық бар. Күрделі үстеулердің жасалуы да осы жолға аздап жақын. Мысалы, күні кеше, таң сәріден, әлі күнге, ертең ерте, ала жаздай дегендерде негізгі мағына екінші сыңарда деуге болады. Бірақ екінші сыңардың жеке тұрғандағы мағынасы оның

күрделі үстеудегі түрған мағынасымен тең емес екені айдан анық. Олай болса, күрделі үстеулер де сыңарларының мағына қосындысынан жасалған, бірақ олардың сыңарларында синтаксистік байланыстың ізі сақталмаған.

Ал күрделі етістіктер алғаш пысықтауыш сөз бен етістіктің тіркесінен жасалғаны белгілі. Бірақ бұл қазір мүлдем байқалмайды, қазір олар тең етістіктердің тіркесі ретінде тұрып, біртұтас күрделі қимыл ұғымын білдіреді. Сөйтіп күрделі етістіктердің жасалуында өзіндік ерекшелік бар. Ол күрделі етістікгің сыңарларының көсемше жұрнағы арқылы байланысуына да қатысты. Қазақ тілінде күрделі сөздерді байланыстырушы қосымшалар жоқ екені белгілі. Тек күрделі етістіктер құрамында қазір байланыстырушы қызметінде сақталып калған көсемше жұрнағы күрделі етістіктерді басқа қосымшасыз байланысқан күрделі сөздерден ерекшелендіреді.

Күрделі сөздер тобындағы құранды етістіктердін, басқа күрделі сөздерден өзіндік бірсыпыра ерекшелігі бар. Алдымен бұл құранды етістіктердің құрамындағы сыңарларына байланысты. Күрделі сөз атаулы толық мағыналы дербес сөздерден жасалатынң белгілі. Құранды етістіктер қазір негізінен дербес мағыналы есім сөз бен көмекші етістіктен жасалады. Мысалы, құрмет ет, жәрдем ет, қызмет қыл, жақсылық қыл, көмек ет, телефон соқ, т.б.

Құранды етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер есім сөзге қимыл мағынасын қосып, есімнен етістік жасайтын жұрнақтардың қызметін атқарады. Мысалы, жәрдем ет - жәрдемдес, көмек ет -көмектес, табыс ет - тапсыр, әуре ет - әуреле, айып ет - айыпта, баян ет - баянда, баж етті - бажылдады, еңбек ет - еңбектен, талап ет - талаптан, жарқ-жарқ етті - жарқылдады, айғақ ет - айғақта, әңгіме ет - әңгімеле, арман қыл - арманда, қабыл қыл - кабылда, сыйлық қыл - сыйла, мазақ қыл - мазақта, жыр қыл - жырла, әдет ет - әдеттен, дәме ет - дәмелен, қабыл қыл - қабылда, қор ет -қорла, сылтау қыл - сылтаула, талқын қыл - талқанда, тамаша қыл -тамашала, уәде ет - уәделес, үміт ет - үміттен, құмар бол - құмарлан, жария бол - жариялан, әсем бол - әсемден, алаң бол -аланда,

ауыр бол - ауырлан, құштар бол - құштарлан, шығын бол - шығындан т.б.

Келтірілген мысалдар есім сөзден көмекші етістік арқылы күрделі я құранды етістік жасалғанын сол мағынадағы туынды түбір етістікпен салыстыру анық көрсетіп тұр.

Жұрнақ есім сөзге қосылғанда, қалай оған қимыл мағынасын қосып, оны етістікке көшірсе, көмекші етістік те сондай есім сөзге қимыл мағынасын қосып, одан етістік жасаған.

Есім сөзге қосылған көмекші етістіктің оған қимыл мағынасын қосып, оны етістікке көшіргенін құранды етістіктің етістікше түрленуінен көруге болады. Мысалы, қызмет еттім, қызмет етерсің, қызмет еткен, қызмет етпек, қызмет еткісі келеді, қызмет еткейсің, қызмет етпесе, қызмет етесің т.б. Құранды етістік атаулының бәрі де осылай етістік тарамдары, жүйесі бойынша сөйлемде түрленіп қолданылады. Бұл - көмекші етістіктердің есім сөзден етістік жасалғанының толық дәлелі.

Құранды етістіктер қазір күрделі сөз толық мағыналы дербес сөзден жасалады деген қағидаға қайшы көрінеді. Шындығында бұл құбылыс көмекші етістіктердің толық мағыналы дербес сөз кезінде басталып, кейін олардың етістік сыңары алғашқы мағынасынан айрылып көмекшілікке көшкен. Бара-бара ол есім сөзден етістік жасаудың бір үлгісіне айналып, сол арқылы басқа да құранды етстіктер жасалатын болған.

Күрделі сөздің құрамы тірек сыңар және ауыспалы сыңар болып бөлінеді.

Тірек сыңар деп түрлі сөздерден күрделі сөз жасаушы кызмет атқаратын сөз танылады. Мысалы, көріп бер, алып бер, әкеп бер жинап бер деген күрделі етістіктерде *бер* деген сыңар түрлі етістікке тіркесіп, одан күрделі сөз жасап тұр. Қара торғай, боз торғай дегенде ***торғай*** сөзі тірек сыңар болып, бірнеше сөздерден күрделі сөз жасап тұр.

Тірек сыңардың қызметі түрлі сөзден туынды түбір жасайтын жұрнақтың қызметіне ұқсас. Әр тірек сыңар кандай сөздерден күрделі сөз жасаса да, бәрінде ол бір мағына береді. Осы ерекшелік түрлі туынды түбір жасаушы жұрнақта да бар

екені белгілі. Мысалы, мал қора, сиыр қора, кой қора деген түрлі заттың атын жасаған күрделі сөздердің бәрінде соңғы сыңардың мағынасы бірдей. Ал жұмысшы, етікші, малшы, оқытушы, егінші деген туынды түбірлердің бәрінде —шы /-ші жұрнағының мағынасы бірдей. Тірек сыңар да, жұрнақ та түрлі сөздерден туынды сөз жасап тұр.

Тірек сыңардың күрделі сөздердегі орны тұрақты, әдетте ол күрделі сөздің екінші сыңары болады. Мысалы, тоқпақ жілік, асықты жілік, ортан жілік, қара көк, күлгін көк, ашық көк, алып кайт, келіп қайт, көріп қайт, екі мың, үш мың, бес жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз т.б.

Дегенмен бұл қағидаға кайшы жағдай да кездеседі. Сан есімнің бірінші жасалу жолында тірек сыңар бірінші орында тұрады. Мысалы, он бір, он екі, он үш, отыз төрт, отыз бес, қырық алты, қырық жеті т.б. күрделі сандарда тірек сыңар бірінші сыңарда тұрады. Күрделі сөздің ауыспалы сыңары - олардан тірек сыңар арқылы күрделі сөз жасайтын түрлі сөздер.

Ауыспалы сыңарларға тірек сыңар тіркесу арқылы күрделі сөз жасалады. Мысалы, екі+жүз, үш+жүз, төрт+жүз, бес+жүз т.б. Тілде күрделі сөздің ауыспалы сыңары қызметіндегі сөздердің саны тірек сыңарлар санынан әлдекайда көп. Өйткені бір тірек сыңар арқылы түрлі сөздерден бірнеше күрделі сөз жасалады, сондықтан тілдегі ауыспалы сыңар қызметіндегі сөздер мен тірек сыңар қызметіндегі сөздердің саны тең бола алмайды. Бұл туынды түбірде негіз сөз бен жұрнақтың санының арасындағы айырмашылы - сияқты.

Қысқарған сөздер

Сөзді қысқартып, ықшамдап айту, жеңілдетіп қолдану тілде көне замандардан бар. Бұл тілде кең орын алатын ықшамдау заңдылығымен байланысты. Ол заңдылық дүние жүзіндегі барлық тілдерде бар, оның түрлері, қатысты салалары да мол. Соның бірі - қысқарған сөздер.

Кеңес дәуіріне дейін сөздерді әдейі қысқарту адам аттарымен байланысты тілден орын алған.

Қазақ тілінде адам атын қысқартып қолданудың түрлі жолы бар: 1) үлкен адамды сыйлау, құрметтеу мақсатында кісі атын қысқарту: Жұмабай-Жұмеке, Бейсен-Бәке, Өмірзақ-Өмеке,

Асқар-Асеке т.б. 2) бала атын еркелету ретінде қысқарту. Мысалы, Айнагүл-Айнаш, Қалихан-Қанаш, Қожабек-Қожаш, Сағынғали-Сағынжан, Өмірғали-Өміртай т.б.

1.Кеңес үкіметі кезінде бірнеше сөзден тұратын мекемелер, ұйымдар аты көбейді. Оларды бір мәтінде, сөйлеу кезінде қайталау қажет болғанда, сөз көп орын алады, уақыт кетеді. Сондықтан оны қысқарту кажеттігі туды. Осымен байланысты оларды қысартып қолдану пайда болды.

2.Бұнымен бірге тар көлемде де қысқартулар қолданылды. Бұл ғылыми еңбектерден көп орын алды. Ғылыми диссертацияларда, монографияларда зерттеу мәселесіне қатысты күрделі атаулардың еңбекте жиі қайталануы бар, ол - занды құбылыс. Ондай күрделі атау еңбекте жиі қолданылатын болғандықтан, автор көп орын кетірмеу үшін, оны қысқартып қолданады. Мысалы, ТЖ - топтық жұмыс, ЖЖ - жұптық жұмыс, ӨзЖ - өздік жұмыс, ҚТМО - казақ тілін модульмен оқыту.

3. Кісі атын, әкесінің атының басқы әрпін алып фамилиясын толық жазу. Мысалы, Р.Ғ.Сыздыкова, А.Ысқақов, А.С.Аманжолов.

Ондай сөздерді кысқартуда орыс тілінің заңдылығын пайдалану қалыптасты. Олар төмендегідей:

1.Күрделі атаудың әр сөзінің бірінші әрпі алынды. Мысалы, ҚҚС - қосымша құн салығы, ОСК, - Орталық сайлау комиссиясы, УҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ;

2.Күрделі атаудың бірінші сөзінің бас буыны, қалған сөздердің басқы әрпі. ӨзМҰУ - Өзбекстан Мемлекеттік Ұлттық университеті, АлМУ - Алматы Мемлекетгік университеті.

3.Күрделі атаудың басқы буындары алынады. Мысалы, Кармет - Қарағанды металлургиясы, Сеймар - (концерн) Сейсенбаев Марғұлан, Санбат - санитарлық батальон.

4.Күрделі атаудың 1-сөзінің басқы буыны, келесі сөзі толық. Мысалы, педколледж – педагогикалық колледж, қазпочта –қазақ почтасы.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Туынды сөздер дегеніміз не?

2. Күрделі сөздер дегенде не түсінесіңдер? Қай сөз таптарында кездеседі?
3. Біріккен, кіріккен сөздер дегеніміз не? Олардың ерекшелігі жайлы мәлімет беріңдер.
4. Қос сөз деп қандай сөздерге айтылады.
5. Қандай сөздер тіркескен күрделі сөз деп аталады?
6. Қысқарған сөздер тобына сипаттама беріңдер.

🔔 СӨЗЖАСАМ САЛАСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

Жалғауларды қайталауға тапсырмалар

1. **Төмендегі сөздерді септеп жаз.**

   А. с. тиын әнші жолы

   І. с.

   Б.с.

   Т.с.

   Ж.с.

   Ш.с.

   К.с.

2. **Отыр, кел етістіктерін жекеше, көпше түрде жіктеп жаз.**
3. **Зат есімді септеп, тәуелдеп, жіктеп жаз:** немере

4. **Жіктеу есімдіктерін септеп жаз.**
5. **Сөйлемді көшіріп, қосымшалы сөздерге талдау жаса.**

Бүгін Оспан кеш батарда Смағұлға барып, екеуі бір түрлі бола қалды. (М.Әуезов)

6. **Сөйлемдерден атау септігіндегі зат есімдерді теріп жаз. Оларға ілік септік жалғауларын жалғап жаз. Сөз құрамына талда.**

Әли әжесімен Астанаға барды. Өсімдік сусыз тіршілік ете алмайды. Анам қымыз ашытты.

СӨЗДЕРДІ ТОПТАРҒА ЖӘНЕ ТАПТАРҒА БӨЛУ ТАРИХЫ

Тілдің грамматикалық құрылысы, белгілі топтағы сөздердің түрлену жүйесі мен соған сәйкес туындайтын әртүрлі грамматикалық мағыналар, грамматикалық мағыналардың өмір сүріп, жүйелік тілдік құбылысы болу үшін т.б. сипаттар тіліміздегі сөздердің белгілі-белгілі грамматикалық топтарға, сөз таптарына бөлінуіне байланысты. Өйткені сөздер синтетикалық сипаттарының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметтерінің ортақтығына қарай топталады. Қазақ тіліндегі барлық сөздер атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер, болып үшке бөлінеді.

Атауыш сөздер, өздеріне тән дербес мағыналары болғандықтан, коммуникацияға негіз болып, контекстен тыс та контексте де қажетіне қарай қолданыла береді, олар сөйлемде грамматиканың заңы бойынша түрленіп те, түрленбей де жұмсалып, өз алдына мүше бола алады, ол сөздердің қалыптасқан белгілі тәсілдері бойынша жаңа сөздер тудыруға болады. Демек, атаушы сөздер дегеніміз - өздеріне тән лексикалық та, грамматикалық та мағыналары бар және ретіне қарай, үстеріне әр қилы қосымша реңдер жамап алып, өзін сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсе алатын дербес, мағыналы сөздер.

Көмекші сөздер, мағыналық дербестігі болмағандықтан, тек контексте атаушы сөздермен селбесіп қана жұмсалады да, өз алдына дербес сөз ретінде қолданылмайды. Осыған сәйкес, сөйлем де өз алдына мүше бола алмайды, тек атаушы сөз арқылы жасалған мүшенің құрамына енеді, сол мүшелері өзара жалғастыруға дәнекер болады, көмекші сөздерден негізінде жаңа сөздер жасалмайды. Сонымен, көмекші сөздер дегеніміз - өздеріне тән лексикалық мағыналары болғандықтан, лексикалық мағыналарына гөрі грамматикалық мағыналары басым болу себебінен көбіне әр алуан қилы грамматикалық қызмет атқаратын жәрдемші сөздер.

Одағай сөздер дегеніміз ешқандай да ақиқат ұғымды білдірмейтін тек адамның әр алуан көңіл-күйі мен әр қилы сезім райларын білдіру үшін қолданылатын сөздерді айтамыз.

Одағайлар шығу тегі мен қалыптасу табиғатының ерекшелігіне қарай, өзге сөздермен ешқандай да грамматикалық қарым-қатынасқа түспейді. Сол себептен одағайлар белгілі бір сөйлемдерге қабаттасып жұмсалатын жарыспа сөйлемдер ретінде жұмсалғандарымен, бірақ өздері сөйлем мүшесі бола алмайды. Атаушы сөздер осы үш топтың ішіндегі әрі ең көбі де, әрі ең негізгі ұйытқысы және тіліміздің бүкіл сөз байлығының шұрайы да, негізі де болып табылады. Атаушы сөздердің ерекшелігі мен сипаттарының бір-біріне жақын белгілеріне қарай, іштей бірнеше лексикалық-грамматикалық топтарға бөлінеді; есімдер мен етістіктер. Есімдердің өздері іштей атаушы есімдер және үстеуші есімдер болып жіктеледі: Атаушы есімдерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік жатса, үстеуші есімдерге үстеу және еліктеу сөздер жатады, ал етістіктің өз алдына ерекше топ құрайтын ешқашанда сөздің келтірмеседі. Мысалы: Шындық жалғаннан артық. Түк естімейтін адам ғана қателеспейді.

Сөз таптары сөздердің белгілі жүйесінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады, сондықтан сөз таптары мен сөздерді түрге бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз бола алады. Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізін де, жүйелі принциптер негізінде айқындалуы керек. Ол принциптер сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделеді. Тіліміздегі барлық сөздерді грамматикалық жағынан топтастырғанда, белгілі екі сөз таптарына бөлгенде төмендегі үш принципке сүйенеміз, олар негізінен атаушы сөздерге ғана қатысты болып келеді.

Әр сөз табына енетін сөздердің семантикалық (грамматикалық, семантикалық) ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Сөздердің өзді-өзіне тән түрлену, өзгеру, тұлғалық парадигмасы секілді морфологиялық белгілерін еске алу қа жет. Бұл ерекшелік морфологиялық ерекшелік деп аталады.

Сөздерді топтастырудың үш синтаксистік принципі сөздердің сөйлемде өзіне тән белгілі қызмет атқарумен және сол сөздердің тіркесу сипатымен яғни қандай топтағы сөздермен қалай тіркесе алумен байланысты.

Сөз табы деп – жалпы синтаксистік, морфологиялық, семантикалық сипаттары мен қасиеттерінің бәріне бірдей ортақ болуы негізінде ерекшеленетін сөз таптарын айтамыз.

Тоғыз сөз табының тілімізде, сөйлеу процесінде алатын орны, атқаратын қызметі біркелкі емес. Олардың әр қайсының ұқсас топтардан айқындылығы, ажыратулы шегі түрлені жүйесі, жетілу дәрежесі де бірдей емес. Жалпы тілдің өзі тарихи құбылыс, олардың қалыптасып, дамып отыру жүйесі бар.

Сөз таптарының шығуын, қалыптасуын бірсыпыра ғалымдар сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Негізгі сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі сөйлем мүшелерінің қызметінде жұмсалу барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. Әрине, бұл процесте сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, орналасу тұрғысының әсері бар. Өйткені сөздер, бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы, екінші жағынан, белгілі сөздермен синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындалу арқылы белгілі грамматикалық мағынаға ие бола бастайды. Сол жалпы грамматикалық мағынаның негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеледі. Сөйлемдегі қызметі мен орын тәртібінің сақталуы арқасында ең алдымен есім (негізінен зат есім) және етістік сөз таптары қалыптаса бастаған. Сөйлемнің бірініш позициясындағы сөздер зат атауы мен оның алуан түрлі сипаттарын белгілейтін жалпы грамматикалық мағынаға ие болып, сөйлемнің соңындағы сөздер сол есім сөздердің әр түрлі іс қимыл, іс-әрекеттерін білдіретін жалпы грамматикалық мағынаға ие бола бастаған.

Тіл дамуының келесі бір сатысында есімдердің өздері өз ішінде саралана бастайды: зат атауын білдіретін бір грамматикалық топ болып қалыптасып, өзіндік түрлену жүйесі, парадигмалық сипаты қалыптаса бастайды, сонымен бірге заттың әр түрлі белгісін, сындық қасиетін білдіретін сөздер (сын есім) бір бөлек, қимылдың әр түрлі белгісін білдіретін сөздер (үстеу) бір бөлек, сандық белгісін білдіретін

сөздер бір бөлек, негізгі сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер (есімдік) бір бөлек қалыптасады.

Тілімізде грамматикалық жүйесін зерттеу өткен ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қай кезде болса да, морфологияның ең өзекті, ең басты мәселесі сөздерді әр түрлі грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына бөлу болғаны белгілі. Сөздерді бөлу жыл санауымыз алдындағы V-IV ғасырдағы көне Үндістан лингвисі Панини грамматикасынан, байырғы Греция ойшылдарынан бері қарай айтылып келеді. Тілдегі сөздерді есім, етістік, шылау деп үш топқа бөледі де Платон мен Аристотельден басталған жоғары үш топ құрамына енетін сөздерді ең аз болғанда бес, ең көп болғанда он бір топқа бөлу тіл білімінде әбден орныққан, тұрақты үлгіге айналған дәстүр.

Қазақ тіліндегі сөздерді топқа бөлудің алғашқы әліппесін жазған адам Н.И.Ильминский. Бірақ қазақ тілін зерттеген орыс технологтарының ешқайсысы да қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлгенде қандай принципті басшылыққа аламыз деген сұрауды қойған да, оған жауап берген де жоқ. П.И.Мелиоранский зат есім мен сын есімді бірге алып, қазақ тілінде сегіз сөз табы бар десе, басқалары сын есімді басқа сөз табы деп есептеп, сөз табының жалпы санын тоғыз деді. Атын атап, мысал келтіру ғана болмаса, ешбір сөз табы жан-жақты сипатталған жоқ.

Қазақ тілінде грамматикалық құрылысының ана тілімізде зерттеліп жарық көруі өткен ғасырдың алғашқы 10-15 жылдарынан басталады. Оның бастауы 1914 жылғы «Тіл құралы» деген атпен Орынборда жарық көрген. А.Байтұрсынұлы жазған оқулық сөздерді тапқа бөлу де осы оқу құралынан басталады. Оқулық авторы сөздерді алдымен атауыш сөздер, шылау сөздер, одағайлар деп үш топқа бөледі де бұлардың біреуіне зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдікті, екіншісіне үстеу, демеу, жалғаулық деп аталатындарды жатқызады, одағайды өз алдына еліктеуіш, лептеуіш деп екіге бөледі. Осы еңбегінде айтылған пікірлерін «Тіл құралының» 1924 жылғы басылымында кеңейте, дәлелдей түседі.

А.Байтұрсынұлының бұл еңбегі қазақ тілі морфологиясын ана тілімізде сөз еткен алғашқы зерттеу. Соған қарамастан грамматикалық көптеген түйінді мәселелері туралы айтқан пікірлері күні бүгінгі дейін өз мәндерін берік сақтап, қазіргі зерттеулермен үндесіп жатыр. А.Байтұрсынұлы еңбегінің құндылығы да сол төл басы болуында болса керек

Сөз таптары сөздердің белгілі жүйе негізінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады, сондықтан сөз таптары мен сөздерді олардың түрлеріне бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз болады. Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау әр сөзге байланысты әр түрлі белгілер арқылы айқындалмай, сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі ұстанымдар негізге алынуы керек. Ол ұстанымдар сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс.

Әрбір атаушы сөздің лексикалық мағынасы болатыны белгілі, сол лексикалық мағынасы арқылы әрбір сөз бір-бірінен ерекшеленеді, жеке-жеке қиыса байланысады, етістікпен (көбіне көсемше тұлғасында) қабыса байланысады, есімше тұлғасында анықтауыштық қатынаста да есім сөзбен қабыса байланысады, септік жалғауындағы сөздерді меңгереді. Заттың сынын және санын білдіретін сөздер зат атауларын анықтап, затпен қабыса байланысып қолданылады, заттанып барып бастауыш, толықтауыш, адамға байланысты жіктеліп барып баяндауыш қызметін атқарады. Қимылдың әр түрлі сипатын білдіретін сөздер қимыл мәніндегі сөздермен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарады. Ал басқа сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер өздері орнына жүретін сөздердің синтаксистік қызметін атқарап, солар байланысқа түсетін сөздермен тіркеседі. Бұл сияқты қасиеттер көмекші сөздерде, әсіресе лексикалық мағынасынан бүтіндей айырылып қалған көмекші сөздің ерекше түрі шылау мен одағай, модаль сөздерде болмайды. Шылаулардың сөз байланысындағы орны бүтіндей бөлек. Осы көрсетілген ұстанымдардың негізінде атаушы сөздерді мынадай сөз таптарына бөліп қарауға болады: зат атауын білдіретін -зат есім, заттың әр түрлі сынын, қатыстық белгісін білдіретін -

сын есім, заттың сандық мөлшерін білдіретін - сан есім, есім сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер - есімдік, қимыл, іс-әрекетті білдіретін -етістік, қимыл, іс-әрекеттің әр түрлі сипатын (амалын, мекенін, мезгілін, мақсатын, себебін, т.б.) білдіретін - үстеу, әртүрлі дыбыстарға, қимыл-қозғалыстарға еліктеп аталатын - еліктеу сөздер болып бөлінеді. Осы атаушы сөздерден басқа көмекші сөздердің бір түрі шылаулар және одагай сөздер мен модаль сөздер де жеке-жеке сөз табы болып қаралады, өйткені олардың жеке лексикалық мағыналары болмаса да, өзі қатысты сөзге я сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстейді немесе ойға қатысты (көңіл-күйін білдіру я модапьдық) мәндер қосады.

Сөйтіп, тіліміздегі қолданып жүрген барлық сөздер жоғарыда аталған үш принцип бойынша тоғызға бөлінеді: зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу, одағай, шылау. Ал, 2002 жылы баспадан шыққан “Қазақ грамматикасында“ онынші сөз табы деп модаль сөздерді қосқан.

Сөз таптары сөздердің белгілі жүйе негізінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады, сондықтан сөз таптары мен сөздерді олардың түрлеріне бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз болады. Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау әр сөзге байланысты әр түрлі белгілер арқылы айқындалмай, сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі ұстанымдар негізге алынуы керек. Ол ұстанымдар сөздердің грамматикалық сипаттарына

Сөйтіп, қазақ тілінде мынадай сөз таптарын көрсетуге болады:



?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөздерді таптастыру ұстанымдары дегенде не түсінесіңдер?
2. Атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер дегеніміз не?
3. Сөз табы дегеніміз не?
4. Қазақ тіліндегі сөздерді топқа бөлудің қалыптасу тарихы жайлы сипаттама беріңдер.

ЗАТ ЕСІМНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Зат есімнің жеке сөз табы ретінде танылуы А. Байтұрсынов еңбектерінен басталады. Оның қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйретуге арналған «Тіл-құрал» атты үш бөлімнен (үш кітаптан) тұратын оқулығында сөз таптарына қатысты алғашқы мағлұматтар берілген. 1914 жылы шыққан «Тіл-құралда» ол (бірінші жылдық) сөздерді мағынасына қарай зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай деп тоғыз сөз табына жіктеп, әрқайсысын тілдік нақты мысалдармен сипаттаған.

Ғалым зат есімге «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды. Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді зат есім дейміз", - деген анықтама беріп, зат есімнің кім? не?

сұрақтарына жауап беретіндігін және бұл сұрақтардың қойылу жүйесін де көрсеткен: «Кім? деп сұраймыз адам туралы. Не? деп сұраймыз басқа заттар туралы».

А.Байтұрсынов «Тіл-құралдың» (екінші жылдық) 1915 жылғы басылымында зат есімге кеңірек тоқталған, яғни «Заттарды көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері - көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар», - деп екіге бөліп, «Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім» деген анықтама берген.

Бертінде, 1930 жылдары морфология мәселелері зерттеу нысанына айналып, ғылыми түрде талдана бастады. Бұл жерде қазақ тілі грамматикасының тұңғыш авторы, профессор Қ.Жұбановтың еңбектерінен де сөздерді таптастыру мәселесі, соның ішінде зат есім жеке сөз табы ретінде танылғанын байқауға болады. Қ.Жұбанов жасаған «Қазақ тілінің программында (1936)» сөз таптары жеке тарау етіп көрсетіліп, зат есімнің өзіне тән ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында 20 сағат берілген. Сондай-ақ ғалым «Қазақ емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері» атты мақаласында зат есімді «заттың өзін көрсететін септік, тәуелдік, көптік, *-шы* (кәсіп) қосымшаларын ертетін затты ғана анықтап, анықталушы сөзіне жалғас қана тұра алатын түбір болады»,-деп сипаттаған.

Сөз таптарына қатысты пікірлерді академик Н.Сауранбаев еңбектерінен де кездестіруге болады. Оның 1939 жылы «Халық мұғалімі», журналында жарияланған «Қазақ тіліндегі сөз таптары және олардың таптастырылуы туралы» деген мақаласында сөздерді таптастыруды жүйелеу жөнінде ұтымды ойлары бар.

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықта да зат есім жеке сөз табы ретінде қарастырылды. Зат есімге байланысты жүйелі пікір көрнекті ғалым А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (1964, 1974, 1991) оқулығында кеңінен қамтылды. Осы оқулықта зат есімнің семантикалық,

морфологиялық және синтаксистік белгілері толық сипатталған.

Зат есімге қатысты пікір 1967 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасында» да бар. Ондағы «Зат есім» тарауын С.Омарбеков жазған. Бұл тарауда зат есімнің жасалу жолдары, түрлену жүйелері талданған. Ғалымның талдауындағы бір ерекшелік - қазақ тіліндегі зат есімдерді өзге тілдердің зат есім жүйесінен ерекшелейтін белгілердің бірі - жақтылық және жақсыздық категориясы деп дәлелдеп, «Жақтылық пен жақсыздық категориясы» деген тақырыпша берген. Автор «Лексикалық мағынасы тек «адамды» білдіретін зат есімдер ғана жікгеу есімдіктерінің барлық түрімен предикаттық қатынаста айтыла алады, ал зат есімдердің басқа түрлері еш уақыт жіктеу есімдіктерімен предикаттық қатынасқа түсе алмайды», - дей келіп, зат есімдердің жақтылық пен жақсыздық категориясы дегенді «зат есімдердің жіктелу қасиетінің бар - жоқтығы тұрғысынан ғана алып түсіну қажет» деген түсініктеме берген. Шын мәнінде, зат есімнің барлығы жіктеле бермейтіндігі, әрі жіктік категориясы зат есімнің категориясына жатпайтындығы ғылымда дәлелденген жағдай. Сол себепті ғалымның қазақ тіліндегі зат есім категорияларының қатарына жақтылық, жақсыздық категориясын енгізуі қолдау таппады. Сондықтан болар 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасы» авторларының бірі ретінде С.Омарбекұлы «Зат есім» тарауын жазғанда бұл тақырыпшаны өзгертіп, зат есімнің жақтылық, жақсыздық категориясы жайлы пікірін кеңейтіп, «үш жақта бірдей жіктелу қабілеті бар адамға байланысты зат есімдерді шартты түрде жақты зат есімдер, ал үш жақта бірдей жіктелу қабілеті жоқ адамнан басқа зат атауларына байланысты зат есімдерді жақсыз зат есімдер деп атасақ болады ...бұл жердегі жақты, жақсыз дегенді тек жіктік жалғауымен ғана байланыстыра ұққан абзал»,- дей келіп, бұл мәселені «Адамзат және ғаламзат есімдері» деген тақырыпшамен берген.

Зат есімге байланысты еңбектердің бірі - Ә.Төлеуовтің «Қазақ тіліндегі зат есім категориясы» атты оқу құралы. Автордың бұл еңбегіндегі зат есімдерге берілген лексика-семантикалық сипаттамасы, немесе зат есімнің синтаксистік

қызметіне, морфологиялық белгілеріне байланысты айтқан тұжырымдары алдыңғы еңбектермен үндесіп жатыр.

Зат есімнің жалпы сипаттамасы

Тілдегі сөздерді грамматикалық топтарға бөлуде олардың лексикалық жағы ескеріледі, өйткені жеке лексикалық мағынасы бар сөздер белгілі бір сөз тобына енеді. Мысалы айна, көмір, қасық деген сөздер заттың атын білдіріп, грамматикалық тұрғысынан зат есім болады. «Зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды»: тұман, қар, мереке, жолдама, ойпат, шатқал, қуаныш, сағыныш т.б. Олай болса, зат есім лексикалық-семантикалық сипаты жағынан өте кең, ауқымды сөз табы болып есептеледі. Бұл-зат есімді жеке сөз табы ретінде танытатын бірінші белгісі.

Тіл білімінде сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда грамматикалық белгілер, яғни морфологиялық және синтаксистік белгілер есепке алынады.

Осы тұрғыдан келгенде, алдымен оның құрылымы, екіншіден зат есімге жататын сөздердің өздеріне тән сөз тудыратын және форма тудыратын арнаулы жұрнақтары, сонымен бірге зат есімді басқа сөздермен байланыстыратын көптік, тәуелдік, септік жалғауларына сай категориялары бар екендігі ескерілуі тиіс. Сонымен, зат есімдерді морфологиялық жағынан сипаттағанда оның құрылымы, жасалу тәсілдері, түрлену жүйесі, яғни көптік, тәуелдік, септік категориялары талдануы тиіс. Демек, мұның барлығы зат есімді жеке сөз табы ретінде танытатын екінші белгілері болып табылады.

Зат есімдер сөйлемде белгілі бір қызмет атқарып, белгілі топтағы сөздермен тіркеске түседі. Зат есімдер етістістермен тіркеседі де, сөйлемде тәуелсіз мүше-бастауыш болуы олардың (зат есімдердің) жалпы категориялық мағынасы-заттылық мағынасымен байланысты екендігін аңғартады. Зат есім басқа да сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады, мысалы, атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде объект мәнін білдіріп толықтауыш, ілік септікте тұрып анықтауыш, көлемдік

септіктерде пысықтауыш, жіктеліп келіп, баяндауыш қызметін атқарады.

Сөйтіп, зат есімнің осындай синтаксистік қызмет атқаруы оны жеке сөз табы ретінде дәлелдейтін үшінші белгісі болып есептеледі.

Зат есімнің осы үш белгісі сөздерді таптастырудың үш ұстанымына сәйкес келеді. Бұл ерекшелік зат есімнің сөз таптарының ішіндегі ең үлкен, өрісі аса кең сөз табы екендігін көрсетеді.

Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты

Зат есімдердің қай-қайсысы да заттық ұғымдарды білдіргендерімен, олар семантикалық жағынан түрліше болып келеді. Мысалы, *домбыра, жүзім, алма, орындық тәрізді* сөздер көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын деректі зат атаулары болса, *мейірім, қайырым, тілек, мүмкіншілік, достық, құпиялық* сөздер дерексіз (абстракт) заттармен байланысты ұғымды білдіреді.

Бұл жөнінде ғалымдар пікірлерінде бірізділік бар. Мысалы, проф. А.Ысқақов зат есімдерді семантикалық жағынан іштей нақтылық және абстрактілік, жалпылық және жалқылық, даралық және жинақтылық, жекелік және топтық деген түрлерге бөлсе, С.Омарбекұлы «Табиғат пен қоғамдық тіршіліктің қыр-сыры қаншалық алуан түрлі болса, олардың бас-басына дерлік атауыш ретінде жұмсалатын тілдегі сөздер де соншалық алуан түрлі. Зат есімдер тікелей сезім арқылы тануға болатын дүниедегі нақтылы нәрселерден (су, жылқы, тағам, жел, дауыл, жейде, тал, терек, у-шу, айқай, қойын, қоныш) бастап, адамның тек ақыл-ой қабілетінің жәрдемі нәтижесінде ғана түсінілетін түрлі абстракт ұғымдардың (наным, шама- шарық, ынсап, нарық, мінез-құлық, кәде-жора, ырым, пікір) аттарын да білдіре алады» ,-дейді.

Сонымен қатар ғалым зат есімнің жалқы, жалпы, жиынтық мәнді, адамзат, ғаламзат есімдер деген түрлерін де атаған. Зат есімдерді семантикалық топтарға бөлуде Ә.Төлеуов нақтылы және абстрактілі, жалқы және жалпы (жинақты, жіктемелі) деген топтармен шектеледі.

Осылайша, ғалымдардың зат есімдерді лексика-грамматикалық жағынан бірнеше топтарға бөліп көрсетулері ол топтардағы зат есімдердің өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқатады. Сонымен зат есімдер адамзат және ғаламзат есімдері, жалпы және жалқы есімдер, көптік мәнді есімдер, эмоциялы-экспрессивтік реңді есімдер, көмекші есімдер деген ірі топтарға жіктеледі.

Қазақ тілінде зат есімдер кім? не? сұрақтарына жауап беруіне байланысты үлкен екі топқа белінеді. Зат есімдердің осылай екі топқа бөлінуі басқа тілдердің зат есімдерінен өзіндік ерекшелігі болып табылады. Осымен байланысты А.Ысқақов персондық және бейперсондық деген атаулар енгізді, яғни персондық зат есімдерге кім? деген грамматикалық сұраққа жауап беретін сөздер, ал бейперсондық зат есімдерге не? деген сұраққа жауап беретін сөздерді жатқызды. Ғалым бұл терминдерді «Қазіргі қазақ тілі» оқулығының 1974 жылғы басылымында адамзат есімдері мен ғаламзат есімдері деп өзгертті. Сондай- ақ кім? деген грамматикалық сұрауға жауап беретін зат есімдерді өз ішінде тағы да бірнеше мағыналық топтарға бөліп көрсетті:

а) адамға тән атаулар: бөпе, бала, ұл, қыз т.б.

ә) туыс атаулары: аға, іні, нағашы, жиен т.б.

б) іс-әрекетпен кәсіп-мамандық иелерінің атаулары: студент, оқытушы, дәрігер, заңгер т.б.

в) әр алуан қызмет баптары мен лауазым атаулары: ректор, әкім, директор т.б.

г) кісі атаулары: Арман, Дәурен, Әлия, Раушан т.б.

Проф. А.Ысқақов не? деген грамматикалық сұрау, әдетте адамнан өзге барлық жануарлардың және күллі заттар мен нәрселердің атауларына қойылады дей келіп, оларды деректі я дерексіз заттар мен заттық ұғымдардың атаулары, өсімдік атаулары, ас пен ішімдік атаулары, хайуанаттардың, аң мен құстың атаулары, балық аттары, құрт-құмырсқа, бақа-шаян аттары, мекен, құрал-жабдық атаулары секілді бірнеше түрлерге бөлген.

Ғалымның бұл пікірлерімен келісе отырып, ғаламзат есімдерін өз ішінен жанды заттар атаулары және жансыз заттар

атаулары деп, екі мағыналық топқа бөлуге болады. Сонда жанды зат атауларына адамнан басқа кеудесінде жаны бар тіршілік атаулары жатады да, жансыз зат атауларына өлі табиғат денелері мен өсімдіктер дүниесіне қатысты есімдер жатады.

Бірақ тілімізде бұл қағидалардан ауытқитын да жайттар кездеседі. Мысалы, егер адам есімдері жер-су, мекен атауына ауысса, соңғы атауға не? деген сұрау қойылады: Алтай - екінші курс студенті. Алтай - кенге бай өлке. Бірінші Алтай сөзіне кім?, екіншісіне не? деген сұрақ қойылады. Ал керісінше, не? деген сұрауға жауап беретін жай ғана жалпы есім кісі аты ретінде қолданылғанда, кім? деген сұрауға жауап береді. Мысалы: бақыт, қуаныш-Бақыт Хасенқызы, Қуаныш Үсенұлы.

Ә.Төлеуов бұдан басқа кім? не? сұрауларының ауысып жұмсалатын мынадай орындарын көрсеткен: «Өзіміз кісі туралы сөйлей тұрсақ та, сөйлемнің мағынасына қарай ауызекі тілімізде, ертегілерде не күлдіргі әңгімелерде ретіне қарай кім? не? сұраулар бірінің орнына бірі ауысып жұмсала береді. Мысал үшін, мен енді кім болдым? деудің орнына, мен енді не болдым? деп, ренжіп айта береді. Бұл жерде әңгіме кісі туралы екенін сөйлемдегі сөздің контекстегі мағынасынан байқаймыз. Мұндай жағдайда не? деп сұрау қоя тұрсақ та, контекстегі мағынасына қарай, әңгіме кісі туралы екенін аңғарамыз», - дейді.

Қазақ тіл білімінде зат есімдерді жалпы есім және жалқы есім деп екі топқа бөлу А.Байтұрсынов оқулығынан басталады. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, «зат есім екі түрлі болады: біреулері-нәрсенің дербес өз басына ғана қойылған: жалқы есім. Екіншілері-нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған: жалпы есім»,-дей келіп, жалқы есімдерге - Ахмет, Қызылжар, Семей, Қырым, Қытай, жалпы есімдерге: кісі, еркек, қала, дала, ел, жұрт, ұлт, өлке секілді мысалдар келтірген.

Зат есімдерді семантикалық және грамматикалық жағынан осылайша жалпы және жалқы есімдер деп бөлу кейінгі оқулықтар мен зерттеулерде жалғасып келеді. Мысалы, проф. А.Ысқақов жеке я дара заттарға берілген зат есімдерді жалқы есім деп, тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен

ұғымдарды білдіретін зат есімдерді жалпы есімдер деп атаса, Ә.Төлеуов «Кейбір зат есімдер тобы жеке нәрсенің өзіне арнай қойылған атын көрсетсе, кейбіреуі жинақты, жалпылама нәрсенің атын көрсетеді. Мәселен, тау, ағаш, жусан, сексеуіл деген сөздер бірыңғай көптеген заттардың жалпылама аттарын көрсетсе, Асан, Алатау деген сөздер- көптеген заттардың ішінен бөліп алынған жеке нөрсенің арнаулы аты. Осындай мағыналық ерекшеліктеріне қарай зат есімдер жалқы есім, жалпы есім болып екіге бөлінеді» - деп сипаттаған. Осы пікірмен үндестікті 2002 жылы шыққан академиялық грамматикадан да кездестіреміз. «Жеке адамдарға, дүниедегі жеке заттар мен құбылыстарға атауыш болып келетін сөздер жалқы есімдер, ал бір-біріне ұқсас нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануарлардың жалпылама атауышы, ортақ атауы ретінде жұмсалатын сөздерді жалқы есім» деп аталған.

Бұдан шығатын қорытынды - зат есімдерді жалпы және жалқы деп бөлуде заттың саны ескерілуі керек. Жалпы есім саны жағынан шексіз. Мысалы: қала-жалпы атау, өйткені қала өте көп. Ал Алматы- жалқы атау, өйткені бір қаланың атауы. Олай болса, «жалқы есімдер - жалпы есімдерден ажырату үшін қойылатын арнаулы атаулар».

Жалқы есімдер өз ішінде бірнеше мағыналық топтарға бөлінеді. Олардың ішіндегі ең үлкені-кісі аттары мен географиялық атаулар. Осымен байланысты тіл ғылымының екі саласы жалқы есімдердің екі түрін зерттеу нысаны етеді, яғни кісі атауларын зерттейтін сала ***ономастика*** деп, географиялық атауларды зерттейтін сала ***топонимика*** деп аталады

Сонымен қатар тілімізде саны жағынан сай келмейтін, бірақ жалқы есімдерге жататын басқада сөздер бар. Бұған газет-журнал, кітап атауларын жатқызуға болады. Мысалы, «Парасат» журналы, оның таралымы болса да, мазмұны-біреу, бірақ басқа газет- журналдардан ажырату үшін жалқы есімге жатады.

«Қазақ грамматикасында» жалқы есімдердің тағы да мынадай топтары көрсетілген:

- аспан, ғарыш әлеміндегі денелердің жеке атаулары (астрономиялық атаулар): Ай, Күн, Үркер, Жетіқарақшы, Ақбозат;

-тарихи оқиғалардың аты: Ақтабан шұбырынды (1723 жылғы оқиға), Прием (1916 жылғы оқиға), Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жылдардағы оқиға);

-сәйгүлікке, аңға түсетін құсқа, құмайтазыға қойылған аттар: Тайбурыл, Құлагер, Көкжендет, Бөрібасар .

Жалпы есім мен жалқы есімдерге тән тағы бір ерекшелік-олардың бір-біріне ауысып отыруы. Мысалы: Арман, Жомарт, Болат, Қызғалдақ, Ләззат т.б. адам есімдері бұрын жалпы есім сөздері болғаны, ал алматылық, ақтаулық, тараздық сияқты жалпы есімдер бастапқы жалқы есімдерден жасалғаны белгілі. Бірақ А.Ысқақовтың көрсетуінше, жалқы есімдердің жалпы есімдерге ауысуларынан гөрі жалпы есімдерден жалқы есімдердің жасалуы көбірек кездеседі екен).

С.Омарбекұлы жалқы есім қатарына жататын сөздер мен жалпы есім қатарына жататын сөздердің өзара бір-біріне ауысып отыру факторын тілдегі омонимдер пайда болуының бір жолы деп қараған. Шындығында да тілімізде мұндай сөздер жиі кездеседі: жібек(матаның бір түрі) - Жібек (қыздың аты), жұлдыз(астрономиялық атау) - Жұлдыз (қыздың аты), Қарлығаш(құстың бір түрі) - Қарлығаш (қыздың аты, әннің аты), раушан(гүлдің аты) – Раушан (қыздың аты) т.б.

Көптік мәнді есімдер

Зат есімдердің семантикалық топтарының бірі-көптік мәнді есімдер. Тілімізде өзі арқылы аталатын заттың біреу емес, жиынын топтап я қамтып атайтын зат есімдер бар екендігі белгілі жайт. Мысалы, шұбат, адыраспан, өрік, күміс, қуаныш секілді зат есімдер көптік ұғымды білдіреді. Сондықтан, ғылымда «затты жеке-даралап атамай, оның жиынын жобамен атайтын зат есімдер көптік мәнді есімдер» деп аталады. Олай болса, көптік мән деген ұғым заттың санымен байланысты екенін көруге болады. Бірақ көптік мәнді есімдер заттың санын дәл атамайды, сол заттың саны көп екендігін байқатады, яғни бұндай есімдердің лексикалық мағынасының өзінде көптік мән бар, тек қана тұлғасы жекеге ұқсайды. Мысалы, шаш, дән, кітап

деген зат есімдер арнайы грамматикалық көрсеткіші болмаса да, көптік мәнді білдіреді.

Проф. А.Ысқақов көптік мәнді есімдерді мынадай түрлерге бөледі:

1. Сұйық заттардың атаулары: айран, боза, шай т.б.

2. Газ тектес заттардың атаулары: азон, бу, түтін т.б.

3. Уақ, ұнтақ заттардың, ұйысқан заттар мен бытыранды, таранды, үгітінді заттардың атаулары: ұн, шаң, тозаң, бетегет.б.

4. Дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атаулары: айла, алғыс, ақыл, дау т.б.

5. Өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек заттардың атаулары: алтын, қола, құрыш т.б.

6.Жаратылыс құбылыстарының атаулары: боран, жаңбыр, қарт.б.

Осы топтарға жататын зат есімдердің барлығы да ешбір грамматикалық көрсеткішсіз семантикалық жағынан көптік ұғымды білдіретін сөздер. Сондықтан да бұл сөздер осындай семантикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне қарай зат есімдердің жеке бір тобы ретінде, яғни көптік мәнді есімдер ретінде танылып жүр.

Кейбір жеке сөздердің мағынасының өзінде көптік ұғымның болуы көне жазба ескерткіштер тілінде де кездеседі. Мысалы, жылқы (жылқы), барым (мүлік, дүние) тәрізді сөздер қолданылуына қарай жекелік те, көптік те ұғым берген .

Сондай-ақ табиғи жұп болып келетін зат есімдер де (көз, құлақ, аяқ, қолғап, етік, сырға, кебіс, бәтеңке т.б.) көптік мәнді зат есімдер қатарына жатады.

Эмоциялы-экспрессивтік реңді есімдер

Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін морфология оқулықтарында әр сөз табына семантикалық-грамматикалық, морфологиялық және синтаксистік сипаттама берілгенде, ол сөз таптарының жасалу тәсілдері де, яғни сөзжасамы қамтылатын. Бірақ оқулықтарда морфологияның өзінің қарастыратын мәселесі күрделі болғандықтан, сөзжасам жан-жақты, толық ашылмады. Осымен байланысты 1990 жылдан бастап сөзжасам жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жеке пән ретінде оқытыла бастады. Алайда сөзжасам

жеке пән ретінде оқытылғанымен, оның мәселелері алғашқы грамматикалардан басталғанын ескеруіміз қажет.

А.Байтұрсынов оқулығында «Зат есімнен туған сөздер» деген тақырыпта «Түпкі зат есімдер түпкі заттың есімін көрсетеді. Түпкі затқа қатысқан екінші зат болса, ол екінші затты атау үшін түпкі заттың есіміне әр түрлі жұрнақтар жалғанады»,- дей келіп, ғалым 22 жұрнақты атаған. Мысалы, -шық, -шы жұрнақтары зат есімге жалғанып, сол заттың кішкенелігін көрсететіндігіне тоқталған: *қап-қапшық, үй-үйшік, құман-құманша, көрпе-көрпеше.*

Сондай-ақ заттың кішкене һәм сүйкімділігін көрсету үшін сол заттың есіміне -шақ, -қан, -қай жұрнақтары жалғанатындығын мысалдармен дәлелдеген: *құлын-құлыншақ, бота-ботақан, бала-балақай.*

А.Байтұрсынов жұрнақтардың сөзжасамдық қабілетіне көңіл бөлгенде, олардың сөзге қосатын мағыналарын ерекше назарда ұстаған. Тағы да ғалым оқулығындағы бір жұрнақтың мағынасын келтірейік: Екі жұрнақ зат есімге жалғанғанда, сол затты зор тұту үшін я көңіл аулау үшін. Аға деген сөзге еке деген жұрнақ жалғап, «ағаеке» десек, ағаны зор тұтқанымыз яки көңілін аударғанымыз көрінеді... жалқы есімге жалғанғанда ол есім қысқартылып айтылады, мәселен, «Ысмайыл» деген есім, жұрнақ жалғанғанда қысқартылып, «Ысеке болады немесе кей сөздерде «еке» орнына жалғыз **й** қосылады, мәселен, аға-ағай, апа-апай, ата-атай», - деген ескерту де берген.

Осы А.Байтұрсынов оқулығындағы зат есімге жалғанып, «сол заттың кішкентайлығын» немесе «сол затты зор тұту, көңіл аулау» мағынасын білдіретін жұрнақтар қазір зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтар деп, ал сол жұрнақтар арқылы жасалған сөздер реңк мәнді есімдер деп аталады.

Реңк мәнді есімдер жасайтын жұрнақтар қазақ тіл білімінде алғаш рет ғылыми тұрғыда Ә.Төлеуовтың зерттеуінде дәлелденді. Автордың өз сөзімен айтқанда, «Бұл топқа енетін морфемалардың айырмасы-сөзге қосылғанда оның негізгі мағынасын өзгертіп жібермей, тек түрлендіріп, қандай да бір көмекші мағына оттенка береді. Екінші сөзбен айтқанда, бұл топқа енетін жұрнақтар жалғанған сөзін өзгертіп, жаңа

мағыналы сөз тудыра алмайды, тек түрлендіреді», - дей келіп, өсімдерден түрлендіріп кішірейту, еркелету мәнді зат есімдер жасайтын жұрнақтардың 11 түрін атап көрсеткен.

А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) оқулығында «Зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтар» деген тақырыппен зат есімнің реңк мәнін тудыратын 13 жұрнақ берілген.

Ал қазақ тілінің сөзжасам мәселесіне арналған Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы (2002)» деген оқулығында зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтардың саны 24-ке жеткен.

Ғалымдардың бұл пікірлері қазақ тіліндегі реңк мәнді есімдердің өзіндік мағыналары және жасалу жолы бар зат есімнің лексика- грамматикалық бір тобы екендігін дәлелдейді.

Ал зат есімнің реңк мәнді түрінің тілімізде қалыптасқан құбылыс екендігі проф. А.Ысқақовтың оқулығында анық айтылған: «Зат есімдердің ішінде затты я заттық ұғымды әдеттегіше бейтарап түрде атаумен қатар, сол аталған заттың көлем және сапа жағынан қандай екендігін қос-қабат білдіре атайтын да топтары бар. Мысалы: *көл, тау, төбе, арба* деген сияқты жалпы есімдердің *көлшік, таушық, төбешік, арбашық, атан, өгіз, кітап* деген тәрізді зат есімдердің *атанша, өгізше, кітапша* деген түрлері бар. Осы аталған екі топ сөздің *көлсымақ, таусымақ, төбесымақ, кітапсымақ деген түрлері де* бар... сол сияқты әке, шеше, апа тәрізді туыс атаулары *әкей, шешей, апай, шешеке, апеке, шешетай, әкетай, апатай, шешежан, әкежан, апажан* түрінде қолдану үйреншікті әдет ... Нұрлан, Қалия, Әлия тәрізді жалқы есімдер *Нұрыш, Қалыш, Әлкен* деп айту да соншалықты дағдылы нәрсе».

Тіліміздегі «үлкен тұтып құрметтеу я сыйлау, кіші тұтып еркелету, кем тұтып қомсыну тәрізді эмоциялық әсер, экспрессивтік рең бере қолданылатын есімдер» тілдегі жүйелі құбылыс екендігіне еш күмән жоқ.

Бұны З.Құрманалиеваның «Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы» деген кандидаттық диссертациясы да дәлелдей түседі. Автор бұрынғы еңбектерде аталмаған зат есімнің түрленген лексикалық мағынасын

жасайтын реңк мәнді тағы да 18 жұрнағын ғылыми айналысқа қосып, бұрыннан белгілісі бар, барлығы реңк мәнді 42 жұрнақты ғылыми тұрғыда талдаған.

Олай болса, реңк мәнді есімдер-зат есімнің өзіндік мағыналық, грамматикалық ерекшелігі бар тобы.

Көмекші есімдер

Қазақ тілінде көмекші морфемаларға қосымшалардан басқа көмекші сөздер де жатады, олар тілдің грамматикалық құрылысынан көлемді орын алады және өздеріне тән ерекшеліктері бар. Проф. Н.Оралбаева көрсеткендей, «көмекші сөйлемде де бес сөзге мағына қосу үшін қолданылады,бірақ оның дыбыстық құрамына енбей де тобымен тіркесіп қана қолданылады. Олар сөз тіркесінің жеке сыңары бола алмайды, дербес сөздің құрамындағы қосымшалар сияқты ғана сөз тіркесінің құрамына кіреді.

Дербес сөз бен көмекшінің тіркесі сөз тіркесінің бір сыңары ғана болады. Көмекшілерде лексикалық мағына жоқ, бұл олардың бәріне ортақ, бүкіл көмекші атаулының қайсысы болсын нақтылы лексикалық мағына бермейді... көмекшілерде лексикалық мағына болмайтын себебі - олар грамматикалық дамудан өткен. Грамматикализациялану арқылы олар лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық көрсеткішке айналған». Міне, бұл үзіндіден көмекші сөздердің негізгі ерекшеліктері анық байқалады.

Көмекшілер тіркесетін сөз табына, тіркесу орнына, дыбыстық құрамы мен сөзге қосатын мағыналарына қарай түрліше болып келеді, соған байланысты олардың бірнеше түрлері бар. Солардың бірі- көмекші есімдер. Көмекші есім деп грамматикалық өзгеріске түсіп дерексізденудің (абстракцияланудың) нәтижесінде заттық мағынасынан айырыла бастаған тәуелдік жалғаулы көбіне мекендік септіктерде қолданылып матаса байланысқан тіркестің екінші сыңары қызметінде жұмсалатын зат есімнің кеңістік мәнді ерекше бір тобын айтады .

Көмекші есімдердің дербес сөздерге қосатын қосымша мағыналары көбінесе мекендік, мезгілдік қатысты білдіреді. Мысалы, **Құдық басында** жылқы су ішіп жатыр (Ж.

Аймауытов). Абай кеш батар **алдында** Баймағанбетті жіберіп, Әбішті шақыртып алған (М. Әуезов).

Дербес сөз бен көмекші есім белгілі бір морфемалар, яғни ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауының 3-жағы арқылы байланысады: қаланың ортасы, көшенің шеті, өзеннің жаны т.б. Бұл екі қосымшасыз дербес сөз бен көмекші есім бірімен- бірі байланыспайды. Н.Оралбаева көмекші есімдерді осы ерекшелігіне қарай дербес сөздің тұлғасын таңдайтын көмекшіге жатқызған.

Қазақ тіл білімінде көмекші есім деген терминнің қалыптасуы проф. Н.К.Дмитриевтің «Служебные имена в турецком языке« деген мақаласымен тығыз байланысты. Проф. Н.К.Дмитриевтің «служебные имена» деген терминді қолдануы қазақ тіліндегі көмекші есім терминінің пайда болуына негіз болған. Бұл термин қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасып кетті деп айтуға болады. Көмекші есім терминіне қарап, оны есім сөздердің бәріне ортақ сөздер деп түсіну кездеседі. Шындығында, ол сөз табы жағынан зат есім құрамында қаралады. Оның зат есім құрамында қаралуы, яғни зат есім саналуы кездейсоқ емес. Көмекші есімдер дербес мағыналы зат есімдердің грамматикалық дамуға түсуінен лексикалық мағынасынан айырылып, көмекшілік қызметке көшкен. Олардың көмекші сөз ретінде қалыптасқан мағынасы да заттық мағынамен байланысты. Олар зат білдіретін мекендік мағынаны дәлелдейді. Көмекші есім зат есімнің түрлену парадигмасы бойынша түрленеді, өйткені сөйлемде дербес зат есіммен тіркесте қолданылады. Сондай-ақ көмекші есіммен тіркескен зат есімге жалғануға тиісті жалғаулар зат есімнің өзіне тікелей тіркесе алмайды, оған тіркескен көмекші есімге жалғанады. Көмекші есімдер де көмекші етістіктер сияқты өзінің сөз табының аясында қалған. Осы тұрғыдан алғанда, оларды да көмекші зат есім деп атау мүмкіндігі де бар еді, сонда оны есімнен басқа бір сөздердің тобы деп қарауға, шатастыруға мүмкіндік болмас еді. Бірақ қазақ тіл білімінде көмекші есім деген термин қалыптасып кеткен.

Көмекші есімдердің түпкі төркіні лексикалық мағыналы сөздер болғандығы жөнінде ғылыми еңбектерде көрсетілген.

Мысалы, проф. А. Ысқақовтың «көмекші есімдердің түпкі шыққан төркіндері орын, мекен жайларына байланысты, демек, белгілі бір заттың, не нәрсенің, заттық құбылыстың, не уақиғаның алды я арты, асты я үсті, іші я сырты, жаны я қасы, маңы я тұсы, арасы я ортасы, шеті я жағасы, беті я түбі, басы я ұшы тәрізді ұғымдардың атаулары екендігі шүбәсіз. Көмекші сөздердің мағыналары қаншалықты солғындағанымен де, шылау сөздердей я бүтіндей, я жартылай жоғалып кетпейді, керісінше, не жартылай, не бүтіндей олардың (көмекші есімдердің) бойларында сақталып отырады», - деген пікірі бар.

Бұл пікірлерден көмекші есімдердің дербес сөздерден шыққанын байқауға болады.

Жоғарыда аталған еңбектерде және оған берілген анықтама бойынша көмекші есім аталатын сөздер толық мағыналы сөздің тіркесінсіз қолданылмауға тиіс. «Служебные имена, - деп жазады М.Оразов жоғарыдағы еңбегінде, - всегда требуют впереди себя определенного существительного и вместе с ним входят в состав сложного члена предложения».

Бірақ көмекші есімдердің жеке қолданылатын кездері де бар. Көмекші есімнің жеке қолданылу себебін іздестіргенде, оның өзіндік заңдылығы, өзіндік себебі бары анықталды, кез-келген жерде көмекші есімді жеке қолдана беруге болмайды. Ол үшін белгілі контекст, жағдай қажет.

Мысалы, *Сескене қалған діндар шал артына қараған да жоқ (Ғ.Мүсірепов)*. Бұл сөйлемде **«артына»** көмекші есімі жеке тұрып, белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұр. Сөйлемде **«өзінің»** деген дербес сөз қолданылмаған, оның беретін мағынасын **«шал»** зат есімі де білдіреді, сондықтан оның сөйлемнен түсіп қалуы сөйлемдегі ойдың түсініксіздігін туғызбаған. Сөйлемде көмекші есім тіркесуге тиісті дербес сөздің айтылмағандығына қарамастан, онда айтылуға тиісті ойдың түсініксіздігі байқалмайды. Бұл тек осы сөйлемге ғана байланысты емес, көмекші есім тіркесуге тиісті дербес сөздің сөйлемде айтылмауы сөйлемдегі ойдың түсініксіздігін туғызатын болса, ол сөз сөйлемде толық қолданылады, яғни, ондай жағдайда дербес сөзді сөйлемде атамауға болмайды. Көмекші есім тіркесуге тиісті дербес сөз сөйлемде айтылмау

үшін оның мағынасын білдіріп тұратын контекст керек екен. Мыс: *Әр ауылдың өз «Адырақпайы бар» деген секілді, біздің ауылдың ендігі «Адырақпайы» осы қара мұрт басқарма еді. Астынан қара көк арғымағы түспесе, қолынан ырғай сапты дырау қамшысы түскен емес (Ғ.Мүсірепов).* Бұл мысалдағы екі сөйлемнің соңғы сөйлемінде «астынан» көмекші есімі дербес сөздің тіркесінсіз қолданылған. Соңғы сөйлемді жеке алсақ, онда айтылған дербес сөзді 3-жақ жіктеу есімдігі деп ойлауға болады, бірақ ол кім туралы сөз болып тұрғанын дәл көрсете алмайды, өйткені жіктеу есімдігінің қай зат есімнің орнына қолданылып тұрғанын көрсететін контекст керек, яғни ол да бірінші сөйлемді керек етеді. Бұдан соңғы сөйлемде дербес сөз айтылмағанмен, ол бірінші сөйлемде айтылғандықтан, екінші сөйлемдегі ойдың түсініксіздігін туғызбайтынын көреміз, сондықтан бірінші сөйлем екінші сөйлемдегі ойды түсінуге керекті контекс ретінде қаралады.

Бұл айтылғандардан көмекші есім тіркесуге тиісті дербес сөздің сөйлемде айтылмауының түрлі себептері болатыны анық көрінеді. Олардың бәрі де тілдің ықшамдау тенденциясына, стильдік ерекшеліктерге байланысты.

Көмекші есімнің алдынан келетін толық мағыналы сөздің мынадай жағдайларда түсіп қалатыны байқалады:

а) Көмекші есімнің алдынан келетін толық мағыналы сөз алдыңғы сөйлемде айтылғанда, келесі сөйлемде түсіп қалып, көмекші есім жеке қолданыла алады.

Мысалы, *Сейіт атына мініп алып, өзенге қарай жіті аяңдатып келеді. Алдында сәл аяңдап Назыкеш кетіп барады.* Негізінде «Сейіттің алдында сәл аяңдап Назыкеш кетіп барады» - деп айтылуға тиіс еді. Бірақ онда Сейіт сөзі қатар екі сөйлемде 2 рет қайталанып, ол стильдік қолайсыздық туғызар еді. Ондай ыңғайсыздықты болдырмау үшін жазушы ол сөзді екінші сөйлемде қолданбаған.

ә) Құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемінде аталған толық мағыналы сөз басыңқы сөйлемінде аталмай, көмекші есім жеке қолданылады.

Мысалы, *Сейіт бұрылыңқырай беріп, Тілеукүні атының кеудесімен соғып құлата салып, артына қарамастан жүре*

берді. Ал кейде керісінше, толық мағыналы сөз басыңқы сөйлемінде беріледі:

Мысалы, *Қасында бір жаны ашырлары барын сезініп, Жабайдың құлазып жатқан жан жүрегі де жылынып кетті.*

б) Мұндай жағдай салалас құрмаласта да кездеседі. Мысалы, *Самолет жерге қонады, мен жүгіріп қасына барам.*

в) Бір зат, құбылыс, уақиға баяндалғанда, толық мағыналы сөз алдыңғы сөйлемдерде аталады да, көмекші есім кейінгі сөйлемде жеке беріледі.

Мысалы, *Аспалы шамды төменірек түсіріп, алдына үлкен есеп шотын қойды.* Осы сөйлемдегі **«алдына»** көмекші есімнің тіркесетін мағыналы сөзі 3 сөйлем бұрын айтылған.

г) Субъектісі аталып, оны айқындайтын өздік есімдігіне тіркесуге тиісті көмекші есім көбіне жеке қолданылады.

Мысалы, *Ушаков алдында кетіп бара жатқан үшеуді қуып жетті. Дүкенші артына бұрылып, ағаш шелек толы қызыл уылдырықты көтеріп ала берді.* Бұл сөйлемдердегі көмекші есімдердің тіркесетін сөздерін алдыңғы сөйлемдерден табуға боламайды, өйткені мұнда осы сөйлемдерде қолдануға тиісті «өзінің» деген дербес сөз түсіп қалған. Ілік септіктегі өздік есімдігі көмекші есімнің алдынан келгенде түсіп қалып отырады. Бұл да тілдік экономия заңдылығына байланысты, себебі өздік есімдігі де, көмекші есім де субъекті болып тұрған сөзге қатысты, субъекті сөз де, өздік есімдігі де өмірде бір затты ғана белгілейді, ол зат сөйлемде аталғандықтан, екінші атының аталуы тілде артық сияқты көрінеді де, көбіне өздік есімдігі түсіп қалады немесе өздік есімдігі айтылған жерде оның айқындайтын сөзі түсіп қалады.

Көмекші есімнің алдынан түсетін толық мағыналы сөздер - көбіне зат есім, есімдіктер.

Енді сөйлемде аталмаған толық мағыналы сөзді табуға көмектесетін көрсеткіштерді қарастырсақ, одан мынадай жағдайлар байқалады. Жалпы көмекші есім өз мағынасында қолданылғанда, сөйлемде аталмай тұрған дербес сөзді табу өте оңай, ол белгілі болып тұрады, мұндайда түсіп қалған сөздің қандай сөз екенін тәуелдік жалғауы көрсетеді, әсіресе, көмекші есім I, II жақтарда тұрғанда, айтылмай тұрған, дербес сөз I, II

жақтық жіктеу есімдіктері екеніне ешбір күмән келтіруге болмайды, өйткені I, II жақтарда олардан басқа дербес сөз болуы мүмкін емес. Мысалы, *Шек, кедергі қоймаспыз алдыңа.*

Жеке қолданылған көмекші есім III жақ тәуелдік жалғауында тұрса, оның түсіп қалған дербес сөзін бірден көрсету қиын, өйткені 3-жақта зат есім мен 3-жақта жіктеу есімдігі және өздік есімдігі тұра алады. Сондықтан көмекші есім III жақ тәуелдікте тұрып, жеке қолданылса, осы үш түрлі сөздердің біреуі түсті деп санаймыз . Мысалы, *Алдын бөгеп бер, әйтеуір.*

Бұл сөйлемдегі түскен толық мағыналы сөз алдыңғы сөйлемде аталған. Ал *"Олар көлденеңдеп алдын кесіп алды да, тұра қалды",* - деген сөйлемде. III жатағы жіктеу есімдігі түсірілген. Ал мына сөйлемде III жақ өздік есімдігі түскен. Мысалы, *«Әкеттің... Алдадың... .Сенікі, сенікі,»- деп алдындағы ақшаны Сандыбай жаққа қарай ысырып қойды.* Көмекші есімнің толық мағыналы сөз тіркесінсіз қолданылуының тілде екі түрі бар:

I.Көмекші есімнің белгілі контексте ғана дербес сөздің тіркесінсіз қолданылуы.

2.Көмекші есімнің үнемі дербес сөздің тіркесінсіз қолданылуы.

Көмекші есімдердің белгілі контексте ғана жеке қолданылғандары сөйлемде дербес сөзбен тіркескенде қандай мағына берсе, дербес сөздің тіркесінсіз де олар сол мағынаны білдіреді. Рас, ол түсіп қалған дербес сөздің мағынасын да қамтуға тиісті, бірақ ол көмекші есімнің өзінен гөрі контекске байланысты. Мұндай қолданылудағы көмекші есімдерде сапа өзгерісі болмайды.

Үнемі дербес сөздің тіркесінсіз қолданылатын көмекші есімдерді тарихи тұрғыдан ғана көмекші деп атамасақ, қазіргі дәрежесінде оларды басқа сөз табына ауысып үлгерген деп тануға толық болады. Олар- көмекші есімнің лексикалық мағынаға ие болған түрлері.

Мысалы, *Ол басында құр бақыра берді.* **«Басы»** көмекші есімі негізінде, заттың басталар шегін білдіретін болса, мына сөйлемде ол жеке тұрып, мезгілдік мағынаны білдіріп тұр. Ол

толық мағыналы сөздің тіркесін керек етпейді, жоғарыдағы мысалдардай мұнда дербес сөзді тауып алу мүмкін емес, өйткені мұнда түсіп қалған дербес сөз жоқ, «басында» - өз алдына дербес мағыналы сөз. Екінші бір мысал алайық. *Түбінде біреуіміз тауып алып жіберерміз,- деп тағы біреулер қалжыңдап жатыр.* Осы сөйлемдегі **«түбінде»** көмекші есімі толық мағыналы сөзбен тіркескенде (құдықтың түбінде) затқа жуық мекенді білдірсе, бұл мысалда мезгілдік мағынаны білдіріп тұр. Ол мағынаны білдіруі тек осы контекске ғана байланысты емес. Бұл сөз барлық жерде осы мағынаны береді. Оның мағынасы мен дербес сөзге тіркескен түбінде көмекші есімнің мағынасы бір емес. Осы мысалдағы «түбінде» сөзі дербес сөздің тіркесін керек етпейді, оның өзі - дербес сөз, оның өзіндік толық лексикалық мағынасы бар. Келтірілген мысалдар көмекші есімдердің контексте жеке қолданылуы бара-бара оның лексикалануына да әкелетінін көрсетеді. Бұл тілде сирек кездесетін процесс. Әдетте, грамматикалық дамуда лексикалану арқылы жүзеге асады және ол кең тараған құбылыс. Жоғарыда аталған мысалдар оның керісінше құбылыстың да тілден орын алатынын дәлелдейді. Грамматикалық көрсеткіштердің лексикалануы тілден орын алатынын проф. Ғ.Мұсабаев та кезінде дәлелдеген болатын. Ғалымның көрсетуінше **«-лақ»** деген бір кездегі «оғул-лақ» дегендегі «-лаң» қосымшасынан қалыптасқан.

Көмекші есімнің лексикалануының басқа түрлері де кездеседі. Көмекші есім сын есімге де ауысатын жайлары бар, яғни туынды сын есімнің жасалуына негіз болады, мұнда да сөйлемде айтылмаған дербес сөз жоқ. Мысалы, *Алдыңғы пәуескемен азырақ тілге келеді. Алдыңғы көк қырғи келген бойы жаудың «қоңыр аласының» тобына кіріп кетті.*

Көмекші есімнің тілде қайталанып қолданылатын да кездері болады. А.Ысқақов бұны «көмекші есімнің қайталануы арқылы туған форма үстеу сөзге айналады да, дербес мүше болады», - деп көрсеткен.

Бұдан көмекші есімнің жеке қолданылуының тілде әр түрлі себептері бар екендігін байқауға болады.

Құрылымы жағынан зат есімдерді А.Ысқақов жалаң және күрделі деп екі топқа бөліп, оларды өз ішінде тағы да тармақтайды.

Жалаң зат есімдерді бөлшектенбейтін бір ғана сөзден тұратын түбір зат есім (от, су, көл, өзен, дала т.б.) және түбір сөзден жұрнақ арқылы жасалатын туынды зат есімдер (қуырдақ, оймақ, малшы, биші, саудагер т.б.) деп екіге бөлген.

Күрделі зат есімдерді өз ішінде біріккен, кіріккен атаулар (ағайын, жарғанат, сәресі, алтыбақан т.б.), тіркескен күрделі зат атаулар (ақ бата, бесікбау, шағын несие, іс қағазы т.б.), қосарланған күрделі атаулар (өкпе-бауыр, мектеп-лицей, ар-ұят т.б.), қысқарған атаулар (Ахмет-Ақа, Мұқтар-Мұқа, ЖАК-жоғарғы аттестациялық комитет т.б.), - деп бөлінеді.

Зат есімнің грамматикалық категориялары

Грамматикалық категориялардың ішінде көптік, тәуелдік, септік категорияларының білдіретін мәндері заттық мағынамен байланысты болғандықтан, олардың көрсеткіштері өзі жалғанатын сөздерге заттық мән үстейтіндіктен, зат есімнің түрлену жүйесіне көптік, тәуелдік, септік категориялары жатады. Сонымен бірге зат есімнің кейбір топтары предикаттық қызметте атқаратындықтан, жіктік жалғау адамға байланысты есімдерге жалғанады. Демек, зат есім сөйлемде баяндауыш болғанда, жіктік жалғауын қабылдайды.

Зат есімнің көптік категориясы

Көптік мағына заттың санымен байланысты, бірақ заттың санын дәл атамайды, тек қана заттың саны көп екенін білуге болады. Ал заттың санын дәл көрсету қажет жағдайларда сан есім қолданылады. Мысалы, елу кітап, отыз студент дегенде кітаптың да, студенттің де саны белгілі, ал кітаптар, студенттер дегенде тек қана заттың көптігін ұғуға болады, бірақ саны анық емес.

Тілімізде заттың санын дәл атауды қажет етпейтін, бірақ көптік ұғым берілетін жағдайлар көп кездеседі. Мысалы, қымыз, көбелек, қоян, бидай т.б. Бұл сөздер ешбір қосымшасыз-ақ санауға келмейтін заттардың аты ретінде көптік ұғымды білдіреді. Немесе бірталай адам, қыруар мал дегенде зат есімнің алдында келіп, қосымшасыз анықтауыш

болып тұрған бірталай, қыруар сөздері көптік ұғым жасап тұр. Ал жидектер, гүлдер дегенде -тер, -дер жалғаулары көптік мағынаны білдіреді.

Ғылымда тілдің осы ерекшелігін көрсететін арнайы категория бар. Оған жекелік- көптік категориясы жатады, әрі бұл категория зат есімге қатысты, өйткені жекелік, көптік ұғымдар затқа ғана қатысты айтылады.

Зат есімнің жекелік - көптік мағынасы ғылымда танылған. Бірақ 1954 жылғы оқулықта көптік категориясы ғана сөз болды. Ал кейінгі грамматикаларда зат есімнің жекеше түрі мен көпше түрі жеке тақырып етіп берілген, алайда бұларда жекешелік мағынаға көңіл бөлінбеген, тек қана көптік мағына мен оның берілу жолдары көрсетілген. А.Ысқақовтың оқулығында да көптік мағына талданған. Ғалымның пікірінше, «тілімізде көптік категориясы да, көптік жалғау категориясы да бар. Ал осы екеуі бір де емес және бірдей де категориялар емес. Көптік категориясы деген ұғым тым жалпы ұғым да, көптік жалғау категориясы- онан гөрі әлдеқайда жалқы ұғым. Мысалы, көптік категориясы тілімізде үш түрлі жолмен беріледі: лексикалық тәсіл арқылы да, морфологиялық, синтаксистік тәсіл арқылы да айтылады».

Одан әрі А.Ысқақов көптік категориясының жасалу жолдарын тілдік нақты мысалдармен дәлелдеген, бірақ «көптік жалғау категориясы» деген ұғымның сипаты ашылмаған. Осыны жіті аңғарған проф. С.Исаев «ол термин және ұғым (көптік жалғау категориясы) көптік жалғау дегенмен барабар болу керек. Мұнда, біріншіден, категория (әрине грамматикалық категория мәнінде) деген термин, белгілі бір тұрақты грамматикалық құбылыстың аты ретінде белгілі бір принциппен қолданылған. Екіншіден, «көптік жалғау категориясы деген термин «грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілетін тектес, ыңғайлас әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы болып келетін грамматикалық мағыналардың жиынтығы» деп анықталатын грамматикалық категория ұғымын тіпті жоққа шығарады»,- деп қарсылық білдіреді. Көптік ұғым бар жерде жекелік ұғым да болатындығы даусыз. Жекелік мағына зат есімнің лексикалық мағынасымен бірге

түбір сөзде беріледі, бірақ оның қосымшасы жоқ. Осы бір-біріне қарама-қайшы екі ұғымның жиынтығы арқылы және жекеліктің арнайы тұлғасы болмай, көптік ұғым көптік жалғау арқылы бөрілуінен көптік категориясының сипаты ашылады. Осымен байланысты С.Исаев «Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, сан категориясы (мысалы, орыс тілінде категория числа, қазіргі қырғыз тілінде сан категориясы) деп аталынады»,-дей келіп, көптік категориясын осы еңбегінде «Сан-мөлшер (көптік) категориясы» деп атаған.

«Қазақ грамматикасында» (2002) «Зат есімдерді жекеше, көпше деп аталатын екі топқа айыра көрсетуге негіз болатын ең басты грамматикалық сыртқы белгі - оларға көптік жалғауының жалғануы. Көптік жалғауын жалғау сөзге көптік мағына берудің негізгі жолы болғанымен, бірден-бір ғана жолы емес. Ана тілімізде зат есімде көптік мағына пайда болуының бұдан басқа да амал-тәсілдері бар», - деп көрсетіліп, тек қана көптік мағынаның арнаулы қосымшасы - көптік жалғауының ерекшеліктері сөз болған.

Көптік ұғымның ғылымда танылып жүрген берілу жолдары мынадай:

а) Көптік ұғымды сөздің тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіру лексикалық тәсіл деп аталады.

Тілімізде лексикалық тәсіл мен көптік ұғымды білдіретін сөздер тобы бірнешеу:

- жеке-даралап санауға келмейтін заттардың аттары (су, сүт, ұн т.б.).

- ру, халық, ұлт, ел аттары (қазақ, қырғыз, өзбек т.б.).

- әр қилы жәндіктер, аң, хайуанат атаулары (көбелек, қоңыз, түлкі т.б.).

- өсімдік аттары (арпа, сұлы, жусан т.б.).

- адамның ішкі құбылыстарының, дүниедегі сын-сипаттардың, іс-әрекеттердің, күй-жайлардың аттары (ермек, қуаныш, ізгілікт.б.).

ә) Көптік мағынаның сөз тіркесі арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Мысалы, жиырма үй, сексен трактор, тау-тау астық, бірталай жыл т.б.

Ал мұны С.Исаев «сан есімдер, сандық мәні бар сөздер, қайталама қос сөздер зат атауының алдынан келіп, оны анықтап тұрса, ол зат біреу емес, бірнешеу (көп) екенін түсінеміз»,-дей келіп, көптік мағынаның осылайша берілуін аналитикалық тәсіл деп атаған.

А.Ысқақов сөздердің қосарлануы арқылы да (бала-шаға, кәрі-жас т.б.) көптік ұғым білдіріледі деп есептеп, оны лексика-синтаксистік тәсіл деп атаған .

б) Көптік мағынаның сөздерге тиісті қосымшалар қосылу арқылы берілу жолы морфологиялық тәсіл деп аталады.

Сөзге жалғанғанда көптік ұғым беретін қосымшалардың ғалымдар көрсетіп жүрген үш-төрт түрі кездеседі:

- тіліміздегі көне құбылыс ретінде саналатын, яғни Орхон-Енисей жазбаларында көптік жалғау ретінде жұмсалған -т қосымшасы бар. Бірақ бұл қосымша сол кездің өзінде «атақ-дәрежені, шенді білдіретін *тарқан-тарқат, тігін-тігіт* секілді азын- аулақ сөздердің құрамында кездескен».

- сондай-ақ *біз, сіз, көз, егіз* деген сөздердің құрамында кездесетін -з, (-ыз, -із) формалары да көптік мағынаны білдіреді деп есептеледі. Бірақ бұл қосымшалар «әуелде көптік жалғау емес, жұп, егіз, екеу болып келетін заттардың (дене мүшелерінің) аттарына жалғанатын қосымша болған».

- 1-жақ жіктік жалғау тұлғасы -қ, -к қосымшасы ерте кезде көптік мағынаны білдіретін морфологиялық формалардың бірі болған деп есептеледі (біз болдық, келдік т.б.) .

-қазіргі тілімізде көптік мағынаны білдіретін негізгі морфологиялық форма -лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер). Сондықтан бұл форма заңды түрде көптік жалғау деп саналады.

Бірақ көптік жалғау сөзге жалғанған кезде көптіктен басқа да стильдік мән үстейді. Мысалы, *Үй маңындағы ағаштар ерекше бір шеберлік пен егіліпті. (Ғ.Мұстафин).* Осы сөйлемдегі ағаштар нақты ағаштың санын емес, осы сөз арқылы аталатын заттардың тобын, жинағын, яғни үй айналасына отырғызылған ағаштарды жалпылап тұр. Немесе, *Абай*

қаршыға салған үлкендердің қасына өткен жазда көп еріп еді (М.Әуезов). Мұндағы үлкен сын есімін *-дер* көптік жалғауы әрі заттандырып, әрі оған көптік мағына үстеп тұр.

Осындай көптік жалғаудың семантикалық мағынасы да, стилистикалық рөлі де ғалымдар еңбектерінде кеңінен сипатталған. Мысалы, А.Ысқақов көптік жалғаудың 12 түрлі ерекшелігін көрсеткен.

Көптік жалғаудың С.Исаев көрсеткен тағы бір ерекшелігі-оның сөз байланыстырушылық сипатының болмауы. Сондықтан ғалым көптік жалғауын осы сипатына қарап, «қосымшаның жалғау түрінен гөрі форма тудыратын жұрнақтар қатарына өте жақын», - дейді.Мысалы, Қолдың саласындай тарамданған арықтардың біреуі бара-бара ұлғайып... қарауытқан сай болды (Б.Майлин). Зеректік, ойшылдық, сезімталдық-ана сүтімен бірге бітетін қасиеттер (І.Есенберлин). Осы сөйлемдердегі арықтардың, қасиеттер сөздеріндегі - тар, -тер көптік жалғауы сөздерді байланыстырып тұрған жоқ, өйткені бұл жалғауларды алып тастағаннан сөйлемдегі сөздердің байланысы бұзылмайды. Қолдың саласындай тарамданған арықтың біреуі бара-бара ұлғайып, қарауытқан сай болды. Зеректік, ойшылдық, сезімталдық - ана сүтімен бірге бітетін қасиет. Бұл сөйлемдердегі көптік жалғауы арықтың, қасиеттің көп екендігін көрсетіп, көптік ұғым қосып тұр.

Бірақ, көптік жалғау 2-жақта жіктік жалғаумен келгенде ғана сөз байланыстыруға қатысады екен: *сендер студентсіңдер, сіздер студентсіздер* т.б.

Зат есімнің тәуелдік категориясы

Зат есімнің тәуелдік категориясы түркі тілдерінің ерекшелігін білдіретін категория, өйткені «грамматикалық категорияларда универсалды грамматиканың жалпы категориялары емес, туыстас тілдердің тобының немесе жеке тілдердің грамматикалық құрылысының басты ерекшеліктері көрінеді». Сондықтан түркі тілдерінде соның ішінде қазақ тілінде дербес категория болып табылатын тәуелдік категориясы орыс тілінде жоқ. Бірақ орыс тілінде тәуелдік

мағына бар. Ол лексикалық тәсіл арқылы беріледі (мой, твой, т.б.).

Түркі тілдерінің ерекшелігі болып табылатын тәуелдік категориясы - бір заттың екінші затқа меншіктілігін білдіретін категория. Дәлірек айтқанда,тәуелденіп тұрған зат есімнен әрі біреудің иелігіне жататын сол заттың өзі, әрі оны иемденуші адам-мұның екеуі де қоса ұғынылады "немесе" иеленуші үш жақтың біріне белгілі бір заттың меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория.

Тәуелдік категориясының мағынасы тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі, яғни тәуелдік жалғауы грамматикалық мағынасы жағынан ең алдымен тәуелдік мағынаны, екіншіден, сол тәуелдік мағынаны белгілі жаққа байланысты жекеше, көпше түрде білдіреді:

1-жақ: -ым, -ім, -м (кітаб-ым, іні-м); -ымыз, -іміз,-мыз, -міз (кітаб-ымыз, іні-міз);

2-жақ: **анайы** -ың, -ің,-ң (кітаб-ың, іні-ң); (-лар.-дар, -тар)-ың (-лер,-дер, -тер)-ің;

Сыпайы - ыңыз, -іңіз, -ңыз.-ңіз. (кітаб-ыңыз,іні-ңіз); (кітаптар-ың,інілер-ің) (-лар,-дар,-тар)-ыңыз (-лер,-дер,-тер)-іңіз (кітаптар-ыңыз,інілер-іңіз)

3-жақ: -ы,-і,-сы, -сі {кітаб-ы, іні-сі)

(-лар,-дар, -тар)-ы (-лер,-дер,-тер)-і (кітаптар-ы, інілер-і)

Сонымен бірге тілімізде тәуелдеудің оңаша және ортақ түрі қалыптасқан Бұл-«тәуелденетін заттың (заттардың) бір я бірнеше затқа, адамға тән екенін білдірумен байланысты». Егер бір я бірнеше зат бір адамға (затқа) меншікті болса, тәуелдіктің бұл түрі *оңаша тәуелдеу* деп аталады. Мысалы, менің дәптерім, дәптерлерім.

Жекеше: Менің жиен-ім, дәптер-ім
сенің жиен-ің, дәптер-ің
сіздің жиен-іңіз,дәптер-іңіз
оның жиен-і, дәптер-і

Көпше: жиен-дер-ім, дәптер-лер-ім
жиен-дер-ің, дәптер-лер-ің
жиен-дер-іңіз, дәптер-лер-іңіз
жиен-дер-і, дәптер-лер-і

Егер бір я бірнеше зат біреу емес, бірнеше адамға (затқа) меншікті болса, тәуелдіктің бұл түрі *ортақ тәуелдеу* деп аталады. Мысалы: біздің дәптеріміз, дәптерлеріміз.

Жекеше: біздің жиен-іміз, дәптер-іміз
сендердің жиен-дер-ің, дәптер-лер-ің
сіздердің жиен-дер-іңіз,дәптер-лер-іңіз.
Олардың жиен-дер-і, дәптер-лер-і.

Тәуелдік жалғаулы сөз сөйлемде үнемі ілік септіктегі сөзбен тіркесте қолданылады. Мысалы, *ауылдың баласы, университеттің студенті, аттың тұяғы ,теңіздің балығы* т.б. Осы тіркестердегі сөздер «жай ғана көпше жиен-дер-іміз, дәптер-лер-іміз жиен-дер-ің, дәптер-лер-ің жиен-дер-іңіз, дәптер-лер-іңіз тіркесе салмаған, бір-біріне ілгешектене байланысқан», яғни ауылдың, университеттің, аттың, теңіздің деген ілік септіктегі сөздер өздерінен кейінгі сөздердің тәуелдік жалғауында тұруын талап етсе, ал тәуелдік жалғаулы сөз өзінің алдындағы сөздің ілік септікте тұруын керек етеді.Сөздердің осылайша, яғни бірінші сыңары ілік септік жалғауда, екінші сыңары тәуелдік жалғауда келіп, байланысуы ғылымда *матасу* деп аталады.

Сонымен бірге, мұндай тіркестердегі яғни, матаса байланысқан сөздердің кейде біреуінің қосымшасы түсіп қалып қолданылуы да тілімізде кездеседі. Мысалы, *ат жүйрігі, пеш оты, кітап мұқабасы, ауыл маңы..* Бұл тіркестерде ілік септік жалғаулары түсіп қалған, бірақ оны тілдегі заңдылық бойынша тәуелдік жалғауы тұрған жерде ілік септігі жалғауы болатындығы арқылы дәлелдеуге болады. Ал кейде керісінше, сөзде тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Мысалы, *біздің көше, сіздің ауыл, өзіміздің шәкірттер* т.б. Осы тіркестер толық айтылғанда біздің көшеміз, сіздің аулыңыз, өзіміздің шәкірттеріміз болуы тиіс еді. Бұл мысалдарда біз, сіз, өз есімдіктері ілік септік жалғауында келген де, тәуелдік жалғауда айтылуға тиісті сөздер қосымшасыз тұлғада тұр. Мұндай құбылыстың тілдік қолданыста кездесетіндігін М.Балақаевтың мына пікірінен көруге болады: «... біз, сіз, деген екі есімдік ілік жалғауында айтылғанда, олармен байланысты тәуелдік

жалғауында айтылуға тиісті сөздер жалғаусыз да жұмсалады, мысалы: біздің еліміз-біздің ел, сіздің балаңыз-сіздің бала».

Ғылыми еңбектерде көрсетіліп жүргендей, «тәуелдік жалғаудың 3-жағында түсіп қалуы тек ауыз әдебиеті нұсқаларында, жырларда, жыраулар шығармаларында кездесіп қалады: Базарбайдың Төлеген (Төлегені емес) Қобыландының Тайбурыл (Тайбурыл-ы емес), 3-жақ тәуелдік жалғау тұлғасының түсіп қалып қолданылуы орта ғасырлық жазба нұсқалар тілінде де (М. Қашғаридың сөздігінде, Ю.Баласағұнның "Құтадғу білік" дастанында) кимниң иш, кимниң тавар түрінде кездесіп отырады".

Ілік пен тәуелдік жалғаулы сөздер тіркесіндегі екінші компоненттің, яғни 3-жақтағы тәуелдіктің көрсеткішінің түсіріліп қолданылуы көне құбылыс екендігін акад. Р.Сыздықованың мына пікірінен де көруге болады. «Бұл, сірә, о баста тек өлең синтаксисіне ғана байланысты қалыптасқан конструкция болар деген пікір бар және XI ғасыр ескерткіштерінен (М.Қашқари материалдарынан) бастап, қырғыз эпосы Маната кездесетіндігіне қарағанда, жалпы түркі тілдеріне тән көне құбылыс екендігі байқалады».

Тәуелдік жалғауларының қолданыста түсіп қалуы тілдегі ықшамдау тәсілінің бір түрі болып табылады. Мұны соңғы кездегі зерттеулер де дәлелдейді. Мысалы, Г.Қондыбаеваның зерттеуінде тілдегі грамматикалық категориялардың көрсеткіштері саналатын жалғаулардың қолданыста ықшамдалу заңдылығының әсеріне, ықпалына ұшырауы қарастырылған. Автор өз еңбегінде қазақ тіліндегі жалғаулардың ықшамдалып қолданылатындығын және әр жалғаудың түсіріліп қолданылуының өзіндік орны мен қызметін сипаттай келіп, тәуелдік жалғауының түсіріліп қолданылуының мынадай ерекшеліктерін түйіндеген:

-тәуелдік жалғауының стильдік мақсатта түсіріліп қолданылуы тілдегі дағдылы құбылыстардың бірі. Әсіресе, сіздің, біздің сияқты ілік жалғаулы есімдіктермен тіркескен сөздердегі тәуелдік жалғауының көрсеткіштері түсірілуге бейім саналады;

-тәуелдік жалғауының бірыңғай мүшелердің тек соңғысына жалғануы да стильдік мақсаттағы тілдік нормалардың қатарына жатады».

Олай болса, матаса байланысқан тіркестердегі тәуелдік жалғауының түсіріліп қолданылуы ерте кезден күні бүгінге дейін кездесетін, әрі белгілі бір мақсатта қолданылатын тілдік құбылыс екендігі анық.

Тәуелдік жалғауы тек қана меншіліктілікті білдіріп қоймайды. Мысалы, *ананың құшағы, ауылдың ақсақалы, малдың ізі* секілді тіркестерде нақты меншіктілік мағына жоқ, өйткені бұл тіркестер жалпы ананың құшағы, жалпы ауылдың ақсақалы, жалпы малдың ізі деген ұғымды беріп тұр. Сондықтан бұл тіркестерден нақты қай ананың құшағы, қай ауылдың ақсақалы, қай малдың ізі екендігін білу қиын. Осымен байланысты ғалымдар «тәуелдік жалғау меншікті білдіреді» деген ұғым-аса кең грамматикалық ұғым, ақиқат меншіктілік жайындағы ұғым сол кең грамматикалық ұғымның тек әредікте ғана кездесетін бір көрінісі ғана ", - деген пікір айтады. *Шынында да, ақылдың белгісі, ән сазы, көңілдің қуанышы, ауыл маңы* секілді тіркестерден белгілі бір жаққа тән нақтылы меншік те, тәуелділік те байқалмайды, тек қана грамматикалық қатынас аңғарылады. А.Ысқақовтың сөзімен айтқанда, «әуелде меншікгі, белгілі бір жаққа тән тәуелділікті білдіретін жақ жалғауы бірте-бірте жақтық көрсеткіш болу қабілетінен көшіп, жаққа байланысы жоқ тым жалпы қатынасты білдіру сипатына ие болған».

Бұдан тәуелдік жалғаудың қолданыста басқа да мағына беретіндігі байқалады.

Сонымен бірге тәуелдік жалғау «қосымша эмоциялық-экспрессивтік райды я мәнді білдірерліктей де міндет атқарады. Мысалы, ***айым, күнім, әкем, көкем, құлыным, қарағым*** секілді формалар тыңдаушы адамның сезіміне әр алуан эмоциялық ықпал жасап, эр қилы экспрессивтік әсер ететіні аян». Мысалы, Ағам Шоқан, менікі адал ниет. Айтып тұрғаның, рас па, ***жаным?***(С.Бақбергенов.) ***Құлыным-ау,*** босқа шөлдейсің ғой,- деді әжесі.

Осы сөйлемдердегі ***қалқам, жаным, құлыным*** сөздерінің құрамындағы -м,-ым тұлғалары бұрын тәуелдік жалғауы болған деп есептеледі.

Тәуелдік мағына жұрнақ арқылы да беріледі. Тәуелдік мағынаны білдіретін ***-нікі,-дікі,-тікі*** жұрнақтары заттың иесінің атына, яғни затты иеленушіге жалғанады да, меншікті зат ешбір қосымшасыз қолданылады: *домбыра Әсеттікі,үй Мұраттікі, мылтық аңшынікі т.б.* Осы тіркестерде меншікті заттар атаулары қосымшасыз формада тұр және меншікті заттын иесін білдіретін сөздердің алдында келген, ал тәуелдік мағынаны білдіретін жұрнақ затты иеленушіні білдіретін сөзге жалғанған. Бұл жұрнақтың тағы бір ерекшелігі - ол үндестік заңына бағынбайды.

Зат есімнің септік категориясы

Зат есімнің септік категориясы - сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасын, байланысын қамтамасыз ететін категория. Септік категориясының мағынасы септік жалғаулар арқылы беріледі. Ал сөйлемдегі сөздердің қарым-қатынасы, байланысы түрліше болып келетін күрделі құбылыс. Бұл категорияның күрделі екендігіне зат есімнің басқа категорияларымен салыстыру арқылы да көз жеткізуге болады.Зат есімнің көптік категориясы екі-ақ мағынаны жекелік-көптікті білдіруі оның ортақ категориялық мағынасы болса, тәуелдік категориясы үш жақтағы жекеше ~ көпше, оңаша ортақ мәндерді көрсетуі олардың ортақ категориялық мағынасы болып есептеледі. Септік категориясының мағыналары бұларға қарағанда күрделірек, өйткені қазақ тілінде жеті септік бар.Әр септіктің әрқайсысының өзіндік мағыналары бар, сондықтан бұларда ортақ категориялық мағына болмайды. Септіктерді бір-біріне жақындастыратын олардың сөйлемдегі сөздерді байланыстыру қызметі және зат есімге жалғану қабілеті, ал басқа сөз таптарына жалғанса, оларды заттандырып тұратын ерекшелігі. Осымен байланысты септік категориясына мынадай анықтамалар беріліп жүр. Мысалы, «Қазақ тілі грамматикасында» (1967) «септелу деп сөздердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесу үшін септік жалғауын қабылдап, грамматикалық тұрғыдан өзгеріске

түсуін айтады», 2002 жылғы грамматикада да осы анықтама берілген. «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен жалғастырып, селбестіріп тұратын» тұлға және сөздердің септелуі деп атаған. «Тіл білімінің негіздері» атты оқулықта септік дегеніміз жалғау мен грамматикалық мағыналардың бірлігінен тұратын және бір есім сөздің екінші есімге немесе етістікке қатысын білдіретін грамматикалық категория»,-деп жазылған. С.Исаев осы анықтамаларға зер сала қарап, «сөздерді грамматикалық тұрғыдан түрлендіріп, өзгеріске түсіретін» ерекшелік тәуелдік, жіктік жалғауларына да тән екендігін айта келіп, «сөздерді грамматикапық тұрғыдан өзгеріске түсіріп, түрлендіретін» деген пікірді қолдамай, септік жалғауларына (категориясына) мынадай анықтама берген: «Септік жалғаулары (категориясы) зат пен оның іс әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік-қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп-мақсаттық сияқгы қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы».Бірақ ғалымның септік категориясына арналған тақырыптың бас жағында «Сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі-септік жүйесі,-деген пікірі тағы бар.

Бұл айтылғандардан байқалатыны - септік жалғаулары (категориясы) сөздерге жалғанғанда үстеме мағына қосады, сөздердің арасындағы түрлі қатынастарды білдіреді, сөз бен сөзді байланыстырады. Сондықтан «Қазақ тіліндегі зат есім категориясы» деген еңбегіндегі Ә.Төлеуовтің... «белгілі бір сөзге жалғанып, оған грамматикалық мән беретін және олардың басқа сөздерге әр алуан қатынасын білдіріп, сөзді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаны септік жалғауы» деп келтірген анықтамасы септік категориясының мәнін анық көрсетеді.

Қазақ тілінде жеті септік бар. Бұлардың ішінде атау септіктің ғана қосымшасы жоқ, бірақ «атау септік тұлғасы - түбір тұлғамен бір емес және оқулықтарда көрсетіліп жүргендей, басқа септік тұлғаларына негіз болатын да тұлға

емес, өз алдына жеке нөлдік тұлға», ал қалған септіктердің арнайы қосымшалары бар. Әр септіктің әрқайсысының сұрақгары болады. Тіліміздегі сөздер тәуелденіп те, тәуелденбей де септік жалғауларын қабылдайды. Соған байланысты қазақ тілінде сөздер септелуінің екі түрі бар: 1) жай септелу; 2) тәуелді септелу.

Жай септелуде септік жалғаулары тікелей зат есімдерге және басқа есім қызметін атқаратын сөздерге тікелей **жалғанады:**

Атау	Кітап	Үлкен	Естіген	Бірінші
Ілік	Кітап-тың	Үлкен-нің	Естіген-нің	Бірінші-нің
Барыс	Кітап-қа	Үлкен-ге	Естіген-ге	Бірінші-ге
Табыс	Кітап-ты	Үлкен-ді	Естіген-ді	Бірінші-ні
Жатыс	Кітап-та	Үлкен-де |	Естіген-де	Бірінші-де
Шығыс	Кітап-тан	Үлкен-нен	Естіген-нен	Бірінші-ден
Көмектес	Кітап-пен	Үлкен-мен	Естіген-мен	Бірінші-мен

Бұл кестедегі *үлкен, естіген,* бірінші сөздері сөз табы жағынан - сын есім, есімше, сан есім. Бірақ олар заттанған кезде зат есім секілді септеледі.

Тәуелді септелуде септік жалғаулары зат есімдерге және басқа есім қызметін атқаратын сөздердің тәуелдеулі түріне жалғанады:

	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	үй-ім	үй-ің	үй-і
Ілік	үй-ім-нің	үй-ің-нің	үй-і-нің
Барыс	үй-ім-е	үй-ің-е	үй-і-не
Табыс	үй-ім-ді	үй-ің-ді	үй-і-н
Жатыс	үй-ім-де	үй-ің-де	үй-і-нде
Шығыс	үй-ім-нен	үй-ің-нен	үй-і-нен
Көмектес	үй-ім-мен	үй-ің-мен	үй-і-мен

Септік жалғауларының мағыналары мен қызметі

Қазақ тіліндегі әр септіктің өзіне тән қосымшалары яғни грамматикалық тұлғалары бар. Сол тұлғалар сөздерге жалғанғанда грамматикалық мағына үстейді, әрі септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырып, синтаксистік қызмет атқарады. Енді әр септіктің әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Атау септік. Атау септіктің өзіне тән арнаулы қосымшасы жоқ, яғни нөлдік тұлғада қолданылады, бірақ білдіретін мағынасы бар. Атау септік қимылдың иесін (субъектіні) білдіреді. Алайда түркологияда, қазақ тіл білімінде де атау септіктің осы мағынасы толық ескерілмей келді. Сондықтан атау септік жайында түрліше көзқарастар болды.

Ең алдымен септік жүйесіндегі қосымшасыз форма бір ғана септікке қатысты ма әлде бірнеше септікке қатысты ма деген мәселеде ғалымдарда ортақ пікір болмады. Кейбір ғалымдар нөлдік форманы бір ғана септіктің (негізгі септіктің) формасы деп санады (60), ал негізгі септікті танушылардың бәрі оның семантикалық құрамында атау септіктің субъект мағынасын және қосымшасыз басқа септіктердің мағынасын қосқан. Сондықтан оны атау септік деп атамай, негізгі септік деп атаған. Сонда негізгі септік іс жүзінде барлық септіктердің мағынасын білдіретін болып шыққан. Ал бұл қайшылық форма қуалаушылықтан туған жағдай еді.

Қазақ тіл білімінде атау септік және басқа септіктердің қосымшасыз формалары танылады. Алайда, атау септіктің табиғатын анықтауды керек ететін жағдайлар жоқ емес.

Қазақ тіл білімінде атау септік формасы басқа септік формалары мен мағыналарын ажырату үшін қабылданған негізгі форма деп түсіндіру бар. Атау септікке бұлайша қарау оның табиғатын толық ашпайды. Септік жүйесіндегі әр форманың қалыптасқан мағынасы мен атқаратын қызметі бар екені анық. Сондықган атау септіктің де өзіне ғана қатысты мағынасы мен қызметі бар. Септік жүйесіндегі бұл форма логикалық жағынан қимылдың субъектісін білдіріп, синтаксистік қызметі жағынан сөйлемнің бастауыш мүшесі қызметін атқарады.Сөйлемде баяндауышпен тіркесіп, оның

белгілі жақта тұруын керек етеді. Атау септіктің мағынасы мен қызметін басқа ешбір септік атқара алмайды. Яғни атау септік басқа септіктерден мағынасы, қызметі жағынан әбден нақтыланған. Сондықтан оны орыс тіліндегі атау септіктен басқаша деп түсіндіру бұл септіктің құрамына басқа септіктердің нөлдік формасын қосумен байланысты шыққан. Атау септіктің мағынасы мен қызметін айқындау үшін, атау септікке қатысты пікірлерге жеке-жеке тоқталған жөн.

Анықтауыш қызметіндегі зат есімдерді атау септік деп қарау түркологияда, оның ішінде қазақ тіл білімінде жиі кездеседі. Осымен байланысты төмендегі үзіндіні келтірейік. «Екі зат есім атау күйінде қатар айтылып, алдыңғысы соңғысына анықтауыш болады: қол сағат,темір күрек, мал қора». Зат есім анықтауыш қызметінде жұмсалғанда, сын есімнің орнына қолданылады. Ал сын есім өз мағынасы мен қызметінде тұрғанда септелмейді. Ол - түркі тілдеріндегі сын есімнің орыс тіліндегі сын есімнен негізгі айырмашылығының бірі. Анықтауыш қызметіндегі септелмейтін сын есімнің орнына қолданылған зат есімді де септік формасында, яғни атау септік деп қараудың ешбір негізі жоқ. Сондықган атау септік пен анықтауыш қызметіндегі сын есім тек сыртқы тұлғасы жағынан ғана ұқсас, ал олардың мағынасы мен қызметі басқа-басқа. Сын есімдер зат есімнің алдынан келіп, анықтауыш болғанда, атау септік формасында деп танылмайтындықтан, оның орнына қолданылған зат есім де атау тұлғада деп саналмау керек, зат есімнің түбір тұлғада қолданылуы деп қаралуы керек.

Осылай қарағанда, анықтауыш қызметіндегі зат есімдер атау септіктің мағынасына кірмейді, олардың септік парадигмасына қатысы жоқ. Егер түркі тілдерінде сын есім анықтауыш қызметінде орыс тіліндегідей септелсе, онда оның орнына қолданылған зат есімдерді септік парадигмасында қарауға болар еді, бірақ мұндай құбылыс түркі тілдерінің грамматикалық құрылысында жоқ. Сондықган оның зат есімнен болған анықтауышқа қатысы болуы мүмкін емес.

Атау септіктің құрамында қаралып келген тағы бір форма-есім сөзден болған баяндауыштар. Баяндауыш болған сөз

септік категориясына емес, жіктік категориясына қатысты. Баяндауыш жіктік жүйесіндегі формалардың бірінде тұрады. Тек есім сөзден болған баяндауышты атау септік деп қарап, оның қызметін атау септікке қосу шындыққа жатпайды, өйткені, ол-жіктеу парадигмасында қолданылған сөз, сондықтан ол әрі жіктік, әрі септік категориясының формасы бола алмайды. Сондықтан, бұл арада сыртқы тұлға ұқсастығы оларды бір форма деп тануға себеп болған. Егер тіліміздің жіктелу жүйесінде есім сөзге де 3-жақта жіктік жалғауы жалғанатын болса, оларды ешкім атау септіктегі сөз деп санамаған болар еді. Бұл айтылғандар баяндауыш қызметіндегі есім сөздің септік парадигмасына қатысы жоғын, олардың атау септікке жатпайтынын дәлелдейді. Олай болса, баяндауыш қызметіндегі есім сөз атау септіктің қызметіне мүлдем жатпайды. Сөйлемде қолданылған зат есімнің бәрі белгілі септік формасында тұрады деу дұрыс емес. Сөйтіп, анықтауыш, баяндауыш қызметінде зат есім түбір қалпында тұрады.

Атау септікті белгісіз септік (неопределенный п.), негізгі септік (основной п.) деп атау, ілік, табыс кейде басқа да септіктердің нөлдік формасын осы септіктің құрамына қосумен байланысты. Бірнеше септіктің мағынасын бір септікке жинағандықтан, ол әрине, атау септікпен бірдей болып шықпайтыны түсінікті. Түрлі мағынадағы, түрлі қызметтегі сөздердің сыртқы тұлғасындағы ұқсастығы олардың бір септік аталуына себеп болған. Бірақ форма ұқсастығы мағына ескерілмеген жерде күшті дәлел бола алмайды. Мағыналары, қызметі басқа септіктердің қосымшаларының ұқсастығына қарамастан, түрлі септіктер саналып жүргеніне дәлелді көптеп келтіруге болады. Мысалға, қазіргі құмық, қарачай-балқар тілдеріндегі ілік септік пен табыс септіктің формалары ұқсас, яғни бұл екі септіктің формасының екеуі де бір формада қолданылады, олардың көрсеткіші бір (-ны,-ні). Бірақ осы екі септіктің сыртқы формасының бірлігіне қарамастан, олардың мағынасы мен қызметі мүлдем басқа болғандықтан, ғылымда олар екі түрлі септік болып танылады.

Мұндай құбылыс септіктен басқа категорияларда да кездеседі. Оған мысалдар өте көп. Бір септіктің қосымшалы да,

қосымшасыз да формасының болуы түркі тілдерінде өзіндік ерекшелік болғанымен, ондай құбылыс басқа тілдерде мүлдем кездеспейді деуге болмайды. Мысалы, орыс тілінде бірінші септелудің кепше түрінде ілік септіктің қосымшасы жоқ (улиц, корзин, черт, овец).Жекеше түрде ілік септікте бұлардың бәрі қосымшалы формада қолданылады (улицы, корзины.черты, овцы). Сөйтіп, мұнда ілік септіктің әрі қосымшалы, әрі қосымшасыз формасы қолданылады. Орыс тіліндегі ілік және табыс септіктер жанды заттардың аты көпше түрде септелгенде, тұлғасы жағынан ешбір айырмасы жоқ. Олардың екеуі де қосымшасыз формада тұрады: (род.п. мух; вин.п. мух). Орыс тілінде олардың сыртқы форма ұқсастығына қарап, қосымшасыз формаларды жиып бір септікте санамайды. Бұлар орыс тілінде екі түрлі септік деп танылады. Өйткені, олар мағынасы мен қызметі жағынан бірінен-бірі әбден ажыратылған. Сондықтан да олардың сыртқы тұлға ұқсастығы есепке алынбайды.

Қазақ тіліндегі ілік, табыс септіктердің қосымшасыз формасы мен атау септіктің ұқсастығы да дәл осындай. Оларда мағына және қызметі жағынан ешқандай ұқсастық жоқ, ұқсастық тек қана сыртқы формада. Сондықтан септік жүйесіндегі қосымшасыз формалар қазақ тіл білімінде атау септікке жатқызылмайды, ілік, табыс септіктердің қосымшасыз формасы деп танылады. Атаудан басқа септіктердің нөлдік формаларының атау септікке қатысы жоғын дәлелдеу үшін, осы септіктегі сөздерді сөз тіркесінде алып қарау керек. Мысалы: *мектеп үйі, сағат бауы, құрылысшы қалағы, кітап оқу, үй жинау, тамақ пісіру т.б.*

Алғашқы үш тіркестегі мектеп, сағат, құрылысшы деген нөлдік формада тұрған сөздердің ілік септікте тұрғанына онымен тіркескен тәуелдік жалғаулы сөздер (үйі, бауы, қалағы) дәлел бола алады. Өйткені, тәуелдік жалғаулы сөз әрқашан ілік жалғаулы сөзбен изафеттік тіркес құрайтыны ғылымда белгілі жайт. Олай болса, мектеп, сағат, құрылысшы деген сөздер атау септікке жатпайды, сондықтан олар бастауыш емес.

Сол сияқты келесі тіркестердегі *кітап, үй, тамақ* деген нөлдік формадағы сөздер табыс септікте қолданылған. Өйткені,

оқылу қимылы кітапқа, жинау қимылы үйге, пісіру қимылы тамаққа тараған, кітап, үй, тамақ сөздері - сол қимылдың объектілері. Ал ғылымда атау септіктегі сөз қимылдың субъектісін білдіретіндігі белгілі, қимылға объект болып тұрған сөздердің форма жағынан ұқсастығына ғана сүйеніп, оларды да атау септіктегі сөздер деп айту шындыққа үйлеспейді.

Төмендегі мысалдарда барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің қосымшасыз формалары қолданылған. Мысалы: *Осыған көніп, Семей баратын болса, тек маған лезде хабар етсін (М. Әуезов). Ыбырай осы жаз қып-қызыл от ішіне барарын әбден сезеді(Ж.Молдағалиев). Шаяннан соң Қаратау асып, Созаққа ауыстық.Бұрын бұл үңгірге келмеген Дәрмен Әлмағанбет және Кәкітаймен ақырын сөйлесті (М.Әуөзов).*

Сөйлем құрылысына ешбір өзгеріс енгізбей, бірінші сөйлемдегі Семей деген сөзді Семейге, екінші сөйлемдегі жаз деген сөзді жазда, үшінші сөйлемдегі Қаратау деген сөзді Қаратаудан, төртінші сөйлемдегі Әлмағанбет деген сөзді Әлмағанбетпен түрінде айтуға толық болады. Олар бір септіктің қосымшалы, қосымшасыз формалары болғандықтан, олардың тіркесетін сөздері, сөйлемдегі орны, мағынасы бірдей. Сондықтан сөйлем құрылысын сақтай отырып, олар бірінің орнына екіншісі қолданылуға келіп тұр. Жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі қосымшасыз формалы сөздерді септіктің қосымшалы формасына ауыстыруға келгені олардың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің қосымшасыз формасында қолданылғанын дәлелдейді. Сөйтіп, сөйлемде қосымшасыз формада қолданылған зат есімнің бәрі септік жүйесіне қатысты деп қарау дұрыс емес. Оған анықтауыш, баяндауыш қызметінде түбір қалпында қолданылған сөздер дәлел. Олай болса, сөйлемде нөлдік формада тұрған зат есімдердің бір тобы түбірге қатысты болса екінші тобы септік жүйесіне қатысты. Олардың ішінен тек бастауыш қызметіндегі сөздер ғана атау септікке жатады, өйткені А.М.Щербак айтқандай атау септік-бастауыштың септігі.

Қалған жағдайдағы нөлдік форма басқа септіктерге қатысты. Нөлдік формасы қосымшалы формамен жүйелі түрде қатарласа қолданылатын септіктер - ілік пен табыс. Орыс

тіліндегі ілік пен табыс септіктерде нөлдік, қосымшалы формалар септелудің түріне қарай, жанды, жансыз заттардың атауларына, жекеше, көпше түрге қарай қолданылатын болып қалыптасқан. Басқаша айтқанда, осы септіктердің нөлдік, қосымшалы формаларының қолданылуы әбден ажыратылған. Қазақ тілінде де ілік, табыс септіктердің нөлдік, қосымшалы формалары мағынасы, қолданылатын сөздері, стильдік қызметі жағынан ажыратылған.

Басқа септіктерде нөлдік форма ондай орын алмайды, негізінен, бірыңғай мүшеде ғана кездеседі.

Бұл айтылғандардан сөйлемде қолданылған нөлдік формадағы зат есімдердің мағыналары, атқаратын синтаксистік қызметі, тіркесетін сөздері,

Олар арқылы жасалатын сөз тіркестері мүлдем басқа-басқа екені анықта-лады.Олардың тек сыртқы тұлғасы ғана ұқсас. Тек осы бір белгіге ғана сүйеніп, оларды негізгі септік атау-теориялық тұрғыда дұрыс емес. Сондықтан да проф. Н.Оралбаева айтқандай, «септіктердің нөлдік формалары өз септіктеріңде қосымшалы формамен қатарласа қолданылатын форма ретінде қаралғаны дұрыс. Түрлі септіктердің нөлдік формасының мағыналары атау септіктің мағыналық құрамынан шығарылуы қажет».

Атау септіктегі сөз сөйлемде бастауыш болады. Мысалы, Диқаншы жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды. Қара қошқыл тауларай астында көкшіл мұнарға оранып жым-жырт қалғып тұр (М.Әуезов). Елдің ән-сауығын сағынған Асқар бар ынтасымен сүйсініп тыңдайды (З.Шашкин).

Ілік септік. Ілік септіктің өзіне тән қосымшалары бар (-ның,-нің,-дың,-дің,-тың,-тің) және бұл қосымшалар сөздерге үндестік заңы бойынша жалғанады. Мысалы, *оқушының, інінің, айдың, желдің, жапырақтың, теректің т.б.*

Ілік септік қосымшалы да, қосымшасыз да тұлғада қолданылады. «Оның солайша я ашық, я жасырын қолданылғандағы мағыналары, әрине, дәл бірдей емес, өзара айырмашылық болады». Шындығында да бір септіктің екі тұлғасының тілде қатарынан қолданылуы олардың арасындағы белгілі айырмашылыққа байланысты. Өйткені олардың

мағынасы мен жұмсалу орындарында, атқаратын қызметінде ешқандай ерекшелік болмаса, бұлардың екеуі бірдей тілде сақталмас еді. Әрине бұл екі тұлғаның екеуі де бір септік тұлғасы болғандықтан, олардың мағынасы мүлдем басқа болуы да мүмкін емес. Сонымен бірге бұл екі тұлғаның екеуі де алғашқы бір мағынадан тараған. Ілік септіктің алғашқы мағынасы тәуелдік категориясымен байланысты қалыптасқан. Анығырақ айтқанда, ілік септік алғаш меншікті заттың иесін білдірген. Көне жазба ескерткіштер тілін зерттеген ғалымдар (Батманов Н.А, Каримов К, Құрышжанов Ә, Томанов М, Ағманов Е, Мамедов Ю.К, Айдаров Ғ.т.б.) ілік септіктің бұл мағынасын үнемі көрсетіп отырған.

Міне, сол көне замандардан бері қарай қолданылып келе жатқан ілік септіктің екі формасының мағынасы сол бір қалыпта сақталуы мүмкін емес. Ілік септіктің мағынасы да дамуға түскен. Осының нәтижесінде қазіргі ілік септіктің мағынасы өте дамыған.

Ілік септік жалғаулары сөзге жалғанғанда грамматикалық меншіктілікті (иелікті) білдіруі - оның негізгі мағынасы. Мысалы, Мырза аттан түспей, **Жаяу Мұсаның** үйіне шабарманын жұмсапты (М. Сәрсекеев).

Қазақ тілі грамматикаларында көрсетіліп жүргендей, ілік септіктің бұдан басқа да мағыналары бар:

-ілік септіктегі сөз адамдар арасындағы туыстық жақындығы, қарым-қатынасты білдіреді. Мысалы, Мен сол **Хакімнің ағасымын** (Х. Есенжанов). - заттар арасындағы органикалық, табиғи байланысты білдіреді, Мысалы, **Жусанның жапырағы** өте ұсақ, **жалбыздың жапырағы** үлкендеу (оқулықта).

- заттың, нәрсенің бөлшегі неге тән екендігін білдіреді. Мысалы, Сары май, құрт, пәтір нан иісі **Айғыздың мұрнын** жарып жібере жаздады (Қ. Исабеков). Әбдіжан дән риза болған қалыппен **қарттың қолын** алып хош айтты (С. Бегалин).

- заттардың, құбылыстардың, абстракциялы ұғымдардың арасындағы әр түрлі тәуелділік қарым-қатынасты білдіреді. Мысалы, Біреуді ден қойып тыңдай білу- **әдептіліктің белгісі.**

- ілік жалғаулы зат есім кейбір қимыл есімдерімен тәуелділік байланыста айтылғанда, логикалық субъектіні білдіреді. Мысалы, Өзен жақтан **балалардың шуылы** естіледі (М. Мақатаев).

- белгілі бір қасиеттің, сапаның кімге, неменеге тән екендігін білдіреді, Мысалы, Назым **достарының ұйымшылдығын** қызыға әңгімеледі.

- субстантивтенген сын есім арқылы көрсетіп, сапаның, белгінің не нәрсеге тән екендігін білдіреді. Мысалы, Өзімізге қарасты **ағайыннның үлкендері** де келген (Н. Ғабдуллин).

- заттың белгілі бір қасиетінің артықшылығына немесе төмендігіне қарай заттардың өзге тобынан даралап, оқшаулап көрсетеді. Мысалы, Ақбөбек **көріктінің көріктісі** еді.

Міне, бұдан ілік септіктің қосымшалы тұлғасы меншікті заттың иесін де білдіреді және басқа да түрлі қатыстық мағыналарда қолданылатындығын байқауға болады.

Ілік септіктің жоғарыда айтылғандай, қосымшасыз да қолданылатын кездері бар. Мысалы, Тәңірберген **ат тізгінін** қарыстырып ұстап алған (Ә. Нұрпейісов). От **лебінен** ери бастаған қар төбеден мөлт-мөлт етеді (Ғ. Мүсірепсв). Жағапай жиі орнатылған **жеміс бақшасы** бар (С. Шаймерденов).

Осы мысалдардағы *ат тізгіні, от лебі, жеміс бақшасы-изфеттік* құрылыстағы тіркестер.Бұл тіркестердің алғашқы компоненттері ілік септіктің қосымшасыз формасында тұр. Олардың ілік септікте тұрғанын оларға тіркескен тәуелдік жалғауының 3-жағында тұрған сөз көрсетеді, өйткені тәуелдік жалғаулы сөз қашан да ілік жалғаулы сөзбен тіркеседі. Сондықтан бұл екі формадағы сөз біріне-бірі көрсеткіш бола алады.

Изафеттік құрылыстағы тіркестердің бірінші компонентінің ілік септікте тұрғаны басқаша да дәлелденеді. Ол үшін осы тіркестерді ілік септіктің қосымшалы формасымен ауыстыруға болады: аттың тізгіні, оттың лебі, жемістің бақшасы. Осылайша бұл мысалдардағы сөздердің ілік септіктің қосымшасыз формасында тұрғаны анық байқалады.

Енді осы ілік септіктің қосымшасыз формасындағы сөздердің қандай мағына беріп тұрғанына көңіл бөлейік.

Алдымен бұл изафеттік құрылыстағы тіркестердің ешқайсысы бір заттың екінші затқа меншіктілігін білдірмейді, яғни мұнда меншіктілік қатыс мүлдем жоқ. Бұл тіркестерде тек қана *аттың тізгінге, оттың лепке, жемістің бақшаға* қатысы ғана берілген. Объективті өмірдегі бір-бірімен тығыз байланысты заттардың қатысы көрсетілген, ол-*ат пен тізгін, от пен леп, жеміс пен бақша.* Осы байланыс ілік септіктің қосымшасыз тұлғасы мен тәуелдік тұлға арқылы беріліп тұр.

Сөйтіп, бұл мысалдарда меншікгілік, тәуелділік қарым-қатынас емес, заттардың бір-біріне жалпы қатысы ретіндегі абстракт мағына бар.

Объективті өмірдегі заттардың бірімен - бірінің қатысы, байланысы сан алуан. Мысалы, Осы арада бұлар **күн ыстығы** қайтқанша болды (Ә. Нұр-пейісов). **Ой мешеулігінен** қамданбасқа сабыр жетпейді (Ғ. Мүсірелов).

Осы мысалдардағы зат пен оның белгісі, абстракт зат пен оның белгісі арасындағы байланыс изафеттік құрылыс арқылы берілген. Бұл тіркестерде тәуелділік, меншіктілік ұғым жоқ, тек қана зат пен оның белгісінің арасындағы қатынас көрсетілген. Олай болса, ілік септіктің қосымшасыз формасы негізінен қатыстық мағыналарды білдіреді. Енді солардың негізгілеріне тоқталайық:

- объективті өмірдегі зат пен заттың арасындағы табиғи қарым-қатынасты ілік септікгің қосымшасыз формасы білдіреді. Мысапы, *балық майы, ат тұяғы, ешкі түбіті, марал мүйізі, сиыр сүті, лақ терісі т.б.*

- осы топқа бір заттан тараған екінші заттың алғашқыға қатысы да ілік септіктің қосымшасыз формасы арқылы беріледі. *Мысалы, күн нұры, найзағай оты, от лебі, таң жарығы, түн самалы, таңсалқыны, кеш қараңғылыгы, найзағай оты т.б.*

- мал, хайуанаттар мен төлдер арасындағы қатынас, байланыста ілік септіктің қосымшасыз формасы арқылы беріледі. Мысалы, *ешкілағы, ит күшігі, қой қозысы, қаз балапаны, қоян көжегі т.б.*

- мекеме мен қызметкер арасындағы қатысты да білдіреді. Мысалы, *поезд бастығы, мұнай инженері,құрылыс*

жұмысшысы, мектеп мұғалімі, смена бастығы, фирма директоры т.б.

- заттың мекеніне немесе, керісінше мекеннің затқа қатысын да білдіреді. Мысалы, *гүл алаңы, балықшылар аулы, студенттер жатақханасы, театр үйі, мал қорасы, су қоймасы т.б.*

- бір заттың атымен екінші заттың аталуынан пайда болған заттардың арасындағы қатысты білдіреді. Мысалы, *Жамбыл музейі, Абай көшесі, Каспи теңізі, Арал теңізі, Балқаш көлі т.б.*

- заттың мезгілге қатысы да ілік септіктің қосымшасыз тұлғасы арқылы беріледі. Мысалы, *көктем кезі, түс уақытында, қыс мезгілінде, жыл аяғы, жұмыс аяғы т.б.*

- өмірде әр заттыңтүрлі қимыл-әрекетке түсуі заңды. Заттың қимыл-әрекетінің бірсыпырасы оның белгісі ретінде затпен қарым-қатынасқа түседі. Осы байланыс тілде изафеттік құрылыстағы тіркес арқылы беріледі. Мұндай тіркесте ілік септігінің қосымшасыз тұлғасы қимыл-әрекеттің қай затқа катысты екенін көрсетеді. Мысапы, Абайға бұл әңгімеден әрі тағы бір ***әңгіме*** **жатқаны** ап-анық көрінді (М. Әуезов). Ауға тәуір ***балық түсетініне*** сенімі мол (Ә. Нұрпейісов).

Сонымен, ілік септіктің қосымшасыз тұлғасы білдіретін қатыстық мағыналардың бастылары - осылар.

Ілік септіктің қосымшалы, қосымшасыз тұлғада қолданылуының өзіндік себептері бар. Проф. М. Балақаев ілік септіктің қосымшалы формасы тәуелденулі заттың қай затқа, кімге меншікті екенін әдейілеп, арнап көрсету керек болғанда ғана қолданылады, ал бұл мағына болмаса, изафеттік құрамдағы сөздердің бірі екіншісіне заттық сапа ретінде жұмсалса, онда ілік септіктің жалғаусыз формасы қолданылады деп санайды

М.Балақаев ілік септіктің қосымшалы, қосымшасыз формаларының мағынасын меншіктілік және қатыстық мағынамен ғана байланыстырып қоймайды. Сонымен бірге меншіктілік мәнге ерекше көңіл бөлу, меншікті заттың иесін баса көрсету іліктің қосымшалы формасына қатысты деп есептейді.

Міне, бұл пікірге ерекше мән беру керек. Тіл материалдары да осы пікірді растайды. Меншіктілік мағынаны білдіретін изафеттік құрылыстағы сөздер тіркесінде ол меншіктілік мәннің жалпыланған түрі және оның шын мәніндегі бір заттың екінші затқа меншіктілігін, тәуелділігін көрсетуге арналған түрі бар. Басқаша айтқанда, жалпы алғанда, меншіктілік мәнге жататын изафеттік құрылыстағы тіркестердің өзі іштей біркелкі емес. Осымен байланысты мұнда ілік септіктің қосымшалы, қосымшасыз формасының қолданылуында да айырма бар. Осы ерекшелікті М. Балақаев дұрыс аңғарған. Мысалы: Ішкен мен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде жүрген ***бай баласы*** аз ба? Үштен, төрттен, бес-алтыдан шоғырланған **ел *кісілері, қалахалқы*** (М.Әуезов).

Бұл мысалдарда *байбаласы, өлкісілері, қалахалқы* деген изафеттік құрылыстағы тіркестерде меншіктілік мән түрлі дәрежеде. Осылардың ішінен бай баласы дегенде меншікгілік мән күштірек сияқты болып көрінеді. Бірақ, шын мәнінде, бұл дұрыс емес. Себебі, мұнда белгілі бір байдың өзіне тән баласы туралы сөз болып отырған жоқ. Мұнда меншіктілік мағына емес, қатыстық мағына басым. Сондықтан да осындай фактілерді М. Балақаев ілік септіктің қосымшасыз формасының заттық сапа ретінде жұмсалуы деп таныған. Бірақ бұл сапа дегеннен гөрі қатыстық мағына дегенге сәйкес келеді.

Айтылған пікірдің ақиқаттығына көз жеткізу үшін осы мысалды нағыз меншіктілік мәнде алып қарайық. Мысалы: Хасен-Жұман байдың баласы. Бұл сөйлемде жоғарыдағы изафеттік құрылыстағы сөздер енді ілік септіктің қосымшалы формасында қолданылып тұр. Яғни бұл мысалдағы әңгіме бір заттыңекіншізатқатәуелділігітуралыайтылып жәнебұл мағынаға ерекше мән берілген, өйткені сөйлемніңжалпы мағынасы сол мағынаны білдіруге арналған. Сондықтан да мұнда ілік септіктің қосымшалы формасы қолданылған,

Ілік септіктің сөйлемдегі синтаксистік қызметі анықтауыш болуы. Мысалы, **Исатайдың** ақырған даусы естіліп, ол бастаған қалың қол көрінгенде, жау қаша жөнелді (Қ.Жұмалиев), Жаңадан жасалатын бұйымдарды да **Абайдың**

ұнататын өрнек-бояуларымен көркемдеуді ескерді (К. Оразалин).

Барыс септік. Барыс септіктің зат есімге жалғанатын жалғаулары -ға,-ге-қа,-ке,-а,-е,-на,-не. Мысалы, *ауылға, үйге, университетке* т.б. Бұл септіктің грамматикалық мағыналары өте көп. Оқулықтарда көрсетіліп жүрген мынадай мағыналары бар:

- барыс септіктегі сөз істің, қимылдың, іс-әрекеттің барып тірелер жерін, аяқталар шегін көрсетеді. Мысалы, Әкем қырық бірінші жылы **майданға** кеткенде сіздің жасыңыз 20 да екен (Н. Ғабдуллин).

- қимылдың, іс-әрекеттің кімге, неге бағытталғанын білдіреді. Мысалы, Ол жолаушыға терезеден үңіліп қарады (Н.Ғабдуллин).

- іс-әрекеттің, қимылдың мақсатын, не үшін істелетінін білдіреді. Мысалы, Әділбек әскери борышын өтегеннен кейін **оқуға** кетті.

- барыс жалғаулы сөз өзі жалғанатын сөзінің семантикасына қарай кейде мөлшер, мезгіл мағынасында да қолданылады. Мысалы, Солардың арқасында екі араға, енді міне жол түсті, **мың жылға** созылатын құдалар жолы (Н. Ғабдуллин).

Барыс септігі қосымшасының жасырын түрде қолданылуы тілде өте сирек кездеседі. Мысалы, **Астана** барды.Сонау біржылы келдің... **Құлжа** бардың. Сауда мақсатымен **Жаркент, Құлжабарған** (С. Бақберсенов).

Сондай-ақ С.Исаев «Қазіргі тіліміздегі **ер жету, бой жету** тұрақты тіркестерді тарихи жағынан **ерге жету, бойға жету** түрлерінен, алдыңғы сөз барыс септікгі тұлғадағы үлгіден қалыптасқан дей келіп, қазақтың әр кездегі жазба нұсқалары тілінде бұп тіркестердің ерге жету, бойға жету түрінде кездесетіндігін, сонымен бірге **жету** етістігінің әдетте барыс септік тұлғадағы сөзді меңгеретіндігі (мемлекетке жету, мұратына жету, арманына жету, жасына жету т.б.) арқылы дәлелдеген .

Барыс септігіндегі сездер сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, Ол не істерін білмей

Аронға қарады (Х. Есенжанов). Альпинистер туды **таудың төбесіне** тікті.

Табыс септік. Бұл септіктің қосымшасы-ны,-ні,-ды,-ді,-ты,-ті,-н. Осы қосымшалардың ішінде -н үшінші жақ тәуелдік тұлғасынан кейін жалғанады (ел-і-н, жер-і-н т.б).

Табыс септігінің негізгі мағынасы қимылға түсетін объектіні білдіреді. Мысалы, **Бүркітті** көрген түлкі ол кезде тастың үңгіріне кіріп кеткен (С. Мұқанов). Қарапайым жұрттың ішінде беделді **Бұланбайды** Байжан да қатты қадірлейтін еді (Ғ.Мүсірепов).

Табыс септік те ілік септік секілді бірде ашық, бірде жасырын қолданылады.

Табыс септіктің қосымшалы, қосымшасыз формалары тілдің грамматикалық құрылысының дамуында әрқайсысы өзінше мағыналық реңкке ие болып, әрқайсысының қолданылатын орны мен қызметі ажыратылған. Сондықтан да, бұл екі форманың екеуі де тілде күні бүгінге дейін сақталып, қызмет атқарады.

Табыс септіктің қосымшалы, қосымшасыз формаларының бір-бірінен сөйлемдегі орны жағынан да айырмашылығы бар. Табыс септіктің қосымшасыз формасындағы сөздің орны тұрақты болса, қосымшалы формадағы сөзде ондай тұрақтылық міндетті емес.

Ол сабақты етістікпен тікелей жақын тұрып та, алшақ тұрып та, орын ауыстырып та тіркесе береді. Объектінің сабақты етістікпен тікелей тіркеспей, алшақ қолданылуы, не онымен орны ауысып тұруы оның объекті ретінде түсінілмеуін туғызады. Сондықтан, сөйлемде объекті өз орнында қолданылмағанда, оның объекті екенін көрсететін табыс септік қосымшасы жалғанады. Өйткені, тілде көне замандардан қалыптасқан заңдылық бойынша объекті тікелей сабақты етістіктің алдынан тіркеседі. Бұл заңдылық бұзылған жерде объекті қосымшасыз формада тұра алмайды. Осы жағдайға қарап, объектінің сөйлемде өзінің тұрақты орнынан басқа орында қолданылуы тілде табыс септіктің қосымшасының пайда болуына себеп болуы да мүмкін деген жорамал жасауға болады.

Табыс септіктің қосымшалы, қосымшасыз формалары жүйесіз колданыла бермейді. Олардың әрқайсысы белгілі орында қолданылуға бейімделген.

Табыс септік істің қосымшалы формасы, негізінен, төмендегі жағдайда қолданылады.

- сөйлеуші объектіге ерекше мән беріп, оған көңіл аударғысы келсе, табыс септіктің жалғаулы формасы қолданылады. Мысалы: *кітапты бер, журналды* оқы, *тамақты* іш, т.б.

-табыс септіктегі сөздің алдынан жекелейтін, даралайтын, топ заттан бөліп көрсететін анықтауыш тұрса, табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылады. Мысалы: *бұл баланы* танимын, *мына кітапты* оқыдым, т.б.

- жалқы есімдерде табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылады. Мысалы: *Асқарды* көрдім, *Айжанды* шақырды.т.б.

- тәуелденген сөз табыс септіктің қосымшалы формасында тұрады. Мысалы: әкемді танимын, *кітабымды* алдым, т.б.

- табыс септік жалғаулы сөз бен тіркесетін етістіктің арасында басқа сөз тұрса, табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылады. Мысалы: *киноны* кеше көрді, *егінді* бүгін суарды, т.б.

- заттанған сөз таптары /сын есім, есімше, тұйық етістік т.б./ табыс септіктің қосымшалы формасында қолданылады. Мысалы: *жақсыны* сыйла, е*стігенді* айтпа, *көргенді* айт, *айтуды* ұмытпа т.б.

- есімдік пен сан есім табыс септіктің қосымшалы формасымен қолданылады. Мысалы: *мынаны* түсіндірші, *онды онға* қос т.б.

- объекті бастауыш болып түсінілуі мүмкін құрылыста табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылады. Мысалы: Жолшыбай кейде *биді,* кейде *қожаны,* кейде *төрені* оңашалап әкетіп, алдағы бір ауылға жақындағанда ғана топқа қосылып отыр /Ғ. Мүсірепов/.

- бастауыш пен толықтауыш бір сөзден болғанда, табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылады, Мысалы: адам *адамды* сыйлайды, аңшы *аңшыны* таниды т.б.

- күрделі етістікпен тіркескен толықтауыштар табыс септіктің қосымшалы формасында қоданылады. Мысалы: *көшті* бастап әкетті, *жоспарды* жүзеге асыру, *табысты* баянды ету т.б.

- экспрессивті мағынада жұмсалатын күрделі не қосарлы етістіктердің жетегінде айтылатын тура толықтауыштар табыс септіктің қосымшалы формасында қопданылады. Мысалы: Қатар тұрған екі самауырға *таскөмірді* тастап-тастап жіберді. Он жеті мың *жылқыны* жауып жіберіп..., еріксіз көшірмекші /Ғ.Мүсірепов/.

Табыс септігіндегі сөз сөйлемде тура толықтауыш қызметін атқарады, Мысалы, Рысқұлов машинаны тоқтатып, жерге түсті (Ш. Мұртаза). Төреші жап-жас қазақ балуаны Мұқанды күрес алаңына алып жүрді (М. Тәнекеев).

Жатыс септік. Бұл септіктің қосымшалары -да,-де,-та,-те,-нда,-нде. Жатыс септіктің басты мағыналары мыналар:

- істің, қимылдың болып жатқан орнын, мекенін білдіреді. Мысалы, Аспанда тырналар да тізіліп ұшып барады (М. Дулатов).

- жатыс септігіндегі сөз істің, қимылдың қай уақытта, қай мерзімде өткендігін білдіреді. Мысалы, Сабақ қыркүйектің басында басталады дегенге, ауылдан Ботагөз ерте шығып, қалаға келгеніне айға жақындап қалған (С. Мұқанов).

Жатыс септіктің қосымшасыз қолданылуы өте сирек кездеседі. Тек қана бірыңғай мүшелерде жатыс септігі жалғауы түсіп қалады. Мысалы, Солтүстік Африка мен Аравияда мүйізі бар улы сұр жыландар өмір сүреді (журналдан).

Жатыс септігінде қолданылған сөздер мезгіл, мекен пысықгауыш және жанама толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, Кейбір жерлерде қоянның кеуегі тәрізді қуыстар кездеседі. Көктемде сай-сала суға толды. Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ.

Шығыс септік. Бұл септікгің қосымшалары -дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен. Шығыс септіктің басты мағыналары:

- шығыс септігіндегі сөз істің, қимылдың неден, қай жерден басталғанын білдіреді. Мысалы, Тақырланып қалған жазғы

жайлаудан келе жатқан жылқы... ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады.(Ғ.Мүсірепов)

- қимыл, іс-әрекеттің қандай объектініңтөңірегінде, маңында өткендігін білдіреді. Мысалы, Досанды **мойнынан** құшақтай алды (Н. Ғабдуллин).

- шығыс септіктегі зат есімдер істің, қимылдың, әрекеттің себебін білдіреді. Мысалы, Мен көпшіліктен емес, ең алдымен **Мұқтардан** жасқанатынмын (К. Оразалин).

- сындық мағынадағы сөздермен грамматикалық қатынаста айтылған шығыс септікті зат есім салыстыру мәнін аңғартады. Мысалы, **Алтыннан** қымбат сөз айтсаң, ақымақ көңіл қоймайды.

- шығыс жалғаулы зат есімдердің жиі қолданылатын мағыналарының бірі-белгілі бір бөлшегі, белгілі бір үлесі алынатын затты білдіру. Мысалы, Шолпан асығып тұрса да, ертеңгі **астан** ауыз тиді (Х. Есенжанов).

- кейде шығыс септігіндегі сөзден нәрсенің, заттың тегі, неден, не нәрседен істелгені көрініп тұрады. Мысалы, Үлкен сырлы тегенедегі сары қымызды арқар **мүйізінен** ойып жасалған ожаумен құйды (К. Оразалин),

- сөздің негізгі лексикалық мәніне қарай шығыс септігі өлшем, мөлшер мағынасын да аңғартады. Мысалы, Жұмысқа кіргеніне **жеті айдан** асты (газеттен).

- істің, қимылдың мекенін білдіреді. Мысалы, Осы үш ұлы адамның туған **жерінен** ашылған әдеби қорықтың қанша міндет атқаруға тиісті екендігін уақыт көрсетеді (К. Оразалин).

Шығыс септікті сөз сөйлемде пысықтауыш, жанама толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, Өз **үйімнен** ешкімнің келмегені тегін емес (Ә. Сәрсенбаев). Белгі **жолдан** тайдырмас, білім **сөзден** жаңылдырмас.

Шығыс септігі жалғауының түсіп қалатын кездері өте сирек. Мысалы, **Шыңғыс** асып, жайлаудан құлаған бетте (К. Оразалин).

Көмектес септік. Бұл септіктің жалғаулары -мен,-бен,-пен,-менен,-бенен,-пенен. Көмектес септік жалғауларының бір ерекшелігі-олардың тілімізде фонетикалық жуан варианты жоқ.

Көмектес септіктің басты мағыналары:

- істің, қимылдың немен, қандай амалмен істелгенін білдіреді. Мысапы, **Орамалмен** терін шапшаң сүртіп, самай шашын асығып түзеді (Н. Ғабдуллин).

- іс-әрекетті, қимылды атқаруға қатынасқан адамды білдіру де көмектес септіктің негізгі мағыналарының бірі. Мысалы, Ол әскерге **Досандармен** бірге аттанған жігіт еді (К. Оразалин).

- көмекгес септігіндегі зат есім кейде істің, қимылдың амалын білдіреді, Мысалы,... істің жедел қолға алынғанын **ризалықпен** еске алды (сонда).

- көмектес жалғаулы зат есімнен кейде істің, қимылдың, мекені, мезгілі көрініп тұрады. Мысалы, Бұлақтың арасымен жарыса жүріп, жазыққа түсейік (сонда).

Көмектес септік жалғаулы сөз жанама толықтауыш болады. Мысалы, **Назыммен** телефон арқылы хабарласты. Атты **қамшымен** айдама, **жеммен** айда.

Көмектес септік жалғаулы сөз сөйлемде пысықтауыш та болады. Мысалы, Домбыра үлкен **шеберлікпен** жасалыпты.

Зат есімнің жіктелуі

Жіктелу категориясы зат есімнің категорияларына кірмейтіндігі ғылымда дәлелденген жағдай, сондықган төрт жалғаудың үшеуі (көптік, тәуелдік, септік жалғаулар) әдетте сөз табы жағынан зат есімге тән, зат есімнің түрлену жүйесі деп анықталады да, жіктік жалғау көбіне етістікпен байланысты сипатталады. Бірақ есім сөздердің, оның ішінде, зат есімнің жіктелетін түрлері бар және оларға жіктік жалғау тікелей жалғанады.

Есім сөздердің жіктелуі түркі тілдерінің өздеріне тән ерекшелігі болып табылады. Бұл жөнінде академиялық грамматикада түркі тілдерінің морфология жүйесінің өзге тілдерден, мысалы, еуропа тілдерінен басты бір ерекшелігі екендігі көрсетіліп, орыс тілімен салыстырып көрсетілген, яғни «орыс тілінде есім сөз баяндауыш қызметін атқару үшін ол сөйлем ішінде белгілі бір орын тәртібінің сақталуы немесе бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы грамматикалық дәнекердің болуы қажет. Ал, түркі тілдерінде есім сөздердің жіктелуі-оның баяндауыш болатындығының кепілі».

Мұны С. Исаев жіктік жалғау ауқымының кеңдігімен әрі жіктік жалғаудың предикаттық мәні мен сөйлемді тиянақтап, аяқтап тұру қасиетімен байланыстырып, «предикат қызметін тек етістіктер ғана емес, есімдер де атқара алады» - дейді.

Зат есімнің ішінде адам, кісі аттары, мамандық, туыстық атаулары жіктеледі. Зат есімге жіктік жалғауының толық түрі жалғанады. Мысалы,

Жекеше:	**Көпше:**
Мен дәрігермін	Біздер дәрігер(лер)-міз
Сен дәрігерсің	Сендер дәрігер(лер)-сің-дер
Сіз дәрігерсіз	Сіздер дәрігер(лер)-сіз-дер
Ол дәрігер	Олар дәрігер(лер)

Сонымен, жіктелетін зат есім көбінесе субъекті білдіретін сөз болуы тиіс екен. Бірақ «тура мағынасы субъектіні білдіру болмаса да, қолданылу ыңғайына қарай субъектілік мәнге ие болған зат есімдердің өзге топтарының да жіктелетін кездері болады». Зат есімнің осылайша ауыспалы мағынасында субъектіні білдіруінің ғылымда дәлелденген бірнеше жолдары бар:

-нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануарлардың атын білдіретін зат есімдерді сөйлеуші яки жазушы белгілі мақсатпен адам кейпіндегі бейне ретінде қолданылатын кездері болады. Сондай кезде тіршілік иесінің атын білдіретін сөздер субъект ретінде ұғынылып, тікелей субъектіні білдіретін зат есімдерше түрленеді. Мысалы, *біздер, қазақтар, бауырмал халықпыз.*

-белгілі бір субъектіні білдіретін ұғымның теңеуі, салыстырмалы баламасы ретінде бейнелі түрде жүмсалған зат есімдер де жіктеледі. Мысалы, Сәлем саған, қара көз, Сен - бір **алтын,** мен - бір жез (М. Мақатаев).

-тіліміздe кейде мекендік мәнді бірқатар зат есімдерде де оларға жатыс, шығыс септіктің қосымшасы жалғанған кезде жіктелгіштік қасиет пайда болды. Мұндай зат есімдер сөйлемде көбіне субъектінің мекенін, отырған орнын, қайдан, қай жерден

шыққандығын білдіреді. Мысалы, *Біз Алматыданбыз, сіздер қай қаладансыздар?*

Жіктік жалғауының тағы бір ерекшелігі - қосымшалар қабаттаса қолданылғанда, зат есімнің сөз түрлендіруші қосымшаларынан соң ғана жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы, *үй-лер-іміз-де-міз.*

Зат есімнің синтаксистік қызметі

Сөздерді таптастырудың үшінші ұстанымына сәйкес зат есім сөйлемде белгілі синтаксистік қызмет атқарады. Сондықтан оқулықтарда зат есімнің синтаксистік сипаты өз алдына сөз болып, зат есімнің сөйлемнің барлық мүшелері де бола алатындығы көрсетіліп келеді.

Семантикалық жағынан негізінен заттық ұғымды білдіретіндіктен, зат есімнің ең негізгі және ең басты қызметі - бастауыш пен толықтауыш болу. Мысалы, Ат-адамның қанаты, Ас-адамның қуаты. **Күн** жаңа ғана көтеріліп келеді. **Дөң** басы қазіргі уақытта өзгеше көңілді (М.Әуезов). Еңбек **ерлікке** жеткізеді, Ерлік елдікке жеткізеді. Күйші қарт домбырасын екпіндете шертті (Ә.Сәрсенбаев).

Осы сөйлемдердегі *ат, ас, күн, дөң басы* зат есімнен жасалған бастауыштар да, *ерлікке, елдікке,* домбыран-толықтауыштар.

Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде келіп, мекендік, мезгілдік мағыналарды білдіріп, пысықтауыш болады. Мысалы, Төреші жап-жас қазақ балуаны. Мұқанды **күрес алаңына** алып жүрді (М. Тәнекеев). Күзде аянбай еңбек етсең, қыста қысылмайсың (Ә.Табылдиев).

Зат есім анықталатын сөздің алдында келіп, анықтауыш та болады. Мысалы, **Факультеттің** студенттері жазғы сессияны ойдағыдай тапсырды.

Жіктік тұлғалы, сондай-ақ 3-жақ нөлдік формалы зат есімдер сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы, Мен баласы даланың, Кең далама тартып туған баламын (М.Әлімбаев).

Қуат алған өзінен, Туған елдің **ұлымын.**

Бақытты етіп өсірген Отанымның **гүлімін** (А.Сәрсенов).

Зат есім осылайша сөйлем құрамында келгенде негізгі қызметі бастауыш пен толықтауыш болғанмен, анықтауыш,

пысықтауыш, баяндауыш қызметінде де жұмсалады. Зат есімнің синтаксистік қызметі соңғы кезге дейін осы тұрғыда сипатталып келді.

Қазақ тіл білімі де басқа ғылым салалары секілді жетіліп, жаңа белесте ғылыми табыстарға ие болуда. Сондай белестің бірі - сөз тіркесі синтаксисі синтаксистің дербес саласы болып оқытылуы. Осымен байланысты 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында» зат есімнің синтаксистік қызметін сипаттағанда оның сөз тіркесіне қатысы да ескерілген. Сондықтан академиялық грамматикада сөз тіркесінің басыңқы сыңарының қандай сөз табынан жасалатындығына қарай есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі болып екі топқа бөлінетіндігі айтыла келіп, сөз тіркесінің осы екі тобының екеуіне де ортақтығы бар сөз табының бірі - зат есім екендігі нақты тілдік мысалдармен дәлелденген. Бұдан зат есімнің сөз тіркесі құрамында да синтаксистік қызмет атқаратындығы байқалады. Бұл ерекшелік грамматикада нақты мысалдармен көрсетілген:

- меңгеріле, матаса байланысқан есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары болады. Мысалы, *алтынсақа, білгенге маржан, Омардың ұлы.*

- етістікті сөз тіркесінің құрамында келген зат есімдер негізінен меңгеріле байланысқан тіркесінің бағыныңқы сыңарының қызметін атқарады. Мысалы, *базарға кетті, базарды аралады, базарда жүр т.б.*

Зат есімдердің морфологиялық сипаты сөз болғанда, біріншіден зат есімдердің құрылымы туралы, екіншіден, зат есімдердің жасалу тәсілі туралы, үшіншіден, зат есімдердің түрлену жүйесі туралы мәселелер қолданады.

Зат есімдер құрлымы жағынан жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді. Жалаң зат есімдер деп құрамында бір ғана негізгі түбір бар зат есім сөздерді айтамыз. Жалаң зат есімдер екі салаға бөлінеді: түбір зат есімдер, туынды зат есімдер.

Түбір зат есімдер деп қазіргі кезде тиісті морфемаға бөлшектенбейтін, тек бір ғана түбір морфема ретінде қабылданатын заттық атауларды айтамыз: қол, қалам, терезе. Мұндай тұлғалы зат есімдер .

Туынды зат есімдер деп қазіргі кезде түбір және қосымша морфемаға бөлшектенетін, яғни түбір сөзден жұрнақ арқылы жасалған заттық атауларды айтамыз. Мысалы: етікші, шаруашылық, дәрігер, қуырдақ.

Күрделі зат есімдер деп кемінде екі не одан да көп түбір морфемадан құралған формаларды айтамыз. Ондай зат есімдер қазіргі қазақ тілінде 4 түрлі. Олар:

- Біріккен зат есімдер.
- Қосарланған зат есімдер.
- Құрама зат есімдер.
- Қысқарған зат есімдер.

Зат есімдер лексикалық морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық) тәсілдер арқылы жасалады.

1.Лексикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге байырғы зат есімдер, басқа тәсілдерден енген зат есімдер, бастапқы семантикалық мағынасы не кеңею, не тарылу , не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер мен өзге сөз таптарынан субстантивтену арқылы пайда болған зат есімдер жатады. Мысалы:

2.Синтаксистік немесе аналитикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге кемі екі не онан да көп түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқарып құралуы, арқылы және лексикалану негізінде пайда болған күрделі зат есімдер жатады.

Біріккен зат есімдерге кемінде екі түбір морфемадан бірігуі арқылы жасалған зат есімдер жатады. Мысалы: белбеу, қайнаға, өнеркәсіп, болауыз, қолқанат, т.б.

Қосарланған зат есімдерге екі түбір морфемадан қосарланып жасалған зат есімдер жатады. Мысалы: ата-ана, ел-жұрт, ас-су, ұрыс-керіс,т.б.

Қосарланған зат есімдер сыңарларының мағыналық ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтарға бөлінеді.

Дербес алғанда екі сыңарының да мағынасы бар қос сөздер. Мысалы: ыдыс-аяқ, тамыр-таныс, қойны-қоныш.

Бір сыңарының мәні бар, бір сыңарының мәні жоқ қос сөздер. Мысалы: жүн-жұрқа, тері-термек.

Соңғы сыңары бірінші сыңарының еліктеуі түрінде айтылатын.

3.Тіркескен құрама зат есімдер деп кемінде екі я одан да көп түбір сөздерден әр қилы жолмен тіркесу арқылы жасалған зат есімдер жатады. Мысалы: ауыл шаруашылығы сары май, ақ жылан, асық жілік, аяқ киім, қайын ене, мал қора, т.б. Мұндай зат есімдер жеке сөз тәрізді белгілі-бір ғана мағынаның көрсеткіші ретінде айтылады.

4.Қысқарған зат есімдерге бірнеше сөзден құралып қысқарған зат есімдер жатады. Мысалы: АҚШ, ТМД, ҚазМУ, БҰҰ, ұжымшар, кеңшар,т.б.

3.Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге зат есімнің өзінен өзге сөз таптарынан тиісті жұрнақтар арқылы туған туынды зат есімдер жатады. Мысалы: атшы, басшы, атшылық, басшылық, жақсылық, үлкендік, егін, егінші, сауын, сауыншы, т.б. Зат есім тудыратын жұрнақтардың бір саласы өздері жалғанған сөздердің лексикалық мағыналарының үстіне қосымша семантикалық реңдер ғана жамайды. Ал ондай қосымша реңдер үлкен құрметтеу, сыйлау, кішірейту, еркелету тәрізді алуан түрлі мән-райларды білдіреді. Мысалы: қақпақша, әкей, шешей,т.б.

Зат есім жасайтын жұрнақтар қызметіне қарай зат есім тудыратын жұрнақтар, етістіктерден есім жасайтын жұрнақтар деп 2-ге бөлінеді.

Есімдерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар.

Олардың басты-бастылары мыналар:

–шы, -ші. Бұл жұрнақ есім түбірлер мен етістіктің туынды түбірлеріне жалғанып, адамның кәсібін, мамандығын қабілетін білдіретін зат есімдер жасайды. Мысалы: етікші, сауыншы, тыңшы, үгітші.

–шылық, -шілік. Бұл құранды жұрнақ абстракциялық мағынадағы түрлі туынды зат есімдер жасайды. Мысалы: тоқшылық, баршылық, кемшілік, т.б.

–лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, жұрнағы арқылы нақтылы және дерексіз зат атаулары мекендік мағыналы есімдер мен есептік сан есімдерден қатысты заттық ұғым атаулары жасалады. Мысалы: достық, өткірлік, тұздық, кісілік, бірлік, екілік, т.б. жұрнағы еліктеу сөздерге қосылып, туынды зат есім жасайды.

–ыл, -іл, -л, қаңқыл, дүрсіл, мыңқыл, гүріл т.б.

–кер, -гер, жұрнағы арқылы туған сөздер іс-әрекет иесінің атауы ретінде, адамзат есебінде қызмет атқарады. Мысалы. Айлакер, қызметкер, дәрігер.

Есімдерден зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар.

–дақ, -дек, -лақ, -лек, -тақ, -тек. Мысалы: құмдақ, саздақ, тайлақ, торсылдақ.

–пеш, -паз, -қор, -қой, -хана, -стан. Қазақ тіліне иран тілінен ауысқан бұл жұрнақтар қазақ тілінің үндестік заңына бағынбай, өздерінің алғашқы формаларын сақтап отырады. Мысалы, арбакеш, өнерпаз, жемқор, шайхана, Қазақстан, т.б.

Бірді-екі есімдерде ғана кездесетін мағынасы бір-біріне жақын бірақ түрлері басқа-басқа –т, -ат, -іт, -айт, -ейт, -паң, -қал тәрізді өлі формалар. Мысалы: қырат, сызат, шөлейт, шатқал, суат. Сияқты сөздер жасайды.

Етістіктерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар.

–ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, ілме, сүзбе, боспа, сілтеме, шығарма.

–м, -ым, -ім, алып, білім, сенім, төзім.

–қы, -кі, -ғы, -гі, бұрғы, сүзгі, қондырғы.

–ыс, -іс, -с, ұрыс, айтыс, сөгіс, егіс.

–у, -асу, қатау.

–қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек, тарақ, күрек, тілек.

–ынды, -інді, -нды, -нді, жуынды, шайынды, үгінді, қорытынды.

–ғыш, -гіш, -қыш, -кіш, сүзгіш, сыпырғыш, сызғыш, басқыш.

–уыш, -уіш, елеуіш, түйреуіш, баяндауыш.

Етістіктерден зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар.

–мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек, ілмек, піспек, шақпақ, сырмақ.

–сын, -сін, барасын, бөгесін, бұрқасын.

–мал, -мел, орамал, тасымал, саумал.

–ыр, -ір, -р, -ар, -ер, үңгір, шүңқыр, түйір, жанар.

–ыт, -іт, -т, сарқыт, киіт, шабыт.

–қын, -кен, -ғын, -гін, қуғын, шалғын.

–ын, -ін, -н, боран, ағын, жауын, елін.

–шақ, -шек, келіншек, түйіншек, т.б.

Зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтар

Лексикалық мазмұны жағынан жаңа сөз тудырмай, сөздерге әр қиылы эмоциалық әсер экспрессивтік реңүстейтіндей қосымша семантикалық мағыналар ғана жамайтын жұрнақтар бар. Олар зат есімнің ішкі категориялық формалары, яғни зат есімнің реңк мән тудыратын жұрнақтар деп аталады.

Зат есімнің реңк мән тудыратын жұрнақтары жалпы есімдерді де, жалқы есімдерді де қамтиды. Реңк жұрнақтары еркелету я кішірейту, сыйлау я құрметтеу, ұлғайту я үлкейту, келемеждеу я мысқылдау тәрізді мәндерді білдіреді. Зат есімді реңк мәнін тудыратын жұрнақтар мыналар:

–еке, -қа, - ке жұрнақтары жалпы және жалқы есімдерге жағанып, сыйлау, құрметтеу, үлкен тұту сияқты мағыналық реңктер үстейді: ағеке, шешеке, апеке, атеке, мырзеке.

–й жұрнағы негізінде туыс атауларына жалғанып, оларға сыйлау, құрметтеу және үлкен тұту мағынасын қосады. Мысалы: апай, ағай, әпкей, тәтей.

–тай қосымшасы туыс атауларына жалғанып, оларға кішірейту, еркелету, ізет көрсету сияқты қосымша мағына үстейді. Мысалы: ағатай, әкетай, сәулетай, көкетай.

–жан жұрнағы көбіне адамзатқа қатысты бір алуан сөздерге және кісі аттарына жалғанады да, оларға әрі еркелету, әрі кішірейту реңкін жамайды. Мысалы: Абайжан, Ардақжан, ағажан, көкежан.

–қан, -ақан жұрнақтары өнісіз болғанымен, еркелету, кішірейту реңкін білдіру үшін бірсыпыра сөздерде қолданылады. Мысалы: бұзауқан, балақан, ботақан.

–қай, -кей балақай, шешекей.

–шақ, -шек келіншек, інішек, жұтқыншақ.

–шық, -шек бүркіш, бүркеншек.

–ша, -ше, балаша, балықша, көрпеше, кітапша.

–ш, сәулеш, Құрмаш, бикеш.

–сымақ, ақынсымақ, өзенсымақ, батырсымақ.

–шығаш, -шігеш, байшігеш, ершігеш.

–екеш, -егеш бұл жұрнақ категориясы реттінде қалыптасып кетпеген жұрнақ пен қосымша көмекші сөз категориясы

арасында тұрған форма. Бұл форма сөзбен тіркесіп оған қомсыну, менсінбеу кем тұту сияқты мағыналық рең жамайды. Мысалы: тас екеш таста өзгереді. Кен екеш кенге осындай тар адам болады екен- ау.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Зат есімнің зерттелу тарихы жайлы не білесіңдер?
2. Зат есімнің жалпы сипаттамасы
3. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты
4. Зат есімнің грамматикалық категорияларына жеке-жеке мәлімет беріңдер.
5. Зат есімнің синтаксистік қызметі қандай?
6. Зат есімнің жасалу жолдары мен тәсілдері жайлы мәлімет беріңдер.

СЫН ЕСІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Сын есім - өзіндік мағынасы, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар жеке сөз табы. Сын есім жеке сөз табы ретінде А.Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығында танылған. Оқулықта сын есімге - сөздің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есімдер деп аталады. Сын есімнің сұрауы: қандай? деген қысқаша анықтама берілген.

Ғалымның қазақ тілді пән ретінде үйретететін оқулығындағы жеке сөз табы ретінде танылған сын есім туралы пікір кейінгі еңбекгерде де жалғасын тапты. Қ.Жұбанов "Қазақ емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері" атты мақаласында заттың не істің сипат белгісін көрсететін, шырай үстеулері мен үстеуіштерін ертетін, зат есімге де, етістікке де анықтауыш бола алатын түбірді сын есім деп атаған. Кейінгі қазақ тіл білімінің жетілу, даму кезеңінде жарық көрген оқулықгарда сын есімге "заттың сапасын, сипатын қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін) және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы", "Сын есімнің табиғи қызметі ешбір өзгеріске түспей-ақ зат есіммен тіркесіп, заттың алуан түрлі қасиетін, сындық белгісін

білдіруі", - деген анықтамалар берілген. Олай болса, сын есім зат есімнің сын-сипатын білдіріп, зат есімді ғана анықтайды. Мысалы, терең көл, қатты ағаш, ұзын арқан, тұнық су, сұлу қыз, ақылды жігіт, биік тау т.б. Бірақ сын есім кейде етістікті де анықтайды Мысалы, Қайтып кірер есікті қатты серіппе. Жасы өзгелерден кішірек аласа бойлы, жұқа жүзді Айтқазы болыс, өзгенің бәрінен бұрын, Базаралымен жақсы амандасты (М.Әуезов). Осы сөйлемдердегі қатты, жақсы деген сөздер - сын есімдер. Олар сөйлемдердегі етістіктерге қатысты болып, олардың сындық сапасын айқындап, пысықтауыш қызметінде тұр. Бұл жөнінде проф. М.Балақаев еңбегінде анық айтылған: "Сын есімдердің етістіктермен тіркесуі сирек кездесетін құбылыс. Барлық сын есім етістікке тіркесе бермейді, барлық етістікке сын есім бірдей қатысты бола бермейді. Сын есімдер етістіктермен тіркескенде қимылға не күйге тән қасиетті, сапаны білдіреді. Сын есімді сөз тіркестерін құрайтын етістіктер сан жағынан көп емес тек кісінің (не заттың) ішкі сезімін, күйін, қабылдау қабілетін білдіретін сөйлеу, түсіну, оқу, жазу, секіру, ойнау сияқты және кейде қимылды, қозғалысты білдіретін кес, піш, байла, тура тәрізді сабақты етістіктер бірқатар сын есімдермен мағыналық байланысты бола алады", -дей келіп, бұл пікірін одан әрі "олардың (сын есімдер.Ж.Б.) лексикалық мағыналары етістіктердің мағыналарымен үйлесімді, солармен тіркесе алады", -деп нақтылаған, есім болса, аз ғана сын есімнің санаулы етістікпен тіркесіп келуі сын есімнің негізгі табиғи қызметін-зат есіммен тіркесіп, заттың алуан түрлі сындық белгісін білдіруден өзгертпейді.

Сондықтан да "Қазақ тілінің грамматикасында"(1967) "Бір қатар сын есімдердің зат есімдерді анықтаулармен бірге, етістікті де анықтап, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарып, үстеу ретінде қолданылуына қарап оларды бірде сын есім, бірде үстеуге жатқызуға болмайды, үстеу қызметінде жұмсала отырып, өз мағынасын жоймайды, яғни соның өзінде де сын есім болып тұрады", - деп көрсетілген.

Сын есімдерді басқа сөз табынан ерекшелейтін белгісі - бір түрлі сындық белгінің ақиқат өмірде түрлі дәрежеде болуын

білдіретін, оның шырай категориясы. Осы категорияны жан-жақты зерттеген Ғ.Мұсабаев. Ғалым бұл еңбегінде шырай категориясының зерттелуіне қысқаша сипаттама беріп, шырайлардың түрлері және олардың жасалу жолдарына тоқталған. Ал Ж.Шакенов қазақ тіліндегі сын есім категориясын жан-жақты қарастырған еңбек жазды. Ғалымның еңбегінде түркі тілдерінде сын есім категориясының XIX ғасырдан бастап зерттеле басталғандығы айтылған. Автор сын есім мәселесін алғаш сөз еткен проф. А.Казембек екендігін оның еңбектерінен үзінділер келтіре отырып дәлелдеген. Бұдан кейін А.К.Боровков, И.А.Батманов, Н.К.Дыренкова, А.Н.Кононов, А.Баскаков, Н.К.Дмитриев, М. Терентьев, П.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский секілді түркологтар еңбектеріндегі сын есімге қатысты пікірлерге талдау жасаған. Сондай-ақ қазақ тіл біліміндегі сын есім мәселесіне байланысты көзқарастарға тоқтала келіп, автордың бұл еңбекті жазудағы негізгі мақсаты - "сын есім мәселесінде айтылатан бұрын-соңды пікірлерді қамти отырып, бүтіндей қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясын белгілі жүйеге түсіріп айтып беру" болған. Ғалым осы мақсатына сай сын есімнің түркологияда, қазақ тіл білімінде зерттелуіне шолу жасай отырып, сын есімнің мағыналық түрлеріне, шырайларына және олардың жасалу жолдарына, сын есімнің тұлғасына және құрылысына қарай бөлінуіне, сын есімнің сөйлемдегі қызметі, сын есімнің зат есім, етістік, үстеумен байланысы, сын есімнің қызметінде жұмсалатын тұрақты сөз тіркестерін де қамти отырып, белгілі бір жүйеде сипаттаған.

Сын есімнің жалпы сипаттамасы

Тіліміздегі заттың түрлі сындық белгілерін, салмағын, сапасын, сипатын, түсін, түрін, көлемін, аумағын сан алуан қасиеттерін білдіретін сөздер үлкен бір топ құрайды. Осы топқа жататын сөздердің лексикалық мағыналарының жалпылануы, абстракциялануы нәтижесінде оларда заттың сындық белгісін білдіретін жалпы грамматикалық мағына пайда болады. Заттың сындық белгісін байқататын жалпы грамматикалық мағына сын есім деген жеке сөз табын тануға мүмкіндік береді. Сондықтан ғылымдағы сөздерді таптасты-

рудың бірінші белгісіне, яғни семантикалық ұстанымға сәйкес - "сын есім неше алуан сыр-сипатпен байланысты ұғымдарды білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы әрі зат есімнен кейінгі есесі де, еншісі де мол сөз табы" болып табылады.

Сөз таптарының морфологиялық сипатын сөз еткенде, алдымен олардың құрылымы, екінші жасалу тәсілі, одан соң түрлену жүйесі ескерілуі керек. Осы тұрғыдан келгенде сын есім құрылымы жағынан жалаң және күрделі болып бөлінеді. Ал жалаң сын есімдер өз ішінде негізгі сын есімдер және туынды сын есімдер болып бөлінсе, күрделі сын есімдер біріккен, қосарланған, тіркескен сын есімдер болып бөлінеді.

Сын есімдер морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық), морфологиялық-синтаксистік (семантикалық) тәсілдер арқылы жасалады. бірақ бұл мәселе сөзжасамда қаралатындықтан, бұған тоқталмаймыз.

Сөздерді топтарға бөлгенде олардың грамматикалық сипатын ашатын белгілердің бірі ретінде сөздердің түрлену жүйесі де ескеріледі. Мысалы, зат есім өзінің көптелу, тәуелдену, септелу жүйелері арқылы басқа сөз таптарынан ажыратылады. Бірақ сын есімде мұндай түрлену жүйесі жоқ, яғни сын есім өзінің негізгі қызметіне сай зат есімге тіркесіп, оны анықтағанда, ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Сондықтан сын есім түрленбейтін сөз табына жатады. Сын есімнің тұлғалық өзгеріске түспеуі, түрленбеуі сөздерді таптастырудың морфологиялық ұстанымына байланысты белгісі болып есептеледі, өйткені "түрлену жүйесіне (немесе оған қарама-қайшы түрленбеуге) негізделген категориялық грамматикалық мағына жүйесі мен грамматикалық категорияларының болу-болмауы сөздерді таптастырудың екінші негізгі (морфологиялық) принципі. "Бірақ сын есімде басқа сөз таптарында кездеспейтін шырай категориясы бар.

Ғылымда қалыптасқан қағида бойынша жеке сөз табы болатын сөздер сөйлемде белгілі қызмет атқарып, басқа сөздермен байланысқа түседі. Осы тұрғыдан келгенде сын есім зат есімдермен тіркесіп, сөйлемде анықтауыш қызметін

атқарады. Олай болса сын есімнің белгілі сөйлем мүшесі бола алу қабілеті - оның синтаксистік ұстанымға сай белгісі.

Сын есімнің семантикалық топтары

Өмірдегі заттардың сындық белгілері өте көп, қасиеттері де сан алуан. Сонымен байланысты сын есімдер заттың әр алуан сыр-сипаттары мен белгілерін тікелей де, басқа заттардың қатыстары арқылы да білдіреді. Сол себепті сын есімдер семантикалық жағынан үлкен екі топқа бөлінеді: 1) сапалық сын есімдер; 2) қатыстық сын есімдер.

Сын есімдерді мағыналық жағынан осылай екі топқа бөлу-ертеден келе жатқан дәстүр. Мысалы, А.Байтұрсыновтың Тіл-құрал" оқулығының 1915 жылы шыққан 2-бөлімінде сын есімдерді тек сыны, сыр сыны деп екіге бөлген және ғалым бұлардың әрқайсысына сипаттама берген. "Тек сыны нәрсенің тегін көрсетеді," - дей келіп, оған ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік т.б. мысалдарды келтірген.

Ал "Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін яғни түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді", -деп, биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік, арық, семіз, қызыл, көк секілді мысалдармен көрсетілген. Әрине тек сынына келтірілген мысалдарда түбір күйіндегі екі зат есім бір-бірімен тіркесіп келіп, бірін-бірі анықтап тұр, яғни аяқтың ағаштан, қасықтың күмістен, жүзіктің алтыннан жасалғанын білдіріп, анықтауыштық қызметте тұр, бірақ олар (ағаш, күміс, алтын) сын есім емес, сөз табы жағынан зат есім сөздер екендігі кейінгі ғалымдар еңбектерінде дәлелденген жайт

Ал сыр сынына берілген анықтама, мысалдары қазіргі оқулықтардағы сын есімнің сапалық деген мағыналық тобына келеді, сондықтан ғалымның сын есімдерді осылай топтап атауының үлкен мәні бар.

Сын есімнің шырай категориясын арнайы зерттеген (1951) және 1957 жылғы академиялық грамматикада "Сын есім" тақырыбын жазған Ғ.Мұсабаев сын есімдерді сапалық және қатыстық сын есімдер деп екіге бөлген.

Сапалық сын есімдер

Сапалық сын есімдер, оқулықтарда көрсетіліп жүргендей, мағынасы жағынан заттың түрі мен түсін(ақ, қара, қызық, көк,

сұр т.б.), сыры мен сапасын (жақсы, жаман, тәуір, нашар т.б.), көлемі мен аумағын (үлкен, кіші, ауыр, жеңіл т.б.), дәмі мен иісін (ащы, тәтті, күлімсі т.б.) білдіреді.

Сапалық сын есімдер негізінен қосымшасыз тұрып, өзінің семантикалық жағынан тікелей заттың сынын білдіретін түбір сөздер ретінде қарастырылады. Мысалы, ақ, көк, сары, жақсы, биік т.б. секілді сын есімдер түбір сөздер, бірақ сапалық сын есімдерді қосымшасыз негізгі түбірлер дегенді шартты түрде ғана алып, белгілі бір кезең, қапыптасқан дәстүр турғысынан қарамау жөнінде грамматикаларда ескертілген. Осы пікірді проф. А.Ысқақов та жалғастырып, сапалық сын есімдерге түбір сөздерді жатқызу салты бар екендігіне тоқтала келіп, "бірақ бұл қағиданы үнемі тапжылмайтын қағида деп қарамау керек, өйткені қазіргі кезде түбір сөз сияқтанып көрінетін көптеген формалар тарихи даму тұрғысынан қарағанда, тиісті қосымшалар арқылы басқа тәсілдер бойынша жасалған туынды сөздер болып келеді. Мысалы, үзын, үлкен, қызыл, ащы, тұщы, момын, ашық, жабық, жалпақ сияқты сапалық (негізгі) сын есімдердің бәрі де ертеректе туынды сөздер болған, демек, олар ұзақ, үлкейген, қызгылт, ашыған, тұщыды, жабылды, жалпайған сөздерімен түбірлес болған" – дейді.

Бірақ ғалым келтіріп отырған сын есімдер тарихи жағынан түбір сөздер болғанымен, сапалық сын есімдер қатарына жатады, өйткені оларда сапалық сын есімдерге тән белгілер бар. Ал сапалық сындардың ерекшеліктері мыналар: біріншіден, сапалық сындарға тән сөздердің бәріне де ұлғайту, кішірейту жұрнақтары және сынның әрқилы реңін білдіретін шырай категориясының жұрнақтары қосылады, екіншіден, оларға сындық белгіні күшейте я өсіре түсу үшін қолданатын үстеме буындар жалғанады, үшіншіден, олар семантикалық ерекшелігіне қарай атрибуттық (жақсы оқушы), адвербиалдық (жақсы оқиды) қызмет атқарады. Сонымен бірге, заттың сапалық белгісі өзінің бастапқы қалпын үнемі сақтап тұрмайтын ерекшелігі де айтылып жүр. "Мысалы, жаңа дәптер, қызыл орамал десек, мұндағы анықталушы зат есімдер (дәптер орамал) осы қалпында тұра бермей, пайдалану

барысында сындық сипатын өзгертеді (ескі дәптер, қызғылт орамал)".

Қатыстық сын есімдер

Сын есімнің мағыналық топтарының бірі - қатыстық сын есімдер туралы грамматикаларда "қатыстық сын есімдер өздері жасалған түбір сөздің мағынасымен сыбайлас келіп, сол белгілі бір заттың белгісін басқа бір заттың, істің қатысы арқылы білдіреді", "бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-қимылдың қатысы арқылы білдіретін сөздер", "бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіретін сөздер", - деген анықтамалар берілген. Мысалы, жауынды күз, білімді студент, сулы жер, малды ауыл, күзгі жем, көршілес ауыл, қатулы қабақ, үюлі шөп т.б.

Осы мысалдардағы жауынды, білімді, сулы, үкілі, малды, күзгі, көршілес, қатулы, үюлі сөздері - қатыстық сын есімдер.

Қатыстық сын есімдер морфемдік құрамы жағынан - негізгі және көмекші морфемалардан тұрады, яғни "әр түрлі жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан жасалатын туынды сөздер болады". Мысалы, оюлы (текемет), тастақ (жер), қарлы (қыс) т.б. секілді туынды сын есімдердің мағыналары өздерінің түбірі болып тұрған-ою, тас, қар сөздерімен тығыз байланысты, өйткені оюы жоқ текемет оюлы, тасы жоқ жер тастақ, қар жаумаған қыс қарлы деп айтылмаған болар еді, ал оларға жалғанған -лы, -тақ, -лы жұрнақтары текеметте, жерде, қыста сол белгілердің бар екенін көрсетіп тұр.

Олай болса, қатыстық сын есімдердің құрамындағы негізгі морфема мен қосымша морфеманың әрқайсысы өзіндік қызмет атқарады.

Қатыстық сын есімдер негізінен есімдер мен етістіктерден жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы, қамысты, шилі, пайдалы, намысқор, күлдіргі, тапқыш, береген т.б. Осы қатыстық сын есімдер қамыс, ши, пәйда, намыс есім сөздеріне -ты,-лі,-лы,-қор журнақтары жалғану арқылы, ал күлдір, тап, бер етістіктерінен -гі, -қыш, -еген жұрнақтары арқылы жасалған. Мұндай есімдерден және етістіктерден қатыстық сын есім жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар өте көп. Ол

жұрнақтар проф. Н.Оралбайдың "Қазақ тілінің сөзжасамы" атты оқулығында кеңінен талданған.

Осылайша, "сөзжасам қосымшалары зат атауын білдіретін немесе есім мәнді және қимылды білдіретін сөздерге жалғанып, сол сөздің мағынасына қатысты ол ұғымдардың бар, я жоқ, соған бейімділік, мекендік т.б. тәрізді сөзжасамдық мағына тудырады да, ол екінші бір затқа қатысы болу арқылы қатыстықсын есім болады”

Қатыстық сын есімнің, еңбектерде көрсетіліп жүрген тағы бір ерекшелігі олар сын есімнің шырай қосымшаларымен түрленбейді. Ал егер сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған сын есімдер шырай тұлғалары арқылы түрленетін болса, онда олар сапалық сын есімдерге ауысқан сөздер болып есептеледі. Мысалы, білгір - білгір-білгір, өте білгір, икемді - икемдірек, икемділеу, іп-икемді, өте икемді т.б. Бұл ерекшелікке соңғы зерттеулерде де көңіл бөлініп жүр. Қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдердің семантикалық және стильдік сипатын қарастырған Р.Сыздықова өз зерттеуінде осы мәселені де қамтыған. Автор сапалық сын есімге ауысқан қатыстық сын есімдерді толық және жартылай ауысқан деп екіге беліп, толық түбегейлі түрде ауысқан қатыстық сын есімдерде сапалық мән үстем болатындығын, ал жартылай ауысқан қатыстық сын есімдер бірде қатыстық, бірде сапалық мәнде қолданылатындығын мысалдармен дәлелдеген.

Сын есімнің морфологиялық құрылымы

Сын есімдер морфемалық құрамдарына қарай негізгі және туынды сын есім (Ғ.Мұсабаев), жалаң сын есімдер және күрделі сын есімдер (А.Ысқақов), тұлғасына қарай - негізгі және туынды, құрылысына қарай дара және күрделі(Ж.Шәкенов), негізгі түбір, туынды түбір, біріккен, қосарлы, тіркесті сын есімдер (С.Исаев) болып бөлініп жүр. "Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы" бағдарламасында (2004), А.Ысқақов үлгісі бойынша сын есімдер құрылымына қарай жалаң (негізгі, туынды түбір) және күрделі болып бөлінген. Біз осы бағдарламаны басшылыққа алдық.

Морфемдік құрылымына қарай жалаң деп есептелетін сын есімдер өз ішінде негізгі және туынды болып бөлінеді.

Негізгі сын есімдер бөлшектеуге келмейтін бір түбір морфемадан тұратын сөздер. Мысалы, үлкен, биік, тар, кең секілді сын есімдер - одан әрі морфемаларға бөлшектенбейтін түбір сөздер есебінде қабылданып, ежелден келе жатқан негізгі сын есімдер. Алайда сын есімдерді осылайша жіктеудің шартты нәрсе екенін, олардың құрамында да тарихи - этимологиялық тұрғыдан туынды түбір болатын, негізгі түбірі қосымшаларымен арасы ажырамастай кіргіп кеткендері де кездесетіндігі оқулықтарда айтылып жүр. Мысалы, тұнық, сұйық, жазық, секілді сын есімдер бастапқы тұн, сұйы, жаз етістіктерінен жасалған.

Жалаң сын есімдердің көпшілігі "түбірлер мен жұрнақтарға мүшеленетін туынды сөздер есебінде қабылданып, белгілі қосымшалар арқылы жасалған туынды сын есімдер". Мысалы, әдепті, байыпты, сөзшең, ұтымтал, жеңілтек, жинақы, сенгіш, ширақ т.б. секілді сын есімдер түбірге жұрнақтар (-ті,-ты,-шең,-тал,-тек,-қы,-гіш,-қ) жалғану арқылы жасалған.

Тіліміздегі заттың белгісін білдіретін сын есімдер үнемі негізгі, туынды түбір бола бермейді, кейде олар екі немесе одан да көп сөзден құралып, сындық белгіні білдіреді. Мысалы, шунақ (қызыл аяз), бұлаң түлкі (мінез), қызыл ала (көйлек), кедір-бұдыр (жер) т.б. Осындай екі не одан да көп сөздерден құралып, бір сындық ұғымды, белгіні білдіретін сын есімдер күрделі сындар болатындығы ғылымда дәлелденген жағдай. "Күрделі сын есімдер" деген атау ғалымдар А.Ысқақов пен К.Ахановтың авторлығымен шыққан мектеп грамматикасынан (1952) бастап айналымға түсіп, содан бері оқулықтарда қолданылып келеді. Күрделі сындарға тән ерекшелік ол қаншама сыңарлардан құрылса да бір белгіні білдіретін бір сөз, бір лексема болып саналады, бір сөздің қызметін атқарады, сөйлемде бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір мүшесі болады. Мысалы, Байжандар келгенде қызыл көк ат ерттеулі тұр еді (Ғ.Мүсірепов). Есболаттан жалғыз көзді, ұзын селдір қара сақалды, жал тұмсық, жар қабақ, ержүзді Оразбай отыр (М.Әуезов). Осы сөйлемдердегі қызыл көк, жалғыз көзді, ұзын селдір қара сақалды, жал

тұмсық, жар қабақ, ер жүзді деген күрделі сын есімдер ат, Оразбай деген зат есімдерді анықтап, сөйлемнің анықтауыш мүшесі болып тұр.

Оның үстіне "күрделі сындар біртұтас сөз болғандықтан, олардың құрамындағы сыңарлардың орны тұрақты және олардың орнын ауыстыруға болмайды", яғни күрделі сындардың мағыналары сыңарларының белгілі бір тәртіпте тұруы арқылы жасалады. Мысалы, ұзын бойлы адам, қалың қамысты көл дегендегі күрделі сын есімдердің орнын ауыстырып, бойлы ұзын адам, қамысты қалың көл деуге болмайды.

А.Ысқақов "күрделі сын есімдер негізгі сындардан да, туынды сындардан да, олардың өзді-өзінің де, өзге сөздермен де тіркесуі, қайталануы, қосарлануы, әредік бірігуі аркылы жасалып, бір бүтін күрделі тұлға ретінде қызмет етеді" - дей келіп, күрделі сындардың тілдегі жасалуының бірнеше үлгісін (моделін берген).

Солардың негізгілері мынадай:

- сапалық (негізгі) сын есімдер бірімен-бірі тіркеседі. Бұл топқа қара сары ала, торы ала, шұбар ала, қызыл ала деген үлгі бойынша жасалатын, демек алғашқы компоненті ауысып, соңғы компоненті өзгермей тіркесетін сындар да, қара көк, қара кер деген үлгі бойынша, демек алғашқы компоненті ауыспай, соңғы компоненті ауысып жасалатын екі компонентті күрделі сындар да, ал қара көк, ал қара кер тәрізді үш компонентті күрделі сын есімдер де жатады.

- бірыңғай я негізгі (сапалық), я туынды (қатыстық) сындар не қайталанәды, не қосарланады. Мысалы, кішкене-кішкене, аппақ-аппақ, үлкенді-кішілі т.б.

- негізгі сын мен -лы(-лі) формалы туынды сын есім тіркеседі. Мысалы, кең маңдайлы, қызыл шырайлыг.б.

- зат есім, сан есім, есімдік, есімше формалар мен -лы(-лі) формалы туынды сын есім тіркеседі. Мысалы, алтын баулы, төрт бұрышты, түк пайдасыз іс, қажымас қажырлы т.б.

Н.Оралбай оқулығында да күрделі сындар 1) біріккен, 2) қосарланған, 3) тіркескен күрделі сындар деп бөлініп, біріккен күрделі сындардың онша көп емес екендігі, оларға көнетоз,

көнтері, тілалғыш, есерсоқ, біртоға, алаңғасар, аласабыр, бұратана, кемтар, кертартпа, қонақжай, жарымжан, балажән, қарапайым, кеудемсоқ, ішқұста (ашу), етженді, кірпияз, етекбасты (мінез) секілді сөздер жататындығы көрсетілген .

Сонымен бірге екі және үш құрамды күрделі сындардың жасалу үлгілері жүйелі түрде берілген. Екі құрамды күрделі сындардың жасалу үлгілері:

1.Сапа сыны+сапа сыны(қызы лала, қара көк т.б.)

2.Қатыстық сын+сапа сыны (сыбызғыдай нәзік т.б.)

З.Зат есім+қатыстық сын (күміс қоңыраулы т.б.)

4.Қатыстық сын+ қатыстық сын (сәнді киімді т.б.)

б.Сан есім+қатыстық сын (сегіз қанатты т.б.)

б.Етістік+қатыстық сын (піскен алмадай т.б.)

Үш құрамды күрделі сындардың жасалуы

1 дара сын+күрделі сын (сұлу жіңішке белді т.б.)

2.күрделі сын+дара сын (қызыл ала көйлекті т.б.)

Осы үлгілерден тіркесті күрделі сындардың тілде өте жиі қолданылатындығын байқауға болады. Бірақ бұл сын есімдердің өзіне тән ерекшеліктері соңғы кезде ғана зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырылды. Г.Мамаеваның "Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесті күрделі сын есім сөздер" деген диссертациялық еңбегінде тіркесті күрделі сындардың мағына тұтастығы мен оның күрделі ұғымды білдіретіндігі, олардың құрамы анықталып, сапалық сыны мен қатыстық сынның негізінде жасалған тіркесті күрделі сындардың ерекшеліктері жан-жақты сипатталған.

Сондай-ақ Р.Сыздықова өз зерттеуінде қосарлану тәсілімен жасалған қатыстық сын есімдердің күрделі түрлерін жасалу жолына және семантикалық сипатына қарай былай топтастырған:

Жасалу жолына қарай: 1.Бірыңғай аффикстер арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің қайталануы; көлемді-көлемді, бармақтай-бармақтай т.с.с. 2. Бірыңғай аффикстер арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің қосарлануы; ащылы-тұщылы, әлді-малды т.с.с. Әр түрлі аффикстер арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің қосарлануы: сулы-сусыз, ғылыми-әдістемелік, т.с.с. 1. Семантикалық сипатына қарай: 1.

Өзара мәндес қатыстықсын есімдер: даусыз-талассыз, күшті-қуатты, т.с.с. 2. Үштас мәндес қатыстық сын есімдер: ерлі-зайыпты, аталы-бабалы, т.с.с. 3. Қарама-қарсы мәндес қатыстық сын есімдер: ашпалы-жаппалы, ұзынды-қысқапы, т.с.с. 4. Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қатыстық сын есімдер: үйлі-баранды, қоралы-қолсылы, т.с.с. 5. Болымды-болымсыз мағыналы қатыстық сын есімдер: таулы-тассыз, сулы-сусыз, т.с.с. Сөйтіп, күрделі сындар ең кемі екі сөзден құралып, ішкі құрамы түрліше үлгіде жасалады.

Сын есімнің шырай категориясы

Сын есімнің ғылымда танылған бір-ақ категориясы бар. Ол сын есімнің шырай категориясы. Шырай категориясы бір түрлі сындық белгінің ақиқат өмірде түрлі дәрежеде болуын білдіреді. Мысалы, биігірек, биіктеу, өте биік, біп-биік дегенде биік деген негізгі мағына сақталады, тек қана реңк қосылып, біркелкі сынның әртүрлі дәрежеде көрінуі байқалады. Сондықтан "заттың белгісі я сипаты (түрі, түсі, сапасы, көлемі, аумағы, салмағы, сыры т.б.) біркелкі болмай, рең жағынан әр түрлі дәрежеде болатынын, демек, сипатының я белгінің бір затта артық, бір затта кем болатынын білдіретін сын есім формалары шырай формалары" деп аталады.

Олай болса, бір түрлі белгінің өзінде әр алуан рең болуы шырай категориясының мағыналық құрамының түрлілігін көрсетеді. Бұл түрлі реңктік белгі көрсеткіштер арқылы көрініс табады.

Бірақ сын есімнің барлығы бірдей шырай тұлғасымен түрленбейді, яғни кез-келген сын есімге шырай тұлғалары жалғанбайды. Оқулықтарда көрсетіліп жүргендей, сын есімнің шырай тұлғалары сапалық сын есімдерге жалғанады. Тіптен сапалық сын есімдерге де шырай жұрнақтарының бәрі бірдей жалғана бермейді. Мысалы, "көк" деген сын есімге "шіл" жұрнағын қосып, "көкшіл" деп, шырай мағынасы жасалса, "жасыл"деген сөзге "шыл" жұрнағын қосып, "жасылшыл" деуге болмайды. Немесе сарғыш дегендегі ғыш жұрнағы қызыл, көк, жасыл сын есімдеріне қосылмайды. Олай болса, шырай жұрнақтары "өздерінің еншісіне тиген, белгілі сөздерге

жалғана алады. Бұл - қазақ тіліндегі сын есім шырайының ерекшелігі болып табылады.

Сонымен сын есімнің шырайы деп аталатын категорияның мазмұны да, формасы да әлденеше заттың (әр түрлі біркелкі белгілерін емес) бір түрлі я біркелкі белгілерінің өз ара айырмашылықтарын, демек, сол біркелкі белгілердің бір-бірімен я артық, я кем екендігін анықтау арқылы туады. Мысалы, жасылырақ пен жап-жасылдың, үлкенірек пен өте үлкеннің, ұзындау мен ұп-ұзын-ның мәні де, жасалу жолы да бірдей емес. Осымен байланысты қазақ тілінде шырайлардың бірнеше түрі бар. Бірақ шырай түрлерін топтастыру, жіктеу туралы ғалымдардың пікірлері әртүрлі.

А.Байтұрсынов оқулығында шырайдың үш түрі көрсетілген: 1) Жай шырай артық-кем демей, нәрсенің сиқын жай көрсетеді (жуас ат, қызыл шүберек т.б. 2)Талғаулы шырай нәрсе сиқының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсетеді, оны көрсету үшін жай сындағы сөзге "-рақ", -рек" деген талғау қосымшалары тіркеледі (жақсы-рақ, зерегі-рек т.б.) 3). Таңдаулы шырай нәрсе сиқы өте артық екендігін көрсетеді. Оны көрсету үшін жай шырайдағы сөздің апдына ең, нақ, тап, тым, бек, қас деген сөздер қосылып айтылады (ең жақсы, тым қорқақ т.б.)

Ал Қ.Жұбановтың 1936 жылғы қазақ тілі бағдарламасында сын есімнің шырайлары жеке тақырып етіп беріліп, шырайлардың жай шырай, кесімді араластырмалы шырай (бірі тура күйде, бірі шығыс жалғаулы күйде болады), салыстырмалы шағын шырай (-рақ, -рек, -лау), жалаң шағын шырай (қызғылт, қаралтым, көтеріңкі, созылыңқы), таңдаулы шырай, дәйек қосылыңқы (өте қысқа), қосақты (қып-қысқа), үстеулі (ұзын-ақ), орта шырай (бір қос, бірсыпыра, бір жөн, едәуір сөздері қосылады) түрлері берілген. Бірақ жоғарыда аталған еңбектерде шырай түрлерінен орын алған жай шырайға қатысты кейінгі еңбектерде басқаша пікірлер де кездеседі.

Қазақ тіліндегі сын есім шырайларын арнайы зерттеген Ғ.Мұсабаев "жай шырай" деп аталатын сын есімдерде шырай мағынасы жоқ, сондықтан жай шырай деп атауымыздың өзі

қате, - деп есептеп, сын есім шырайын салыстырмалы, бәсең, шағын, күшейтпелі, үдетпелі деп бөлген. Ғалымның жіктеуінше:

1.Салыстырмалы шырай -рақ,-рек.

2.Бәсең шырай -дау,-деу,-тау,-теу,-лау,-леу.

3.Шағын шырай -шыл, -шіл, -ғыл, -ғіл, -ғылт, -ғыш, -ілдір тұлғалары арқылы.

4.Күшейтпелі шырай -күшейту буыны арқылы.

5.Үдетпелі шырай - күшейткіш үстеулер арқылы жасалады. Осылайша ғалым шырайларды жасалатын тұлғаларына қарай бес түрге бөлген.

1967 жылғы «Грамматикада» бәсең, шағын шырайларды біріктіріп, сын есімнің мынадай 4 түрі берілген:

- Салыстырмалы
- Бәсең, я шағын
- Күшейтпелі
- Асырмалы.

Кейін ғылымда грамматикалық категорияларды топтауда олардың түрленбей тұрған түрін есепке алатын дәстүр қалыптасты. Бұл дәстүр бойынша етістік негізі өзге туынды тұлғалардың бәріне негіз болады, атау септік те "басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма" деп танылды, яғни олар етістіктің басқа формаларында қандай өзгеріс болғанын немесе қалған септікгердің тұлғаларында қандай ерекшелік бар екенін салыстырып көрсету үшін алынған. Сондай-ақ басқа шырайлардың тұлғаларында қандай өзгеріс болғанын көрсету үшін кейінгі еңбектерде шырайдың жай шырай деген түрі алынған. Шын мәнінде жай шырайдың мағынасында салыстыру жоқ. Жай шырайдың осы ерекшелігін ескере отырып, шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салыстыратын негізгі форма деп санаған проф. А.Ысқақов оқулығында шырайлар - жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай деген төрт түрге бөлініп, әрқайсысының мағынасы және олардың жасалу жолдары сөз болған! Сондықтан жай шырайдың атауы дәстүр бойынша сақталған.

Салыстырмалы шырайға оқулықтарда "бір заттың сынын екінші заттың сынына салыстырып, сол салыстырылған белгілердің бір-бірінен я кем, я артық екенін білдіреді" деген анықтама беріліп жүр. Шындығында салыстыру мағынасы шырайдың басқа түрлеріне де қатысты.

Салыстырмалы шырай -рақ, -рек, -ырақ, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, үлкенірек, үлкендеу т.б. Сонымен бірге -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -аң секілді өнімсіз жұрнақтар да салыстырмалы шырай көрсеткіштері болып саналады. Мысалы, дымқыл, сұрғылт, қоңырқап, қысаң т.б.

Күшейтпелі шырай заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте түседі. Бұл шырай күшейткіш буын арқылы жасалады, яғни сын есімнің алғашқы буыны алынады да, оған -*п* қосылады. Мысалы, қып-қызыл, жап-жақсы, біп-биік т.б.

Заттың сындық қасиетін я тіпті асыра көтеріп, я тым асыра төмендетіп білдіретін шырай түрі асырмалы шырай деп аталады. Бұл терминді проф. А.Ысқақов қолданған. Асырмалы шырай сын есімнің алдында аса, өте, тым (дым), тым-ақ (дым-ақ), тіпті, тіптен, шым, қап, нағыз, нақ, ең, орасан, керемет секілді күшейткіш үстеулер сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, тым үлкен, аса қиын, өте ақылды т.б.

Соңғы шыққан "Қазақ грамматикасында" жай шырайды шырай категориясына жатқызбайды, ал салыстырмалы мен күшейтпеліні бір шырай деп есептеп, шырайдың екі-ақ түрін-салыстырмалы мен күшейтпелі шырайды көрсеткен.

Сын есімнің заттану процесі

Қай тілде болмасын, сөз таптары арасында бір-біріне ауысу, алмасу "процестері болып отыратындығына ғалымдар ертеден көңіл бөлген. А.Байтұрсыновтың "Тіл-құралында" "сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді, мәселен, арзан еттің сорпасы татымас" дегеннің орнына "арзанның сорпасы татымас" деп айтылады. "Арзан еттің" деген екі сөздің орнына "арзан" деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат сын,- деп атаған, әрі зат сынның зат есім секілді түрленетіндігі айтылған.

Сын есімнің бұл ерекшелігі кейінгі оқулықтарда да ескерілді. Өйткені сын есімдердің заттық ұғымда қолданылуы тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, Үлкен бастар, кіші қостар. Жақсының шарапаты тиер тар жерде, жаманның кесапаты тиер әр жерде.

Осы сөйлемдердегі үлкен, кіші сөздері үлкен адам, кіші адам дегеннің орнына, жақсының, жаманның сөздері жақсы адамның, жаман адамның дегеннің орнына қолданылып, зат есім секілді түрленіп тұр.

Сын есімдердің осылайша заттық мағынада зат есімге ауысып қолданылуы ғылымда сын есімнің субстантивтену процесі деп аталады.

Сонымен бірге грамматикаларда сын есімдердің заттану процесі біркелкі емес, кейбіреулері бүтіндей заттанып, біржола субстантивтенетіндігі де көрсетілген. Мысалы, сықпа, жайма, шайқор, жүлдегер т.б. Бұл сөздер сындық мағынада да қолданылады: сықпа құрт, жайма нан, шайқор адам, жүлдегер студент.

Осылайша сын есімдердің "әрі заттық, әрі сындық мағына білдіруінің негізгі себебі о бастағы зат есімнің атрибутивті қолданылуымен байланысты. Мұндай қолданыс тілде анықтауыш деп аталатын синтаксистік қызметтегі сөйлем мүшесін қалыптастырған, ал бұл синтаксистік қатынастың тілдің морфологиялық құрылымында сын есімнің дербес грамматикалық топ ретінде қалыптасуына негіз қалады. Қазіргі қазақ тіліндегі жас, бала, кедей, бай, ауру, жүдеу т.б. сөздердің атрибутивтік мәнде орныгуы - осы синтаксистік қолданыстың нәтижесі" - деп түсіндіріледі.

Сын есімнің синтаксистік қызметі

Сөздерді тапқа бөлудің үшінші ұстанымына сай әр сөз табы сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Сын есім мағына жағынан заттың сынын, белгісін білдіретін сөздер болғандықтан, сөйлемде көбінесе анықтауыш мүше болады. Мысалы,

Көгілдір көкте қалқиды,
Көк ала бұлттар тек баяу.
Көкпеңбек теңіз шалқиды,

Кеп еді неткен көк бояу. (К.Ахметова)

Осы өлең жолдарындағы сын есімдер зат есім алдында тұрып, анықтауыш болып тұр. Сын есімнің зат есім алдында келіп тіркесуі-тілдегі қалыптасқан заңдылық. Бірақ сөйлемде зат есім түсіп қалып, сын есім орнына қолданылатын кездері де болады, яғни сын есім заттанып қолданылатындығы жоғарыда айтылды. Мұндай жағдайда сын есім зат есімдер секілді түрленеді. Мысалы, Жаманға жақсы сөз өтпес (С.Сарайи). Өнерлінің қапасы нақ, өнерсіздің өкініші жоқ (А.Иүгінеки). Осы сөйлемдердегі жаманға, өнерл інің, өнерсіздің сөздері заттанып, барыс және ілік септіктер тұлғасында тұр.

Сын есімдер заттанған кезде табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде келіп, толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, Жақсыға сұқтан, жаманнан сақтан.

Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп, пысықтауыш болады. Мысалы, Дәрмен мен Мәкеннің қолында тұрса, басқа мінез өзінен шықпайтынын саналы әйел жақсы аңғарды (М.Әуезов). Мына қып-қысқа хаттан ана көңілінің алаңы анықсезіледі.

Сын есім заттанғанда атау септікте тұрса, сөйлемде бастауыш болады. Мысалы, Жақсылар байқап сөйлер, білімсіздер шайқап сөйлер.

Сын есім жіктік тұлғада тұрып, сөйлемнің баяндауышы да болады. Мысалы, Толық айдың сүтіне шомылған түнгі айнала тып-тыныш (Қ.Қазиев). Үйдің іші мұнтаздай тап-таза(С.Бақбергенов).

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сын есімнің жалпы сипаттамасы
2. Сын есімнің зерттелу тарихынан мәлімет беріңдер.
3. Сын есімнің семантикалық топтары дегенде не түсінесіңдер?
4. Сын есімнің морфологиялық құрылымы қандай?
5. Сын есімнің шырай категориясы жайлы мәлімет беріңдер.

6. Сын есімнің заттану процесін мысалдар арқылы дәлелдеңдер.
7. Сын есімнің синтаксистік қызметін түсіндіріп беріңдер.

САН ЕСІМНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Есімдер тобына жататын сөз табының бірі болып саналатын сан есімнің өзіндік зерттелу тарихы бар.

Түркі тілдеріндегі грамматикалардан бастап сан есімге көңіл бөліне бастады. Бұл грамматикалардың бәрінде де сан есімдер қысқаша болса да сөз болды. Мысалы, Н.И.Ильминскийдің, А.Казембектің, М.Терентьевтің, П.М.Мелиоранскийдің В.В.Катаринскийдің, Н.Ф.Катановтың, С.В.Ястремскийдің еңбектерінде сан есім жеке сөз табы ретінде қарастырылған.

Кеңес дәуіріндегі түркологтар еңбектерінде де сан есім жайында пікірлер бар. Мысалы, А.Боровковтың оқулығында сан есімнің екі түрі көрсетілсе, Н.П.Дыренкованың грамматикасында төрт түрі берілген. Бірақ бұл грамматикаларда "сан есімнің семантикалық жақтарына қарай бөлінуін бірінші орынға қойғанмен, ол элементарлы түрде қысқа ғана түсіндіріліп, барлық қолдану ерекшеліктері толық және жан-жақты қамтылмай баяндалған".

Қазақ тіл білімінде сан есім жеке сөз табы ретінде алғаш мектеп фамматикасының көлемінде қарастырылды. Қазақ мектептерінде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық А.Байтұрсыновтың оқулықтары болды. Оның "Тіл-құралдары" (үш кітап) қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген оқулықтар еді. Ғалымның 1914 жылғы бірінші "Тіл-құрал" оқулығында сан есім жеке сөз табы ретінде көрсетілген. Онда сан есімге мынадай анықтама берілген: "Неше? қанша? деген сұрауға жауап болатын һәм нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз". Ал 1915 жылғы екінші "Тіл-құралда" сан есімге қатысты мағлұматтар кеңейтіліп баяндалған. Бұл кітапта "Сан

есім нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін сөздер", - деген анықтама беріліп, сан есімнің есептік (оны іштей жай және жадағай деп екіге бөлген), реттік, темілдік (қазіргіше бөлшектік сан есім) деген түрлері көрсетілген.

Қазақ тіл білімінің ғалымдары І.Кеңесбаев, К.Аханов, А.Ысқақов, Н.Сауранбаев, М.Балақаевтардың грамматикалық оқулықтарында да сан есімдердің мағыналық топтары, жасалу жолдары туралы пікірлер қамтылды.

1954 жылы шыққан қазақ тіл білімінің фонетика, лексика және грамматика мәселелерінен жан-жақты мағлұмат беретін "Қазақ тілі" атты еңбекте сан есім жайында аздаған мәлімет берілді.

Сан есім кейініректе арнаулы диссертациялық зерттеу объектісі болып, ол жөнінде Ә.Хасеновтің жеке еңбегі (1957) жарияланды. Ғалым өз зерттеуінде түркі тілдеріндегі сан есім категориясының зерттелуіне шолу жасай келіп, сан есімдердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне тоқталып, лексикалық жағынан сан есімдер түркі тілдерінің туыстығын айқын таныта аларлық категорияның бірі болып табылатындығын және сан атауларының түрік тілінде сөйлейтін халықтармен бірге жасап, көне заманнан бермен қарай қолданылып келе жатқандығын айтқан. Сан есімдерді семантикасына қарай есептік, реттік, жинақтық-субстантивтік, топтық, бөлшектік, болжалды-баламалық деп алты түрге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталған. Одан әрі сан есімнің морфологиялық ерекшеліктерін баяндай отырып, сан есімдердің жеке сөз табы ретіндегі ең басты айырмашылығы - сан есімдер не аффикстену, не басқаша тәсілдер арқылы басқа сөз таптарынан жасалмайтындығын дәлелдеген. Сонымен бірге сан есімнің синтаксистік қызметін де сипаттаған.

1964 жылы қазақ тіліндегі есім сөздерді түгел қамтыған проф. А.Ысқақовтың "Қазіргі қазақ тілі" (морфология) атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Осы еңбегінде ғалым сан есімді жеке сөз табы ретінде жан-жақты сипаттай келіп, сан есімдердің жасалу жолына қарай қосылмалы және көбейтілмелі болып келетіндігін тіл фактісіне сай тұжырымдаған.

Грамматикаларда да сан есімнің жеке сөз табы ретінде лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік жағынан қарастырылуында алдыңғы еңбектермен үндестік байқалады.

Ал сан есімнің сөзжасамы кейінгі кезде арнайы зерттелді. 1988 жылы профессор Н.Оралбаеваның "Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі" атты еңбегі жарық көріп, онда сан есім сөзжасамының негізгі тәсілдері, олардың сөзжасам жүйесінен алатын орны, атқаратын қызметі айтылып, сан есімнің әр семантикалық тобының жасалуы, күрделі сандардың жасалу модельдері көрсетілді.

Сан есім сөйлемдегі сөздердің барлығымен бірдей тіркесе бермейді. Олардың тікелей тіркесетін негізгі сөздері - зат есімдер, зат есімнен жасалған туынды сын есім және етістіктер. Осы тұрғыда ғалым Т. Сайранбаев зерттеуінде сан есімнің етістікпен тіркесі жайында кеңінен айтылған. Ал А. Елешева фразеологизм құрамындағы сан есімдердің ерекшеліктеріне тоқталған .

Сан есімге жалпы сипаттама

Сан есім-оқулықтарда көрсетіліп жүргендей, есімдер тобына жататын сөз таптарының бірі. Сан есімге жататын сөздердің өздеріне тән лексика-грамматикалық мағыналары бар, яғни олар заттың сан мөлшерін, ретін, шамасын білдіреді. Олай болса, сан есім-сөздерді таптастырудың бірінші ұстанымына сәйкес яғни семантикалық сипаты жағынан сандық, мөлшерлік ұғымды білдіретін сөздер. Сан есімдер басқа сөздерге (зат есімдерге) тіркеспей жеке айтылғанда, абстракт сан атауы ретінде қолданылады, ал зат есіммен тіркескенде заттың нақты сандық мөлшерін көрсетеді.

Сан есімдер- тілімізде ете көне заманнан бері қолданылып келе жатқан сөздер. Сондықтан бұлардың қалай жасалғандығы жөнінде ғалымдар арасында түрліше пікір бар. Мысалы, Н.А.Басқаков сан есімдер - есімдерден бөлініп шыққан сөз табы екендігін және олар сын есім, үстеу сияқты белгі мағынасын білдіретіндігін айтқан. Ал қазақ тіліндегі сан есімді зерттеген Ә. Хасенов "Түрік тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққан. Әрине, бұл жалпы

сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттігінен туды деген пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі, сандық семантикалық есімдер мен сөз тіркестері, түрік тілдеріндегі негізгі сан атаулары зат есімдерден бөлініп шықты деген жорамалымызды жоққа шығармайды, қайта растайды", - дейді. Осылайша ғалымдар сан есімнің пайда болуы жөнінде түрліше пікір айтса, кейінгі ғалымдар сан атауларының нақтылы қалай, қандай тәсілдер арқылы жасалатындығын ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді .

Олай болса, сан есімдер - өздеріне тән жасалу тәсілдері бар, өздерінің табиғи қызметінде ешбір өзгеріске түспейтін, тек субстантивтенгенде ғана түрленетін, мағыналық жағынан бірнеше топқа бөлінетін, сөйлемде белгілі қызмет атқаратын сөз табы.

Сан есімнің лексика-семантикалық сипаты

Сан есім зат белгісін білдіруі жағынан сын есімге ұқсайды, сондықтан сан есім де зат есіммен тіркесте жиі қолданылады. Мысалы, Сарыбала атасымен бірге алыстағы қыр елінен он бес мың қой жинап қазынаға өткізді (Ғ. Мұстафин). Биылғы жылдың сегіз айында ғана мың адам курс бітіріп шықты. Осы сөйлемдердегі он бес мың, сегіз, мың сан есімдерінің нақты мағыналары өздері тіркескен сөздер арқылы анықталып тұр, яғни қойдың он бес мың, айдың сегіз, адамның мың екендігі нақтыланып тұр. Ал сан есімдер жеке қолданылғанда, оларда нақтылық болмайды, абстракт мағынаға ауысады, демек он бес мың, сегіз, мың деген сөздер жайындағы ұғымды ғана аңғаруға болады.

Қазақ тіліндегі сан есімдер бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, өлу, алпыс, жөтпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың секілді жиырма шақты сөздер арқылы жасалатындығы ғылымда дәлелденген жағдай, яғни "санға байланысты неше түрлі болып жатқан абстракт ұғымдар осы жиырма сөз арқылы және олардың түрленуі арқылы беріледі".

Қазақ тілінде сан есімдер сияқты мөлшерлік мағынада қолданылатын бір топ сөздер бар. Бұл сөздерді Ә. Хасенов екі

топқа бөліп қарастырған: бірінші - сан есімнің тура мағынасындағы, яғни дәл сан мағынасын білдіретін және солар арқылы жасалған сөздер: егіз, қос, жарты, жарым, жеке, жалқы, сыңар, жалғыз, некен-саяқ, дара және осы сөздердің әрқайсысының мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталған.

Автор сан есім мағыналы сөздердің екінші тобын өз ішінде тағы да екіге бөлген: 1.әртүрлі тіркестер арқылы берілетін абстрактылық ұғымдар; 2.счеттік (нумеративтік) сөздер мен сан мағыналы есімдер,

Ғалым бірінші топқа сүт пісірім, шап қайнатым, бір шай ішім, ет асым, ат шаптырым, еп жатар кез, түс ауа, күндік жер, қозы көш жер т.б. секілді тіркестерді жатқызған. Ал екінші топқа жүз бас қой, бір қап бидай, бір нар киім, екі қабат үй, үш түрлі мәселе, бір түп ағаш т.б. секілді сөздерді жатқызып, бұл сөздерді счеттік (нумеративтік) сөздер деп атаған.

А.Ысқақов қазіргі қазақ тілінде сан есімдер сияқты мөлшерлік мағынада қолданылатын сөздер бар екендігі, олардың жеке-дара түрінде де, сөз тіркесі түрінде де кездесетіндігін айта келіп, жарым, жарты сөздері бөлшеістік ұғымдардың, жалғыз, жалқы, сыңар, дара сөздері бірлік ұғымдардың, центнер, килограмм, тонна, қадақ, батпан сөздері салмақ өлшемдердің, қадым, қарыс, кез, метр, шақырым, ат шаптырым, қозы көш(жер) аралық өлшемдердің және ет асым, қас қаққанша, қас пен көздің арасында, әу дегенше сияқгы уақыт, мерзім өлшемдердің атаулары есебінде қолданылатындығын көрсеткен.

Бұл сөздердің мағынасында аздаған мөлшерлік ұғым болғанмен, олар сан есімге жатпайды. Мысалы: жарым, жарты, жалқы, сыңар, дара, қос, егіз сөздері-сын есімдер, центнер, қарабатпан, килограмм, тонна, гектар, кубометр, адым, қарыс, кез, метр, шақырым сөздері - зат есімдер, ат шаптырым, қозы көш (жер), ет асым, қас қаққанша, қас пен көздің арасында, әудегенше-тұрақты тіркестер).

Сан есімге жатпаса да, мөлшерлік мағынада тілімізде жиі қолданылатын осы сөздердің ерекшеліктері академиялық

грамматикада (2002) нақтыланып көрсетілген және бұл сөздер мынадай ретте топтастырылған:

- салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер: қадақ, пұт, келі, батпан;
- көлем мөлшерін білдіретін сөздер: бір шымшым, біруыс, бір тілім, бір құшақ т.б.
- қалыңдық өлшемін білдіретін сөздер: пышақ сырты, шынашақ, бармақ, екі елі т.б.
- қашықтық өлшемін білдіретін сөздер: адым, таяқтастам, шақырым, қозы көш жер, ат шаптырым т.б.
- ұзындық өлшемін білдіретін сездер: тұтам, сынық сүлем, кере кез, аршын, құлаш т.б.
-жарты мағынасын білдіретін сөздер: жарты, жарым т.б.
- бір мағынасын білдіретін сөздер: жеке, дара, жалғыз, жалқы;
- екі мағынасын білдіретін сөздер: егіз, қос, пар;
- төрттен бір мағынасында: ширек;
- уақыт мөлшерін білдіретін сөздер: сүт пісірім уақыт, шай қайнатым, биенің бір сауымындай уақыт .

Бұл сөздердің барлығы да мөлшерлік мағынада қолданылғандарымен, сан есім болмайды.

Сан есімнің морфологиялық ерекшеліктері

Сан есімдердің морфологиялық сипаты жағынан негізгі ерекшелігі ол өзі анықтайтын сөздерінен бұрын қолданылып, бірақ ешқандай морфологиялық өзгеріске түспейтіндігі ғылыми зерттеулерде, оқулықтарда анық сипатталған. Яғни, сан есімдер өздерінің әрі табиғи, әрі негізгі функциясы болып есептелетін сандық, сан-мөлшер мағыналарында қолданылғанда, еш өзгеріске түспейді. Мысалы, Поездан бұдан басқа төрт адам түсті (Н. Ғабдулин). Ол жақтан келетін екі автобус сәскеде келеді (сонда). Осы сөйлемдердегі төрт, екі сан есімдері өздері тіркесетін зат есімдердің алдынан түбір күйінде, ешбір қосымшасыз қолданылып тұр.

Сан есімдер субстантивтенгенде түрленіп, «әр алуан өзгеріске түседі, демек, көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те және жіктеліп те қолданылады. «Мысалы, Мына бір бұлт жіңішкере келіп, екіге үзіліп кетті (С. Бегалин). Қармақтары

балық қапқанша бір-біріне үндеспеуге серт айтысқандай екеуінде де үн жоқ (С. Омаров).

Сан есімдер құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Тілімізде дара сандар көп емес, барлығы жиырма шақты- бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жөті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың.

Күрделі сан есімдерге Ә. Хасенов «екі немесе бірнеше дара саннан құралған сан есімдер», -деген анықтама берген. Мысалы, Қазақстан жерінде сүт қоректілердің жүз елу алты, құстардың төрт жүз жетпіс төрт, балықтың жүз қырық түрі бар (оқулықтан). Осы сөйлемдегі сан есімдер екі, үш, төрт сан атауынан құралған.

Грамматикаларда дара сан есімдер іштей негізгі және туынды болып екіге бөледі. Негізгі дара сан есімдерге морфемалық бөлшектерге бөлінбейтін сөздер жатқызылады. Мысалы, бір, екі, бес, жеті, сегіз т.б. Ал туынды сан есімдер әр түрлі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. Мысалы, бірер, бірінші, үшеу, төртеу т.б.

Осы негізгі және туынды дара сан есімдердің тіркесуінен я қосарлануынан жасалған сан есімдер күрделі сан есімдер деп аталады. Мысалы, он бес, бес- бестен, жүз тоқсан бес, жетпіс-сексеннен т.б.

Сан есімнің сөзжасамын арнайы қарастырған проф. Н.Оралбаева күрделі сан атауларын «екі я онан да көп сандардың бір- бірімен тіркесіп, құрамындағы сандардан басқа сандық ұғымды білдіретін түрі», -деп атаған. Ғалым айтып отырғандай, күрделі сан есімнің құрамында қанша сан атауы болса да, барлығы бірігіп, бір күрделі сандық ұғымды білдіреді. Мысалы: жиырма бес мың тогыз жүз тоқсан тогыз- осы жеті сан атауы бірігіп, бір ғана күрделі сан атауын білдіріп тұр. Ал күрделі сан атауының ең кемі екі сөзден тұруы "бұлміндетті шарт, онан кем болуы мүмкін емес. Бірақ күрделі санның құрамы екіден әлдеқайда көп бола береді. Мысалға миллионға дейінгі күрделі сандардың ең көбі тоғыз сөзден тұрады: тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз".

Миллионнан асқанда күрделі санның құрамы тоғыз сөзден де көп болуы мүмкін. Бірақ, ғалым көрсетуінше, «күрделі сандардың құрамы неғұрлым көбейген сайын күнделікті өмірде оның қолданылуы сирей береді. Күрделі сандардың мыңға дейінгі түрлері өмірде көп кездеседі, көбірек қолданылады, ал миллионға дейінгі күрделі сандар олардан әлдеқайда сирек қолданылады.

Күрделі сандардың тағы да мынадай ерекшеліктері бар:

1) Оларда синонимдік қасиет болмайды, әрқайсысының мағыналары дербес болады. Мысалы, жүз тоқсан бес, жүз тоқсан алты. Осы екі күрделі сан атауы екі түрлі ұғым білдіреді.

2) Күрделі сандар бір сөз болғандықтан, қосымшапар олардың соңғы компонентіне жалғанады. Мысалы: Қала халқы жүз он жеті мыңнан асады (Н. Байғанин). Осы сөйлемдегі төрт компоненттен тұратын күрделі санның соңғысына шығыс септігі жалғауы жалғанған.

3) Күрделі сандар біртұтас сөз болғандықтан, олардың арасына еш уақытта ешбір морфема кіре алмайды, оларды бөліп айтуға болмайды. Күрделі сандар өз тұтастығын, орын тәртібін берік сақтайды. Мысалы, тоғыз мың елу екі деген күрделі сан атауы тек қана осы төрт сан атауынан жасалады, олардың орнын ауыстырса, арасына басқа морфема енсе, бұл ұғымды бере алмайды.

4) Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралғанына қарамастан, олар сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы: Бір тәулікте мың төрт жүз қырық минут бар («Білім және еңбек»). Осы сөйлемдегі мың төрт жүз қырық күрделі сан атауы анықтауыш болып тұр.

Күрделі сандардың ғылымда проф. А.Ысқақов дәлелдеген екі түрлі жасалу жолы бар:

1) дара сандардан жасалатын күрделі сандардың құрамы бір санның үстіне басқа бір санды қосу жолымен, яғни белгілі бір санға (қосылғышқа) келесі бір қажетті санды (қосылғышты) қосып айту жолымен жасалады. Бұл Жол-қосылмалы жол деп аталады. Мысалы, сексен сегіз, тоқсан

алты т.б. Осы күрделі сан атаулары сексен, тоқсан сандарына сегіз, алты сандарын қосып айту арқылы жасалған.

2) Дара сандардан жасалатын күрделі сандардың құрамы бір санды (көбейгішті) басқа бір санға (көбейткішке) көбейту жолымен, яғни белгілі бір санды келесі бір қажетті санға көбейту, еселеу жолымен жасалады. Күрделі сандарды жасаудың бұл жолы *көбейтілмелі жол* деп аталады. Мысалы, бес жүз, он мың күрделі сан атаулары бес, он сандарын жүз, мың сандарына кебейту арқылы жасалған.

Күрделі сандардың құрамында осы екі жолмен жасалған сандар араласып келетін де кездері болады. Мысалы, бес мың сегіз жүз қырық бес деген күрделі санның құрамындағы бес мың (5х1000), сегіз жүз (8х 100)-көбейтілмелі сан да, қырық бес (40+ 5)- қосылмалы сан. Күрделі сан есім-дердің мұндай түрі аралас күрделі сан есімдер тіркесі деп аталады .

Күрделі есептік сандарға тән тағы бір ерекшелік олардың құрамындағы жеке сандардың орналасуына байланысты, яғни мұндай сандар құрамында алдымен жоғары дәрежелі сандар, одан кейін төмен дәрежелі сандар қойылып айтылады. Мысалы, жетпіс екі, бес мың жиырма бес т.б.

Бұл ерекшелікті А.Байтұрсынов оқулығынан да кездестіреміз. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, «он бір дегенде әуелі үлкенін айтып, сонан соң кішісін айтамыз: ол «онның» «бірден» үлкендігінен. «Жүз елу» дегенде, әуелі «жүзді» айтып, сонан соң «елуді» айтамыз: ол «жүздің» «елуден» үлкендігінен.

Сан есімнің мағыналық топтары

Сан есім сөздер заттың сандық мөлшерін түрліше атайтынына қарай, бірнеше мағыналық топқа жіктеле алады. Ғылыми грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, сан есімдердің бір тобы зат есімімен тіркесіп, оны анықтап, есебін, ретін, мөлшерін білдірсе, біразы жинақтылық ұғымды, бөлшектік үлесті, шамалық, болжалдық мағыналарды білдіреді. Осындай ерекшеліктеріне қарай, сан есім алты топқа бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, топтау сан есімі, болжалдық сан есім және бөлшектік сан есім.

Есептік сан есім мағыналық топтардың ішіндегі саны жағынан ең көбі және бұлар «заттың нақтылы санын және абстракт сандық ұғымды білдіреді». Мысалы, Тоқсан бес жыл бұрын арқаға аға сұлтандық тәртіп орнады (Х. Есенжанов). Екі жауынгер салт аттылы арбаның артында келеді.

Осы сөйлемдердегі тоқсан бес, екі сан есімдері жыл, жауынгер сөздерін сан жағынан анықтап, есептік сан есім болады.

Есептік сан есімдер үнемі зат есіммен тіркесте қолданыла бермейді. Зат есімсіз қолданылғанда абстракт сандық ұғымды білдіреді: Үшке бесті қосқанда сегіз болады. Бұл сөйлемдегі сан есімдер зат есім тіркесінсіз, абстракт мәнде қолданылған.

А.Ысқақов «есептік сандарға сан есімдердің өзге топтарының жасалуына негіз болатын табиғи сандар жатады»,- дей келіп, ол сандарды дәрежесіне қарай бірлік сандар, ондық сандар, жүздік сандар және мыңдық сандар деп, төрт топқа жіктеген.Осы топтар құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Дара сан есімдерге бірлік, ондық сан атаулар, жүз, мың сөздері жатады. Ал жеке сандардың тіркесуі арқылы күрделі есептік сан есімдер жасалады. Мысалы, сексен тоғыз, сегіз жүз тоқсан тоғыз т.б.

Есептік сан есімдер зат есіммен тіркесіп, оны анықтап тұрғанда, морфологиялық жағынан еш өзгеріске түспейді.

Есептік сан есімдер өзге сөз таптарынан жасалмайды. Ал есептік сан есіммен сөзжасамның әртүрлі тәсілдері арқылы жаңа сөздер жасалатындығы оқулықгарда қысқаша көрсетіліп жүр. Мысалы, А. Ысқақовтың оқулығында бесбармақ (ет), елубасы, алты бақан сияқты зат есім сөздер, екіұшты, өкі ұдай, екі жүзді сияқты сын есім сөздер, үшеу ара, екі талап сияқты үстеу сөздердің сан есім арқылы жасалатындығы және бір сөзінің лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері жайында айтылған. Сондай-ақ академиялық грамматикада да есептік сан есімнің тұрақгы тіркестер құрамында кездесетіндігі, бір сан есімінің қолданылу, стильдік ерекшеліктері сөз болған. Сан есім сөздердің мағынасының кеңуі арқылы жасалған туынды сөздер, олардың даму, қалыптасу жолдары, сан есім негізінде басқа сөз таптарына

жататын туынды сөздердің жасалуы және оның себептері, олардың даму жолдары Г.Шаһарманның зерттеу еңбегінде жан- жақты қарастырылған.

Реттік сан есім

А. Байтұрсынов оқулығында реттік сан есімге «нәрселердің ретін көрсететін сан есімдер» деген анықтама берілген. Мысалы, Бұдан гөрі маңыздырақ екінші мәселе бар (Н. Ғабдуллин). Ол кезде Әділбек жасырақтау еді, жетінші класта оқитын (сонда). Осы мысалдарда екінші, жетінші сан атаулары өздері тіркесетін зат есімдердің алдында келіп, мәселенің, кластың рет санын көрсетіп тұр.

Ә. Хасенов реттік сан есімге «реттік сандар заттың (яғни зат есімнің) ретін, тәртібін білдіреді», - деген анықтама берген. Кейінгі грамматикаларда да реттік сан есім жайындағы пікірлер осы бағытта айтылған: «Қазіргі қазақтіліндегі реттіксан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың орын тәртібі, реттік жүйесін белгілеу үшін қолданылады.«Реттік сан есім заттың саналу ретін, орын тәртібін білдіріп, нешінші? деген сұраққа жауап береді де, есептік сан есімдерге дауыссыз дыбыстардан соң -ыншы, -інші, дауысты дыбыстардан соң -ншы/- нші жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады». Мысалы. бір-інші, екі-нші, алты-ншы, тоғыз-ыншы т.б.

Реттік сан есімдер де құрамына қарай дара, күрделі болып келеді. Мысалы, Серттескен үшінші түн де келіп жетті (Х. Есенжанов). Кәдімгі Жолмұқан жуытпай өзіне он бірінші жасақшы етіп алған сарысы (сонда).

Осы мысалдардағы үшінші дара реттік сан есім болса, он бірінші екі санның тіркесуі арқылы жасалған күрделі реттік сан есім және оларға қосымша соңғысына жалғанған.

Реттік сан есімдер негізінен заттың рет санын, қатар санын білдіретіндіктен, олар үнемі зат есімнің алдынан келіп тіркеседі. Мысалы, бірінші жүлде, бесінші қабат, тоғызыншы үй, он сегізінші қатар т.б.

Реттік сан есім зат есімдерше түрленіп, заттық мағынада да қолданылады. Мысалы, Екіншісі де оның жанынан тізерлей отырып, шоққа қолын созды (Х. Есенжанов). Ол екі қойдың

бірін қақпадан кіргеннен- ақ көрді, ал екіншісін көзіне түсіре алмады (сонда).

Жинақтық сан есім

А.Байтұрсыновтың оқулығында, жоғарыда айтылғандай, есептік сан есімді жай және жадағай деп екіге бөліп, жадағай сан есімге - біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу сөздерін жатқызған және бұлардың басқа есімдерге қосарланып айтылмайтынына көңіл бөлінген. Сонда ғалымның жадағай есептік сан есімдері қазіргі жинақтық сан есімге сәйкес келеді.

Сан есімді арнайы зерттеген Ә. Хасенов сан есімнің бұл түрі абстрактілік ұғымды білдіріп, көбіне зат есімнің орнына қолданылатындығын айта келіп, оны жинақтық - субстантивтік сан есімдер деп атаған, яғни сан есімнің бұл түрі көбіне зат есім орнына қолданылып, зат есім категориясына жақындайды деп есептеген. Алайда ғалымның бұп атауы кейін қолдау таппады. А.Ысқақов оқулығында, академиялық грамматикаларда сан есімнің бұл түрі жинақтық деген терминмен аталады. Бірақ сан есімнің бұл мағыналық тобына беріліп жүрген анықтамаларда айтарлықтай айырмашылық жоқ. Көбіне оны "белгілі бір заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін жинақтап көрсету үшін және жинақтық абстракт сан ұғымдарын білдіру үшін қолданылады", "Мұндай сөздердің негізгі мағынасы абстракт сан мөлшерін білдіретіндіктен, олар үнемі субстантивтеніп жеке қолданылады", "Қазіргі қазақ тіліндегі жинақтық сан есім заттың жинақталған сандық мөлшерін білдіреді", - деп анықтайды. Мысалы, Бүгін Оспан кеш батарда Смағұлға барып, екеуі бір түрлі бола қалып еді (М. Әуезов). Осы сөйлемдердегі екеуі сөзі Оспан мен Смағұлды жинақтап көрсетіп тұр.

Жинақтық сан есімдер есептік сан есімдерге -ау (-еу) жұрнақтары қосылуы арқылы жасалады: біреу, екеу, үшеу т.б.

Жинақтық сан есімдердің өздеріне тән мынадай ерекшеліктері бар:

- жинақтық сан есімдер ешқашан да күрделі түрде қолданылмайды;

- жинақтық сан есімдер мағына жағынан субстантивтік қасиеті болып келетін сөздер болғандықтан, сөз түрлендіруші грамматикалық формалардың бәрін де қабылдай береді. Мысалы, Бұл үшеудің қолында тобылғы сапты жалаң дойыр ғана (Х. Есенжанов). Бұл екеуі де атақты Сырым батырдың шөбересі (сонда). Біреулер судың алдын бөгеп тас, топырақ, шөп- шөлең төгіп жатыр (сонда). Ол қиыр шеттегі екеуден көз жазып қалармын дегендей, жақындай түсті.

-жинақтық сан есімдерден лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы біраз жаңа сөздер жасалған. Мысалы, Домбыраны да, әнді де біреу үйреткен жоқ маған, өз бетіммен үйрендім (Н.Ғабдуллин). Екеулеп Айбаршаны азғырмақ болып еді, одан іс шықпады (С.Мұқанов). Ол екі-екіден тізіп, шоқақтай жортып келіп қалғандарды танып қалды (Х.Есенжанов).Бірінші сөйлемде біреу сөзі белгісіздік есімдік мәнінде (прономинализацияланып) қолданылған, екіншісінде етістік тудыратын - *ле* жұрнағы арқылы жаңа сөз жасалған, үшінші сөйлемде жинақгық сан есімдердің қосарланып айтылуы арқылы үстеуге айналған.

Топтық сан есім

Тілімізде заттар мен құбылыстардың санын топтап көрсететін де сан есімдер бар. Осы ерекшелігіне байланысты топтық сан есіміне оқулықтарда «есептік, жинақтық, болжалдық сан есімдерге, қазіргі кезде шығыс септікке тән грамматикалық мағынадан біржола қол үзген *-дан (- ден, -тан, -тен)* аффиксін қосу арқылы жасалып, біркелкі заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін топтап көрсететін сөздер,»- деген анықтама беріліп жүр. Мысалы, Біз әуелі тобымызбен, сосын екі- екіден, үш-үштен қосылып, бірнеше ән айттық (Н. Ғабдуллин).

Топтық сан есімдер де морфологиялық құрамы жағынан дара және күрделі болады. Мысалы, Сол күні екі жақтан үшеуден алты ғана кісі шақыртып алды (М. Әуезов). Әр оқушы бес-алтыдан ағаш егіп, соны өздері күтіп өсіретін болса, қандай жақсы! (М. Иманжанов). Осы сөйлемдердің алғашқысындағы топтық сан есімі жинақтық сан есіміне

көнеленген шығыс септігінің жалғануы арқылы жасалса, екінші сөйлемде екі есептік сан есімдердің тіркесіп және соңғысына көнеленген шығыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалған. Сондықтан соңғы сөйлемдегі сан атаулары күрделі топтық сан есімі болады.

Топтық сан есімдердің өздеріне тән мынадай ерекшепіктері бар:

- топтық сан есім жасалатын негізгі көрсеткіш- шығыс септік жалғауы. "Шығыс септік жалғауы сөз жасаушы қосымшаға жатпайтыны белгілі, ол-сөздерді байланыстырушы қосымша. Бірақ бұл қосымша есептік санға Қосылғанда, өзінің негізгі синтаксистік қызметін атқармайды, есептік санды сөйлемде басқа сөзбен байланыстыру қызметінде емес, есептік санға топтау мәнін қосады".

- кейде - *дан,* - *ден* қосымшасы топтық сан есімдердің анықтайтын сөздеріне қосылып айтылады. Мысалы, Сенбілікте әр студент бес- бес ағаштан отырғызды.

- топтық сан есімдер грамматикалық көрсеткіштермен түрленбейді және жаңа сөздер жасай алмайды.

Болжалдық сан есімдер

Сан есімдер барлық уақытта өздері анықтайтын заттар мен құбылыс-тардыңсанын дәл, нақты көрсетпей, шамамен тұспалдап атайтын кездері де болады. Осымен байланысты тілде болжалдық сан есімдер қалыптасқан. Сондықтан ғылыми еңбектерде болжалдық сан есімге мынадай анықтама берілген: «белгілі бір заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін дәл атамай, тұспалдап қана шамамен атайтын сездер . «Мысалы, Аңшылар Қара адырдан бес-алты шақырымдай ұзап шықты (М. Әуезов). Бір жұп құмырсқаның ұрпағы бір жыл ішінде бір жүз жиырма миллиондай жәндік, бір жүз елу мыңдай құрт жейді ("Қызықты зоология" кітабынан).

Бұл сөйлемдердегі бес-алты шақырымдай, бір жүз жиырма миллиондай жәндік, бір жүз елу мыңдай құрт дегенде аңшылардың нақты қанша шақырым ұзап шыққаны немесе құмырсқаның қанша жәндік, құрт жейтіні белгісіз, сан атаулары дәл өзінің сандық мәнінде тұрған жоқ, тек қана осы мөлшерде дегенді білдіреді.Енді осы болжалдық сан

есімдердің қалай жасалып тұрғанына көңіл бөлейік. Алдыңғы сөйлемдегі бес-алты болжалды сан есімі есептік сан есімдердің қосарлануы яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалған, ал екінші мысалдағы бір жүз жиырма миллиондай, бір жүз елу мыңдай дегенде де заттың нақтылы саны айтылмаған, тек қана атаған санның шамасында деген ұғым бар. Сол ұғымдай жұрнағы арқылы жасалған, сөйтіп болжалды сан есім синтетикалық тәсіл арқылы жасалған.

Сан есімге арналған зерттеулерде, оқулықтарда осы екі тәсіл іштей бірнеше түрге бөлініп жүр.

Синтетикалық тәсілдің жолдары: - болжалдық сан есімдердай, - дей, - тай, - тей жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, Өзен мен бұл үйдің арасы бес жүз қадамдай жер еді (Х. Есенжанов). Екі жүздей ат шапты (Ғ. Мұстафин)

Бұл жұрнақтардың ерекшелігі - бірлік саны қосарланған сандарға (елу-алпыстай, жетпіс-сексендей) және ондық, жүздік, мыңдық көбейтілмелі сандарға (бес жүздей, жиырма мыңдай) қосылады.

Сонымен бірге бұл қосымшалар есептік сан есімдер тікелей тіркесіп анықтайтын мезгілдік, көлемдік мағыналы есімдерге де жалғанып, болжалдық мағынаны білдіреді. Мысалы, он тәуліктей, алты аптадай, бес айдай, екі айдай, отыз километрдей т.б.

- ер жұрнағы арқылы болжалдық сандар тек бір есептік сан есіммен жасалады. Мысалы, Бірер мыңды місетұтпай, бес-алты мыңнан алмақ(Ғ. Мүсірепов). Хажыға ол... менің бірер жасар күнімде, өзінің отыз бес жасында кеткен (Ғ. Мұстафин)

- есептік сан есімдерге - лаған, - леген, - даған, - деген, - таған, теген жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, Қалада қазір

жүздеген машина бар, - деді Мейрам (Ғ. Мұстафин). Техникумда мыңдаған жас кадрлар оқып жүр. (сонда).

- лап, - леп, -дап, - деп, -тап, - теп жұрнақтары сан есімдерге жалғану арқылы болжалдық сан есімдер жасалады. Мысалы, Олар шығып кетті де, бір жәшікті төртеулеп көтеріп әкеліп, төренің қасына қойды (Ғ. Мұстафин). Соның ішінде

партияның, үкіметтің ерекше қаулысы бойынша, бес жүздеп, мыңдап тобымен келетіндер бар (сонда).

- есептік сан есімдерге көптік жалғауы, сонан соң жатыс септігінің жалғауы жалғану арқыл ы болжалдық мағына жасалады. Мысалы, Жиналыс сағат екілерде басталады.

Аналитикалық тәсілдің жолдары:

- есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы, Тобылғыны түсіріп, үйге кірсек, Есембайдың 13-14 жасар үлкен баласы келген екен (С. Мұратбеков). Айналасы қырық-елу адам (Ғ. Мұстафин).

- есептік сан есімдерге шақты, шамалы, қаралы, таман, жуық, астам, асқан, келген, тарта, таяу сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, Ол осы жаздың басында он шақты жігітімен келіп, Жаншаның жасағына жазылғанды (Х. Есенжанов). Екі жүзге тарта жігіт кетіп еді (С. Мұқанов).

Болжалдық сан есімдер де зат есіммен тіркеспей, соның орнына жүргенде ғана көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Мысалы, Екіншісі он бес -он алтыда (Ғ. Мұстафин).

Бөлшектік сан есімдер

Бөлшектік сан есімдерге қатысты анықтаманы оқулықтардың қай-қайсысынан да кездестіруге болады. Сол анықтамалар бойынша бөлшектік сан есімдер "белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін", "белгілі бір заттар мен құбылыстардың бөлшекгік үлесін, бөлшегін", "заттар мен құбылыстардың бөлшектік санын, үлесін" білдіреді. Олай болса, бөлшектік сандық ұғымның тілде бар екендігіне еш күмән жоқ.

Бөлшектік сан есімдер құрамы жағынан күрделі болып келіп, есептік сан есімдердің синтаксистік тәсілмен тіркесе айтылуы арқылы жасалады: бестің бірі, жүздің оны, төрттөн екісі, жүздөн бірі т.б. Осы сан атаулары морфологиялық құрамы жағынан күрделі және олардың бірінші сыңары- ілік септігінде, екінші сыңары- тәуелдік жалғауында (бестің бірі, жүздің оны), бірінші сыңары- шығыс септік жалғауында, екінші сыңары- тәуелдік жалғауында (төрттен екісі, жүзден бірі) тұр. Осы ерекшелікке байланысты бөлшектік сан есімдердің есептік сандардың синтаксистік тәсілмен тіркесе

айтылып және белгілі бір грамматикалық тұлғалардың қосылып айтылуы арқылы жасалатындығы ғылымда дәлелденген жағдай. Атап айтқанда:

- бөлшектік сан есімдердің құрамындағы бірінші сыңары ілік немесе шығыс септіктің бірінде, екінші сыңары тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұрады: төрттің бірі, жиырманың үші, жүздің екісі, төрттен бірі, отыздан оны, мыңнан жүзі т.б.

-бөлшектік сан есімдердің құрамындағы бірінші сыңары шығыс септікте, екінші сыңары атау септікте тұрады және көбіне "бөлігі" деген сөз тіркеседі. Мысалы, бестен бір, қырықтан төрт, мыңнан елу бөлігі, үштен бір бөлігі т.б.

-бөлшектік сандар жарым, жарты, ширек сөздерінің есептік сандармен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, бес ширек, мың жарым т.б.

Сан есімнің синтаксистік қызметі

Сан есімді дербес сөз табы ретінде қарастырған Ә.Хасенов зерттеуінде де, оқулықтарда да сан есімнің негізгі синтаксистік қызметі-сөйлемде анықтауыш болу. Мысалы, Қазір Нұра өзенінің суына сегіз су бөгендері салынып, өзен мол береке ұйтқысы болып отыр ("Білім және еңбек" жұрналынан). Мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы үлкен емен ағаштың саясында өзінің өткізген өмірін ертектей айта отырып, Дубный досын есіне түсірді (Қ. Әбдікәдіров). Осы сөйлемдерде сан атаулары өздері анықтайтын есім сөздерінің алдында келіп, анықтауыш болып тұр.

Сондай- ақ сан есім оның ішінде көбінесе жинақтық сан атаулары ілік септігінде тұрып та анықтауыш болады. Мысалы, Үшеудің жараса кеткенін қара (Ғ. Мүсірепов)!

Сан есім заттанып, атау септігінде тұрып, сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Мысалы, Қырға тарттың құйын боп екеуіңде,

Құла кетті торының жетегінде (М. Мақатаев).

Адасармыз, адассақ, қарамай-ақ,

Кел, екеуіміз кезейік жалаңаяқ. Алшағыр, Сүгірәлі екеуің барақ салып жатқандарды шақырып әкеліңдер (Ғ. Мүсірепов).

Сан есім сөйлем соңында келіп, баяндауыш болады. Мысалы, Бағып жүрген сиырларымның ішінде тарғыл аласы

он жеті, қызыл шұбары- он үш, қарасы-тоғыз, құбақаны-бесеу (С. Мұқанов).

Сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып, өзі бағынып тұрған сөзге меңгеріле байланысып, жанама толықтауыш болады. Мысалы, Қазір мұның да жасы елу екіні өтіп, елу үшке аттаған (Б. Тоқтаров). Олардың бірін өлтіріп, бірін жараладық та, ілгері кеттік (Т.Бигелдинов). Бойы, көркі, сөзі, өнері, тәрбиесі бөлек Мүкарама екеуінен бір басқыш жоғары тұрды (Х. Есенжанов).

Сан есімдер септік жалғауын қабылдамай- ақ етістік алдында тікелей келіп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, Жидебайдан үш көшіп, Есенбайға жетті... (М. Әуезов).

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сан есімнің зерттелу тарихын айтып беріңдер.
2. Сан есімге жалпы сипаттама беріңдер.
3. Сан есімнің лексика-семантикалық сипатын түсіндіріңдер.
4. Сан есімнің морфологиялық ерекшеліктері дегенде не түсінесіңдер?
5. Сан есімнің семантикалық топтары жайлы мәлімет беріңдер?

ЕСІМДІК, ОҒАН ТӘН БЕЛГІЛЕР

Қазақ тілінде есімдік дербес сөз табы ретінде қарастырылып жүр. Ал орыс тілінде бұл мәселеде екі түрлі көзқарас болды. Ғалымдардың біразы есімдікті есім сөздермен бірге қарау керек десе, кейбір ғалымдар есімдік өз алдына жеке сөз табы болу керек деп санайды. Есімдіктерді есім сөз таптарымен бірлікте қарау керек дейтін пікір ұстанушы ғалымдардан А.Шахматов, А.М.Пешковский, А.Н.Гвоздевті атауға болады. Ал есімдікті жеке сөз табы деген көзқарасты дәлелдеушілер: В.В.Виноградов, Е.Н.Сидоренко т.б.

Қазақ тіл білімінде есімдіктер мәселесі А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, А.Ибатов, А.Төлеуов еңбектерінен орын алған. Аталған ғалымдардың қай-қайсы да есімдіктерді

орынбасар сөздер ретінде қарастырады. Мәселен, А.Байтұрсынов есімдікке былайша анықтама береді: «Есімдік дегеніміз - есімдердің, яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер». Ғалым есімдікке осылайша анықтама бере отырып, есімдікті мағыналық жағынан бес топқа бөледі. Олар: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) жіктеу есімдігі, 5) танықтық есімдігі. Көріп отырғанымыздай, есімдіктердің саны да, атауы да қазіргіден басқаша. Сондай-ақғалым «жіктеу есімдігі» деген атауды екі рет қолданып, біріншісіне қазіргі мен, сен, (сіз), ол деген жіктеу есімдіктерін жатқызса, екіншісіне бәрі, барша деген қазір жалпылау есімдіктері аталып жүрген есімдіктер тобын кіргізеді.

Профессор Қ.Жұбанов есімдікке: «Орынбасар есім (есімдік) деп түбірдің де, қосалқы шылаулардың да орындарында жүре беретін түбірлерді айтамыз» - деген анықтама береді. Қ.Жұбанов есімдікке мынадай сөздерді жатқызады: мен, сен, ол (зат есім орнына), бұл, сол, ол (зат пен сын орнына), мұндай, сондай (сын есім орнына), сонша, мұнша (бұ да), олай, бұлай (бұ да), өйтіп, сөйтеді (етістік орнына), өйткені, онда (жалғауыш орнына), т.т. Ғалым есімдік деп таныған сөздердің ішінде есімдіктер де, есімдіктен басқа сөз таптарына қатысты сөздер де араласып жүр.

А.Ысқақов есімдіктер: «заттың белгісін білдіретін сөздердің орынбасарлары» -деп сипаттайды.

Ғалым Ә.Төлеуов: «Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері өзінен бұрын айтылған есім сөздердің орынбасары болып саналады» - деп, орынбасарлық қызметті есімдіктің белгілі бір топтарына ғана жатқызады.

Есімдіктерді арнайы зерттеген - ғалым А.Ибатов. Ғалым А.Ибатов есімдіктердің сөз табы ретіндегі тұлғасын, олардың мағыналық топтарын жеке-жеке сөз етеді. Ғалым: «Қазақ тіліндегі есімдіктер өзге де сөз таптары сияқты сөздерді таптастырудың белгілі жүйеге түсіп қалыптасқан негізгі үш принципіне сай лексика-семантикалық мағынасына, морфологиялық белгілеріне және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы болып бөлінеді» -деп,

«...оларға 1) мағыналары тым жалпы, 2) контексте қолданылу мақсатына қарай әр қилы нақтылы мағыналарға ие болып отыратын сөз табы, 3) әрқашан субъективті қатынаста қолданылатын сөздер» - деген түсінік береді.

Есімдіктердің өзіндік тарихи дамуы бар, өйткені есімдіктер көне сөздер сапынан орын алады. Бұл туралы А.Ибатов: «Есімдіктердің өте ерте заманда пайда болуы, еңалдымен, олардың мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінсе, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін өте көне формалардың сақталып қалуынан да айқын көрінеді» - дейді.

Сұрау есімдіктерін зерттеген Б.Омарова. Ол сұрау есімдіктерін арнайы зерттеу нысаны етіп, жалпы сұрау қоюдың заңдылықтар мен ерекшелікерін, сұрау есімдіктерінің грамматикалық сипатын анықтаған. Б.Омарова есімдіктердің нақты мағынасы болмайтыны туралы қағиданы шартты деп түсіну керектігін айта келіп, былай дейді: «Олай дейтін себебіміз есімдіктердің семантикалық тұлғасын контекске ғана қатысты деп кесіп айтудың қисыны жоқ. Өйткені есімдіктер тілімізде жеке дара сөз табы болғандықтан, ол жеке дара тұлғада да өзіне тән мағыналық бөлшектерді танытады деп білеміз. Мысалы, мен, ол, кім, не, әлдекім есімдіктері заттық ұғымды көрсетсе, қандай, әлдеқандай, әрқашан есімдіктерінде сапалық мән бой көрсетеді». Шынында, есімдіктердің жалпылама, абстракт мағынасы контекст ыңғайында нақтылана түседі, алайда сөз табы ретіндегі «жеке дара тұлғада да өзіне тән мағыналық бөлшектерді» білдіретіндігі де шындыққа жақын.

Есімдіктер зерттелген сөз таптарының қатарына жатады. Дегенмен есімдіктердің әр мағыналық тобының жеке зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық.

Есімдіктің жалпы сипаттамасы

Есім сөз таптарының бірі - есімдік. Есімдік - өзінің аты айтып тұрғандай, басқа есім сөздердің зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалатын сөздер. Мысалы, Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген (Ж.Молдағалиев). Қайткен күнде де бұл сый өте-мөте орайласа кетті: «Сарыарқа» әні

«Жалбырдың» мінездемесіне өте дөп келді. (Е.Брусиловский). Кейбіреулерге таяғым, тиіп те кетті сартылдап (Абай). Қаншама рет қуанып бардың дағы, қанша адамның алдынан жылап кеттің (М.Мақатаев) деген мысалдардағы мен, бұл кейбіреулерге, қаншама, қанша сөздері - есімдіктер. Бұлардың ішінде мен, кейбіреулерге - зат есімнің; бұл - сын есімнің; қаншама, қанша? - сан есімнің орнына жұмсалып тұр. Қазақ тілінде есімдіктердің саны онша көп емес, бар болғаны 60-70 ғана сөз, бірақ олардың тілде қолданылу жиілігі мен атқаратын қызметі күшті.

Есімдіктерді жеке сөз табы деп танудың негізгі белгісі - лексика. Лексика-семантикалық сипаты жағынан есімдіктер жалпы мағыналы сөздер болып келеді. Мәселен, кез көлген адамды мен, сен, ол, деп, кез келген затты сол, мынау, анау деп айта береміз.

Есімдіктер қай сөз табының орнына жұмсалса сол сөз табы сияқты түрленеді, сол сөз табы сияқты сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Есімдіктердің өздеріне тән түрленетін морфологиялық көрсеткіштері жоқ, дегенмен олар бәрібір түрленетін сөздер тобына жатады. Қай сөз табының орнында қолданылса, сол сөз табы сияқты түрленіп, сол сөз табының синтаксистік қызметін атқарады. Мысалы, Абай шешесіне риза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне басты (М.Әуезов) - деудің орнына ол шешесіне риза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне басты, -деп айта беруге болады. Ол жіктеу есімдігі «Абай» деген зат есімнің орнына жұмсалып сөйлемде бастауыш болып тұр.

Сөздерді таптастырудың негізгі үш принципіне (ұстанымына) сай, есімдіктер де лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық белгісі және синтактистік қызметтеріне байланысты өз алдына жеке сөз табы болып бөлінеді. Сондықтан есімдіктерді мынадай үш блокқа беліп қарастыруға болады: 1.Есімдіктің лексика-семантикалық сипаты; 2.Есімдіктің морфологиялық ерекшеліктері; 3. Есімдіктің синтаксистік қызметі;

Есімдіктің лексика-семантикалық сипаты

Есімдіктерді жеке сөз табы деп тануда лексика-семантикалық ұстаным негізге алынады. Себебі есімдіктердің өзіндік мағыналық ерекшеліктері бар.

Есімдіктердің - мағынасы тым жалпы. Есімдіктердің дәл, нақты мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлем ыңғайына қарай білінеді. Мысалы, Біреудің қатесі - біреуге сабақ (Дж. Рей). Тамырымды соқ, қаным – ойларымның толғағы, Жүректегі отты әнім сен өлмесең болғаны (Н.Оразалин). Берілген сөйлемдердегі есімдіктердің қайсысын алсақ та мағынасы нақты емес. Алғашқы сөйлемдегі біреу деген сөзден тек бір адамның қатесінің екінші бір адамға сабақ болатынын аңғаратынымыз болмаса, ол адам кім? -Асан ба, әлде Асқар ма? ол жағы белгісіз. Ал соңғы сөйлемдегі сен дегеннің де мағынасы нақты емес, бірақ оның мағынасын сейлемнің ыңғайынан байқауға болады. Мұндағы сен деген сөздің дәл не екенін бірінші сөйлемдегі әніи деген сөзден білеміз. Демек, есімдіктердің нақты мағынасын бұрын айтылған сөйлем ыңғайынан аңғаруға болады. Есімдіктер жалпы мағыналы сөздер болғанымен, олардың бірнеше топтарға жіктелуі оның мағыналық қырларын аша түседі. Есімдіктердің бірнеше топқа бөлінуіне де лексика-семантикалық ұстаным негіз болады. Есімдіктер мағыналарына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- Жіктеу есімдіктері
- Сілтеу есімдіктері
- Сұрау есімдіктері
- Өздік есімдіктері
- Белгісіздік есімдіктері
- Болымсыздық есімдіктері
- Жалпылау есімдікгері

Жіктеу есімдіктері

Жіктеу есімдіктерінің саны аз, бірақ олардың қызметі мен қолданылу аясы өте жоғары. Жіктеу есімдіктеріне белгілі бір жақты білдіру үшін қолданылатын сөздер жатады. Жіктеу есіімдіктері не бары 8 сөз. Олар: мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар. Жіктеу есімдіктері жақтық мәнде

қолданылытындықтан, үнемі адаммен, яғни сөйлеуші (мен), тыңдаушы (сен) және бөгде адам (ол) деген ұғымдармен байланысты қолданылады. Мысалы, Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай). Сен кітап оқуға арналған уақытыңды ешнәрсеге айырбастама! (Д.Әлімжанов). Ол мені алғашында таныған жоқ (Ғ.Мұстафин).

Жіктеу есімдіктерінің адам атауларының орнына қолданылуы оның зат есімнің сөз түрлендіруші қосымшалары мен түрленуіне мүмкіндік жасайды.

Жіктеу есімдіктерінің бәрі де септік жалғауларын қабылдайды. Бірақ олардың септелу жүйесінде ерекшеліктер де жоқ емес. Жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесі төмендегідей болып келеді:

Жекеше түрі

Атау	мен	сен	сіз	ол
Ілік	менің	сенің	сіздің	оның
Барыс	маған	саған	сізге	оған
Табыс	мені	сені	сізді	оны
Жатыс	менде	сенде	сізде	онда
Шығыс	менен	сенен	сізден	онан(одан)
Кемектес	менімен	сеніме	сізбен	онымен

Бұл үлгіде сіз деген есімдіктен басқаларының септелуінде ерекшелік бар. Ал сіз есімдігі басқа да есім сөздер сияқты бірізді септеледі. Жіктеу есімдіктерінің көпше түрлері де септелу жағынан басқа есімдерге ұқсас болып келеді: Мысалы:

Көпше түрі

Атау	біз(дер)	сендер	сіздер	олар
Ілік	біз(дер)дің	сендердің	сіздердің	олардың
Барыс	біз(дер)ге	сендерге	сіздерге	оларға
Табыс	біз(дер)ді	сендерді	сіздерді	оларды
Жатыс	біз(дер)де	сендерде	сіздерде	оларда
Шығыс	біз(дер)ден	сендерден	сіздерден	олардан
Көмектес	біз(дер)мен	сендермен	сіздермен	олармен

Бұл септелу үлгісіндегі біз(дер), сендер, сіздер, олар сөздері басқа да есім сөздер сияқты өзгеріссіз септелсе, мен, сен, ол сездерінің септелуінде біраз өзгешеліктер бар. Мұнда *н*

дыбысы ілік, барыс, табыс, шығыс септік жалғауларында түсіп қалады.

Жіктеу есімдігінің септеу үлгісіндегі тағы бір ерекшелік - барыс септігінен көрінеді. Барыс септігінде н дыбысы пайда болады. Мұны көпшілік ғалымдар барыс септік жалғауы ең алғаш -ғару болған, кейіннен -гар формасына көшкен, ең соңында -ган түріне ауысқан дейді. Бұл жоғарыда айтылған ерекшелік туралы пікірлер ғылымда өте кең тараған. Бұдан басқа да пікірлер бар. Ол туралы А.Ибатов былай дейді: «2) Барыс септік жалғауының соңғы н дыбысын ингредиент деп тану бұл негізінде огар > ога > оган дегенге тура келеді. 3) Шапғай метотезис арқылы *н* және *т* дыбыстарының орын алмасуы, яғни онға > оғанбоп қалыптасу». Ал ғылымда бұл пікірге қарсы пікірлер де жоқ емес. Кейбір ғалымдар -ган мен -гар формаларын жеке формалар деп танып, бұл формалардан тараған басқа да қысқарған формалардың бар екенін айтады. Мысалы, -ғар >-ңар >-ңа //-ңө / /-ңе және -ған >-ға //-га //-гә //-ге формалары болып қалыптасқан.

Септеудегі үшінші ерекшелік- көмектес септігінде і, ы дыбыстарының пайда болуы туралы. Мысалы, менімен деген сөзтұлғалық құрамы жағынан ме-ні-мен деген бөлшектерден тұрады. Сондағы мен деген түбір морфема,

-ні деген нең «вещ» деген толық мағыналы сөзден шыққан -нің морфемасының дыбыстық өзгеріске түсіп ықшамдалуының көрінісі деп, ал соңғы -мен формасын көмектес септік жалғауы дейтін пікірлер бар.

Тұлғалық жағынан алғанда мен (< ме-н), сен (< се-н), ол (< о-л) жіктеу есімдіктерінің ме-, се-, о-және-н дыбысынан құрылғаны белгілі.

Ал біз, сіз жіктеу есімдіктерінің тұлғалық құрамы туралы пікірлер кеп. Біз, сіз жіктеу есімдіктері туралы ғалым А.Ибатов: «... біз, сіз сөздері бі-сі және сі-сі сияқты болып біріккен (I және II жақтық) жеке сөздердің құрамындағы екінші сыңарларының фонетикалық өзгерістерге түсуі негізінде пайда болған -з морфемасы мен I жақтық бі және II жақтық сі сөздерінен құралады. Екіншіден, осы бірігудің негізінде біз, сіз сөздері екі жақтық адамды көрсету қалпына

түсіп, жұптық-көпше мағынаға ие болады. Үшіншіден, біз сөзі бертін келе мағыналық шеңбері кеңейе түсу нәтижесінде, тек екі адамды ғана емес, сонымен қатар көптеген адамдарды да көрсете алу дәрежесіне жетеді»-дейді

Ал керісінше сіз есімдігі тілде өзінің алғашқы жұптық немесе көпше мағынасынан ажырап, жекеше сыпайылық мәнде жұмсалады.

Жіктеу есімдігінің 3-жағы ол сілтеу есімдігімен ортақ болып келеді.Себебі ол есімдігі адамды да, заттар мен құбылыстарды да, қимыл мен сапаны да көрсете алатын әр жақты сөз болып саналады.Сонымен байланысты ол есімдігі бірде жіктеу есімдігі, бірде сілтеу есімдігі болып жұмсалады. Егер де ол сөзі адамды көрсететін болса, жіктеу есімдігі болады. Мысалы, Ол киініп, жуынып, тамақтанып Итбайға барса, оның номерінде Құдайберген мен Сайым отыр екен (С.Мұқанов).

Заттар мен құбылыстарды, сапаны т.б. көрсететін болса, сілтеу есімдігі болады. Мысалы, Ол кеңестерге құлағы қанған Амантай, қазіретті бір көруге құмар да (С.Мұқанов).

Жіктеу есімдіктеріне тәуелдік жалғауының -нікі, -дікі формалары жалғанады. Мысалы, менікі, сенікі, сіздікі, біздікі т.б.

Есімдік қай жақта қолданылса, оған сол жақтың жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы,

I жақ. менмін, бізбіз

II жақ. сенсің, сізсіз, сендерсің, сіздерсіз

III жақ. ол, олар

Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдіктеріне бұл, осы, анау, мынау, сол, сонау, осынау, ана, мына, әне, міне деген сөздер жатады.

Сілтеу есімдіктерінің негізгі мағынасы - аралық қатынасты білдіру. Демек, сілтеу есімдіктері тілде сөйлеушіге алыс я жақын маңдағы заттарды, құбылыстарды сілтеу, нұсқау, көрсету үшін қолданылады.

Мысалы, -Анау бір тұрғандар да аттар мен шаналар ма? - деді Асқар, қораның басқа бір түкпірінде шоғырланған бірдемелерді нұсқап (С.Мұқанов). Сол үйдің өзінің иесі де

болыс деген сөзді естідім (Бұл да). Бұл сұрау Байболға ауыр соқты (Б.Майлин).

Сілтеу есімдіктерінің барлығы бірдей септеле бермейді. Септелетін сілтеу есімдікгеріне мына сөздер жатады: бұл, сол, ол, осы, мына, ана. Сілтеу есімдіктерінің септелу үлгісі төмендегідей болып келеді:

Міне, әне, сонау есімдіктері септелмейді. Ал анау мынау, осынау сияқты түрлері тәуелденіп барып септеледі.

Сілтеу есімдіктерінің бәрі бірдей көптік жалғауын қабылдай бермейді. Ілік жалғаулары бұл, ол, мына, ана, осы, сол сияқты есімдіктерге ғана жалғанады.

бұл	сол	ол	осы	мына	ана
бұның	соның	оның	осының	мынаның	ананың
бұған	соған	оған	осыған	мынаған	анаған
бұны	соны	оны	осыны	мынаны	ананы
бұнда	сонда	онда	осында	мынада	анада
бұдан	содан	одан	осыдан	мынадан	анадан
бұнымен	сонымен	онымен	осымен	мынамен	анамен

Мысалы, Бұлар елдің ойлауынша, Әжігерей қайда болса, сонда болуы керек (Б.Майлин). Олар ойын басталмай жатып қылжиып ұйықтап қалады,-деді Шормақ (Б.Мұқаев).

Сілтеу есімдіктерінің барлығының мағыналары бірдей бола бермейді. Олардың мағына жағынан бір-бірінен ерекшелігі бар. Бұл, міне, мына, осы сияқты сілтеу есімдіктері жақындағы затты нұсқап көрсетсе, сона, сонау, сол, ол деген қашығырақтағы, алысырақтағы затты сілтегендікті білдіреді.

Сілтеу есімдіктерінің мағынасын профессор А.Ысқақов екіге бөліп қарастырады: «Біріншіден, сілтеу есімдіктерінің мағыналарын кеңістік аралықты я топографиялық кеңістікті білдіру тұрғысынан қарау, екіншіден, олардың мағыналарын, уақыт аралығын я хронологиялық мерзімді білдіру түрғысынан қарау қажет».Ғалым топографиялық кеңістікті білдіретін есімдіктерді алыстағы затты я құбылысты нұсқау үшін қолданылатын және жақындағы затты я құбылысты нұсқау үшін қолданылатын деп екіге бөліп қарайды. Ал

хронологиялық мерзімді білдіретін есімдіктерге нұсқай айтылатын заттар мен құбылыстарды сөйлеу кезінен бұрын ескертілген сол арқылы сөйлеуші мен тыңдаушыға белгілі болған кезде қолданылатын кейде өзінен кейінгі сөздермен түсіндірілетін мәнде қолданылатын есімдіктерді жатқызады.

Өзім бұл кісіні сыйлаймын, ап ән салғанда тіптен жақсы көріп кетем. (Ш.Жиенқулова). Сонда ол үйде үй иелері осы кісілерді оңашалап әлденені менен құпиялап айтқандарын сезіп қалдым (Сонда). Ол кісінің ең жақыны да менмін (Б.Мұқаев). Алынған сөйлемдердегі бұл, осы деген есімдіктер жақындағы кісіні нұсқағандықты білдірсе, ол деген есімдік қашығырақдағы, алысырақтағы кісіге сілтегендікті білдіреді. Дегенмен алғашқы екі сөйлемдегі бұл, осы есімдіктерінің мағыналары да бірдей емес, олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, осы дегеннің мағынасы нақтылау, конкретті болса, бұл дегеннің мағынасы одан гөрі жалпылау болып келеді. Ал ол есімдігінің мағынасы одан да жалпы болады. Демек, сілтеу есімдіктерінің мағыналық жағынан ерекшеліктері болатыны байқалады.

Сұрау есімдіктері

Сұрау есімдіктеріне кім? не? қай? қайсы? қандай? қалап? қайда? қайдан? неше? нешінші? қашан? қанша? қаншасы? сөздері жатады. Мысалы, Қасың қандай, қарақат көзің қандай, күлкің қандай, шарапат сезім қандай! Қуанатын балаша кезің қандай, өзің қандай, жаныма сөзің балдай (Ш.Сариев). Өмірдің сәні не сен болмасаң, әнім боп шырқайсың сен қашан? (Е.Ибрахим). Ай нұрын бізге шашқандай, Жанарың қайда қадалған (Қ.Қазыбеков). Бұл сұрау есімдіктерінің ішіндегі заттың, нәрсенің атына қатысты қойылатын кім? не? сұрау есімдіктері субстантивтік есімдіктер болып, ал заттың, нәрсенің әр түрлі белгісіне, сипатына қатысты қай? қандай? қанша? неше? нешінші? қайсы? қалай? қайда? қайдан? қашан? сұрау есімдіктері атрибутивтік есімдіктер деп бөлінеді.

Есімдік сұрауларын мынадай тұрғыда жіктеп беруге болады: 1) жіктеу есімдіктеріне кім? сұрауының септелген, көптелген түрлері; 2) сілтеу есімдіктерінің сұрауларына - қай? қайсы? сұраулары, септелген кім? және тәуелді тұлғалы не?

сұраулары; 3) өздік есімдік сұрауларына - кім? кімдер? және оның септелген нұсқалары; 4) жалпылау есімдіктерінің сұраулары -кім? кімдер? сөздерінің септелген тұлғалары мен қай? қандай? сұраулары; 5) белгісіздік есімдіктерінің сұраулары - кім? не? сұрауларының септелген, тәуелденген түрлері, қашан? қалай? қандай? қайда? неше? сұраулары; 6) болымсыздық есімдіктерінің сұраулары белгісіздік есімдіктерінің сұрауларымен бірдей.

Сұрау есімдіктеріның кейбір түрлері көптеледі, септеледі, жіктеледі және тәуелденеді. Әсіресе олардың ішінен кім? не? қайсы? нешеу? деген сұрау есімдіктері септеліп те, тәуелденіп те, көптеліп те, жіктеліп те қолданыла береді.

Сұрау есімдіктерінің ішінде кім? не? немене? қайсы? есімдіктері көптеледі. Мәселен, Олар кім<дер? (С.Бақбергенов).

Сұрау есімдіктерінің біразы тәуелденіп те қолданылады. Тәуелденетін сұрау есімдіктерінің қатарын кім? не? немене? неше? қайсы? қанша? қандай? қайда? қайтті? есімдіктері құрайды. Мысалы, Әйел деп бөлектей беретіндері несі екен? (Б.Майлин).

Сұрау есімдіктерінің тәуелдену үлгісі:

	жекеше:		**көпше:**	
І жақ	Кімім?	Қайсым?	Кіміміз?	Қайсымыз?
	Нем?	Нешеуім?	Неміз?	Нешеуіміз?
ІІ жақ	Кімің?	Қайсың?	Кімдерің?	Қайсыларың?
	Нең?	Нешеуің?	Нелерің?	Нешеулерің?
	Кіміңіз?	Қайсыңыз?	Кімдеріңіз?	Қайсыларыңыз?
	Неңіз?	Нешеуіңіз?	Нелеріңіз?	Нешеулеріңіз?
ІІІ жақ	Кімі?	Қайсысы?	Кімдері?	Қайсысы?
	Несі?	Нешеуі?	Нелері?	Нешеуі?
				Қайсылары?

Жіктелетін сұрау есімдіктеріне кім? не? қандай? қалай? қанша? нешінші? қайсы? қайтеді? қайда? Есімдіктері жатады. Мысалы, -Ой, Зылиха Алимін, қайдасың? (Б.Майлин). «Апырау, қайтем? Қалай құтқарам?!»-деп, шермек тістеніп, бұлдырлаған ойын бір жерге жиып қорыта алмай бірсыпыра

уақыт жатты. Қайтесің, қатын, біттік!-деп, Сейпен солқылдап жылап жіберді.

Кім? не? қайсы? неше? нешеу? қанша? немене? қалай? қандай? қайтеді? есімдіктері септеледі. Мәселен, -Шаражан, не деп кетті ағаң? Атаң неге ренжіді?-деді (Ш.Жиенқұлова). Мен неден аздым? (Б.Майлин). -Қайным-ау, нені жаздыр дейсіңдер? -Бұл кімнің суреті?-деп сұрасаң: -Бұл Бекберген отағасының суреті ғой,- дейді (Б.Майлин). Алынған сөйлемдегі есімдіктер ілік, барыс, табыс, шығыс септіктерінің қосымшасын қабылдап тұр.

Өздік есімдіктері

Қазақ тілінде өздік есімдіктеріне тәуелдік жалғауларынсыз қолданылмайтын өз түбірінен тараған сөздер жатады. Олар мына сөздер: өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріміз, өздеріңіз, өздері. Мысалы, Өзімнің өмір жолыма өкінбесем де, халық сенген, партия аманат еткен қызмет мінсіз болды дей алмаймын (Д.Қонаев). Өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма (мақал). Шариғатта: жақсылық жасағанда да өзіне жасайды, жамандық жасағанда да өзіңе жасайды дейтін қағида бар (Д.Қонаев). Берілген мысалдардағы өзімнің есімдігі сөйлеушіні, өзі есімдігі тыңдаушыны, өзіне есімдігі бөгде кісіні сөйлемдегі басқа құбылыстардан бөліп тұр.

2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында» өздік есімдіктерге былайша анықтама берілген: «Өздік есімдіктері сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер» .

Өздік есімдіктері тәуелдеулі түрде қолданылатындықтан, тәуелдіктің *-нікі, -дікі* формасында да жұмсала береді. Өздік есімдіктеріне жалғанған тәуелдік жалғаулары кейде түсіп қалып та, толық сақталып та қолданылады. Мысалы, Оқытып, өз қолымнан тәрбиелеп жүрген қаншама балаларым бар, оларды қалай тастап кетпекпін? (Б.Майлин). Жылдар бойы сен өз ағайын туғандарың үшін қорқыныш болып өмір сүрдің (Б.Мұқаев). Өз теңіне қосылған адамның арманы бар ма екен?-деп жылайды (Б.Майлин). Бұл сөйлемдердегі өз сөздері «өзімнің», «өзіңнің», «өзінің» деген толық түрінде тұрған жоқ.

Көбінесе өз сөзі өзінен кейін тіркесетін ілік септік қосымшаларын толық сақтап қолданылады. Мысалы, Өзінің бүлдіріп жатқанымен жұмысы да жоқ (Б.Майлин). 1965-1966 жылдары мен өзімнің соңғы шет елдік гастрольдік сапарымды аяқтадым (Ш.Жиенқұлова). Адам өзінің жанын ұсақ уайым, болымсыз қам-қарекеттің дертімен былғанудан сақтауы керек (М.Әуезов).

Өздік есімдіктері септеледі. Өздік есімдіктері тәуелденген зат есімдерше септеледі.

Атау	өзім - балам
Ілік	өзімнің - баламның
Барыс	өзіме - балама
Табыс	өзімді - баламды
Жатыс	өзімде - баламда
Шығыс	өзімнен - баламнан
Көмектес	өзіммен - баламмен

Өздік есімдіктеріне жіктік жалғаулары жалғанады. Мысалы,

I	өзіммін	өзімізбіз
II	өзімсің	өзімізсіңдер
	өзімсіз	өзімізсіздер
III	өзі	өздері

Белгісіздік есімдіктері

Белгісіздік есімдіктері деп заттар мен құбылыстарды анық ашып айтпай, белгісіз мәнде айтылатын сөздерді айтамыз. Мысалы, Біреу тойып секіреді, Біреу тоңып секіреді (мақал). Бүгінде ғой кейбіреудің кінәмшіл, кекшіл, «шыбық тимес шыңқ етер» болып, үлкен сөйлесе де, кіші сөйлесе де бастарына қаны тепшіп шыға келетіні (Ш.Жиенқұлова).

Белгісіздік есімдіктері көбінесе бір, әр, әлде сөздерінің басқа есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады. Белгісіздік есімдіктеріне біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше,

әркім, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдеқайдан, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдене т.б.

Белгісіздік есімдіктерінің ездеріне тән морфологиялық түрлену жүйесі жоқ. Сол сияқты олардың өздеріне ғана тән синтаксистік қызметтері де жоқ. Олардың шығу тегі жағынан қандай сөздер екеніне, қандай сөз табымен тіркесуіне, қолданылуына орай әр түрлі сөз таптарына бейім келеді. Сондықтан олардың морфологиялық түрлену жүйесі мен сөйлемдегі қызметтері де соларға сәйкес болып отырады. Мысалы, Біреулер жайраңдап кіріп жабыңқы, біреулер жабыңқы кіріп, жайраңдап шығып жатыр (Ғ.Мұстафин). Алынған сөйлемде біреулер есімдігі зат есімнің орнына қолданылған, сондықтан ол зат есім сияқты көптеліп, сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалып тұр. Белгісіздік есімдіктері жіктік жалғауларын қабылдамайды. Белгісіздік есімдіктерінің бәрі бірдей көптелмейді. Көптік жалғаулары тек біреу, бірнәрсе, бірдеңе, әлдене, әлдекім, әркім, кейбіреу сияқты есімдіктерге ғана жалғанады. Мысалы, Көзіме әлденелер елестеді (Б.Майлин). Атырау мен Алтай, Қаратау мен Қостанай даласына дейін созылып жатқан ұлан – байтақ жерді жылына бір рет аралап шығу, әлдекімдер айтып жүргендей, бой жазып, сейіл құру емес (Д.Қонаев). Мен ешнәрсе істей алмаймын дегенді әлдекімдер жиі айта береді. Бұл мүлдем қате (С.М.Киров). Шамам келгенінше ешкіммен ренжіспеуге тырысатынмын, бірақ мені кейбіреулер, аяқтан шалды, өсек-аяң таратты (Ш.Жиенқұлова).

Тәуелдік жалғауы белгісіздік есімдіктерінің бәріне бірдей жалғана бермейді. Мәселен, әлде, әр, әлдекім, әлдеқай, әлдеқашан, әлдеқалай, әркім деген есімдіктерге тәуелдік жалғау жалғанбайды.

Белгісіздік есімдіктерінің басқа түрлері оңаша және ортақ тәуелдік жалғауларын қабылдай береді. Мысалы, біреуім, біреуің, кейбіреуің т.б.

Белгісіздік есімдіктері - тілде бертін пайда болған сөздер.

Бір есімдігі бір сан есімінен пайда болса, біреу сөзі бір сөзі мен *-еу* қосымшасынан жасалған.

Әлде сөзі араб тілінен ауысқан дейтін пікірлер бар. Есімдіктер тарихы туралы еңбек жазған А.Ибатов әлде есімдігінің шығу тегі жөнінде былай дейді: «Әлде есімдігі араб тіліндегі іллә сөзінің алғы і дыбысының ә дыбысына және екінші л дыбысының д дыбысына алмасып қолданылуы негізінде пайда болған. Әлде араб тілінде «если не, исключая, кроме» деген мағыналарда қолданылады» .

Болымсыздық есімдіктері

Бұл топқа жататын есімдіктер болымсыздық мағынада қолданылады. Болымсыздық есімдіктері көбінесе еш деген сөзбен кейбір есімдіктердің тіркесуі негізінде жасалады. Яғни, еш сөзі басқа болымсыздық есімдігін жасауға негіз болады. Ал еш сөзінің өзі жеке қолданылмайды, тек өте сирек жағдайдағана қолданылады. Мәселен, Ештен кеш жақсы (мақал).

Болымсыздық есімдіктеріне еш, ешкім, ештеңе (ештеме), ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы т.б. бұлардан басқа бір де бір, дәнеңе, түк, дым деген сөздер жатады.

Көптік жалғауы тәуелдік жалғауларымен бірге жүреді. Мысалы, ештемелері, дәнеңелері, ешқайсылары, түктері.

Тәуелдік жалғаулары болымсыздық есімдіктерінің бәріне жалғана бермейді. Жекеше түрдегі ешкім, ештеңе, ешнәрсе, дәнеңе, түк есімдіктері тәуелденеді. Мысалы, - Балам-ау, мен гастрольде жүрген кісімін, жүк затымнан басқа ұстап жүрген дәнемем жоқ, ұшарымды жел, қонарымды сай білетін менен осыншама адамды риза етерлік не қауқар талап етесің? (Ш.Жиенқулова).

Субстантивтік ешкім, ештеңе, ешнәрсе, дәнеңе есімдіктері жекеше түрде тұрғанда ғана септеледі, көптік жалғауы жалғанғанда септелмейді.Ал тәуелденіп барып жекеше, көпше түрде де септеледі.

Болымсыздық есімдіктері тікелей жіктелмейді.

Болымсыздық есімдіктері үш түрлі тәсіл арқылы жасалады:

1. Лексика-семантикалық тәсіл
2. Морфологиялық тәсіл
3. Синтаксистік тәсіл.

Лексикалық тәсіл арқылы жасалған болымсыздық есімдіктеріне түк, дым есімдіктері мен парсы тілінен енген еш сөзі жатады.

Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған болымсыздық есімдіктерге есімдіктердің басқа түрлерімен еш қосымшасының бірігуі арқылы жасалған ешкім, ештеңе, ешнәрсе, ешқайсысы, ешқашан, ешбір есімдіктері болып табылады.

Синтаксистік тәсіл арқылы жасапған болымсыздық есімдікгеріне «бір» сөзі мен «де» шылауының тіркесінен жасалған бір де, бір де бір есімдіктері жатады.

Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері деп көп заттар мен құбылыстарды жинақтап айту мағынасында қолданылатын сөздерді айтамыз. Бұл топтағы есімдіктерге бәрі, барлық, барша, күллі, түгел, бүкіл деген есімдіктер жатады. Жалпылау есімдіктері екі не одан да көп заттардың жиынтығын жалпылай көрсететін сөздер болып келеді. Мәселен, «Правдада» барша артистер ойына талдау жасалынып, қатты мақталынып, ал актер Жандарбеков күлкісі «Бекежандай дала тағысының психологиясын аша түсуге кілт болды» - деп жазыпты (Ш.Жиенқұлова). Бір қызық нәрсе, үкімет наградаларын алған біздердің қуанышымызға бүкіл Қазақстан қуанып, Москваға жер-жерден телеграммалар жаудырыпты (Бұл да). Құдай-ау, саяжай дейсіз бе, самолет, машина дейсіз бе, тіпті үстіңізден шыбын ұшырмауға бар күзет дейсіз бе - бәрі бар (Д.Қонаев).

Жалпылау есімдіктерінің тарихы туралы А.Ибатов: «Жалпылау есімдіктері - түгел дерлік бертін пайда болған сөздер. Дәлірек айтқанда, жалпылау есімдіктері - түгелдей өзге сөз таптарына тән сөздерден, яғни жеке сөздердің өзіне тән лексикалық мағыналарынан айшақтай келе, белгілі бір заттар мен құбылыстарды топтай, жинақтай көрсету дәрежесіне түсу нәтижесінде келіп пайда болған сөздер»-дейді.

Жалпылау есімдіктерінің барлығына бірдей тәуелдік жалғауы қосыла бермейді. Бұл топтағы есімдіктердің ішінен бар, барлық, барша, түгел есімдіктері ғана тәуелденеді. Мысалы, - Кешегі Қазақстан К(б)П Өлкелік комитетінің

қаулысын баршаңыз оқып құлақтанған шығарсыздар (ШЖиенқұлова). Ал бүкіл, күллі, тамам есімдіктері тәуелденбейді. Жалпылау есімдіктері субстантивтенгенде тәуелденіп барып септеледі. Мысалы, Баршаңызды Наурыз мерекесімен құттықтаймын дегендегі баршаңызды сөзі тәуелденіп барып септеліп тұр.

Жіктік жалғаулары жалпылау есімдіктеріне жалғанбайды.

Бүкіл, күллі, тамам есімдіктері тек қана атрибутивтік мәнде жұмсалады.

Кейбір жалпылау есімдіктерінің жасалу жолдары туралы қысқаша мына жайларды айтуға болады:

1. Бәрі деген жалпылау есімдігі бар есімдігіне III жақ тәуелдік жалғауын (- і) қосу арқылы жасалған. Қазақ тілінің үндестік заңына сай бұл бары болу керек еді, бірақ олай емес бәрі болып кездеседі. Мүмкін ерте кезде бары түрінде қолданылуы да ықгимап.

2. Барлық есімдігі бар сөзі мен *-лық* қосымшасының қосылуы арқылы жасалған.

3. Барша есімдігі бар сөзі мен *-ша* қосымшысының жалғануы арқылы жасалған.

4. Күллі, тамам есімдіктері араб тілінен ауысқан дейтін пікірлер бар. Мәселен, күллі есімдігі күллүн араб сөзінен ауысса, тамам сөзі тамамун сөзінен пайда болған.

Есімдіктер жалпы мағыналы сөздер болғанымен, ол мағыналар зат және заттық белгі деген ұғымдармен байланысты. Дәлірек айтсақ, есімдіктер зат пен заттық белгіні білдіріп, солардың жалпылама түрдегі атауы болып саналады. Сондықтан есімдіктер, алдымен, заттық ұғымдағы сөздер, субстантивтік есімдіктер, екіншіден, заттық белгісі ұғымындағы сөздер, атрибутивтік есімдіктер болып екіге бөлінеді. Осылай екі салаға бөлінуі есімдіктердің түрленуінде де негізгі қызмет атқарады.

Есімдіктер түрленетін сөздердің тобына жатады. Субстантивтік есімдіктер зат есімдер сияқты көптеліп те, септеліп те, тәуелденіп те, жіктеліп те жұмсала береді. Ал атрибутивтік есімдіктер өз мағынасында жұмсалғанда грамматикалық жағынан түрленбейді.

Сондықтан есімдіктердің бөріне бірдей ортақ деп танитындай өзіндік морфологиялық түрлену ерекшеліктері жоқ.

Есімдіктің синтаксистік қызметі

Есімдіктер басқа да сөз таптарының орнына жүретіндіктен, ол сөйлемнің барлық мүшелері ретінде қызмет атқарады.

Есімдіктің бастауыш қызметінде жұмсалуы. Есімдіктердің барлығына жуығы бастауыш қызметін атқара алады. Мәселен, Мен қазақ қыздарына қайран қалам, жанары жаны жаздай жайраңдаған (И.Сапарбаев). Өзге емес, өзім айтам өз жайымды.(Қ. Аманжолов). Қарағым-ай, еліктер осылай жосады екен, жолыңнан сені кім тосады екен (Ш.Сариев). Сен сияқты мені ешкім еркелетіп, сен сияқты мені ешкім түсінбеген (М.Шаханов).

Есімдіктің баяндауыш қызметінде жұмсалуы, көбінесе жіктеу есімдіктер сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Есімдіктердің кейбір түрлері дара, күрделі бастауыш қызметінде жұмсалады. Сондай-ақ бұл қызметте сілтеу, сұрау есімдіктері де кездеседі. Мысалы, Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі - осы (М.Әуезов). Сіз халықтың кімі едіңіз? (Бұл да).

Есімдіктің толықтауыш қызметінде жұмсалуы. Есімдіктердің бәрі сөйлемде толықтауыш мүше қызметін атқара береді. Есімдіктер қимыл-әрекеттің тура және жанама объектісін білдіріп, тура және жанама толықтауыш болады. Мысалы, Өзін сыйлай білмеу - бақытсыздық, өзіне шексіз риза болу - ақымақтық (Г.Мопоссан). Соның қайсысын хикмет көресің (Абай).

Есімдіктің анықтауыш қызметінде жұмсалуы. Анықтауыш болатын есімдіктерге сілтеу, сұрау, жіктеу, жалпылау есімдіктері жатады. Мәселен, Мына қыз мені сүріндірді, енді айтпасыңа болмас, деді (Ә.Сәрсенбаев). Сіңілім, мына қағазды ал да, біздің үйге бар (Ә.Әбішов).

Есімдіктің пысықтауыш қызметінде жұмсалуы. Пысықтауыш қызметін осы, сол деген сілтеу есімдіктері, қашан? қалай? неліктпен? сұрау есімдіктері атқара алады.

Мысалы, Сендермен қашаннан аға-інілі болғанмын (Жамбыл). Бұл жақта жерден астық алу аптын алудан қиын (Ғ.Мұстафин).

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Есімдіктің зерттелуі жайлы мәлімет беріңдер.
2. Есімдіктің жалпы сипаттамасын түсіндіріңдер.
3. Есімдіктің лексика-семантикалық сипаты дегенде не түсінесіңдер?
4. Есімдіктің синтаксистік қызметін көркем шығармалардан мысалдар топтау арқылы дәлелдеңдер.
5. Есімдіктің мағыналық топтарына сызбалар сызып, сипатын анықтаңдар.

ЕТІСТІКТІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Етістік түбірінің грамматикалық ерекшеліктері

Етістік категорияларының ерекшеліктерін айқындамас бұрын соларға негіз болатын тұлға - етістік түбірінің ерекшеліктерін анықтап алу қажет, өйткені, кейінірек көрсетілгендей, етістік түбірдің түрленуінде, сөйлемде қолданылуында басқа сөз таптарынан ерекшеліктері бар: лексикалық мағына білдірсе де, сол күйінде сөйлемде қолданыла алмайды, тікелей жіктелмейді т.б.

Қазіргі қазақ тілінде етістік - ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан және олардың ара-қатынасынан, грамматикалық категорияларының әр түрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен т.б. лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады. Етістіктің зат есім сияқты көне сөз табы екендігі, басқа сөз таптарын жасауға негіз болатындығы, яғни тарихи-генеалогиялық ерекшеліктері өз алдына бір төбе.

Ең алдымен, етістік семантикалық жағынан тілімізде қимылды, процесті, әр түрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөздер болып табылады.

Қазіргі кезде сөздерді топтастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық түрлену жүйесі, синтаксистік қызметі сияқты үш түрлі ұстанымының белгілері етістік деп танылып жүрген сөздердің өн бойынан айқын байқалады да солардың негізінде етістіктің жеке сөз табы болып бөлінуі ешбір күмән тудырмайды.

Етістіктер басқа да мағыналы сөз таптары сияқты түбір күйінде де, өзіне тән әр түрлі грамматикалық тұлғаларда да қолданылады деп асығыс айтып жүрміз. Бірақ, етістіктің осындай түр-тұлғаларының қолданылуында бірден сырт көзге іліне бермейтін ерекшеліктер бар екенін көрсеткен жөн. Ең алдымен, ол ерекшелік етістіктің түбір тұлғасының лексика-грамматикалық сипатымен байланысты. Қазіргі қазақ әдеби тілінде етістіктің түбір тұлғасы (негізгі түбір болсын, туынды түбір болсын) сырт қарағанда етістіктің кейбір грамматикалық категорияларының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасымен сәйкес келеді. Бірден ескертетін жайт, егер бұйрық райдың (2-жақ) формасы бірінші және үшінші жақ тұлғаларын жасауға негіз тұлға болса, онда ол 2-жақ бұл парадигма жүйесіне кірмеуі керек, яғни бір грамматикалық түрлену жүйесінің түрлері, бір жағынан, бір-бірінен функциялық, мағыналық, тұлғалық сияқты өзіндік ерекшеліктері арқылы ажырайтын, екінші жағынан бір-бірімен тең дәрежедегі тілдік құбылыс болып саналады.

Олай болса, бір ұғымды, яғни етістіктің белгілі бір тұлғадағы грамматикалық мағынасын және оны білдіретін грамматикалық формасын бірде - етістіктің түбір тұлғасы деп, екінші бірде - бұйрық райдың жекеше, анайы екінші жақ тұлғасы деп, екі түрлі атаудың қаншалықты қажеттігі бар? Біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық (екінші, анайы) мағына етістік түбірге тән мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының (райының) бір грамматикалық түрі, көрінісі (бұйрық рай) бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін жалпы грамматикалық мағына етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2-жақтық,

бұйрықтық мағына - етістіктің белгілі сөздермен (сен деген бастауышпен) сөйлемде белгілі (жақгық, жекешелік, бұйрықтық) қарым-қатынасқа түсудің және соның негізінде белгілі тұлғада жұмсалудың нәтижесінде пайда болатын мағына. Яғни бірінші мағына толық мәнді сөз болғандықтан лексикалық мағынаның жалпылануы (жалпы грамматикалық) негізінде (сөзтабы ретінде) қалыптасқан, түбірге тән қимылды білдіру - жалпы грамматикалық мағына да, екінші - сөйлеу процесінде сен деген сөзбен байланысқа түсу нәтижесінде (субъектілік-предикаттық қатынасқа түсу нәтижесінде) пайда болатын мағына. Мысалы, қимылды білдіру етістік түбіріне тән болса, зат есім түбіріне заттық мағына, сын есім түбіріне заттың әр түрлі сынын, сапалық, қатыстық белгісін, түсін т.б. мағыналарды білдірутән болып келеді. Сөздің түбір тұлғасы білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағынасы сөз табына қарай топтаудың бір межесі болып табылады да, ол сөз сол сөз табының грамматикалық тұлғалары арқылы түрленудің нәтижесінде кейін сөйлеу процесінде пайда болатын категориялық грамматикалық мағыналармен қатар өмір сүреді. Яғни түбір тұлғаға жаңа грамматикалық форма жалғанып, оған жаңа (категориялық) грамматикалық мағына үстелгеннен түбір білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағына жоғалып кетпейді. Егер түбір тұлға білдіретін грамматикалық мағына ондайда жойылып кетсе, онда жалғанған грамматикалық тұлға сол сөз табының сөз түрлендіруші формасы емес, басқа сөз табын жасайтын сөз тудырушы немесе сөзжасам көрсеткіші болғаны, сөйтіп ол сөз басқа сөз табына ауысып кеткені, я бұл сөз табының түбір тұлғасына ондай грамматикалық мағына тән болмағаны. Ал бұл жерде етістіктің шақгық, болымсыздық, шарттылық, жақгықт.б. мағыналарды білдіретін тұлғалары түбір тұпға мағынасын өзгертіп жіберетін сөз тудырушы көрсеткіш бола алмайтыны түсінікті. Түбір тұлға білдіретін мағына мен сол сөз табының әр түрлі формалары үстелуі арқылы пайда болатын грамматикалық мағыналардың салмағы, қызметтері бірдей емес. Басқаша айтқанда, түбір мен қосымшалар морфема ретінде морфологияның объектісі болғанмен, әртүрлі лексика-грамматикалық қасиеттері арқылы

бір-бірінен ерекшеленетіні сияқты олар білдіретін грамматикалық мағына да, яғни түбірде жалпы грамматикальщ мағына да, қосымша да, жеке грамматикалық мағына да бір-бірінен ерекшеленеді.

Түбір тұлға білдіретін мағына негізгі лексикалық мағынасынан туындап, жалпылануы арқылы сол сөз табының сөз табы ретінде қалыптасқаннан кейінгі орныққан, тұрақталған грамматикалық мағынасы, сондықтан ол мағына сөздің жеке тұрғандағы түрінен байқалса, сөз табының тұлғалық мағыналары сөйлеу процесінде, ол сөздің басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде пайда болатын және белгілі грамматикалық формалар арқылы берілетін мағына болып табылады. Ол форма арнаулы грамматикалық көрсеткіштер арқылы көрінуі мүмкін немесе тілдің даму барысында грамматикалық көрсеткіштері түсіп қалып қалыптасқан я белгілі бір тұлғадағы сөздермен синтаксистік қарым-қатынасының тұрақталу нәтижесінде пайда болатын арнайы грамматикалық мағынаның көрсеткіші ретінде қалыптасқан нөлдік форма болуы мүмкін. Сондықтан нелдік форманың мән-мағынасы түбір тұлға ыңғайында емес, білдіретін мағынасы арқылы өзі енетін грамматикалық категорияның я парадигманың басқа түрлерімен салыстырыла, жіктеле қарастырылғанда ғана айқындалады. Яғни, мысалы атау тұлғаны басқа септік тұлғаларына негіз болатын түбір тұлғамен бір деп анықтау дұрыс еместігі жоғарыда айтылады, онда атау септік басқа септіктермен тең дәрежеде болмас та еді, септік категориясының бір түрі болып есептел мес те еді. Атау септіктің арнайы грамматикалық формасы болмағанмен, біржағынан, оны түбір тұлғада бөлек етіп танытатынын, екінші жағынан, сол арқылы басқа септіктүрлерімен белгілі дәрежеде бірлікте тұрып, іштей олардан сараланyға негіз болатын субстанттық мағынасы, сөйлемнің предикатымен жақтық жағынан қиыса байланысып, грамматикалық субъекті сияқты атқаратын қызметі бар екенін ескермеуге болмайды. Атау септіктің бұл ерекшелігі басқа сөз таптарының сөйлем ішінде атау тұлғада тұрып, бастауыш қызметін атқарып, субстантивтенуінен айқын көрінеді.

Сондай-ақ етістік түбірдің грамматикаларда көрсетіліп жүрген бір ерекшелігі - олардың тікелей жіктелмеуі. Ал бұйрық райдың 2-жағы - жіктелу Үлгісінің бір көрінісі, яғни сөйлеу процесі нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағына. Міне, осы айтылғандардың барлығы етістіктің түбір тұлғасы мен 2-жақ бұйрық тұлғасы бір форма емес өкендігін, тек сырттай сәйкес келетіндігін, «етістіктің түбірі - бұйрық райдың 2-жағы» деген анықтаманың қате екендігін, етістіктің түбірі басқа сөз таптарының түбірлері сияқты жеке тұрып қолданыла алмайтынын көрсетеді. И.Е.Мамановтың: «Түркі тілдерінде түбір етістіктер ешқашан басқа сөздермен тіркеске енбейді де, сол күйінде дербес сейлем мүшесі бола алмайды. Етістіктер есімше, көсемше, қимыл есімі, рай формаларымен түрленгенде басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа еніп,сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады»,-деген пікірінің өте дұрыс екенін байқаймыз.

Етістіктің түбір тұлғасы қимылды, іс-әрекетті, процесті т.б. білдіреді және ол - етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі, негізгі жалпы грамматикалық мағынасы, ал бұйрық райдың 2-жағы сол етістіктің сөйлеу процесінде басқа сөздермен карым-катынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын, грамматикалық нөлдік форма аркылы көрінетін түрлену мағынасы, яғни категориялық мағынасы болып табылады.

Ал енді қазақ тілінде бұйрық райдың2-жақанайы түрінің сырт тұлғасы әуелден-ақ етістіктің түбір тұлғасымен бірден болған ба? Деген заңды сұрақ туады. Оған жауап беру үшін бұйрық райдыңжаққа қарай жіктелу ретін еске түсірейік.

Жекеше	**Көпше**
Мен бар-айын, кел-ейін	Біз бар-айық, кел-ейік
Сен бар-, кел-	Сендер бар-ыңдар, кел- іңдер
Сіз бар-ыңыз, кел-іңіз	Сіздер бар-ыңыздар, келіңіздер
Ол бар-сын, кел-сін	Олар бар-сын, кел-сін

Әрине, 1 және 3-жақтарда бұйрықтық мағына 2-жақтағыдай емес. Ол түсінікті де, өйткені адам өзіне-өзі (1-жақ) немесе көрінбеген бөгде біреуге (3-жақ) тыңдап отырған

адамға (2-жақ) қаратылған сияқты толық мәнде бұйыра алмайды. Сол ерекшелігіне және 1 мен 3-жақтың қосымша тұлғасына қарап, кейбір ғалымдар, 1 және 3-жақтарда бұйрық рай жүйесінен бөліп қарау керек деген де пікір айтқан. Бірақ бұлардың ондай мағына ерекшеліктері оларды бөлек-бөлек грамматикалық категорияның я парадигманың керсеткіші деуге негіз бола алмайды.

Осы жүйедегі 2-жақтың жекеше, сыпайы түрі мен 2-жақтың көпше анайы және сыпайы түрінің тұлғаларына назар аударайық. Олардың қосымшалары: 2-жақ жекеше сыпайы түрінде -ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз, көпше анайы түрінде -ңдар, -ңдер, -ыңцар, -іңдер, сыпайы: -ңыздар, ңіздер, ыңыздар, іңіздер. Бұл қосымшаларды -ың (-ің, -ң), -ыз(-із) -ың (+ін. +ң), -дар -(дер), -ың (-ің, -ң) ыз(із)+дар(дер) көптік ұғымның көрсеткіші, -ыз{із)-сыпайылық мәнді білдіруші, ал ~ың, -ің, -ң-екінші жақгың көрсеткіші. Демек, бұйрықтық және 2-жақтық (категориялық) грамматикалық мағынаны білдіретін арнайы грамматикалық форма, яғни, етістіктіңтүбір тулғасынан өзге екенін көрсететін грамматикалық көрсеткіші осы болған. Ол жеке тұрғанда (2-жақ анайы, жекеше түрінде) түсіп қапып қолданылған да, бұл форма сырттай ғана етістіктіңтүбір тұлғасымен ұқсас болып кеткен, ал басқа қосымшалармен қабаттасып келгенде, оның құрамында сақталып қалған. Бұл процесс кейінгі кездің жемісі емес, ертеректе болған, сөйтіп, бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрінің мағынасы сақталып, грамматикалық формасы түсіп қалып, нөлдік тұлғада жұмсалуы, яғни етістіктің түбір тұлғасымен сырттай сәйкес келуі тұрақты нормаға айналған.

Сөйтіп, біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді, сондықтан оларды ажырата білу керек, екіншіден етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағына қимыл білдіргенмен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, кесемше, шақ, рай т.б.) жамылып және сол тұлғалар негізінде ғана жіктеліп барып жұмсалады. Тек қана қазіргі тілімізде отыр, тұр, жатыр

(жат), жүр деген қалып етістіктері тікепей жіктеліп, қолданылады. Қалып етістіктері тек тікелей жіктеле апу жағынан ғана емес, басқа да сипаттары жағынан ерекшеленеді: 3-жіктік тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы сәйкес келеді: ол отыр - сен отыр, ол тұр - сен тұр, ол жүр - сен жүр, тек жатыр етістігі ғана 3-жақта ол жатыр болып, бұйрық райдың 2-жағында сен жат болып беріледі.

Сондай-ақ қалып етістіктері есімдерше, етістікту тұғаларының ішінде есімдерше жіктеледі.

Мен отырмын, тұрмын, жатырмын, жүрмін, көрермін;

Сен отырсың, тұрсың, жатырсың, жүрсің, көрерсің;

Сіз отырсыз, тұрсыз, жатырсыз, жүрсіз, көрерсіз;

Ол отыр, тұр, жатыр, жүр, көрер.

Біз отырмыз, тұрмыз, жатырмыз, жүрміз, көрерміз;

Сендер отырсыңдар, тұрсыңдар, жатырсыңдар, жүрсіңдер, көрерсіңдер;

Сіздер отырсыздар, тұрсыздар, жатырсыздар, жүрсіздер, көрерсіздер;

Олар отыр, жатыр, тұр, жүр, көрер.

Қалып етістікгерінің мұндай ерекшеліктері олардың түбір тұлға емес екендігінен болып отыр. Қазіргі кезде түбір деп айтылып жүргенмен, етістіктің белгілі формалары негізінде қалыптасқан да, онда сол формалардың грамматикалық қасиеті қалып қойған. Жатыр етістігінің жат түрінде қолданылуы оның түбір емес екендігін көрсетеді. Сондай-ақ отыр етістігі ол тұр - ол турар тұлғасынан қалыптасқандығы белгілі. Ал тұр мен жүр де, етістіктің тұрұр және жүрүр тұлғаларынан қалыптасқан, кейін соңғы -ұр, -үр қосымшасы түсіп қалғанмен, оның грамматикалық қасиеті, процессуальдық мәні сақталып қалудың нәтижесінде қалып етістіктері осындай ерекшеліктерге, яғни әрі түбір тұлға ретінде 2-жақ бұйрық рай тұлғасымен омоним форма құрап, әрі процессуальдық мәні сақталып, осы шақтың (нақ осы шақгың) негізгі грамматикалық көрсеткіші болып саналып, 3-жақ жіктік жалғау тұлғасында, нөлдік формада жұмсалуға ие болған.

Сонда қалып етістігінің осы мәндері бір тұлғадағы ерекшеліктері ме? Деген сұрақ туады.

Қалып етістіктерінің осындай әр түрлі мәндері бар бір ғана тұлғасының көрінісі емес. Мысалы, тұр - түбір десек, сен тұр - бүйрық райдың 2-жағы (жекеше, анайы түрі), ол тұр - 3-жақта жіктеліп қолданылған, бұлардың мағыналары қандай әр түрлі болса, формалары да сондай әр түрлі, түбірден басқасы - әр грамматикалық категорияның нөлдік формалары.

Негізгі және көмекші етістіктер

Толық лексикалық мағыналы етістіктер жетекші етістіктер деп аталады. Мысалы, Кешкі алты боп қалды, қонақ үйдің фоэсіне жинала бастадық (Ш.Жиенқу.лова). Мү.ндағы жетекші етістік жиналу лексикапық мағынаны білдіріп түр, ал осы тіркестегі баста етістігінің тойды баста дегендегі қолданыстағы бастау мағынасы жоқ, сондықтан оның лексикалық мағынасы болмағандықтан, ол жетекші етістікемес, грамматикалық мәндегі көмекші етістік болады.

Жетекші етістіктің барлығы сөйлемде субъектінің іс-әрекетін білдіреді. Мысалы, -Әже, мынау өзіміздің ... - деп ұмтыла бергенде Балзия оның иығынан тартып қалған (СЖүнісов).

Жетекші етістікке тән бірнеше белгілер бар:

1. Жетекші етістіктің міндетті түрде лексикалық мағынасының болуы қажет.

2. Жетекші етістік көмекші етістіктен бұрын тұруы керек, Бұл орын тәртібі үнемі тұрақты болып келеді.

Тіліміздігі кез-келген лексикалық мағынасы бар етістіктің бәрі бірдей жетекші етістік бола бермейді. Мысалы, келе берді, айта салды, кездесе қалды, жылап жіберді, оқып шықты, жазып бітті т.б.

Грамматикалық дамудың нәтижесінде өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке көшкен етістік түрі көмекші етістіктер деп аталады. Тілде көмекші етістіктердің саны аса көп емес. Бірақ олардың тілде атқаратын қызметі орасан зор. Қазақ тілінде отызға тарта көмекші етістіктер бар. Олар: ал, баста, бар, бер, біл, бақ, де, еді, ет, екен, емес, жазда, жатыр, жүр, тұр, отыр, кел, кет, қой, көр, жібер, жөнел, сал, түс, таста, қал, шық, қара, ет, біт.

Көмекші етістіктердің өзіне тән бір ерекшелігі - көмекші етістіктердің лексикапық мағынасыныңболмауы. Мысалы, Екі көзі көкпеңбек, беті-мүрны қызарған, сағал сары Баймағамбет Абайдың мінезіне күліп жіберді (М.Әуезов). Берілген сөйлемдегі жібер көмекші етістігі қолданылған, ол етістікте ешқандай лексикалық мағына жоқ, күліп жіберді дегенде әңгіме күлу туралы болып отыр.

Профессор А.Ысқақов көмекші етістіктердің қызметі туралы былай дейді: «Олардың көмегі арқасында, мағыналары қаншалықты олқы бола тұрса да, мағынасын толық дербес сөз арқылы білдіре алмайтын неше алуан өте нәзік семантикалық, грамматикалық абстракты мағыналар жасалып я беріліп отырады. Мысалы, шөлдеп кеттім және шөлдеп қалдым, серпіп жіберді және серпіп тастады... деген етістіктердің бірі-бірінен ерекшеленетін нәзік реңктерін тек көмекші етістіктердің жетекші етістіктерге үстейтін мағыналарынан ажыратуға болады» [63,246].

Көмекші етістіктер жетекші етістікке көсемше, есімше жұрнақтары арқылы тіркеседі. Мысалы, кел + е қойды, кет + іп қалды, кел + ген еді, келе + тін болды, кел + се екен, кел + іп алды т.б.

Кейде бір жетекші етістікке бірнеше көмекші етістікгер тіркесе береді. Мәселен, біткелі қалып еді т.б.

Көмекші етістікгердің қолданылу аясы, жетекші етістікке тіркескенде оларға қосатын мағынасы мен түрлену сипаты жағынан бәрінде бірдей емес. Сондықган олардың өзі іштей толымды және толымсыз көмекші етістіктер болып екіге бөлінеді.

Толымды көмекші етістіктердің қатарына келесілер жатады: ал, бер, бар, баста, бақ, бол, біт, жатыр, жібер, жүр, жөнел, кел, кет, көр, қал, қара, қой, таста, түр, отыр, өт, сал, шық, де, қыл.

Толымды көмекші етістіктер әрі жетекші, әрі көмекші қызмегте жұмсала алады. Мысалы, Ол жұдырықпен қойып қалды, олардан қалып қойды дегендегі алдыңғы тіркесте қал етістігі көмекші, екінші тіркесте жетекші болып тұр-

Ал толымсыз көмекші етістіктерге е, ет, жазда, де сөздері жатады. Олар тілде үнемі көмекшілік қызметте ғана қолданылады. Көмекші етістік-тердің бәрі категориялар мағынасын білдіріп, категориялардың анапитикалық формаларын жасауға қатысады.

Етістіктің лексика-грамматикалық категориялары

Тілдің грамматикалық жүйесінде сөз таптарының морфологиялық құрамына қарай түбір және әр түрлі грамматикалық түр-тұлғаларға бөлінуі етістікке деген құбылыс. Етістік- қазіргі кезде түбір күйінде қолданылмайтын, түбір тұлға және неше тұрлі грамматикалық мағынаның тұлғалық көрсеткіштері мен формалардың түрлену жүйесінің бірлігінен тұратын сөз табы.

Етістік - ең күрделі сөз табы ретінде субьекгінің іс-әрекетін ғана емес, табиғатта, қоғамда, жалпы өмірде ұшырасатын жайлардың және адамның ой-санасы арқылы туған түрлі амал-әрекет, іс-қимыл, жай-күй сияқты процестерді білдіретін сөз табы екендігі оның лексика-грамматикалық қасиеттері мен семантикалық ерекшеліктерінен, түбір тұлғасы мен грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан және олардың өзара арақатынасы мен грамматикалық категорияларыныңәр түрлілігінен, қолдану аясы мен сөйлемде атқаратын қызметінен айқын байқалады. Осы қасиеттеріне байланысты етістік категориялары, бір жағынан, лексика-грамматикалық, екінші жағынан, таза грамматикапық, үшінші жағынан, өзара жеке грамматикалық категория жасауға (шақ категориясын) негіз болатын формалары (есімше, көсемше) немесе бүтіндей басқа сөз табының грамматикалық сипатын ғана көрсететін айрықша түрі (тұйық етістік) тұрғысында қарастырылып, әр категориялары бір-бірінен грамматикалық және семантикалық сипаттары жағынан ажыратылады да, олар тұлғалану және түрлену ерекшеліктеріне орай және білдіретін мағыналарына қарай түр-түрге бөлінеді. Осыдан келіп етістіктің әр категориясы өзіндік сипатқа ие болады.

Сабақтылық-салттылық категориясы

Бүкіл етістікті қамтитын салттылық, сабақтылық мән әрі лексикаға, әрі грамматикаға қатысты категория ретінде түркологияда зерттелуі жағынан аса дами қоймаған мәселелердің бірі. Етістіктің салт етістік, сабақты етістік деп бөлінетін түрлері ертеден айтылғанмен, олар етістіктің салттылық-сабақтылық категориясы ретінде танылмаған. Категория ретінде салт, сабақты етістіктер арнайы зерттеудің тақырыбы болмаған. Сондықтан да ертеде шыққан түрколог ғалымдар еңбектерінде етістіктің салттылық, сабақтылық мағынасы мүлдем аталмайды. Кейінгі түрік тілдері грамматикаларының авторларының еңбектерінде етістіктің салт етістік, сабақты етістік түрлері аталады, бірақ оны етістіктіңжеке категориясы ретінде танымайды. Олар етістіктің салттылық, сабақтылық мағынасын етіс категориясының ішінде атайды. Енді бір топ ғалым-түркологтар етістіктің салттылық, сабақтылық категориясын етіс категориясынан бөліп, оның жекелігін көрсетеді. Бұл топтағы ғалымдар етістіктің салттылық, сабақтылығын жеке категория ретінде тани отырып, оның етіс категориясымен байланысы барына, салттылық, сабақтылыққа етіс жұрнақгарының әсері болатынына тоқталады. Сөйтіп, етіс көрсеткішінің етістіктің салттылық, сабақтылығын жасайтынын көрсетеді. Келесі топтағы ғалымдар етістіктің салт, сабақтылық мағынасын бөліп жеке қарағанмен, оны категория деп санамайды.

Етістік жалпы грамматикалық мағынасы жағынан нені білдірсе де және қандай тұлғада тұрса да, не сабақты, не салт мәнін білдіріп тұрады. Етістіктің бойындағы осы салттылық-сабақтылық қасиет оның әрі семантикалық сипаты, әрі етістікке ғана тән ерекшелік болып саналады. Етістікке тән салттылық пен сабақтылықты таныған ғалымдарда оны қандай категория деп атаумен байланысты әр түрлі пікір бар. Башқұрт тілінің ғалымдары сабақгы, салт етістік категориясын лексика-грамматикалық категория санаса, кей грамматика авторлары оны лексика-семантикалық категория дегенге жақындатады. Бұдан жалпы салт және сабақты етістікгер туралы

оқулықтарда белгілі дәрежеде мағлұмат беру ертеден келе жатқан дағдылы құбылыс екені байқалады. Ал қазақ тілінде алғаш жазылған Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» атты оқулығында салт етістік пен сабақгы етістіктер етістер құрамында аталып, «Сабақты етіс дейміз - еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса...»; «Салт етіс дейміз - өткен іске сабақталып, байланып тұрған еш нәрсе болмаса,...» -деген ережемен берілген. Яғни етіс ішінде қаралған.

Қазақ тіл білімінде сабақты етістік пен салт етістік етістіктің жеке семантика - синтаксистік категориясы -деп танылады.

Етістік проблемаларын қазақ тіл білімінде ең көп зерттеген ғалым -А.Қалыбаева (Хасенова), бұл ғалымның негізгі еңбектері етіс проблемасымен, етістіктің сөзжасамымен байланысты. Осы мәселелерді зерттеу үстінде ғалым сөз жоқ етістіктің салт-сабақгылық мағынасына да тоқталып отырған.

А.Қалыбаева «Етістіктің лексика-грамматикалықсипаты» атты моно-гафиясында салт, сабақгы етістіктер мәселесіне тоқтала келіп, бұл жөнінде автордың «Бүгінгі түркі тілдеріндегі сабақты және салт етістік категорияларын тек семантикалары тұрғысынан қарап қоймай, тілдің әр саласын жан-жақты қарауға тиісті лексика-грамматикалық қасиеттері тұрғысынан да қарап, оларды өзінше лексика-грамматикалық категория деп тұжырымға келу қажет болады» - деп айтқан өз сөзінен оның сабақты және салт етістіктерді лексика-грамматикалық категория қатарына жатқызғаны көрінеді. Осы еңбекте ғалым сабақты және салт етістіктерді лексика-семантикалық және грамматикалық тұтастықта алып қарауды да ұсынады. «Сабақты, салт етістіктердің объектіні керек ету, етпеуі етістіктердің лексика-семантикалық мәнімен ұштасады, ал олардың түбір тұлғада тұруы, сөйтіп тұрлаусыз мүшелерді меңгеруі грамматика саласынан танылады. Бұл сабақты, салт етістіктерді семантика мен грамматика тұтастығы тұрғысынан баяндауға мүмкіндік береді - деп есептейді. Салт етістік пен сабақты етістік ғылыми грамматикаларда «табыс септеудегі тура толықтауышқа мағынасы сабақталып тұратын етістікті сабақты етістік, ал, керісінше, табыс септеудегі тура

толықтауышқа мағынасы сабақталмай, жадағай істің өзін халді білдіретін етістіктерді салт етістік дейміз» - деген анықтама беріліп, салт, сабақтылық категориясы түбір сөзге қатысты екені және бұлардың етіс жұрнақтары арқылы бір-біріне ауысатыны айтылған.

1967 жылы Ғылым академиясының Тіл білімі институты шығарған «Қазақ тілінің грамматикасы» ғылыми оқулығында жоғарыда айтылған салт етістік пен сабақты етістіктерге берілген сипаттамаларға қоса, аздаған толықтырулар бар. Мұнда етіс жұрнақтарының ішінде ортақ етіс жұрнағының салттылық, сабақтылыққа әсер ететіні, етістік жұрнақтарының көбі етістіктің сабақты және салт мәнін беруге бейтарап болып келетіні айтылған. Сонымен бірге-ра/-ре, -сыра/-сіре, -мсыра/мсіре, -ңра/-ңре, -ура /-уре, -ай /-ей, -ырай /-ірей, -ал /-ел /-л, -ғы / -гі т.б. жұрнақтары салт етістік көрсеткіші есепті өз алдына бөліп қарау керек деп санаған да, ал -қыла / -кіле жұрнағы (шапқыла етістігінен басқа жағдайда) сабақты етістік жасайтыны айтылған. 1974 және 1991 жылдары шыққан «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) оқулықтарында салт және сабақты етістіктерге қысқаша түсінік беріле келе, екі нәрсеге көңіл белу керектігі, бірі - бір етістіктің әрі салт, әрі сабақты болып келуіне, екіншісі - салт, сабақтылық қасиеттің жалаң түбір етістіктермен қоса күрделі етістіктерге де қатысы бар екеніне назар аударылған. Ә. Төлеуовтың «Сөз таптары» деп аталатын филология факультеті студенттеріне арналған оқу құралында етістік ішкі лексика-еемантикалық мәнінің сапалық белгісіне қарай ажыратылып, ол қимыл объектілерінің түріне қарай сабақты, салт етістік болып бөлінетіні, сөйтіп етістік болмыстағы іс не әрекеттің белгілі бір объектіге сабақталып, не сабақгалмай жалаң қолданылуы арқылы өздері меңгеретін сөздерінің белгілі формада тұруын талап ететіні, сабақты етістік пен салт етістіктің қазақ тілінде формалануы жағынан (қосымша қосылуы) бір-бірінен пәлендей айырма жоқ, бірақ олардың бір-бірінен мағынасы және қызметі жағынан айырмасы барлығы айтылады. Бұл пікір алалығы түркологияда етістіктің салттылық, сабақтылық мәселесініңаз зерттелгенін көрсетсе керек.

Жалпы лингвистикада салт, сабақты етістіктерді объектілі, объектісіз қимыл деп атау қалыптасқан. Етістіктің салт, сабақтылығы тілдің грамматикалық құрылысында кең орын алатын грамматиканың теориясын дамытуда маңызы зор өзекті мәселелердің бірі екені ақиқат.

Салт, сабақгы етістік категориясының кейбір жеке тілде ғана болмаса жалпы түркологияда, соның ішінде қазақ тіл білімінде де зерттелмей келе жатқаны, осы қысқа шолудан анық көрінеді. Бұл түркі тілдерінде сапт, сабақты етістік категориясына байланысты теорияның дамымағанын көрсетеді. Соңғы кездері жеке тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде салт етістік пен сабақты етістіктердің ішкі сыры басқа мәселелермен қатысты құрамы мен мағына-сының аумағы, сөз тіркесін жасаудағы қабілеті, олардың есім сөздерді меңгеруіне байланысты қарастырылып жүр.

Етістіктің салттылық, сабақтылық мәнінің өзіндік айырмашылығы бар категория. Ол негізінен қимылдың жасалуына байланысты мағына. Шындық өмірде қимыл, іс-әрекет субъекті арқылы іске асатыны, қимылды субъекті жасайтыны ешбір күмән туғызбайтын басы ашық мәселе. Ал субъект жасайтын қимылдың қай затқа бағытталуын етістік өзінің лексикалық мағынасымен бірге көрсетеді және сонымен бірге қимылдың субъектіге бағытталғанын да білдіреді. Ол салт етістіктерге тән мән-мағына. Мысалы, Кейде күн шықпай, Біжікен зиратының басына барып, күн бата қайтады (Ғ.Мүсрепов) сөйлеміндегі «күн шықпай» дегенде, шықпаған күн, «зиратының басына барып» дегенде барған - ол, «күн бата» дегенде, батқан - күн, «қайтады»дегенде, қайтатын-ол. Бұлардыңбәріндеде қимыл-субъектінің қимылы. Осы етістіктер білдіретін қимыл субъектіге бағытталады дегенді қимыл жасаушы - субъекті деп түсінбей, қимылға түсетін де субъектінің өзі деп түсіну керек. Өйткені мұнда қимылдың жасалуына қатысты субъектіден басқа зат - объекті жоқ. Осы пікірді аңғару үшін сабақты етістікке мына мысалды келтірейік. Жақып Құнанбай отырған бөлменің есігін ашты (М.Әуезов); Мен біразын көзбен көріп, дәмін таттым (С.Бегапин) деген сөйлемдерде «ашу, тату» етістіктері сабақты

етістіктерге жатады. Осындағы етістікті білдіретін қимыл да субъекті арқылы жасалады. Бөлменің есігін ашқан - Жақып, біразын көрген, дәмін татқан - мен. Бұл етістікгер білдіретін қимылдардың әрқайсысын жасаған қимыл иесі - субъектісі бар екені анық. Бірақ мұнда қимыл субъеюіге емес, объектіге бағытталған. Анығырақ айтсақ, мұндағы қимыл объектіге жасалған. «Ашу» қимылына түскен объекті -есік, «көру» қимылына түскен объекті - дәм. Бұдан сабақты етістікте қимыл субъектіден басқа затқа жасалатыны, яғни қимылды субъекті басқа затқа жасайтыны көрінеді. Міне, сондықган да ғылыми еңбектерде салт етістіктер білдіретін қимыл субъектіге, ал сабақгы етістіктер білдіретін қимыл объекгіге бағытталады деп саналады. Салт етістіктегі қимыл субьеюгіге бағытталады дегенді субъекті жасайтын қимыл деп түсінуге де болады. Ал субъектіжасайтын қимылдың бәрі салт етістікке жата бермейтіні белгілі. Өйткені сабақты етістікбілдіретін қимылды да субъекті жасайды.

Салт, сабақгы етістіктерді тануда ғылыми әдебиеттерде айтылып жүрген қимылдың субъектіге не объекгіге бағытталуына байланысты болады деген жалпылама анықгама жеткіліксіз сондықтан, олардың бір-бірінен ерекшелігін ажырату қажет. Олар:

1. Салт етістікте қимылды субъекті жасайды, бірақ ол қимылға түсетін, қимыл жасалатын субъектіден басқа зат болмайды. Ал сабақты етістікте қимылды басқа зат жасайды, яғни сабақты етістікте қимылға түсетін объекті затболады.

2.Салт етістік тек субъеістіге қатысты қимылды білдіретін болғандықган, салт етістіктегі қимыл бір затқа ғана қатысты болады. Ал сабақты етістіктер субъектінің объектіге жасапатын қимылын білдіреді. Сондықган да ол кемі екі затқа байланысты қимыл болады. Оның бірі - субъекгі, екіншісі объекгі. Сабақгы етістік үшін сөйлемде субъектінің аталуынан гөрі қимылға түсетін, қимыл жасайтын объектінің аталуы өте маңызды.

3. Салт етістіктер тек субъектіге қатысты қимылды білдіретін объектісіз етістіктер болса, сабақты етістіктер

қимылдың белгілі бір объектіде өтуін қажет ететін объектілі етістік .

Сөйлемде қандай сөйлем мүшесінің қолданылуы, етістіктің жіктелуіне байланысты болады. Өйткені сөйлемнің ұйтқысы - етістік. Етістік сөйлемді ұйымдастырушы болса, оның ұйымдастырушылық қызметі объективті өмірде сол қимылдың жасалуын білдіретін ұғымдардың мәні салт, сабақты етістіктердің сол сөйлемде қолданылу ерекшелігіне байланысты болады. Өйткені қимыл объективті өмірде өзінен-өзі жасала қалмайды. Қимылды жасаушы болады, қимылға түсетін зат болады, қимылды жасау мезгілі, жасалатын орны, т.б. болады. Қимылдың мәнін ашатын, оған қатысты ұғымдар, жағдайлар болады. Қимылды жан-жақты, анық түсіндіру үшін, олардың бәрі де қажет. Сөйлемде етістік өзінің мәнін ашатын осындай ұғымдардың аталуын қажет етеді. Мысалы: «Ол қазір диванда газетті жайлап оқып жатыр» - деген сөйлемді алып, сөйлемдегі сөздерге талдау жасайық. Біріншіден бұл сөйлемдегі «оқып жатыр» деген етістікгің мағынасы кімнің оқығанын айтуды қажет етеді, өйткені қимылдың субъектісі аталу керек, сондықтан сөйлемге «ол» деген субъекті сөз кірген. Екіншіден, ол етістіктің мағынасы қимылға түскен объектінің атауын керек етеді, сондықтан сөйлемде қимылдың объектісі «газет» сөзі айтылган. Үшіншіден, осы етістікгің мағынасы қимылдың қайда жасалуын атауды тілейді, сондықган сөйлемге «диванда» деген сөз кірген, ол қимылдың болған орнын көрсетіп тұр.Төртіншіден, аталған етістік мағынасы қимылдың қалай жасалғанын анықтауды керек етеді, сондықтан сөйлемде «жайлап» деген көсемше тұлғалы сөз қолданылған. Бесіншіден, бұл етістіктің мағынасы толық ашылу үшін қимылдың жасалу мезгілін білдіру қажет, сондықган да сөйлемге «қазір» деген үстеу сөз кірген. Осы мысал етістік тек лексикалық мағынаны білдіріп қана қоймай, ол өз бойында келешек сөйлемнің қаңқасы үшін қажет болатын сөздердің кіруін шеше алатынының дәлелі. Бұдан сөйлемде белгілі мүшелердің қолданылу, қолданылмауы етістіктің салттылық, сабақтылық мағынасына байланысты болатыны көрінеді. Етістіктің осы мағынасына байланысты

объектілік, субьекгілік қатыстағы сөздер үшін сөйлемде бос орындар болады, сөйлемдегі осы бос орындар сондай қызметтегі сөздер арқылы толықтырылып отырылады. Ал салт, сабақты етістіктерді ажыратудың өзі сөйлемде осы тура объектінің болу болмауына, етістіктің оны қажет ету етпеуіне байланысты анықталады. Салт етістік баяндауыш болған сөйлемде тура объекгіге арналған бос орын бол майды, сондықтан ол - тура обектісіз етістік, яғни объекті жөнінен салт етістік ноль валентті. Ал сабақгы етістікте тура объектіге арналған бос орын болады, оны сондай мәндегі, қызметтегі сөздермен толықтыру қажет етіледі. Етістік сөйлемде қолданылғанда табыс септіктегі сөзді - тура толықтауышты керек етіп, сабақталуды тілеп тұрады, оған сөйлемде қалдырылған бос орын да болады. Осындай тура толықтауышты керек ететін мағынасы бар сабақты етістіктер - тура обьекгілі етістіктерге жатады. Олар тура толықтауышпен тығыз лексика-семантикапық байланыста келеді. Ал тура толықгауыш сөйлемдегі ойды анықтайтын, нақтылайтын негізгі етістіктің серігі болып табылады.

Етістік - сөйлемнің және сөз тіркесінің негізгі тутқасы, тірегі. Ол іс-әрекет пен объекті арасындағы грамматикалық байланысты шешеді. Сондықтан етістіктің сөйлем жасауда негізгі ұйтқы болуы тегін емес. Түркі тілдерінде етістік мағынасының ең үлкен топтары салт және сабақты етістіктер тілдегі бүкіл етістіктерді қамтиды. Тілдегі мағыналы етістік атаулының бәрі осы екі мағыналы топтың біріне жатады. Етістіктің салт, сабақты болып бөлінуі олардың қалайда болмасын тұлғалық ерекшеліктеріне емес, негізінде лексикалық мағыналарына байланысты болып келеді. Өйткені салттылық, сабақтылық мән оның жалпы грамматикалық мағынасының басты мәнді көрсеткіші емес, соның негізінде ғана пайда болған екінші семантикалық сипаты. Салт етістікті де, сабақты етістіктідетудыратын грамматикалық формасының жоқтығы оның жалпы грамматикалық мағыналарына байланысты болып келеді. Қазақ тілі етістіктерінің грамматикалық семантикасымен байланысты қалыптасқан сапттылық пен сабақтылық категориясының сырттай білініп

тұратын, өзіне тән арнаулы қосымшасы болмаса да, субъекті мен объектінің грамматикалық катынасын өзгертіп тұратын ішкі семантикалық мазмұны болады. Ол мазмун етістік түбіріне табыс септікті қалау, қаламау қабілетін түпкілікті семантика-синтаксистік қасиеттің бірі етіп таққан. Етістік бойындағы салттылық, сабақтылық мағына етістік түбірінің тұрақты қасиеті болғандықтан да, ол табыс септіктегі объектіні меңгеру не меңгермеу шеңберінде ғана қалып қоймайды, сонымен бірге басқа септіктерді де меңгереді. Ендеше етістіктің салттылық, сабақгылық категориясы етістіктің семантика-синтаксис саласындағы өзгешеліктерімен танылған лексика-грамматикалық категория. Етістік мағынасының сабақтылық және салттылық ерекшелігі семантикалық категория шеңберінде ғана қалып қоймайды, сонымен бірге грамматикалық қызмет те атқарады. Өйткені етістіктің салттылық-сабақтылық мәні оның жалпы грамматикалық мағынасының негізінде пайда болған екінші семантикалық сипаты. Сондықтан етістіктің салттылық-сабақтылық категориясы етістіктің семантика-синтаксис саласындағы өзгешеліктерімен танылған лексика-грамматикалық категория саналады.

Етіс категориясы

Етіс категориясы тілдің грамматикалық жүйесінде кернекгі орын алатын қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қатынасын білдіретін, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының бірі. Етіс категориясы субъекті мен объектінің әзара әр түрлі қатынаста болуынан, яғни бастауыш пен толықтауыштың сөйлемдегі қатынасынан пайда болатын категория. Әрі етіс етістіктіңсалт, сабақты мағынада жұмсалуымен де байланысты, өйткені етіс түбір етістіктерге қосымшалардың қосылу арқылы жасалады. Етіс катего-риясы қимылдың субъекті мен объектіге әр түрлі қатынасын көрсететін жұрнақтар қосылу арқылы, түбір сөздің бастапқы грамматикалық мағынасын өзгертіп, сөйлем мүшелерін синтаксистік байланысқа түсіреді.

Етіс туралы алғашқы пікір XIX ғасырдың басында түрік тілдерін зерттей бастаған тіл мамандарының еңбектерінде бар. Онда етістіктіңрай, шақ, жіктік жалғау категориялары қатарында етіс категориясының бары да айтылған. Кейінгі шыққан грамматикаларда бұрынғы айтылғандарға қосқан айтарлықтай жаңалық болмағанымен, етістік категорияларын жеке-жеке атап, әрқайсысына тоқталып, солардың ішінде етіске де анықтама беріп, жасалу жолдарының көрсетілуі етіс туралы зерттеудің де кеңи бастағанын көрсетсе керек.

Қазақ тілінде жазылған еңбектердің ішінде етіс туралы алғаш айтылған пікірді Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығынан табамыз. А.Байтұрсынов етістіктің етіс түріне ереже бермей, бірден «Етістікте он түрлі етіс бар», -дей келе, оның сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс - деген түрлері барын келтіреді. Етіс түрлері ішінде салт етіс пен сабақты етісті етістің түрлері қатарында атайды. Салт етістік пен сабақты етістікті етіс категориясымен бірге қарау, бұдан кейінгі жылдары шыққан мектепке арналған оқулықтар мен жоғары оқу орнына арналған грамматикаларда да орын алып келді.

Етіс категориясын ғылыми тұрғыда лексика-грамматикалық сипаты жағынан арнайы зерттеген ғалым профессор А.Қалыбаева (Хасенова). Ғалым Аққал Қалыбаева етіске берген сипаттамасында етіс категориясының етістікке қатысы жайында және сабақты етістік пен салт етістіктердің етіс категориясы мен байланысы жөнінде, етістің түрлері, олардың жасалу жолдары, етіс категориясының мағынасы мен тұлғалық ерекшеліктеріне ғылыми талдау жасап, «Етіс мәселесін дұрыс шешу үшін, сөйлем мүшесі (баяндауыш) мен сөз табының (етістік) ерекшеліктерін байланыстыра салыстырып, бірінен бірін бөлмей тұтас қарау қажет» - деген құнды тұжырым жасайды.

Ғалым басқа сөз таптарының грамматикалық категориялары сияқты етістіктің етіс категориясының қалыптасуы сөйлем мүшелері мен сөз таптарының дамуымен байланысты екенін дұрыс бағдарлайды.

Өзінің қалыптасу дәуірінде түрлі заңдылықтарды басынан өткізген етіс категориясының синтаксистік қызметіне сай беретін мағынасы, өзіне тән тұлғапық ерекшеліктері, ол тұлғаларды жасайтын қосымшалары бар. Етіс жасайтын қосымшапар етістіктің сабақты түріне де, салт түріне де жалғанып, етістіктің етіс тұлғасын жасайды. Сапт етістіктерден қимыл мен қимыл иесі арасындағы қатынастан туып, субъектінің ішкі мәнін түрлендіретін өзгелік, ортақ етіс түрлері жасалса, сабақгы етістіктерден етіс қосымшалары қосылу арқылы барлық етіс түрі жасала береді.

Қазақ тіліндегі етіс қосымшаларының осындай бір-бірінен мағыналық ерекшеліктерімен қатар, етістіктің басқа қосымшаларынан ажырататын өзіндік тағы бір ерекшелігі бар. Ол – етіс тудыратын жұрнақтардың етістіктің түбіріне тікелей жалғанатын болымсыз -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарынан бұрын жалғанатындығы. Мысалы: кел-тір-меді, кел-тір-іл-меді, кел-тір-т-кіз-беген, ойла-н-бады, ойла-т-пады, ойлан-дыр-т-қыз-бады, әкел-ін-беді, әкел-т-тір-меді, өкел-іс-педі т.б. Бұл мысалдардан етіс қосымшаларының тағы бір ерекшелігі етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне тікелей жеке де, және бірінен соң бірі үсті-үстіне жапғана беретін қасиеті бары көрінеді. Етістік етіс қосымшаларынан соң өзінің басқа категорияларының қосымшалары ретімен қабылдайды. Яғни, етіс қосымшаларынан кейін түбірге етістіктің басқа категорияларының есімше не көсемше, рай, шақ, жақ тұлғаларынның көрсеткіштері қосылады. Осындай етістіктің ерекше мағынапық құбылуынан, тұлғалық түрленуінен етістің жасалуы, немесе субъекті мен объектінің өзара қатынасына сай семантикалық және модальдық құбылуынан етіс категориясы туады. Сөйтіп, етіс жұрнағы жалғанған етістік сөз етістіктің грамматикалық категорияларын кезегімен қабылдау арқылы түрлене келе, сөйлемнің белгілі мүшесі баяндауыштың қызметін атқарады.

Етіс категориясының семантикалық сипаты, етіс қосымшаларының қызметі жайында бірізді пікір көпке дейін қалыптаспады. Ол 1967 жылы шыққан академиялық грамматиканың өзінде «етіс аффикстері қосылған сөздер

аффикстердің санына қарамай, туынды түбір етістіктер құрамына кіретін жұрнақ» қатарында келтіріп, етістік негізден етістік тудыратын жұрнақ ретінде танылғанынан көрінеді. Бұл пікірді морфология оқулығының авторы профессор Ахмеди Ысқақов та қолдаған. Оған «Етістіктен етістік тудыратын, өздеріне морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашалау болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі, әдетте, етістер я етіс категориясы деп аталады. Етістерді етістіктіңөзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын сипаттары мынадай: Ол одан жөн сұрады; Олар бір-бірінен жөн сурасты; Ол онан жөн сұратты; Одан жөн сұралды; Ол өзі сұранды деген сөйлемдердегі етістік (сұрады, сұрасты, сұратты, сұралды, сұранды) формалардың соңындағы өткен шақгың қосымшасын (-ды, -ты) алып тастағаннан кейінгі сұра, сұрас, сұрат, сұрал, сұран етістіктерін бір-бірінен сапыстырғанда, олар бір түбірден өрбіген түбірлес негіздер екені айқындалады. ...Етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақгар сияқгы, туынды етістікжасайтын қабілеті барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы) және сол етіс жұрнақгары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, бұл жағынан қарағанда етіс жұрнаідары сөзден сөз тудыратын жұрнақгармен сәйкес келеді де, лексикалық категорияға жатады. Екіншіден, етіс категориясының формаларында субьекгі мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың (өрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалықсипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің граммати-калық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады» - дегені дәлел. Бұл пікірден автордың етіс қосымшаларын әрі сөзжасам, әрі грамматикалық мағына беретін қосымша тұрғысында таныганы анық көрінеді. Ал, И.Маманов етіс категориясын түбір етістіктен туатын грамматикалық форма ретінде таныған. Бұл пікірді профессор С.Исаев қолдап, етіс қосымша-ларынформатудырушытұлға қатарына қосады. Ғалым «етістіктерде етіс жұрнаідары жаңа сөз тудырмайды, етістік түбір білдіретін семантикасын өзгертіп жібермей, лексикалық

және жалпы грамматикалық мағынасы сақталып қалады, тек сабақтылық-салттылық өзгеріп, сөйлемде субъект пен объект арасындағы қатынасы ауысуы мүмкін» -дейді.

Етістік түбірге етіс қосымшалары жалғанғанда, етістіктің түбірінің жалпы грамматикалық мағынасы өзгермей, тектүбірдегі салттылық-сабақ-тылық мән ғана өзгеретін болса, етіс жұрнақтары тек салт етістікті сабақты етістікке, сабақты етістікті салт етістікке айналдыру қызметін ғана атқара құралады. Ендеше ол (етіс қосымшалары) сөзжасам қосымшаларына жатпайды, сөз түрлендіруші қосымшалары қатарына қосылады. Етіс қосымшалары етістік түбірге жалғанғанда түбірдің грамматикалық сипатын өзгертпейді. Ол етістұлғалы етістіктіңтүбір етістіктер сияқты ерекшелігі екенін көрсетеді. Яғни етіс тұлғалы етістіктер түбір етістікгер сияқгы тек сырттай бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрімен сәйкес келгенімен тікелей жіктік жалғауларын қабылдамайды, сонымен бірге сөйлемде етістік етіс тұлғасында қолданылмайды.

Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге де, арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерге де, күрделі етістіктердің түр-түрлеріне де жалғана береді. Оқулықтарда етіс - негізгі етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс, - деген бес түрге бөлініп, негізгі етіске мынадай түсінікберілген: «Негізгі етістің арнаулы көрсеткіші болмайды. Оған әрбір түбір я туынды етістіктердіңде, күрделі етістікгердің де негіздері жатады. Әдетте етістік негізінің субьекгі мен объектіге қатысы я субъекті мен объектінің етістік негізіне (амалына) қатысы сол негіздің бастапқы лексикалық семантикасына қарай анықталатындықтан, оның семантикалық ерекшелігі, грамматикалық (синтаксистік) қызметі туралы да арнайы сипаттама беру қажет болмайды». Бұл түсініктің өзінен анық көрінетіндей, негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымнан, мейлі негізгі түбір, мейлі туынды түбір болсын, не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ және грамматикалық я лексикалық категория (түрлеріне) негіз

болатын тұлға, яғни негізгі етіс деп аталған, дұрысында етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, категория шеңберіне енбейді, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ, етіс категориясына, түрлеріне негіз болатын негізгі, туынды, күрделі етістік түбірдеген ұғым ғана бар» - деген пікір негізгі етіс етістіктің етіс түрінің бірі бола алмайтынын көрсетеді. Сол себептен де етіс түрлері төрт түрге бөлінеді, яғни етіс категориясының өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс түрлері ғана бар.

Олар сөйлемде атқаратын қызметі мен беретін мағынасына қарай тұлғалық ерекшеліктері бар қалыптасқан грамматикалық категорияға жатады.

1. Өздік етіс. Өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Яғни субъекті өз-өзіне объекті болады да, баяндауыш қызмет атқарып тұрған етістік өздік етіс тұлғасында тұрады. Өздік етіс баяндауыш болып тұрған сөйлемнің бастауышында әрі субьекгілік, әрі объектілік мағына сақталатындықтан, ол сөйлемде тура толықтауыш болмайды. Осылай өздік етісті сөйлемде тура толықтауыш болмай, етістік мағынасы жағынан салт етістікке айналып кететіндіктен, сөйлем құрылысы жағынан обектісіз сөйлем болады.

Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің субъектісіне қарай бағытталып, сабақгы етістікке-ын,-ін,-н қосымшасы қосылу арқылы жасалады. Бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді. Өздік етіс жұрнағы тек қимыл, іс-әрекет субьекгініңөзіне қарай бағыттапа алатын сабақты етістіктерге жалғану арқылы жасалады және сол сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Етіс қосымшасы -ын, -ін, -н негізіндеөздікетіскетән қосымша ретінде өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырып қана қоймайды, ол жалғанған етістік сөйлемдегі бастауыштың әрі субъектісі, әрі обьекгісіекеніндебілдіреді. Өздік етістің бастауышы қимыл иесінің қызметін өзі атқаратындықган, оның қимылы тікелей өзіне жумсалатыны көрініп тұрады.

2. Ырықсыз етіс. Ырықсыз етіс іс істеуші арнайы айтылмай, ол іспен байланысты зат өздігінен амалға ие бола алмайтындығын көрсететін етістікгің түрін айтады. Ырықсызетістексабаі^гы етістіктерден -ыл, -іл, -л қосымшасы (түбір құрамында «л» дыбысы болса, -ын, -ін, -н) арқылы жасалып, қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып турады да, ырықсыз етіс жұрнағы жалғанған сабақты етістіктер салт етістікке айналады. Кейде қимылды атқарушы субъект жалпы сөйлемнің мазмұнынан сезіліп тұрады немесе грамматикалық жанама объекті тұлғаларында тұрып та жұмсалады. Профессор С.Исаев өздік етіс пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгешелікте жерлері барын былай көрсетеді: «ұқсастығы: 1)қосымшалардың кейде бірдей болып келетіні, кейде өздік я ырықсыз етіс екені контекстен ғана байқалады, сөйтіп бір-бірімен омоформа жасайды: Ол дәрігерге көрінді және алыстан бір қара көрінді; 2) екеуі де сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Негізгі айырмашылығы: олардың білдіретін семантикасында: өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект - грамматикалық субьекг (бастауыш) болады да, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық обект болады».

3. Өзгелік етіс. Өзгелік етіске қазақ тілінің грамматикаларында «істің басқа біреу арқылы істелетінін көрсететін етістіктің етістүрі өзгелік етіс» -дөген ереже берілген. Бұл айтылғаннан, яғни істі басқа біреу істегенімен, оны істеуші субъектінің бар екенін, оныңалатын орнын, ол субьекгінің негізгі түрі екенін айтпай кетуге болмайды. Өйткені, өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асыратынын білдіріп, етістікке арнайы -дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -кіз, -ғыз,-гіз қосымшаларының бірі жалғану арқылы сабақты етістік жасалатын етістіктің етіс категориясының бір түрі болып табылады. Демек, өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады; бірі -іс-әрекетті, қимылды орындатушы иесі, қимылды жалпы іске асырушы субъект, бірақ ол өзі тікелей қимылды орындамайды, ол атау

тулғада тұрып сөйлемде грамматикалық бастауыш қызметінде болады, яғни бұл әрі логикалық субъекті, әрі грамматикалық субъекті болады, екінші, іс-әрекетті, қимылды тікелей орындаушы субъект - агенс деп аталатын іске асырушы болады, ол грамматикалық тұлғасы жағынан бастауыш емес, сейлемде берілмеуі де мүмкін, берілсе ол сөз сөйлемде барыс, шығыс, көмектес септіктерінде, кейде шылаумен тіркесіп келіп жанама толықтауыш қызметін атқарады. Оспан баласына хат жаз-дыр-ды дегенде Оспан-субьекті, бірақ іс-әрекетті (жазу) тікелей езі атқарған жоқ, оны атқарған - баласы

Сабақты еттістікке өзгелік етіс қосымшасы үстелгенде, ол баяндауыш болып тұрған сөйлемде тек іс-әрекет, қимылды тікелей атқарушы барыс септіктегі екінші субъект (агенс) ғана пайда болады, яғни баяндауыш сабақты етістікті сөйлемде іс-әрекетті орындатушы субьекті мен объект өзгелік етіс қосымшасы қосылмай тұрғанның өзінде де түбірде ол мән бар болады (хат жазды, хат жаз-дырды). Өзгелік етіс жұрнағы салт етістікке жалғанғанда, салт етістіктен бірден өзгелік етіс тудырмайды, тек салт етістік сабақты етістікке айналады. Мысалы: Бала шамды сөн-дір-ді дегенде сөндіру қимылының субъектісі де, тікелей сол қимылды іске асырушы да біреу-ақ, ол - «бала». Бұл жерде етістіктің салт етістік күйіндегі грамматикалық субъектісі - «шам» (шам сөнді), ол бұл жерде объектіге айналған: шамды сөндірді, бірақ шам өз-өзінен сөнген жоқ. Мұнда өзгелік етіс қосымшасы салт етістікке жалғанғанда, тек салт етістікті сабақты етістікке айналдырған. Енді осы сабақты етістікке екінші рет етіс қосымшасы жалғанған соң ғана өзгелік етіс жасалады. Мысалы, Бала інісіне шамды сөн-дір-т-ті. Бұл сөйлемде «бала»-қимылдың иесі, субъекті, бірақ оны (қимылды) тікелей өзі атқарып отырған жоқ, екінші субъект-агенс арқылы іске асырып отыр, яғни сөндіру қимылын тікелей орындаушы субъект агенс - інісі, сөйлемде ол (інісі) барыс септік тұлғасында тұрып грамматикалық жанама объекті (толықтауыш) синтаксистік қызметін (қатынасты) атқарып тұр, ал тура объекті шамды өзгерген жоқ.

Өзгелік етіс субъектінің қимылы объектіге тікелей емес, екінші біреу арқылы бағытталатынын білдіретін сабақты етістіктің грамматикалық формасы болып табылады.

4. Ортақ етіс. Етістің ортақ етіс түрі етістіктің сапт етістік, сабақгы етістік тұлғаларынан арнайы -ыс,-іс,-с қосымшаларының жалғануы арқылы жасалып, қимыл іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіреді. Басқа етіс түрлерінен ортақ етіс жасап тұрған етістің мағынасы мен қосымшасының ерекшелігі - етістіктің салттылық- сабақгылығына бейтарап болумен қатар, кей ортақ етіс формалы етістіктің қимыл атауын білдіруге бейімділігі негізінде заттық ұғымды білдіріп зат есімге айналып кететін кездері болады. Мысалы: Арқан тарт-ыс-ты. Тартыс басталды. Асыққа тала-с-ты. Талас күшейді дегенде ортақ етіс жұрнағы жалғанған «тартысты, таласты» етістіктерінің бірі -сабақты, бірі -салт етістік болса, «тартыс, талас» атау тұлғадағы зат есімдер «тарт, тала» етістіктерінен -ыс жұрнағы арқылы жасалған туынды түбіртұлға. Яғни бұл сөздердің тұлғалық ұқсастығы болмаса, бұлардың құрамындағы қосымша екі түрлі категориялы сөз тудыратын морфема.

Етістің ортақ етіс және өзгелік етіс түрлері қимылдың, іс-әрекеттіңбір субъекті емес, бірнеше субъектінің қатысуы арқылы жасалатын мағынасы жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Солай дегенмен де бұлардың арасында оларды ажырататын белгі де жоқ емес. Ол белгі -олардың бірінде агенстін болу-болмауы. Сөйлемде өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасапып, онда екінші субъект - агенс міндетті түрде болуға тиіс болса, ал ол - қимыл, іс-әрекетті тікелей орындаушы ортақ етісте болмайды .

Етіс жұрнақтарының семантикапық сипаты сөзжасам қосымшаларына жақын болғанымен (етістіктен етістік тудырғанымен), өзі жалғанған етістік түбірінің мағынасын, лексикалық мәнін өзгертпейді, тек сабақтылық-салттылық мәнін ғана өзгертеді.

Етіс жұрнақтары бірінің үстіне - бірі жалғанғанда, мына тәртіппен орналасады: 1) өздік етіс + езгелік етіс: ойла+н+дыр, түй+ін+дір; 2) өздік етіс + ортақ етіс: бүл+ін, бүл+ін+іс; 3)

ортақ етіс + өзгелік етіс: бөл+іс, бөл+іс+ кіз(-тір); 4) өзгелік етіс + өзгелік етіс: бақ+тыр+т, тура+т+қыз т.б.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Негізгі және көмекші етістіктердің өзіндік ерекшеліктерін сипаттап беріңдер.
2. Аналитикалық форманттар дегенде не түсінесіңдер?
3. Етістіктің лексика-грамматикалық категорияларына сипаттама беріңдер?
4. Салт-сабақтылық категориясы дегеніміз не?
5. Етіс категориясының түрлері мен олардың маңызын талқылап беріңдер.

ҮСТЕУ

Ең бір күрделі, әрі даулы сөз таптарының бірі -үстеулер. Сондықтан да тілде үстеулер мәселесі назардан тыс қалды деуге болмайды. Бұл жайында айтылған пікірлер мен бірнеше ғылыми зерттеулерді кездестіреміз. Үстеулер мәселесі өткен ғасырдағы түркі тілдеріне арналған грамматикаларда көрініс тауып жүрді. Мәселен, үстеулер туралы пікірлер И.Гиганов, М.А.Казем-бек, Г.М.Мелиоранский, А.М.Щербак, А.Н.Харитонов, А.Н.Кононов, И.И.Мещанинов, А.Н.Боровков, Н.А.Басқаков еңбектерінен орын алды.

Ал қазақ тілінде көрнекгі ғалым А.Байтұрсынов үстеу сөздерді о баста шылау сөздердің құрамында демеу, жалғаулық, одағай сөздерінің қатарына қосып, оған: «... сөз үстіне қосылып сөздердің мағынасын толықтыратын сөздерді үстеу дейміз»-деген анықтама береді. Ғалым кейінірек үстеуді жеке сөз табы ретінде бөлек атап, оған былайша анықтама береді: «Үстеу деп - сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді» айтамыз. А.Байтұрсынов үстеуді бес мағынапық топқа бөледі. Олар: 1) нықтаулық; 2) сынаулық; 3) өлшеулік; 4) мезгілдік; 5)мекендік.

Профессор С.Аманжолов «Үстеу дегеніміз - істің қимылын, белгісін, мезгілін білдіретін сөз»-деген түсінік береді . Ғалым оларды қызметіне қарай екі топқа бөледі: «етістікпен тіркесетін етістік үстеулер және есімдермен тіркесетін есім үстеулер». С.Аманжолов етістік үстеулерге қолма-қол, дәл, кеше, бүгін т.б.

үстеулерді жатқызса, ал есім үстеулерге орасан, тым, тіпті т.б. сөздерді жатқызады .

Үстеу туралы арнайы еңбек жазған - профессор А.Ысқақов. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» атты еңбегі бар. Бес тараудан тұратын Бұл еңбектің I тарауында үстеулердің зерттелуі мен оқытылуы, II тарауда үстеулердің сөз табы ретіндегі өзіне тән белгілері, сын есім мен үстеудің ортасында жүрген аралық сөздер мен үстеу құрамындағы кейбір кенерген қосымшалардың қолданылуы қарастырылған. III тарауда үстеудің мағыналық топтарына тоқталса, IV тарауда үстеулердің морфологиялық белгілерін, туынды үстеулердің жасалу жолдарын, үстеудің шырай формаларын, үстеу жасайтын басқа да сөз таптарының қызметі туралы сөз етеді. V тарауды «үстеулер синтаксисі» деп атап, оны үш салада қарастырады: 1) үстеулердің сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалуы, 2) үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу дәрежесі, 3) үстеулердің сөйлемдегі орны. Ғалым біріншіден, үстеулердің сөйлемде пысықтауыш, анықтауыш, баяндауыш қызметте жұмсалатынын дәлелдейді. Екіншіден, үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу қабілеті қандай деген сұраққа олардың етістіктер, сын есімдер, есімдіктер және зат есімдермен тіркесін атайды. Сондай-ақ үстеулердің мағыналық топтарының аталған сөз таптарының қайсысымен тіркесе алатынына да тоқталады, А.Ысқақов үстеулердің сөйлемдегі орны туралы былай дейді: «үстеулер сөйлемде көбінесе пысықтауыш пен анықтауыш қызметін атқарып, өзі қатысты болып тұрған сөздің алдында тұрады».

Үстеуді арнайы зерттеген ғалымдардың бірі - Е.Саурықов «Адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация жазды. Онда үстеу сөз табының лексика-сематикалық сипаты, морфологиялық белгісі, синтаксистік қызметі сияқты белгілерін жалпы түркі тілдерінің материалдары негізінде сипаттайды. Еңбекте үстеулердің пайда болуы мен тарихы қалыптасу жолдарын диахрондық әдіспен зерттеу нәтижесінде олардың тілдік жүйедегі орны, даму деңгейі көрсетіледі

Үстеулер мәселесін арнайы қарастырған - Ә.Ыбырайым. Ол үстеулердің тілдік қолданысқа байланысты ішінара морфологиялық өзгерістерге ұшырау құбылысының грамматикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Жалпы үстеу сөз табының бойында болып жатқан әр түрлі лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттері туралы ғылыми түсінік береді. Ғалым сондай-ақ үстеулердің барлық есім сөз таптарына тіркесе беретіндігін жан-жақты дәлелдейді.

Үстеудің жалпы сипаттамасы

Сөздерді таптастыру ұстанымдарына сай, лексика-семантикалық сипатына, морфологиялық белгісіне, синтаксистік қызметіне қарай бөлінетін сөз таптарының бірі - үстеу.

Үстеулер - қимылдың, іс-әрекеттің мекенін, мезгілін, жай-күйін, мақсатын, сын-бейнесін, себебін білдіріп, грамматикалық жағынан түрленбейтін сөздер. *Кеше* ғана шуақ өріп жамырап, Тірлік біткен қалып еді жадырап (М.Мақатаев). Қарағым-ай, бұл өмір *осылай* өтеді екен, Сүймесе дүние бекер екен (Ш.Сариев). Берілген мысалдардағы *кеше, осылай* сөздері үстеу болып табылады. Осы сөйлемдердегі *кеше* сөзі қимылдың мезгілін білдіріп, қашан? деген сұраққа жауап берсе, *осылай* сөзі қимылдың сын - бейнесін білдіріп, қалайша? деген сұраққа жауап беріп тұр. Үстеулердің ішінде бірде үстеу, бірде септеулік шылау болып қолданылатын сөздер бар. Ондай сөздерге мынадай сөздер жатады: бері, кейін, соң, бұрын т.б. бұл сөздер амал-әрекеттің мезгілін, мекенін т.б. белгілерін білдірсе ғана үстеу болады.

Үстеулерді көпшілік ғалымдар түрленбейтін сөз табы деп қарастырса, кейбір ғалымдар оларды аз түрленетін сөз табы деп таниды.

Сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалатын есімдер мен көсемше тұлғалы етістіктер бар, бірақ олар үстеулер емес. Бұл туралы А.Ысқаков: «.. қимылдың белгілері пысықтауыш мүше ретінде қолданылатын басқа есім сөздер мен етістік формалары (мысалы, көсемшелер) арқылы да білдіріледі. Бірақ белгілі жағдайда ғана пысықтауыш болып қызмет атқаратын ондай есім сөздер мен етістік формалары өздерінің бастапқы

қасиеттерін жоймайды. Осы себептен пысықтауыш мүше болған сөздердің барлығы бірдей үстеу болуы шарт емес» - дейді .

Үстеу сөздер іс-әрекеттің, қимылдың мезгілін, мекенін, сын - бейнесін білдіретіндіктен негізінен етістіктермен тіркеседі. Бірақ үстеу сөздердің есім сөздермен тіркесі де тілімізде жиі кездесетін құбылыс деуге болады.

Үстеулердің лексика-грамматикалық топтары

Үстеудің сөз табы ретіндегі бір белгісі - оның лексика-семантикалық сипаты. Үстеу амал-әрекеттің әр алуан мезгілдік, мекендік, мөлшерлік, сындық, себептік. мақсаттық сипаттарын білдіреді. Осымен байланысты, олар мынадай мағыналық топтарға бөлінеді: **1. Мезгіл үстеулері. 2. Мекен үстеулері. 3. Мөлшер үстеулері. 4. Сын-қимыл (бейне) үстеулері. 5. Күшейткіш үстеулер. 6. Мақсат үстеулері. 7. Себеп-салдар үстеулері. 8. Топтау үстеулері.**

1. Мезгіл үстеулері амалдың, іс-әрекеттің жүзеге асу мезгілін, уақытын білдіріп қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл үстеулері аса көп. Мезгіл үстеулерге мына сөздер жатады: *бүгін, ертең, қазір, биыл, енді, таңертең, кешке, күндіз, кеш, қыстай, жаздай, қыстыгүні, жаздыгүні, әзірше, жаңа, кеше, бұрын, ерте т.б.*

- *Бүгін* шелпек нан пісіртіп, ағаңа тие берсін қылдыртып едім (Б.Майлин). Ділдә кетуге ыңғайланып тұрып: -*Ертең* біздікіне келесіз бе? -деді (Бұл да). *Бұрын* ішіп көрмеген нәрсесі болса да, бай тартына алмады, ішпесе қонағының көңіліне келетін секілденді (Бұл да).

Мезгіл үстеулер құрамы жағынан негізгі, туынды түбір және күрделі түбір болып бөлінеді. Негізгі үстеулерге бұрын, ерте, қазір, кеш, кеше сияқгы морфемаларға бөлшектеуге келмейтін сөздер жатады.

Ал туынды үстеулер басқа сөз таптарынан сөз жасамдық жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1. -ша (- ше) жұрнақтары арқылы: бүгінше, әзірше, биылша.

2. Көлемдік септіктердің көнеленуі арқылы жасалған мезгіл үстеулер: жазда, қыста, күнде, түнде, бағанадан, бүгіннен, әуелден, таңертеңнен, ертемен т.б.

3. Күрделі үстеулерге бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл), әуел баста, бүгін - ертең, бұрын-соңды, ала жаздай, таң сәріде, жаз бойы сияқты бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалған сөздер жатады.

2. **Мекен үстеулері** қимыл-әрекеттің орнын, мекенін білдіріп, қайда? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Мекен үстеулері мыналар: алға, артқа, артта, жоғары, темен, әрі, бері, кері, ілгері, әрмен, тысқары, осында, мұнда, әрі-бері, жол-жөнекей, жолшыбай т.б.

Мекен үстеулер де құрамына қарай негізгі, туынды, күрделі түбір үстеулер болып бөлінеді.

Негізгі мекен үстеулеріне жоғары, төмен, әрі, бері сияқты морфемаларға бөлшекгенбейтін сөздер жатады.

Туынды мекен үстеулер сөз тудыратын жұрнақтар мен көлемдік септікгердің көнеленуі арқылы жасалады.

Туынды мекен үстеулерінің жасалу жолдары:

1) -қары (-кері), -ғары (-гері) жұрнақтары арқылы: ілгері, ішкері, тысқары, сыртқары т.б.

2) Көлемдік (барыс, жатыс) септіктердің көнеленуі арқылы жасалған мекен үстеулері: алға, артқа, артта, жоғарыда, мұнда, төменде т.б.

Күрделі түбір мекен үстеулері негізінен сөздердің қосарлануы арқылы жасалады. Мәселен, жол-жөнекей, әрі-бері т.б.

3. Мөлшер үстеулері амалдың, қимылдың мөлшерін, көлемін білдіріп, қанша? қаншама? қаншалықты? деген сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеулерге мына сөздер жатады: онша, сонша, оншалық, соншалық, мұншама, едәуір, бірқыдыру, анағұрлым т.б.

Тоқты желініп, үйдің жатқанына *едәуір* уақыт болған (Б.Майлин). Мөлшер үстеулердің барлығына жуығы туынды үстеулер, мөлшер үстеулері негізгі түбір бола алмайды.

Мөлшер үстеулер құрамына қарай туынды және күрделі болып бөлінеді.

Мөлшер үстеулері -ша (-ше); -шама (-шалық; -дайлық) жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, онша, мұнша,

мұншама, соншама, осыншама, мұншалық, соншалық, осыншалық, мұндайлық, ондайлық, сондайлық т.б.

Күрделі түбір мөлшер үстеулері сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы, анағұрлым, недәуір, неғұрлым, бірталай, бірен-саран, азды-көпті т.б.

4.Сын-қимыл үстеулері қимылдың сан алуан бейнесін, орындалу амалын білдіріп, қалай? қалайша? деген сұрақгарға жауап береді. Сын-қимыл үстеулеріне мына сөздер жатады: бірден, тез, жылдам, бірте-бірте, лезде, әрең, үнемі, қолма-қол, менше, құсша, емін-еркін, ақырын, шалқасынан, оқыс, дереу, зорға, қапыда, өзінше, ерекше, ретімен, жүрісінен, жасырын, бірден, бір жола, шала-пұла, бетпе-бет, жападан-жалғыз т.б.

Құрамына қарай негізгі түбір, туынды түбір, күрделі түбір қимыл-сын үстеулері болып бөлінеді.

Негізгі түбір үстеулерге тез, әзер, дереу, оқыс, үнемі сияқты морфемдік жағынан бөлшектенбейтін сөздер жатады.

Туынды түбір сын-қимыл үстеулерінің жасалу жолдары мынадай:

1) -ша (-ше) жұрнақтары арқылы: қазақша, орысша, ауызша, жазбаша, қысқаша т.б.

2) -шаң (-шең) жұрнақтары арқылы: көйлекшең, етікшең т.б,

3) -лай (-лей), -дай (-дей) жұрнақтары арқылы: жартылай, шикілей, тікелей, осылай т.б.

4) Көлемдік септікгердің көнеленуі арқылы: бірге, зорға, оқыста, лезде, шалқасынан, кенеттен, жайымен, ретімен, кезекпен, шынымен т.б.

Күрделі түбір сын-қимыл үстеулері сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы жасалады.

1) Сөздердің бірігуі арқылы жасалған сын-қимыл үстеулер: ауызекі, бір жола.

2) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сын-қимыл үстеулер: қолма-қол, бетпе-бет, бостан-босқа, жападан - жалғыз т.б.

5. Күшейткіш (күшейту) үстеулер заттың сындық белгісін, қимыл, іс-әрекеттің сапасын, мөлшерін, көлемін күшейтіп я болмаса солғындатып көрсету үшін қолданылады.

Күшейткіш үстеулер қашан? қандай? деген сұрақтарға жауап береді. Күшейткіш үстеулерге ылғи, кілең, тіпті, нақ, нағыз, нық, әбден, мүлде, өңкей, дәл, керемет, орасан, қабағат т.б. сөздер жатады.

Өте сөзі қазақ тіліне қатысты оқулықтарда, грамматикаларда күшейткіш үстеу құрамында қаралып жүр. Бірақ ғылымда ол туралы басқа да пікірлер кездеседі. Мәселен, 1986 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» деген еңбекте профессор Н.Оралбаева былай деп жазады: «Өте сөзі қазақ тілінің грамматикаларында күшейту үстеуінің тобына жатқызылады. Бұны үстеу деп тану оның лексикалық мағынасын тануды талап етеді, оның бірлі - жарым етістіктермен тіркесте қолданылатыны рас: өте асықгы, өте ұрысты, өте кейіді, өте мақтады. Күшейту үстеулері етістіктерді таңдап және олармен өте сирек тіркеседі, бұл үстеудің табиғатына қарсы келеді, ал үстеудің негізгі тіркесетін сөз табы - етістік. Күшейту үстеулерінің етістікпен тіркесінде көңіл бөлерлік бір жағдай бар» [33,170-171]. Ғалым өте қатты асықты, өте қатты ұрысты, өте қатты кейіді, өте қатты мақтады деген қолданыстар барын тілге тиек ете келіп, бұнда өте сөзі сын есімнің алдында тіркесіп тұрғанын айтады. Күшейткіш сөздердің бұлай қолданылуын олардың алғаш етістікпен тіркеспегендігін көрсетеді деп дәлелдейді. Шынында, үстеулердің күшейткіш деп аталып жүрген кейбір түрлерін үстеуге жатқыза қою қиын. Сондықтан оларды күшейткіш көмекшілер деу қажет.

6. Мақсат үстеулері қимылдың мақсатын білдіреді. Мақсат үстеулерге жататын сөздер сан жағынан көп емес. Олар: әдейі, жорта, қасақана. Мысалы, - Әдейі істедің провалды, тұратұр, саған көрсетермін провалды!-деп айқай салды (Ш.Жиенқулова).

7.Себеп-салдар үстеулері қимылдың себебін, нәтижесін білдіреді.Себеп-салдар үстеулері не себепті? неге? деген сұрақтарға жауап береді.

Себеп-салдар үстеулер құрамы жағынан туынды түбір болып келеді. Олар көлемдік септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалады. Мысалы, бекерге, босқа, текке, амалсыздан, шарасыздан, лажсыздан.

8. Топтау үстеулері қимылдың жасалуының топтық сипатын білдіреді. Топтау үстеулері нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап береді. Топтау үстеулеріне жататын сөздер төмендегідей: біреулеп, екеулеп, көптеп, қос-қостап, топ-тобымен т.б.

Топтау үстеулері морфологиялық құрамына қарай туынды түбір және күрделі туынды түбір болып келеді.

Топтау үстеулерінің жасалу жолдары мына төмендегідей: 1) -лап (-леп), -дап (-деп), -тап (-теп) жұрнақтары арқылы жасалады: екеулеп, көптеп, аздап, қостап т.б.

2) Қосарлану арқылы жасалады: он-оннан, топ-тобымен, бір-бірлеп, қос-қостап т.б.

Үстеудің морфологиялық ерекшеліктері

Үстеу - морфологиялық жағынан алғанда аз түрленетін сөз табы. Бұл оның морфологиялық ерекшелігі болып табылады десек те, үстеулер қандай сөзге тіркессе де өз формасын өзгертпейді.

Тілдік құрылыстағы болып жатқан өзгерістер үстеулерге де әсерін тигізбей қалған жоқ. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулердің сөйлемдегі қызметіне қарай көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдап заттанып, кейде жіктік жалғауын қабылдап, предикаттық қызмет атқаратынын кездестіруге болады. Бұл айтылғандардан үстеулер өзінің үстеулік мағынасынан мүлде алшақтап кетеді деген ұғым тумауға тиіс. Үстеулер өзінің семантикалық мағынасын сақтайды, олар белгілі бір контексте ғана заттық немесе предикаттық мағына береді.

Ғылымда үстеудің түрленуі туралы пікірлер әр түрлі. Мәселен, ғалым Ә.Төлеуов үстеулердің көпшілігін түрленбейді деп, оның себебін былайша түсіндіреді: «Үстеулердің көбі түрленбейді, өйткені олар көне септік формалар қосылуынан жасалған сөздер: бірге, босқа, текке, абайсыздан, лажсыздан, түнде, қырынан, кенеттен т,б.».

Соңғы уақыттардағы зерттеулерге қарағанда үстеулер барынша молынан түрленетін сөз табын құрап отыр. Мәселен, ғалым Ә.Ыбырайым: «Морфологиялық жағынан еш түрленбейді деп келінген үстеу сөздер қазіргі қазақ тілі мен

түркі тілдерінде коммуникативтік қызметі мен мағынасына қарай түрлі формаларға ие болып қолданылып жүр. Мәселен, кейбір үстеулердің сөйлемдегі қызметіне қарай көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдап заттанып, жіктік жалғауын қабылдап предикаттық қызмет атқаруы көркем әдебиет пен баспасөз беттеріндегі тілдік сөз қолданыстарда жиі кездесетін процесс болып отыр» - деп жазады.

Үстеудің синтаксистік қызметі

Үстеудің пысықтауыш қызметінде жұмсалуы. Үстеудің ең негізгі синтаксистік қызметі - сөйлемде пысықтауыш болу. Сөйлемде үстеулер қашанда өздерінің пысықтайтын сөздерінен бұрын тұрады. Үстеулердің ішінде орын талғамайтындары да бар. Сондай орын талғамайтын үстеулердің бірі - мезгіл үстеулері. Мезгіл үстеулері баяндауыштан басқа мүшелерді пысықтаса, онда пысықтайтын мүшенің алдынан келеді. Ал баяндауышты пысықтаса одан алшақ тұра береді.

Үстеу қимылдың, амал-әрекеттің әр алуан сын бейнесін, белгісін білдіреді. Осымен байланысты мекен, мезгіл, сын-қимыл, мақсат, себеп пысықтауыш бола береді. Үстеу мен үстеу, я үстеу мен зат есім тіркесіп келіп күрделі пысықтауыш болады. Мысалы, Құр кимелеудің зардабын тартқан жұрт енді *еппен* етіп жатыр (Ғ.Мүсірепов). *Таң қараңғысында* еркек атаулы жұмысқа кетеді (С.Мұқанов). *Жоғары-төмен* үйрек, қаз ұшып тұрса сымпылдап (Абай). Алынған сөйлемдерде *еппен* сын-қимыл пысықтауыш болып тұрса, *таң қараңғысында* мезгіл пысықтауыш болып, *жоғары-төмен* мекен пысықтауыш ретінде жұмсалып тұр.

Үстеудің бастауыш қызметінде жұмсалуы. Үстеулер субстантивтеніп бастауыш қызметінде жұмсала береді. Нөлдік тұлғада көптік жалғаулары арқылы субстантивтеніп бастауыш болады. Кей жағдайда көмекші сөздермен тіркесіп бастауыш қызметін атқарады. Еріншектің *ертеңі* бітпес (мақал). *Бүгін* деген қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы (Ә.Кекілбаев).

Үстеудің баяндауыш қызметінде жұмсалуы. Үстеулер сөйлем соңында жіктеліп баяндауыштың қызметін де атқарады. Мысалы, Киім формасы *өзгешелеу екен* өзінің (К.Тоқаев). Мен сенімен *бірге мін* (Ғ.Сланов).

Үстеудің толықтауыш қызметінде жұмсалуы. Үстеулер заттанып тура толықтауыш та, жанама толықтауыш та бола алады. Тура толықтауыш қызметінде жай септікпен бірге тәуелдеулі септік формасында да жұмсала береді. Мысалы, Азын-аулақ *қазақшаны* да далбарлайтын болған (М.Әуезов). Жанама толықтауыш болып барыс, шығыс және көмектес септіктерінде келе береді. Мысалы, *Соншаны* көріп, біліп келіп, ішке тығып тастағандай едіңіз (Бұл да).

Үстеудің анықтауыш қызметінде жұмсалуы. Зат есіммен, сын есіммен тіркесіп, анықтауышта болады. Мысалы, *Осынша* орысшаны қайдан үйреніп жүрсіз (Т.Ахтанов).

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Үстеудің зерттелу тарихы жайлы мәлімет беріңдер.
2. Үстеудің жалпы сипаттамасы.
3. Үстеулердің лексика-грамматикалық топтарына сипаттама беріп, олардың өзіндік ерекшелігін мысалдар арқылы дәлелдеңдер.
4. Үстеудің синтаксистік қызметі жайлы мәлімет беріңдер.
5. Үстеудің өзіндік сипаты мен жіктелуіне сызба жасаңдар.

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

Еліктеу сөз табына жататын сөздер адамды қоршаған табиғат құбылыс-тарының және айналадағы заттардың қозғалуынан шыққан дыбыстарға еліктеуден немесе адамның түрлі жағдайға байланысты әрекетіне, қозғалысына қатысты көріністердің, сонымен бірге желдің гуілі, жапырақтың сыбдыры, найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, өзеннің сылдырап ағуы, заттардың құлап түсуі, домалауы, соқтығысуларына еліктеуден пайда болған мән-мағынаны білдіретін ұғым атаулары, сол сөздердің жиыны.

Қазақ тілі адамның көру, есту мүшелері арқылы түйсіну, ұғу қабілетінен пайда болған мұндай еліктеу сөздерге өте бай. Олар ауызекі тілде де, әдеби тілде де кеңінен қолданылады. Ойды дәл де ықшам, жинақғы да көрікті етіп жеткізуде ерекше

көркемдік мән үстейтін сөздер. Мысалы: Төрт-бес ат суға түсіп, шомылып, жүндері жылт-жылт етіп, көлшімекгің жағасындағы балғын шалғынды бырт-бырт орады. (С.Сейфулин); Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды (М.Әуезов)-деген сөйлемдердегі «жылт-жылт, бырт-бырт, сырт-сырт» еліктеу сөздері айтылған ойды көрікгендіріп тұр.

Сөз табы ретінде еліктеу сөз тілде кейіннен танылған сөздердің тобы. Ол түркі тілдерінің ертеректе шыққан грамматикаларында одағай сөз табының құрамында қаралып келген. Түркі тілдерінде еліктеу сөздерді өз алдына одағайдан алғаш рет бөліп, оның 115-тен артық құрылымдық түрі барын анықтаған чуваш ғалымы Н.И.Ашмарин. Түркі тіліндегі еліктеу сөздерді бұдан кейінгі кезеңде өз алдына бөліп, одағай сөзден айырмашылығын көрсеткен келесі ғалым Л. Н. Харитонов.

Қазақ тілінде де біресе үстеудің, біресе одағайдың ішінде қарастырылып келген еліктеу сөздердің жеке сөз табы болып бөлініп дарапануы профессор А.Ыскақовтың есімімен байланысты. Ахмеди Ысқақов қазіргі қазақ тілінде «еліктеу сөздер» өзгеше бір сөздер тобына жататынын баспа беттерінде елуінші жылдардың басында жариялаған мақалаларында-ақ дәлелдейді.Бұған дейін жалпы түркологиядағы сияқты қазақ тіл білімінде де жеке аталмай басқа сөз таптарының ішінде аралас беріліп келген еліктеу сөз, осыдан кейін қазақ тілі грамматикаларына жеке сөз табы ретінде еніп, алпысыншы жылдардан бастап ғалымдардың назарына ілінген маңызды ғылыми тақырыпқа айналды. Епіктеу сөзге арнап Ш. Сарыбаев кітап шығарса, Б.Катембаева ғылыми жұмысының тақырыбы етеді.

Еліктеу сөздің жеке сөз табы болып танылуы, біріншіден, олардың бәріне ортақ дыбысқа, бейнеге еліктеу мағынасының болуы. Объективті өмірде болып жатқан дыбыстар мен бейнелер еліктеу сөздер мәні арқылы ұғынылады. Еліктеу сөздер өзінің шығуы мен құрылысы жағынан еш сөз табына қосылмайды. Адам баласы тілінің пайда болуы, тілдің шығуы туралы пікірлердің бірі - дыбысқа еліктеу теориясы бойынша табиғаттағы дыбыстарға еліктеуден апғашқы сөздер жасалып, ол сөздер сол заттардың атауларына айналған делінеді. Түркі

тілдерде қарқ-қарқ, мияу-мияу, гу-гу, тарс-тарс, саңқ-саңқ, қор-қор, сықыр-сықыр, ыңқ-ыңқ тәрізді еліктеуіш сөздер және олардан жасалған қарқылдау, мияулау, гуіл, гуілдеу, тарсыл, тарсылдау, саңқылдау, қорыл, қорылдау, сықыр, сықырлау, ыңқыл, ыңқылдау тәрізді туынды сөздер жасалған. Бұдан тілдің шығуы еліктеу сөздерге байланысты болған деген пікірдің жаны бар екені көрінеді. Мысалы, «көкек» сөзі құстың «ку-кук» деп шығарған дыбысына байланысты, құстың бір түріне берілген атау. Мұндай атаулар тілде көп, әрі бұл туралы түрлі теориялар қазақ тіл білімінде айтылып та жүр. Бұған Қ.Хұсайыновтың ғылыми еңбегі дәлел. Бұл ғылыми зерттеуде қазақ тілінде нағыз дыбыс пен бейнеге еліктеуден пайда болған бір топ сөздердің бары, олардың дыбыс пен бейнеге еліктеу ұғымына байланысты ортақ мағынасы болатыны, ондай сөздер елікгеу сөздер тобына жататыны ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Еліктеу сөздерін сөз табы ретінде танудың екінші себебі, оларды түрлендіретін морфологиялық көрсеткішінің жоқтығы және оларды басқа сөз таптарынан бөліп тұратын айрықша белгі олардың дыбыстық құрамы жағынан өздеріне тән жүйесінің болуы. Профессор Ш.Сарыбаев қазақ тіліндегі еліктеу сөздер дыбыстық құрамының бес түрін көрсетеді. 1) «дауыссыз-дауысты» дыбыстардан құралған үлгі-модель. Бұған «ду, гу, зу» сияқты екі дыбыстан тұратын еліктеу сөздерді жатқызады; 2) Дыбыстық құрамының қатары «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз» болып үш дыбыстан құралған модельді еліктеулерге «сар, маң, шыр» т.с. с. үш дыбыстан құралған сөздерді келтіреді. 3) «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз» ретімен құрамы төрт дыбыстан тұратындарына «былқ, сырт, дүрс» сөздерін жатқызады. 4) «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауысты-дауыссыз» дыбыстардан тұратын үлгіге «жалаң, қылаң, сылаң, ырсың, ербең» т.с.с. құрамы бес дыбыстан құралған еліктеу сөздерді жатқызады. 5) «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз-дауысты-дауыссыз» үлгісіне негізінен туынды түбір болатын «жалб-аң, қорб-аң, жалт-ың, кірж-ің» сияқты еліктеу сөздерін келтіреді. Бұл модельдер қазақ тіліндегі еліктеу сөздерінің дыбыстық құрамы мен

құрылысында басқа сөз таптарына ұқсамайтын өзіндік ерекшелік барын айқындай түседі.

Еліктеу сөздердің мағыналық түрлері

Еліктеу сөздердің біразының семантикасы табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстармен байланысты мағыналарды білдірсе, кейбірінің мағыналары сол табиғаттағы әр қилы көріністердің бейнелерін білдіреді. Мысалы, «мылтық тарс етгі», «қарға қарқ етті» деген мысалдарда, «тарс» мылтықтың атылуынан шыққан, «қарқ» қарғаның қаңқылдауынан пайда болған дыбыстардың мағынасын беріп тұрса, «Алшаңбасып аю келеді», «Абай кілт бұрылып, жалт қарады» дегенде «алшаң, кілт, жалт» сөздері бейнеге еліктеу мағынасын білдіріп тұр.

Еліктеу сездер ішкі мағыналық ерекшеліктеріне орай екі салаға бөлінеді, бірі - еліктеуіш (еліктеме) сөздер, екіншісі - бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер аталады. (63.360-366.).

1. Еліктеуіш (еліктеме) сөздер дегеніміз - өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы адамның есту мүшесі құлақ арқылы дыбысқа еліктеу ұғымын білдіретін еліктеу сөздердің бір мағыналық түрі.

Адамның тыныс мүшесі арқылы шығарылатын дыбыстау мағынасын білдіретін еліктеуіш сөздер тілімізде едәуір. Мәселен, бір ғана ұйықтауға байланысты еліктеу сөздер ішкі мағыналық реңіне қарай «қор-қор, пыс-пыс, быр-быр» сияқты сөздермен беріледі.

Адамның көңіл-күйіне қатысты күлудің он бес түріне Ш.Сарыбаев мына еліктеу сөздерді атайды: «ду күлу, жырқ-жырқ күлу, кеңк-кеңк күлу, қарқ-қарқ күлу, мыңқ-мыңқ күлу, мырс етіп күлу, сақ-сақ күлу, солқ-солқ күлу, сық-сық күлу, сылқ-сылқ күлу, сыңғыр-сыңғыр күлу, таңқ-таңқ күлу, тарқ-тарқ күлу, шаңқ-шаңқ күлу, ырқ-ырқ күлу, т.б.» (46) келтіреді.

Түрлі жан-жануарлар, хайуан, аң-құстардың дауыстарына еліктеуден пайда болған түрлі еліктеуіш (еліктеме) сөздер де бар. Мысалы: «Бақ-бақ еткен текені, қар жауғанда көреміз...» деген сөйлем ішінде келген «бақ» еліктеуіш сөзі еркек жынысты ешкі малы шығаратын дыбыс мағынасын білдірсе, «Құлындар шіңгір-шіңгір кісінесіп, ойнақтап тұяғымен көтерді

шаң» деген өлең жолындағы «шіңгір-шіңгір», жылқы малының құлына тән кісінегенде шығаратын дыбысқа еліктеуден туған еліктеуіш сөз.

Адам организмінде болатын алуан түрлі сезім құбылыстары су-су, дүрс-дүрс, зырқ-зырқ, лүп-лүп, лып-лып, дір-дір, зу-зу, зың-зың, зырқ-зырқ, даң-дұң, әңкі-тәңкі, шың-шың, дың-дың, астан-кестен, ың-жың, мең-зең, алай-түлей, ұйқы-тұйқы, алау-жалау, сап-сап, әлем-жалам сияқты еліктеме сөздер арқылы беріледі. Еліктеуіш сөздер тілде қолданылған жеріне әрдайым әсемдік, ықшамдылық сипат беріп, шығарма тілін көріктендіріп турады. Мысалы: Бермеймін демеймін-ау, салдыр-гүлдір жүрісіңнен қорқамын «Ә.С.). Аюкеме оңашалана бергенде, күңк етіп қалып едім, шоқ басқандай зыр ете түсті.

2. Бейнелеуіш сөздер - табиғаттағы құбылыстар мен заттардың және неше алуан жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаттары мен әрекет қимылдарын көру мүшесі - көз арқылы қабылданған бейне - көріністердің атаулары. Бейнелеуіш сөздер адамның, не түрлі заттардың қимыл-әрекетінің бейнелі еліктеу мағынасын білдіреді. Мысалы, «Саусақтары бұлың-бұлың етті де кетті» (Ғ.С.); «Аттар борт-борт желіді» (С.М.); «Бұланбай мен Алшағырдың үй іштері көшіп келіп, абыр-сабыр болып қалды»(Ғ. М.) - деген сөйлемдерде адам саусағының, аттың жүрісінің, адамдардың түрлі қимыл әрекетінің көрініс бейнелері «бұлың-бұлың, борт-борт, абыр-сабыр» бейнелеуіш (бейнелеме) сөздерінің мағынасы арқылы берілген.

Бейнелеуіш сөздер адамның не заттың қимыл процесін ғана көрсетіп қоймай, олардың сыртқы көрінісінің бейне-сипатына байланысты қалыппын да білдіреді. Мысалы, «дал-дал, ойқаң-тойқаң, пара-пара, дода-дода, әлем-жәлем, опай-топай, алақ-жалақ, мылжа-пылжа» сөздері заттың сыртқы тұлғалық көрінісінің бейнесін білдіретін сөздер. Осылардың біразын сөйлем ішінде келтірейік: «Алға!» - деп, құшырланып тиіскенде, дал-дал боп қақ жарылған мидай тақыр» (Бекежанов). Үстіндегі ер тоқымы пара-пара (Ә.Көшімов). Скважина ауызы ойқан-тойқан болып қалды (Ғ.Мұстафин).

Бейнелеуіш сөздерге жалпы жарық сәуленің қатысы арқылы көзге шағылысу бейнелерінің мағыналарын білдіретін оттың

жануы, күннің жарқырауы, жалтыр нәрсенің жылтылдауы байланысты мағыналарды білдіретін «жалт-жұлт, жарқ-жұрқ, лап-лап, лау-лау» сияқгы сөздер де жатады. Етістік сөздерден -аң, -ең, -ң жұрнағы арқылы жасалынған туынды еліктеу сөздер де бейнелеуіш сөздердің мағынасын білдіреді. Мысалы, сүйрең, қисаң, созалаң. Жалпы адамның, тірі жанның, нәрсенің қимыл-қалпын көру, қабілеті арқылы қабылдаудан пайда болған еліктеу мағынасындағы сөздер бейнелеуіш сөздер тобына кіреді.

Адамның көру қабілеті арқылы танылатын бейне-құбылыстар, тірі жанда болатын сезім-күйлер семантикалық жақтарынан құбылып түрліше мағынаны білдіруіне байланысты, өз ішінде бірнеше топтарға бөлінеді.

1. Адам мен хайуанаттардың, құстардың жүрістерінің бейне-сипатын білдіретін бейнелеуіш сөздер тобына «алшаң-апшаң, тайраң-тайраң, апыл-тапыл, қаз-қаз, қақшаң-қақшаң, митың-митың, байпаң-байпаң, күйбең-күйбең, талтаң-талтаң, маң-маң, қойқаң-қойқаң, тепең-тепең, шоқаң-шоқаң» т.с.с. сөздер жатады.

2. Адамдар мен хайуанаттардың, құстардың қимыл, іс-әрекеттерінің сырт тұлға көріністерін бейнелейтін сөздерге «қылт-қылт, қылтың-қылтың, елбек-елбек, елең-елең, еңкең-еңкең, мықшың-мықшың, қыбжың-қыбжың, қутың-қутың, елбек-елбек, сылқ-сылқ, былқ-былқ, қалт-құлт, ербең-ербең, шыбжың-шыбжың, қаужаң-қаужаң, шошаң-шошаң» сияқты сөздер жатады.

3. Көру сезімі арқылы танылатын әр қилы заттардың құбылып көрінуі және адамның бет пішінінде болатын қуаныш, реніш сияқты реңктердің, құбылыстардың бейнелерін білдіретін сөздер тобына «жарқ-жұрқ, жалт-жұлт, мөлт-мөлт, жымың-жымың, лау-лау, лап-лап, лып-лып, алау-жалау, жылт-жылт, алай-түлей, бұлдыр-бұлдыр, ұйқы-тұйқы, бұрқ-бұрқ, алай-түлей, елең-алаң, апақ-сапақ, қылаң-қылаң, жапба-жұлба, тоз-тоз, құж-құж, ығы-жығы, айқыш-ұйқыш, олпы-солпы» тағы осы сияқты мағынадағы бейнелеуіш сөздер жатады.

4. Ойламаған жерден, қапылыстан, кенеттен шұғыл істелетін қимылдың көрінісін, құбылысын бейнелеу мағынасын

білдіретін сөздерге «сау-сау, сумаң-сумаң, қылп-қылп, зып-зып, қылт-қылт» сияқгы сөздер жатады.

5. Қимыл процестің тәртіпсіз, жүйесіз астан-кестен, үсті-үстіне болған қалпын білдіретін бейнелеуіш сөздер мағынасын «жапыр-жұпыр, астан-кестен, абыр-сабыр, ойран-топыр, қапыл-құпыл, опыр-топыр, бұлан-талан, ұмар-жұмар» бейнелеуіш сөздері білдіреді.

Бейнелеуіш сөздердің көпшілігі ауыспалы мағынада жиі қолданылады.

Еліктеу сөздердің фонетика-морфологиялық сипаты

Еліктеу сөздер мағыналық түрлері жағынан ғана емес, фонетика-грамматикалық сипаттары жағынан да өзіндік ерекшелікке ие. Еліктеу сөз табына жататын сөздердің буын құрылымы, морфологиялық тұлғалары бір-бірімен ұқсас, орайлас келеді.

1. Еліктеу сөздердің фонетикалық сипаты олардың дыбыстық құрамы, буын жігі, айтылу ырғағы арқылы анықталады. Еліктеу сөздер дыбыстық құрамы жағынан басқа сөз таптарындағыдай шашырап жатпай, белгілі бір заңдылыққа бағынған. Еліктеу сөздердің түбір күйіндегі дені негізінен екі, үш, төрт дыбыстан құралған бір буынды түбір сөздер болып келеді де, ал қосарланып келгенде бес-алты дыбысқа дейін жетеді. Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамындағы дыбыстардың тіркесуінде белгілі бір қалыптасқан жүйелі заңдылықтың болуы, олардың басым көпшілігінің негізгі түбір форма екенін көрсетеді.

Еліктеу мағынасын білдіретін сөздерде болатын мұндай ерекшеліктермен қатар, олардың құрамында келетін дауысты және дауыссыз дыбыстардың келуінде де ерекшелік бар. Дауысты дыбыстардың барлық түрлері емес, белгілі бір түрлері ғана еліктеу сөздің құрамында келеді. Еліктеу сөздерді жасауға тек «а, е, ы, і, ұ, ү, у» дауыстылары қатысады. Сонымен бірге бұл дауысты дыбыстар бірен-саран еліктеу сөздің басында болмаса, бірінші дыбыс болып келмейді, көбіне негізінен екінші орында тұрады. Дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігі еліктеу сөз білдіретін мағынаның өзгеруіне әсер етеді. Дыбыстық құрамы жағынан бірдей жуан дауыстылар

қатысқан еліктеу сөздің мағынасы, жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздердің мағынасынан бөлек мағынаны білдіреді. Мысалы, бір топтағы еліктеу сөзге жататын құрамында жуан «а» дауысты дыбысы бар «шаңқ» сөзі мен жіңішке «і» дауысты дыбысы келген «шіңк» еліктеу сөзінің ішкі білдіретін мағыналары бірдей емес. «Шаңқ» сөзі көлемі жағынан ірі, үлкен заттың, әрі одан шыққан дыбыс қарқынының күштілігін білдірсе, «шіңк» сөзінің мағынасы көлемі кіші заттардан әлсіз шығатын дыбысты білдіреді. Еліктеу сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке түрлері, оның айтылуына да әсер етеді. Жуан дауысты дыбыс бар еліктеу сөз күшті қарқынмен айтылса, жіңішке дауыстысы жай қарқынмен айтылады. Бұл еліктеу сөздерінің айтылуына тән дауыс ырғағының болатынын көрсетеді.

Еліктеу сөздердің құрамына дауысты дыбыстар сияқты барлық дауыссыз дыбыстар да қатыса бермейді. Әрі сөздің басы мен соңында келетін дауыссыз дыбыстың түрлері біркелкі болмайды, олардың келуінде де өзіндік ерекшелік бар. Дауыссыз дыбыстан басталған еліктеу сөздердің бірінші дыбысы дауыссыздың қай түрінен басталғанына шек қойылмайтын болса, соңында келетін дауыссыз дыбыстардың түрі мен орналасуында белгілі тәртіп болады. Негізінен үш, төрт дыбыстан тұратын соңы екі дауыссыз дыбысқа аяқталатын тұйық және бітеу буынды еліктеу сөздердің алдыңғы дауыссызы үнді, соңғысы қатаң дауыссыз болуы шарт. Мысалы, «сылқ, бүлк, сырт, еңк, епп» т.б.

Еліктеу сөздердің соңында келген р, ж, ң дыбыстары созылып айтылады. Мысалы, гүр-р-р ете түсті, быж-ж-ж ете қалды, дың-ң-ң етті., ыр-р етті, мыж-мыж-ж болды т.б. Басқа сөз таптарына жататын сөздердің соңында сирек кездесетін «ж» дыбысы еліктеу сөздердің соңында көп кездеседі. Мысалы, гүж- гүж, баж-баж, шыж-быж, мыж-мыж т.б.

Басқа сөз таптарында «л» дыбысынан басталатын сөздердің алдында естілетін «ы, і» протетикалық дыбыс (лақ, лай, лезде, лас т.б.) еліктеу сөздерде айтылмайды. Мысалы, «лақ етті, лап ете қалды, лау-лау етті».

Егер дыбыс жылдам, шұғыл, тез шықса, онда еліктеуіш сөздің айтылу интонациясы да тез шұғыл болады. Ал дыбыс шұғыл болмай, созылыңқы шықса, онда еліктеуіш сөздерде созылыңқы интонациямен айтылады.

Екі буынды дыбыстық еліктеуіш сөздердің соңғы дыбысы көбіне вибрациялық «р» дыбысына аяқталады. Мысалы, «даңғыр-дүңгір, тықыр-тықыр, салдыр-гүлдір т.т.

Үш дыбыстан құралған еліктеу сөздердің соңғы дыбысы сонор «р, л, м, ң» дыбыстарына аяқталады. Мысалы, «дыр, дал, шым, шың, маң».

Төрт дыбыстан құралған еліктеу сөздердің үшінші дыбысы сонор, ал төртінші дыбысы міндетті түрде қатаң дауыссыздарға бітеді. Мысалы,» сарт, бырт, былқ, селк, тарс» т.т.

Буын түрі жағынан бір буынды еліктеу сөздердің көбі ашық және бітеу буынды сөз болып келеді. Мысалы: зу, ду, гүж, шың, мырс, селк т.б. Қосарланып келген еліктеу сөздердің сыңарлары аралас буынды сөздерден тұрып, көбіне екі буынды болады.

Бір буынды негізгі түбір еліктеу сөздер интонациясы жағынан мағыналарына орай бірде жылдам ырғақпен, бірде баяу, ақырын ырғақсыз айтылады. Жалпы еліктеу сөздер интонацияға бай, әрі олар құбылмалы келеді. Олардың интонация байлығы, оларды омонимдес зат есімдермен салыстырғанда анық байқалады. Мысалы, «Қор болды» мен «қор ете түсті» деген екі тіркестің бірінші заттық мағынадағы «қор» сөзі жай, қоңыр интонациямен айтылса, «қор ете түсті» тіркесіндегі «қор» еліктеу сөзі жұлып алғандай күшті екпінмен айтылады. Мұндай интонациялық құбылмалық «дар асты -дар ете қалды», «қыз бала- қыз-қыз қайнады», «шөп шапты - шөп ете қалды» тіркестеріндегі омоним сөздердің айтылу интонациясының бірдей еместігінен де көрінеді. Бұп еліктеу сөздердің интонациялық құбылу шеңбері кең екенін көрсетеді.

2. Еліктеу сөздер морфологиялық құрамы жағынан жалаң және күрделі тұлғаларда келеді. Жалаң түбір еліктеу сөздерге негізгі түбір еліктеу сөздер мен олардан синтетикалық тәсіл арқылы жасалынған туынды сөздер жатады.

Негізгі еліктеу сөздер айналадағы табиғат құбылыстарын құлақпен есту арқылы қабылдаған дыбыстардан және көзбен көру арқылы қабылданған елес-көріністердің бейнелерінен пайда болған түсініктердің атаулары, демек, сол дыбыстар мен бейнелердің атаулары есебінде қызмет ететін бір морфемадан тұратын түбір сөздер болып келеді.

Туынды еліктеу сөздерге негізгі түбір еліктеу сөздер мен басқа атаушы сөздерге жалғанғанда еліктеу мағынасын тудыратын сөз тудырушы жұрнақтардың қосылуынан жасалынған, морфемдік құрамы жағынан екі морфемадан (түбір морфема + қосымша морфема) тұратын туынды сөздер жатады. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды еліктеу жасайтын негізгі сөз тудырушы жұрнақтар: -аң, -ең, -ң, -ың, -ің, -алаң, -елең, -лаң, -лең. Мына «балпақ -балп-ақ», «жылтың-жылт-ың», «томпаң-томп-аң», «елпең-елп-ең», «көлбең - көлб-ең», «сылаң - сыл-аң», «ирелең - ир-елең», «бұралаң - бұр-алаң», «шұбалаң - шұб-алаң» сөздері екі морфемадан құралған туынды түбір еліктеу сөздері. Мысалы: Арқа арбадан қорбаң етіп түсті. Ол жайнамаз үстінен түспей, шоқаң-шоқаң етті де отырды.

Еліктеу сөздердің күрделі түрі негізінен қос сөзді түбірлер болып келеді. Күрделі түбір тұлғалы туынды еліктеу сөздер аналитикалық тәсіл арқылы негізгі не туынды түбір елікгеу сөздердің қайталанып немесе қосарланып келуінен жасалады. Мысалы, «күж-күж, быж-быж, шыр-шыр, шыж-шыж, пыс-пыс» еліктеу сөздері негізгі түбір еліктеу сөздің қайталануынан жасалынған қайталама түбірлі қос сөз тұлғалары. Ал, бір сыңарының фонетикалық өзгеріске ұшырап қосарлануынан жасалынған «шыж-мыж, шарт-шұрт, арбаң-тарбаң, алақ-жұлақ» сияқты еліктеу сөздер қосарлама немесе қосарланған түбір еліктеу сөздеріне жатады.

Бір сөздің қайталануынан жасалынған қайталама түбірлі еліктеу қос сөздердің бір қалыпты болған дыбысқа еліктеуді білдіреді. Мысалы, тырс-тырс, быж-быж т.б. Ал қосарлама қос сөздердің мағынасы әр түрлі дыбысталған еліктеулердің мағынасын береді, Мысалы сатыр-сұғыр, бұрқан-тарқан, шаңқ-шұңқ, т.т,

Күрделі еліктеу сөздер сыңарлары фонетикалық дыбысталуы және беретін мағынасына байланысты бірыңғай қосарлы және әр түрлі аралас қосарлы болып келеді. Күрделі еліктеу сөздердің бір сыңарының дыбыстық өзгеріске ұшырау арқылы қосарланған еліктеу сөздер қатарына «жапыр-жұпыр, қыбыр-жыбыр» сияқты сөздер жатады. Ал аралас қосарлы күрделі еліктеу сөздер сыңарларының дыбыс саны тең келмейді және мағыналық жағынан бірі мәнді болса, екіншісі мәнсіз сөз болады. Кей еліктеулердің екі сыңары да мәнсіз сөздерден қосарланады. Оны мына «ойпаң-тойпаң, апалаң-жұпалаң, абыр-сабыр, тасыр-тұсыр» сияқгы қосарланған түбір еліктеу сөздерінің сыңарларынан көруге болады. Мұндай қосарланған түбір еліктеу сөздердің сыңарларының біреуі, кейде екеуі де жеке қолданылмайды.

Күрделі түбір еліктеу сөздердің сыңарлары арасында «да, де, та, те» шылаулары келетіндері де бар. Мысалы, «гүрс те гурс, жалт та жұлт, елтең де селтең, тасыр да тұсыр» дегендер аналитикалық тәсіл арқылы жасалынып тұрған тіркесті күрделі еліктеу сөздер. Бұндай тіркесті түбірлер көбіне әр түрлі бейне, дыбыстауға байланысты аралас еліктеу ұғымын білдіретін сөздер болып келеді. Мысалы: Ел қағынды, мал сабылды, ұрлық, өтірік, гу де гу (Абай).

Еліктеу сөздер басқа сөз таптарынан жасалмайды. Керісінше басқа сөз таптарын жасауға негіз сөз болады. Еліктеу сөздердің зат есім мен етістік жасауға қабілеті күшті. Сөз тудыратын еліктеу сөздердің өнімді басты жұрнақтары: -ыл, -іл; -да, -де; -ақ, -ек; -ыр, -ір; -ық, -ік. Мысалы, «гүрсіл естілді, жалтақ бала, жалтыр қағаз, бүлкек жүріс» деген тіркестердің ішінде не? сұрағына жауап беріп тұрған «гүрсіл» сөзі туынды зат есім, ал «жалтақ, жалтыр, бүлкек» сөздері қандай? сұрағына жауап беретін туынды сын есімдер, яғни еліктеу сөздерден жасалған есім сөздер.

Бір буынды еліктеу сөздерінен -ыл, -іл жұрнақтары арқылы зат есім жасалатын (сыр-ыл) болса, оның үстіне -да, -де жұрнағы жалғану арқылы туынды зат есімнен жаңа сөз-туынды етістік (сыр-ылда) жасалады. Туынды зат есімнің де, туынды етістіктің де негіз сөзі еликгеу сөз болады. Еліктеу

сөздерден жасалған етістіктер қазақ поэзиясында есімше, көсемше формаларға түрленіп келуі, әсіресе өлең ұйқасы көсемшенің «-ып» формасында қолданылуы жиі кездеседі.

Қазақ тілінде еліктеу сөздерге -дақ,-дек жұрнағы жалғану арқылы зат есімдер де жасалады. Олар жер-су аттарында көп кездеседі. Мысалы, Ысылдақ (сайдың аты), Лоқылдақ (бұлақ ата), Бақырақсай (өзен аты), Сарқырама (өзен аты) т.б. Кейбір еліктеуіш сөздер сықырлауық, сылдырлауық, тоқылдауық сияқгы туынды етістіктен жасалған туынды зат есімдердің жасалуына да негіз болған. Кейде –у жұрнағының еліктеу сөзге бірден жалғануынан жасалынған зат есім сөздер сирек болса да кездеседі. Мысалы, шаншу, қыңқу, каңқу. Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман. Ел арасында қыңқу, сыңқу көбейді.

Туынды еліктеуіш сөздерге -ла,-ле жұрнағы тікелей жалғанып та туынды етістік жасалады. Мысалы, «талтаңда, сопаңда, бұраңда, қиқалаңда» туынды етістіктердің негіз сөзі «талтаң, сопаң, бұраң, қиқалаң» - туынды еліктеу сөздері. Аталған сөздердің үстіне «-да» жұрнағы жалғанып, жаңа туынды етістік жасалған.

Кейбір еліктеуіш сөздерге «и» жұрнағы жалғанып та етістік жасалады. Мысалы, «бүкши, секси, түкси» т.т. Осылай еліктеу сөздерден сөзжасам жұрнақгары арқылы екі сөз табының туынды түрлері жасалатын болса, «ет, бер, қақ» негізгі мәнді кемекші етістіктердің еліктеу сөздерге тіркесінен күрделі етістіктер жасалады. Мысалы, «тарс етті, лап берді, бүрсең қақты».

Еліктеу сөздердің синтаксистік қызметі

Еліктеу сөздер синтаксистік қызметі жағынан қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы, оның сейлем ішінде қолданылу орнына және олардың өзге сөздермен өзара тіркесіне байланысты болады. Еліктеу сөздер көп жағдайда зат есім сөздің алдында атау тұлғада тұрып, қандай? қай? сұрағына жауап беріп, анықталушы сөздің анықтауышы сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы, Шаңқ-шұңқ айқай естілді. Қандай айқай естілді? - Шаңқ-шұңқ. Бұл - бастауышты анықгап тұрған сөз, анықтауыш мүше. - Не естілді?-Айқай. Зат есімнен болған бастауыш. Еліктеу сөз атау тұлғада зат есім

сөздің орнына қолданылғанда сөйлемнің бастауыш мүшесі де бола алады. Мысалы, Төңірекгі шаңқ-шұнқ басты. -Не басты? - Шаңқ-шұңқ. Мұнда еліктеу сөз заттық ұғымдағы сөздің орнына жүріп, сөйлемнің бастауышы болып тұр. Етістіктен болған баяндауыштың алдында тұрып, сөйлемнің пысықтауышы қызметін де атқара алады. Мысалы, Үй іші де ду күліпті. - Не істеді? - Күлді. -Қалай күлді? - ду. Күлу қимылының қалай болғаны «ду» еліктеу сөзі арқылы білініп түр.

Сөйлемде елікгеу сөздер көбіне жеке қолданылмайды, негізінен басқа сөздермен тіркесіп, күрделі сөздің құрамында келеді. Көбіне «ет» етістігімен тіркесте келіп күрделі сөйлем мүшенің қызметін атқарады. Мұндайда аналитикалық формадағы етістік сөйлемнің күрделі баяндауышы болады. Мысапы, «тарс ете қалды, арс-арс етіп, арс етті, жарқ ете қалды, жарқ-жұрқ ете қалды»-деген тіркестерде, «арс, тарс, жарқ» еліктеу сөздері атау тұлғада «ет» етістігімен тіркесіп келіп жаңа туынды сөз - күрделі етістіктің бір түрі -құранды етістіктер жасап, олардың бірі - көсемше формада, екіншісі -шақтық формада, үшінші-төртінші-аналитикалық формаларда түрленіп тұр. Мұнда грамматикалық формаларға түсіп тұрған еліктеу сөз емес, еліктеу сөзге «ет» етістігінің тіркесі арқылы жасалынған құранды етістіктің грамматикалық формаларға түрленуі, етістіктің грамматикалық категориясында жұмсалуы. Еліктеу сөздердің кейбіреуі «бер, қақ» сияқты етістіктермен тіркесіп келіп, құранды етістік тұлғасын жасайтындары бар. Мысалы, «лап берді, шап берді, сылаң қақты, бүрсең қақты» деген құранды етістік құрамында қолдану кездеседі. Профессор А.Ысқақовтың еліктеу сөздерді «жеке-дара қолданылмайтын формалар», «түрленбейтін сөздер» - деп атауы, осы ерекшелігіне байланысты болса керек. Еліктеу сөздер сөйлемде басқа сөздермен ішкі тіркес құрып, күрделі мүшенің құрамында айтылады, бірен-саран жағдайда болмаса еліктеу сөздер көбіне етістіктермен тіркеседі. Көмекші етістікпен тіркес келгенде грамматикалық формалар еліктеу сөзге емес, көмекші етістікке жалғанады.

Еліктеуіш сөздерде заттану процесі жиі кездеседі. Мұндай жағдайда олар зат есімдерше түрленеді. Мысалы. Осы абыр-

сабыр, даң-дұңын тыста тұрып есітті. Мұнда «даң-дұң» еліктеу сөзіне әуелі «-ы» тәуелдік, онан соң «-н» септік жалғаулары жалғанып келіп несін? Деген зат есімнің тәуелдеулі септік формасының сұрағына жауап беріп тұрған заттанған сөз. Еліктеу сөздерге әдетте жалғаулар бірден тікелей жалғанбайды, тек заттанған жағдайда ғана зат есімнің категориялық көрсеткіштері жалғанып сөйлемде бастауыш, толықгауыш мүшелерінің қызметін атқарады.

Еліктеу сөздер толық мәнді етістіктермен де, көмекші мәнді етістіктермен де тіркесіп келеді. Осы тіркесу сипатына қарай олардың синтаксистік қызметі де әр түрлі болады. Еліктеуіш сөз әр уақытта етістік алдында тұрады. Еліктеуіш сөздер негізгі мағыналы етістіктермен тіркесіп оның алдында келгенде, әрдайым күрделі пысықтауыштың қызметін атқарады. «Ет» көмекші етістігімен тіркесіп қолданылғанда, күрделі баяндауыш не күрделі пысықгауыш болдады.

Еліктеу сөздер сөйлемде зат есім сөздің орнына жүріп заттанып қолданылғанда, олара зат есімнің көптік, септік, тәуелдік категорияларының формаларына түрленеді.

Еліктеу сөздердің жалаң түрі мен күрделі (қосарланған) түрінің қай-қайсысы болса да, кебіне «ет» етістігімен еркін тіркеседі. Кейде толық мағыналы дербес етістіктердің ішінен тек өздерінің мағыналарына орайластарымен ғана тіркес құрайды. Елікгеу сөздер барлық сөз таптарымен тіркесе бермейді. Сөз таптарының кейбір сөздерімен некен-саяқ тіркескенімен, сын есім, үстеу, шылау сияқты сөз таптарымен мүлде тіркеске түспейді.

Еліктеу сөздер атау түлғада зат есімдерден бұрын тұрса, анықтауыш (шаң-шұң дауыс естілді), шығыс септігі формасында (шаң-шұңнан бас қатты) келсе, толықтауыш, етістікпен тіркескенде сын-қимыл пысықтауыш (маң басты, жалт қарады) болады. Ал, «ет» көмекші етістігімен тіркесетін еліктеу сөздер құранды мүшенің құрамына енеді де, тұтас бір күрделі мүшенің не күрделі баяндауыш, не күрделі пысықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы, Қиралаң етіп, артқа қарап Сұңқардың құлақ шекесіне азу тістерін қадамақшы болған Зуылдың сақ еткен тістері ауа қармады. Қара кемпірдің

бетінен бұрқ ете түскен қызыл қан төмен қарай жылжып түсе берді. Зырқ еткен жүрегі бұлқынып барып тынышталды. Денесі селк еткен Жаныс алдында бойы ұзарып, кеткен өлі денені көрді (Д.Бейс).

Қорыта келгенде, еліктеу сөздердің негізгі сипаты мынадай:

1. Еліктеу сөздер дыбыстық құрамы жағынан белгілі бір заңдылыққа бағынған жалаң түбір күйінде екі, үш, төрт, кейде бес, алты дыбыстардан тұратын сөздер. Қосарланып келгенде еліктеу сөздердің сыңарларының дыбыстық құрамы екіден бес-алты дыбысқа дейін жетеді. Мысалы, зу, пыр, саңқ, ербең, жалбаң, зу-зу, пыр-пыр, сарт-сұрт,сатыр-сұтыр, қорбаң-қорбаң т.б.

2. Еліктеу сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке және ашық, қысаң болуы сол сөздердің мағынасына әсер етеді Мысалы, «сарт етіп түсті» мен «селк ете түсті», «шиық етті» мен «шіңк етті» мағыналары бірдей емес. Сөз құрамында жіңішке дауысты дыбысы бар сөздер жуан дауысты барына сөздерге қарағанда, қимылдың әлсіз, жай, қысқа болғанын білдіреді.

3. Еліктеу сөздердің соңғы дыбыстары қос дауыссызға аяқталады. Оның алдыңғысы міндетті түрде үнді, кейінгісі қатаң дыбыс болады.

4. Еліктеу сөздер түбір күйінде тұрғанда нақты қандай мағынаны білдіретіні білінбейді. Олардың мағыналары көбіне дыбысқа, көрініске, құбылысқа тәуелді болып келетіндікген, еліктеудің дәл мағынасы оның басқа сөздер мен тіркеске түскенінде анық білінеді. Мысалы, «сылқ, жылп, сылп» еліктеу сөздерінің мағынасы жеке тұрғанда түсініксіз. Егер бұларды «Рақима сылқ-сылқ күлді» (Б.Майлин); «Малта аузына жылп етті, екі ерні сылп етті (С.Сейфулин) сияқты сөйлемдердегідей «күл, ет» етістіктерімен тіркесте қолданғанда олардың мағынасының анықтығы мен толықтығы байқалады. Өйткені «сылқ, жылп, сылп» еліктеулері адамның күлуімен, құрт-малтаның ауыздан түсу қимылы мен еріннің қозғалу қалпына қатысты бейнеден пайда болған сөздер. Егер ондай қимылдар болмаса, «сылқ, жылп, сылп» сөздері де тумас еді.

5. Еліктеу сөздер «ет» көмекші етістігімен тіркес келгенде, негізінен сөйлемнің пысықтауыш, баяндауыш мүшелерінің қызметін атқарады.

6.Заттанғанда болмаса, еліктеу сөздерге көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулары жалғанбайды.

7. Есім сөздер мен етістіктерден еліктеу сөздер жасалмайды, керісінше еліктеу сөздерден есім мен етістіктер жасалады.

8. Қосарлы түбір елікгеу сөздер құлаққа естілетін дыбыстың не көзге көрінетін елестің және адам организмінде болатын сезім, күйдің үсті-үстіне бірнеше рет қайталанғанын білдіреді. Мысалы: Арқа арбадан қорбаң-қорбаң етіп түсті. Ол жайнамаз үстінен түспей, шоқаң-шоқаң етті де отырды.

9. Еліктеу сездер ерекше логикалық екпінге ие.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Еліктеу сөздерге жалпы сипаттама беріңдер.
2. Еліктеу сөздердің қандай мағыналық түрлерін білесіңдер? Олардың әрқайсысына мінездеме бере отырып, мысалдар арқылы дәлелдеңдер.
3. Еліктеу сөздердің фонетика-морфологиялық сипатын айтып беріңдер.
4. Еліктеу сөздердің синтаксистік қызметі дегенде не түсінесіңдер?
5. Еліктеу сөздер өзіндік сипаты мен жіктелуіне сызба жасаңдар.

ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН СИПАТЫ

Шылаулардың о баста толық мағыналы сөздер болғандығы туралы барлық ғылыми еңбектерде жазылып келеді. А.Байтұрсынов шылауларды былайша үшке бөледі: 1. Үстеу. 2. Демеу. 3. Жалғаулық. Ғалым шылаулардың қатарына үстеулерді де жатқызады. Демеуліктерге да, де, ма, ме, әлде не, немесе, әйтпесе де т.б. жалғаулықтарды жатқызады. Ал жалғаулықтарға қазіргі күнде септеулік шылау делініп жүрген біраз сөздер енгізілген. Ол туралы А.Байтұрсынов былайша түсінік береді: «Кей сөздер жалғау орнына жүреді жаңа

жалғаулар сияқгы басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз, мәселен: мен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы»

Шылаулардың тарихына мән беріп, арнайы тоқталған - М.Балақаев. Ол 1941 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінің «Шылау сездер тарихы» тарауында шылауларды шығу тегі, дамуы турасында ғалымдар пікірлеріне шолу жасай келіп, былай деп жазады:«... шылау сөздердің кейбірі бастапқы сөзінен онша өзгере қоймаған, кейбірі көптеген өзгеріске ұшырап, бұрынғы сөзінен мүлдем қашықтап кеткен...

Профессор С.Аманжолов шылауларға: «Сөйлемдегі сөздердің басын қосуда ерекше орны бар дәнекерлік қызмет атқаратын нәрсе...» - деп анықгама береді де, бөлінуін екі түрлі деп көрсетеді: жалғаулық, демеулік. Жалғаулықтарға «сөз бен сөз, сөйлем мен сөйлем арасын біріктіретін, бірақ өз алды жеке жазылатын сөз сымақтар» деп да, де, не, немесе, бірақ, яки, және, әлде т.б. атайды. Бұлардың өзін іштей қолданылуына қарай екіге бөледі: екі сөйлем ортасында я бір сөйлем ортасында я екі сөз ортасында қолданылатындар (не, бірақ, алайда, кейде) және бір сөйлем ортасында қолданылатындар (және, мен, да, де). Демеулікті де екі түрге бөледі: а) сұрау-тілек демеулігі (ма, ме, шы, ші, ә, сірә); ә) құрау демеулігі (құсап, ары, бері, соң, кейін, сияқты, ішінде, астында, үстінде, арқасында, қасында, арқылы, үшін, дейін, шейін, таман, қарай, ақ, ғана т.б.). Ғалым құрау демеулігінің барлығы тек белгілі бір сөздің артынан айтылатынын атап, демеуліктердің құрау түрлері жеке тұрғанда, мәнді (ішінде, астында), мәнсіз (ақ, мыс) болып бөлінетінін айтады. Ғалым бөлінісінде жалғаулықгардың тобы қазіргі мен бірдей болып келсе, демеуліктер ажыратылмай, септеуліктермен араласып кеткен яғни септеулік шылаулар деген сөз қолданылмайды. Профессор Қ.Жұбанов шылауларды қосалқылар, жалғауыштар деп атаған. Қосалқыларға: «Түбірше, оңаша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып ғана жүре алады. Ондай сөздерге жаңадан көбінесе үстеу де, жалғау

да жалғанбайды. Осындай сөздерді қосалқы сөз дейміз»-деп анықтама береді. Қосалқылардың өзін дәйек және аяқ қосалқы деп екіге бөліп, дәйек қосалқыға тым, бек, қас, ең деген қазіргі күшейткіш үстеулерді, ал аяқ қосалқыларға шейін, сайын, мен, да, ақ, ғой шылауларын жатқызады.

Шылаулардың бір жағынан, жеке сөз тәрізді дербес тұлғада болуы, екінші жағынан, мағынасының дерексіз, абстрактылы болып, көмекшілік қызметте қолданылуы ғалымдардың біразының оларды дербес сөз деп, ал кейбір зерттеушілердің оларды жалғау мен жұрнақтарға теңеуіне себеп болды. Профессор Р.Әміров 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» деген еңбегінде былай деп жазады: «Шылау сөздер өздерінің мағынасы, қызметі жағынан грамматикалық категорияға жуық болғанымен, олар сөз қатарына жатуға тиіс. Өйткені, біріншіден, шылаулар басқа сөздер сияқты дара тұлғаға ие. Сөйлем ішінде бөлек тұрады. Екіншіден, грамматикапық мағыналар да, басқа сөздер сияқты, дүниедегі құбылыстарды танудан туады....шылау сөздер де белгілі бір ұғымға ие. Ол ұғым - атаулы сөздер білдіретін ұғымнан абстрактылау, дерексіз, дегенмен, ол - адамның дүние тану, ойлау жұмысы негізінде туған ұғым» .

Қазақ тілінің грамматикаларында А.Ысқақовтың еңбектерінде шылау сипаты толық ашылған деуге болады.

Шылаудың жекелеген түрлеріне қатысты еңбектер де баршылық. Олардың қатарынан септеуліктер мен демеуліктер жайында еңбек жазған Ф.Кенжебаеваны, Қ.Әміралиевті, Қ.Қадашеваны, Ғ.Иманғалиеваны және демеулік шылаулардың функционалды негізін танытуға арналған Ы.Шақаманның зерттеу еңбегін атауға болады. Әйтсе де шылаудың функциялық аясы, кейбір семантикалық ерекшеліктері, олардың қалыптасу жолдары сияқты зерттеуді қажет ететін тұстары да жоқ емес.

Шылаулардың жалпы сипаттамасы, түрлері

Толық лексикалық мағынасы жоқ, тек сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, белгілі бір сөздердің жетегінде қолданылып, түрлі грамматикалық мағына үстейтін көмекші

сөздер шылаулар деп аталады. Мысалы, Мың ақын жырласа тіл жетпейтін, бұл қыздар жаралған тек сүю *үшін* (Ж.Баязитов). Профессор Александров, тәсілінде, қазақ операларына би қоюға шақыртылған-ды, *бірақ* Жүргеновтың арнайы табыстауымен маған хореографияның жүйе-жүйесін, техникасын үйретіп, би білімімді ұштауды қолға алды (Ш.Жиенқулова). Қасыңа бара алмадым, Сездіңбе жан арманым, Еріксіз, қалқам, саған ән арнадым (Т.Рахымов). Берілген сөйлемдердегі *үшін, бірақ, бе* - шылау сөздер. Бұл сөздер өздері тіркескен сөзге, салаласа, сабақтаса байланысатын сөйлемдерге әр түрлі мағыналық реңк жамайды.

Шылаулардың өздеріне тән мынадай белгілері бар:

- Біріншіден, шылаулар абстрактылы грамматикалық мағына білдіреді, олардың толық лексикалық мағынасы болмайды.
- Екіншіден, шылаулар грамматикалық қызмет атқарады. Олар тең дәрежедегі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра және сабақтастыра байланыстырады.
- Үшіншіден, шылаулар сөйлемде жеке сөйлем мүшесі бола алмайды.
- Төртіншіден, шылаулар өзіне жалғау, жұрнақ жалғамайды, түрленбейді.

Шылаулардың білдіретін грамматикалық мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді. Олар: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер.

Жалғаулықтар

Өзара тең дәрежедегі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстыратын кемекші сөздердің бір тобын жалғаулықтар дейміз. Мысалы, Халық *пен* халықты, адам *мен* адамды теңестіретін нәрсе - білім (М.Әуезов). *Әрі* роль ойнайсыз, *әрі* белгілі балериналардан үйренесіз, - деді (Ш.Жиенқұлова). Берілген мысалдардағы пен, мен жалғаулықтары тең дәрежедегі сөз бен сөзді ыңғайластық мәнде байланыстырып тұрса, әрі жалғаулығы сөйлем мен сөйлемді ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр. Жалғаулықгар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін әр түрлі мағыналық қатынаста жалғастыру үшін қолданылады.

Мағынасына қарай жалғаулықтар алты топқа бөлінеді:

- Ыңғайластық жалғаулықтар: мен (бен, пен), және, да, де, та, те, әрі.
- Талғаулықты жалғаулықтар: әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде, мейлі.
- Қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен.
- Себептік жалғаулықтар: себебі, өйткені, неге десең.
- Салдарлық жалғаулықтар: сондықтан, сол үшін, сол себепті.
- Шарттық жалғаулықтар: егер, онда.

1. Ыңғайластық жалғаулықтары бірыңғай сөйлем мүшелерін байланыстырады. Ыңғайластық жалғауларының ішінде тілде аса жиі қолданылатыны -*және* жалғаулығы. Және жалғаулығы ыңғайлас келген екі немесе одан да көп бірыңғай мүшелерді, сөйлемдерді байланысқа түсіреді. *Және* жалғаулығы сөз табын талғамайды. Мысалы, Меніңше адамның ең бір үлкен бақыты - күресе білу, қуана білу, жұмыс істей білу және басқалардан қалыспай, өмірге ілесе білу (В.Н.Терешкова).

Және жалғаулығы салалас құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, Жомарттың бүгін жүре қоярлық ниеті жоқ еді *және* оның ниетіне қарай даяр көлік те болмады (Ғ.Мұстафин).

Және жалғаулығы ойды айқындай, нақтылай, толықтыра түсу мақсатында жұмсалады. Мәселен, Әйелдің өз перзентін үйретіп, өсіруге ұмтылуы қанында бар және оның мұнымен бірге осыған сай қабілеті бар (К.Д.Ушинский).

Мен (бен,пен) жалғаулықтар тек зат есімнен немесе субстантивтенген басқа сөздерден болған сөйлем мүшелерін байланыстырады. Тілде өте жиі кездеседі. Мысалы,... ғылым *мен* мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр (М.Әуезов). Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй (Абай).

Мен жалғаулығы арқылы сөздер байланысқанда жалғау соңғы сыңарға жалғанады. Мысалы,... халық *пен* халықты, адам *мен* адамды теңестіретін нәрсе-білім (М.Әуезов). Өлең халық

көңіліндегі қайғы мен қасіреттің, қуаныш *пен* шаттықтың серігі (П.Лафарг).

Әрі жалғаулығы заттың, нәрсенің, қимылдың сапасын, қасиетін білдіретін мүшелерді байланыстырады. Мысалы,... олар кеніштегі қым-қуыт жұмыстарды мінсіз әрі сапалы жүргізуге мүмкіндік әпереді (Д.Қонаев).

Әрі жалғаулығы кейде салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жеке сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, Әбіштің сөздерінде әрі саясаттық шеңберлік бар, *әрі* Семейдің үркек қорқақ чиновниктерін сескендіру де бар (М.Әуезов).

Да, де, та, те шылаулары жалғаулықта, демеулік те болады. Бұл жалғаулықтардың ең басты қызметі - сөз бен сөзді, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстыру. Мысалы. Бар дүние жансыз да, ажарсыз (Ғ.Мүсірепов).

2. Талғаулықты жалғаулықтарға әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде, мейлі шылаулары жатады. Мысапы, Не жылуы, *не* ыстық суы жоқ ескі үйде тұрады екен, соны жаңа үйге ауыстырып беруін өтінді (Д.Қонаев).

Әлде жалғаулығы талғау мәнін білдіреді, бірақ кейде бір нәрсеге күдіктену, күмән келтіру тәрізді реңкті білдіреді. Мысалы, Жылқыға қасқыр шапты ма, жоқ әлде Әзімбайлар қашаға, қуғызып жүр ме? (М.Әуезов).

Бірде, біресе, бір жалғаулықгары амал-әрекеттің кезекпен бірінен соң бірінің алма-кезек ауысып отыратынын білдіреді. Мысалы, *Біресе* жаңбыр себелейді, *біресе* қар ұшқындайды (Ғ.Мүсірепов). Қосқа *бір* кірдім, *бір* шықтым (С.Мұқанов).

3. Қарсылықты жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдер арасындағы қарсылық мәнді білдіреді. Мысалы, Ақырында ұрыспақ болған адамдай оңтайланып та көріп еді, *бірақ* алғашқы қақтығыста Абайдан шайлығып қапты (М.Әуезов). Түн ол күні бұлтты, көзге түртсе көрінбейтін қараңғы еді, әйткенмен Ботагөз қайда келе жатқанын шамалайды (С.Мұқанов). -Әлжан аға, өзіңізге қатысты мәселе туралы айтыңызшы, - деп Ержан сөзге араласты. Әлжан *бірақ* оның дауысын естімеді (Б.Мұқаев). Әрине, істің орайы келе

бермейді, *әптпесе* алдыңа келген адам өтінішін аяқ асты етпегенге не жетсін (Д.Қонаев).

Бұл топтағы жалғаулықтардың қатарына *бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйтпегенде* жалғаулықтары жатады. Олардың ішінде ең жиі қолданылатыны - *бірақ* жалғаулығы. *Бірақ* жалғаулығы сапаласа байланысқан сөйлемдер арасындағы қарсылықты қатынасты білдіру үшін жұмсалады.

Әйтседе, әйткенмен, сөйтседе, дегенмен, сонда да жалғаулықтары кейде сөйлемдердің арасындағы қарсылықты қатынасқа күшейткіш мағына да қосады. Бұл жалғаулықтардың бірақ жалғаулығына қарағанда қолданылу өрісі тарлау. Бұл күшейткіш мағына туралы 1967 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты академиялық грамматикада былай делінген: «Бойындағы осы экспрессивтік мағына бұл жалғаулықтардың жұмсалу өрісін өлшеп, белгілейді. Сондықган бұлар бірақ жалғаулығына қарағанда кем жұмсалады». Көп қолданылатын қарсылықты жалғаулықтардың бірі - *әйтпесе* жалғаулығы. *Әйтпесе* жалғаулығы арқылы байланысқан сөйлемдердің екіншісі алғашқысында айтылған уақиға, іс-қимыл болмаған жағдайда соның болмауының нәтижесінде болған уақиғаны, іс-қимылды айтады. Мәселен, Шылбырым үзіліп абырой болды, *әйтпесе* атымды көтеріп кетер ме еді, қайтер еді (С.Мұқанов).

4. Себептік жалғаулықтарға себебі, өйткені шылаулары жатады. Бұл жалғаулықтар тілде аса көп кездеседі. Себептік жалғаулықтар салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырып, соңғы сөйлем апдыңғы сөйлемдегі айтылатын ойдың себебін білдіреді. Мысалы,... бойдағы аз кемшіліктің өзін жою үшін де күресе білу керек, өйткені, жамандық, кемшілік деген ит жанды келеді, бойға ұялампаз (Е.Букетов).

5. Салдарлық жалғаулықтар құрмалас сөйлемнің басыңқы сыңарындағы болған іс-әрекеттің нәтижесін, салдарын білдіру қызметін атқарады. Жалғаулықтардың бұл туріне сондықтан, сол себепті, сонан соң шылаулары жатады. Мысалы, Мен қорықпаймын, әжем кеше сұрап алған, Түйебайдың сылтауы шамалы, *сондықтан* оның таяқ жейтініне

менің де, өзінің де көзі жетеді (Б.Майлин). Жер жақын болып екеуіңіз жеңісе алмадыңыз, *содан соң* алысқа айдап отырмын (Ғ.Мұстафин).

6. **Шарттық** жалғаулықтар сөйлемдер арасындағы шарттық қатынасты білдіру үшін жұмсалады. Жалғаулықтардың бұл түріне *егер, онда* шылаулары жатады. Көбінесе *егер* жалғаулығы бағыныңқы сөйлемнің бас позициясында қолданылады. Ал *онда* жалғаулығы көбінше басыңқы сөйлемнің басында тұрады. *Егер* мен *онда* жалғаулықгары бір сөйлемнің ішінде екеуі де қатар келетін кездері де болады. Мысалы, *Егер* алдамшы сезімнің арбауына түспесем Ажарға жолар ма едім (Б.Мұқаев). Ал, Әбіш, жаңағы сөзің мен Долгов сөзі анық дұрыс сөз болса, *онда* мен де кеше Құнанбай жазықсыз қанын төккен Қодардың ұлы ұрпағы болсам не деді (М.Әуезов).

Септеуліктер

Объекті мен объектінің арасындағы әр қилы грамматикалық қатынасты білдіріп, белгілі бір септік жалғауын керек етіп тұратын сөздерді септеуліктер деп атаймыз.

Септеулік шылаулар мағынасы мен қызметіне қарай септік жалғауларына ұқсайды. Сондықтн да олар өзі тіркескен сөзінің белгілі бір септікте тұуын қажет етеді. Септеуліктер өздері тіркескен сөздерге себептік, бағыттық, мақсаттық, мезгілдік, болжалдық, бірлестік, талғау, таңдау т.б. мағыналар үстейді. Мысалы, Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, *одан соң* күш керек, *одан соң* тәртіп керек (М.Әуезов). Халықтың кемеліне келіп өркендеп *өсуі үшін* ең алдымен азаттық пен білім қажет (Ш.Уәлиханов). Ана тілі халық болып *жасалғаннан* бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі (Ж.Аймауытов). Қабілеттілік те бұлшық *ет тәрізді* жаттығумен жетіледі (В.Обручев). Таптырмайтын ең асыл нәрселер: *өнеріміз жайлы,* жеткен, жетпеген жақтарымыз жайлы айтылған, дуалы ауыздан шыққан құнды пікірлер болды (Ш.Жиенқұлова).

Септеулік шылауларды зерттеген ғаламдардың бірі - Ф.Кенжебаева. Ол септеуліктердің негізгі қызметі мен

мағыналық түрлерін, басқа шылаулармен ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетеді. Ғалым Ф.Кенжебаева септеулік шылаулардың негізгі бірнеше ерекшеліктерін атайды: «Септеуліктердің бірінші ерекшеліктері - септік жалғауларындағы сөздерді меңгеріп, өздерінің әрбір септікті меңгеруіне қарай топталуы болса, екінші ерекшелігі - сол меңгерген септіктеріне үстеме мағына қосып, олардың ұғымын нақтылауы. Үшіншіден, септеулік шылаулар септік жалғауындағы сөздердің құрамына еніп, сол сөздерді келесі сездерге септестіре байланыстырады да, олардың сөйлемдегі қызметін нақтылайды» .

Көптеген еңбектерде септеулік шылаулардың қандай септікпен тіркесетіндігі туралы ғана айтылып жүргені мәлім. Кейбір зерттеушілер мәселеге тереңірек барады. Септеулік шылаулардың белгілі бір септік формасындағы сөзбен тіркесетіндігі жайында ғылымда бірізді пікір қалыптасқан деуге болады. Мәселен, профессор Н.Оралбаева: «Септеулік шылаулар белгілі септік формасына байлаулы, әр септік формамен қолданылатын тілде түрлі септеуліктер бар. Септеуліктер өзі тіркескен сездің белгілі септікте тұруын қажет етеді» - дейді . Ғалым септеуліктер сөйлемде дербес сөзбен бірге бір мағынаны білдіреді, сөйтіп олар біртұтас элемент қызметін атқарып, сөйлемнің мағыналы бір бөлшегі қызметінде жұмсалады деп санайды. Ғалым Н.Оралбаева септеулік шылауларды аналитикалық септікке жатқызады: «Әрине, септеулік шылаулардың заттардың арасындағы апуан түрлі қатысты білдіретіні сөзсіз және олардың септеулік аталуы да белгілі дерекке негізделген. Олардың тіркесетін тұрақты септіктері бар. Басқаша айтқанда, олар белгілі септіктердің мағынасын ғана толықтырады. Осы тұрақтылық тегін емес. Сондықтан қазақ тілінде де акалитикалық септік нақтылы арнайы зерттеуді керек етеді» .

Септеулік шылаулар дербес сөз формасын таңдап, талғап тіркесетіндіктен, олар барлық септік жалғауларымен қолданыла бермейді. Септеуліктер атау, барыс, шығыс және көмектес септікте тұрған дербес сөздерге ғана тіркеседі. Септеуліктердің дербес сөз тұлғасын таңдауы, сол септеуліктің өзінің мағынасы

мен тіркесетін септіктің мағынасының жақындығына байланысты.

Септеуліктер де басқа шылаулар сияқты өзіне жалғау, жұрнақ жалғамайды, яғни түрленбейді.

Септеуліктер зат есімдерге, заттанған басқа сөз таптарына, қимыл атауына (есіміне) тіркеседі. Оларға септеуліктер мынадай тұлғалардан кейін барып тіркеседі:

- Атау септігін меңгеретін септеуліктер: үшін, сайын, сияқты, секілді, тәрізді, туралы, арқылы, бойы, бойымен, бойынша, жайлы, жайында, шамалы, шақты, қаралы.
- Барыс септігін меңгеретін септеуліктер: шейін, дейін, таман, жуық, тарта, қарай, таяу, салым.
- Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер: гері, кейін, соң, бері, әрі, бұрын, бетер.
- Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер: қатар, бірге, қабат.

Атау септігін меңгеретін септеуліктер

Атау септік тұлғасындағы сөзбен тіркесетін септеуліктер, негізінен, есім сөзден соң жұмсалады.

Үшін септеулігі есім сөздермен, қимыл атауымен және -мақ (-мек), -ған (-қан, -кен,-ген) формалы есімшелермен тіркесіп, оларға себептік, мақсаттьщ мағына үстейді. Мысалы, Екі анасын қөңілдендіріп тағы *айтқызу үшін* кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен: «Жүсіп-Зылиха» сияқты қиссаларды оқып берді (М.Әуезов).

Сайын септеулігі зат есімдермен, есімшемен тіркескенде, ол сөздерге даралау мағынасын береді немесе белгілі бір істің қайталануын білдіреді. Мысалы, Көше бойының шыныланып қойған қалыңқары көк аттың тағасы *тиген сайын* сықырлай түсіп, кірш-кірш етеді (М.Әуезов).

Туралы септеулігі бір құбылыс туралы, сол хақында, сол турасында, сол жайында деген сияқты мәнде жұмсалады. Мысалы, Құнанбай Жидебайдағы *істер туралы* Жұмабай мен Тәкежан сөздерін түгел тыңдап алды да, Абайларға енді ыза болды (М.Әуезов). Осы *туралы* септеулігімен мағыналас жайында, жөніндегі, жөнінен, турасында, турасынан деген шылаулар да бар. *Желқұйын туралы* өз ауылындағы бір үлкен

аңшының айтқан сөзі еді (М.Әуезов). Ол осы *іс жөніндегі* арам ойды ерте ойлаған. *Кәмшат турасында* күйзелтіп күңірентіп отырсыңдар сендер бізді. Ел мен елдің шабысы, *таласы жайында* бірталай күндер айтты (Бұл да).

Арқылы септеулігі зат есіммен, тұйық етістікпен тіркесіп, іс-әрекеттің не арқылы іске асқанын білдіреді. Мысалы, Абайдың байлауын *тілмаштар арқылы* енді түгел түсініп болған екі ояз күлісіп, бір-бірімен келісе жарасқандай. Жиренше *арқылы* Абайға пара ұсынған. Барақ, қазір көтеріңкі отыр (М.Әуезов).

Шамалы, шақты, қаралы септеуліктері негізінен сан есімдерге тіркесіп оларға болжалдық мән үстейді. Мәселен, Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да кәрі, жастан *жиырма шақты* кісі оқшауырақ келеді. Қазірде Бөжей қорасының алдында тұрған *қырық шамалы* кісі бар (М.Әуезов).

Бойы, бойымен, бойынша септеуліктері зат есімдермен, есімдіктермен және -ған, (-қан, -кен, -ген) тұлғалы есімшелермен тіркесіп, белгілі бір мерзімді толық қамтитындай мағынаны береді. Мәселен, Күндегі *машық бойынша* келіп жатқан атқамінер, даугер, арызшылар (М.Әуезов).

Барыс септігін меңгеретін септеуліктер

Шейін (дейін) септеулігі зат есімге, сан есімге, есімдікке және есімшелерге тіркесіп, мезгіл-мекен мағынасын білдіреді. Мәселен, Осы *жасына шейін* өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ (М.Әуезов). Осы түнде ас *піскенге шейін* Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады (Сонда). Ол қазір шешесіне қарай тарпылдап жүгіріп, дәл от басынан Абайдың *төсегіне дейін* бір-ақ секіріп, Ғлжанның тізесін соға дүрс етіп кеп түсті (Сонда). Бұл мысалдардың «шейін» септеулігі қатысқан алғашқы екеуінде мезгілдік мағына болса, соңғы үшінші сөйлемде «дейін» септеулігі тіркескен «төсегіне дейін» тіркесте мекен мәні бары байқалады.

Қарай, таман септеуліктері зат есімдерге, көмекші өсімдерге, есімдіктерге және үстеулерге тіркеседі. Мысалы, Қызылшоқыдан *Шыңғысқа қарай* тартатын көш соқпақтың сол

жағында, жағада бір жалғыз төбе бар еді (М.Әуезов). Балалар аттарына мінісіп, беттерін ауыл жаққа бұрғанда, жаңағы асқан белден асып, *ойға таман түсе* келе жатқан қалың көш көрінді (Сонда).

Салым, тарта, жуық септеуліктері зат есім мен сан есімге тіркесіп, мезгілдік мәнді білдіреді. Мысалы, мыңға тарта, күзге салым, отызға жуық.

Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер

Гөрі септеулігі зат есіммен, есімдікпен және -қан (-ған) -кен (-ген) формалы есімшелермен тіркесіп таңдау, талғау мәнінде жұмсалады. Мысалы, Желі бойындағы жылқылардың *биелерінен* гөрі жарау семіз, саяқ аттары көп (М.Әуезов). Өзге *баладан* гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты (Бұл да).

Бері септеулігі есімдіктерге, -қан (-ған, -кен, -геи) формалы өткен шақ есімшеге тіркесіп, мезгілдің басталу шегін білдіреді. Мысалы, Аңнан Абай қайтып *келгеннен бері* Баймағамбет қалаға үш рет барып қоржын толтыра кітап апарып, толтыра ала қайтып, Абайдың ендігі ой-азығын жиі-жиі ауыстырумен жүр (М.Әуезов). *Түннен бері,* дәл таңатып, ел тұрғанша тыныш таппаған (Сонда).

Кейін, соң септеуліктер зат есімдерге, есімдіктерге, қимыл атауына және есімшеге тіркесіп, мезгілдік мағынаны білдіргенде бір істің не нәрсенің орындалу шегінен соңғы жағдайды нақгылайды. Мысалы, *Осыдан кейін тағы* үш күндей Салиқа дауының, Керей-Найман ылаңының тынымсыз тергеуі өтті (М.Әуезов). Алты *күннен соң,* осы Құнанбай ауылдары көшкен жолмен тағы бір мол көштер келе жатты (Сонда).

Соң септеулігі кейде мезгілдік мағынадан басқа реттік, яғни, бір нәрседен немесе біреуден кейін деген мағына да береді. Мысалы, Жаңағы шешелерден басқа: жеңгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келе жатқан балалар бар (М.Әуезов).

Бұрын септеулік шылауы зат есімдермен, тұйық етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің істелген мезгілін басқа бір іс-қимылдың алдында болғандығын білдіреді. Мысалы, Ол *Абайдан* бұрын үйленіп, сол жылы енші алып, бөлініп шыққан

(М.Әуезов). Оған *кетуден бұрын,* әуелі өзімде бармен сенде барды ортаға шығарып, үлеске салып кетемін (Бұл да).

Бетер септеулік шылауы іс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен неғұрлым күшті болғанын білдіреді. Мысалы, *менен бетер, одан бетер.*

Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер

Көмектес септікті меңгеретін септеуліктерге қатар, бірге септеуліктері жатады. Бұл септеуліктер іс-әрекетті бірнеше субъектінің бірігіп жасағанын білдіру үшін қолданылады. Мысалы, Сол *жаймен қатар* Мырзахандар айтып келген ерлік ертегісі де бұл өңірдің жас баласына дейін түгел жетті (М.Әуезов). Ол тағдырда *адаммен бірге* жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес (Абай).

Демеуліктер

Демеуліктер - шылаулардың құрамына енетін көмекші сөз таптары. Өздері тіркескен сөздерге әр алуан грамматикалық мағына қосатын сөздерді демеулік шылаулар деп атаймыз. Демеуліктер - грамматикаланудың нәтижесінде лексикалық мағынасынан айырылып, тек көмекші қызметке көшкен сөздер.
.

Ғалым Ы.Шақаман демеуліктердің морфологиялық ерекшеліпнің бірі ретінде олардың сөзге жалпылама тіркесе беретін қасиетін айта келіп, оларды үш топқа бөледі: «1) еліктеуіш, одағай сөздерден басқа барлық сөз табына тіркесетін демеулік шылаулар: *да/де, ма/ме, ғана/қана, қой/ ғой, -ақ, -ды/-ді, -тын/-тін* және одағайға да тіркесетін демеуліктер: *-ай, -ау;* 2) есім сөздер таптарына, есімдерше түрленетін етістікгерге тіркесетін демеулік шылаулар: *екеш, түгіл, тұрсын, тұрмақ;* 3) жіктелген етістікке ғана тіркесетін демеулік шылау; -мыс/-міс» . Демеулік шылаулардың мағыналары тек сөйлемде, контексте көрінеді. Мысалы, Қой асығы демеңдер, қолына жақсы сақа қой, жасы кіші демеңдер, ақылы асса аға ғой (Қазақтың би-шешеңдері). Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры (Б.Момышұлы). Берілген мысалдардағы қой, ғой шылаулары нақтылау, тұжырымдау мәндерін білдірсе, ғана демеулігі шектеу мәнін білдіру мақсатында қолданылған. Демеулік

шылаулардың білдіретін мағыналары алуан түрлі. Олардың тілдік жүйедегі қалыптасқан неізігі мағыналары мынадай:

- Күшейткіш демеуліктер: -ақ, -ай, -ау, да/де, та/те;
- Сұраулық демеуліктер: ма/ме, ба/бе, па/пе, ше;
- Нақтылау демеуліктері: ды/ді, ты/ті, тын/тін, қой/ғой;
- Шектеу демеуліктері: ғана/қана, тек;
- Болжалдық демеуліктері: мыс/міс;
- Қомсыну демеулігі: екеш;
- Салыстыру демеуліктері: түгел, тұрсын, тұрмақ;

1**. Күшейткіш демеуліктердің** қатарына *-ақ, -ай, -ау, да/де, та/те* шылаулары жатады. Бұл топтағы демеуліктер сөйлемде айтылған ойға күшейту реңін қосу үшін қолданылады. *Дә/де, та/те* демеуліктері күшейткіш мәндерін үнемі сақтайды. Мысалы, Қызметін істесе де қарайласқысы келмегені ғой! (М.Әуезов). Көше сондай қараңғы да емес қой (Н.Ғабдуллин). Сөйлемдерде демеуліктер етістікпен, сын есіммен келіп, оларға күшейту мәнін үстеген. Бұл демеуліктер жалғаулық, септеуліктермен тіркесе береді және өзінің күшейту мағынасынан айырылмайды. Мәселен, Егер де маған сенбесеңіздер ояздың өзінен сұраңыздар (Ә.Әбішов).

-ақ демеулік шылауы өзі тіркескен сөздерге күшейткіш реңін қосады. Мысалы, Амантай өз ойын Қайырға әлдеқашан-ақ айтып қойған ғой (Ғ.Мүсірепов). Қапаның адамдарын *қысылтпайын-ақ дейсің,* бірақ амал жоқ (Б.Нұржекеев). Ахмет Қуанұлының семьясы үлкен еді, бірақ ол нан-тұзын ұсынып, қонақжайлық білдіру парызын *адал-ақ* атқарды (Е.Брусиловский). Мұнда *-ақ* демеулігі есімдік, етістік және сын есіммен тіркесіп күшейткіш мәнін беріп тұр.

-ау демеулігі көбінесе сөйлемге эмоциялық реңк береді. Мысалы, Көп күн жүріп *жеттік-ау* (Ш.Жиенқұлова). - Айтыңыздаршы, *Жұртым-ау* Құрманбектірі ме?- дедім үнім дірілдеп (Ш.Жиенқұлова).

-ай демеулік шылауы толық мағыналық сөздерге тіркескенде оның күшейткіш мәні басымырақ болады. Ал *-ай* шылауы зат есімнен болған сөздерге тіркескенде ол сөздерге ой екпінін түсіріп ерекшелеп тұрады. Мысалы, Қайран ер көңілді аналар-ай!-дедім менде ішімнен (Ш.Жиенқұлова). Жарықгық-

ай, бұл күнді де жұрттың көретін күні бар екен-ау (Б.Майлин). Мұнда әрі таңдану, әрі таңырқау мәні бар.

2.Сұраулық демеуліктері *ма/ме, ба/бе, па/пе* қандай сөз табымен келгеніне, қандай тұлғада тұрғанына қарамастан үнемі сұрау мәнінде жұмсалады, Олар үнемі баяндауышпен қатар жүреді. Мысалы, Құлын тайға өтпей *ме?* Тай құнанға жетпей ме? Құнан ат боп құлдырап, Қырдан асып кетпей ме? (Д.Әлімжанов). «Гәккудің» авторы Ыбырай *ма,* Құлмағамбет *пе,* әлде Иса *ма?* (Е.Брусиловский). Сағынып, аңсап барғанда, сағына күткен жан бар ма? (М.Мақатаев).

Ше демеулігі зат есім, етістік, үстеу сөздерге тіркесіп, ойды толықгыру үшін қайталай сұрау мақсатында сөйлемнің соңында қолданылады. Мысалы, Ей, әлгі Мәскеуде Мұқаңның бізді ұялтатыны ше?...(Ш.Жиенқұлова).

3.Нақтылау демеуліктері *-ды/ді, -ты/ті* өткен шақтағы сөздерді нақгылайды. Мәселен, Осының алдында Құрманбек екеуіміздің басымызға күн туып жас шаңырақтың уықтарын солқылдатқандай ауыр жағдай *өткен-ді* (Ш.Жиенқұлова).

-Тын/тін демеулігі *-ды/ді* демеулігімен мағыналас өткен уақыттағы ойды нақтылау мағынасын береді. Мысалы, Болымсыз нәрседен шатақ шығаратын жайсыздау *кісі-тін* (Б.Нұржекеев). Үрия мінезге бай әйел еді, тек жалғыз ғана осал жері - *еркектің* (Е.Брусиловский).

4.Шектеу демеуліктері *ғана/қана* үнемі шектеу мағынасын үстейді. Мысалы, Кімде-кім өзін билеп, ілім мен өнер үйренген *жағдайда ғана* баянды бақытқа қолы жетеді (У.Кайкавус). Халық тәжірибесі тек *бізге ғана* емес, біздің келер ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет (Б.Момышұлы). Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан *былай ғана* әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады (М.Әуезов). Ғана/қана демеуліктері *тек* демеулігімен қатар айтылып, сөздерге күшейту, шектеу мағынасын қосады. Мәселен, *Тек қана* оқу менен өнер білім керек (С.Торайғыров).

5.Болжалдық демеуліктері *-мыс/міс* өзі тіркескен сөзге тек болжалдық мағына жамайды. Ол көбінесе етістіктермен тіркесіп, болжалдық мәнді береді. Мысалы, Ойратқа сонау

дүрбіт, торғауыт, төлеуіт тайпалары *жатады-мыс* (Ә.Кекілбаев).

6.Қомсыну демеулігіне тек қана *екеш* демеулігі жатады. *Екеш* демеулігі үнемі қомсыну мәнінде жұмсалады. Мысалы, Жан рахатын *құс екеш* құста біледі (Ш.Мұртаза**).**

7.Салыстыру демеуліктеріне жататын *түгел, тұрсын, тұрмақ* демеуліктері сөз таптарына қалай бірдей тіркессе, сөзге үстейтін мағыналары да сондай ұқсас. Мысалы, Мұны естігенде, Күләштің қаптырағаны былай *тұрсын,* зәрем зәр түбіне жеткендей жүректен жүрек қалмады (Ш.Жиенқұлова).

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шылаулардың зерттелу тарихы жайлы мәлімет беріңдер.
2. Шылаулардың жалпы сипатттамасы
3. Шылаулардың түрлері жайлы не білесіңдер? Олардың әрбіріне мінездеме бере отырып мысалдар топтаңтар.
4. Шылау сөздердің өзіндік сипаты мен жіктелуіне сызба жасаңдар.

ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

Одағай - сөз таптары категориясының бірі. Одағай сөз табына жататын сөздер адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіретін және де адамның көңіл-күйіне байланысты айтылатын ишараттар мен төрт түлік малға, үй хайуанаттарына арнайы шақыра айтылатын сөздер тобы. Қазақ тіліндегі одағай категориясы –басқа сөз таптарымен салыстырғанда, фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтарымен ерекшеленіп көрінетін, сонымен бірге әуезділікке, арнайы ырғаққа, эмоциялы құбылысқа, интонацияға бай сөз табы. Одағай сөздердің көркем әдебиетте ойды әсерлі жеткізу жағынан мәні зор. Одағай сөздер тілге көркемдік сипат беретін, көркем шығармада көп қолданатын сөздер. Мысалы: - Ойбай-ау, онда саудагер сұмды біржола туралатып кетесің ғой!.. (Ғ.Мүс); -Япырай, қаншалық қайран қаларлық сергектік, сезгіштік бар Михайловта»(М.Ә.). Ал, публицистика мен ғылыми зерттеулерде одағай сөздерді қолдану сирек кездеседі.

Одағай тобына жататын сөздердің мағына жағынан заттың өзі, сыны, саны, қимылы не қимылдың жай-күйі туралы ұғымдардың бірін де білдірмейтін, басқа ешбір сөз табына ұқсамайтын сөйлемде не тұрлаулы, не тұрлаусыз мүшенің қызметін атқармайтын, сөйлемдегі басқа мүшелермен синтаксистік қатынасқа тікелей түспейтін, не шылау сөздер сияқты сөйлемдегі басқа мағыналы сөздермен селбесіп, оларды өзара байланыстырып тұратын дәнекерлік қызметі жоқ, семантикалық, морфологиялық белгілері мен синтаксистік қызметі жағынан өзіне тән ерекшелігі мол сөз табы екендігі тіл білімінде толық дәлелденген.

Одағай туралы мәліметтер төңкеріліске дейін шыққан еңбектерде кездеседі. Ондағы мәліметтер одағайды сөз табы деп тануда авторлар пікірі әр түрлі болғанын көрсетеді. Кей авторлар оны «частицаға» қосып, морфология қарамағында қарастырса, кейбірі синтаксис ішінде берген. Әрі одағай сөздің мағынасы толық классификацияға түспеген, авторлар негізінен одағайдың көңіл-күй түріне ғана тоқталған. Атап айтқанда, Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», А. Архангельскийдің «Грамматика народно - татарского языка», П.М. Мелионарскийдің «Краткая грамматика казахского языка» атты грамматикаларында одағай сөздер бірінде жеке сөз табы ретінде аталса, бірінде басқа сөз таптарымен бірге аралас берілген.

Түрік тілдерінде одағайды жеке сөз табы ретінде беру және оның мағыналық топтарын көрсету А.Н Кононов пен Н.А.Басқаковтың грамматикаларынан бастау алған, дегенмен бұл авторлардың одағайды мағыналық топтарға бөлуінде шатастырушылық бары көрінеді. А.Н. Кононов одағайды еңбегінде жеке сөз табы деп дұрыс көрсеткенмен, оның мағыналық түрлерінің қатарына «звукоподражательные слова» түрін қосып атаған. Бұдан автордың өзбек тіліндегі одағай мен еліктеу сөздердің мағыналары арасындағы ара жікті ажырата алмағаны байқалады. Н.А.Басқаков та одағайларды еліктеу сөздерден бөлек қарамайды. Оны атауыш сөздердің қатарына қоса отырып, оның «междоиметия, выражающиечувства, эмоции, настроения, ощущени» и пр.; «междометия,

выражающие призывы»; междометия, выражающие недовольство» деген түрлері барын көрсетеді.

Одағай сөздің табиғаты туралы нақты ғылыми пікір айтқан қазақ тіл білімі әлеміндегі ерекше қабілеті бар феномен атанған адам - Құдайберген Жұбанов. Адамның сезімін білдіретін одағай сөзде заттың өзін, ісін, сынын айыра атайтын мән жоқ, ол тұтас күйде тұрып, кейде бір сөзді немесе бір сөйлемді білдіруі мүмкін, «бір нәрсені жақсы істеген екенсің» десек те, «жаман істеген екенсің» десек те *бәрекелді* деуге болады. Оның қай мағынада айтылғандығын сөйлемдегі тұрған орнына қарап және дауыс ырғағына қарап айырамыз. Өйткені одағай жіктелмеген сөз табы. Одағай сезім үшін айтылмайды, оны әлдекім қуанған боп айтып, ішінен жылап тұруы мүмкін. Одағай әрі зат атауына, әрі іс-қимыл атауына жақын сараланбаған сөз. Әй! Мә! одағайларының кімге айтылғандығы, кімді шақыратыны белгісіз. Қап, әггеген-ай дегендер нағыз одағай, «ә, деген-айдан» қалыптасқан. «тт» екі дыбыс емес, айтуға оңай болу үшін созылған бір «т» дыбысы. «Мә саған» дегенді одағай ретінде айтқанда «мәссаған» деп бір «с» ны бөліп екі буынға жіберу де осы созам дегендік екенін нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Ғалым одағайлардың хабарлаушы сөздер, құрылысы жағынан жеке сөз, атқаратын қызметі жағынан сөйлем, не сөйлемдер жинағы, бұлар таптасқан сөзді (атауыш сөзді) сөйлемдерде одағайланып тұратынын айта келе, оларды мағынасына қарай «шаруашылық одағайлары, қатынас одағайлары, көңіл одағайлары» деп үш түрге бөліп, әр мағыналық түрдің қалыптасу тарихына, ерекшелігіне, жасалу жолына талдау жасайды .

1959 жылы жарық көрген орыс тілінің энциклопедиясында одағайға берілген түсінікте одағай ішкі сезімді, адамның экспрессивтік жан-күйін білдіргенмен, бірақ оны атамайтыны, баяндамайтыны, оның басқа сөз таптары сияқгы түрлену қасиетінің жоқтығы, негізінен өзгеріске ұшырамайтын сөздердің класы (сөз табы) ретінде беріліп, ол мағыналы сөздерге де, көмекші сөздерге де жатқызылмаған .

Қазақ тіл білімінде тіліміздегі одағай сөздерді жан-жақгы зерттеген ғалым Ш.Сарыбаев., Ш.Сарыбаевтың орыс тілінде

жазған кандидаттық диссертациясының бірінші тарауы одағайдың тіл білімінде жеке сөз табы ретінде танылуының тарихына арналған. Екінші тарауда одағайға жалпы сипаттама беріліп, үшінші тарауда оған классификация жасалған. Төртінші тарауда бір мағыналы одағайлар мен көп мағыналы одағайлар талданып, бесінші тарауда одағайлардың интонациясы мен дыбыстық құрамы қарастырылып, соңғы алтыншы тарауда одағайдың грамматикалық ерекшелігі сөз етіледі. Кейіннен бұл зерттеу қазақ тілінде жеке монография болып шықгы. Бұрынғы оқулықтарда еліктеу сөзбен аралас беріліп ара жігі ашылмай жүрген одағай сөздер кейінгі шыққан мектеп оқулықтары мен ғылыми грамматикаларға енгізілгенде, оның анықгама - ережелері нақтыланып, мағыналары, түрлері, ерекшеліктері дұрыс көрсетіліп берілді .

Адамдар арасында сөйлеу құралы ретінде жұмсалатын тілге сөйлесу, түсінісу үшін керек атауыш сөздер сияқты, бір нәрсенің дәлдігін, өткірлігін, әсерін білдіруде өте-мөте қажет одағай сөздері де тілдің қалыптасу, даму жолдарынан өтіп, бүгінгі қолданылу дәрежесіне жеткен, тілдің өз материалынан жасалған сөздер. Одағайлар басқа сөз таптары сияқты әр түрлі жолмен қалыптасқан. Мәселен, әуел бастағы «иә, пірім-ай, ау, пірім-ай, ой, пірім-ай» деген бөлшекгерден көнілдің түрлі жайына, райына, күйінің әуеніне орай дыбыстарының түрленуінен, соңғы қосымшалар мен сөз басындағы қаратпалар түбірмен тұтасып кетуінен «япырмай, апырмай, апырмой, ойпырмой» секілді одағайлар жасалып, осы кірігу барысында әр одағайдың айтылу әуеніне қарай соңғы дауысты дыбыстары бірде «а», бірде «о» болып түрленген. Тіліміздегі «ойбай» мен «ойбой» одағайларының қалыптасуы да солай. Көңіл-күй одағайларының бірқатары араб, парсы тілдерінен енген сөздер: Мысалы, ой-пір-ім-ай (ой, ай - қазақтың шақыру одағайы, пір - ұстаз, ім - парсы; м (ім: пір-ім) -тәуелдеу қосымшасы .

Одағай мағынасында жұмсалатын сөздер тұлға жағынан әр түрлі. Оның құрамындағы сөздер негізінен мына сияқты тұлғадағы сөздер болып келеді: Ойбай! Япырмай! әттең! тәйт! Тек! жә! сап-сап! Ырит соқ! шәуім-шәуім! шек-шек! шөре-шөре! құру-құру! Хош! Хайыр! Рахмет! Ассаламағалайкум!

Алла! Дариға! Айналайын-ай! Опырым-ай! Шіркін-ай! Ойбай-ау! Бәрекелді-ай! Па деген! Я деген! Тәйірі деген! Жағың қарысқыр! Айналып кетейін! Садағаң кетейін! Топалаң келгірі т.б. Одағайға жататын сөздердің құрамында бір фонемадан тұратын сөз де болады. Одағай сөз ретінде қазақ тілінде а, ә, е, о, ы дауыстылары жиі қолданылады, әрі олар семантикасы жағынан мағынаға бай келеді.

Тілде тұтас ойға қатысты адамның әр түрлі сезімдерін білдіретін одағайлар құрылысы жағынан жеке сөз болғанымен, жалпы ойға қатысты мағына жағынан бір тұтас сөйлемге де ұқсайды. Мысалы, «қап» одағай сөзінің «ойыну» мағынасы - «байқамай қалған екем!», «ишша» одағайының жиіркену, тітіркену мәні - «ишша, күннің суығын ай!» сөйлемінде айтылатын оймен тең. «Алақай, бәрекелде» сөздерінің мағынасы да хабарлау жағынан сөйлем сияқты.

Одағайлардың адамның көңіл-күйі, сезімімен байланысты эмоциональдық мағынада жұмсалатын заттық ұғымдар мен түсініктердің аттары емес, адамның ішкі дүниесі арқылы берілетін ишараттарды білдіруі және өзі жарыса қатысқан сөздермен грамматикалық байланысқа түспеуі, белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара алмауы, басқа атауыш сөздер сияқгы түрленетін грамматикалық формасының жоқтығы оны сөйлемде басқа сөздерден оқшауландырып ерекшелендіріп тұрады, сондықтан ол оқшау сөздерге жатады және басқа сөздерге қарағанда интонацияға бай келеді.

Одағайдың түрлері

Одағайлар білдіретін мағыналарының әр түрлілігіне қарай үш топқа бөлінеді.

1. Көңіл-күй одағайлары. Сөйлеуде сөйлеуші адам хабарды тек хабарлап қана қоймайды, хабармен бірге өз ойына өң бере сөйлейді. Хабар беруде сөйлеушінің қуанта, таңдандыра, күлдіре, ызаландыра, өтіне, кекесіндей, сұрай, бұйыра, айтқан ойы көңіл-күй одағайлары арқылы беріледі. Мысалы: -Па, шіркін! өмір болсаң, бол осындай! -Мырқымбай! Мырқымбай! Бай-бай-бай!.. жүрмісің жай (Б.М.) - деген сөйлемдерде ойына тән сезім *«па, шіркін* және *бап-бай-бай»* көңіл-күй одағайлары арқылы берілген.

Көңіл-күй одағайлары сан жағынан аса көп болмағанымен, семантикалық құбылуы жағынан әр қилы. Адамның ішкі сезіміне қатысты айтылатын одағай сөздердің мағынасының әр түрлілігіне қарай көңіл-күй одағайлары үш түрге бөлінеді.

Бірінші, жағымды көңіл-күйді білдіретін одағайлар: Алақай!, Ұра! (қуану, шаттану), Па!, Пай- Пай!, Бәрекелді! (сүйсіне қоштау, шаттана сүйсіну),Oho! (таңдану) Па-па! (сүйсіну, таңдану), т.б.; Мысалы: Е, бәрекелді!-деп Артықбай да мақұлдады (Ғ.М.).

Екінші, жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар: Әттеген-ай!, Әттең!, Қап! (өкіну), Тәйірі!, Түге! (наразылық реніш), Ищай! (тоңу, жиіркену), Бай-бай-бай (қатты реніш, наразылық, кейістік), Пішту (менсінбеу, жақтырмау) т.б.; Мысалы: Қап!-деді де, Ғлпан тұра берді. (Ғ.М.). Әй, сен, құтырған қатын, үйі өртенген адамға көңіл айтқаның осы ма? (Ғ.М.). Әй, әттеген-ай! Кезінде білмегенім ай!

Үшінші, көңіл-күй одағайларының әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін тобына жататындары әдетте көп мәнді болып келеді де, олардың мағыналары контекст ішінде не ситуацияда анықталады. Мысалы, «Пай-пай!» одағайы қарама-қарсы екі мәнде жұмсалады: бірі -«таңдану, сүйсіну, таңырқау» (Пай-пай қандай жарасады, ә!) мәнінде болса, ендігісі - «ренжу, наразылық мағынасында (Пай-пай, не болар екен соңы!) қолданылады. Бұл оның көп мағыналы сөз екенін көрсетсе керек.

2. Императивтік ишара одағайлары. Бұл топқа адам не хайуанатқа бағышталып айтылатын шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын одағай сөздер жатады. Бұлар бағытталып отырған объектісіне қарай екі топқа бөлінеді. Бірі - адамға бағышталып айтылатын одағайлар, екіншісі - малға, үй хайуанаттарына бағышталып айтылатын одағайлар.

Адамға бағышталып айтылатын одағайларға адамның атына, адресіне бұйыру, жекіру, тыйым салу, мақсатымен қолданылатын одағайлар қатарына Айда!, Ау! Әй! Тәйт!, Сап-Сапі, Марш!, Стоп!, Кәне!, Жә!, Тек! (Тәк), Әлди!, Әуп! Тәй-тәй! Қаз-қаз! тағы басқа сөздер жатады. Біреріне мысал

келтірейік, -Жә, тұратұр енді, мен барып шығайын! (М.Ә.)- - Ау, жігіттер, бұларың не? (Ғ.М.). -Енді аздап сыбырлауларыңа болады. Кәне, кім не айтады? (Газеттен). - Әй, әрі кетші мазаны алмай! Тәй-тәй балам тәй балғын, жүре қойшы жай балғын, Қаз-қаз, балам, қазбалам, қадам бассаң, мәз болам. Әлди, әлди, шырағым, көлге біткен құрағым (Х.ауыз.әдеб.).

Малға бағышталып айтылатын одағай сөздерге: Мoh-мoh!, Шөре-шөре!, Сорап-сорап!, Көс-көс!, Шәуім-шәуім!, Әукім-әукім!, Мәліккелгір! Пұшайт! Ауhау! Айтақ!, Жамандатқыр! сияқты сөздер жатады. Бұлар үй жануарларын жемге шақыру, тоқтату, айдау, үркіту, қарғау мақсатымен қолданылатын одағай сөздер. Мысалы: Әукім.Әукім! Мал деп осы көксиырды айтсайшы! (Б. Майлин). Мoh-мoh!-деп кешкі тынық даланы басына көтерді.

Қошақаным, қайдасың? Пұшайт, пұшайт! Шекетайым, қайдасың? Шөре, шөре! Құлыным менің, қайдасың? Құрау-құрау! Әукешім менің, қайдасың? Ауhау, ауhау! Ботақаным, қайдасың? Кес, көс!

3. Тұрмыс-салт одағайлары. Бұл топқа жататын одағай сөздер сан жағынан шағындау, бірақ тұрмыста олар жиі қолданылатын бір мағынамен айтылып сипатталатын сөздер. Мұндай одағайлар қатарына адамның амандасу, қоштасу т.б. сыйластық жасаудың белгісі ретінде қолданылатын сөздер жатады. Олар: Хош!, Хайыр!, Рахмет!, Ассалаумағалейкум!, Кеш жарық!, Құп», Ләббай! Дат! т.б.сөздер. Мысалы: Армысың, Қасым інішек, көптен бері біліс ек. Рахмет, дәл тауып шештің, ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым (Төле би). Кендебай есіктен кіріп келіп: -Дат, тақсыр,-дейді. -Датың болса, айт!-дейді хан ақырып. Бұл сияқты сөздер адамдар арасында бір-бірін қоштағанда, бір нәрсеге назар аударғанда немесе керісінше қоштамағанда, амандасқанда, қоштасқанда айтылатын сөздер кейде біреу болса да тұтас сөйлем орнына жүреді. Мұндайлардың өз мағынасы түсініксіз де болады, ал, тіпті, түсінікті болғанның өзінде де олар өз мағынасында тұрмайды. Мысалы: «салаймағалейкум» -түсініксіз; «арма, бар бол» -дегендер түсінікті, бірақ өз мағынасында емес. «Жол болсын!» дегенде алғыс айту емес, тілегін тілеу емес, «неғып

жүрген адамсың «дегендей сұрау жатыр. «Хайыр, хош» дегендер араб, парсынікі. Бұлар сөйлемге тән жалпы заңдылық бойынша құралмаса да, сөйлем болып табылады. Сондықтан одағай қатарына жатады (17. 92-93).

Одағайдың интонациялық ерекшеліктері

Одағай сөздер қолданылуында түрлі интонациямен айтылатын, әуезділікке, құбылмалылыққа бай. Мысалы: -Жә, тұра тұр енді, мен барып шығайын (М.Ә.), - дегенде «жә» одағайы сөйлемдегі басқа сөздерден оқшауланып, жеке әуенмен айтылып тұр.

Интонация жағынан ерекшеленеді. Бірқатар одағайлар контексте бір-ақ мағынада қолданылса, енді бір қатары екі-үш, не одан да көп мағынада жұмсалады. Осыған орай одағайларды білдіретін мағыналарына қарай көп мағыналы одағайлар және бір мағыналы одағайлар деп екі топқа бөлінеді.

Бір мағыналы одағайлар сан жағынан аз. Бұл топтағы одағайлар қай ситуация, қай контекске түспесін, қандай интонациямен айтылмасын, үнемі бір-ақ мағынада жұмсалады. Бұған мына одағайларды жатқызуға болады: Алақай!, Ура!, Қап!, Әттеген-ай!. Бұлардың алдыңғы екеуі тек шаттану, қуану сезімін білдіруде қолданылатын болса, соңғы екеуі әр уақытта өкіну мағынасында жұмсалады. Мысалы: - Ура! Әкем жеңімпаз атанды! Алақай! Ата! Апа! Елбосындар келіп қалды! Ағалар келді! Соғыс бітті!.. (Ғ.Сланов).

Қап, Есенейдің бар дүниелігін шаштырып алғанымды қарашы! (Ғ.Мүс.)-Әттеген-ай, менің қолымда билік болса, басқаша болар ма еді ?! -Жә, тұра тұр енді, мен барып шығайын (М.Ә.)- Мұндай одағай сөздер сөйлемдегі басқа сөздерден оқшауланып, жеке әуенмен айтылады.

Көп мағыналы одағайлар сөйлемде әр түрлі мағынада жұмсалады. Кей одағайлар біреудің іс-әрекетіне не сөздеріне риза болып, оны қоштау, қолпаштау, көтермелеу мақсатымен айтылатын шаттық, қуаныш, таңдану мағыналарын білдірсе, енді біреулері біреудің сөзін жақгырмай, наразылық, қарсылық білдіру мағыналарын білдірумен бірге таңырқау мағыналарында да білдіреді.

Қазақ тілінде жеке одағай сөз ретінде жұмсалатын бір фонемалы одағай сөздер көп мағыналы болып келеді. Олар сөйлемде қолданылуына қарай «таңдана таңырқау, сұқгана сұрау», «іс -әрекетті ұнатпай жақтырмағанда наразылық білдіру», «мазалау, қайталап шақыру, қарату мәнін білдіру», «біреуге ашуланып жаны күю, қаһарланып зекіру, ұрсу, жек көру», «мақтау, мадақтау, және табалау» сияқты бірнеше мағынаны білдіреді. Бір ғана «Ә» одағайының көп мағынада қолданылуына мысал келтірейік: - Ә? -деді қалың ойда отырған Ықлас (С.Ерубаев) - деген сөйлемде «ә» одағайы біреудің сөзін анық естімей, аңғармай қалғанда қайта сұрау мағынасында қолданылған болса, -Жоқ, Ақтан ағай, ондай берекесіз қиялды ойлайтын біз бала емеспіз. - Ә, бала емей сендер кімсіңдер!? (Ш.Хұсайынов) деген сөйлемде «ә» одағайы сұрау мағынасының үстіне ренжу, жекіру мағынасын білдіруде қолданылып тұр. Бұл одағай бір нәрсе есінен шығып кетіп, кейіннен еске түскендігін немесе бір нәрсені түсінбей қалып, кейін түсінгендікті аңғарту мақсатын білдіруде де қолданылады. Мысалы: Хат! Кімнен хат? Ә - ә, бағана мен берген хат екен ғой! (Ғ.Сланов). Ә - ә, мен білдім! - деді Асан. (С.М.). Кейде біреуді өзіне қарату мақсатымен қолданылатын қаратпа сөз мағынасында да жұмсалады. Мысалы: Келін, ә, келін! -деді ол шамды тұтатқасын. (С.Мұқанов). Сөйлем соңында келген «ә» одағайының бойында әжуа, мысқыл реңк мағыналары да байқалады. Мысалы: Өзің мені әдейі жалғыз жібергің келіп, естімейсің де, енді келіп өкпе айтқан боласың, ә?! Әй, қусың-ау! (Ә.Әбішев). Мұндай көп мағыналылық қасиет негізінен көңіл-күй одағайларына тән, императивтік одағайлардың көп мағынада қолданылуы сирек, ал тұрмыс-салт одағайларында мүлде кездеспейді.

Одағайлар көркем шығарма тілінде көп қолданылады, әсіресе диалогқа құрылған шығармаларда жиі кездеседі. Ол одағай сөздердің басқа сөз таптарымен салыстырғанда әуезділікке, ырғаққа, эмоциялық құбылмалылыққа, интонацияға өте бай екендігін көрсетеді. Тіліміздегі көп мәнді одағайлардың әрбіреуі жұмсалу ыңғайына, интонацияның құбылуына қарай бірде созылыңқы баяу, бірде тез, жылдам

айтылады. Сөйлем интонациясының құбылуы одағайдың беретін мағынасын да өзгертіп тұрады. Жай кею мағынасында айтылатын сөйлемдер, бірқалыпты сазбен айтылады. Мысалы: Әй, мен осы күні көп қорқатын болдым. Ызалануды білдіруде одағайдан кейін интонация көтеріңкі айтылады да, дауыс сөйлем соңында бәсеңдейді. Мысалы: Тфу! -деп бетіме түкіріп жібергені. Ау, бар немемісің? Жоқ сұрасам, бетіме түкіресің. Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Мұндай ерекшелік одағайдың сөйлемдегі орын тәртібіне де байланысты болады. одағайлардың айтылу интонациясы да басқа-басқа болып келеді. Егер одағай сөз біреудің сөзін анық естімей, не аңғармай қалып қайта сұрау мақсатымен қолданылғанда қысқа және көтеріңкі дауыспен айтылады. Мысалы: Е, олар неғыпты? Тыңдап отыр ғой, Қызың Бізбикені киіндіріңіз, -Е, не үшін (Х.ауыз. әдеб.).

Егер одағай сөз ұнатпай, жақгырмай, қайталап сұрау мағынасында келсе, жұлып алғандай қысқа, әрі көтеріңкі үнмен айтылады. Мысалы: Ә-ә! Қашан айттым барам деп? Қой, айналайын, біреумен шатастырып тұрған шығарсың. (Ғ.Мұст.).

Егер одағай бір нәрсе естен шығып кеткенде, кейін еске түскендігін немесе оны алғашқыда түсінбей қалып, кейін түсінгендігін аңғарту мағынасында қолданылғанда, созылыңқы айтылып, баяуырақ ырғақпен тынады. Мысалы: -Ана жылы сізді Шалқарға апара жатқанда шұңқырда отырған... Есіңізде ме? -А... Шұңқырда жалғыз үй ме? (Ә. Нұрп.). - О-о-о! орнын жаңа тапқан.

Одағай сөйлем ортасында немесе соңында келіп, сұрау мәнінде жұмсалғанда, қысқа және баяу үнмен айтылады. Мысалы: -Сен кеткелі үш жыл болып қалды, ә! (Қ.Ж.). - Әлгілер тағы да үйлеріне кетіп барады-ау, ә! (Ғ.М.).

Бір фонемалы одағайлардың екі неімесе одан көп қайталануы көркем шығармалардың диалогтарында кейіпкерлердің көңіл-күйіне байланысты динамикалық, жұмыр, экспрессивті әсермен ерекшеленіп естіледі. Олардың созылыңқы ерекше интонациямен айтылып, мағынасының құбылуы айтылу мелодиясына, интонациялық ырғаққа байланысты.

Тіліміздегі көп мағыналы одағайлардың әр біреуі жұмсалатын мағынасына қарай әр түрлі интонацияда айтылады. Бірде созылыңқы, баяу, біресе жұлып алғандай тез, жылдам айтылады. Мысалы: Әй, мен осы күні көп қорқатын болдым. Әй, Аққүміс-ай, адамның ойындағысын табасың-ау (З.А.). Әй, сен өзі мені тыңдап тұрсың ба, жоқ па, а?-деді сөзіне жауап естімеген Құрманбекке қарап.

Бірде одағайдың соңғы буыны жоғары интонациямен көтеріңкі айтылса, бірде басқы буыны ерекше екпінмен айтылып, соңы баяу ырғақпен тынады. Мысалы: Ойбай! Одағайы үрку, шошыну мағынасында жұмсалса, онда екпін бірінші буынға қойылады да, сөздің өзі жұлып алғандай тез жылдам айтылады. Егер таңырқау, таңдану мағынасында жұмсалатын болса, онда екпін соңғы буынға түсіріледі де, дауысты дыбыс мейлінше созылып айтылады.

Одағай құрамындағы кейбір дауысты дыбыстардың созылыңқы, ерекше интонациямен айтылуы - сол одағайлардың мағынасын күшейту мақсатымен жұмсалады. Ендеше кей одағайлардың көп мағыналы болып құбылуы, олардың айтылу әуезділігі мен интонациялық ырғағына байланысты болады.

Көп мәнді одағайлардың бойындағы қыруар көп мәндер, сол одағайдың өз бойынан шықпайды, олар ондай қасиетке сөйлемдегі, контекстегі ситуация және интонация арқылы ие болады. Контекстің, ситуацияның және белгілі бір жағдайда интонацияның қатыстығы болмаса, одағайлар көп мәнді сипатқа ие бола алмас еді. Сондықган одағайлардың семантикалық сипатын ашуда, мәнін айқындауда контекстің, ситуацияның, интонацияның сөйлемдегі орнының атқаратын мәні зор.

Одағайдың құрамы мен қызметі

Грамматикалық ерекшелігі жағынан одағай түрленбейтін сөз табы категориясына жататындықтан, жұрнақ-жалғауларды көп қабылдай бермейді. Олар сөйлем ішінде зат есімнің орнына жүріп, субстантивтенгенде ғана зат есімнің грамматикалық формалары мен түрлене алады. Мысалы: Сен осы ойбайыңды қойшы! Шөре-шөрелеріңді бәпептемей, тыныш отыр! Мұнда *ойбайыңды* (неңді?), *шөре-шөрелеріңді* (нелеріңді) сөздері

субстантивтенгендіктен одағайлар, сондықтан оларға зат есімнің грамматикалық категорияларының көрсеткіштері - көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанған.

Одағайға жататын сөздер басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалынбайды, сондықтан одағай тудыратын арнайы жұрнақтары жоқ. Кейбір одағайлардан басқа сөз таптарын тудыратын -ла, -ле -лап, -леп; -шыл, -шіл, -ақ жұрнақтары жалғану арқылы туынды түбір етістіктер мен есім сөздер жасалады. Мысалы: ойбай -ойбайла, әйт-айтақ, yh-yhілеп, тәйірай -тәйірайшыл, айтақ-айтақшыл, бытпылдық-бытпылдықтап - деген мысалдарда ойбай, үh, өйт, тәйірай, атақ, бытпылдық одағай сөздері басқа сөз таптарының сөздерін жасауға негіз сөз болған. Мысалы: Ойбайлап, ahлап-yhлеп мазаны алды. Бөдене бытпылдықтап ұшып отырады, түлкі көзін жұмып соңынан жортып отырады. Қасқырлы жердің елі айтақшыл. Бұл жерде жұрнақ арқылы жасалынған одағай сөздер - туынды етістіктер мен туынды сын есім.

Одағай грамматикалық формаларға түспейтіндіктен, сөйлем мүшелерінің бірде-бірінің қызметін атқара алмайды. Заттанғанда не басқа сөздердің тіркесінде келіп, күрделі мүшенің қызметін атқаратыны болмаса, жеке дара тұрғанда сөйлемнің баламасы ретінде жұмсалады. Мысалы: «Жарайды, мен бытпылдық-бытпылдық деп ұшып отырам, сен көзіңді тас жұмып, менің соңымнан еріп отыр» - деген сөйлемде күрделі мүшенің құрамында келіп тұр. Ал, «Кеше біздің үйде отырған? Ә- ә-!? (Ғ.Сланов);

Ә-ә-ә! «Енді түсіндім, есіме енді түсті» деген сөйлемдердің екеуінде де «Ә» одағайы сөз-сөйлем ретінде қолданылған.

Одағайлардың өзара тіркесіп қолданылуында белгілі бір тәртіп бар, кез келгені бір- бірімен тіркесе бермейді. Көбіне өзара тіркесіп қолданылатындар ішкі мағына үйлесімі бар, мағына жағынан бір-біріне жақын жағымды не жағымсыз көңіл-күйді білдіретін, эмоцияға байланысты дара айтылатын, сөз-сөйлем орнына жүретін одағайлар. Мысалы: 0, тоба! -деді қайғыдан еңсесін көтере алмай отырған Қасқақ би. (Ғ.Е.); «Ә, бәрекелді! Іштегіні айтқызбай білетін сабазың ғой; «Апырмай, ә? Айдабол сынды адамның баласына тәуір ат таба алмағандай,

болмаған атты қойғаны несі екен? деген сөйлемдердің әрқайсысында қатарынан қолданылған «о, *тоба», «ә, бәрекелді», «апырмай, ә»* одағайлар контексте тұтас ойды білдіріп тұрған жеке-жеке сөйлемдер.

Одағайларды құрамы жағынан екі топқа бөлуге болады: 1) негізгі түбірлі одағайлар; 2) күрделі түбірлі одағайлар.

Негізгі түбір одағай сөздерге бір фонемадан тұратын әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түбір сөздер жатады. Олар көбіне екі, үш, төрт дыбыстардан тұрады. Мысалы: Жә, уа, әй, пah, oho, тек, кәне, тәйт т.б.

Күрделі түбір одағайлар негізгі түбір одағайлардың немесе екі сөздің бірігуінен не қосарлануынан жасалады. Мысалы: Мәссаған! Апырым-ай! Апла! Әттеген-ай!, Бәрекелді! Ләббай! Бай-бай! Ай-шай т.б. сөздер

Одағайдың қосарланған түрі сөйлемде жиі қолданылады. Одағайларды бірінен соң бірі дүркін-дүркін қайталанып айту, сезімнің күштілігін, не ишараның, бұйрықтың қаттылығын, қатаңдығын білдіреді. Одағайлардың қосарлануында белгілі бір тәртіп бары байқалады. Мысалы, бір топ «тәйірі, ту, бәсе» сияқты т.б. одағайлар косарлап айтуға көнбейді. Ал, енді бір топ одағайлар-«Алақай! Ойбай! Тек! Ойбай-ау!, Рит соқ!» сияқтылар дара күйінде де, қосар күйінде де қолданыла береді. Одағайлардың ішінде көбіне тек қосар тұлғада жұмсалатындары да бар. Мысалы: Пай-пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағы-ай, сәлемінің өзін әндете салуын-ай! Әлди-әлди, бөпем-ай, ұйықтай қойшы, көкем-ай! Малға айтылатын одағайлар қосарлы түбір сөздер болады.

?! Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Одағайдың жалпы сипаты
2. Одағайдың түрлері жайлы не білесіңдер? Мысалдар арқылы дәлелдеңдер.
3. Одағайдың интонациялық ерекшеліктеріне мысалдар келтіріңдер.
4. Одағайдың құрамы мен кызметі дегенде не түсінесіңдер?
5. Одағай сөздердің өзіндік сипаты мен жіктелуіне сызба жасаңдар.

🔔 МОРФОЛОГИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

1. Мына етістіктерді жіктеңіз:

Мен **келейін** _____ _____ _____ _____
Сен _____ **баста** _____ _____ _____
Сіз _____ _____ **келдіңіз** _____ _____
Ол _____ _____ _____ **үтіктесін** _____
Біз _____ _____ _____ _____ **сатпайық**
Сендер ___ _____ _____ _____ _____
Сіздер ___ _____ _____ _____ _____
Олар ____ _____ _____ _____ _____

Семантикалық карта толтыру

МЫСАЛДАР	ТУБІР СӨЗ	ТУЫНДЫ СӨЗ	ҚОС СӨЗ	ҚЫСҚАРҒАН СӨЗ	БІРІККЕН СӨЗ	ТІРКЕСКЕН СӨЗ
пединститут						
әдемі						
үш-төрт						
қала орталығы						
көрермен						
201-қз						
тұңғыш						
дүниежүзілік						
он жеті						
ТМД						
Жалт-жұлт						
шаруашылық						
аласа						
аяқ киім						

Семантикалық карта толтыру

Мысалдар	***Өздік***	***өзгелік***	***Ырықсыз***	***ортақ***
Жазысты				+
Сөйлесті				+
Отырғызды		+		

Салдыр		+		
Үй тазаланды			+	
Сөз айтылды			+	
Көбейттір		+		
Оранды	+			
Таранды	+			
Жуынды	+			

Семантикалық картаны толтырыңыздар:

№	*Мысалдар*	*Септеулік*	*Жалғаулық*	*Демеулік*
1.	Мен, бен, пен		+	
2.	Бірақ		+	
3.	Және, әрі		+	
4.	Үшін, тәрізді	+		
5.	Ба, бе			+
6.	Дегенмен, әйткенмен		+	
7.	-ды, -ді,-ты, -ті			+
8.	Түгіл, тұрмақ, тұрсын			+
9.	-ақ, -ау			+
10.	Сайын, сықылды	+		
11.	Біресе, бірде, кейде		+	
12.	әйтпесе, я болмаса		+	
13.	Ғана, қана			+
14.	Немесе, я		+	
15.	әлде, я болмаса		+	
16.	Алда-жалда, егер де		+	
17.	Мейлі, құр		+	
18.	Туралы, сынды	+		
19.	Сөйтсе де, сонда да		+	
20.	Шамалы, шақты	+		
21.	Кейін, соң, бұрын, бері, әрі, гөрі	+		
22.	Дейін, шейін, қарай, таман, жуық	+		
23.	Байланысты, қатысты	+		
24.	Па, пе			+
25.	Сондықтан	+		

Морфологиялық талдау

Зерттеу нысандарына қарай морфологиялық талдаудың үш түрі кеңінен қолданылады.

1. Сөз құрамы
1. Сөздің тұлғасы
2. Сөз табы

Сөз құрамы

Сөз құрамына қарай екі бөлшекке, түбір және қосымшаға
бөлінеді. Мысалы, *Балалар сырғанақ тепті.*
Балалар - *бала* - түбір сөз, *лар* - қосымша, көптік жалғауы.
Сырғанақ - *сырғана* - түбір сөз, қ — қосымша жұрнақ етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ

Тепті - *теп* - түбір сөз, *ті* - қосымша, жұрнақ, жедел өткен шақтың жұрнағы.

Сөз тұлғасы

Сөз тұлғасына қарай, дара (түбір сөз және туынды түбір) және күрделі (біріккен, қосарланған, тіркескен, қысқарған) болып екіге бөлінеді.

Шымкент- күрделі, біріккен сөз
Бала- дара, Түбір сөз
Қызыл сары- күрделі, тіркескен сөз
Малшы- дара, туынд ы
Ата-ана - күрделі қос сөз
ХКТУ - күрделі, қысқарған сөз

Сөз табы

Жол үстінде бір байламға келді.

жол - зат есім, деректі, жалпы есім
үстінде - көмекші есім
бір - сан есім, септік сан есім
байлатға - зат есім, дерексіз зат есім
келді- етістік, болымды салт етістік

☝ Қазіргі қазақ әдеби тілінен өзіндік жұмыс тақырыптары

- Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке” романындағы деректі мағыналы зат есімдер.
- Ғ.Мұстафиннің “Дауылдан кейін” романындағы дерексіз мағыналы зат есімдер.
- Б.Майлин әңгімелеріндегі жалпы есімдер және олардың ішкі мағыналық топтары.
- С.Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасындағы жалқы есімдер мен олардың ішкі мағыналық топтары.
- М.Әуезовтің “Абай жолы” романындағы көмекші есімдердің қолданылу ерекшелігі.
- Т.Молдағалиев өлеңдеріндегі тәуелдік жалғаудың гамматикалық қызметі.
- Ә.Кекілбаевтің “Үркер” романындағы тәуелдік жалғаудың грамматикалық қызметі.
- Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романыдағы ілік септіктің қолданыстағы мағыналары.
- Қ.Аманжолов өлеңдеріндегі табыс септікте келген сөздердің грамматикалық мағыналары.
- М.Әуезовтің “Қилы заман” хикаятындағы шығыс, көмектес септік жалғаулы сөздердің грамматикалық мағыналары.
- М.Мағауиннің “Аласапыран” романындағы көптік мағынаның берілу жолдары.
- Ш.Құдайбердіұлының “Қалқаман-Мамыр” поэмасындағы сын есімдердің мағыналық ерекшеліктері.
- Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты” романындағы сан есімдердің мағыналық топтарының қолданыстағы ерекшеліктері.
- С.Мұқановтың “Ботагөз” романындағы жіктеу, сілтеу есімдіктерінің мағыналық ерекшеліктері.
- Ә.Кекілбаевтің “Шыңырау” повесіндегі сұрау, жалпылау есімдіктерінің мағыналық ерекшеліктері.
- Т.Әбдіковтің “Әке” повесіндегі етістіктердің лексика-семантикалық топтары.

- Б.Майлин әңгімелеріндегі күрделі етістіктің құрылымдық ерекшеліктері.
- Абайдың қара сөздеріндегі көсемшенің синтаксистік қызметі.
- С.Мұқановтың “Сырдария” романындағы есімшенің синтаксистік қызметі.
- Қ.Жұмаділовтің “Соңғы көш” романындағы етістіктің райлары, олардың мағыналық ерекшеліктері.
- Ә.Нұрпейісовтің “Қан мен тер” романындағы үстеулердің мағыналық ерекшеліктері.
- Т.Ахтановтың “Боран” романындағы септеулік шылаулардың мағыналары.
- Т.Әлімқұловтың “Ақ боз ат” романындағы демеулік шылау.
- Х.Есенжановтың “Ақ Жайық” романындағы жалғаулық шылаулардың грамматикалық қызметі.
- Ә.Кекілбаевтің “Үркер” романындағы еліктеуіш сөздердің қолданысы.
- М.Мағауиннің “Аласапыран ” романындағы еліктеуіш сөздердің қолданысы.
- С.Жүнісовтің “Ақан сері” романындағы демеулік шылаудың мағыналары.
- С.Мұратбековтің “Жабайы алма” повесіндегі сұрау, жалпылау есімдіктердің мағыналық ерекшеліктері.
- М.Жұмабаевтың “Батыр Баян” поэмасындағы ілік септіктің қосымшасыз келген сөздердің грамматикалық мағыналары.
- Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпан” романындағы үстеулердің мағыналық ерекшеліктері.

Қазіргі қазақ әдеби тілінен тест тапсырмалары үлгілері

1-нұсқа

1. Фраезологиялық тіркесті көрсетіңіз.

А. түймедейді түйедей ету

Ә. әдемі қыз

Б. қалың кітап

В. қызыл көйлек

Г. адал дос

2. Мына фраезологиялық тіркестің орысша баламасын көрсетіңіз: бетегеден биік,
жусаннан аласа.
А. Делать из мухи слона
Ә. Тише воды, ниже травы
Б. Был бы хомут, а шея найдется
В. Язык до Киева доведет
Г. Золотые руки
3. Мына фраезологиялық тіркестің қазақша баламасын көрсетіңіз: делать из мухи слона
А. Бетегеден биік, жусаннан аласа
Ә. Түймедейді түйедей ету
Б. Кімнің тарысы піссе, соның тауығы
В. Сұрай-сұрай Меккені де табады
Г. Асқар тау
4. Мына мақалдың жалғасын табыңыз: Отан...
А. оттан да ыстық
Ә. күні ыстық
Б. түні ыстық
В. сұлтан бол
Г. ормансыз бұлбұл
5. Мына мақалдың қазақша баламасын көрсетіңіз: Родная земля – золотая колыбель.
А. Нөсер алдында найзағай ойнайды
Ә. Өтпес пышақ қол кесер
Б. Темірді қызған кезде соқ
В. Туған жер – алтын бесік.
Г. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
6. Жай шырайда тұрған сөзді көрсетіңіз.
А. әдемі
Ә. әдемілеу
Б. өте әдемі
В. әп-әдемі
Г. тым әдемі
7. Салыстырмалы шырайда тұрған сөзді көрсетіңіз.
А. әдемі
Ә. әдемілеу

Б. өте әдемі
В. әп-әдемі
Г.тым әдемі
8. Асырмалы шырайда тұрған сөзді көрсетіңіз.
А. қызыл
Ә. қып-қызыл
Б. аса қызыл
В. қызылдау
Г. қызғылт
9. Қысқарған сөзді көрсетіңіз.
А. бастық
Ә. демалыс
Б. БҰҰ
В. оқулық
Г. Қала
10. Қай сөйлемде қысқарған сөз бар?
А. Менің досым биыл шет елге барды.
Ә. Қазақстан – менің туған Отаным.
Б. АҚШ – экономикасы дамыған мемлекет.
В. Ресей мемлекетінің астанасы – Мәскеу қаласы.
Г. Қазақстанның табиғаты өте әсем.
11.Көп нүктенің орнына тиісті қысқарған сөзді қой:
Қазақстан ... мүше.
А. АҚШ
Ә. ААҚ
Б. ЖШС
В. БҰҰ
Г. ҚР
12.. Қазақстанның табиғаты қандай?
А. жақсы
Ә. қызық
Б. әсем
В. мықта
Г. күшті
15.Есімшенің жұрнақтарын көрсетіңіз..
А. –ып, -іп, -п
Ә. -хана

Б. -шы, -ші
В. –ар,-ер, -р
Г. –са, -се
16.Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз:
М.Жұмабаевтың ... маған ұнайды.
А. қағаздары
Ә. суреттері
Б. өлеңдері
В. фильмдері
Г. портреттері
17. М.Жұмабаевтың оқулығын көрсетіңіз.
А. Қазақ хрестоматиясы
Ә. Педагогика
Б. Маса
В. Қара сөздер
Г. Оян,қазақ.
18.Етістікті көрсетіңіз.
А. сағат
Ә. өмір
Б. сабақ
В. күлу
Г. және
19.Туынды етістікті көрсетіңіз.
А. асхана
Ә. өнерпаз
Б. аспаз
В. кітапхана
Г. ойлау
20.Шартты рай қандай жұрнақтар қалай жасалады?
А. –ғы, -гі
Ә. –са, -се
Б. –сын, -сін
В. –ып, -іп
Г. –ар, -ер
21.Шартты райда тұрған сөзді көрсетіңіз.
А. келдім
Ә. келсе

Б. келгісі
В. кел
Г. келсін
22.Демеуліктерді көрсетіңіз.
А. немесе
Ә. дейін
Б. керек
В. үшін
Г. Ғана
23. Септеуліктерді көрсетіңіз.
А. немесе
Ә. дейін
Б. керек
В. бірақ
Г. ғана
24. Көмекші сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
А. Кешке ауыл жастары алтыбақан ойнайды.
Ә. Бүгін біз алтыбақан немесе ақсүйек ойнаймыз.
Б. Алтыбықан жазда ойналады.
В. Қыздар, жігіттер ән салады.
Г. Бұл ойын маған ұнайды.
25. Демеуліктерді көрсетіңіз.
А. дейін
Ә. шейін
Б. басқа
В. ғана
Г. және
26. Септеуліктерді көрсетіңіз.
А. арқылы
Ә. және
Б. не
В. немесе
Г. өйткені

2 – нұсқа

1.Фраезологиялық тіркесі бар сөйлемді көрсетіңіз.
А. Асан мен Үсен егіз қозыдай бірге жүреді.
Ә. Егіз қозы өрістен келді
Б. Біздің сыныпта егіз қыздар оқиды.
В. Әсем мен Әсел - егіз.
Г. Егіздер бір-біріне ұқсайды.
1. Фраезологиялық тіркесті басқаша қалай атаймыз?
А. сөз тіркесі
Ә. еркін сөз тіркесі
Б. тұрақты сөз тіркесі
В. мәтел
Г. мақал
3.Туған жер туралы жазылған мақалды көрсетіңіз.
А. Көп сөз – көмір, аз сөз алтын
Ә. Татулық – табылмас бақыт
Б. Туған жер – алтын бесік
В. Өнер алды – қызыл тіл
Г. Оқу – білім бұлағы
4. Мына мақалдың орысша баламасын көрсетіңіз: Отансыө адам –ормансыө бұлбұл.
А. Худой мир лучше доброй ссоры
Ә. Терпение и труд все перетрут
Б. Без труда не выловишь и рыбку из пруда
В. Человек без родины, как соловей без леса
Г. Куй железо пока горячо
5. Мақал-мәтелдер біздің халық ауыз әдебиетінің ұрпаққа қалдырған ... байлығы
А. тұңғыш
Ә. көркемдік
Б. рухани
В. әдемі
Г. жақсы
6. Күшейтпелі шырайда тұрған сөзді көрсетіңіз.
А. жап-жасыл
Ә. жасыл

Б. жасылдау
В. өте жасыл
Г. жасылырақ
7. Біріккен сөзді көрсетіңіз.
А. тасбақа
Ә. балапан
Б. құлыншақ
В. асхана
Г. кітапхана
8. Қай сөйлемде біріккен сөз бар?
А. Біздің бақшада күнбағыс өседі.
Ә. Колледж асханасы таза.
Б. Менің шешем кітапханада жұмыс істейді.
В. Аспанды қара бұлт жапты.
Г. Мен даладан келдім.
8. Қазақстандағы ірі қорықтардың бірі қалай аталады?
А. Қызылжар
Ә. Көкшетау
Б. Қызылқұм
В. Марқакөл
Г. Сасықкөл
9. Мына сөйлем қалай аударылады: Лес – украшение земли.
А. Табиғат-ананы қорғау керек.
Ә. Біз орманға бардық.
Б. Орман – жердің көркі.
В. Орманда ағаштар өседі.
Г. Табиғат байлықтарының бірі – аң.
10. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз: Біздің міндетіміз – табиғатты ... .
А. басу
Ә. табу
Б. қуану
В. қорғау
Г. алдау
11. Табиғат туралы мақалды табыңыз.
А. Бір тал кессең – он тал ек.
Ә. Денсаулық – зор байлық

Б. Туған жер – алтын бесік
В. Өнер алды – қызыл тіл
Г. Ел іші - өнер кеніші
12. Көсемшенің жұрнақтары жазылған қатарды көрсетіңіз.
А. –ып, -іп, -п
Ә. -хана
Б. -шы, -ші
В. –ар,-ер, -р
Г. –са, -се
13. Көсемшенің жұрнағы жалғанған сөзді көрсетіңіз.
А. барғалы
Ә. барды
Б. барса
В. баршы
Г. бару
14. Есімшенің жұрнағы бар сөзді көрсетіңіз.
А. барғалы
Ә. барды
Б. барса
В. барған
Г. бару
15. Қай сөйлемде есімше кездеседі?
А. Мен сабақ оқыдым
Ә. Мен сабақ оқып отырмын.
Б. Сабақ оқу керек.
В. Мен сабақ оқыған жоқпын.
Г. Ол сабақ оқыды.
16. Қай сөйлемде туынды етістік кездеседі?
А. Әсет ауылда туды.
Ә. М. Жұмабаев – ұлы ақын.
Б. Асылбек жақсы маман болуды армандайды.
В. Арман сабақты жақсы оқиды
Г. Менің ағам - әнші.
17. Көп нүктенің орнына тиісті туынды етістікті қойыңыз:
Ата-анаңды ... .
А. сыйла
Ә. баста

Б. оқыт
В. жаз
Г. отыр
18. Қай сөйлемде шартты рай кездеседі?
А. Тойға көрші ауылдан жастар келеді.
Ә. Тойға көрші ауылдан жастар келсе, көңілді болар еді.
Б. Тойға жастар да келгісі келді.
В. Тойға жастар да келсін.
Г. Сен бүгін тойға кел.
19. Жалғаулықтарды көрсетіңіз.
А. немесе
Ә. дейін
Б. керек
В. үшін
Г. ғана
20. Көп нүктенің орнына тиісті көмекші сөзді қойыңыз:
Алтыбақанды құру ... алты сырық керек.
А. дейін
Ә. шейін
Б. не
В. немесе
Г. үшін
21. Көп нүктенің орнына тиісті септеулікті қойыңыз: Асан бәйге ойыны ... көп оқыды.
А. үшін
Ә. арқылы
Б. туралы
В. басқа
Г. дейін
22. Көп нүктенің орнына тиісті демеулікті қойыңыз:
Мен ат ойындарын жақсы көремін, ..., бәйгені.
А. ғана
Ә. ғой
Б. ма
В. әсіресе
Г. ба
23. Мына сөйлемдегі одағай қандай көңіл-күйді білдіріп тұр:

Алақай, бүгін аладан ағам келеді!
А. өкініш
Ә. қуаныш
Б. күйзеліс
В. реніш
Г. таңданыс
24.Табиғат туралы мақалды табыңыз.
А. Бір тал кессең – он тал ек.
Ә. Денсаулық – зор байлық
Б. Туған жер – алтын бесік
В. Өнер алды – қызыл тіл
Г. Ел іші - өнер кеніші
25. Көсемшелі сөйлемді көрсетіңіз.
А. Мен сабақ оқыдым
Ә. Мен сабақ оқып отырмын.
Б. Сабақ оқу керек.
В. Мен сабақ оқыған жоқпын.
Г. Ол сабақ оқыды.
26.Шартты райда тұрған сөзді көрсетіңіз.
А. келдім
Ә. келсе
Б. келгісі
В. кел
Г. келсін

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Каримов И.А. Юксак манавият – енгилмас куч. –Т.: «Ўзбекистон», 2008. 121-122 бет
2. Мирзиёев Ш. М. Эркин ва фаровон, демократик ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимига киришиш тантанали маросимига бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2016. - 56 б.
3. Мирзиёев Ш М. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қоидаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий якунлари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2017. – 104 б.
4. Мирзиёев Ш. М. Қонун устуворлиги ва инсон манфаатларини таъминлаш – юрт тараққиёти ва халқ фаровонлигининг гарови. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси қабул қилинганининг 24 йиллигига бағишланган тантанали маросимдаги маъруза. 2016 йил 7 декабр /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 48 б.
5. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажагимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамиз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б.
6. ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ПРЕЗИДЕНТИНИНГ ФАРМОНИ. Ўзбекистон республикасини янада ривожлантириш бўйича ҳаракатлар стратегияси

тўғрисида. *(Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2017 й., 6-сон, 70-модда)*
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1973, 1995, 2002.
8. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992.
9. Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1999.
10. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. А., 2006.
11. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.А., 1999.
12. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 1997.
13. Дуйсебаева Д. Қазіргі қазақ тілі (лексикология).Оқу қолданба.Т, 2008.
14. Жапбаров А. Тілеубердиев Б. Оқушыларға мәтін құрастыру мен шығарма жаздыру әдістемесі. –Шымкент, 2002.
15. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010.
16. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. А., 2009.
17. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998.
18. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Павлодар, 2010.
19. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014.
20. Күзекова Г.З. , Пазылова С.С., Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. – 156 б.
21. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.
22. Қазақ тілі: Энциклопедия. А., 1998.
23. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014.
24. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А., 1998.
25. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014.
26. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. – 535 бет.
27. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. А., 2007.
28. Оралбай Н.,.Құрманәлиев К. Қазақ тілі. Алматы, 2007, – 454 б.

29. Рысбаева Г.Қ. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.
30. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.
31. Смағұлова Ғ. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы, 2002, – 191б.
32. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. – 384 бет.

Интернет сайттары

1. www.gov.uz – Ўзбекистон Республикаси хукумати портали.
2. www.lex.uz – Ўзбекистон Республикаси Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси.
3. www.tdpu.uz
4. www.ziyonet.uz
5. www.edu.uz

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3

І БӨЛІМ. ФОНЕТИКА

Фонетиканың нысаны мен салалары. 5
Дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық қасиеттері 14
Дауысты дыбыстардың өзіндік ерекшеліктері 19
Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері 27
Буын және оның түрлері 32
Екпін және оның түрлері 39
Үндестік заңы және оның түрлері 40
Графика, орфография және орфоэпия 52

ІІ БӨЛІМ. ЛЕКСИКОЛОГИЯ

Лексикологияның нысаны мен салалары 61
Сөз мағыналары және олардың жасалу заңдылықтары . . 72
Сөздердің лексикалық және семантикалық топтары 100
Қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры 116
Қазақ тілі стилистикасының негізгі стильдік топтары . . . 121
Қазақ тілі фразеологиясы. 128
Қазақ тілі лексикографиясы. 137

ІІІ БӨЛІМ. ГРАММАТИКА. МОРФОЛОГИЯ

Грамматика және оның салалары 144
Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары. . . 158
Сөз формалары және олардың жасалу тәсілдері. 169
Сөздерді топтарға және таптарға бөлу тарихы. 196
Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты. 203
Сын есімнің жалпы сипаты 258
Сан есімнің лексика-грамматикалық сипаты. 275
Есімдік, оған тән белгілер 292
Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты мен категориялары 310
Үстеу, оған тән белгілер мен синтаксистік қызметі. 336
Еліктеу сөздер. 345
Шылау сөздердің түрлері мен сипаты. 360
Одағай сөздер 375

ДУЙСАБАЕВА ДИЛБАР УСКАНОВНА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

оқулық

“Nodirabegim” баспасы
Баспахана лицензияси AI № 313. 24.11.2017 ж.
Басуға рұқсат етілді: 21.10.2020.
“Times New Roman” гарнитурасы. Қағаз пішімі: 60x84 1/16
Есепті баспа табағы 25,4. Таралымы 200 дана.
100129, Ташкент қаласы, Шайхонтохур ауданы,
Науаи көшесі, 30-үй.

ООО “AKTIV PRINT” баспаханасында басылды.
Ташкент, Чиланзар 25, Лутфий 1А.